

Ж О Ғ А Р Ы Б І Л І М



Ж. Артықбаев

Қазақстан тарихы



FOLIANT

ЖОҒАРЫ



БІЛІМ

Ж. Артықбаев

Қазақстан тарихы

*Қазақстан Республикасының Білім және ғылым
министрлігі жоғары оқу орындарының студенттеріне
оқулық ретінде бекіткен*

FOLIANT
БАСПАСЫ

Астана-2013



УДК 94 (574+075)
ББК 63.3 (5 каз) я 7
А 82

Пікір жазғандар:

Садықов Т. – тарих ғылымдарының докторы, профессор;

Каримов М. – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

А82 Артықбаев Ж.

Қазақстан тарихы: Оқулық. – Астана: Фолиант, 2013. – 360 бет.

ISBN 978-601-292-557-9

Оқулық отандық тарих ғылымының тұжырымдамалары мен жетістіктерінің негізінде жазылған. Автор оқулықты жазу барысында шығыстық, батыстық және ресейлік деректермен қоса қазақ шежіресінің нұсқаларын да пайдаланған.

Оқулықтың теориялық-методологиялық іргетасы тарих философиясы мен ғылыми тарихнаманың негізін салушы белгілі мамандардың еңбектеріне негізделген. Тарихты зерттеудің, танудың, жазудың және жалпы тарихи дерекпен жұмыс істеудің әдіс-тәсілдерімен бірге этнографиялық үлгілерін де қолданған.

«Қазақстан тарихы» оқулығы жоғары оқу орындарының студенттері мен Отан тарихына қызығушы оқырман қауымға арналған.

УДК 94 (574+075)
ББК 63.3 (5 каз) я 7

ISBN 978-601-292-557-9

© Артықбаев Ж., 2013
© «Фолиант» баспасы, 2013

МАЗМҰНЫ

| | |
|----------------|---|
| Оқырманға..... | 6 |
|----------------|---|

КІРІСПЕ

| | |
|---|----|
| 1. Тарих пәні, оның мақсаты мен міндеттері..... | 9 |
| 2. Методология..... | 13 |
| 3. Деректер..... | 28 |
| 4. Тарихнама..... | 32 |
| 5. Кезеңдестіру..... | 36 |

I. БӨЛІМ. ЕЖЕЛГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

1-тарау. Тас дәуірі

| | |
|---|----|
| 1.1. Адамның қалыптасу дәуірі..... | 41 |
| 1.2. Шаруашылығы..... | 46 |
| 1.3. Бақташылық – тіршіліктің бастауы..... | 48 |
| 1.4. Әлеуметтік құрылым..... | 51 |
| 1.5. Антропогенез, этникалық мәселелер және мәдениет..... | 53 |

2-тарау. Қола дәуірі

| | |
|-------------------------------|----|
| 2.1. Дәуірдің ерекшелігі..... | 56 |
| 2.2. Шаруашылығы..... | 59 |
| 2.3. Әлеуметтік құрылымы..... | 63 |
| 2.4. Этносаяси тарихы..... | 66 |
| 2.5. Мәдениеті..... | 69 |

3-тарау. Сак дәуірі

| | |
|-------------------------------|----|
| 3.1. Дәуірдің ерекшелігі..... | 74 |
| 3.2. Шаруашылығы..... | 77 |
| 3.3. Әлеуметтік құрылымы..... | 80 |
| 3.4. Этносаяси тарихы..... | 82 |
| 3.5. Мәдениеті..... | 88 |

II БӨЛІМ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТАРИХЫ

1-тарау. Ғұн дәуірі

| | |
|-------------------------------|----|
| 1.1. Дәуірдің ерекшелігі..... | 92 |
| 1.2. Шаруашылығы..... | 95 |

| | |
|-------------------------------------|-----|
| 1.3. Әлеуметтік құрылымы..... | 97 |
| 1.4. Этносаяси тарихы..... | 102 |
| 1.5. Мәдениеті..... | 110 |
| 2-тарау. Ежелгі түрік дәуірі | 113 |
| 2.1. Дәуірдің ерекшелігі..... | 115 |
| 2.2. Шаруашылығы..... | 118 |
| 2.3. Әлеуметтік құрылымы..... | 120 |
| 2.4. Этносаяси тарихы..... | 127 |
| 2.5. Мәдениеті..... | |
| 3-тарау. Алтын Орда дәуірі | 131 |
| 3.1. Дәуірдің ерекшелігі..... | 135 |
| 3.2. Шаруашылығы..... | 138 |
| 3.3. Әлеуметтік құрылымы..... | 141 |
| 3.4. Этносаяси тарихы..... | 148 |
| 3.5. Мәдениеті..... | |

ІІІ БӨЛІМ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ

| | |
|--|-----|
| 1-тарау. XV-XVII ғасырлардағы Қазақ хандығы | 151 |
| 1.1. Дәуірдің ерекшелігі..... | 155 |
| 1.2. Шаруашылығы..... | 158 |
| 1.3. Әлеуметтік құрылымы..... | 162 |
| 1.4. Этносаяси тарихы..... | 175 |
| 1.5. Мәдениеті..... | |
| 2-тарау. XVIII ғасырдағы Қазақ хандығы | 179 |
| 2.1. Дәуірдің ерекшелігі..... | 183 |
| 2.2. Шаруашылығы..... | 189 |
| 2.3. Әлеуметтік құрылымы..... | 193 |
| 2.4. Этносаяси тарихы..... | 210 |
| 2.5. Мәдениеті..... | |
| 3-тарау. XIX ғасырдағы Қазақстан | 212 |
| 3.1. Дәуірдің ерекшелігі..... | 219 |
| 3.2. Шаруашылығы..... | 226 |
| 3.3. Әлеуметтік құрылымы..... | 228 |
| 3.4. Этносаяси тарихы..... | 247 |
| 3.5. Мәдениеті..... | |

IV БӨЛІМ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАРИХЫ

1-тарау. XX ғасырдағы Қазақстан

| | |
|-------------------------------|-----|
| 1.1. Дәуірдің ерекшелігі..... | 257 |
| 1.2. Шаруашылығы..... | 259 |
| 1.3. Әлеуметтік құрылымы..... | 271 |
| 1.4. Этносаяси тарихы..... | 277 |
| 1.5. Мәдениеті..... | 293 |

2-тарау. Қазіргі замандағы Қазақстан

| | |
|---|-----|
| 2.1. Дәуірдің ерекшелігі..... | 297 |
| 2.2. Қазақстанның аумағы мен халқы..... | 303 |
| 2.3. Қазақстанның саяси жүйесі және оның құрылу тарихы..... | 310 |
| 2.4. Шаруашылығы..... | 322 |
| 2.5. Қазақстанның рухани өміріндегі жаңалықтар..... | 332 |
| Хронологиялық көрсеткіш..... | 338 |
| Әдебиеттер..... | 353 |

ОҚЫРМАНҒА

Әр адамның тарихқа көзқарасы әр түрлі. Адамзат баласының көпшілігі тарихты тек әр түрлі оқиғалардың, құбылыстардың, адам аттары мен тарихи фактілердің жиынтығы деп түсінеді. Біреулер тарихтан ата-бабалары атқарған ұлы істердің белгісін іздейді, біреулер үшін тарих – өмір-тіршіліктегі ғұлама ұстаз. ХХ ғасырдың басында қазақ зиялы қауымы: «Тарих – түзу жөнді үйретуші. Тарих – түзушілік кітабы. Тарих тіршілікте жолбасшы», – деген екен («Қазақ» газеті: Алматы, 2009. – 23-б.). Біз осы соңғы қағиданы ұстанамыз. Тарих біз үшін тереңге кеткен тамыр сияқты: ол шыққан тегімізді, қоғамдық болмысымызды және жер бетіндегі тіршілік иелерінің алдындағы жауаптылығымызды сезіну үшін қажет. **Тарих – адамзат баласының рухани тұғыры, адам есебінде, ұлт ретінде бізді өзге тіршілік иелерінен жоғары қойып отырған қасиетті құбылыс.**

Тарихи үрдіс – адам қоғамының мәңгілік ішкі өзгерістері: бізге белгілі фактілер мен даталар сол өзгерістердің тек сыртқы белгілері ғана. Оның ішіне үнілу оңай емес, ол үшін қоғамды тұтас алып, құрылымдық белгілерін, ірі тұлғаның рухани іргетасы мен өмір сүру ортасы қандай болғанын анықтап алу қажет. Осы ұлан-байтақ істі тындыруды әр ұлттың, әр қоғамның руханият және зияткерлік еңбек өкілдері шешеді. Солар ғана адамзат баласының жүріп өткен жолын ой талқысына салып, содан кейін нақты этностың, мемлекеттің, мәдениет пен өркениеттің орнына, қызметіне баға бере алады. Қазақ тарихын жазу үшін адамзат тарихын білу шарт.

Қазақ халқының мемлекет құрушы ұлт ретіндегі тарихы мыңжылдықтар мен ғасырлар тереңіне кетеді. Ол күрделі, өзіне тән ерекшеліктері бар құбылыс және көрші елдер тарихымен байланысты. Өзінің негізгі бағыттарында ол адамзат дамуының тарихи заңдылықтарымен бірге дамиды. Әсіресе, бұл айқын заңдылықтарды ежелгі Қазақстан халқының тарихи дамуынан көреміз. Далалы аймақтардағы көшпелі мал шаруашылығы мен көшпелілер дүниесінің шетінде орналасқан отырықшы-қалалық тіршілік дәстүрлердің симбиозы негізінде алғашқы қауымдық өмір формаларының құлдырауына байланысты дала өркениетінің күшті құндылықтары пайда болды. Тарихымыздың бұл ерекшелігін Қазақстан тарихы бойынша бірінші оқулықтың авторы С.Д. Асфендияров негіздеді (1935 ж.). Бұл жерде К. Маркстың көшпелілер дүниесі жөнінде айтып кеткен сөздері орынды болар: «Барлық шығыс халықтарында

тарихтың көне үрдістерімен қатар дамып келе жатқан бір қызық мәселе көшпелілік пен отырықшылықтың жалпы қатынасын анықтауға болады. Ол тайпалардың бір бөлігі отырықшы болса, екінші бөлігі көшпелілік жағдайда...»

Ұлы дала тарихындағы шешуші кезеңдердің бірі алғашқы ірі жылқышы қауымдардың пайда болуымен байланысты. Біздің ойымызша осы кездері алғашқы саяси институттар пайда болып мемлекеттіліктің алғашқы ұрығы себілді, оған дәлел – Алаша хан есімімен байланысты аңыздар. Қазақстан тарихының XX ғасырдың басындағы белгілі зерттеушісі А.П. Чулошниковтың «осы аса қызықты аңыздарда расында да халықтың өзінің өткен тарихы мен ежелгі дәстүріне деген көзқарасы көрініс тапты» деген пікірі өте маңызды. **Алаша хан – мемлекеттіліктің басы, Еуразия даласы ұлылығының бастауы, бұл біздің тегіміздің көне және кымбат белгісі (символы), Шығыстың ұлы тарихшылары нұсқағандай, атам заманға дейінгі кезеңге жатады.** Рашид-аддин айтқандай, «*түріктер Яфетті Абулджа хан (Алаша хан) деп атайды, бұл Абулджа хан (Алаша хан) не Нұхтың баласы, не немересі, ол арасын анық білмейді, әйтеуір білетіндері – оның әулетіне қатысты, замандасы болған тұлға*».

Бұл түсінік мыңжылдықтар бойы Ұлы далада мемлекеттік идеяның негізін құрап келді және Қазақ хандығының құрылу кезеңінде, жаңа мемлекеттің идеологиясына қызмет ету үшін көне этногониялық аңызға өзгерістер енгізілді. Осылайша қазақ мемлекетінің пайда болуы жөніндегі жаңа интерпретациялық болжам пайда болды. Орталық Қазақстанда Ұлытау өңірінде Алаша ханға арналып күмбез-мавзолей салынды. Еуразия даласының түркі-моңғол тайпаларының күрделі этникалық құрамын тек бір тұлға – Алаша хан біріктіре алатын еді.

Қазақ хандығы Ұлы дала тарихының күрделі кезеңінде пайда болды. XV ғасырдың ортасында Еуразия даласындағы соңғы көшпелілер империясы Алтын орданың (Ұлығ ұлыс) толық ыдырау процесі аяқталды. Америка, Үндістан, Қытайға апаратын теңіз жолдарының ашылуына байланысты дүние жүзі саудасының орталығы Еуропаға көшіп, Орталық Азия болса дүниенің алыс түпкіріндегі әлжуаз периферияға айнала бастады.

Жаңа заманда қазақ халқының үлесіне көп қайғы-қасірет тиді. Батыс өркениетінің тез таралуы Орталық Азияның көшпелі халықтарына саяси бытыраңқылық пен территориялық тапшылық әкелді. XIX ғасырдың ортасында қазақ халқы тәуелсіздігінен мүлде айырылды. Қытай шығыстан, Ресей батыстан Ұлы далада үлкен территорияларды басып алып жатты. Әлемдік

тепе-теңдіктің орталығы, еуразиялық көне өркениеттің түп қазығы болған Ұлы дала алапат дағдарысқа қадам басты. Осы кері кету Еуропа ғалымдарының Ұлы дала тарихына менсінбеушілігін туғызды. Олар көшпелілерді өздері жасаған өркениет кестесіне де, мәдениет ұғымына да жақындатпауға барлық күшін салды. Сіз қолыңызға Еуропада жасалған кез келген тарихи сөздікті, энциклопедиялық анықтағыш пен картаны алып қараңыз, оларды қанша ақтарсаңыз да, қанша үніліп қарасаңыз да Ұлы далаға қатысты еш мәлімет таппайсыз!

Қазіргі күні бүкіл Орталық Азия жүз жылдық отаршылдық бұғаудан босады, ұлан-ғайыр өзгерістер әлеміне енді. Біздің тарихымыз керемет үлкен жылдамдықпен алға тартып келе жатқан локомотивті еске түсіреді. Біз қайда барамыз? Осы сұраққа жауап беру үшін, ең алдымен көпірме болжамдар мен құр мақтан емес, нақты оқиғалар мен фактілерге негізделген шынайы ұлттық тарих керек. Дәл қазіргі күні іргелі теориялық негіздерге сүйенген тұжырымды тарих қана ақты ақ, қараны қара деп айтуға мүмкіндік береді және сондай деңгейде жазылған тарих тек өткенге ғана баға бермейді, болашақты да болжайды. **Тарих – біздің елімізді құлдық сананың құрсауынан алып шығатын бірден-бір жол. Сонымен бірге, тарих алам рухына жасампаздық нәрін, ерекше күш-қуат және жігер беретін қайнар көз.**

Қазақ халқы – еуразиялық, көнеден келе жатқан көшпелілер өркениетінің мұрагері, олардың айтулы істері тарих сахнасынан баяғыда кетті, жарқын мәдениетін қалың шаң басты. Бірақ олардың ер, жасампаз рухы өлген жоқ. Ерте замандарда біздің көшпелі ата-бабаларымыз кеңестіктің шексіздігін, уақыттың жалғандығын алдымен сезінді, тарихи сана мен эпикалық рух туғызды, мемлекеттерді қаз тұрғызды, дүниенің төрт бұрышын теңгеріп тұрды. Осы іргетас тәуелсіздігін жаңа бекітіп жатқан Қазақстанға тұғыр болуға жарамай ма?!

Тарих оқулығы не үшін керек? Адамның өз ататегін, шыққан ортасын білмекке, қызықпаққа. Зиялы қауым үшін өз тарихын білу табиғи қажеттілік сияқты.

Тарих оқулығы не үшін керек? Адамның өзінің жер бетіндегі ерекше орны мен миссиясын сезіну үшін керек болар. Алла тағала оны өзгеден артық қылып жаратты, оған рух пен сананы құйды, енді тіршілік үшін ол өзі жауапты.

КІРІСТЕ

1. Тарих пәні, оның мақсаты мен міндеттері

Тарих – үнемі даму үстіндегі ғылым. Тарих алдымен әлемді тану, оның өткенін ашып көрсету болып табылады. Тарихтың көмегімен біз кеңестік пен уақыт ішінде серуен құрамыз. Өткенді ой елегінен өткізу бәріміз үшін ортақ нәрсе ғана болып табылмайды, сондай-ақ әркімнің есінде ол уақыт ағымына қарай өзгеріске ұшырайды. Адамдардың түсініктері – білімдердің ауысуына және толығуына байланысты, қандай да бір қоғамдағы тарихтың атқаратын міндеттерінің өзгерісіне сәйкес, идеологияға қатысты өзгеріп отырады. Әлі күнге дейін тарих ғылымы қазақ қоғамының мәселелерінің көптеген тарихи аспектілерін көшпелілердің әлеуметтік-мәдени өмірінің дамымағандығы туралы дұрыс емес, априорлық көзқарас тұрғысынан қарастырады. Еуроцентристік рух біздің тарихнамада әлі де басым.

Ал XX ғ. 20 ж. бастап Қазақстан тарихы маркстік таптық теорияға

сәйкес мәскеулік түйіндеме тұрғысынан баяндалды. Бірақ радикалды кеңестік большевизм тез арада коммунизм идеясын аяққа таптады. Себебі, большевистік идеология Кеңестер Одағы аталған елдің санасына орыс пролетариатының ерекше мессияндық қызметі туралы концепцияны тықпалап «*тарихтың қараңғы түкпірлерінде қалып қойған халықтарды жарқын болашаққа бастайтын жалғыз күш*» деп марапаттады. Түптеп келгенде, Кеңестік тексіз жүйе туғызған тарих туралы ілімдер мен түсініктер де еуроцентризм үлгісінде жасалды.

Тәуелсіздік алған соңғы ондаған жылдар ішінде Қазақстан тарихын белсенді түрде отарсыздандыру үрдісі жүріп жатыр, алайда, өкінішке орай, өзгерістер көбінесе отаршылдар ұстанған ескі танымдық әдістер арқылы жүруде, кезеңдестіру, негізгі деректік қор, т.б. сол қалпы қалды. Сонымен бірге, тарихты жаңаша баяндау бұрынғы бар дүниені аударып, қарама-қарсы түрде пайымдаумен шектеледі. Осының ықпалымен

ғылыми тарихтың орнына әсіре қызыл немесе княли топшылауларға толы квазитарихи үлгілер енуде. Тарихи ғылым мен білімнің беделін жойып соңғы кезеңде қазақ тілінде трайбалистік сипаттағы «ғылыми-көпшілік» аталатын шығармалар да пайда болып жатыр. Сонымен қатар, академиялық орталықтардың әлсіреуіне байланысты ғылымға қатысы жоқ ресейлік тарихшылар мен журналистердің еңбектерін жалғастырған даурықпа үстірт бағыт өрістеп, олар тарихи сананың қалыптасуына тікелей әсер етуде.

Екі жағдайда да біздің тарихымыз дұдамал күйде қалып отыр. Оның негізгі себебі қазақ халқының тарихын терең білмеушілік, оның ғылыми тұрғыда зерттелмеуі немесе Еуразияның ежелгі және орта ғасырлардағы ұлыстарының тарихи-мәдени мәселелерінің әлсіз зерттелуінде болып отыр. Мәселен біздің ұлттық мемлекетіміздің тарихында ерекше орын алатын «қазақтың ту тіккен, өз бетімен ел болған» Бетпақ даладағы Таңбалы-Нұра кешені мемлекеттік маңызы бар ескерткіштердің тізімінде жоқ, тасталқан болып қирап жатыр. Қазақ тарихшыларының ішінде «Таңбалы тасқа» қатысты зерттеу жұмысын жүргізген Ә.Х. Марғұлан аңыздарға сүйене отырып: «*Таңбалы тастың ұлы атаққа ие болуының себебі бұл жерде қазақтар ұлы мереке жасап,*

ұран шақырып, бір ел болып қосылған екен», – дейді. Бір қарағанда қазіргі күні қазақ тарихына қатысты шығып жатқан кітаптар өте әдемі мұқабамен, қымбат қағазымен, дүниенің төрт тарабына құлаш сермеген географиясымен көз тартады, бірақ қашанда өз тарихының өзегінен алшақ тұрған білімсіздік пен кара дүрсін деңгей тарих ғылымы сияқты бекзат дүниенің сұрықсыз, нәрсіз дамуына әкеледі.

Шын мәнінде, егер дұрыс көңіл бөлінген жағдайда қоғамның хал-ахуалын көрсететін, оның болашақта қандай өзгерістерге түсетінін бірден-бір ерте аңғаратын – тарих ғылымы. Сонау ХХ ғ. басында Бенедетто Кроченің «*тарих өткен заманның оқиғаларын ғана зерттейді деген қалыптасқан пікір бар, ал шынтуайтына келгенде, тарих ең алдымен өз заманының мәселелерін көтереді*» дегені өте өзекті.

Тарих – тек өткен шақ туралы білімдердің қосындысы ғана емес, сондай-ақ әр халықтың бүгінгі дүниедегі өзінің жағдайын айқынырақ сезінуге, өзінің азаматтық өй түрғысын және болып жатқан оқиғалар мен құбылыстарға өзінің қатынасын нақты анықтауға, олардың мәні мен бағытын терең ашып, түсінуге мүмкіндік беретін үнемі тарихи ойлау. «Егер тарихшы жазып жатқаны бұрын соңды жазылмаған анық және ақиқат болып танылады деп ойласа, онда ол қателеседі.

оның дәлеліне бірде-бір жазба нұсқа келтіре алмайды, өйткені оның сілтемесінің бәрі оқиганы көрген ұлы адамдардың айтқанынан немесе ежелгі жазып кеткен кітаптарынан алғандарына сүйенеді. Ал бұл қашанда қарама-қайшылықтың көзі, бірақ солай екен деп тарихтан безінуге болмайды. Егер тарихшылар осылай ойласа бірде-бір кітап жазылмас еді», – дейді Рашид-ад-дин. Тарих, сөзсіз, ұлттық мақтаныш пен патриотизмге тәрбиелейді, саналы, белсенді азамат болу үшін аздап болсын тарихқа қызығу қажет. Бұндай сапада біздің қоғамымыз бен тарихымыз әлі дайын емес, ол іс-әрекеті, ақыл-ойы жаңа кіріп келе жатқан балаға ұқсайды. Біздің тарихшылар тарихтың сыртқы сипатымен, оқиға қуумен, ұқсастық іздеумен көп айналысады. Егер тарих ғылымы адам және оның рухын зерттейді десек, онда ол поэзияға өте ұқсас. Әр түрлі дәуірлер, қоғамдық институттар мен саяси құрылымдардың құбылыстарын талдау барысында оның тасасынан адам рухын көру керек, рухты зерттеуге күш салу қажет.

Тарихтың негізгі пәні адамның, елдің рухы болуы керек. Тарихты оқытудың максаты тек тарихи оқиғалармен, фактілермен таныстыру ғана емес, сондай-ақ адамның рухын тәрбиелеу болып табылады. Самарқау баяндалған, түрлі ойдан шығарылған қағидаларға толы, оқиғаларға жабы-

сып қалған және іргетастық теория, жүйесі мен құрылымы жоқ тарих таяздыққа тәрбиелейді. Тарих адамзат өмірін саралап, түрлі құбылыстарға тереңірек сұғынып, жалаң эмпиризмнен бас тартуы қажет.

Кез келген қоғамның басты құрылымдық бөлшегі – адамзат факторы. Қоғамдық және этникалық құрылысындағы әркелкілікке қарамастан, әрбір халық өзінше бір үлкен жүйенің бөлшегі болып табылады. Осы сапада ол орасан зор жалпы адамзаттық қатынастар жүйесіне және дүниежүзілік тарихқа енеді. Өзінің жанлы құрылымы жоқ халық дүниежүзілік тарихи үрдісте жеке рольді атқара алмайды. Адамды зерттеп білу үшін тарихқа іштен үңілу, этностың өмір сүруінің ішкі заңдарын анықтау қажет. Рухқа, тарихтың басты субъектісі ретінде, тек жүйенің ішкі құрылымына талдау жасау арқылы қол жеткізуге болады.

Қоғам дамуының шұғыл бұрылыстарында тарихқа қызығушылық жандана түседі және оны біз бүгінгі күннің күрделі мәселелерін шешудің белгілі бір кілті ретінде қабылдаймыз. Халық алдында тарихи таңдау мәселесі пайда болған кезде өткен шаққа жүгіну, тарих арқылы халықтың өзі-өзі тануы да қалыпты, табиғи жағдайға айналады. Бұл заңдылық посткеңестік елдерде жазылып жатқан тарихи шығармаларда аса жақсы көрініс табады, олар егеменді республикалардың халықтарының өзіндік тарихи бей-

несін және дүниежүзілік өркениетке қосқан үлесін анықтап, данқын шығаруға бағытталған. Бұл жағдайдағы тарихтың ролі дәрігердің миссиясын еске түсіреді. Жүрегінің түкпірінде әрбір халық осы дәрігердің білікті маман болуын қалайды, ал сауатсыз дүмше-балгер емдеп жатқан халық қайғыға ұшырайды. Жақсы тарихшы ел руханиятына қажетті нәрді тарихтан тауып береді. Ол үшін өзгені жамандап, өзінді асыра көрсетудің де қажеті жоқ. Жер шарында тарихсыз халықтар жоқ, адамдар өмір сүрген жерде тарих болады, өткенді білсең, осы заманды игеру оңайырақ, болашақты бағдарлау да жеңіл.

Әр заманда адамзат тарихын белгілі бір дамыған, күшті орталар жасайды, бұл тұрғыдан Еуразия көшпелілерінің жақсы тәжірибесін атап көрсетуге болады. Көне заманнан бастап XV-XVI ғасырларға дейін адамзат баласының тарихының көшінін іасында біздің ата-бабаларымыз тұрғы, тарих та солардың түсінігіне сәйкес жасалды. Бұл жағынан Шығыс тарихнамасының да тамыры тереңге өткен дәстүрлері бар. Шығыстық тарихтың глобалды суреттері XIX ғасырдың басына дейін қызмет жасады. Мүмкін бұл құбылыс шығыста дамдар мен табиғаттың тығыз байланысынан болар. Белгілі дәрежеде ығыстық тарихи концепциялардың алыптасуына Еуразиялық даланың ауыткер көшпелілері әсер етеді. Бір-

неше дүркін дүниежүзілік империяларды құрған көшпелілер қауымы әлем елдерінің басын қосып отырды. Бұл көптеген тарихшылар үшін аса құпия емес шындық ежелгі Орхон-Енисей сына жазу ескерткіштерінде былайша жар салады: «Төрт жақтан жау көп болды, соғыспен барып төрт құбыланың халқын жаулап алып, бейбітшілік орнаттық, басы барларының бастарын игіздік, тізелері барларын тізе бүзуге мәжбүр еттік» (VIII ғ.). Еуразиялық идеяның белгілі тұлғасы П.Н. Савицкий: «Ұлы Еуразия даласында өзінің тақырып тереңге кететін мәдениеті бар скиф, зун, монғол (XIII-XIV) сияқты бірлесіптің құрылғаны жай емес...» – деп жазды. Оның негізгі «түпнұсқандық рух – Еуразияның көшпелі халықтарынан бастау алады. Ғасырлар бойы әр түрлі нәсілдерге жататын көптеген халықтардың араласуынан пайда болған бұл рух қанында бірізуге талаптанады».

Сонымен бірге, біздің далалық тарихтану дәстүрінің Шығысқа да, Батысқа да ұқсамайтын, өзіндік ерекшеліктері бар, ол тым персонафикацияланған тарих. Әбілғазы Баһадүр хан өзінің «Түрік шежіресін» жазу себебін былай түсіндіреді: «Шығыс ханның ұрпақтары құрған патшалық әулеттері жетінде он ымыра шежіре бар... Хорезм халқының нағашылығы, ата-бабаларымыз жағатын тарихтағыларға қамқорлықтың

қалдығынан біздің әулеттің билеушілері жетінде тарихи ымыралар жазылған жоқ, мен барлық күшіммен бұл істі біреуге тапсыруға тырыстым... Бұл шежірені мен түркі тілінде, ақалымның жақсысы да, жетіміні да оқысып деп жаздым. Жазғанымыз бес жасар балға өңі алатындай қылып қартайтым еңден, түркі-шығармай, парсы, араб сөздерін қастай жаздым». Тарихты ірі тұлғалардың өмірі мен қызметі арқылы баяндау тәсілі – әлемдік тарихты жазудың тамаша бір жолы.

Қазіргі күні біздің қолданыстағы тарихи дамудың әмбебап, ғылыми суреті алғаш рет Еуропада XIX ғасырда пайда болды. Бірақ адамзаттың бір тамыры және жалпы ортақ мақсаты бар екені дәлелденген жоқ. XIX ғасырлық Еуропада дүние жүзі тарихын Батыс тарихы деп қарастырып, тарихи уақытты Ежелгі Грецияның құрылуынан бастап, барлық басқа тарихты «бөгде» атады.

Тарих ғылымының қарама-қайшылығы да осы екі жолды өзара салыстыра қарағанда түсінікті болмақ. Біздің бүгінгі әлемде әрбір халықтың тарихи өткен жолы саяси тартыстардағы су айрығы іспетті, халықтардың, мәдениеттер мен мемлекеттердің мүдделері қалығысып қалған жағдайда соған жүгінеді. Өз тарихын білмеген ел қоршаған бір-келкіліктің арасында жоғалып кете алады. Тарихты қисық түсіндіріп,

оған деген сенімсіздікті оятуға болады. Біз бүгін осындай таңдау алдында тұрмыз.

Мемлекет тарихының негізгі компоненті ретінде этникалық, әлеуметтік, саяси және шаруашылық құрылымдарының дамуын да қарастыруға болады. Осылардың біреуін жүйенің негізі деп таңдап алуға да болады. Осы оқулықты дайындау барысында тарихты объективті жазу мақсатымен біз құрылымдардың ең маңыздыларына сүйендік. Жұмыстың басты мақсаты – Қазақстан тарихын тұжырымды, қисынды баяндау, жас оқырман тарихтың қасиетін ұғып, жекелеген оқиғаларды талдау, зерделеу барысында ұлттық тарихтың әлемдік тарихтағы орнын анық аңғаруы керек.

Оқулық міндеті – тарихи дәуірлерді, этносаяси оқиғаларды, әлеуметтік ұйым мен мәдени дамуды ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейін тереңнен шолып, салмақты бағамен беріп, сара көрсету. Қазіргі заман тарихын барлық ұсақ-түйегімен жазып, ежелгі және ортағасырлық тарихқа шектеу жасамау үшін жалпы көлемді әр кезеңге тең бөлуге тырыстық.

2. Методология

Кенестік тарих ғылымында методология деген мәселе тарихшы ғалымдар үшін қашанда өзекті еді. Қай жерде, қандай деңгейде болсын

тарихшылардың бас қосуы методологиядан басталатын да, тарихтың күнделікті мәселелері екінші кезекте талқыға түсетін. Бір жағынан ол кезеңде тарихшы ғалымдардың алдында Маркс пен Лениннен калған сарабал жол, солардың ережелеп кеткен методологиялық түсініктері болды. Кітап жазасың ба, диссертация дайындайсың ба, өз тақырыбына ыңғайлап, солардан бір-екі сілтемені аласың да, көзге түседі-ау деген мәтіннің күрделі тұстарына жалауша сияқты бекітесің. Қой да аман, қойшы да тыныш. Классиктерден сілтеме тауып алу қиынға соқпайтын, себебі әр тарихшы маман студент кезінде-ақ олардың көптомдықтарын карап, басты-басты шығармаларын конспектілеп шығатын. Бірнеше жыл марксизм мен ленинизмді ежіктегеннен кейін, олардың ұстанған «тарихты материалистік тұрғыдан түсіндіру», «тарихтың қозғаушы күші – таптық күрес» сияқты қағидалары аксиома ретінде жатталып қалады.

Әрине, ойлы адам кейде большевиктік методологиядан өз тақырыбына қажетті қисын таба алмай жататын кездері болады. Бұл – әсіресе біздің қазақ тарихының көшпелілік кезеңіне қатысты зерттеушілердің басына түскен жағдай. Себебі батыстық тарихшылар ешқашан Еуразия көшпелілерін зерттемеген, тіпті олардың тарихы мен қоғамдық дамуы, шаруашылық ерекшеліктері мен дәс-

түр-салты туралы түсініктері де жоқ. Маркс ілімдерінің ішінде «азиаттық өндіріс жүргізу тәсілдері» туралы аз-кем үстірт ойлар бар, бірақ ол Шығыс елдерінің өмір сүру ережелерінен туындайды. ХХ ғасырдың 50-жылдарының соңы мен 60-жылдары Қазақстан тарихына байланысты өрістеген көшпелі қоғамдағы меншік мәселесіне қатысты пікіргаластардың берекелі нәтиже шығара алмағандығы да батыстық көзқарастардың біржақты еуроцентристік табиғатына байланысты. Әлем тарихының көптеген заңдылықтары материалистік тұрғыдан зерттегенде ашылатыны сөзсіз, бірақ әлем халықтарының шаруашылық-әлеуметтік дамуы біртекті деп айтуға келмейді, біртекті болса да өмір бақи бір бағытта, бір түрде жүрмейді. Қазақ тарих ғылымына ХХ ғасырдың 30-жылдары күшпен таңылған большевиктік методология ХХ ғасырдың 50-жылдары әбден орнықты да, біздің заманымызда қандай да бір тарихи мәселенің жауабын сол төңіректен іздеуге мәжбүрледі. Солай жүргенде ХХ ғасырдың соңына қарай Ресейде үлкен әлеуметтік эксперимент аяқталды да, тарих ғылымы бағыт-бағдарсыз қалып қойды. Бұрынғыдай қолыңнан жетелейтін классиктердің еңбектері жоқ, өліара кезең келді. Бірақ осынау өліара кезеңде ғылыми атакты қорғаған адам саны бірнеше есе көбейді.

Біздің алдымыздағы аға буынның ішінде италияндық Николо Гартман *«Методологияны пайдаланып, оның арқасында күшті болу мүмкіндігі бар, бірақ оны танымай, білмей де, әсіресе жемісті жұмыс жүріп жатқан жерде, дәл осылай онсыз да мықты еңбек тындыру мүмкіншілігі бар»* деп қазақстандық тарих ғылымындағы методологияға қатысты туындайтын мәселені алдын ала көрегендікпен болжап кеткенге ұқсайды. Мүмкін ешқандай методологиясыз-ақ тарихты бұрқыратып қаза бергеніміз дұрыс шығар. Олай болса күндердің күнінде біздің кәсіби атанып жүрген тарихшылармыз бен тарихты қатты сүйетін әуесқой денгейі бір болып кетпес пе екен деген сұрақ туады. Сонымен, методология деген не және ол біздің тарих ғылымы үшін аса қажет дүние ме?

Кейбір зерттеушілер методологияны зерттеушілік әдістердің жиынтығы деп түсінеді. Олардың ойынша әрбір тарихшы өзін қызықтыратын мәселені зерттеу үшін керекті әдістерді тандауы керек. Менің түсінігімде методологияны теориялар мен жұмыс тәсілдерімен шектеуге болмайды, **методология ең алдымен тарихтану құралы, ол таным мәселесі мен көзқарастардың негізі, ол тарих қозғалысынан және құрылымынан ашып беруі тиіс. Тарих ғылымында не істелді және тағы не істеу керек деген сұрақ туғанда осындай сараптамааның қолы зор.**

Енді методологияны тарихтану құралы есебінде қазақ тарихының кейбір мәселелеріне қолданып көрейік. Бізде тарих туралы түсінік өте қарапайым, көпшілік тарихты эмпирикалық деректердің жиынтығы деп түсінеді. Бір мәселе ескеріле бермейді, біздің тарихымызда да, қазіргі өмірімізде де дерек аса көп, олардың бірі тарихшының қаламына ілінеді, бірі ілінбейді. Ілінген күнде де әр тарихшының дерекке өз көзқарасы бар, әр тарихшы деректі әр түрлі пайдаланады, әр түрлі түсініктеме береді. Мысалы, мұрағатта еңбек жасап отырған тарихшы алдына келген том-том құжаттардың ішінен барлық деректі сүзіп алып шыға алмайды, ол шаруаны атқару кейде адамның төзімділігіне, кейде денсаулық жағдайына, кейде тіпті сәттілікке байланысты. Бұл жерде тарихшы еңбегінің субъективті жақтарына назар аударуға тура келеді, турасын айтқанда, тарих ғылымы деректерге түсініктемелерден құралады. Деректерді сараптау үшін тарихшы деректану әдістерін білу керек, ол өз кезегінде тарихқа объективті ғылыми көзқарасты талап етеді. Дерекке сыншы бола білу оңай емес, сыншылық – қашанда ауыр және абыройлы міндет. Сонымен бірге, сыншылық та белгілі бір методологиялық іргетасты талап етеді. **Тарихты түсіну үшін алдымен өзің өмір сүріп отырған қоғамды түсіну керек. Әр қоғам өз тарихын өзі**

жасайды. Әр құбылыстың өмір сүру заңдылықтары бар, олардың әрбірін құрылымдық қасиеттері де ерекше болатындығы сондықтан. Француздың ұлы тарихшысы Марк Блок тарихты танудың тамаша жолдарын нұсқайды: «Дәуірлердің бір-бірімен ұқсас, ортақ негізінің мықтылығы сондай, екі арадағы байланыс қашанда екі жақты. Өткенді білмеу қашанда қазіргі заманды түсінбеуге алып келеді. Сонымен бірге, қазіргі заманды қазір алдыға елестете алмай, өз кезегінде өткенді түсінем деу бос әуре. Бір жолы мен Апри Пиреннің Стокгольмге барған сапарында жанында болдым. Қалаға келген бетте ол: «Бірінші кезекте біздің нені тамашалағанымыз дұрыс болады? Осы қалада ратушаның жаңа ғимараты салынды деп еді, содан бастасақ қайтеді?» – деді. Содан кейін менің бұл ұсынысқа таңғалғанымды сезіп: «Мен егер антикварь болсам, онда тек ескі дүниені ғана қарар едім, бірақ мен тарихшымын, сол себепті мен өмірді жақсы көремін», – деп түсіндірді. Тіріні қабылдауға дайын болу – шын мәнінде тарихшының ең басты қасиеті».

Марк Блок ескі-құсқыны жинайтын антикварь мен тарихшының айырмашылығын осы абзацта жақсы ашып көрсеткен. Тарих қоғамның айнасы болса, қоғам да өз кезегінде тарихтан сыр шертеді. Біз болсақ не өткенді асыра мақтап, қазіргіні

даттаймыз, не қазіргіні аяғын жерге тигізбей, өткеннің бәрін күстаналаймыз. Сонымен, методология деректі сөйлетуден басталады.

Қазақ қоғамы дегеніміз – адамзат тарихының даму процесінде өз орны бар, шаруашылығы, өмір салты, билік нұсқасы еуразиялық дәлі өркеніеті туғызған соны жүйелерге негізделген құбылыс. Жалпы адамзат баласын осындай нақты қоғамдардың жиынтығы деп қарастырған жөн. Әлем тарихшылары адамзат баласы туғызған қоғам, мемлекет, өркениеттік топтарды тарихтың сыртқы құрылымы деп қарастырады. Тарихшылар осы сыртқы құрылымның сыртынан тон пішіп, өздерінше эра, кезең, заман, ғасыр, т.б. ұғымдарды қолдана отырып кезеңдестіреді, яғни сыртқы құрылымның сыртынан тағы бір шартты және абстракциялы құрылым жасайды. Кейде тарихшылар кезеңдестірудің шартты кесте екенін ұмытып, тарихты танудың барлық мәселесін осы айтылған дүниелермен ғана шектеп тастайды. Шын мәнінде тарихтың даму заңдылықтары оның ішкі құрылымында жатыр, басқаша адам баласы басынан кешетін төңкерістер мен қайта құрулардың, мәдени құбылыстардың қайта оралып отыратын қасиетін, т.б. толып жатқан мәселелерді түсіндіру қиын. Мәселен, қазіргі Магриб елдері бастан кешіп отырған өзгерістер сол мемлекеттердің алдын ала жоспарлаған шаруала-

ры емес, тіпті жеті қат жердің астындағыны сезіп отыратын Мыстан кемпір сияқты Батыстың өзі де осылай болады деп күтпесе керек. Бір қарағанда адамзат дамуына белгілі дәрежеде санамен сезініп болмайтын трансцендентті күштер әсер ететін сияқты. Атақты Карл Ясперс ежелгі мәдениеттерді алмастырған әмбебап құндылықтардың әлемнің әр түкпірінде бір мезгілде өмірге келгеніне таңғалып: «б.з.б. 800-200 жылдары пайда болған рухани үрдістердің негізінде әлем тарихының белдігі өмірге келді... Қытайда Конфуций мен Лао-цзы бастаған барлық философиялық ағымдар, Үндістанда Упаншиадтар мен Будда, Иранда Заратустра, Палестинада Илия, Исаия, Иеремия, Грекияда Гомер заманы, Парменид, Гераклит, Платон, Фукидид пен Архимед сияқты философтар мен трагиктер... Осы ұлылардың бәрі де бір мезгілде әлемнің әр бұрышында дүниеге келді» деп «белдік уақыт» теориясын жасады. Егер біз тарихтың ішкі құрылымы туралы айтсақ, онда сөз жоқ, соңғы кезде айтыла бастаған этнос табиғатына бойлауымыз керек және оны әлеуметтік емес, биологиялық құбылыс есебінде қарастырғанымыз жөн. Біздің біржақты материалистік санамызға әсер ететін беймәлім күштер мен этнос арасында байланыс бар деп есептеуге болады. Адамзат ақыл-ойының ұлы өкілдерінің ішінде К. Ясперс сияқты

тарихты жанартау ретінде қарастыратындары да бар.

Қалай болғанда да тарих ғылымындағы методологиялық ізденістер бізге әлемдік философия, мәдениеттану, т.б. бағыттарда жүргізіліп жатқан зерттеулермен таныс болып отыруға мүмкіндік береді. Мүмкін бізге К. Ясперстің «белдік уақытынан» гөрі, Альфред Вебердің тарихтың басталу заңдылықтарын Еуразия көшпелілерінің көне отырықшы мәдениеттерге әсерімен түсіндірген тұжырымы жақындау болар.

Қалай болғанда да қоғамның негізінде табиғи ортаға бағынышты шаруашылық қарым-қатынастарының жүйесі орналасқан. Осы шаруашылық негіз – қашанда әлеуметтік, саяси, этникалық өмірдің құрылымдық қасиеттерінің іргетасы. Біз классиктерден бас тартқанмен, әлемдік ақыл-ойдың төрінен ертеден орын алған материалистік тарихтану дәстүрінен қол үзгеніміз дұрыс болмайды. Ал қазіргі тарих ғылымының жағдайы шылапшындағы сумен бірге баланы да сыртқа төге салған әйелге ұқсайды.

Қандай да болмасын нақты қоғамды белгілі бір дәрежедегі жүйе деп қарастыруға болады. Қазақ қоғамы да өзінің дәстүрлі шағында (XIX ғ. ортасына дейін) осы заңдылықтарға бағынғанына біздің күмәніміз жоқ. **Қазақ қоғамының бір ерекшелігі – Қонын қандай саламын**

терттеуге дең көрсек та, біртұтас, синкретті, бір-бірімен тығыз қабысқан құрылымдардан тұрады. Осы құрылымдардың ең мықтысы – өзгерге іретас қызметін атқара беретін құбылыс-туыстық жүйе. Осы күнге дейінгі қазақ тарихына қатысты құманді қозқарастар туыстық жүйені түсінбеуден, қазақ тарихын еуропентриеттік, біржақты пайымдаудан кезін шығады. Алысқа бармай-ақ А.И. Левшин тұжырымдамасына көңіл аударайық. *«Жақын танысқанда, біз қазақтардан анархияны көреміз, – дейді А. Левшин. – Себебі, билік дәрменсіз, заң жоқ, қылмыс жазаланбайды»*. Біріншіден – бұл қазақ қоғамына еуропалық құндылықтар тұрғысынан карау, екіншіден – әкімшілік-аумақтық құрылым туыстыққа негізделетінін ескермеу, үшіншіден – XIX ғасырдың басында қазақ қоғамы кишіккен дағдарысты есепке алмау. А.И. Левшинге қазақты мемлекет ретінде тану үшін батыстық бюрократия, жазалаушы органдар, заң кодекстері керек. Біз том-том заң кодекстері, жазалаушы және басқарушы шенеуніктерінің үлкен армиясы бар, бірақ адам құқығы аяққа тапталып, жемкорлық асқынып, ар-ұяты азғындап кеткен қоғамдарды да білеміз. Ал мемлекет – кашанда тарихты танудың алғышарты, ол – жоғарыда айтылғандай, тарихтың сыртқы құрылымы. Кез келген тарих философиясымен айналысатын ғалым алды-

мен қоғамды, содан кейін мемлекетті іздейді. Бізге мемлекетімізді тану үшін А.И. Левшиндер қазақ тарихын түсірген методологиялық шырғаланнан шығуымыз керек. *Көшпелілер қоғамы – өзі өмір сүрген ортамен біте қайнасқан этноәлеуметтік-саяси құндылықтардың жиынтығы*. Ол құндылықтардың ішінде мемлекетте бар, бірақ ол, отырықшы елдердегідей, билік және қоғам болып екіге жарылып кетпеген. Біз осы тұста Ф. Ратцельдің, К. Каутскийдің, В. Бартольдтің, т.б. көне отырықшы мәдениеттердің мемлекет болып қалыптасуында көшпелілердің ересен орны бар деген тезисін еске алуымыз керек. Оның бір белгісі – көшпелі жауынгер әулеттер құрған мемлекеттік бюрократия мен бағынышты қоғам арасындағы антогонистік қарым-қатынас.

Көшпелілердің өз ортасында мемлекеттік билік туыстық жүйеге бағынышты, ал туыстық жүйе – өз кезегінде азаматтық қоғамның кепілі. Шоқан Уәлиханов қазақ қоғамының бұл қасиеті туралы: *«Соңында қорыта айтсақ, бәрінен де маңыздысы, біздің қоғамдық дамуымыздың түрсіпаттары мәдени дамудың ең жоғарғы сатысына тән көрсеткіштермен өте сәйкес ерекше қарапайым деңгейде тұр»*, – дейді. Бір қызығы, сыртқы фактор күшейген уақытта көшпелі қоғам уақытша бір орталықтанады және ұлыстық

жүйеге көшеді. Оның жарқын мысалдарын біз Қасым, Есім, Әз Тәуке, Абылай хандардың ел билеген замандарынан көре аламыз. Бейбітшілік уақытта әр қауымның, әр тұлғаның еркі өзінде. Көшпелі қоғам жеке адам ынтасына шексіз мүмкіндік бермесе де, шаруашылық, әлеуметтік, этникалық және саяси өмірдің ерекше құрылымы арқылы әр адамға тұлға болып қалыптасуға, өз қасиетін танытуға толық жағдай жасайды. Біздің ойымызша, қазақ қоғамы жөніндегі қалыптасқан түсініктердің біржақтылығы осы мәселелерді ескермеуге байланысты. Өкінішке орай, біз қазақ тарихындағы адам факторына орыс тарихшысының көзімен қараймыз, ал ол көзқарасты туғызған Ресейдің ерекше жағдайы: самодержавие, басыбайлылық, большевиктік тоталитаризм қалыптастырған «үшінші немесе төртінші адам».

Жоғарыда айтылған мәселелер біздің тарихымыздың бірнеше мыңжылдығын қамтиды. Егер отандық тарихшылар Еуразия көшпелілерінің өркениеті туралы бірдеме айтамын десе, трансцендентті ілімдермен алданбай, алдымен біздің аталарымыздың ежелгі дәуірдегі мемлекет құру потенциалынан бастағаны жөн.

Өкінішке орай, біздің тарих ғылымы қазақ қоғамын адамзат өркениетінен тыс қарастырады. Ресей империясы екі ғасыр бойы күресіп, қазақтың мемлекеттік институттарын

жойды, бір орталықтанған туыстық жүйені әлсіретті, территориялық-әкімшілік құрылымға үйретті, ақыры бұратана есебіне кірдік. Кеңес Одағы біздің ішкі құрылымдардың тас-талқанын шығарды, мемлекеттік сана аяққа тапталды, жер-суға иелік студент қалдық, салт-дәстүрден айырылды, орыстандық.

Батыстың ықпалымен кеңестік тарихнамада Еуразияның көшпелі халықтарын төменгі (варварлық, жабайылық) даму кезеңіне енгізу орын алғаны белгілі. Бірақ бір ойланатын мәселе бар. О. Шпенглер, А. Тойнби сияқты батыстың мықты деген ғалымдарының өркениет кестесінен Еуразия көшпелілеріне орын тауып бере алмауына не себеп? Алғашқысы дүние жүзі тарихында сегіз аяқталған мәдениетті көрсетеді, бұл: египеттік (мысыр), үнділік, вавилондық (бабыл), араб-византиялық (ұрым), қытайлық, грек-римдік, батысеуропалық, майя мәдениеттері, кейінгісі – жиырма бір. А. Тойнби пікірінше, *«Өркениеттер өмірі ұзақ, ол үлкен территорияларды алып жатыр, ал өркениеттер қамтитын адамдар саны одан да көп. Ол көбінесе примитивті қоғамдарды бағындыру және ассимиляция жолдарымен жайылады»*. Көшпелілер қоғамын А. Тойнби примитивтілер қатарына қосады, даланың бірде-бір ұлы империясына оның өркениеттер кестесі сызылған нұсқасында орын табылмайды. Ең болмағанда әлі күнге

Орталық Азия үстіртінде далалық мәдениеттің асыл нұсқаларын сақтап, табиғатпен ғажап үйлесімді тамаша өркениет құрып отырған монғолдар да жоқ. Сегіздің ішіне кірмесек те, жиырма бірге еруге болар еді ғой. Қазақ тарихшылары бұл қорлықты қалыптасқан еуроцентристік көзқарастардың салдары деп есептейді. Егер бұл сияқты кестелерге қазіргі заман тудырған арақатынас биігінен қарар болсақ, мүмкін осындай пікірге негіз де болар, бірақ көшпеліліктің тарихқа қатынасы тек соңғы жүз жылдықтардан гөрі, одан әрі мыңжылдықтарда көбірек болған. Жаратылыс әлемінен оқшау шыққан адам баласы үшін кәсіптің ең табысты деңгейі көшпелі мал шаруашылығымен тығыз байланысты болғаны белгілі. Еуразия даласында алғаш қолға үйретіліп, адамға қызмет істей бастаған жылқы малы адамзат баласын бірнеше мың жыл бойы алға сүйреді. Еуразия даласының бақташы тайпалары тарихи дәуірде бірнеше рет әлемдік ұлы империялар құрды. XX ғасырдың басында әлем бойынша жинақталған тарихи деректерді қолына ұстап отырған О. Шпенглер мен А. Тойнби бұл айтылған мәселелерді білмеді деуге болмайды.

Бір өкініштісі, қазақ тарихшыларының зерттеу тақырыптары ешқашан да ескі құрлықты қамтымайды, археологиялық қазбалар, жазба ескерткіштері арқылы ерте заманға барған күннің өзінде қанатын жазғанын

көрмейсің. Күйбең тіршілікпен жүрген ел еуропалық өркениет адам баласының қол жеткізген ең биік шыңы деп есептейді. Қазіргі заман мектептері мен тұжырымдары Еуропада қалыптасты, дәл осы кезде дала халықтарының дәуірі күйреп, еуропалықтардың басымдылығы айқын бола бастады. Еуропада үлкен бетбұрыстар. Ұлы географиялық ашылымдарға байланысты болса, Шығыспен Батыс арақашықтығы өндірістік төңкеріс кезеңінде ұлғая түсті. Еуропалық капитализм дүниежүзілік нарық және т.б. құралдарды пайдаланып адамзатты бір унификацияланған қоғамға айналдыруға қызмет істеді. Әлемдік тегемония өмір бақи Еуропаның қанжығасына байланып тұрған жоқ, оның басталуы және орнығуы XVI-XVIII ғасырларға сай келеді. Бұл жерде ескеретін бір мәселе бар. Зенбірек пен қорғасын оқ Еуразияның далалық көшпелілерін жеңгенімен, олардың жасампаз істері дүниежүзілік тарихта сайрап жатыр. Осыдан болар, еуропалық ғалымдар Ұлы Еуразиялық дала көшпелілерін не мәдениет, не өркениет түсінігіне жақындатпау үшін көп еңбек етті. Әлемде қай ел үстем болса, тарихты сол ел жазады және өз көзқарасын өзгелерге таңады, бұл заңдылық та методология мәселесімен айналысқанда есте болуы керек. Өкінішке орай, отандық тарих ғылымы әлі де болса еуроцентристік теория жетегін-

де жүр. Көп уақыт бойы біздің тарихшылар қазақ жерінен тек қана отырықшылықтың қалдықтарын іздеп, көшпелілікті мойындағылары келмеді.

Қазақ жерінде қалалар аз емес және олардың тарихы Еуропа қалаларының тарихынан әрі. Соңғы зерттеулерге қарағанда, Орталық Азияда жоғарғы палеолит кезінде халықтығыздығы Еуропаға қарағанда басым болған. Бұл дәуірде халықтың басым көпшілігі Азияның солтүстік-шығыс бөлігіне (кейін олар бос жатқан екі Америка территорияларына орналасты) немесе батысқа жылжи отыра, тас дәуірінің соңында өмір сүріп жатқан жергілікті халықтың мәдени дамуына үлес қосқан болатын. Б.з.б. V мыңжылдықтың соңында Батыс Сібір халықтары байлықтарын сақтап қалу қамымен ағаш қабырғалары мен орлары бар бекіністер сала бастайды. Ә. Марғұлан және т.б. ғалымдар қола мен ерте темір дәуірінің қоныстарын, соның ішінде протоқалалық мәдениетін зерттеуде үлкен жетістіктерге жетті. «Еуразияның далалы аймағында қала өркениетінің тууы дүние жүзіне белгілі Трояның төменгі қабаттарымен қатар жүрді (б.з.б. II мыңжылдық)» деген К. Акышев пікірі де өте құнды болып табылады.

Орталық Азияның ежелгі тарихындағы Нұра, Атасу, Беғазы-Дәндібай сияқты қола дәуірінің орталықтары кешенді өркениеттің белгісі

болып табылады. Бұл жерде түсті металдарды өндіру, мал шаруашылығы, егіншілік бір-бірімен үйлесім үлкен трансконтиненталды сауда арқылы әлемнің әр түкпірімен өз байланысын тапқан. Бұл заманда қазақ жерінен өндірілген түсті металл Қырық қапалы Қарашық, Жанкент (Жезроин) арқылы Мысыр, Қытай, Үнді өркениеттеріне тарады. Біз болсақ батысқа жалтақтап, «Жібек жолынан» басқа ештеңені көргіміз келмейді. Еуразия кіндік өркениеті үшін меридиан бағытындағы «Ұлы жолдың» қызметі бірнеше есе қадірлі. Біз өз тарихымызды жатсынғанымыз соншалық, XVIII ғасырдың ортасына қарай Ресейдің қазақ сахарасындағы саясатына жауап берген адамдардың бірі П.И. Рычковтың Түркістанға қатысты жазғандарының мәніне әлі бойлағанымыз жоқ. Орынборлық қарапайым хатшы П.И. Рычков шығыстың ескі мәліметтерін көп жинап, қаланың көне дүниенің ескерткіші екенін баса жазады: «Түркістан мен оның аймағы сол жақтағы бар өзге қалашықтармен салыстырғанда бүгінгі күні аса белгілі болмаса да, өзінің көнелігі жағынан өзгелердің алдында екенін мойындау керек, себебі Түркістан қаласы татарлардың (көне түрік деген мағынада – Ж.А.) тарихында Бұхарадан анағұрлым кәрі саналады, айтуларына қарағанда, көне замандарда билік осы қаладан басталып, кейін бүкіл Азияға тара-

ған. Орынборда тұратын ахун бұл қала Яфеттің ұлы Түрік ханның немерелері тұсында салынған және аты да сол кезде аталған дейді, сол жақтағы қалалар, тіпті Үндістан мен Қытайға дейінгі жерде, мысалы: Қашғар, Табат, Жәркент, Ходженг, Ташкент, Мартикан, Фантак, Янгы, Хасар, Хитяк, Отырар, Сауран, Барзаян және басқалары Түркістанға бағынып тұрған. Осы аймақты олар ерте заманда Яссы деп басқаша да атаған, ол шамасы Түркістан атауынан да әрі болуы керек. Осы мәліметтердің бәрін жоғарыда айтылған ахун араб пен түркінің кітаптарынан көшіріп жазып алған».

XVIII ғасырда казак арасына жиі келіп, көптеген жауапты мәмлегерлік шаруаларды атқарған тілмаш Уразлин парсы тарихында Түркістанды Жәмшид патша салды деген мәлімет қалдырған екен: «Бұл қала Иранның (яғни, парсының) Жәмшид шаһының тұсында салынған, ол – парсы патшалығының басынан бастасақ төртінші билеушісі. Ескі тарихта айтылғандай, өзге халықтармен бірге моңғол, татар және қытайды бағындырып, Ұлы Татариямен соғыста (бұл жерде Тұран деп ұғу керек – Ж.А.) өзінің әскерімен арнап үш қала салу керек деп шешкен. Осылардың алғашқысы – Түркістан, екіншісі – Отырар, үшіншісі – Сауран (бұл қалалар бүгінгі күнге дейін

бар, Түркістан маңындағы кішкене қоныстар), бұл қалаларға даруга қылып өзінің бір жақын адамын қойған. Бірақ Түркістан тұрған жерде жергілікті ел оған дейін Яссы атаған, бекініс пе, әлде әскери адамдардың қонысы ма, бірдеме болған».

Тілмаш Уразлиннің жазғаны – «Дадестан-и меног-и храд» (Парасат Рухының пайымы) және «Бундахиши» (Негіздің жаратылысы) аталатын парсының арасында көбірек сақталған «Зәрдүш мәтіндерінен» алынған деректер. Шамасы Түркістан маңында XVIII ғасырдың алғашқы жартысында парсының пехлеви жазбаларын сақтап, оқып, тіпті жұртқа таныстырып жүретін оқымыстылар болған. Казак арасында Жәмшид патша туралы бірсыпыра әңгімелер бар. Жәмшид адамзат баласы әлі бір-бірінен ажырамай тұрған ескі заманда өмір сүрсе керек және оның мекені казактың кең сахарасы болғанға ұқсайды. «Авестада» Жима (Жәмшид) патшалығы деген арнайы бөлім бар, ол бақташы тайпалардың патшасы, оның билік құрған дәуірі «алтын ғасыр» деп аталады.

Біз осы жерде өз тарихымызды зерттеу үшін ауызша дәстүрдің ерекше орында тұруы қажет екенін баса ескертеміз. **Қазак тарихының ең асыл казынасы өзінің аңыз-шежірелерінде сақталған, тек тілін тауып, ғылымға пайдалан.** Бұл сөзді Құрбанғали имам XX ғасырдың

басында айтқан екен, әлі де өзекті: **«Қазак халқы кітап қармей, ақын-жазбай-ақ, тек ауыздан-ауызға тінталып келген, естіген сөздерін ұмытпай кете жатқандарының дәлелі көп. Сөз үшін бұлардың көңі хабарларына қашанда құлақ асу керек. Тарихын, нәсілін білмек болғандар олардың хикаяларына, аңыз-әңгімелеріне сүйенуі керек. Қариялары бар жастарға бізден өсиет. Уақыт өтпей тұрғанда олардың сөзін ұғып қалсын».** Өкінішке орай, бүгінгі күні кадымды білетін қария түгілі, шежіре сөзіне түсініктеме бере алатын тарихшы қалмады. Бұрын орыстың аузына «ләббай» деп үйренген казак, енді біржолата шет жұртқа бас ұрумен әуре. XX ғасырдың басында осы мәселеде М.Ж. Көпейұлы өзінің замандастарын сынға алып: **«Осы күнде шежіре сөйлеп жатқандар: бірі қытай тарихынан аударып алады, бірі орыс жазушыларынан аударып алады. Қазакқа ол қандай дәлелді шежіре бола алады? «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» дегендей, анық казактың өз ортасында сөйленіп жүрген танымал сөзден алып жазған біреуі жоқ»,** – деген екен. Біз аталарамыздың «өз-өзінді жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін» дегенін ұмыттық. Қазактың тарихи білімі оның төл шежіресінде екенін мойындамай, әлемді шарлап дерек іздейміз. **«Орыс айтса біліп айтады деп бәрін мойындай беруге болмай-**

ды. – дейді Құрбанғали имам. – **Шетел тарихшылары мен саяхатшылары барған жерінен бірер күн яки аптада халық аузынан естігендерін жинау әдеттері бар, осы қысқа мерзімде бәрін біліп, жазып тез бітіріп кеткісі келеді. Ал біздің бұл жақтың адамы елдің сырын өзгеге ашықсы келмейді. Айтса шатастырып, түйінді жерлерін жасырады...**» Соңғы жылдары том-том болып шығып жатқан топтамалардың ішінде казак деректеріне арналған бір жинақ бар. Әңгіме Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты дайындаған «История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков» деген көптомдықтың 9-томы туралы. Осы томның құрылымынан, жинақталған мәтіндерден, шала түсініктемелерінен жинақтаушының да, редактордың да казак ауызша дәстүрінен каншалықты алыс екенін сезесіз. Қорытынды өзінен-өзі сұранып тұр емес пе, біздің ауызша дәстүр әлі де патшалық Ресей мен Кенес үкіметі жеткізген «контристория» жағдайына жақын. Ауызша дәстүр ұғымына енетін казак деректерін ғылыми айналымға қосу, мәселеленің түйініне жету тіл мен танымды керек ететіні сөзсіз.

Қазактың ауызша дәстүрі революцияға дейінгі орыс тілді мерзімдік басылымдарда жарияланған нұсқалармен шектелмейді, оның өзегі казактың өз арасынан шыққан М.Ж.

Көпейуді сияқты шежірешілердің жинақтарында. Осы құнды дүниені елеп-екшейтіндей ғылыми орталық құрып, ғылым айналымына енгізетін уақыт болған сияқты. Әйтпесе Қазақстанның көне және ортағасырлық тарихына арналған зерттеулер мен оқулықтар бәз баяғы күйінде қала бермек. Қалыптасқан дәстүр бойынша тарихшылар көбінесе археологиялық қазба материалдарына сүйенеді. Ұлы дала бүгінгі күнге дейін көне заманның, орта ғасырлардың ескерткіштерін сақтап келеді. Өкінішке орай, қазақ шежіресінің, көне тілдерде жазылған жазу ескерткіштерінің аз пайдаланылуына байланысты ол ескерткіштер мылқау дүние сияқты. Өне бойындағы алтын жарқ-жүрк етеді, «бұл кім?» десең жауап жоқ. Қола дәуірінің әлемге үлгі шашқан тамаша өркениетін кімдер жасады, шұжысаң уыс-уыс алтын шығатын «сақ қорғандарының» иелері қай тілде сөйледі, кезінде Қытайды, Римді, Иранды тізе бүктірген ғұндар қазақ даласында із қалдырмай күйіндей соғып өтіп кетті дегенге кімді сендіруге болады, есте жоқ ерте замандарда өмір сүрген Нұқ пайғамбардың немересі Түріктің, ойда жоқта, VI ғасырда Алтайда сопаң етіп шыға келуін қалай түсіндіреміз? XV ғасырда Ұлы Еуразиялық далада қазақтың мемлекет ретінде пайда болу заңдылықтары да беймәлім,

кездейсоқ сәттілік сияқты. Бір сөзбен айтқанда, методология мен ғылыми тарихнаманың әлсіздігіне байланысты біздің тарихымыз нашар режиссердің қолынан шыққан жамау-жасқау кинолента сияқты.

Қазақ хандығын әлі күнге зерттеушілердің біразы мемлекет деп танымайды, қазақ мемлекет құрған жоқ, «вождествомен» өмір сүрді дейді. «Вождество» дегеніміз қазақша тайпа көсемдігі деген мағынада, ал хан билігі шетелдік этнографияда Тынық мұхитының кішкене аралдарын мекендеген этностарға байланысты қолданылатын «бигмен» тұрғысында түсіндіріледі.

Кенестік тарихи-этнологиялық ғылымда көшпелілердің қоғамдық-саяси тарихы туралы зерттеулердің ең жемісті жүргізілген жылдары XX ғасырдың 70-80-жылдары осы тақырыпқа қалам тартқан зерттеушілердің жазғандары «көшпелілер отырықшылыққа өтіп, мәдениет және мемлекет түзін үлгермеген» деген тезистің манайында болды. Олардың көзқарасы бойынша мемлекет тек отырықшы елдерге тән, көшпелілерге жат құбылыс. Орта ғасыр көшпелілері туралы тамаша толымды еңбек жасаған белгілі тарихшы-археолог С.А. Плетнева да осы көзқарастың ықпалымен: *«Егіншілік пен мал бағуға негізделген кешенді шаруашылықты құрмай мемлекет болу мүмкін емес, сол себепті мемлекет көшпеліліктің*

тек үшінші сатысында ғана пайда болады», — деген. Зерттеушінің пікірі бойынша, көшпеліліктің екінші сатысында, отырықшылыққа бейімделу барысында мемлекет құрған көшпелілер енді феодализмге, жартылай отырықшылыққа, тұрақты этникалық қалыпқа (*халыққа айналып келе жатқан, бір тілді тұрақты этникалық қауым*) өтеді. Біз бұл тұжырымға келе қоймайтын тарихи мысалдарды қайда қоямыз?

Сонғы екі мыңжылдықта Евразияға үстемдік жүргізген көшпелі Ғұн, Түркі, Алтын Орда мемлекеттерін сол кезеңдегі белгілі зерттеушілер *«уақытша, эфемерлі құрылымдар»* деп атайды. Олардың түсінігі бойынша, көшпелілер тек шаруашылық қауым болып қана өмір сүреді, саяси конъюктураның сәті түскенде ғана «әскери-көшпелі қауым», яғни империя құрайды. Егер де ұлан-байтақ кеңістікте бірнеше ғасыр бойы үстем саяси күш болып келген ортағасырлық көшпелілер мемлекеттерін мемлекет деп танымасак, онда XV-XVIII ғғ. аралығында өмір сүрген Қазақ хандығының тіпті іске татымай қалғандығы.

Көшпелілерде мемлекеттік дәстүр жоқ деушілердің дәлелдеу жүйесі де анық емес. Неге біз көшпелі болғандықтан мемлекет деген ұғымнан аулақ болуымыз керек? Қазақ тарихын немесе Еуразия көшпелілерінің бірнеше мыңжылдық тарихын

адамзат баласының тағдырында дара соқпақ деп танысак, онда олардың мемлекет дәстүрлерінің ерекше болуы заңды құбылыс емес пе? Егер көшпелі мен отырықшы өмір салттарының арасында айырмашылық болса, ол мемлекетке де қатысты мәселе.

Қазақ тарихына қалам тартқан ғалымдардың ішінде қазақ халқының өткен жолында мемлекет болды деп айтып та, жазып та жүргендері баршылық. Бір өкініштісі, Қазақ хандығының немесе оған дейін далалық өлкеде өмір сүрген ұлыстардың ішінде құрылған саяси жүйелердің өмір сүру және өзін-өзі сақтау сияқты мәселелеріне, саяси жүйенің сыртқы және ішкі сипатына терең тоқталып, толғамды айтылған пікір аз. Бізде мемлекет болған дейді ғалымдар, бірақ оны саяси-қоғамдық жүйе ретінде сипаттау және баға беру кезеңі келгенде күмілжіп қалады немесе *«мемлекет адам арасындағы таптық антогонизмнің тууымен бірге пайда болды»* делінетін ортодоксальды марксистік тұжырымның ықпалынан шыға алмай, материалистік түсініктердің жетегінде кетеді. Сонғы кезде көшпелі мемлекеттер туралы қызықты зерттеу еңбектерін жарыққа шығарған Е. Кычанов та *«әлеуметтік жіктелу және тапқа бөліну процесіне»* көп көңіл бөледі. Дегенмен, біз көшпелілердің мемлекетіне қатысты ең татымды пікірді осы автордың еңбегінен кездестіреміз.

Еуразия көшпелілерінің саяси жүйелері «дикая орда» ма немесе «мемлекет» пе? Қазақ тарих ғылымы үшін бұл мәселе ойыншық емес, себебі бұл – ұлттық тарихтың ең өзекті тұсы. Егер біз өткен тарихымыздан мемлекет мәселесін (онымен бірге билік құрылымдары, құқықтық ережелері, т.б.) алып тастасақ біздің тарихтың оқулықтарында әр уақыт кезеңіне реттестіріліп жинақталған эмпирикалық фактілер ғана қалады. Егер сіз зер салып қарасаныз «Қазақстан тарихының» қазіргі күнгі ең осал тұсы да осы. Біздің тарихымызда бәрі де бар, бірақ бүкіл фактілерді, даталарды, тұлғаларды жүйеге түсіріп отыратын мемлекет жоқ. Қазақтың мемлекет дәстүрлері мен мемлекеттік жүйесінің зерттелмегендігі патшалық және большевиктік отарлау кезеңінде алған соққының зардабы, сол себептен біз оның кейбір залалсыз атрибуттарын да сақтай алғанымыз жоқ. Бүгінгі күнге жеткен қазақ хандарының туларынан (қызыл, шұбар, ақ, жасыл) бір ту жоқ. Бірақ мемлекет тек материалдық нәрселерде ғана сақталмайды, ол санада, адам жадында да берік орын тебеді. Оны қандай болмасын отаршыл билік толық жойып жіберуге дәрменсіз.

Ең қызығы, біздің хандығымызды мемлекет дейтін тарихшылар мен құқықтанушылардың өзі оның дәлелін, яғни мемлекеттің саяси жүйесін, қызмет істеу тетіктерін, т.б.

көрсетіп бере алмайды. Бізде «Жеті жарғы» кеңесіне, «Орда» ұғымына, «Аталықтар» институтына арналған тұшымды зерттеу жұмыстары жоқ. Қазақ хандығына арналған монографияларды қарасаныз хандарымыз сонынан 20-30 мың әскерді ертіп олай-бұлай шабуылдап жүреді, олардың саясатты ойланатын, әскердің ішкер асын жоспарлайтын ордасы, кеңесі, кеңесшісі болды ма? Жыл сайын ҰБТ-да кездесетін сұрақтардың бірі тілге орала береді – «Қазақстанның ортағасырлық қалаларының орталық бөлігі қалай аталды?» Жауабы – «Цитадель». Міне, біздің мемлекет тарихына қатысты методологиялық түсініктеріміздің жеткен биігі.

Есте болатын бір жағдай, методологияға қатысты ізденістер ғылыми тарихнамаға негізделеді. Қазақстан тарихы жөніндегі үстірт пікірлердің көпшілігі тұтас кезеңдердің, оқиғалардың, жеке тұлғалардың жете зерттелмеуімен тығыз байланысты. Белгілі бір тақырыптарға арналған монографиялық зерттеулер азайып кетті, ал монография – ғылымның деңгейінің көрсеткіші. Деректануда да осындай жағдай, XV-XVII ғасырлардағы Қазақ хандығына арналып жазылған бірталай еңбектер бар, бәрі XIX ғасырдың ортасында жазылған В. Вельяминов-Зерновтың «Исследования о Касимовских царях и царевичах» сияқты дүниелерін қайталайды. Осыған байланысты

Шығыстың кітап қоймаларына тіс батпаған күннің өзінде, Чарльз Стори сипаттап кеткен қолжазбаларды немесе өзіміздің Құрбанғали Халидтың «Тауарих хамса шархи» кітабын түсініктемемен қайта жариялау бұл бағытта үлкен алға басушылыққа негіз салар еді.

Зерттеушілердің біразы XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы статистикалық деректерді негізге ала отырып, оның нәтижесін тарихи кезеңдерге телиді. Кеңестік дәуірде қалыптасып қалған осы ізденіс сорабы зерттеушілерді екі ұдай методологиялық қателіктерге ұрындырады. Ең алдымен бұл әдіс ерте қоғамдардың даму деңгейін түсіріп, олардың жойқын мәдениеттері жөніндегі түсінікті бұрмалайды. Еуразия дала әлемі XV ғ. бастап құрлықтағы жетекші орнын жоғалтса, XVIII ғасырдың соңына қарай далалық аймақтағы еркіндігінен айырылды. XX ғасырдың 30-жылдарынан бастап большевиктік саяси билік тарих ғылымы назарын тек жана заман тарихына аударады. Кеңестік үгіт идеологиясы қазақ ғалымдарын тарих есебін 1917 жылдың қазанынан бастауға мәжбүрледі. Қазақ қоғамын зерттеу үшін таптық методологияның пайдалы нәтижесінен гөрі зияны көбірек екенін ескерген жөн. Осының кесірінен тарихтың ерте кезеңдері жабық не түсініксіз күйінде қала берді. Азаматтық тарихпен айналы-

сатын тарихшылар XVIII ғасырдан әрі кетпейді. Сөз жоқ, қазақтың өмір салтында сақ, ғұн, түрік кезеңдерінің кейбір құндылықтары бар, бірақ ол тек реликт ретінде сақталғанын ұмытпау керек. Еуразиялық далада саяси құлдырау Алтын Орданың соңғы жылдарынан бастау алады, осы кезден бастап еуразиялық дала өркениеті ескі құрлықтық қатынастарда доминанта болудан қалады. Ұлы еуразиялық өркениеттің соңғы өкілі қазақ қоғамының деградациясы XVIII-XIX ғасырдағы Ресей және Қытай экспансиясына тікелей байланысты. Енді келіп тарих көшінің соңында әзер ілбіп келе жатқан ақсақ түйеге қарап біз «Қазақтың көшпелі өркениеті» деп тамсанамыз.

Қазақстанда тарих ғылымының әлсіздігі нақты бір адамдардың кінәсі деп айтудан біз аулақпыз. Методология мен ғылыми тарихнама мәселелері тарихшы ғалымдардың ірі бас қосудағы талқылауды қажет етеді. Қазіргі заманғы Қазақстан тарихын қалай жазу керек, жазсақ оны қалай оқыту керек? Бізге дейінгі қалыптасқан тарих жазу әдіснамасы бар, ол міндетті кіріспе, одан кейін экономикадан бастап, әлеуметтік саланы сипаттап келіп, ақырында мәдениетке ауысады. Қазіргі заманды жазғаннан кейін өндіріс пен ауыл шаруашылығындағы жекешелендіру, қаладағы және даладағы әлеуметтік

ахуал, саяси құрылымдағы өзгерістер және қайта құрулар, соның ішінде билік үшін күрестің қызығы мен шыжығы, т.б. негізгі оқиғалардың барлығына да сараптама жасау қажеттілігі туындайды.

Қазіргі заман адамының көкейінде қашанда меншік туралы сұрақ бар, тарихшы меншікті толық зерттемей әлеуметтік құрылымды ашып көрсете алмайды. Қазіргі заман тарихын жазамын деген тарихшыға меншік туралы ақпарат қоғамдық дамудың барысын сипаттап, болашақта қандай нәтиже шығатынын бағдарлау үшін аса қажет. Әлемдік геосаяси күштер, өзіміздегі жекеменшік, қоғам мен билік маңындағы жемқорлық, тоталитаризмнен езіліп шыққан төртінші адам қандай мәдени үрдістерде өмір сүріп жатыр, осы жылдары бір басым тенденция өмірге келді ме деген сұрақтар қазіргі заман тарихын зерттеушінің ойында жүр.

Сонымен, бұдан түпінсіз қорытындыны біреу: Қазақстан тарихы ғылымы үшін методологиялық ізденістер ауызай қажет. Қазіргі кезде жаңа тарихнама құрылаған жағдайда ұяқалған тарихи уақыт пен тарихи келістікке сараптама жасау, тарих мағынасы туралы ойлану аса өзекті. **Методология – тарихты ұғынуға қажетті кілт, ол тарихтың қараңғы түңірлеріне жарық түсіретін сәулес.**

3. Деректер

Қазақстан тарихын жазуға қатысты кең көлемді дерек көздері қолданылады, оған бірінші кезекте археологиялық қазба дүниелері, этнографиялық қайнар көздер, жазбаша жылнамалар мен кітаптар және ауызша дәстүр материалдары кіреді. Әр түрлі және бай дерек көздері ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі тарихтың бүкіл болмысын қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді. Зерттеушілер үшін басты кедергі деректердің жоқтығы емес, олардың әрі мәтіндік, әрі типологиялық тұрғыдан әлсіз зерттелуі, қолданылу аясының шектеулілігі болып отыр.

Қазақстан тарихының көне және ортағасырлық тарихы негізінен археологиялық қазба жұмыстарына сүйеніп жасалған. Көбінесе тарихшылар археологиялық деректерді материалдық мәдениетті қайта қалпына келтіруге пайдаланады. Сонымен бірге, археологтардың өздері шығыстанушылар мен тілшілердің аудармалары арқылы белгілі Қазақстан тарихына қатысты сырт елдердің (Қытай, Иран, Еуропа, т.б.) деректерін қолданып, белгілі дәрежеде зерттеп отырған кезеңін сипаттауға тырысады. Қоғам өмірінің көбінесе материалдық даму ерекшеліктерін сипаттайтын қазба дүниелер мен бөгде елдердің тарихшыларының жазбалары қосылған себепті Қазақстан тарихының көне және ортағасырлық

кезеңдері бір-бірімен ішкі байланысы жоқ, бөлек құрылымдардың тарихы сияқты болып сомдалады.

Осыған байланысты Қазақстан тарих ғылымында кең көлемдегі терең деректанушылық ізденістер қажеттілігі туындап отыр. Әсіресе, бұл ауызша далалық тарихнамаға, яғни ауызша дәстүрге қатысты. Қазақстанның шынайы тарихын жасауда ауызша дәстүрдің (шежіре) маңызы төтенше маңызды, өйткені ХХ ғ. бірінші жартысының аяғына дейін жазбаша әдебиет көшпелілер қоғамында қандай да бір елеулі рөл атқара қойған жоқ. Ауызша дәстүрде сонау көне заманнан бергі казак тарихының негізгі маңызды оқиғалары, әсіресе мемлекет құру идеялары, оның кезеңдері көрініс тапқан. Ауызша дәстүрді терең пайдаланудың жолы – этнография ғылымының әдістемелік құралдары мен мүмкіндіктерін пайдалану. Этнографиялық әдістеме және деректерді қолданыс аясына енгізу Қазақстан тарихын зерттеудің кеңістігін кеңейтеді әрі тереңдетеді және көне, ежелгі және ортағасырлық тарихты зерттеудің негізі болып табылады.

Көне жазбаша деректердің ішінде оңтүстік-батыс Азияда билік құрған ирандық ахеменид әулетінің заманында пайда болған (б.з.б. I м.ж. ортасы) тарихи ескерткіштердің орны ерекше. Онда сак этномәдени қауымдастығына кіретін, Қазақстан-

ның көшпелі тайпалары туралы айтылады. Сонымен бірге, парсы тілінде жазылған зәрдүш (зороастризм) дінінің қасиетті кітабы, көне жыр жинағы «Авестада» б.з.б. II м.ж. арийлік көне кезеңдердегі оқиғалар туралы баяндалған мәліметтер аса маңызды болып табылады.

Жазба деректердің көп кездесу бастантын түсі – «Халықтардың ұлт қоныс аудару» дәуірі. Бұл дәуір туралы алғашқы мәліметтерді біз гун, үйсен, қашық, юечжі (нүзи, нүкас, т.б.) халықтарымен таяу қорша болған Қытай жылнамашыларынан аламыз, кейін келе аталған халықтардың батысқа қоныс аударуы барысында антика дәуірінің тарихшылары (Иордан, Аммиан Марцеллин және т.б.) да олар туралы көптеген қызықты мәліметтер қалдырған. Сасанид империясымен шекаралас қоныстанған ақ гундардың тарихына қатысты V-VIII ғасырлардағы армян-византиялық (ұрым) авторлардың мәліметтері өте құнды болып келеді. Бұл материалдардың бір бөлігі ғылыми айналымға Л.Х. Тер-Мкртичянның «V-VII ғасырлардағы Орта Азия жөнінде армян деректері» атты кітабының арқасында енді.

Дүниежүзілік тарих сахнасына Көк Түрік қағанаты бастап бірнеше Орталық Азиялық мемлекеттік құрылымдардың шығуы, олардың өзге елдермен саяси және мәдени байланысы көптеген тарихи деректерге

өзек болды. Түрік ұлыстарының қайта жаңғыруы Қытаймен шекаралас аймақтарда басталғандықтан, ерте орта ғасырлар тарихы бойынша қытай жылнамалары аса мәнді деректер береді. Әрине, олардың арасында түріктердің өз ауызша дәстүріне негізделген әңгімелер де, сонымен бірге қытайларға жанама хабар көздерінен жеткендері де бар. Ашина әулетінің үстемдігі және түрік тілдес тайпалардың Еуразия далалық аймағының батыс алқаптарына қарай жылжуы, Шығыс Еуропа мен Алдыңғы Азияны жаулап алу түрік атының кең тарауына себеп болды. Қалай болғанда да түріктердің саяси тарихы жалпы ортағасырлық тарихи оқиғалармен астаса келе қытай, ұрым, парсы, латын және түркі тілдеріндегі кітаби нұсқаларға енді.

Ортағасырлық түрік қауымдарының этникалық, әлеуметтік, мәдени дүниесі жөніндегі нақты және бейнелі деректерді көне түрік дәуірінің жазба ескерткіштері береді. Олардың қатарына б.з. I мыңжылдығында Орталық Азияда өмір сүрген атакты көсемдер Күлтегін, Білге-қаған, Төныкөк, Құлшора және т.б. ұлы тұлғаларға арналған эпитафиялық (құлпытас) жазбаларын жатқызамыз. Көне түрік сына жазба (руналық) деректері исламға дейінгі орта ғасыр түріктерінің саяси және қоғамдағы өмірі, Орталық Азия көшпелілерінің әлеміндегі саяси оқиғалар мен этно-

мәдени құбылыстарға қатысы туралы неғұрлым анық түсініктер береді. Қазақстанның ортағасырлық тарихы бойынша мәліметтер көптеген араб, парсы саяхатшылары мен көпестерінің жазбаларында, Шығыс Түркістан өңірінен шыққан ғылыми және дидактикалық әдебиеттің озық үлгілері «Диуани лұғат ат түрік», «Құтты білік», т.б. кітаптарында бар. Саяхатшылардың түрлі мәліметтерге толы жазбалары, саяси трактаттар, көркем әдебиет пен ғылыми зерттеулер біздің ата-бабаларымыздың тарихы мен орналасуы, дүниетанымы мен шаруашылық дәстүрлері, салт-санасы мен тілі туралы деректер береді. Ортағасырлық түрік және иран тілді деректер тамаша бейнелі және көркем тілмен жазылған. Мәтін үздік ақындық образдар мен метафораларға толы. Мәліметтердің берілуі еш жерде өзінің нақтылығын жоғалтпайды, тіпті кейде ұсақ-түйекке дейін көңіл бөлінген. Еуразия көшпелілерінің тарихы шығыстың ұлы тарихшысы Рашид-ад-дин жазған «Жамиғ аттауарих» кітабының негізгі өзегін құрайды. Белгілі дәрежеде бұл еңбек өзінен кейін жазылған Захираддин Бабырдың, Мұхаммед Хайдардың, Әбілғазының еңбектеріне әсер етті.

Жаңа замандағы Қазақстан тарихы бойынша жазбаша деректердің басым көбі Ресей мұрағаттарында жатыр. Осы құжаттардың тек аздаған бөлігі ғана жарияланған. Өкі-

нішке орай, оларды жүйелеген кезде құрастырушылар әлеуметтік-көпшілік тақырыптарды бетке ұстаған. Мәселен, орыс-қазақ қарым-қатынастары, отаршылдық жүйе туғызған әлеуметтік қайшылықтар, тап күресі мен шиеленістер. Тарихи кезендерге арналған дерекнамалық зерттеулердің болмауы тарихшыларды қиын жағдайға қояды, оларды толыққанды жұмыс жасау мүмкіндігінен айырады. Қандай тарих болмасын дерексіз жазылмайтыны ақиқат. Қай елдің тарихына қалам тартса да ғалым сипаттау немесе зерттеу жүйесі дәлелді деген деректерді жинақтайды. Сол сияқты Қазақстан тарихын зерттеуде де осы онтайлы дәстүрден шығуға әсте болмайды.

Біз төл тарихымызды зерттеу барысында бірнеше түрлі қайнар көзге сүйенген жөн деп пайымдаймыз. Алдымен Қазақстан тарихының негізгі белгі кезеңдерінің заңдылықтарын ашып көрсету үшін қазақ деректердің, олардың ішінде шежіренің орны бөлек, сонымен бірге мандаған, жүзеге шықпаған жылдар тейіне шыдаған тарихи аңыз, князь-ғажайып және батырлық ертегі, тарихи жағрафия мен тұлғалардың тарихты түсінуге көрсеткен үлесі зор. Ауызша далалық тарихнамаға сыңаржақты қарау, тарихшылар арасында қазақ тілінің беделінің төмендігі жуық арада қазақтың толыққанды тарихын жасау мүмкіндігіне күмәндануға мәжбүр

етеді. Қазақ тарихын түсінемін деген адамға көшпелілердің әдет-ғұрыптарына, жол-жосын заңдарына, яғни этнографиясына көңіл бөлудің аса қажеттілігі бар.

Екіншіден, әр түрлі мұрағат қорларында, кітапханаларда сақталып келген көне заманнан бері жазылып, көшіріліп келген тарихи еңбектер – (нарративті ескерткіштер) тарихтың нағыз куәсі. Жазу мәдениеті пайда болғаннан бастап Орталық Азия өлкесін мекендеген көшпелі тайпалардың тұрмыс-тіршілігі хатқа түсе бастаған, тек соларды терең зердемен ұтымды пайдалана білу керек. Жазба деректер дегенде, соның ішінде Ресей, Қытай, Орта Азия, Қазақстан мемлекеттерінің құжат қорларынан табылып, осы күнгі жинақтарда жарияланған немесе сақталған құнды деректер ғылыми айналыста жүр. Қазақ тарихының соңғы бірнеше жүзжылдығы үшін бұл қор аса пайдалы. Сонымен қатар, көрші елдердің жазба дүниелері сыни көзбен қарауды талап етеді.

Үшіншіден, Қазақстан тарихының көне кезеңдерін жете түсінуге, әсіресе материалдық тұрмыстың дамуын түсінуге археологиялық зерттеулердің берері мол. Материалдардың көпшілігі біржақты болғанмен, жазба және фольклорлық деректермен салыстыра келе көп мағлұмат аламыз. Тас дәуірі, қола дәуірі, ерте көшпелілер мен орта ғасырдың қолданбалы өнері

және шаруашылық мәдениеті біздің археологиялық экспедицияларымыз тарапынан көптеп табылған және зерттелу үстінде.

Шығыс жазба деректерінің ішінде аңыздық негізде жазылған дүниелер аз емес, олардың ішінде көне түріктердің тотемдік (киетек) – генеалогиялық аңыздары ерекше орын алады. Қытай, парсы және грек жазбаларында сақталған қиял-гажайып әңгімелер қазақ жерінің ерте тарихы туралы жанама деректерге толы. XIX ғасырда қазақ аңыздарында кездесетін сюжеттердің Батыс халықтарының жазбаларында, эпикалық дәстүрлерінде кездесу себебі олардың Ұлы далалық өлкемен ерте дәуірлердегі байланысында деген пікірді Ш. Уәлиханов, Г. Потанин сияқты этнограф ғалымдар жазған еді. Сонымен бірге, қазақ ортасында кең тараған «Алаша хан», «Уыз хан», Шыңғыс хан», т.б. тарихи әңгімелердің нұсқалары әлемнің әр түкпірінен кездеседі. Мысалы, әлемнің жартысын жаулап алған Оғыз (Уыз) хан жорықтары туралы, оның өз жұрты Ертағы (Ұлытау), Кертағы (Кішітау) жеріне қайта оралатыны жөнінде, монғолдар мен түріктердің қалыптасуы және оның нәтижесінде монғолдардың Ергенекөңге ығыстырылғаны, т.б. фактілердің өзіндік тарихи негізі бар. Қазіргі тарихшылардың біразы Оғыз ханды Мөде шаньюй дейді (б.з.б. III ғ.), ал шын мәнінде

Оғыз хан туралы аңыздарда сақ-скиф дәуірінің мәліметтері көп. Сол себептен ұлы қағанның образы бірнеше тарихи кезеңде жинақталып сомдалған деуге болады. Рашид-ад-дин, Әбілғазы, Бабырдың өз ұлыстары мен елдері және оған жақын орналасқан мемлекеттер туралы өз көздерімен көрген немесе қатысқан оқиғалары жөніндегі әңгімелері тарих үшін өте қызықты да маңызы зор мағлұматтар. Мысалға, Әбілғазы «Шежіресінде» Есім мен Тұрсын хандардың өзара қарым-қатынасы және қалмақтармен қақтығыстары жөнінде жазылған.

Қорыта айтсақ, қазақ тарихының саналық өсуіне бірден-бір кеніс деректанушылық ізденістер болып табылады, сонымен бірге біздің еліміздің шынайы тарихы өзіндік тәул деректік қорымызда, аңыз-шежірелерде сақталған деп айта аламыз. Тек қандай дерек көзімен жұмыс істесе де тарихшы маман өз қолындағы құжаттар мен мәтіндерге сын көзімен қарауы керек.

4. Тарихнама

«Тарихнама» – кең мағыналы ұғым. Біріншіден, оны белгілі бір тарихи мәселелерге арналып жазылған жұмыстар жиынтығы деп аламыз. Екіншіден, тарихнаманы көп адамдар жерделі өй мен ғылымның тарихы деп түсінеді. Үшіншіден, ол –

тарихи оқиғалар мен құбылыстардың суреттелуі. Қазіргі кезде қазақ ғылымында ғылыми-зерттеушілік инструментарий мен түсінік-категориялар аппаратының, яғни ұғымдардың құрылу үрдісі жүріп жатыр. Сол себепті тарихи терминдер қазақ тілінде мазмұнға жана ғана ие болып қызмет жасауда.

Тарихнаманың дамуын сараптай келе мен оның екі кезеңін бөліп көрсетер едім: мифологиялық және библиографиялық. Көне замандарда тарихи даму жөнінде классикалық эмпирикалық сурет болған жоқ. Миф-әфсана өткен заман туралы ең ұтымды ақпараттың қайнар көзі ретінде қызмет жасады. Бұл кезеңде тарихтың басты функциясы белгілі бір модель, мысал, нұсқа тудыру болатын. Мифтерде уақыт пен кеністік жөнінде түсінік бар, бірақ өткен шақ пен қазіргі заман бір-бірімен тығыз астасып, бірігіп кеткен. Мифтік оқиғалар – дүние мен тарих моделін қалаушы кірпіштер. Мифтік уақыт фундаментальды уақыт – бұл алғашқы ата-бабаларымыздың уақыты, ол сонысымен де қасиетті, ал тарихи уақыт – тез ағымды белгілі бір уақыт өлшемдеріне бағынған үрдіс. Қазақтардың эпикалық ескерткіштерінде мифтік уақыт ұлы батырлар мен күшті хандардың дәуіріне айналды.

Ұлттық тарих ғылымының және тарихи ойлаудың дамуын бағалауда, шежіренің жазбаша нұсқала-

рына байланысты, яғни библиографиялық тарихи кезеңдерді ерекше мұқияттылықпен қарау аса маңызды. Бұл дәстүр қазақ жерінде ертеден бар, себебі шежіренің кей нұсқалары тым ертерек уақытта-ақ жазба түрінде тарай бастаған. Ал шежіре нұсқаларының өзге елдерге енуі Геродот пен Сыма-Цянь, Рашид-ад-дин мен Әбілғазы кітаптарынан бастау алады. Кейін келе қазақ шежіресін батыстық библиографиялық дәстүрлерімен жазу пайда бола бастады, бұл Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» еңбегінен айрықша көрініс береді. Бір ғажабы, XX ғасырдың басындағы қазақ тарихшыларының санасында қазақ халқының тарихы уақытқа бағынған қазіргі тарихтану үрдісімен қатар, мифологиялық сюжеттерімен көрініс тапқан. Дәстүршілдер көшпелі халықтың түсініктерімен, аңыздарымен өмір сүрді, олар еріксіз өткен шақты солар арқылы түсінді. Осы бір әлеуметтік-психологиялық феномен ұлттық тарихнаманың қалыптаса бастауы кезінде көптеген халықтардан байқалатын заңды құбылыс болды.

Қазақстан тарихын ғылыми зерттеу ісі ресейлік тарихшылардың қызметімен байланысты. Қазақстан тарихына қатысты батыстық үлгіде жазылған алғашқы еңбектер П.И. Рычков, А.И. Левшин қаламынан туды. Кейін келе В.В. Радлов сияқты ғалымдар қазақ этнографиясының

бай мәліметтерін көшпелілер тарихы туралы ой қорытуға тамаша пайдаланды. Революцияға дейінгі кезеңде В.В. Бартольд, Н.А. Аристов және т.б. зерттеушілер казак тарихына, оның ру-тайпалық құрамына, этникалық дамуына қатысты қомақты еңбектер жазды. Өкінішке орай, XVIII-XIX ғасырларда Қазақстан тарихы бойынша жазылған арнайы монографиялық зерттеулер аз. Біздің ойымызша, Қазақстан тарихының орыстық тарихнамасы аталатын көптеген еңбектер негізінен күнделік, жол жазбалары, статистикалық есептер және т.б.

XX ғасырдың 20-жылдары ауыр күрестен кейін Кеңес үкіметінің орнығуы Қазақстан тарихының жаңа бетін ғана ашып қойған жоқ, сонымен қатар тарихнамаға іргелі өзгерістер әкелді. Большевиктер тарихты материалистік тұрғыдан қабылдау және түсіну туралы маркстік-лениндік қағидаларды ұстанды. Ол тарихшылардан партиялық принципті қатаң сақтауды талап етті. Қазақстан тарихын классиктердің басты қағидалары мен талаптарына сәйкес алғаш жазған С.Д. Асфендияров болатын. Ол 1930 жылдары жарияланған еңбектерінде жоғарыдағы талаптарды негізге ала отырып казак тарихын көне замандардан бастап XX ғасырдың басына дейін суреттеп шықты. Бұл еңбекте Еуразия көшпелілерінің ұлы қоныс аударулары, Орта Азия жерінде исламның таралуы және тарихы, Ре-

сейдің отаршылдық саясаты және оның салдары, Алаш қозғалысының объективті ұлттық-буржуазиялық сипаты, т.б. мәселелер барынша нақты және жарқын сипатталды. Бірақ коммунистік партия Кеңес қоғамы тарихының әрбір сатысында тарих ғылымының міндеттерін, өзінің көзқарасын маркстік-лениндік қағидалармен және социализмді құру қажеттілігімен түсіндіретін, жолын анықтап беретін. Большевиктердің саясатында іштен жау іздеу, таптық күресті қолдан жасау, орыс рухындағы қашанғы сауатты адамнан қауіп күту нышандары 1937 жылдары зиялы қауымды жаппай қудалауға алып келді және осы кезде казак тарихшыларының С.Д. Асфендияров бастаған үлкен тобы қырғынға ұшырады. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін біртіндеп орыстық-шовинистік пиғылдардың асқынуына байланысты Қазақстан тарихы қайта қаралып 1943 жылы, яғни соғыс кезінде Кеңестің таңдаулы тарихшыларымен бірлесіп казактың азаматтары жазған «Қазақстан тарихы» Ресейге қарсы жазылған ұлтшыл оқулық қатарына кірді. Кеңес дәуіріндегі Қазақстан тарихы ғылымының тағдырын казактың алғашқы кәсіби тарихшысы, тұңғыш тарих ғылымдарының докторы, Қазақстандағы алғашқы Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі Е. Бекмаханов мысалында көрсетуге болады. Аса қабілетті тарих-

шының өмірбаяны отаршыл, таптық жүйеге негізделген мемлекеттің аз халықтардың зиялы тарихшы қауымын қаншалықты қорлықта, қудалауда, қалағалауда ұстағанын нақты көрсетеді. Бұл мәселені Е. Бекмахановтың 1952 жылы сотталғанға дейінгі және сотталғаннан кейінгі еңбектері мен пікірталастардағы баяндамаларын салыстырып та ғалым тағдырының қаншалықты қиын қалыптасқанын аңғаруға болады.

1950 жылдардың басындағы казак зиялы қауымына қарсы бағытталған репрессиялардан кейін тарих ғылымы үлкен өзгеріссіз 1980 жылдардың ортасындағы қайта құру заманына келді. 1990 жылдардан бастап тарихи білім орасан зор қоғамдық сипат ала бастады. XX ғасырдың 90-жылдары Қазақстанның тәуелсіздік алуына байланысты тарих ғылымының жаңа кезеңі келді. Оның ең басты көрсеткіші – орасан көп жаңа оқулықтар мен оқу құралдарының пайда болуы. Сонымен бірге, тарихқа жүгіну рухани шығармашылықтың барлық салалары мен бағыттарына тән. Тарихи шығармашылыққа көптеген бейкәсіби адамдардың араласуына қарамастан, тарихтың осыншама жаңғыруы – заңды құбылыс. Рухани жаңғырудың іргетасы – тарихи білім.

Сонымен, қорыта айтсақ, казак тарихына жан-жақты баға берген алғашқы ғылыми зерттеулер XIX ға-

сырдың 20-жылдарынан басталды. Ғылыми тарихнаманы таразылағанда оның бірнеше кезеңдерге бөлінетінін ескерген дұрыс. XIX-XX ғғ. басында зерттеушілер Қазақстанға Ресейдің отары есебінде ғана көңіл аударып, негізінен этникалық мәселелерден гөрі, шаруашылық, қоғамдық, әлеуметтік дәстүрлерге көңіл бөледі. Одақ заманында ғалымдардың көпшілігі таптық методологияның ықпалында өз зерттеулерін қашанда әлеуметтік қайшылықтармен байланыстырып, қоғамды зерттеуде көптеген үстірт пайымдауларға жол берді. Қазіргі күні Қазақстан тарих ғылымы «актаңдақ проблемаларды» жариялаумен қатар, бұрын тыйым салынып келген тарихи кезеңдермен, оқиғалармен, тұлғалармен айналысып жатыр. Тарихи сананың қалыптасуы барысындағы ерекшеліктерге байланысты казак тарих ғылымында үстірт немесе кеңестік дәстүрде жазылған, академиялық талаптардан төмен еңбектер де кездесіп қалады.

Жалпы, ғылыми тарихнама қашанда методологиямен тығыз байланысты. Бірінің жоғын екіншісі түгендеп отырады. Тарихнама жөнінде сөзді қозғау үшін қалыптасқан тарихи-зерттеу мектептердің болуы негізгі шарт. Төңкеріске дейінгі кезеңде осы талапқа татитын еңбек шамалы, көбінесе үстірт суреттеу, әуестенушілік басым болды. Одақтық кезеңде тарихи зерт-

теу мектебін құрмақ түгілі, тарихи шындықты айту да мүмкін болмады. Тарихнама саясатқа мойынсұнған, бағынышты ғылымға айналды. Қазіргі кезеңде қоғамдық ғылымдар осы шырғалаңнан шығып, өзіне жүктелген міндеттерді анықтау үстінде деп түсінеміз. Қоғамдық талап мүддесінен шығу – тарихтың ғылыми негізін салумен тығыз байланысты және болашақта іске асатын жұмыс.

5. Кезеңдестіру

Қазақстан тарихын кезеңдерге бөлу әлі де тиянақты және дәлелді түрде іске асқан жоқ. Ол мәселе болашақта, тарихтың сүбелі кезеңдері монографиялық тұрғыдан зерттеліп, жеке құбылыстарға ғылыми баға берілгенде ғана шешілмек. **Бүгінгі күні Қазақстан тарихын іргелі бес кезеңге бөлуге болады деп ойлаймыз. Бірінші кезең** – көне дәуір, оның шекарасы біздің заманымызға дейінгі 1,5 млн. жылдан бастап біздің заманымыздың V ғасырына дейін, яғни адамзат жаратылысынан бастап Рим империясының құлауы, халықтардың Ұлы қоныс аударуымен сәйкеседі; **екінші кезең** орта ғасырлар, оның шекарасы Ұлы қоныс аударудан бастап, Еуропада капитализмнің дамуы, Қазақстан жерінде Қазақ хандығының пайда болуымен аяқталады; **ал үшінші кезең** Қазақ мемлекетінің құрылған XV-XVI ғасырлардан баста-

лып, XIX ғасырдың 60-жылдарына дейінгі уақытты қамтиды, яғни қазақ жұртының Ресей мемлекеттік құрылымына нақты отар есебінде ену кезеңімен аяқталады, **төртінші кезең** XIX ғасырдың ортасындағы «Уақытша Ережелерден» басталып XX ғасыр басындағы орыс революциялары бар, Кеңес үкіметінің тарихы бар 1990 жылдарға дейін келеді, 1990 жылдардан басталатын Тәуелсіз Қазақстан Республикасының тарихы – **бесінші кезең**. Дегенмен, тарих ғылымында Қазақстан тарихын төрт ірі кезеңге бөлу тәртібі қалыптасқан, себебі тарихи кезеңдестіру жүйесінде қолданылатын «жаңа заман» ұғымына XX ғасырға дейінгі уақыт мөлшері ене береді. Біз де осы оқулықта дәстүрлі кезеңдестіруді қолданамыз, әр кезең бірнеше ішкі сатылардан тұрады деп есептейміз.

Тарихи ой өзінің пайда болу кезеңінен-ақ тарихи үрдісті кезеңдендіруге тырысты, себебі әрбір кезеңдендіру жекелеген тарихи оқиғаларды дәл түсіндіруге көмектеседі. Жалпы тарихты кезеңдестіру – ең алдымен оның жүру барысын, ағымын бір жүйеге жинақтау. Әрине, тарихи мәліметтерді топтастыру шартты түрде болады, себебі олар тарихи материалдың белгілі бір типологиялық және классификациялық нәтижесінен шығады. Осының барлығына қарамастан, кезеңдестіру ең алдымен интеллектуалды, гносеологиялық қызмет

атқарады, яғни үрдістің логикалық бейнесін айқындайды.

Әрбір кезеңдестіру тарихи материалды белгілі бір заңдар бойынша топтастыру тәжірибесі, сонымен қатар ол әсемдік пен гармония заңдарына негізделеді. Кезеңдестіру – тарихи үрдістің объективті гармониясының бейнесі, оның архитектурасы. Кезеңдендіруді дұрыс құру үшін ең алдымен тарихи кезеңнің симметриясы мен тарихи кеңістік архитетоникасының заңдарын білу керек. Ең бастысы, кезеңдестіру нәтижесі критерийлерінің (белгі) ақиқаттылығына байланысты. Ал критерийлер ретінде біз біраз уақыт бұрын қоғам дамуының әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін пайдаланған болатынбыз. Сол себепті Кеңестік дәуірде тарих оқулықтарында соңғы екі мыңжылдықтың тарихы қоғамдық-экономикалық формациялардың бірінбірі ауыстырып отыруы болатын (алғашқы қауымдық құрылыс формациясының орнына феодалдық формация келеді, феодалдық формация капиталистік формацияға орын береді, одан кейін коммунистік формация өзінің фазаларымен келіп жайғасады).

Тарих ғылымындағы бірден-бір негізгі мәселелердің бірі – Қазақстан тарихының кезеңдестіруінің методологиялық принциптерін қайта құру. Бүгінгі таңда таптық-формациялық теорияға қатысты көптеген сын-ескертүүлەر қойылып отыр. Себебі, ол

тарихи шындыққа сәйкес келмейді, дүниежүзілік тарих үрдісіндегі субъектердің идеологиясы мен менталитетін назарға алмайды, яғни тым жалпылама, сонымен бірге ол әр ұлностын, аймақтың, мемлекеттің ерекшеліктерін ескермейді. Қазақстан тарихына қатысты зерттеулерде басты назарда болатын мәселе – Еуразия көшпелі өмір салтының Батысқа да, Шығысқа да келе бермейтін өзіндік тәртібі.

Соңғы кезде тарихты зерттеуде өркениеттік танымның басым болып келе жатқанын көреміз. Қазір «өркениет» түсінігінің теориялық аспектілерін игеру, оны мәдениеттану, мәдениеттану тарихы, позитивті философия және т.б. ғылымдар көзімен саралау орын алуда. Өкінішке орай, бұл мәселені шешуге тарихшылардың қосып жатқан үлесі шамалы. «Өркениет» түсінігіне анықтама беруді, оны тарихи феномен ретінде сипаттауды кезінде еуропалық ойшындар жүзеге асырған болатын. Шпенглер, Тойнби, Сорокин өркениеттік мәселелер тарихи-мәдени үрдістің негізгі циклінде жатыр делі, соңғы ғалым: «Мен оларды «әлеуметтік және мәдени супержүйелер», – деп атаймын. – Ол белгілі бір мемлекеттер, ұлттар, әлеуметтік топтардың өзара байланысымен дамиды және олардың басын қосады», – деп анықтама берді.

К. Ясперс болса локальді мәдениет теорияларына қарсы шығып,

дүние жүзі тарихи дамуында Батыс және Шығыстың рухани дамуы стерженьдік және осьтік (белдік, кіндік), уақыт бойынша жүзеге асады деді. Осьтік уақыттың басы деп ол б.з.б. 800-200 жылдар деп көрсетті. «Бұл дәуірде қазіргі ой-танымдарының негізі салынды, қазіргі адамдардың өмірінің құндылығын анықтайтын дүниежүзілік діндер бастау алды, барлық бағытта әмбебаптылыққа көшу үрдісі жүріп жатты. Адам өз тұрмысын, өзін-өзі және өзінің мүмкіндігін түсінді. Адам алдында дүние қаншалықты қорқынышты екені және оның табиғат алдында қаншалықты әлсіз екені ашылды», – дейді К. Ясперс.

Неміс ғалымы Г. Рюккерт алғашқы болып көлемді және жан-жақты тарихи материалды жүйеге келтіруге тырысты. Ол «үлкен тарихи өндірістің» үш сатысын белгіледі: бірінші сатыда алғашқы еңбек құралдарын ойлап табу, киім, баспана, азық-түлік арқылы адам табиғат қиыншылықтарына қарсы тұра алды. Екінші саты – әлеуметтік, осы кезде адам қоғамы қалыптаса бастайды, тілдер, салт-дәстүрлер, рулар, отбасы, мемлекет, заң, құқық пайда болды. Осының нәтижесі ретінде, Рюккерттің ойы бойынша, үшінші саты – «рухани» өмір туады.

Жоғарыда аталған ойшылдардың көзқарастарында ішкі қайшылықтар бар, бірақ өркениеттік ортақ құн-

дылықтар мен негіз бірінші кезекте тұр. Ал егер жеке мемлекет тарихын қарастырсақ мәселе бөлек, объективті талдау Қазақстан тарихының бес ірі кезеңін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді: ежелгі дәуір, орта ғасыр, жаңа уақыт, отаршылдық кезең және қазіргі заман тарихы. Тек бір ескертетін мәселе, ерте кезеңдерде қазақ қоғамы әлеуметтік-экономикалық түбегейлі өзгерістерге, сілкіністерге тап болмайды. Тек қоршап жатқан дүние өзгереді, ол, әрине, Еуразия орталығын мекендеген көшпелі ұлыстарға өз әсерін тигізеді.

Қазақстан тарихын кезеңдендіру кезінде кейбір ескі догмалардан арылған жөн болар. Мысалы, ғұндардың Еуразияда құлиеленушілік құрылыстың құлауына, феодализмнің пайда болуына тигізген әсерін есте сақтай отырып, орта ғасыр тарихын «халықтардың Ұлы қоныс аударуынан» бастаған дұрыс деген пікірдеміз. Еуропалық тарихнамада жаңа дәуір индустриалды қоғамның, яғни капитализмнің құрылуынан бастау алады. Біз әлі де болса өзіміздің тарихи құрылымымызды кезеңдестіруде Ресей материалдарына жүгінеміз, яғни Қазақстан тарихы оқулықтарында «жаңа заман» аталатын кезең Қазақстанның Ресейге қосылуынан, отаршылдықтан бастау алады. Ал тарихи қисын бойынша, ол XV-XVI ғасырлардан басталуы керек, осы кезде Еуразия тарихында

ірі өзгерістер болады, көшпелілердің соңғы империясы құлады, Америка, Азия, Африка және т.б. жерлерге теңіз жолдары ашылады. Бұл уақытта Орталық Азияның дағдарыс аймағында біздің ұлттық мемлекетіміз – Қазақ хандығы құрылды.

Локальді өркениет жақтаушыларының оппоненті ретінде К. Ясперс, Г. Рюккерт сияқты (неміс мәдени үйірме мектебі) кезеңдестіруге Батыс пен Шығыстың рухани даму типологиясын ұсынған. Оның типологиясы бойынша адамзат тарихының үш кезеңі айқын көрінеді: жазуға дейінгі (тарихқа дейінгі кезең – бұл адамның қалыптасуынан бастап жазудың пайда болуына дейінгі кезең); одан кейін өзіндік тарихи дәуір орын алады (немесе жазбаша); Еуропалық мәдениеттің толығымен жетуінен кейін үшінші кезең басталады.

Оның ойынша, XX ғасырдың 40-жылдарынан бастап әмбебаптану дәуірі басталады (оның түсінігі бойынша – жаһандану үстемдігі).

Бізге бәрінен де объективтілігі жағынан А. Вебер теориясы ұнайды.

А. Вебер кезеңдендіруді адам мен жер арасындағы байланыс арқылы қарастырды. Мұз басу дәуірінен кейін ол үш кезеңді бөліп көрсетеді: біріншісі ұзақ кезең (статикалық) – б.з.б. 4000 жылдан 1500-1600 жылдарына дейінгі уақыт; екінші кезең (динамикалық) аз уақыт аралығын қамтиды – 1500-1600 жылдан 1900

жылға дейін; 1900 жылдан үшінші кезең басталады. Вебер бойынша, бірінші ұзақ кезеңнің ерекшелігі – Еуразия кеңістігінде үнемі көшіп-қонуға бейімделген Еуразияның далалық өңірінің тайпалары тарапынан қысым жасау үрдісі қалыптасты, ол Еуразияның солтүстік далаларынан бастау алады. Оның нәтижесі: а) ежелгі, жоғары мәдениет аймақтарының құрылуы; б) жалпы тарихтың сырттай құрылымы жасалды.

Түпкілікті бетбұрыс екінші субкезеңде басталады, яғни б.з.б. 1200 жылдары «жылқы мен түйе мінген көшпелі басқыншы елдер, трансцендентті әмбебап діндерді және философияны жасады, олар қазір де бар, мысалы Қытайдағы даосизм мен конфуциандықтан бастап, Үндістандағы брахманизм мен индуизмге дейін, гректердің дүниені трагикалық және философиялық талдауына дейін. Олардың араласпаған тарихи шаруасы жоқ, өмірдің мағынасы мен мәнін іздеу және эпос арқылы елге таныту сол көшпелілердің дүниетанымға енгізген жаңалығы.

Осылайша алғашқы субкезеңде, б.з.б. 4000 жылдан б.з.1200 жылға дейін, дүниені қисын жағынан түсіну басым болады (әмбебап анықтамалар пайда болады).

Көшпелілердің үлкен тарихы екінші кезең басында, яғни 1500-1600 жылдары аяқталады (А. Вебер оны өтпелі деп атаған – Ж.А.). Осы

кезден бастап Еуразияның тарихы дүние жүзі тарихына айналады, оған Америка, Австралия, Африка сияқты жаңа аймақтар қосылды. Еуразияның солтүстік аймақтарындағы көшпелілер қысымы басылады. Орталық керісінше Еуропаға ауысады».

А. Вебер бұл құбылысты «Батыстың жанды – рухани экстраверттігі» деп атады.

Қазақ тарихының бұрын-соңды кезеңдерін талдаған уақытта жалаң теорияларға сене беруге болмайды. Егер деректер дала бейбіт өмір кешіп жатыр, шаруашылық және сауда даму үстінде, шетелдік саяхатшылар даланы еркін кезіп жүр делінсе, онда бұл жерде мемлекеттік тәртіп, үйлесімді өмір бар деген сөз. Егер далада харизматикалық қолбасшы пайда болып, көрші елдерді жаулап алып, биліктің жаңа аппараты құрылып жатыр делінсе, онда Ұлы далада империялық кезең басталуда деп болжау жасауға болады. Егер де деректер далада бел-

гілі бір билік жоқ, халық бұлғак жағдайында жатыр делінсе, онда дала бөсеу, дағдарыстық кезеңді бастан кешуде деп түсінуге болады. Тарихты кезеңдестірудің толып жатқан мәселелері бар. Әр тарихи жағдайда жаңа деректерді ғылыми айналымға енгізу және тұжырымдардың пайда болуына әкеледі, осыған байланысты кезеңдестіру де қайта қаралып отырады.

XX ғасырдың соңында Ұлы далада Кеңес империясының ыдырауына байланысты керемет күрделі және қызықты саяси-әлеуметтік үрдістер басталды. Ешқашан мызғымастай болып тұрған КСРО-ның тоталитарлық режимі құлады. Орталық Азиядағы орыс үстемдігі азайды, әлемнің күшті елдерінің назары осы жаққа қарай ауды. КСРО ыдыраған уақытта бас бостандығын алған он шақты елдің қатарында қазақ елі де жаңа дәуірге қадам басты. Бұл – тарихтың жаңа кезеңі өмірге келді деген сөз.

І БОЛІМ ЕЖЕЛГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

1-тарау. Тас дәуірі

1.1. Адамның қалыптасу дәуірі

Ежелгі дәуірді біз шартты түрде адамның қалыптасу кезеңі деп атаймыз. Оған тарихи талдау жасау қиын іс. Біз тарихи оқиғаны талдауға, әртүрлі болжамдар жасауға тырысамыз, бірақ нәтижесінде шыққан жауап шындықтан алыс болады. К. Ясперс осыған орай: *«Адамның қалыптасу тарихы ең терең құпия, біз оны әлі күнге дейін түсінбей келеміз»*, – деп өте тауып айтқан болатын.

Америкалық социолог Э. Фромның *«адам – жаратылыс эволюциясының нәтижесі, ол табиғаттың ажырамас бір бөлігі, бірақ оның табиғат алдындағы бір басымдылығы санасы. Осыдан шығатын қорытынды біреу – адам зерттеуге болатын табиғат бөлшегі»* деген пікірі де көңіл аударуға тұрады. *Адамның пайда болу проблемасын зерттеу көптеген тұжырымдардың тууына әкеледі.*

Олардың біреулері философиялық түсініктерге негізделетін болса, екіншілері адам тіршілік эволюция және ғылым жеткілігі дейді, үшіншілері толығымен Энгельс пікірімен келісіп, *«маймылдан адам қызған ер-бек»* деген ойларды білдіреді.

Дәстүрлі қазақ ортасында адамның пайда болуы туралы аңыздар Таураттың (Библия) түсініктерінен алыс емес.

Ортағасырлық белгілі тарихшы Әбілғазы Бахадүр хан бұл жөнінде былай деп жазған болатын: *«Құдай тағала адамды жаратар болғанда, Жәбірейіл ғалайссаламды жер бетінен топырақ алып кел деп жұмсады. Ол жерден алмақ болғанда Жер хәл тілінде одан: «Не қылғалы жатырсың?» – деп сұрады. Жәбірейіл келген жұмысын айтып еді, Жер: «Менен топырақ алмаңыз, өйткені ертең адам перзенттері көбейгенде бірі кәпір, бірі зальым, бірі күнәхар болып, Құдайдан азап шегер», – деді. Жәбірейіл қайтып келіп осы естігенін*

Жаратушыға баяндайды. Құдай тағалаға Мәкәйіл галайссаламды жіберді, ол да сол сөзді айтып келді. Одан соң Құдай тағала Әзірейіл галайссаламды жіберді. Жер оған жоғарыдағы айтқандарын айтып еді, Әзірейіл: «Сенің айтқаныңнан Құдайдың хукімі күштірек», – деп қазіргі Қазба тұрған жерден топырақ алып келді».

Құдай тағала өзінің құдыретімен топырақты қамыр қылып, одан адамның суретін жасап, отыз тоғыз күн Мекке мен Тайфтың арасына қойды. Қырық күн дегенде оған жан берді. Ібілістің адамға сәждә қылмағаны, адамның бейішке барып, одан бұл дүниеге қайтып келгені айдан анық, күннен мәшһүр болғандықтан, оның несін айтамын», – деп жазады.

«Адам бұл дүниеде мың жыл жасап, о дүниеге кетті. «Адам» деген арабтың жер қыртысы деген сөзі, өйткені Әзірейіл топырақты жердің үстінен алмай, қыртысынан алып еді. Адамның лақабы Сафиола делінеді. Адам өз ұрпақтарынан қырық мың кісіні көріп өлді, өзі өлер болғанда орнына Шес атты ұлын қойды».

Қазақ шежіресіндегі таураттық сюжеттер белгілі дәрежеде ислам дінінің әсерінен пайда болды деуге келеді. Бұл, әсіресе Ә. Диваев жинаған «Адам Ата мен Хауа Ана» туралы аңыздардан жақсы көрініс береді:

«Біз өзіміздің арғы бабамыз Әзіреті Адам жөнінде сөз етеміз. Аспаннан берілген Құдайдың аянында Әзіреті Адам жұмақта болған кезде оның бидай ағашының жемісін татып көруіне Тәңірі Құдай қатаң тыйым салып, егер тыңдамаса жұмақтан қуатынын ескерткен.

Қарғыс атқыр Шайтан түрлі амал-айламен Хауа анамызды жолдан тайдырып үлгерген. Ол бидайдың жемісін жегеннен кейін Әзіреті Адамға да келіп: «Бұл жемістің тәттілігіне тең келер ештеңе жоқ, жеп көріңіз!» – деген екен.

Әзіреті Адам, иә, жаны жәннатта болсын, қызығып, бидайды жеп қойған. Бидайды жегесін Әзіреті Адамның иығынан сол сәтте жұмақтың лыпасы түсіп қалып, олар жалаңаш қалған. Жамылу үшін ағаш жапырағын қанша сұраса да бермеген. Ақыр соңында құрма ағашы оларға жапырағын берген, олар жалаңаш денелерін сол жапырақтармен жауып, Тәңірі Құдайдың әмірімен жұмақтан шығарылған.

Әзіреті Адам мен Хауа Ана жұмақты тастап шыққан уақытта бұл дүниеде ай да, күн де болмай, маңайды қараңғылық басып, жер дүние мұзға оранып жатыпты. Әзіреті Адам мен Хауа Ана бір-бірін жоғалтып, жүз жыл бойы қаңғырып іздеген. Әзіреті Адам көз жасын көлдете дүниені кезіп: «Адам, сен

өз жұбайыңмен жұмақта өмір сүре бер, қай жерде болсын, барлық ырзығын же, бірақ өзің қылмысқа батқың келмесе мынау ағашқа жақындама», – деген Құдайдың аянын қайталай беріпті.

Жүз жыл өткен соң Адам Хауамен кездесті».

Жер бетіндегі барлық адамдар Адам Атадан пайда болды, Алламен бейнесімен де, кейпімен де туыс. Бірақ осының бәрі бізге адам жаратылысының концептуалды негіздерін қарастыруға еш бөгет жасамайды. Археологиялық қазбалар нәтижесінде оңтүстік шығыс Азия, Африка, Еуропада табылған адам сүйектері адам эволюциясы жөнінде мәлімет береді, осы қалдық негіздерінде ғылыми еңбектер де жарияланды, бірақ мұның бәрі де тек теориялық модельдер, ішкі байланысы көрінбейді. Ғылыми зерттеулер адам тәрізді гоминидтер мен қазіргі адамдар арасындағы толық генеалогиялық байланысты көрсетпейді. Қолда бар деректерге негізден біз ата-бабаларымыз эволюцияның бірнеше кезеңінен өткен, ол миллион жылдарды қамтыған деп есептейміз. Табылған сүйектер қазіргі заман адамның 40-35 мың жыл бұрын (кроманьон нәсілі адам) пайда болғанына ғана дәлел.

Қазақстан территориясында адамның пайда болуы Тауратқа негізделген қазақ аңыздарында «Топан

сумен» байланыстырылады: «Нұқ пайгамбар екі жүз елу жасқа келгенде, Құдай тағала оны пайгамбар қылып жариялап, сол кездегі халыққа жіберді. Жеті жүз жыл Нұқ халықты мұсылмандыққа үгіттеді, ер және әйел бар сексен адам иман келтірді. Жеті жүз жыл жатпайтұрмай халықты «Құдайға сеніп, иман келтіріңдер» деп үгіттегенде, сексен адамның ғана мұсылман болғанына қатты ренжіп, Нұқ Құдай тағаладан сексен адамнан басқаларын жоқ қылуды сұрап, дұға оқыды. Нұққа Жәбірейіл галайссалам келіп: «Құдай тағала сенің дұғанды қабыл қылып, пәлен уақытта жер жүзіндегі халықтың баршасын суға қарық қылмақ болды, саған «кеме жасасын» деді», – деп, өзі кемеңі қалай жасауды үйретті. Нұқ пайгамбар Құдайға иман келтірген кісілермен бірге кеме жасады.

Сол кезде жерден су шықты, аспаннан жаңбыр жауды. Нұқ пайгамбар ұшар құстың, аяқты жануардың әрқайсысынан бір жұптан алып, мұсылмандық қабылдаған сексен адаммен кемеге отырды. Жер бетіндегі өзге жанды нәрселердің бәрі суға қарық болды. Алла тағаланың әмірімен су қайта тартылды. Нұқ мінген кеме Шам жұртындағы Мүсіл шахарының қасындағы Жуды тауынан шықты. Кемеге рәджем айында алғашқы күні мініп еді, алты ай он күн дегенде мұһаррам айының оның-

да кемеден шықты. Таудың етегінде отырды, кісілердің көпшілігі ауру болды. Нұқтың үш ұлы мен үш келіні ғана сау қалды, өзгелері о дүниеге сапар шекті.

Нұқ пайғамбар үш ұлын үш тарапқа: Хамды – Үндістан жаққа, Самды – Иран жаққа, Иафесті – солтүстікке жіберді. Үшеуіне айтты: Адам перзенттерінен үшеуіңізден өзге ешкім қалған жоқ, үшеуіңіз үш жұртта отырыңыз, ұрпақтарыңыз көп болсын, сол барған жерлеріңді жұрт қылып отырыңдар».

Қазақтың өз тарихи фольклорында да тіршілікті ұлы топан су басумен байланыстыратын сюжеттер көп. Жер шарын мекендеген мыңдаған этностардың ішінде тек төртеуі ғана өз жұртынан Нұқ пайғамбардың кемесі тоқтаған тауды көрсете алады: арабтар – Жуды тауын, яхудиелер (еврей) Сион тауын, армяндар – Арарат тауын, ал қазақтар – Қазығұрт тауын. Біздің аңыздарымызға қарағанда Нұқ пайғамбардың кемесінде қазақ жерінде кеңінен тараған үй жануарларының ата-бабалары болған:

*Қазығұрттың басында
кеме қалған,*

*Ол киелі болмаса неге қалған?
Ішінде екі қозы болған екен,
«Шопан ата» деген сөз
содан қалған.*

*Ішінде екі бұзау ұйықтап қалып,
«Зеңгі баба» деген сөз
содан қалған.*

*Кемеді екі бота қалған екен,
«Ойсыл қара» деген сөз
содан қалған.*

*Қазығұрттың басында
кеме қалған,*

*Ол әулие болмаса неге қалған?
Ішінде екі құлын қалған екен,
«Қылқұйрық – Қамбар ата»
содан қалған.*

Топан су басу кезеңі соңғы мұз басу дәуірімен (шамамен б.з.б. 12-10 мыңжылдықтар) байланысты болуы керек, температураның көтерілуінен Атлантика және басқа да сулар деңгейі көтеріледі. Қазақтың аңыздарына қарағанда Топан судан Нұқ пайғамбардың кемесіне мінгендермен қатар өз бетімен де аман шыққандар болған-мыс. Топан судан кейін келген голоцен дәуірінің басталуымен қатар келген құрғақшылық заманы жайлы аз жазылған жоқ. Тас дәуірінің белгілі зерттеушісі А.П. Медоевтың: «Плейстоценнің соңғы кезеңінде болған климаттық өзгерістер экологиялық апатқа әкелді», яғни табиғи орта түбегейлі өзгерді деген анықтамасы көңілге қонады. Нәтижесінде Қазақстан территориясын мекендеген тайпалар шаруашылықта үлкен қиындықтарға тап болды. Б.з.б. V мыңжылдықтың соңы және IV мыңжылдық басында Қазақстанның гидрожүйесі құрып, үлкен аймақтар шөлге айналды. Климаттың өзгеруіне байланысты тіл,

мүйіттүмсық сияқты ірі әрі жүнді жануарлар құрыды, аламдарға енді кишкентай жануарларды ұстау үшін жаңа әдіс-тәсіл, қару-жарақ ойлап табу кезі келеді. Адамзат өміріндегі осы сияқты сын біртіндеп жабайы аңдарды қолға үйрету мен қарапайым егіншілікті бастауға ітермеледі.

Осылайша шаруашылық жүйесіндегі қайта құрулармен басталған неолит дәуірі Қазақстан және онымен шекаралас аймақтардың халқына үлкен өзгерістер әкелді. Бұл революциялық өзгерістерді бір жағынан түсіндіру де оңай. Тас дәуірінің бір миллион жылға созылған дамуында адамдардың тәжірибесі көбейе түсті, өндіргіш шаруашылық негізі салынды. Егер адамзат тарихын тек екі кезеңге ғана бөлу қажет болса, оның шекарасы болуға неолит, яғни жаңа тас дәуірі лайық деп есептейміз.

Палеолиттен неолитке көшу кезбе аңшылар мен терімшілердің отырықшы немесе жартылай отырықшы өмір салтына көшуімен ерекшеленеді. Аңшы қауымдардың өкілдері болған отырықшы адамдар алғашқы болып жануарларды үйде ұстай бастады, кейін келе осы негізде мал шаруашылығы пайда болды, кейбір өсімдіктердің өсуін қадағалау арқылы егін шаруашылығының негіздері салынды.

Тарихи әдебиетте неолит Алдыңғы Азияда Еуразияның далалы аймағына қарағанда ертерек басталды делінеді. Б.з.б. IX-VIII мыңжылдық-

та кейбір аймақтарда егін-малшылық шаруашылықтарын игеру жүзеге асқан фактілер кездеседі. Археологтардың айтуы бойынша, Алдыңғы Азияда ерте неолит кезеңінде балшықтан соққан мықты үйлер бар қалашықтар салына бастады. Мысалы, көне дәуірдің ең ерте ескерткіштерінің бірі Джейтун мәдениеті (Копет Даг) Орта Азияда б.з.б. VII-VI мыңжылдықтарда өмір сүрді деп есептеледі. Копет Дагтың таулы беткейлерінде қолға үйретілген қойлар мен ешкілер жайылса, оазистерде бидай мен арпа өсірілген. Түркіменстанда (Дам-Дам Чешме-2) табылған үй жануарларының сүйектері б.з.б. VII мыңжылдыққа жатады. Түркіменстан территориясындағы шаруашылық тарихына қорытынды жасай отырып, этнограф А. Оразов былай деген: «Оңтүстік Түркіменстанда ирригация жүйесі б.з.б. VI мыңжылдықта пайда болды, яғни ол Орта Азия мен КСРО-ның еуропалық бөлігіне қарағанда көп ерте».

Осындай деректердің негізінде кейбір зерттеушілер (В.А. Шнирельман, т.б.) Қазақстан территориясы өндіргіш шаруашылықтың екінші сатылы аймақтарына жатады деген пікір білдіреді. Өкінішке орай, ғылыми әдебиетте Қазақстан өндіргіш шаруашылықтың орталығы болды деген пікірлер жоқ. Біздің жерімізде дамыған өндіргіш шаруашылықтың құрылу процесіне тікелей әсер еткен ежелгі

доместикация орталықтары Алдыңғы және Орта Азия болуы мүмкін деген пікірлер бар. Екінші жағынан тарихи деректер көне замандағы ұлы қоныс аударулардың, мысалы шумер заманындағы көші-қон, қазақ жерінен Таяу Шығыс, Еуропа сияқты аймақтарға бағытталғанын көрсетеді. Бұл кезеңде әлі де жылқы қолға үйретілмеген, сол себепті қоныс аударушылар өгіздер жегілген ауыр арбалармен қозғалған. Қазақ ертегілері мен тотемдік аңыздарында сиыр жылқыдан да көне қолға үйретілген мал ретінде орын алады. Көне замандағы әсер етулердің тікелей дәлелдері болмағандықтан, қолда бар материал бұл жөнінде айтқанда өте абай болуы қажет етеді. *Дегенмен, өзге мал түрлері дәулі болғанымен, тарихи деректер Қазақстан жері жылқы шаруашылығының қайнар көзі, отаны болғанын дәлелдейді, сонымен қатар қазақ жерінде алғаш рет тары өсіру тәжірибесі сынақтан өткенін дәлелдеген тұжырымдар да қысқак.* Қалай болғанда да энеолит дәуірінің алдында Қазақстанның солтүстік аймағында орманды-далалы ландшафтық зоналар құрылды, онда адамның жақсы өмір сүруі үшін керек барлық жағдайлар болды деп есептейміз.

1.2. Шаруашылығы

Біздің заманымыздан бұрын миллион жылдан сәл алдын Қазақстан

жерін алғашқы адамдар қоныстана бастады. Ол дәуірді тарихи әдебиеттер ерте палеолит деп атайды (палео – көне, литос – тас). Оларды адам дегеннен гөрі адам тектес гоминид деп атаған жөн, себебі адамзат баласына тән көптеген қасиеттер ол заманда әлі де қалыптаспаған болатын. Қазақстан жеріне гоминидтердің қай жақтан келгені анықталған жоқ, мүмкін, оңтүстік-шығыс Азиядан, мүмкін, Кіші Азиядан келген болар деген жорамал бар. Сонымен қатар, адамзат баласының қалыптасу процесіне Орталық Азия өзінше үлес қосты дейтін де ғылыми тұжырымдар бар. Оның бір көңілге қонатыны – адамның ақыл-ойы, қоғамдық тіршілігі күрделі табиғи ортада, оңтүстік пен солтүстік арасындағы континенталды ауа райында қалыптасуы мүмкін. Бұл – қисынды жорамал, неғұрлым солтүстікке қарай мекендеген адамдар соғұрлым табиғат қаһарымен көбірек күресуге мәжбүр екендігі белгілі, ал оңтүстік өлкесі жаймашуақ табиғатымен, азық-түліктің молдығымен, адамды қанағатшылық сезіміне көбірек бөлесе керек. Қалай дегенмен де, адамзат баласы – табиғаттың төл баласы және, сонымен қатар, күресуші тұлға.

Қазақстан жеріне тас дәуірінің қай кезеңі болмасын ескерткіштерді мол қалдырған. Олардың ішінде, әсіресе тастан жасалған қару-жарақтардың орны бөлек. Археологтардың зерттеуіне негіз болатын алдымен осы

мұра. Палеолиттен кейін аралық дәуір мезолит келді де, оны өз кезегінде неолит алмастырды, ол үш мыңжылдыққа созылды және тарихқа қосқан жемісі бәрінен де мол болды. Неолит дәуірінің басты жаңалығы өндіргіш шаруашылықтың пайда болуы, тас өңдеудің жаңа түрінің, әдістерінің (микролит) қалыптасуы. Әрине, қандай болсын адами құндылықтардың бәрінің де негізі миллиондаған жылдарға созылған палеолиттің заманында қаланғанын ешкім де жоққа шығара алмайды.

Адам эволюциясын анықтауға тек қана тас қарулары ғана емес, қазба жұмыстарынан табылған сүйек қалдықтары да үлес қосады. Өкінішке орай, біздің жерімізден тас дәуірінің адам қанқасы табылған жоқ. Сол себепті Қазақстан жерін ол кезеңде мекендеген адамдардың нәсілі синантроп (Қытай адамы) немесе питекантроп (маймыл адам) тектес болар деген жорамал бар. Б.з.б. 100 мың жыл бұрын қазақ жерін неандерталь кейіпті кескінді адамдар жайлаған. Ал енді соңғы мұз басу кезеңіне дейін (40-35 мың жылдар бұрын) қазіргі адамдар толық биологиялық тұрғыдан қалыптасып болса керек. Оларды ғылыми әдебиетте «хomo сапиенс» деп атайды, ал адам эволюциясының түпкі төркіні «хomo хабилис» – шебер адамнан басталады, синантроп пен питекантроп заманын «хomo ерек-

тус» – аяғымен тік жүрушілер деп те атайды.

Біздің елімізде палеолиттік мәдениеттің екі таралу аймағын бөліп көрсетуге болады: Сарыарқа мен Қаратау жотасы (Боркызған, Тәңіріқазған, Қазанған және т.б.). Еңбек құралдары негізінен түрлі формадағы дөрекі және үлкен шапқылар (бифастар – екі жақты, унифастар – бір жақты) болды. Біртіндеп анағұрлым кішірек және едәуір жақсы өңделген құралдарға – микролиттерге көшу байқалады. Палеолитте адамдар отты пайдалануды үйренді. Аншылық палеолит кезеңінің шаруашылығында басты рөл атқарады. Аң аулаудың тәсілдері әр түрлі болды: от арқылы қамалау, тұзақ құру, шұңқырлар қазу, т.б. Аң аулау құралдарының дамуына ірі жануарлардың қырылуы үлкен серпіліс берді, өйткені аң аулаудың объектілері ұсақ және жылдам жануарлар болып қалды, ал оларды найзамен аулау жеміссіздеу болды. Қолайлы жерлерде алғашқы адамдар сүйектен жасалған үшкір сүңгір (гарпун) мен қарапайым ілмектер (күршектер) көмегімен балық аулаумен айналысты.

Б.з.б. 10-12 мың жылдай бұрын, әр түрлі аңыз-хикаяларға тақырып болған атақты «Топан судың» алдында Қазақстан жерінің флорасы мен фаунасы өзгеше болған. Сарыарқа өлкесінде сынсыған емен ағаштары

өсіп, оның арасында мамонт, жүндес мүйізтұмсық, бизон бұқалары, үңгір аюы, арыстан, жолбарыс жүрген. Далалық көк шалғынды өлкеде киік, арқар, марал қойдай жайылып жүрген. Бертінірек ірі аңдардың азайып, табиғаттың қуаң тартуы адам өмірін күрделі өзгерістерге душар етті. Ұсақ аңдарды аулау үшін, амал жоқ, аңшылық әдістерін дамыту керек болғаны аян. Аң аулаушы рулар өмір сүру үшін ұзақ сапарларға аттануға мәжбүр болды. Бірнеше ру қауымдары қосылып, күзге қарай жылы жаққа жылжыған аңдардың жолын тосып, қамап ұстау үшін әртүрлі құрылыстар салды. Осы бір салт кейін келе бақташылықтың негізін салса керек. Оның басты шарты малды қолға үйрету болатыны хақ. Орта есеппен шаққанда 40-50 адамнан тұратын аңшылар қауымы үшін жылына 10 т ет керек делінеді. Осыншама етті жаңағы қауымға 750 шаршы шақырым аумақ қана қамтамасыз етуі мүмкін. Сонда бүкіл Қазақстанның ұшы-қиырсыз жері бар болғаны 3500 қауымға мекендеуге, күн көруге жетеді. Қарап отырсаңыз, тас дәуірінде біздің өлкемізде 150 мыңдай адам қоныс еткен. Халықтың санының өсуі амалсыздықтан аңшылықтан өзге де кәсіп түрлерін игере бастағаны сөзсіз. Соның ішінде ең пайдалысы және жер мен ауа райына келетіні бақташылық болғаны сөзсіз.

1.3. Бақташылық – тіршіліктің бастауы

«Бұл қазақ қай уақытта үш жүз атанған?» деген қазақтың ежелгі аңыздарының бірінде қазақтың арғы бабасы және алғашқы мифтік билеушісі Алаша ханның тағдыры жөнінде айтылады, сонымен қатар алғашқы этникалық қауымдардың құрылуына оңтүстік өлкеден қоныс аударған топтың белгілі бір әсері жөнінде де сөз қозғалады. Аңыз «ерте-ерте-ертеде, – деп басталады, – Қырық ханның бірі болған, Қызыл Арыстан хан деген Бұхарада тұрыпты. Осы күнгі бір өзінде он бес азаны азан айтатұғын мұнараны сол Қызыл Арыстан хан жасатқан екен деседі. Бәйбішесінен бала болмаған, «Қызыл аяқ» деген бір елді шауып, ат көтіне салып әкелген бір қызға аяқ салып, онан бір бала сауысқанның аласындай ала туады. Бәйбіше өзінен тұмай, тоқалдан тугандықтан, іш тарлық қылып, күндеп, бұл баланы балам деп сақтама, көзін жоғалт, қарашығын батыр. Мынау өскенде жұртыңды ала қылып ұстайды, еліңді ала тайдай бүлдіреді, – деген соң хан қырық жігітке бұйрық беріпті: «Мына баланы, тапқан шешесін Сырдариядан әрі өткізіп қоя беріңдер. Өлсе – өлсін, өлмесе – өз бетімен қаңғып күн көрсін», – деп жер аударды. «Зинхар қайтып бұл жұртты мына қатын мен бала да қормесін, сендер де қормеңдер», – депті.

Алғашқы уақытта Қызыл Арыстан ханның жіберген қырық нөкері, Алаша бала мен оның анасы Сырдарияның оң жағалауында, Алатау мен Қаратау беткейлерінде өмір сүрген. Он екі жыл өткеннен кейін бала Майқы бидің баласы Үйсінмен оқтай ұшырап кездеседі. Үйсін үйіне оралғаннан кейін әкесіне: «Бір ағаштың қолыңда жас баланы көрдім. Ай десе аузы бар, күн десе көзі бар, көрген кісі қызығып, бір қасық сумен жұтып жіберерлік. Жалғыз айыбы – тілі жоқ», – дейді.

Кейіннен Майқы би, Қотан би, Қоғам би жүз жігіттен бөліп, әр жүз басына өз ұлдарын тағайындап, Сарыарқаға жібереді.

– Қаратаудан әрі қарай асыңдар, Ұлытау, Кішітау деген таулар бар, Қаракеңгір, Жездікеңгір, Айдаһарлы – Құдайберлі деген жерлер бар. Сонда барып, ірге теуіп, салық салыңдар, – деп ақсақалдар баталарын берді.

Қазақ түсінігінде жоғарыда аталған Сарыарқа аймағындағы жерлер бақташылық тіршіліктің негізгі ортасы, қазақша айтқанда, «мал кіндігі» аталады.

Әр түрлі аңыздарға қарағанда жылқыға дейін Ұлы далада тайпалар сиыр малын қолға ұстаған. Қазақ фольклорында әр түліктің табиғи ортасы туралы айта келіп, жылқы әуелден даланың аңы болғандықтан, «Жылқы желден жаралды» делінеді. Толық мәтінінде «сиыр судан, жылқы

желден, түйе сордан, қой ауадан, кісі топырақтан, ешкі шайтаннан». Дегенмен, қазақ менталитеті жылқыны қаншалықты жоғары қойғанымен, кейбір аңыздық деректер біздің ата-бабаларымыздың мал өсіруді сиыр малынан бастағанын айғақтайды.

«Жылқы мен сиырдың жарысы» деген аңызда: «Алғашқыда қазақтар тек сиыр ұстаған; жылқы дегенді адамдар мүлде білмеген; сиырлардың мүйіздері мен құйрықтарын үкімен әшекейлеп, торелер мен бай адамдар мінген. Сиыр мұрнынан бірдеңе аға бастады, адамдар Құдайға жалбарынды. Құдай желден жылқыны жаратты. Қатты жел көтерілді, жылқының бір үйірі шауып келді. Адамдар сиыр мен жылқыны бәйгеге түсірді, сиыр жылқыны басып озды, жылқы соңында қалып қойды. Екеуі шаршап сусады. Сиыр суыраға келіп: «Суыр сасық, су қайда?» – деді. Суыр сиырдың сөзіне ренжіп, оған сасып тұрып қалған суға меңзейді. Сиыр суға тойып әрі қарай жүгіреді. Жылқы суыраға келіп: «Суыр жұпар, су қайда?» – дейді. Суыр жылқыға таза әрі тәтті судың қайда екенін көрсетеді. Сиыр кір суды ішкендіктен көп жүгіре алмай жылқының соңында қалып қояды» деген қызықты мәліметтер бар.

Ежелгі этнологиялық мифтердің қатарына біз «Өгіз» және «Сиыр» жөніндегі аңыздарды қосамыз, олар – ежелгі дала халықтарының дүниесін

пайда болуы жөніндегі түсініктерінің көрінісі. Мысалы, келесі аңызды бозторғай әңгімелейді: «*Бұрынғы күнде жерде су жоқ екен. Көк өгізді екі кісі бағыпты. Екі адам да шөлдейді – өгіз мүйізімен жер қазып, судың көзін ашты, су қайнап шықты. Көк өгіз мүйізімен жерді көтереді...*» Келесі бір аңызда өгізге табынушылық тотемдік түсініктер көрініс алады: «*Аяма мені, басымды қақ бөл, – деп өзінің қожайынына қасқыр мен түлкі талаған өгіздің басы айтты, – мүйізімнің екеуінен, садақасыз алты жыл өмір сүре алатындай байлық табасың*» (Г.Н. Потанин жазбаларынан).

Жылқыны қолға үйрету тәжірибесі Еуразия құрлығында алғаш рет қазақ жерінде болғанын дәлелдер бүгінгі күні әр түрлі ғылыми-зерттеу жұмыстары арқылы белгілі болып отыр. Оның бір дәлелі қазақ жеріндегі энеолит дәуірлері ескерткіштерінің бір ерекшелігі – онда жылқы сүйектері басым. Жылқышылық мәдениет батыстан шығысқа қарай күшейе береді. Мысалға, Деревка деп аталатын шығыс еуропалық энеолиттік қоныста (б.з.б. 4 м.ж.) барлық табылған аң және мал сүйектерінің 60% жылқының сүйегі, Украинадағы Репин – Хутор қонысында – 80%, Көкшетау аймағындағы Ботай қонысында – 99,9%. Зерттеуші В.И. Бибикова оңтүстік-шығыс Еуропа аймағында жылқы шаруашылығы

дамуының екі ареалын бөліп көрсетеді: батыс және шығыс. Соңғысында жылқы сүйектері көбірек табылған, яғни «жылқы малын қолға үйрету ертеден дамыған шығыс аралдан бұл шаруашылық түрі басқа аймақтарға жайылған». Бірнеше жылдарға созылған археологиялық қазба жұмыстарының кезінде «Барлығы Ботайда жүз мыңдаған жылқы сүйегі табылды», – дейді В.Ф. Зайберт.

Әр түрлі дерек көздерін салыстыра келе біз б.з.б. IV-III мыңжылдықтарда неолит-энеолит кезеңінде Қазақстан территориясында бірнеше шаруашылық-мәдени аудандар болған деп есептейміз. Біріншісі – «Ботай мәдениеті» табылған далалы-орманды, екіншісі – жабайы жылқылар табындарына сонынан еріп өмір сүрген аңшылар қауымының негізінде пайда болған меридианалды жүйе малшылары. Соңғысы – отырықшы-егінші оңтүстікпен – Түркістан өңірімен (Ташкентті қоса) байланысты аудандағы бақташылық. Сонымен, біз Қазақстан территориясындағы неолит-энеолиттік кезеңінде үш шаруашылық-мәдени түр болғаны жөнінде айта аламыз: жартылай отырықшы – солтүстікте, көшпелі – орталық аудандарда, отырықшы-егінші – оңтүстікте.

Бұл кезеңде, сөзсіз, мал шаруашылығымен айналысатын тайпалардың шаруашылық негізін жылқы құрады. Бұған қоса ол басқа үй жа-

нуарларын ұстауға бөгет жасаған жоқ.

Біздің ойымызша, үй жануарлары жөніндегі әр түрлі аңыздар мен сенімдер ежелгі тарихты зерттеуде үлкен маңызға ие. Бірақ Орта Азия мен Алдыңғы Азия халықтарының тарихи фольклорындағы параллельдікті ескеру керек. Мысалы, үй жануарларының сақтаушылары Зенгі баба, Шопан ата, Ойсыл кара Орта Азия территориясында тұратын халықтарға әр түрлі әулиелер есімі ретінде белгілі.

Осылайша, жылқыны қолға үйрету мен жылқы шаруашылығынан энеолит дәуірінде барынша дамуы супержүйенің қалыптасуына әкелді, тарихнамда ол бақташылық (номалық) мәдениет деген атпен белгілі. Бақташылық кезең Еуразиялықтардың тарихының бірнеше мыңжылдығын қамтиды және Ұлы даланың классикалық көшпелілік дәстүріне жасалған алғашқы қадам болып деп есептейміз.

1.4. Әлеуметтік құрылым

Адамдар бірден қауым құрып, отбасы болып тұрған жоқ. Әрине, жалпы адам тектестердің дүниеге келуі, олардың санасының өзгеден жоғары болуы жаратылыстың басты құпиясы, олардың әуел бастан ерекше әлеуметтік даму қабілеті болғаны рас. Бірақ қауым мен отба-

сын қалыптастыру үшін гоминидтер бірнеше мың жыл күрескені даусыз. Алдыменен көрші отырған ру бір-бірінен қыз алатын, қыз беретін болып екі рудан «дуальдық» одақ құрса керек және ол заманда қауымды ұстап тұрған, туыстастырған аналар деп есептеуге болады. Дуальды некеден жұпты отбасы бертінірек бөлінгенге ұқсайды. Неолит кезеңінде ұсақ рулар ірі тайпалық одақтар құру процесіне өтті. Осыған байланысты неолитті этнос пайда болған дәуір деуге толық негіз бар.

Палеолит дәуірінде адамдар көбінесе табиғи баспаналарды, үңгірді пайдаланса, кейінірек тастан, ағаштан жер үйлер де сала бастады, ал діни сенімдері күн мен айды құдырет тұтуға негізделген. Әр түрлі аңдарды қасиет көріп, тотем есебінде құрметтеу де тас дәуіріне тән құбылыс.

Тас дәуірі – адамның және адам болмысының басты қасиеттерінің қалыптасу кезеңі. Адамның пайда болу мәселелерін зерттеу орасан көптеген теориялар туғызды, олардың ішінен екі негізгі концепцияны жеке қарастыруға болады – философиялық-діни (адамды Құдай жаратты) және материалистік, бұған сәйкес адам табиғи эволюция мен еңбек қызметінің нәтижесінде жануарлардан (приматтардан) шықты.

Әлемдік тарихтың кезеңдестіру кестесіне қарасақ тас ғасыры бірнеше

кезеннен тұрады: палеолит (ерте тас ғасыры) 2,5-2 млн. жыл бұрын басталады, ол өз кезегінде төменгі (ерте) палеолит (2,5 млн.-140 м.ж. бұрын), орта (120-40 м.ж. бұрын), жоғарғы (кейінгі) палеолитке (40-12 м.ж. б.з.д.) бөлінеді. Палеолит: Олдувай, Ашель, Мустье, Солютре, Ориньяк және Мадлен кезеңдерінен тұрады.

Мезолит (орта тас ғасыры) б.з.б. 12 м.ж.-6 м.ж. арасын қамтиды. Жана тас дәуірі (неолит) б.з.б. 6-4 м.ж. деп шамаланады. Тас дәуірінен қола дәуіріне өтпелі кезең энеолит (мыс – тас ғасыры лат. aeneus – мыс) б.з.б. 3 м.ж. деп аталады. Алғашқы мемлекеттер мен жазудың пайда болуына дейінгі тарихтың бүкіл кезеңін алғашқы қауымдық құрылыс (сонымен қоса, «тарихқа дейінгі» деген термин де қолданылады) деп атау қалыптасқан.

Бүгінгі күні зерттеу жұмыстарына карағанда адамдар Қазақстан территориясын тас дәуірінде, шамамен миллион жыл бұрын, мекендей бастады. Ол кездегі табиғат жағдайлары қазіргіден күрт өзгеше болды, Қазақстан фаунасының негізгі түрлері мамонт, жүндес мүйізтұмсық, жабайы бұқа – тур, үнгір аюы және т.б. болды. Бүкіл тас ғасыры бойы климаттық жағдайлар күрт өзгеріп тұрды. Б.з.д. 12-10 мың жылдай бұрын ауа райы күрт жылып, мұхит өз деңгейінен

көтеріліп, жер бетін топан су басып, ақыры мамонттар мен мүйізтұмсықтар жаппай қырылып қалды, бұл жерде адамдардың іс-әрекеті де белгілі рөл атқарды деуге болады.

«Алғашқы адамдар тобыры» немесе «көне қауым» адамның жануарлар әлемінен бөлініп шығуымен бір мезгілде пайда болды. «Көне қауым» тұрақсыз құрылым болды, сол себептен біртіндеп қоғамдық ұйымның неғұрлым берік формасына орын бере бастады. Өйткені, тұрақты иерархиялық бірлестіктер өмір сүру үшін неғұрлым сәттірек күресе алатын еді. Бұл кезеңде әлеуметтік ұжымдасу формасы аналық ру болды. Әлеуметтік байланыстарды нығайту үшін шынайы негіз – стихиялы пайда болған қандас туыстық байланыстар қолданылды, бұл туыстық тек аналық жағынан ғана бекітілді деп шамалауға болады. Рулық құрылысқа көшуді археологиялық мәліметтер де дәлелдейді (ұжымдық тұрғын-жайлар). Рудың аса маңызды белгісі эндогамия, яғни ру ішіндегі некелік қатынастарға тыйым салу болды. Біртіндеп, жеке ұйымдар – екі экзогамды рулардың бір тұрақты өзара некелік қарым-қатынасы бар эндогамиялық тайпаға бірігуі пайда болды. **Некелік бастапқы формасы – топтық некелік бұл кезде рудың барлық мүшелері (жәніттері) екінші рудың мүшелерімен (қыздарымен) некелік тұруға құқылы**

және тиісті болды. Біртіндеп некелік қатынастардың дамуы жұптық некелік қалыптасуына әкелді.

Біртіндеп көне қауымда болған табиғи еңбек бөлінісі одан әрі дами түсті. Ерлер – аңшылар, әйелдер терімшілер және үйдегі ошақтың қамқоршысы болды, балалар мен қариялар еңбекке қабілетті туыстарына қолғабыс етті. Қариялар, әдетте, ұжымдық тәжірибені сақтаушылар есебінде және еңбек құралдарын дайындауға белсене араласты. Осы мамандану еңбек өнімділігінің артуына ықпал етті, бүкіл қауымға терең із қалдырған және айқын құрылым берген жыныстық-жас мөлшеріне негізделген бөліністерге әкеп соқтырды. Бұл мәселелер әлі терең зерттелген жоқ, дегенмен көптеген халықтарда бар «құрдастар» институты ертерек уақытта болған ру ішіндегі иерархиялық бөліністердің жіктелудің болғанын көрсетсе керек. Сонымен бірге, ерлер бас қосатын, ру мәселесін, жаугершілікті, тәрбиені талқылайтын, инициациялар өткізетін жеке ұжымдар болғаны этнографияға белгілі. **Инициациялар деп жасөспірімдердің ересектер қатарына өту межесін білдіретін салттардың кешенін атайды.**

Қорыта айтсақ, тас дәуірінің әлеуметтік өмірі көне қауым айналасында қалыптасты және дамыды. Сол себептен оның ішіндегі бір-бірімен

туыстық байланыс белгілі дәрежеде бүкіл сол дәуірдің заңдылығы деп айтуға болады.

1.5. Антропогенез, этникалық мәселелер және мәдениет

Адамзат баласының алғашқы қонысы тау қойнауларындағы үңгірлер мен қуыстары болғанға ұқсайды, себебі олардың қай-қайсынан болмасын адам тіршілігінің іздері көрінеді. Кейінгі палеолитте тұрғын-жай ретінде адамдар әлі де үңгірлерді пайдалана берді, сонымен қатар жасанды тұрғын-жайлар – жер үстіндегі кепелер мен жертөлелерді де сала бастады.

Жоғарғы палеолит мәдениетіне, сондай-ақ, адамдардың алғашқы қабірлері де жатады, бұл сол заманда тән және жан туралы түсініктердің пайда болуы туралы мәлімет береді. **Табиғат пен адам – адамдардың ертеректегі діни түсініктерінде бірге жүрді және бұл барлық түрлерінде – тотемизм, фетишизм, анимизм, магияла да көрініс тапты.** Тілдің дамуы адамның шаруашылық қызметінің дамуымен қатар жүрді. Антропологиялық мәселелердің ішінде 1 миллион жылдан астам уақытқа созылған палеолит кезеңінің орны ерекше. Бұл миллион жылдың қазіргі ғылым түсінбейтін толып жатқан мәселелері бар.

Мезолит (грекшеден «мезос» – орта) климаттағы өзгерістермен белгілі, бұл бәрінен бұрын мұздықтардың

кейін шегінуімен байланысты. Бұл кезде қазіргіге жақын флора мен фаунаның құрамы қалыптаса бастады. Сондай-ақ, бұл уақытта «мамонттық» фауналық кешеннің жойылып кетуіне байланысты өмір сүру қажетін қамтамасыз етудің жаңа тәсілдерін іздестіру жүріп жатты. Кейбір аймақтарда терімші-аншылық негізінде егіншілік пен мал шаруашылығының элементтері, басқа аймақтарда балықшылық шаруашылықтары пайда болды. **Мезолитте салақ пен жебелер кеңінен қолданылды, еңбек құралдарының ашырау техникасында өзгерістер болды.**

Ұжымдық еңбек пен өндіріс құрал-жабдықтарына ортақ меншік үстем болған алғашқы қауымдық қоғам неолит дәуірінде жаңа құрылымға ие болды. Тайпалардың өз атауы, территориясы, диалектісі және басқа да ерекшеліктері осы кезеңде қалыптасты. Неолитте адамзат алғашқы жасанды материал – қыш ыдыстарды (керамиканы) даярлауды үйренді. **Неолит барлық жағынан революциялық дәуір болып табылады. Бұл кезде шаруашылықтың өнімді формалары: егіншілік пен малшылық пайда болды.** Неолит дәуірінде бүкіл Қазақстанның территориясын аншылық өмір салтынан жылқышылыққа, ежелгі металлургия мен егіншілікке өте бастаған кішігірім жауынгер тайпалар тығыз қоныстанды. Батыс Сібір өлкесін-

де бұл уақыт көлемінде қорған қабырғалары бар қалашықтар салынып, аң терісі, т.б. сауда жүре бастағаны белгілі. Неолит дәуірінде халық санының өсуі қазақ жерінен басталған бірнеше қоныс аударуға жол ашты. Олардың ішінде шығыс деректері шумер бастаған тайпалардың Оңтүстік Азияға бағытталған миграциясын жпн атайды. Шығыстың егіншілік оазистеріне алғашқы болып өте ерте замандарда келген шумерлер Ежелгі Қосөзен, т.б. өркениетін құрды (*Шумер, Мысыр, Мохенджо-Даро*); олар Қытай өркениетінің пайда болуына да әсер етті деген мағлұматтар бар. Миграцияның екінші толқыны б.з.б. IV-III мыңжылдықтар соңында үнді-еуропалық қауымдардың ыдырауымен байланысты. Үнді-еуропалық тайпалар Еуразия кіндік даласынан Еуропаға (гректер, фракиялықтар, кельттер және т.б.), Кіші Азияға (хеттер және т.б.) бет алады. Осы көштің соңында Шығыс Еуропаға герман тайпалары, Прибалтика ормандарына литвалықтар және латыштар жайғасады.

Бұл қозғалыстар Еуразия құрлығының тарихында бұрын-соңды болмаған симбиозды туғызды.

Энеолит дәуірінде Жайық-Ертіс арасындағы орманды дала алқабында жылқыны қолға үйрету және топтап бағу жүзеге асты, бұл Солтүстік Қазақстан территориясындағы археологиялық қазбалардан белгілі

(Бөтайы мәдениеті). Бөтайлықтар – Еуразия өңіріндегі алғашқы жылқы өсірушілер. Жайық-Ертіс арасындағы неолиттік қоныстардан орасан көп жылқы сүйектері табылды.

Алғашқы жылқы өсірушілердің басты сенімдері Күнге қатысты қалыптасты, осыдан кейін жылқыға табыну дәстүрін және көшпелі тұрмыстың негізін қалайтын бірқатар элементтері пайда болды. Көп замандар біздің жерімізді мекендеген ата-бабамыз Күн мен адам арасын жалғайтын дәнекер деп жылқыны ерекше қасиеттеді. Бұл сенімдер қазақ халқында бертіңгі заманға дейін сақталды және оның тотемдік түсініктеріне негіз болды (жылқының көкке қарап кісінеуі, қасқырдың көкке қарап ұлуы, т.б.). Екі дәуір арасындағы жалғастық қазақтар үшін қасиетті «алаш» («алаша») ұғымынан да көрініс тапты. Ал үнді-еуропа халықтарында алғашқы ала жылқыдан (алаша ат) мифологиялық қанатты аттың образы – «алаша» (pegas) бастау алады, ежелгі үнді-еуропалық халықтардың көне сөздіктерінде пеку (пеки) сөзі – «жылқы», «жеке адамның қозғалмалы мүлкі, байлығы», «мал» және т.б. білдіреді. Ежелгі «алаша аттан» – славянша «лошадь» шығады. Халықтың жоғары тығыздығы, бақташылық қажеттіліктерге байланысты жайылымның тарылуы, т.б. себептерге байланысты сонау замандарда-ақ Ұлы Даланың тайпалары Батыс Еуро-

па мен Оңтүстіктің Азия өлкелеріне қоныс аударып, онда мемлекеттер мен қазіргі өркениеттердің негізін қалай бастады.

Этникалық мәселелер туралы айтсақ, сол замандарда Қазақстан үнді-еуропалық және орал-алтай қауымдастықтарының шығу аймағы болуы мүмкін. Еуразияның көптеген халықтары сол этникалық негізден шыққан. Қазақ жерінен тас дәуірінің соңындағы алғашқы көшікандар Шығыс Еуропаға және Кіші Азия жеріне бағытталды. Жылқы өсірушілердің ішінен қазіргі Месопотамия жеріне еніп жаңа патшалық құрған хеттерді ерекше атау керек. Хеттердің қоныс аударулары Кіші Азия мен Мысыр өлкелері үшін үлкен әлеуметтік революцияға татитын құбылыс еді. Олар жаңа дүниетанымның, шаруашылық үлгісінің жаңа түрлерінің қалыптасуына алып келді. Ең бастысы, отырықшы, мешуе Шығыс хеттердің арқасында жылқыны танып, жылдамдықтың, жаугершіліктің не екенін сезіне бастады.

Дүниені эстетикалық тұрғыдан түсіну тас дәуірінде өнер түрінде дами бастады. **Қазақстанда мекендеген кейінгі палеолит тайпаларының көркемдік танымының дәлелі ретінде негізінгі тау шатқалдарындағы қашан салынған суреттер (петроглифтер – граниталар) қызмет атқарады, олардың негізгі сюжеттері жүй-**

дәре мүйізтұмсық, бұқа – тұр, бидонның суреттері. Граммофон катар Қазақстанның жерінде тастанғы бейнелердің бөмбелі ұлттары да табылды. Бұл қызыл түсті бояулы суреттер Бектау ата тауларында, Баянауылда Қоңыр әулие үңгірінде, Жасыбай көлінің жағасында, Ертістің бір саласы Бұқтырма шаткалында Күнге табынушы күн бейнелі адамдар мен свастика бейнелі өрнектер түрінде, т.б. кездеседі.

2-тарау. Қола дәуірі

2.1. Дәуірдің ерекшелігі

Жоғарыда жазғанымыздай, Еуразия даласының шаруашылық-мәдени құндылықтары мен үлгілерінің жүйесі неолит дәуірінде пайда болды. Неолит дәуірінің соңғы ширегінде Еуразия даласының егіншілік пен мал шаруашылығымен айналысқан халқы құрғақшылықтың келуіне байланысты тіршілікке қолайлы жаңа территорияларды іздеп, оңтүстікке және батысқа қарай жылжыды. Халықтың басқа бөлігі туған жерінде қалып, егіншіліктен бас тартқандықтан, жылқы шаруашылығын дамыта түсті. Олармен қатар, не олардан да бұрын далалы және шөлейтті аудандарда тұратын, аңшылықпен айналысатын тайпалар жылқы малын қолға үйрете бастады. Энеолит дәуірінде Ұлы далада бұл шаруашылықтың басты түріне айналды.

Осы дәуірде Қазақстан жерін мекендеген қауымдар металды өндіруді кең көлемде қолға алды. Сол себептен б.з.б. IV-III мыңжылдықтар «энеолит», яғни «мысты-тас» дәуірі деп аталады. Қазақ жерінің түсті металдарға өте бай болуы кен өндірісінің дамып, әлемдік ірі орталықтың пайда болуына бірден-бір себеп болғаны анық. Адамдар алдыменен таза мысты қолданған, содан кейін барып оған қалайыны қосып, сапасын жақсартқаны байқалады. Таза мыс морт келеді және құрал-сайман жасауға ыңғайсыз, ал оның құрамына 10 пайыз қалайы қосылса, нағыз берік металл қоспасы шығады. Қола өндірудің тамаша шоғырланған жері Қазақстанның Орталық және Шығыс аймақтары болды. Ғылымдардан өсеттеуі бойынша, ерте кезеңде Жезқазған өңірінде 1 млн-нан тонна мыс рудасы, Өскеменде 200 мың тонна, Имантауда (Қоқшетау) 50 мың тонна мыс өндірілген. Қалайының көлемі 130 тонна болса керек. Өкінішке орай, тарихи ескерткіштерге дұрыс көзқарас болмағандықтан, XX ғасырда ол жерлердің көпшілігі ғылыми түрде толық зерттелген жоқ.

Табиғи ортаның қолайлы өзгерістеріне сай б.з.б. III мыңжылдықтың аяғында жылқыны игере түскен халық өздеріне қолайлы кешенді шаруасымен қайта айналыса бастайды, оларға мал шаруашылығы, егіншілік және тау-кен өндірісі, көне металлур-

гия жатады. Б.з.б. II мыңжылдықтың ортасында халық көбінесе жартылай отырықшылыққа көшеді де, кешенді шаруашылық жүргізеді, жаншай қола өндірісімен айналысқан халық әлем өркениеттеріне түсті металдарды ұсынумен күнкөрістерін ашты, бірақ құрғақшылық тағы да күшейе бастайды. Осындай жағдайда көшпелілік тиімді болды, ол экономикалық жағынан өркениеттік алға басушылық болмағанымен, өмір сүрудің көзіне айналды. Б.з.б. II мыңжылдықтың соңында басталған құрғақшылық еуразиялықтардан ауа райына байланысты шөлейтті аудандарға бейімделу үшін күрестің жаңа тәсілдерін қажет етті. Көшпелі қауымдар жыл бойы өзінің малы үшін қатал далада азық іздеуге мәжбүр болды. Жыл маусымына сай қыстаудан жайлауға және керісінше бүкіл отбасымен, малымен бірге көшіп-қонып отырды. А. Тойнбидің: «Көшпелілер өзінің институты, физиологиялық және рухани күштілігінің арқасында ғана соншалықты қатал далада тіршілігін сақтап қала алды» деген пікірі осыған байланысты. Табиғи өзгерістер қазақ жерін мекендеген халықтардың ерекше интеллектуалдық және адамгершілік қасиеттерін шыңдады. Сары даланың өсімдік әлемі малға керек болды, мал адамға керек, адам мен табиғаттың тең қарым-қатынасы ақыл мен еркіндіктің дамуына негізін салады.

Осылайша, түрлі жағдайлармен ауыртпашылық әсерінен болған өзгерістер даланың халқында ерекше жігерлік пен тапқырлық қасиеттерінің қалыптасуына негізін салды. Сондықтан көшпелілерді табиғаттың қарамағында тұрақты түрде бағынышты болып қала берді деп айтуға болмайды. Дала адамының күш салып істеген жетістіктері табиғат, қоғам және адамның тепе-теңдікте болуын көздейді. Ұлы даламен тығыз байланыста болған адам әрдайым әлемнің шегі жоғына сенім артқан. Әрине, ауа райының кенеттен өзгеруі көшпелілерге әсер етті. Егер де ауа райы біраз болсын жайдарыланса, еуразиялықтар кешенді шаруашылығына – егін және мал өсіруге, металл өндіруге көше бастайтын. Бұл өзгеріс тез арада жүзеге асырылатын. Соңғы мыңжылдық бойы Еуразия тарихында бұл екі шаруашылықтың бірін-бірі алмастырып отырғанын көреміз.

Ұлы даланың шаруашылық-мәдени жүйесін түсіну үшін А.Х. Марғұланның пікірлері өте маңызды. Академик бұл сұрақтың негізін ашу тек ежелгі Қазақстанның егіншілік мәдениетінің тарихын түсіну үшін ғана керек емес, сонымен қатар қазіргі кездегі мал шаруашылығының пайдасы үшін де маңызды деген пікір білдірген. Табиғи өзгерістерге жылдам бейімделу, мал бағудан егіншілікке немесе кен өндірісіне өтіп

кету, шаруашылықты кешенді жүргізудің тәжірибесі мыңжылдықтар бойы біздің жерімізді мекендеген халықтардың арасында қалыптасқан.

Б.з.б. II мыңжылдықтың басында Қазақстан аумағында мал шаруашылығын, егін шаруашылығын, жоғары дамыған металлургияны қосатын кешенді шаруашылық пайда болды. Қазақстан аумағының үлкендігіне қарамастан, қола дәуірінің тайпалары мәдени біртектілікті көрсетеді, олар бір-бірінен әжептәуір ерекшеліктері болған неолит дәуіріндегі тайпалық окшаулықтан құтылды. **Қола дәуірінің қорғандары қазақтың тарихи аңыздарында «мық» деген көне халықтың қалған жәдігерлік болып есептеледі, сол себептен «мықтың үйі», «мық төбе», «мық қорғаны» деген атпен белгілі.** XIX ғасырдың басында қазақ жерінде кен орындарын іздеген ресейлік инженер И. Шангин: *«Қазақтар көне заманның тас құрылыстарын моңғолдардан көп бұрып осы өлкені мекендеген, аңыздарында «мық» аталатын халық салды деп аса құрметтейді»,* – дейді. «Мық» сөзі – әлі этимологиялық тұрғыдан зерттелмегендіктен, үзілді-кесілді пікір айту қиын, дегенмен бұл сөз қысқа, бірақ нығыз дүниеге қатысты айтылады деп ойлаймыз. Мәселен, «мық жусан», «мық шеге», т.б. *«Орал тауына дейін біздің жерлеріміз төбелерге (қорымдарға) толы, Үндістанда да осылай деседі.*

Көпшілік адамдар бұл төбелер Шыңғыс пен Жоңғардан қалған белгі деседі, біз көрген қалмақтар мен торғауыттарда өліктің үстіне белгі орнату әдеті байқалмайды. Меніңше, бұл төбелер аңыздарда айтылатын «мұғ тұрса» қауымның белгілері болар, қазақтар оны «Мықтың үйі» деседі. «Мұқ», яғни асылы Нұқ дегені болар...

Біз жақта орыстар мен қазақтар Мұқ төбелерін көп қазады, ашады. Біреулері үш, кейбірі төрт қабат болып, бірінші қабаттан тек сүйек пен шөлмек сықылды ыдыстар шықты, екіншісінен еңбек құралдары, үшіншісінен қымбат бағалы нәрселер, алтын-күміс аспаптар табылады. Бір мәйіт төртінші қабатта екен, күміспен келіндепті, енді бір мәйіт тас кереует үстіне қойылған екен, қолында білезік, мойнында алтын алқа, шашы басының екі жағына төгілген екен», – деп жазады белгілі шежіреші Құрбанғали Халид XX ғ. басында.

Археологиялық әдебиеттерде Сарыарқа және оған оңтүстікке қараған жерлерде кездесетін «мықтың үйлеріне» қатысты «андроновтық» деген термин қолданылады (XX ғасырдың 30-жылдарында алғашқы ескерткіштерді археологтар Сібірде Андронов селосының маңында қазды). Ғылыми археологиялық әдебиетте қола дәуірінде Батыс Қазақстан – Еділ бойында пайда болған

андрон типтес ескерткіштерді «жарма» деп атау қалыптасқан.

Ұлы Даланың жұт жылдары жиі болатын катал табиғат жағдайлары, дала еліндегі жақсы демографиялық өсім, емін-еркін өмір сүру қағидалары қола дәуірінде Ұлы даланы мекендеген тайпаларды жылы жақтарға ығыстырғаны жайлы атап кету маңызды. Осы себептен көне дәуірдің өзінде бақташы елдің бір бөлігі отырықшы аудандарға еніп кетіп отырды. Шынында, бұл әрекет көшпелілердің сана-сезімі мен саяси жобасынан тыс жүзеге асады. Алайда Кіші Азия, Мысыр, Қытай мен Үндістан сияқты көне өркениет ошақтары мен отырықшы қоғамдар, қазақ түсінігінде – ана жұрт, көшпелілерді өздеріне әр түрлі себептерге байланысты тартады деп те есептеуге болады. Бұл бірінбірі толықтыратын отырықшы өркениеттер мен көшпелі өмір кешкен елдер арасындағы тіршілік заңына сәйкес үлкен карама-қайшылық деп те түсінген жөн. Осыған орай, көшпелілер басып, бағындырып алған отырықшы қауымдар аясында, көшпелілер күш-қуатынан негізге ала отырып, жаңа мемлекеттер мен өркениеттер пайда болады.

2.2. Шаруашылығы

Қола дәуіріндегі шаруашылық негізін кешенді деп есептеуге бола-

ды, оның басты құрамдас бөліктері біртіндеп көшпелілікке айнала бастаған бақташылық тіршілік, үй маңындағы егіншілік дәстүрлері және кен өндіру болды. Шаруашылықтың бұл салаларын бір-бірінен бөліп қарастыру өте қиын, себебі қола дәуірінің қоныстарынан біз бір жағы мал шаруашылығына қатысты материалдық заттарды көрсек, екінші жағынан кен өндірушілердің құрал-жабдықтарын кездестіреміз. Яғни, қауымның бір жартысы мал бақса, екінші жартысы кен өндіріп, оны ұқсатумен айналысты. Кешенді шаруашылықтағы үлкен табыс, ішкі өнімнің көбеюі қола дәуірі тайпаларына көрші елдермен тығыз сауда қарым-қатынастарын ұйымдастыруға мүмкіндік берді.

Егер мал шаруашылығын жеке сипаттайтын болсақ, оның жартылай отырықшы түрін пайдаланған кезде тұрғындардың бір бөлігі алыс жайылымдарда мал бағумен айналысты деп болжауға болады. Қола дәуірінің алғашқы кезеңінде табында ірі қара мал басым болса, қозғалыстың ұлғаюына қарай ұзақ жолға неғұрлым ыңғайлы қойлар мен жылқының үлесі көбейе түсті. Энеолит дәуіріне қарағанда қола дәуірі қауымдарында қолға үйретілген малдың әр түрлері қатар өсірілді, біз жылқы басым болды деп айта алмаймыз. Дегенмен, деректер жылқының жүк-көлік күші ретінде, салт міну үшін де пайдаланғанын анықтауға мүмкіндік береді.

Қола дәуірінің мал шаруашылығы жетекшілігі болды. Жылқы, қой сияқты қоймалды және қыста қар астынан жем тауып жей алатын (тебіндейтін) малдарға басымырақ көңіл бөлінді. Қола дәуірінің соңына қарай Бетпақ-Дәулібай мәдениетінің өкілдерінің шаруашылық дәстүрлері бақпандықтан төрі көшпелілікке жақын болып басталды. Еуразияның кең-байтақ даласында жүз мыңдаған бас мал емін-еркін жайылып жүрді. Шаруашылықтың жаңа формасының басым дамуы айқындалып, бұл қоғамдардың игілігі арта түсті, бірақ халықтың көпшілігінің көшпелілікке бейімделуі кен өндірудің бәсеңдеуіне, халықаралық шаруашылық байланыстарының әлсіреуіне алып келді.

Жалпы, егер қола дәуірін тұтас алып қарайтын болсақ, Қазақстан территориясын мекендеген қола дәуірінің тайпалары, көршілес елдермен тығыз байланыста болды. Мал шаруашылығының өнімдеріне халық тұрмысына қажетті қымбат маталар және шаруашылық құралдарды айырбастап алды. Металлургия мен бақташылықтың басымырақ дамуы өндірістің өрлеуіне, қоғамдық еңбектің күшті мамандануына, қоғамдық өмірдегі ірі өзгерістерге әкелді.

Мұнымен бір мезгілде кетпенді егіншілік те дамыды, казак жерін сол дәуірде мекен еткен халық негізінен тары, арпа, бидай өсірді. Егіншілікпен кішігірім алқаптарда, өзендер мен

дала көлдерінің айрықтарында айналысты. Егіншілік арықтар жүйесі арқылы жүзеге асырылды. Олардың қалдықтары әлі күнге Қазақстанның әр өңірінен көзге түседі, сонымен бірге археологиялық қазбалар кезінде қоныстардан егіншілерге тән ыдыс-аяқтар, тамақ қалдықтары табылады. Қазақ жерінің жалпы далалық және шөлейт аймақтарында егін алқаптарын сумен қамтамасыз ететін күрделі арықтық жүйелер пайдаланылды, тіпті ірі тоғандар тек егіншілікке ғана емес, сонымен бірге тау-кен шаруашылығында да кенді жуу үшін қолданылды. Егер де мал шаруашылығы және егін шаруашылығымен салыстырғанда болсақ, алғашқысы доминантты, яғни басым болды. Егін шаруашылығы болса екінші орында тұрғанымен, қола дәуірі тайпаларының елеулі көрек көзі болып табылады.

Шаруашылықта аңшылық пен балықшылық қосалқы рөл атқарды. Кейбір археологиялық материалдар негізінде аңшылық пен балық аулаудың казак жерінде кең тарағаны жөнінде айта аламыз. Қоныстарда құлан, архар, түлкі сияқты жабайы аңдардың, қаздың және де шортан, бекіре балықтарының сүйектері табылған. Кейінгі қола дәуірі кезеңінде қоныстарда табылған жабайы аңдардың сүйектері барлық табылған сүйектердің ішінде бірден төрт пайызға дейінгі көрсеткішті құрады.

Түрліліктің маңызы садаларынан бірі түсті металдар өндіру және металл бұйымдар, қару-жарақ құю болды, бұған Орталық және Шығыс Қазақстан территориясындағы көптеген ежелгі өндіріс ошақтары кед. Қожа қалдықтары (шлак) мен кеннің ежелгі үйінділері бойынша осы ірі кен орындары XIX-XX ғғ. қайтадан ашылды. Түсті металл өндіру Қазақстанның қазіргі кенді өлкелерінің бәрінде де жүргізілді. Қазақ жерінде көне заманның кеншілерінің қайла-күрегі тимеген кен орындары жоқ, сол дәуірден қалған кен өндірісін зерттей отырып ата-бабаларымыздың табиғат сырын дәл шешетін біліміне таңғаласын. Мыс және басқа да түсті металл орындарын іздеп табу, кен жылғалары тереңге кеткен жерлерде шахта қазып жоғарыға шығару, тығыз тас қабақтарда отпен уату тәсілін қолдану, т.б. кездеседі. Осылай өндірілген мыс кеніне қалайыны қосып ағаш көмірдің көмегімен жер астынан құдық сияқты қазылған пештерде балқытқан. Сарыарқа өңірінде Атақу сияқты қола дәуірінің ірі металлургиялық орталықтары мен қоныстары белгілі. Кент, Бұғылы, Тағызбай бұлақ сияқты қола дәуірінің кеншілер қонысын қала деп те (протокала) атауға келеді. Бұл қоныстарда қолменшілер өрік, бетпа, қанжар, найза және жебеннің ұштары сияқты шаруашылыққа және тұрмысқа қажетті құралдар жасаған.

Металл өндірудің көлемі оларды басқа да аймақтарға экспорттауға мүмкіндік берді.

Қола дәуірінде ежелгі меридианалдық жолдың аса маңызды шаруашылық-экономикалық мәні болды. Оның пайдасын одан анағұрлым кейінірек пайда болған Ұлы Жібек жолымен салыстыруға болады. Меридиандық жол көне және орта ғасырларда Сарыарқаны солтүстіктен оңтүстікке қарай кесіп өтетін, Қазақстанның солтүстік аймақтарын күнгейдегі Түркістан, Жанкето (Жезроин) сияқты ірі сауда бекеттерімен байланыстыратын негізгі қарым-қатынас артериясы болды.

Сусыз, шөлейтті тақыр далада көшіп қону, керуендермен жол жүру ежелден-ақ әр түрлі аңыздарды туғызды. Бетпақ даланы игеру үрдісінің әдемі мысалдарын «Ер Төстік» сияқты ертегілерден-ақ көреміз. Бұл ертегіде Бетпақтың қорқынышы көп, қауіпті жері Сорқұдық деп аталады, ол Сарыарқаның Бетпақдаламен шекаралас жерінде. Осы жолмен көшкеруен қозғалған уақытта қалыңдықтың әкесі: «Қызыма сәлем айт, Сорқұдықтың басына көшін қондырмасын, қондырса кесір болады» деп жұртты сақтандырады. Бірақ қарт Ерназар, Ер Төстіктің әкесі, ешкімді де тындар емес, осыған орай бұл отбасында әр түрлі қиындықтар мен хикаялар орын алады. Жалмауыз кемпірдің торына түсіп, Ерназар жалғыз баласын қиюға мәжбүр бол-

ды: «Төстік жылқыдан алты аяқты ала атты мініп, жеті аяқты жирен атты жетегіне алып келе жатқанда алдынан Кенжекей шығады:

*Сорқудықтың басына
Сорға бола қонды атам.
Жалмауызға жалғызын
Жанынан қорқып берді атам».*

Жалпы алғанда, қола дәуірінде қалыптасқан кешенді шаруашылық қолайлы табиғи-климаттық жағдайда салыстырмалы түрде жоғары дамыған болып саналады. Қола дәуіріндегі шаруашылықтың дамуы қоғамның азық-түлік пен тұтыну бұйымдарын көбірек қамтамасыз ете алуына, артық өнімнің пайда болуына, айырбастың кеңеюіне және осылайша байлықтың көбеюіне ықпал етті. Бұл қоғамның әлеуметтік құрылымынан көрініс тапты.

Қола дәуіріне дейінгі тарихи кезеңде меридианалдық жолдың бойымен аншылар қауымы жүріп отырды, олардан кейін алғашқы бақташы тайпалар Шығыс және Батыс өркениеттерін байланыстырып тұрды. Мыс өндірісі кең көлемде жүргізілуіне байланысты Ұлы далала өндірілген миллиондаған тонна мыс рудасы тек ішкі сұранысты қанағаттандырып қана қоймай, сыртқы сұраныстарды да қамтамасыз етіп отырды. Сол кезеңдегі көне өркениеттер мен қазақ даласы арасындағы байланысты ес-

кере отырып меридиандық жолдың қалыптасуына кен тасымалдау тікелей ықпал етті деп те есептеуге болады.

Орталық Қазақстанда өндірілген мыс пен қалайы кесек құйма түрінде Сырдария бойында орналасқан қалаларға, одан Алдыңғы Азияға, кейін Солтүстік Үндістанға жеткізілді. Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан ірі қалаларының бірі Жанкент, ертеде Дизроин (мыс қаласы) деп аталған. Шаруашылықтың жаңа бағыттарын игеру, одан түсетін өнімнің еселеп артуы далалық алқаптарда ірі отырықшы қоныстардың қалыптасуына алып келді. Қазіргі күнгі ғылыми әдебиетте «протокала» терминімен белгілі – Кент, Бұғылы, Арқайым, Мыржық, т.б. негізінен қола дәуірінің кенші қауымдары қоныстанған ірі елді мекендер. Біздің пікірімізше, адамның өзін жасампаз тұлға, жер бетінің иесі есебінде тануы да осы өзгерістерге байланысты. Қола дәуірінде Қазақстан жерінде пайда болған Беғазы-Дәндібай сияқты ескерткіштердің салынғанын басқаша түсіндіру қиын.

Қола дәуірі шаруашылық мәдениетіне қатысты Ә.Х. Марғұланның: *«Қола мәдениеті өзінің айрықша белгілерімен: қоныстар мен рудниктерден, бейіттер мен құрбандық шалу орындарынан, үй және суару құрылыстарынан, қыш жасау мен тас өңдеу өнерінен, тас скульптуралардан, металл және сүйек өңдеп, әр*

түрлі заттарды жасау әдістерінен ашық көрінеді. Осының бәрі, түптеп келгенде, Орталық және Шығыс Қазақстанда мыс және қорғасын, т.б. металдарды игеру кезеңінде орасан даму процесі болғанынан хабар береді» деген пікірі аса маңызды.

2.3. Әлеуметтік құрылымы

Қола дәуірі аталатын кезеңде Қазақстан өлкесін мекендеген қауымдар қоғамдық дамудың жаңа сатыларына өтті. Тас дәуірінің соңғы кезеңінде бұл үрдіске жылқы шаруашылығының да әсері болғаны сөзсіз: *«Еуразия ауданының далалық аймақтарында жылқының қолға ерте үйренуі және ірі жылқы шаруашылығының пайда болуы елдің ауқатын, оның материалдық тұрмысын көтерді. Қоғам күрт алға дамып, өмір сүру дағдысында болашаққа негіз салған ірі өзгерістер басталды»*, – деп жазды К. Ақышев. Кейін келе қола дәуірі қауымдары кешенді шаруашылық дәстүрлерін қалыптастырды да, жылқымен қатар өзге мал түрлері де көбейді. «Авеста» жырларында қола дәуірінде қазақ жерін мекендеген арий, тур, қиян елдерінің ерекше дүниетанымы, өзара қиян-кескі жаутершілігімен қатар бақташылық өмір салты сипатталады:

*Арвидің сан-саласы – мыңдаған,
Мыңдаған көл,
Әрқайсысын, кез келгенін*

*Жүйрік атпен айналып өтер
Жолаушы.*

*Әр салада биік үй бар сәулетті,
Жүздеген от боп терезесі,
Мыңдаған тіреу...
Арқырай кісінеп аттары,
Кеңістікке ұмтылған
Соңынан тартқан күймесі,
Қамыт сайман сайланған
Желдей жүйрік тұлпарлар
Жиғангерді әкеледі,
ұзын да өткір найзасы,
Алысқа ұшар жебесі,
Алдынан да, артынан да
Жауының сөгіп қобесін...
Ардби-Сура қасиетті,
Жима патша салтанатты,
Асыл малдың иесі
Хукария басында
Жүз айғыр мен мың сиыр
Сансыз қойды құрбандыққа
Шалады!*

Кешенді шаруашылықтың дамуы алғашқы еңбек бөлінісіне негіз болып, халық арасынан арнайы бақташылықпен немесе тау-кен өндірісімен айналысатын әлеуметтік топтар бөлініп шықты. Осы фактор қоғамды азық-түлікпен және қолданыс заттарымен қамтамасыз етуге, артықшылықтардың пайда болуына, айырбастың кеңеюіне әкелді, осылайша байлық жинала бастады. Екіншіліктің дамуында қола дәуірінде үлкен өзгерістер болды, оң-

делген жер көлемі кенейе түсті. Шаруашылықтағы өзгерістер қоғамдық ұйымдасуға үлкен әсерін тигізді. Мал шаруашылығы пайда болған күнінен бастап ерлердің ісі болып саналады, сонымен бірге кара күшті көп қажет ететін металлургия өндірісімен де ер адамдар айналысты.

Осылайша, қола дәуірінде қоғамда ерлер неғұрлым басым маңызға ие болды. Патриархалдық тенденциялар тез арада дамып, жұптық неке моногамды некемен ығыстырылды. Әйелдер көбінесе ерінің отбасына қоныстанды. Сондықтан да енді еркек әйелдің отбасына шығынын өтеп барып, яғни қалың мал төлеп әкететін болды. Қоғам өмірінде патриархалдық үлкен отбасы маңызды рөл атқара бастады. Өзінің еңбегіне қарай кейбір отбасылар, әлеуметтік жіктелуге ықпал етіп, орасан көп материалдық байлыққа кенеле бастады. Дегенмен, материалдық байлықты шектен тыс жинауға қоғамдық пікір қарсы болып, шектеу қойып отырды. Белгілі дәрежеде негізгі кен байлығы мен жылқы малы сол кезеңде қалыптаса бастаған ірі рулық қауымдардың ортақ меншігі болып саналды. Ертеректегі сатыдағы патриархалдық қауымдар ері жағынан 4-5 ұрпақтың туыстарынан тұрды. Олар қоныстанған ауылдар бірнеше тұрғын жайлардан, ал мұндай отбасылар 200 шаршы метрлі ауқымды қамтитын тұрғын жайларында өмір сүрді.

Ұланая келе патриархалдық отбасы киші патриархалдық отбасыларына бөлінді. Туыстық, шаруашылық жағынан өзара көмек арқылы және ортақ салт-дәстүр, ырымдармен, ортақ құдайларымен біріккен мұндай ұжымдар этнография ғылымында «патронимия» деген атауға ие болды. Қазақ түніннен «бір атаман баласы» делінеді.

Археологиялық, палеоэтнографиялық және жазба деректер қола дәуірінде қоғамда қалыптасып жатқан мүліктік теңсіздіктің күшеюі, тайпа аксүйектерінің ішінен көсемдердің бөлініп шығу үрдістері туралы ой қорытуға мүмкіндік береді. Осының бір үлгісі «Авестаның» әр түрлі нұсқаларында кездесетін «Жима патшалығы» туралы жыр жолдары. Жәмшид адамзат баласы әлі бір-бірінен ажырамай тұрған ескі заманда өмір сүрсе керек және оның мекені қазақтың кең сахарасы болғанға ұқсайды, ол бакташы тайпалардың патшасы, оның билік құрған дәуірі «алтын ғасыр» деп аталады. Ахура Мазда (Ормазд) зәрдүш дініндегі бас құдай, жақсылықтың иесі «Арианам Вайджа» сияқты шетсіз-шексіз даланы, шүйгін қонысты мекен еткен Жәмшидке:

«Солдай дедім мен, о Зәрдүш, мен, Ахура Мазда: «О, Жима қызыл шашпаулы, Вивхванта ұлы, дінді сақтайтын және қорғайтын бол мен үшін!» Бірақ, о Зәрдүш, былай деп жауап

қатты Қызыл шашпаулы Жима! «Мен Дінді қамқор сақтауға және алып жүруге үйренгенім жоқ, ол үшін жаратылғаным жоқ».

Сол кезде, о Зәрдүш, мен айттым саған, Ахура Мазда: «Егер сен мен үшін, сәнді Жима, дінді сақтап, алып жүре алмасаң, онда мен үшін мына әлемді көркейт, көбейт! Бұл әлемнің қорғаушысы, сақтаушысы, ұстазы бол!»

Осыған былай деп жауап берді, бұл Жима қызыл шашпаулы, о Зәрдүш: «Мен саған әлемді көбейтемін, мен саған әлемді өсіремін, мен әлемнің қорғаушысы, сақтаушысы, ұстазы боламын! Менің патшалығымда не суық жел, не шол, не ауру, не өлім болмайды».

Сонда оған екі қару бердім мен, Ахура Мазда, «алтын мүйіз және алтынмен әдіптелген қамшы».

Бұл кешенді тұрмыстың қазақ сахарасында жаңа пайда болған кезеңі, жер-жайылым тарылып барады «сонымен, Жәмшид патшалығы үш жүзінің қысты бастан өткерді. Осы жер ірілі-ұсақты малға, адам мен итке толып кетті, ит пен құсқа, жанған отқа толып кетті, ірілі-ұсақты мал, адам өзіне орын таба алмады... Сонда Жәмшид патша қырға шығып, Күннің бағытына қарады. Алтын мүйізді үрлеп күй тартты және қамшысын көтеріп былай деді, жалынып: «Айналайын Спэнте-Армайи, жазыла түс,

қанатыңды жай, менің ірілі-ұсақты малым мен адамым сыйсын».

Осылай бакташы тайпалардың көктемдегі судың жайылмасындай Еуразия даласына кең жайылған тарихы басталады. Әлем алғашқы қауымдық оқшау тіршіліктен шықты, шөптің тамырын іздеп, даланың аңын қуып жүрген адамзат баласы өнімді шаруашылыққа көшті, бакташылардың қарапайым қауымдарды бағындыруы кезінде мемлекеттер дүниеге келді.

Өкінішке орай, біздің қолымыздағы мәліметтер қола дәуірі қауымдардың әлеуметтік құрылымын нақты суреттеп беруге жеткіліксіз. Жалпы әлеуметтік жағынан халық біркелкі сияқты көрінеді, себебі далалық алқаптағы қола дәуірінің қорымдарында аса бір мүлік не байлық теңсіздігі сезілмейді. Сонымен қатар, аздаған жазба деректер арий, тур, киян тайпаларының арасында патшалық билікті қолына орнықтыра бастаған әулеттер бар екенінен хабар береді.

Дегенмен, кен байлықтарына ие болған, сауда жолдары мен оның бойындағы қалалық мекендерге қамқорлық жасаған әулеттердің оқшаулануы, әсіресе қола дәуірінің аяғында көтерілген Беғазы-Дөңдібай монументтік кабірлері мен Түгіскен кесенелерінен ерекше байқалды. Қалай болғанда да қола дәуірінің соңына қарай қазақ жерінде ірі ру-тайпалық мемлекеттік одақтардың

құрылуына негіз бола алатындай экономикалық және әлеуметтік қағидалар қалыптасты.

2.4. Этносаяси тарихы

Қола дәуірінің этносаяси тарихын барлық маңызды оқиғаларымен түбегейлі зерттеу және оқырманға таныту – қазақ тарихшыларының алдында тұрған зор міндет. Бүгінгі күні бұл тақырып бойынша аздаған зерттеу жұмыстары б.з.д. II мыңжылдықта Ұлы далада өрістеген күрделі этносаяси мәселелерді ашып көрсете алмайды. Сөз жок, бұл тарихи кезеңде алғашқы этникалық қауымдардың пісіп жетілуі, ұлы қоныс аударулар, мемлекет институттарының қалыптасуы, мемлекеттер мен өркениеттер арасында араластық болды, бірақ оның бәрін суреттеу үшін зерттеушілерге деректік мол қор, оны салыстыра пайдалану тәжірибесі керек. **Бүгінгі күні антропологиялық зерттеулер қола дәуіріндегі біздің ата-бабаларымыздың қандай да бір моңғолдық элементтердің қоспасының протосуропалық (көне еуропалық) нәсілдегі ортақ антропологиялық нәсілге жататынын анықтады.** Сонымен бірге, бұл протосуропалық нәсілдік негіздің бірнеше мыңжылдықтан өтіп қазіргі қазақ антропологиялық бейнесінен белгілі дәрежеде орын алып отырғаны белгілі. *«Біздің материалдарымызға жүгінсек, көне*

европалық нәсілдің андрондық компоненті Қазақстанның жергілікті тұрғындарының арасында елеулі болды. Сондықтан да ол Қазақстанның этникалық тарихында ұзақ уақыт бойы жергілікті тайпалардың нәсілдік-гендік үрдісінде аса маңызды негіз қызметін атқарды», – деп жазады белгілі антрополог О. Смағұлов.

Қола дәуірі халқының этникалық тарихына қатысты мәліметтер «Авеста» деген атауға ие болған зороастризмнің (зәрдүш) қасиетті гимндерінде айтылған. Тарихи деректерге қарасак, көптеген ғасырлар бойы дала абыздары арий, тур тайпаларының тұрақтарында зәрдүш ілімінің қасиетті мәтіндерін жаттап, ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткізіп отырған. Солтүстік Қаратөзіз жағалауларынан Алтай мен Шығыс Түркістанға дейінгі, Орал тауларынан Парсы (Иран) таулы қыратына дейінгі орасан зор кең далада малдарын (сиыр, түйе, қой, жылқыларын) баққан бұл тайпалар Еуразия өркениетінің негізін салды. Арийлердің арғы отаны деп кітапта «Арианам Вайджа», яғни арийлер кеңістігі, Еділден (Ранха) шығысқа қарай созылып жатқан азиялық ұлы дала аталады. Датъя мен Ардви (Сырдария мен Әмудария) терең өзендерімен суарылып жатқан Арианам-Вайджа жері тек арийлердікі ғана болмаған. Мұнда арийлердің дұшпандары турлар да мекендеген. Арийлердің басқа да қас

дұшпандары – киян тайпаларының да Ариана Вайджаға қатысы бар. Қазақтың кең даласында өздеріне ортақ ежелгі құдайларға – құдайлар пантеонына табынатын, бір жерде туған, сол жерді отан деп аңсаған арий, тур, кияндардың тайпааралық соғыстарының қым-қиғаш тарихы өрледі. Осы сияқты деректерге қарап біз Ұлы даланың қола дәуіріндегі этносаяси тарихын жоғарыда аталған үш этникалық топпен байланыстыра аламыз. Сонымен қатар, белгілі дәрежеде арий тайпаларының турлардың қысымымен Үндістан мен Иран (Ариан) өлкесіне қоныс аударғанын да шамалауға болады.

Иран (арий) халықтарында сақталған көне аңыздарда адамзат баласы – Фаридун патшаның үш ұлынан (Сәлім, Тур, Эрандж) тараған ұрпақ. Өзара наразылықтың барысында араб халықтарының атасы Сәлім мен түрік халықтарының атасы Тур бірігіп Эранджды (Иран) өлтірген, осыған байланысты бірнеше жүзжылдықтарға созылған Иран-Тұран арасындағы жаугершілік басталды. Бірақ бұл үзік-үзік мәліметтер күрделі этно-тарихи үрдістердің бейнесін толық ашып бере алмайды. Ұлан-ғайыр дала кеңістігінде, этностардың нығаюымен және гомогенденуімен жалғас, малшы тайпалардың аңшылар қауымдарын ассимиляциялау жүріп жатты деп болжаймыз. Әскери және шаруашылық қажеттілігі бойынша

жоғарыда аталған күрделі тайпалық одақтар қалыптасты.

Біздің ойымызша, қола дәуірінің ортаңғы кезеңіне қарай Ұлы далада тұрғындардың өсуі мен өндірістің дамуы аркасында шамадан тыс тығыздылыққа әкеліп соқтырған бірқатар карама-қайшылықтар пайда болды. Сол революциялық кезде, дала пайғамбары Заратуштра (Зәрдүш) ілімі пайда болса керек. Орта Азияның малшы тайпалары алғашқы әлемдік дінге бастама жасады. Бірақ Зәрдүш ілімін турлар (тұран) қабылдаған жоқ. Оның көсемдері Африсяб пен Арджаспа арийлерден Зәрдүштен бас тартуды ұсынды. Осы карама-қайшылық арийлердің Ұлы даладан көшіп, жаңа қоныс іздеуінің басты шартының бірі болды. Бұл карама-қайшылық қола дәуірінің тайпаларын оңтүстік пен батысқа, Иран, Үндістан және Еуропаға қоныс аударуға мәжбүр етті. Арийлердің қоныс аударуы көп сатыдан өтті, олар деректерге қарағанда бірнеше бағытта көшіп, Иран мен Үндістанның қазіргі өркениеттерінің негізін салды.

Алайда, арийліктер жаңа жерлерге келген соң, ұзақ уақыт бойы дәстүрлі әлеуметтік құрылымның, отбасылық және құқықтық қатынастардың, рухани мәдениеттің, діни сенімдерінің ерекшеліктерін сақтап, осы аймақтардың әрі қарайғы тарихына шешуші әсер етті, яғни Орта Азияның, Иранның, Үндістанның және т.б.

ұлы өркениеттерінің пайда болуында үлкен рөл атқарды. Біз осы ұлы қозғалыстан кейін Еуропа мен Азияның көптеген аймақтарында арийлік және түрлі жергілікті этномәдени дәстүрлердің симбиозы қалыптасты деп есептейміз.

Ұлы далада негізінен түр тайпалары қалып, олар Тұран өркениетінің іргетасын қалады. Біздің археологиялық әдебиетте жоғарыдағы қош-қоннан қалған тайпалар кейінірек өзіндік скиф-сак мәдениетін жасалды деген пікір үстем.

Тарих өзінің бастауын ойлау мен салыстырудан, алғашқы малшылардың дүниетанымынан алады және оның тамаша көріністерін біз көне заманның «Библия» сияқты қайнар көздерінен де аңғарамыз:

«Қабыл мен Әбіл.

Әзіреті Адам мен Хауа кездескен. Арғы әжеміз Хауа жыл сайын бір ұл, бір қыздан туа берген.

Хауаның бірінші ұлын Қабыл деп атаған. Қабыл егінші болып, жер баптады. Екінші туған ұлын Әбіл деп атайды. Әбіл бакташы болып қой бакқан. Күндердің-күні Қабыл жерден өнген өнімді Тәңірі құдайға сый деп алып келеді.

Әбіл болса өзінің бакқан қойынан, оның өнімінен сый ұсынады.

Құдай тағала болса, Әбілдің сыйын қабылдап, Қабылдың сыйын қайтарып жіберіпті. Қабыл қатты ренжиді.

Сонда Құдай тағала Қабылға: «Неге өңің түтігіп кетті, неге ренжіп тұрсың?»

Егер де жақсы іс жасап тұрсаң неге басыңды көтермейсің? Ал егер жақсы іс жасамасаң, босағанда күнә жатыр; ол сені өзіне шақырады, бірақ сен одан биік болуың керек.

Қабыл мен Әбіл далада жалғыз қалғанда Қабыл Әбілді өлтіреді.

Құдай тағала Қабылдан сұрайды: «Ағаң Әбіл қайда? Ол: «Білмеймін, мен оның күзетшісімін бе?» – деп жауап берді.

Сонда Құдай тағала: «Сен не істедің? Ағаңның қанының үні маған жерден естіледі».

Сен өміріңнің соңына дейін жерден лағынет аласың.

Келесіде сен жерді өңдегенде ол саған күш-қуат бермейді. Сен өмір бойы жерде жалғыз қаңғып жүресің».

Б.з.б. II мыңжылдықтың ортасы I мыңжылдықтың басында оңтүстік және оңтүстік-шығыс бағыттағы екі ірі миграциялық толқын байқалады. Уақыт бойынша бұл Иран үстіртінде, Орталық Азия және Үндістанда болған ежелгі протокалалық және қалалық орталықтардың дағдарысымен сай келеді. Археологиялық және жазба деректер бойынша болып жатқан үрдістерге Ұлы дала да өзінің әсерін тигізеді. Мұсылман ренессансының ұлы ғалымдарының бірі Абу Райхан Бируни өзінің Хорезмдік тарихында екі дәуірді бөліп көрсетеді:

«Мемлекетті алғаш қоныстану Александр Македонскийдің жорығына дейін 980 жылға ерте болды» (б.з.д. V ғ.) және «Кейқысрау және оның ұрпақтарының билігінің бастауы 92 жылдың бірінші мерзімінен кейін болды». Осылайша оңтүстікке арийлердің көшуі бірнеше кезеңнен тұрды, арий тайпалары басқа автохтонды халықты ассимиляцияға ұшыратады және көп уақыт бойы өздерінің әлеуметтік құрылысының, отбасы және құқықтық қатынастарының, діни мәдениетінің, дінінің негіздерін сақтап қалды. Тарихта олардан Иран, Тұран сияқты атаулардың қалғанын атап кетуге болады.

2.5. Мәдениеті

Зерттеу жұмыстары Қазақстанның барлық территориясында қола тайпаларының мәдениеті біркелкі болғанын көрсетеді. Соңғы кезде «Авеста» жазбаларындағы арийлер археологиядағы шартты ұғым «андронов» қауымдарына жатады деген пікірді айтушылар көп, осы дәлелдің пайдасына орасан көп айғақтар табылып жатыр. Арийлермен қатар «Авеста» сияқты деректерде аты аталатын тур, қиян тайпаларының да қола дәуірінің материалдық және рухани мәдениетін қалыптастыруға қатысы бар деп есептейміз. Мүмкін қола мәдениетінің Ұлы Даланың батыс және шығыс өлкелерінде кездесетін азда-

ған айырмашылықтары негізгі этникалық құрылымның арий, тур, қиян болып бөлінетін аражіктеріне байланысты қалыптасқан шығар. Жалпы қола дәуірінің ғажап құбылыстары аз емес, олардың көпшілігі нақты зерттелді деп айту да қиын.

Қола дәуірі кезеңінде ірі қоныстар өзен-көлдердің маңайларында орналасқан. Бұл ең біріншіден шаруашылықпен байланысты болды. Мал шаруашылығы үшін жақсы жайылым керек болса, егіншілік үшін құнарлы жер керек. Сонымен қатар, кенші қауымдар кен өндіру үрдісіне су көздерін ұтымды пайдалану үшін бүгінгі күнге дейін сақталған алып бөгеттер салды. Қоныстар әдетте 10-20 үйден тұрған. Үйлердің аудандары әр түрлі 100-ден 300 шаршы метрге дейін жетті. Көбінесе жертөлелер 1-1,5 метрге дейін тереңдікте орналасты. Қоныстар ортақ қорғаныс орларымен және бөрене қоршаумен қоршалған болды. Тұрғын жайдың төбесін бірнеше тіреулермен тірелген екі жақты шатыр жауып тұрады. Орталық және Батыс Қазақстанның қырат аймақтарында үйдің іргетасын салу кезінде көбінесе тасты пайдаланған. Қоныстар маңында рулық қорымдар орналасты. Қабір іргелері ретінде тас плиталардан құрастырылған жәшіктер қолданылады. Олардың айналасына қырынан және жерге қазылып қойылған тас плиталардан қоршаулар жасалады. Мұндай тас құрылыстар

қазақ арасында «мықтың үйі» деп аталады.

Қола дәуірі адамдарының аяқ киімдері былғарыдан, такасыз, сінір жіптермен тігілген, баулары болған. Ерлер мен әйелдердің бас киімі де былғарыдан жасалып, құлақшалары болған. Сыртқы киім жүннен тоқылып немесе күпі сияқты тігіліп, сол жағынан бір түймеге қадалған. Әйелдердің киімі көйлектен, бас киімнен және былғары аяқ киімнен тұрды. Киім алтын жалатқан қоладан, шыныдан, ұлу қабыршағынан жасалған қымбат моншақтармен безендірілді. Мата-лар болса қызыл түске боялды, әшекей бұйымдардан көбінесе үлкен сырғалар, спираль тәріздес сақина-лар, мойын алқалар, қола және шыныдан жасалған білезіктер мен сақина-лар, т.б. әшекейлер істелген. Тұмар ретінде әйелдер мен еркектер мойындарына аңдардың азу тістерін, теңіз ұлутастарын таққан. Табылған ыдыс-аяқтардың ішінде көбінесе сүт тағамдарының қалдықтары бар. Сүйектер арасынан сиырдың, жылқының және қойдың сүйектері кездеседі.

Қола дәуірі қауымдары арасында күнделікті және ғұрыптық өмірге арнап қыш ыдыстарын жасау кең орын алды. Ыдыстар көбінесе қолмен немесе қыш шеңберінде жасалды. Сыр бойындағы Түгіскен кесенесінде қазба жұмыстары кезінде 200 сынбай аман қалған қыш ыдыстар

табылды, олардың көпшілігі ерекше геометриялық өрнектермен безендірілген және тамаша салттық жоралғыда жасалған. Өте сәнді жасалған қыш ыдыстар далалық аймақтағы қазба жұмыстарының кезінде де қорымдардан табылады. Шаруашылыққа пайдаланылатын қыш ыдыстар қарапайым түрде кездеседі, оларда ою-өрнек те бола қоймайды.

Қола дәуірінің қорымдарында жүргізілген археологиялық зерттеулер б.з.б. II мыңжылдықтың басында Днепрден Алтайға дейінгі Ұлы далада екі мәдени-тарихи қауымдастық болды деп есентейді. Батыс қауымдастығы археологтар тарапынан «Жарма мәдениеті» (кабірді жарма түрінде қазуға байланысты) деген атауға ие болды. Қазақстанның далалық аймақтары мен Оңтүстік Сібір өлкесіне қатысты Шығыс қауымдастығы «Андроновтық мәдениет» деп аталады. Сонымен қатар, қола дәуірінің ескерткіштері Қазақстанның оңтүстік алқабынан да көптеп табылған. Бұл мәдениеттердің арасында ерекше бөлініс байқалмайды және қазақ аңыздары да оларға қатысты бір ғана ұғымды, «мық мәдениеті» деген атауды қолданады. Мәдени кешеннің негізгі көріністері еңбек құралдары мен қару-жарақтардың сапасының күрт жақсаруы, қола өндірісін игеру, ат әбзелдері мен жеңіл соғыс арбаларының пайда болуы.

Ежелгі тайпалардың көркемдік талғамы мен мәдениеті туралы әше-

кей бұйымдар мен өнер заттары бойынша топшылауға болады. Тау жыраларында орасан зор сурет галереялары Тамғалытас, Теректі әулие және т.б. соғыс арбалары, садақ тартып тұрған батырлар, ғұрыптық билерді орындап шырқобелек айналған бишілер бейнеленген. Барлық бейнелердің үстінен «күн басты тіршілік иелері» тұр. Қола дәуірінің өнері Қаратау өңірінде жартаста әлемі көрініс тапқан, олардың ішінде тек қана ат арбаның суреттерінің өзі 50 шақты.

Қола дәуірінің тайпалары Күнге, т.б. аспан шырақтарына табынды. Екіншіден от, су сияқты құдіреттерді дәріптеді, бұл жөнінде осы кезінде кенінен таралған өлікті өртеу ғұрыпынан білуге болады. Тіпті мәйіт жатқан кабірлерде күл мен ағаш көмірдің қалдықтары кездеседі. Көптеген кабірлердегі мәйітке қызыл бояу (охра) себілген. Қызыл түс ежелгі адамдардың санасында отпен теңестірілген және қас рухтардан қорғайтын сиқырлы күші болған. Діни сенімдердің үстем формасы ата-баба аруағына сыйыну болды. Қола дәуірінде бақи дүние туралы түсініктердің болғанын өлікті аспен, киіммен, еңбек құралдарымен, әшекей заттарымен бірге жерлеу түсіндіреді.

Қола дәуірінің ортасынан бастап қазақ жерінде бір жағынан демографиялық факторлардың, екінші

жағынан Зәрдүш дінінің кіруіне байланысты қайшылықтардың, үшіншіден ұлыстардың өз арасындағы жерсуға талас себепті арий қауымдары оңтүстікке қарай көше бастады. Егер біз Ұлы дала тарихына тереңірек қарайтын болсақ, бұл алғашқы көші-кон емес екенін білеміз. Шығыстың егіншілік оазистеріне алғашқы болып өте ерте замандарда шумерлер келді. Олардың келуімен ежелгі Қосөзен, т.б. өркениеттер құрылды (Шумер, Мысыр, Мохенджо-Даро); олар Қытай өркениетінің пайда болуына да әсер етті деген мағлұматтар бар. Миграцияның екінші толқыны б.з.б. IV-III мыңжылдықтар соңында үнді-еуропалық қауымдардың ыдырауымен байланысты. Үнді-еуропалық оңтүстік-шығыс Еуропаға (гректер, фракиялықтар), оңтүстікке, яғни Кіші Азияға (хеттер және т.б.), батыс Еуропаға (кельттер және т.б.) бет алады, кейін тайпалар қозғалысы Батыс Еуропаға (герман тайпалары), Прибалтика ормандарына (литвалықтар және латыштар) жалғасады.

Б.з.б. II мыңжылдықта арий тайпалары бастаған үшінші миграция толқыны жалғасады. Тарихшылар әлеуметтік-экономикалық және демографиялық жағдайды миграцияның әр түрлі факторлары ретінде қарастырады. Біздің ойымызша, дала халықтарына шығыс мәдениетінің ошақтары анда-санда бастан кешетін дағдарыс-қоллапстар да жүйелі

түрде әсер еткен. Қалай болғанда да арий тайпаларының ежелгі үнді өркениеттерінің қалыптасуындағы рөлі ерекше. Б.з.б. XIV-XIII ғасырларда арий тайпаларының солтүстік Үндістанға енуі басталады. Саны жағынан аз, бірақ жақсы ұйымдасқан арий тайпалары Үнді және Ганг өзендеріне жол ашты. Арий тайпалары ежелгі дравидтердің матриархалды қоғамдық тұрмысына көптеген жаңалықтар әкелді. Металды игеру, ирригациялық жүйе осының барлығы да арийліктердің Үндістанда тез арада орнығуына көмек көрсетті.

Арийліктердің Үндістанға келуінен бастап жаңа дүние тәртібі орнығады, ол үнді өркениетінің әрі қарайғы тарихи жолы мен дамуын белгілейді. Бұл жөнінде Дж. Нерудің: *«Үнді мәдениеті мен өркениетінің көптеген мыңжылдар бойы өмір сүріп, қазіргі уақытқа дейін жеткені қызықты. Мүмкін біз солтүстік-батыс таулы беткейлерден келген халықтардан тараймыз. Көресің бе, олар өздерінің арбаларымен тау беткейлерінен төмен түсіп келе жатыр? Олар өте ержүрек болды, себебі алда не күтіп тұрғанын білмей-ақ болашаққа қадам басты»* деген әдемі суреттемелері бар.

Ежелгі үнді аңыздарында бұл уақытты «алтын ғасыр» деп атайды. Сол уақыттарда бұл жерде не қасталар, не сословиелер, не мүлік теңсіздігі болған жоқ. Бір сөзбен айтқанда,

бакташылық идилияның суреті кескінделеді: «Ол адамдар бақытты болды, себебі ойлаған істерін жүзеге асыра алды. Сол кездері не заң, не заңсыздық болған жоқ, барлық адамдар тең болды. Туғаннан бастап олар сұлу келіп, ұзақ өмір сүрді».

Қытай тарихнамасында Қытай өркениетінің пайда болуы б.з.б. II мыңжылдыққа жатқызылады, осы кезде Шань-Инь әулеті билік жүргізді. Белгілі шығыстанушы Л.В. Васильевтің пікірі бойынша, *«бұл мәдениет көбінесе сырттан келген әсерге көп қарыздар»*. Шань-Инь дәуіріне дейін қытайлықтар не жылқы, не арба дегенді білген емес. Алғашқы бетте көшпелілер әсері бейбіт және баяу жолмен жүргізілді. Б.з.б. II мыңжылдықтың ортасында көшпелі тайпалардың бұл территорияға басып енуі айқын бола бастайды. Инь дәуіріне жататын «баксылық (жауырын)» сүйектерінде жазылған деректер қалған. Әдетте, балгер-абызанның жауырын сүйегін алып, оған сұрақты өткір таспен қашап жазып, отқа тастайды. Күйген сүйекте пайда болған жарықшалар бойынша ол сұрақтың жауабын оқиды. Сонымен, қысқаша мынадай сурет айқындалады. Б.з.б. II мыңжылдық ортасында Со әулетінен кейін билікке Инь әулеті келіп, осы кезден бастап Қытай тарихында классикалық кезең басталады. Билік басында 640 жыл болған Инь әулетін Чжоу әулеті ауыстырады. Осы кез-

де мемлекеттің жақсы ұйымдасуы байқалады. Б.з.б. I мыңжылдықтың ортасында солтүстік Қытайдың саяси тарихында жундар мағыналы рөл атқарады.

Ежелгі Шығыс мәдениеттері ішінде ұқсастықтар мен айырмашылықтар өте көп. Мысалға, тілдер аса ерекшеленеді; жекелеген экологиялық жағдайларға бейімделген материалдық мәдениеттер арасында ұқсастықтар аз. Басты ұқсастық рухани талпыныстарда деп есептейміз. Бұл үрдістерде Еуразияның дала халықтарының әмбебап рухани негіз салушы мәнін іздеу және дәуірдің нағыз рухани бағалы шығармасы – зороастризм (зардуш) әсерін айқындау керек. *«Зороастр пайғамбар ежелгі уақытта өмір сүрген, оның ізбасарларының өзі бұл қай уақытта болғандығын ұмытқан-ды»*, – деп бұл тақырып бойынша жазған ең белгілі маман М. Бойс. – *«Ұзақ уақыт бойы Зороастрдың шыққан отаны жөнінде көп пікірталастар болды. Бірақ ол замандағы гимндердің (жырлардың) тілі мен мазмұнына қарайтын болсақ, пайғамбар Еділден шығысқа қарайғы Азия даласында өмір сүрген деп айта аламыз»*. Бұл адамның жаратылыс құпиясына алғаш үнілуі болды. Сол кезден бастап адамзат дүниесі Құдайға сенетін және сенбейтін екі карама-карсы топқа бөлінеді.

Діннің дәстүрлі элементтері көне рухани бастауларға, адам жараты-

лысына әсер еткен субстанциялық түсініктерге сүйенеді. Мысалы, зороастризмде көптеген ғасырлар табынудың негізгі элементтері – от пен су. Су, от және басқа да табиғат күштеріне табыну нысандары, сонымен бірге жерлеу дәстүрі сол кездегі бакташы халықтардың бүгінгі ұрпақтарында сақталған. *«Мәңгілік от үнді-еуропалықтар арасында кең таралып, олар жанып жатқан отқа Құдайға сиындай сиынды, зороастрлықтар отты Атар деп атаған. Олар отқа үш элементтен тұратын құрбандық әкелген: құрғақ таза ағаш, жұпар иіс, біраз жануар майы»*, – деп жазады М. Бойс. Аталған компоненттердің ішінде ең негізгісі – май (отқа май құю). Үнді-иран халықтарының (кейінгі дала халықтарында да) зороастрлық табынудың құрамдас бөлігі – су мен күнге құрбандық ету. Бұл мақсатта көбінесе сүт не қымыз (ақ) пайдаланған.

Этнографиялық зерттеулерге қарағанда, Қазақ хандығы дәуірінде көшпелі жауынгер тайпалардың арасында зороастрлық табынудың үлкен кешені сақталды. Бұл дәстүрлер, әсіресе қазақтың от пен суға деген қасиетті көзқарастарында нақты көрініс тапқан, тағы бір көрнекті мысал қазақтардың зұлым күштерден қорғану және тазарту салты, құрбандыққа шалынған малды қасиет тұту (ақсарыбас) және т.б. Зо-

роастризмнің (Зәрдуш) негізін салушы Заратуштраның өмір сүрген жылдары М. Бойстың айтуы бойынша: «Зороастр б.з.б. 1500-1200-жылдар аралығында өмір сүрген. Осы кезеңде Ұлы дала мәдениеті гүлдену үстінде болған, оны «дала ренессансы» деп атауға болады». Біз жоғарыдағы мысалдардан ой түйе келе, Зәрдуш пайғамбар және оның ілімі қола дәуірінде қазақ жерін мекендеген елдің ерекше шаруашылық дамуының, әлеуметтік өмір салтының, әлем елдерімен тығыз мәдени қарым-қатынаста тұрған байланыстарының нәтижесі деп есептейміз.

Бұл бетбұрыс, біздің ойымызша, дала металлургиясының аса дамуына байланысты болды. Түсті металл өндірудің көптеген орталықтары дала аймақтары шекарасынан шығып Шығыс Қазақстан мен Алтай тауларын, Оңтүстік Сібір мен Солтүстік Қазақстан, оңтүстігінде Бетпақдаланы да қамтиды. Қоғамда кен өндірісімен, құрылыспен айналысатын, қыш заттарын дайындайтын адамдардың топтары қалыптаса бастайды. Ірі өнеркәсіптік мамандану және мал санының өсуі қола дәуірі мәдени дамуының негізін салады.

3-тарау. Сақ дәуірі

3.1. Дәуірдің ерекшелігі

Б.з.б. I мыңжылдықта Жетісу мен Түркістаннан Қара теңіз бойына, Ал-

тай тауларынан Хорезмге дейінгі территорияны «сақ» атауына ие болған көптеген тайпалар мекендеді. «Тарих атасы» Геродот (б.з.б. V ғ.) оларды «скифтер» деп атайды. Скиф атауымен ерте көшпелілер антикалық әлемде белгілі болды. Ирандықтар даланың жауынгер тайпаларын «сақтар» деп атады. Ғылыми әдебиеттерде бұл дәуір «ерте темір ғасыры», «ерте көшпелілер дәуірі», «сақ дәуірі» деп аталады. **Сақтардың этномәдени аралына көптеген тайпалар кіреді. Олардың нақты санын белгілеу мүмкін емес, грек деректерінде – данзар, массагеттер, исседондар, т.б., парсы деректерінде – сақ-хаомоварга, сақ – тиграхауда, сақ – парасогдум, сақ – парадарайя сияқты атаулары бар.** Түркі – моңғол эпосы (Оғыз қаған, т.б.) бұл дәуірді оғыз қауымына кіретін тайпаларымен байланыстырады. Біз біздің жыл санауымызға дейінгі I мыңжылдықта Еуразия даласына үстемдік құрған сақ-скиф қауымына енетін тайпалар мен ұлыстарды протооғыз деп оғыз қауымының арғы атасы санағанды жөн көреміз.

Сақ дәуірінің материалдық мәдениеті ғажап ескерткіштерге бай. Алтайдан бастап Еуропаның ортасына дейінгі далалық алқапты, тау баурайларын алып жатқан ұлан-байтақ кеңістікте скиф-сақ қорғандары жиі кездеседі, олардың қай-қайсысын алып қарасаңыз да өнер туындыларын молынан кездестіресіз.

Өнер туындылары қымбат металдан жасалады және жыртқыш ан-күстардың, жартылай көшпелі тайпалардың күнделікті өмірлерінің көріністеріне толы. Биік суретшілік шешіммен жасалған ерте көшпелілер әлемінің қолөнершілерінің зергерлік дүниелері «аң бейнелі» деген атаумен қалың елге танымал. Мәдениеттану ғылымында осы құбылысты «скиф үштігі» деп те аталатын ұғымға енгізеді.

Ғылымда көп уақыт бойы ғалымдар скифтердің өнер ескерткіштерін гректер, солтүстік Қара теңіз қалаполистерінің тұрғындары жасап шығарды деген тұжырым өмір сүрді. Кейін «аң стилінде» жасалған бұйымдар Қазақстанда, Оңтүстік Сібірде, Орталық Азияда және солтүстік-батыс Иранда табылған соң бұл әңгіме тоқтады. Әр уақытта еңбек құралдары басқа аймақтарға баяу жайылады, себебі аборигендік мәдениет сырттан келген жаңалықтарды әрдайым қабылдай бермейді, олар консервативті болады. Біздің пікірімізше, б.з.б. I мыңжылдықта Еуразияның далалық субконтинентінде мықты мәдени орталық болған және сол орталықтан кәрі құрлықтың барлық жағына ортақ үлгілері тараған.

Б.з.б. I мыңжылдыққа жататын Ұлы дала ескерткіштерінің археологиялық қазбалар кезінде табылған құнды олжалары және антика жазба деректері бұл уақытта халықтардың

жиі қозғалыста болғаны жөнінде мәлімдейді. Еуропаның шығыс аймағында скиф тайпаларының қашан пайда болғаны жөнінде нақты мәліметтер жоқ, тек Геродоттың айтуы бойынша, *«аримастылар өз жерлерінен исседондарды, исседондар өз кезегінде скифтерді, ал оңтүстік теңіз (Каспий) жағалауында тұрған киммерлерді скифтер тұрақты жұртынан ығыстырды»*. Бұл мәлімет ерте көшпелілер дәуірінде Орталық Азияда басталған үлкен миграциядан хабардар етеді. Тағы бір аңызда *«Азияда тұрған көшпелі скифтер массагеттер жағынан қысым көргендіктен Аракс өзенінен өтіп, киммерліктер жеріне барғаны»* жөнінде айтылады. Сақ-скифтердің алдында Таяу Шығыс пен Еуропаға танылған көшпелілерді деректер «киммер» деп атайды, бұл белгілі бір халық аты емес, жалпы салт атты жауынгер ел дегенді білдіреді.

Жоғарыда аттары аталған этникалық топтардан басқа жазба деректерде және аңыздарда Батыс Қазақстан өлкесін мекендеген сарматтар туралы айтылады. Бұл жауынгер тайпаларға қатысты деректер де, олардың мәдени ескерткіштері де сарматтардың скиф-сақтарға туыстас халық екенін байқатады. Скиф-сақ мәдени қауымдастығына кірген көптеген этникалық топтар мен саяси бірлестіктер әлі де жан-жақты тыңғылықты зерттеуді қажет етеді. Бұл мәселені

Қазақстан территориясында сак дәуірі кезеңінде мал шаруашылығының бірнеше түрі болған. Бірінші жартылай шөлейтті зоналармен байланысты, онда егіншілікпен немесе шөп шабумен айналысу мүмкін емес еді. Мұндай аймақтарда ұсталынатын басты мал түрлері – жылқы, түйе, қой және аз көлемде ірі қара мал. Қысқы уақытта олар Қазақстанның оңтүстік аймақтарына көшуге тырысты. Бұл жерлердің ауа райы адам мен мал үшін өте қолайлы болған, қыстауды көшпелілер Түркістан оазистерінде өткізген.

Деректерде сак-скифтердің көшпелі өмір салты көп суреттелсе де, олардың басын тіршілігі жартылай көшпелі мал шаруашылығы деп есептейміз. Көшіп-қону радиусы үлкен болған жоқ, себебі жайылым арасындағы қашықтық аз болған. Осындай шаруашылық түрі қола дәуірінің мұрасы және өзінің типі бойынша қазіргі замандағы отарлы мал шаруашылығы немесе мерзімді жайлауға шығуға ұқсас. Жартылай көшпелі шаруашылық түрі Орталық Қазақстанның таулы-орманды массивтерінде (Баянауыл, Қарқаралы, Ұлытау, Көкшетау) басым болған, сонымен бірге Солтүстік және Шығыс Қазақстанның орманды дала аймақтарында кең тараған. Батыс Қазақстанның сармат тайпалары да жартылай отырықшы мал шаруашылығымен айналысқан. Қазақстанның таулы ау-

дандарында (Алтай, Атау) көшіп-қонудың вертикалды әдісі қалыптасты: қыстауды өзен аңғарларында өткізсе, жайлау тау беткейлерінде болған. Жартылай көшпелілер қыстаулық территорияда шағын су көздерін пайдаланып суармалы егіншілікпен айналысқан. Стационарлы үйлер мен шаруашылық мекемелер салған. Табынның ішінде ірі қара мал үлесі де аз емес.

Отырықшы мал шаруашылығы Қаратау жотасының оңтүстік оазистерінде кең тараған (Сырдария мен Амудария арасы, Талас, Арыс, Шу, Іле өзендерінің жағалаулары және т.б.). Осы аудандарды отырықшы сактар мекендеген, олар егіншілікпен қатар бакша да өсірген. Отырықшы оазис тұрғындары мен дала көшпелілерінің өмір салттары әр түрлі болды.

Сак-скиф тайпалары аздап егіншілікпен айналысқан. «Олар бидайды өздерінің азығы үшін емес, сатуға өсірген», – деп антика дәуірінің тарихшылары егінші-скифтер жөнінде нақты сипаттамалар жазады. Оған куә скиф қалалары аталатын Қара теңіздің солтүстік қапталындағы Батыс өлкедегі отырықшы қоныстар (Неаполь), егістік алқаптары, ал енді казак сахарасын мекен еткен қауымдар (аргиппей, исседон, гипперборей, дайдах), массагет және т.б.) көшпелі мал шаруашылығымен айналысып, оның өнімдерін Мәуреннахрға шығарып отырған болуы керек.

Дегенмен, бұл дәуірдің басты құндылығы қолөнердің гажайып дамуы және оның мәңгілік үлгілері жасалуында. Ерте көшпелілердің қолөнері, әсіресе зергерлік өнердің керемет туындылары археология ғылымы пайда болмай-ақ көптеген аймақтарда белгілі бола бастады. Көне қорғандардағы алтыннан жасалған қымбат заттар Еуропаның кезбелері мен тонаушыларын қызықтырып, олар Қара теңіз бойындағы ежелгі қорғандарға шүйлікті. XVIII ғасырда Сібір мен Алтай алқабына келе бастаған орыс қоныс аударушыларының алдымен тиіскені ерте көшпелілердің бай қорғандары еді. Жаз уақытында олар бірнеше адамдық артельдер құрып сактардың қорғандарын казумен және тонаумен айналысты. I Петр патшаның кезінде ежелгі дүниенің қымбат қазынасын аман сақтап қалу мақсатында Ресейде Кунсткамера құрылып, империяның әр қиырынан, соның ішінде казак жерінен табылған қымбат зергерлік бұйымдардың біршамасы соған түсе бастады. Бүгінгі күні ерте көшпелілердің қорымдары мен қорғандарын казумен арнайы археологиялық институттар мен орталықтардың мамандары айналысады. Сак-скифтердің өнері археологиялық казба жұмыстары кезінде табылған әр текті заттардың орындалу технологиясы жоғары болғандығын дәлелдейді. Әрбір шебер өз қауымына не-

месе айналасына қажет заттарды жасап шығарған. Сонымен қатар, б.з.б. I мыңжылдықта дала металлургиясы үлкен жетістіктерге жетеді: жаңа қорытпа түрлері жасалды, жаңа металлургиялық ошақтар мен пештер құрастырылды. Ә.Х. Марғұлан көне дәуірлердегі металлургия тарихы туралы жаза келе: «*Сақтар темір рудасын балқытудың әлі күнге дейін анықталмаған тәсілін білетін*», – деп ерте көшпелілердің шаруашылық мәдениетінің ашылмаған сырлары бар екенін ескертеді.

Ерте көшпелілер дәуірінің шаруашылық деңгейін анықтау үшін ескерткіштердің орнына ерекше, олардың ішінде Есік обасынан табылған олжаның ғылыми, тарихи-мәдени бағасын анықтау қиын. Қазба жұмыстарының нәтижесінде Есік қорғанынан табылған көлемді ақпарат гуманитарлық ғылымдардың ірі салаларына – көне тарих, мәдениет тарихы, өнер мен жазу, тіл сияқты Қазақстан ежелгі тарихының құрамдас бөліктеріне әсер етері сөзсіз. Бұл ақпаратты қорыту, жинақтау ежелгі тарихымызға қатысты қалыптасып қалған көптеген дәстүрлі көзқарастарды жоққа шығарады. Есік олжасы жақсы сақталғандықтан жерлеу ғұрпын қалпына келтіруге, салтанатты бас киімді, киім мен аяқ киімді, әр түрлі әшекейлердің орналасу ретін анықтауға мүмкіндік берді. Осы тұрғыдан және өнер туын-

дыларының орындалу шеберлігі мен табылған алтын заттардың сан көрсеткішінен Есік қазынасы салыстыруға келмейтін айрықша табыс екенін білдіреді. Есік қорғанында төрт мыңнан астам алтын заттар табылды, олар – көркемдік өнерінің баға жетпес туындысы. **Соңғы кезеңде «Мәдени мұра» бағдарламасына сәйкес сак дәуірінің Шілікті, Берел сияқты патша қорымдарына казба жұмыстары жүргізіліп, қазақ археологиясының мерейін көтерген бірнеше «алтын аламдар» табылды. Енді тарих ғылымы үшін бұл «алтын адамдар» сериясының қай заманға, қай этносқа, қай тілдік-мәдени ортаға тиесілі екенін айтып сөйлегені қажет-ақ.**

Екіншілік пен мал шаруашылығынан басқа скиф-сақтар аңшылықпен, балық аулаумен айналысқан. Аңдарды қоршап аулау әдісі көшпелілерге көп пайда әкелді. Себебі, бұл тек табыс көзі ғана емес, үлкен жауынгерлік тәжірибе мектебі еді.

3.3. Әлеуметтік құрылымы

Ерте темір дәуірінде сақтар қоршаған ортаға бейімделген тамаша әлеуметтік құрылымды дүниеге әкелді. Сол кезеңдегі антика деректеріне қарағанда ерте көшпелілердің қоғамдық тіршіліктерінде халық жиналысы маңызды қызметті атқарды. Лукиан жазбаларында скифтердің қоғамдық әр шаруасына бүкіл ер-азаматтар қа-

тысқан, бұл демократиялық тәртіп, әсіресе жауынгерлік кезеңінде көзге түседі. Ер адамдардың қоғамдағы орны оның өз жекебасының қабілеттеріне қарай және ру-тайпасының деңгейіне қарай анықталады. Әлеуметтік құрамның көп бөлігін тәуелсіз көшпелілер құрағаны себепті азаматтық қоғам билік басындағыларды қатты қадағалап, олардың қызметтік өсуіне қатысты меритократиялық қағидаларды ұстанды, яғни тек жеке басының қабілеті мен тәжірибесі жеткілікті адамдар ғана ел басылыққа ұсынылатын.

Ерте көшпелілер Ұлы даланың перифериясында орналасқан қала жұртымен тығыз араластықта өмір сүрді. Көшпелілер үстем әлеуметтік топ есебінде көрші отырықшы тайпалардан, дикандардан, қалалықтардан салық алу арқылы (данничество) қарым-қатынас орнатты.

Сак қауымдастығының қоғамдық құрылымын сызбанұсқа түрінде былай беруге болады: патронимия (ата баласы), ру (бірнеше патронимиялық топтардан құрылған көшпелі қауым), ру-тайпалар одағы (биліктің потестарлық функциясына және мемлекеттіктің алғашқы формасына негізделген генеалогиялық түбі бір тайпалар конфедерациясы). Қоғамның негізгі кірпіші ру болды және ол өзінің территориясын, атауын, диалектін, ортақ діни сенімдері мен ырымдарын, мәдени үлгісін әр-

дайым сақтап отырды, рулық кеңес оның құрамында жоғарғы би, батыр-қолбасшысы бар басқару ұжымы, сак патшалары да осы кеңеске бағынышты. Сак-скиф заманындағы әлеуметтік құрылым осындай сипаттауға ие деп есептейміз.

Сақтардың әлеуметтік құрылымы көшпелілерге тән қасиеттерімен танылады. Елдің көпшілігі – жауынгерлікті кәсіп еткен, руларға біріккен еркін азаматтар. Саяси тізгін Тарғытай әулетінен тараған патшалар қолында болды дегенмен, елдің тағдыры үлкен кеңестерде шешіледі. Бұл салт Кир жорығына қатысты дайындықтың кезінде анық көрінеді. Көшпелі сак этномәдени қауымдастығына енген рулардың ішінде әлеуметтік-саяси өмірде белсенді қызметке ие болғандары да немесе солардың айтқанымен ғана қозғалатын бағыныштылары да бар. Осыған қарағанда, әлеуметтік өмірдің бір реттеуші салты рулардың ішкі иерархиясында деп ойлауға тура келеді. Геродот бастаған грек тарихшылары әр түрлі аңыздық деректер мен шығыс алқаптағы қалаполистерді мекендеген эллиндердің айтқанына сүйеніп скифтерде патша билігі болды дегенді жазады. Мемлекеттік институттардың қалыптасуы сырттан түсетін алым-салық мөлшеріне тығыз байланысты. Себебі, сак-скиф қоғамында саяси биліктің іргетасы болатындай экономикалық негіз сезілмейді.

Ерте көшпелілердің әлеуметтік құрылымын түсінуге тарихи-генеалогиялық аңыздар үлкен мүмкіндік береді. Скифтердің айтуынша, олар барлық халықтардан жас және шығу тегі былай: *«Бұрын адам аяғы баспаған олардың жерінде Тарғытай атты бірінші адам туған; Тарғытайдың ата-анасы деп Зевспен өзен құдайының қызы Борисфенаны айтады. Сонымен, Тарғытай шыққан тегі осылай, олардың айтуынша, ал одан үш ұл туған: Липоксай, Арпоксай, кенжесі Коллаксай. Олардың заманында скиф жеріне аспаннан алтын заттар түскен: соқа, мойынтұрық, айбалта және тостаған. Ағайындылардың үлкені бұл заттарды бірінші көріп, жақындап алайын деп ұмтылғанда, алтын жалындап, оны жолатпапты. Ол кетісімен екіншісі жақындап еді, алтынмен жаңағы тағы қайталанды. Соныменен, алтын жалындап өзіне оларды жақындатпады, бірақ үшінші бала, ең кенжесі, жақындағанда алтынның жануы тоқтап, ол алтынды өзінің үйіне алып барды. Үлкен ағалары осы таңғажайып оқиғаның мағынасын түсініп, бүкіл патшалықты кенжесіне берді.*

Сөйтіп, енді Липоксайдан қазір «аухат» атанып жүрген скиф руы тарады, ортанышысы Арпоксайдан – «катиар» және «траспи» атанған-

дар. Ал кенжесі Колаксай патшадан: «патшалар» аталатындар тарады; олардың барлығының ортақ аты – «сколот», бір патшасының атына байланысты қойылған атау, ал оларды скиф атандырғандар – элиндер (гректер)».

Деректерге қарағанда, сак-скиф көсемдерінің қолында саяси билік шоғырланды, олар соғыс пен бейбітшілік сұрақтарын шешті. Патша әулетіне құрмет идеологиялық негізінде көсемдердің қасиетті (сакральді) шығу тегі жатыр. Көне аңыздарда бұл өте оңай түсіндіріледі: біріншісінде патшалар өзінің бастауын Папай құдай мен өзен қызы Борисфенадан алады, екіншісінде Геракл мен Ехиднадан. Ал материалдық тұрғыдан мұның дәлелі патша қорғандарының салынуы. Мысалы, Бесшатыр қорғанының тас, ағаш, жерден жасалған үйіндісінің көлемі – 80 мың кубометр. Жетісудағы Есік қорымында ең үлкен қорғандардың биіктігі – 15-20 метр, диаметрі – 100 метр.

Осы кезеңге қатысты тағы бір ескере кететін мәселе – әлеуметтік және идеологиялық жүйедегі үштік (тернарлы) құрылым. Деректерде Колаксайдың үш ұлы, үш әкімшілік-саяси бөлініс, сәуегей-жырлаулардың үштік корпорациясы, сактар мен парсылар арасындағы соғыс кезіндегі әскердің үш тобы, үш топқа негізделген қоғамдық құрылым, т.б. үштік құрылымдар көзге түседі. Ерте көш-

пелілер заманында қоғамдық құрылымның символы ретінде аспаннан түскен «қасиетті мұра» туралы аңыздар кең тарады. Мұндай аңыздар Тарғытай, Колаксай сияқты скиф-сак елдердің бабаларының есімдерімен байланысты және негізгі үш тапты, яғни абыздар, жауынгерлер мен халықты білдіретін, аспаннан түскен үш қасиетті зат – тостаған, айбалта, мойынтұрық туралы мәтіндерге қатысты. Бұл идеологиялық белгілердің бәрі де сак-скиф қоғамында әлеуметтік реттелген қарым-қатынастарды құруға мүмкіндік берді.

3.4. Этносаяси тарихы

Қазақстанның ежелгі металлургия тарихын зерттеу барысында А.Х. Марғұлан сак-скиф қауымының этникалық негізі қола дәуірімен байланыстының нақты деректермен сипаттаған еді: «*Орталық Қазақстан мен Сібірде мыс индустриясының негізін қола дәуірі тайпалары салды, олардың шаруашылығында екі сала айқын көрінді: мал шаруашылығы және кен өндірісі... Қола дәуірінің соңғы ширегінде тайпалар көшіп-қонудың радиусын ұлғайтты. Бұл сактар, массагеттер, аргинейлер, аримастылар, исседондар және т.б. тайпалар кірген алғашқы ірі одақ болды*». Бұл дәуірде еуразиялық дала өңірін мекендеген елдің антро-

пологиялық түр бейнесі протоеуропаид кескінді болды. Қазақстан жеріндегі палеоантропологиялық зерттеулер жергілікті халықтың түр бейнесіне монголоидтық элементтердің аздап енуі де осы кезеңде басталатынын көрсетеді.

Б.з.б. I мыңжылдықтағы Еуразия көшпелілері жайлы ең ертедегі жазба мәліметтерді біз парсы деректерінен аламыз. Сактар туралы деректер Иранның Персеполь сарайының іргетасына жазылған, Бехистун тас жазуына іліккен, тіпті сак суреті де бар. Парсылар сактардың үшке бөлінетіні жайлы баяндайды – тиграхауда – жебе бас киімділер, хаомоварга – хаом сусынын қайнатушылар, тиай – парадарайя – теңізден әрілер. Бұлардың көпшілігі Қазақстан жерін мекендеп, тамаша ескерткіштер қалдырған. Сонымен қатар, сактар жөнінде Қытай деректері де кездеседі. Мәселен, Шығыс Түркістан, Жетісу өлкесін ғұндар мен үйсіндерге дейін «сэ» елі мекен еткен. Оларды батысқа қарай ықсырған юечжілер еді делінеді. Осы қозғалыс сэ (сак) тайпаларын Орта Азия жеріне, одан әрі Солтүстік Үндістан өлкесіне жетелегені белгілі. Бұл оқиғалар б.з.б. III-II жүзжылдықтарда болған.

Б.з.б. VIII ғасырда сак-скиф этномәдени қауымдастығына енетін тайпалар Қара теңіздің солтүстік жағалауындағы далалық аудандарын

мекендеген. Олар үнді-еуропалық тайпаларды ығыстырып, грек қалаполистерімен белсенді қарым-қатынаста болған. Қара теңіз маңында олардың құрған шағын ұлыстары жаңа эраның басына дейін өмір сүрді.

Б.з.б. VIII ғасырда сак-скифтер Алдыңғы Азияда пайда болды. Антика дәуірінің тарихшыларының айтуы бойынша, олар осы жерлерге Каспийдің батыс жағалауы мен Кавказ арқылы жеткен. Көшпелілердің мықты топтары Иран, Кіші Азия арқылы Мысыр территориясына дейін жетті де, перғауын олардан сактану үшін салық төлеуге мәжбүр болды. Сол кездегі ең ірі әлемдік державалардың бірі Ассирия скифтермен одақ құрғысы келді. Патша Ассархаддон скиф көсемі Партатуаға қызын әйелдікке бермекші болды. Мидиялықтар мен басқа да батыс Иран тайпалары скифтерге тәуелділігін мойындады. Геродот Ишпакбай (Ишпекбай) көсемнің заманында сактардың үлкен әскер қосынының жиырма сегіз жыл бойы Таяу Шығыста жорықта жүргенін жазады.

Осыдан кейін скифтердің территориясы ахеменидтік Иран жағынан экспансия объектісіне айналды. Бұл жерде бір заңдылықты ескере кету керек. Иран жерінде мемлекеттің құрылуына Еуразияның орталық алқаптарынан басталған көші-қондардың әсері көп болғаны дәлелденген. Сол сияқты ахеменид

әулетінің негізін салған даланың бакташы тайпалары екендігі белгілі. Дала халықтарының Шығыста құрған мемлекеттері мықты және дамыған болғанымен, билеуші әулеттер өздерінің тарихи Отанымен байланыс іздейді де, ата-жұрттық территорияларды империя құрамына қоспақшы болады. Бұл жерде біз Иранды билеген Ахеменид әулетінің шығу тегін еске алуымыз керек. Геродот, скифтердің өздерінің айтқанынан, олардың Солтүстік Қара теңіз маңы мен Алдыңғы Азияда пайда болуы жайлы әңгімені келтіреді: «Басында көшпелі скифтер Азияда тұрған, кейін массагеттермен соғыста жеңіліп, Аракс өзенінен өтіп, киммерийліктер жеріне өтті...» Атақты саяхатшы, эллин жиһангезі Аристей де скифтердің Еуропа жеріне келуі өзара соғыстардың нәтижесі екенін айтады. Еуропадағы скиф қоғамы құрамының көп тайпалық болуы қоныстануға Ұлы даланың әр түрлі көшпелілер топтары қатыскандықтан. Олардың құрамында Қазақстанның батыс аймағын мекендеген массагеттер көп болған және олар қоныстануға үлкен әсер тигізген. Сонымен бірге, қоныстануға, Аристейдің айтуынша, солтүстік-орталық Қазақстанды мекендеген тайпалар да қатысқан.

Б.з.б. VI ғ. Ахеменид әулетінің патшалары 3 рет (б.з.д. 540, 530, 519 жж.) өз әскерлерін сактарға қарсы жорыққа бастады. Бірінші рет Кир-Яксартка

(Сырдария) дейін келіп, сол жағалау маңында Күрестас қала бекінісін тұрғызды. Екінші жорығында Каспийден ол қалың әскерін шығысқа қарай мекендеген массагеттерге қарсы бағыттады, осы жорықта Кир патша қаза болды. Бұл оқиға жайында бірнеше аңыздар бар: Ширак, Спаргапис, Томирис және адам қанымен толтырылған ыдыс туралы... Антика деректерінде б.з.б. 519 жылы парсылардың скифтерге қарсы соғысы жайлы нақты мәліметтер айтылады.

Дарий ерте заманда Мидияға басып кірген сактардан кек алуды көздеді делінеді аңызда. Парсы патшасының әскері 700 мың адамнан және 600 кемеден тұрды. Скиф даласына кіру батыстан басталды. Геродоттың айтуынша, сактардың атты жасағы қарсыластарды ылғи қуғынға ұшыратып отырған. Бірақ парсылардың жаяу әскеріне сактардың күші жеткен жоқ. Сактардың шегінуіне тура келді, осы кезде парсылар сак жасактарын қуып не қалалары, не бекіністері жоқ далаға кездесті. Ауыр жағдайға тап болған Дарийға сак патшалары жұмбақ сыйлықпен елшілерін жібереді. Сыйлық құрамында құс, тышқан, көлбақа және бес жебе болған екен-мыс, парсылар бұлардың мәнін табуы керек еді. Осыған байланысты Дарий гұламаларды жинап ақылдасты, көпшілігі бұл сыйлықтар бағыныштылық белгісі деген патша-

ның жорамалын қолдап шықты. Ақыры жұмбақтың шешімін Гобри деген қарт қолбасшы тапты. Бұның мәні тіпті басқаша еді: «Егер сендер, парсылар, құс тәрізді аспанға ұшып кетпесеңдер немесе тышқан секілді жер астына кіріп не болмаса көлбақа сияқты суға түсіп кетпесеңдер біздің жебенің нысанына айналасыңдар». Парсы әскері сак жерінен кетуге мәжбүр болды.

Б.з.б. 519 жылы Дарий тиграхауда сактарына жорық ұйымдастырды. Осы сак тайпалары Сырдария өзенінен солтүстік-шығысқа қарай, яғни қазіргі Қазақстан территориясын мекендеген. Сонымен бірге, Геродот хаомоварга-сактары мен дайлар (дахтар) туралы жазады. Ксеркстің Персеполь жазуында дайлар Ахеменидтерге тәуелді ірі халықтардың бірі деп көрсетілген. Александр Македонский кезеңінде Танаистан (Дон) келген дайлар басында гректермен соғысқан, кейін олар Александрдың әскері құрамында Үндістанға жорыққа қатысқан. Антиқ деректерінде: «Массагет жауынгерлері астарындағы аттарына арнайы мыстан жасалған көбе сауыт кигізеді», – деп жазады тарих атасы Геродот. Массагеттер этнонимі Қазақстанның далалы аймақтарының көшпелі тайпаларын атауға қолданылады, оның түпкі мағынасы батыс аймақты көбірек мекендеген герман тілдес гот тайпаларына қатысты болуы әбден

мүмкін. Отырықшы өмір салтының жайлы тұрмысына үйренген гректер: «Олар өте кедей тұрады, олардың не қалалары, не тұрақты үйі жоқ, олардың жинаған еш байлығы болмағандықтан қандай да бір соғысқа қатыстыру оңай іс еді», – дейді (Арриан).

Б.з.б. III ғасырда массагеттермен көршілес дайлар Скифияда үстем тайпаға айналды. Олардың бір бұтағы – Аршакидтер б.з.б. 238 жылы Иранда Александр мұрагерлерін ауыстырып жаңа империяны құрды. Сонымен бірге, дайлар Қара теңіз маңынан сармат тайпаларын батысқа және солтүстікке қарай ығыстырды.

Аңыздық деректерге қарағанда, Орталық Қазақстан аудандарында исседондар өмір сүрген. Мүмкін әлі күнге дейін жұмбақ сырлары мол «мұртты қорғандарды» солар тұрғызған болар деген жорамал бар. Бұл Орталық Қазақстанның кең сахарасында жиі кездесетін ерте темір дәуіріне жататын формасы жағынан біртекті болғандықтан, «Тасмола» мәдениеті аталған орнықты зират құрылысының үлгілерін 60-70 жж. М.Қ. Қадырбаев зерттеді. Осы күні «мұртты» қорғандардың күрделі жерлеу комплексінің айғағы екендігі және оның бірнеше нұсқадан тұратыны анықталды. Ол өте көлемді ортаңғы тас қорғаннан және шығысқа қарай немесе қашықтау орналасқан кіші қорғаннан тұрады. Осы кіші қорғаннан шығысқа қарай жал болып

жалпақтығы 1,5-2 м және ұзындығы 20-200 м, кейде одан да көп екі қатар тас жал қабырға сияқты жасалған. Тас жал жартылай доға болып созылып, басы мен аяғында дөңгелек қорған тектес тас үйінділермен аяқталады. Сонымен, «мұртты» қорған дегеніміз үш құрамдас бөліктен тұрады: адам жерленген үлкен қорған, аттың қаңқасы және қыш ыдыстар сақталған кіші қорған және тас жалдар.

Орталық Қазақстан өңірінде орын тепкен өзге ескерткіштерге карағанда, «мұртты» қорғандар үлкен зират болып саналмайды. Бір қорымда, көп болса, 10-15 қорған орналасқан. Қорғандардың екі түрінің ара салмағы бұл қорымдарда бірді беске немесе онға шаққандай, яғни он кәдімгі қорғаны бар қорымда тас қатары (мұртты) бар бір қорған кездеседі. Әрине, бұл арақатынас Орталық Қазақстанның барлық жеріне тән емес. Екінші типті қорғандары бар ірі қорымдар Орталық Қазақстанның таулы өлкесінің Ұлытау, Шет, Ақтоғай және Қарқаралы аудандарының жерінде жиі кездеседі. Осы аталған аудандарға іргелес жатқан перифериялық өлкелерде олардың саны біртіндеп азая береді. Жалпы айтқанда, «мұртты» қорғандардың орналасқан аясы анық, батысқа қарай оның шекарасы Ұлытау мен Есілдің басын, солтүстігінде Көкшетаудың Шортанды және Бурабай көлдерін, шығыста Баянауыл-

дан әрі Шыңғыстауға дейінгі таулықыратты өлкені қамтиды. «Мұртты» қорғандардың оңтүстік шекарасы Балқаш көлінің солтүстік атырабы мен Бетпақдалаға барып тіреледі.

Сонымен қатар, біз нұсқап отырған меже ескерткіштердің ең бір шоғырланған тұсы, бұл жерлерден тыс өлкелерде де осы типті қорғандар болуы ғажап емес. Бұл ескерткіштердің өзгеше құрылымы Тасмола мәдениетін сак-скиф заманының басқа да мәдени үлгілерінен ерекше бөліп алуға мүмкіндік беретіні белгілі.

Сактардың этномәдени ареалына «исседондардан жоғары» тұрған аризмасылар да жатады. Батыс Қазақстан территориясын сарматтар мекендеген. Кейін олар батысқа қарай жылжып, Еділ сырты, оңтүстік Орал мен Донның оң жағалауын жаулап алып, батыс скиф тайпаларын ығыстырады. Сармат тайпасының тарихымен «амазонкалар» деп аталатын жауынгер әйелдер жөніндегі аңыздар байланысты. Аңыз бойынша, гректердің аталары эллиндер амазонкалармен соғысып, Термодонт түбіндегі шайқаста оларды жеңіп, тұтқынға алған және амазонкаларды үш кемеге отырғызып, теңізге шықты. Ашық теңізде жүзіп келе жатқанда амазонкалар еркектерге тап беріп, оларды шетінен қырып тастап, тұтқыннан босады. Бірақ кемелі жүргізуді білмегендігі себепті не желкенмен, не ескекпен кемелі

басқара алмай толқын айдап, жел қуып, Меотия көліндегі (Азов теңізі) Шақпақ жартас деген жерге келіп тоқтады. Бұл Шақпақ жартас еркін скифтердің жерінде орналасқан еді. Осы жерде кемедегі амазонкалар адамдар мекеніне бағыт алып, жолда жылқы табынын кездестіріп, атқа мініп, скиф иеліктерін тонай бастады...

...Ақыр соңында амазонкалармен соғысудан абырой таппасын білген скифтер оларға бір топ жас жігіттерді жіберіп, үйлендірді, сонымен амазонкалар скиф тілінде сөйлейтін болды. Жас скифтермен қосылған соң олар Танаис (Дон) өзенінен әрі өтіп, қоныс сайлады. Осы ел кейін «савромат» (сармат) атанды. Осындай жағдайға байланысты савромат әйелдері ерте заманнан ерекше өмір салтын ұстанады, олар атқа мініп, еркектермен бірге немесе өздері-ақ аңға шығады, еркектермен бірге киініп, соғысқа аттанады. Савроматтар скиф тілінде сөйлейді, бірақ ерте уақыттан бері тілі бөлектеу, себебі амазонкалар толық ол тілді меңгермеген.

Ескендір Зұлқарнайынның әкесі Филипп патша тұсында сак-скиф тайпалары конфедерациясы Еуразия аймағында әлі де мықты позициясын сақтап тұрды. *Көне грек авторы Фукидид: «Олармен еуропалық патшалықтардың біреуін де салыстыруға болмайды. Скифтер бірігіп болса, қарсы тұра алатын Азияның бірде-*

бір халқы жоқ», – дейді. Скифтердің әлеушілігі – бытыранқылығында, бір орталыққа бағынбауында, әртекті этникалық тайпалардың құрамында болуына байланысты.

Б.з.б. IV ғ. 30-жылдары грек-македондықтар Ескендір Зұлқарнайынның басшылығымен скиф-сак жеріне басып кірді де, Сырдария жағасында тоқтады. Көшпелі жауынгер тайпалардан бірнеше соққы алған грек-македон әскері Шығысқа қарай жылжып Солтүстік Үндістанды жаулап алады, олардың қатарында Еуразия көшпелілері де бар. Деректерде Александр Македонскийдің ауыр қаруланған әскерлері құрамында массагеттер де болды деп айтылады. Олардың Үндістан территориясынан кеткенінен кейін Үндістан территориясы мен Ауғанстанның біраз территориясы қосылып жаңа империя құрылады. Ол Маури империясы (б.з.б. 317-180 жж.) деп аталады. Одан кейін солтүстік Үндістан территориясын Үнді және Ганг аңғарларын қоса кушандар, яғни Шығыс Түркістан алқабынан көшіп келген юэчжи ұрпақтары басып алады. Қытай деректерінде олар Жетісу мен Моңғолия далаларының ежелгі халқы ретінде және біртіндеп күшейіп келе жатқан ғұндардың көршілері ретінде белгілі. Ғұндардың басқыншылығына төтеп бере алмай, олар туған жерлерінен Орталық Азия территориясына көшіп мықты мемлекеттің негізін салады.

Юэчжиліктер болса грек-бактриялықтарды ығыстырып, Парфиямен сәтті соғыс жүргізіп жағады. Канишка әулеті патшалық құрған кезінде кушандар өз мемлекеттерінің құрамына Солтүстік Үндістан халықтарын да қосып жібереді.

Жетісу сактары туралы Қытай жылнамаларында айтылады. Б.з.б. II ғ. Шығыс Түркістаннан ығыстырылған юэчжилер (нүкіс, йүзі) Жетісудағы сактарға төнді. Сактар бірнеше бағытта Сырдарияға кетіп, Александр мұрагерлерінің үстемдігін жойды. Б.з.б. II ғасырда оңтүстік-шығыс Қазақстанның сак тайпалары Яксарттан өтеді, олардың құрамында: тохардар, ассиандар, сакарауқтар болған. Сак қауымы олардың ішінде сакарауқтарды ақшыл сактар деп атаған. Жетісудан кеткен сактар Сырдарияның орта ағысында орнықты (Қаңлы өлкесі), кейін Бактрияны басып алып, Ұлы қоныс аудару кезінде жоғалып кеткен. Б.з.б. III ғасырдың соңы II ғасырдың басында сактардың біраз бөлігі Солтүстік Үндістан территориясына дейін жетті.

Осы оқиғалардың көпшілігін казак шежіре деректері аты аңызға айналған Оғыз хан (Уыз хан) есімімен байланыстырады. Шығыстың деректерінде де Уыз хан туралы айтылады. Әбілғазы Бахадурдың айтуы бойынша, Оғыз хан көптеген елдерді басып алып, «басы Сайрам, аяқ жағы Мысыр болған бүкіл аймақтарда

билеушілерді тағайындап, өз жұртына оралды». Сөйтіп, ерте көшпелілер дәуірінде сак-скиф тайпалары дүниежүзілік тарихқа өз ықпалын елеулі түрде тигізді.

3.5. Мәдениеті

Скиф-сак дәуірі Шығыс Европа, Батыс және Орталық Азия кеңістігіне тараған жарқын мәдениетті туғызды. Бұл кезеңде Еуразия халықтарының шаруашылық-мәдени қатынастары тереңдеп, сауда айналымы күшейді және отырықшы мәдениеттің үлгілері тарай бастады. Ерте көшпелілер заманында әлемнің әр түкпіріне бағытталған әскери жорықтар кәрі құрлықты тұтастандырып, аймақтар арасында қатаң иерархиялық тәртіпті қалыптастырды, егінші отырықшы қауымдар мен көшпелі малшылар арасындағы байланыс қолөнерші және саудагер әлеуметтік топтардың бөлінуі мен қалалардың көбеюіне әсер етті.

Қалыптасқан дағды бойынша қашанда мәдениеттің нақты көрсеткішін материалдық құндылықтар арқылы анықтаймыз. Бұл тұрғыдан келгенде еуразиялық далалық алқап сак-скиф дәуірінің жәдігерліктеріне толы. Олар қалалар, үлкен қолөнер орталықтары, т.б. көзге түсерлік ескерткіштер, әсіресе Сыр бойында көп кездеседі. Шірік Рабат қаласын қазу кезінде 600 метр диаметрі бар орда

алаңы табылды, оның жан-жағында ор қазылып, екі қатар қабырғасы болған. Үйлер бекіністің іші мен сыртында салынған. Елді мекендерден біраз қашықтықта қыш пештері орналасты. Мұндай отырықшы өмір салтымен қатар, мал шаруашылығы да жақсы дамыған. Барлық елді мекендерде ірі және ұсақ малдың, жылқының сүйектері мол кездеседі. Жалпы Сырдария бойындағы сак-скиф дәуіріне жататын қалалар шоғыры әлі күнге дейін өзінің алапат көлемімен, ауылшаруашылық ауданы мен арықтарының молдығымен таңғалдырады. Жергілікті ел ертелі көшпелілер дәуірінің осындай ғаламат ескерткіштерін «асар» деп атайды.

Қазақстанның өзге аймақтарында бұл уақытта елді мекендер көбінесе орманды-далалы және оңтүстік оазистерінде уақытша салынған шағын бекініс түрінде кездеседі. Оның бір әдемі нұсқасы – Орал тауының бөктеріне орналасқан Арқайым атымен белгілі кішкене қалашықтар шоғыры. Сак-скиф заманындағы қала салудың жарқын көрінісі Ақтау қалашығы, фортификациялы құрылыстың жақсы мысалы болып табылады.

Ерте көшпелілер қысқа ыңғайлы жерлердің барлығын игерді де, тұрақты қоныс салды, бір қызығы ол қоныс орындары кейінгі көшпелілерге де қыстау ретінде қызмет атқарды. К. Ақышевтың айтуынша, көшпелі мал шаруашылығының өмір сүру кезеңі бойынша жақсы тұрақтар ауыс-

тырылған жоқ. Осылайша, ерте көшпелілердің белгілі басшысы Оғыз хан өзінің туған жұрты Ер-тағ және Кер-тағ (яғни, Орталық Қазақстанның Ұлытау және Кішітау аталатын жерлері) тауларына әлемнің талай мемлекеттері мен ұлыстарын алса да қайтып оралатын.

Сактардың киімі жөнінде антика және парсы (Персеполь, Амудария қорлары) деректері мағлұмат береді. **Скиф-сактар арба үстіне орнатқан киіз үйлерде (араба-тұра, күйме) өмір сүрді, ерте көшпелілер заманында сактар үй-жай орнына доңғалағы бар көлік, күйме-арбаларды пайдаланған. «Әйелдері мен балалары тұратын» күймелерде олар далада көшіп-қонып жүрді, ал екі аяқты күйме арбаларда сактар әскери жорықтар жасаған» делігі деректер. Үлкен күймелерді «араба-тұра» деп атау осы кезеңде қалыптасқан болуы керек.**

Қазба жұмыстарынан сактардың кейбір топтарының егінші болғанын және отырықшылық өмір салтын ұстағанын көруге болады. Суреттерде сактар шошақ бөрікті бас киімде, қысқа шапан, «кісе белбеуінің оң жағында – қанжар, сол жағында – садақ, өкшесіз аяқ киімде» бейнеленген. Сонымен бірге, Есік қорғанында табылған тарихи артефактілер сак ақсүйегінің киімінің реконструкциясын жасауға және бұйымдардың мәнін анықтауға мүмкіндік береді. Есік олжасы жақсы сақталғандықтан, жерлеу ғұрпын қалпына келтіруге, салта-

натты бас киімді, киім мен аяқ киімді, әр түрлі әшекейлердің орналасу ретін анықтауға мүмкіндік берді. Осы тұрғыдан және өнер туындыларының орындалу шеберлігі мен табылған алтын заттардың саны жөнінен Есік қазынасы – салыстыруға келмейтін айрықша табыс.

Жерлеу дәстүрі сак заманында өткен уақытқа карағанда басқаша болып келеді. Сактардың қоныстарынан ірі патша қорғандарын, топырақ, тас, ағаш үйінділерінің астынан мүрделерді созылған бойында адамды жерлеу салтын кездестіреміз. Бұл салттың жарқын мысалдары: Шілікті, Есік, Бесшатыр, Пазырық, Тасмола, Берел қорғандары.

Сак қоғамы аруақтарға, отқа, жылқы мен күнге табынды. Басты құдай Күн болды. Көптеген петроглифтерде көшпелілер басында күн бейнесі орналасқан жан иесін бейнелейтін болды. Геродоттың айтуы бойынша, «Құрбандық қорғанның маңында шалынады». Құрбандық шалушы адам құрбан малдың аяғын байлап құдайына жалбарынады. Құрбандыққа малдың әр түрі шалынған, әсіресе жылқы малы. Орталық Қазақстандағы Тасмола қорғандарында жылқы қалдықтары көптеп табылды. Бұл мәдениеттің «мұртты қорған» деген атпен белгілі болу себебі – қорғаннан шығысқа, шыққан күнге қарай екі тас мұрт шығады. Ол заманның тұрмыстық ыдыстары мен

бұйымдары аң стилімен өрнектелген. Аң стилі діни және магиялық түсініктерде негізделген. Оның ерекшелігі – алысып жатқан және қозғалыстағы аңдардың бейнесі.

Еуразия скиф-сак мәдениетінің дамуында әр түрлі территориялық өзіндік ерекшеліктер байқалады, бұл, сірә, нақты тарихи жағдайларға байланысты болса керек. Дегенмен, бұл дәуірде материалдық мәдениеттің (арба, киіз үй, ер-тоқым, киім) бірнеше мың жыл жалғасы болған еуразиялық ортақ формалары қалыптасты. Бұл мәдениеттің бір жұмбағы – руникалық жазу. Есік қорғанынан табылған күміс тостағандағы жазуды әлі күнге дейін біздің лингвисттер оқып, сырын аша қойған жоқ.

Археологиялық қазба жұмыстары казак жерінде қалыптасқан мәдени жоралғылардың өзге де аймақтарға әсерін аңғаруға мүмкіндік береді. Олардың ішінде қола дәуірінің соңына қарай «Беғазы-Дәндібай» мәдениетінің ықпалы ерекше болғаны мәлім. Осы дәстүр кейін де жалғасын тапты. Скиф-сак мәдени үлгілері Сарыарқа, Алтай сияқты кордалы жұрттарда қалыптасып барып, кейіннен өзге өлкелерге тарай бастайды. Оңтүстік сібірлік «Қарасұк», «Тағар» мәдениеттерінің тек Солтүстік Қытай облыстарына ғана емес, сонымен қатар Маньчжурияның далалы аймақтарына дейін, Амур және Кама жерлеріне дейін әсер еткені жөнінде

мәліметтер бар. Осы дәуірде ерте көшпелілерде қолданыста болған алтын бұйымдардың Қытай мен Жапон аралдарына жеткені жазылып жүр. Осыған байланысты Батыстың ертерек кезеңдегі деректерінде көне түрік кезеңіне қатысты скиф атауын

қолданатыны аса ойланатын мәселе. Егер біз Еуразияның далалық өңірінің бірнеше мыңжылдық мәдениетінің ең жарқын, қазыналы кезеңі қай кезең деп салыстырсақ, оның бірінші бәйгесін сақ-скиф кезеңі алатыны сөзсіз.

II БӨЛІМ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТАРИХЫ

I-тарау. Ғұн дәуірі

1.1. Дәуірдің ерекшелігі

Ұлы дала тарихындағы ортағасырлық кезең тек шамалап және шартты ғана көрсетілген, себебі бұл шаруа ең біріншіден қазақ тарихының ортағасырлық кезеңін дүние жүзі тарихы контекстінде жүйелеу үшін қажет. Бұл – әлемдік тарих ғылымында дауы бар мәселе.

Еуразия көшпелілерінің тарихында белгілі бір кезеңдерді анықтап көрсетуге болады және ол аса қажет. Мәселен, Қазақстанның ортағасырлық кезеңінен еуропалық орта ғасырларға қатысты мағыналық және мазмұндық дүниелерді кездестіре алмайсыз. Еуропа тарихына тән құлиеленушілік немесе феодалдық қатынастар, жерге жекеменшік, т.б. біздің жерімізде ешқашан болмаған. Дала әлемінің жалпы тарих үрдісіндегі даму қағидалары ерекше. Дегенмен, қандай жағдайда болмасын бізге еуропалық өркениеттің хронология-

лық кескіндемесіне жүгінуге тура келеді.

Еуропа тарихшылары орта ғасырлардың басын Рим империясының құлауымен және мәңгілік қала Римнің қирауымен байланыстырады. Империя тағдыры б.з. I мыңжылдығының алғашқы ширегінде-ақ шешілді, оның тағдырына ішкі факторлармен қатар, сол кезде Еуразияның орталық аймағында басталған дала халықтарының жана қозғалыс импульстары әсер еткені сөзсіз. Әрине, империяның негізін құрған антикалық қоғамдық құрылыс құлиеленушілік жүйенің ішкі дағдарысымен тығыз байланысты. Рим империясы Еуропа, Алдыңғы Азия мен Солтүстік Африканың халықтарын жүздеген жылдар бойы құлдықта ұстады. Біз Рим империясы тек бір орталықтың күшіне, мүддесіне бағынған құрылым есебінде дағдарысқа енуі заңды деп санаймыз. Оның есесіне Орталық Азияда осы кезеңде әскери демократиялық тәртіпте өмір сүрген ұлыстар арасынан жаңа бір империялық құрылымды көреміз.

Қытай жылнамаларына қарағанда б.з.б. I мыңжылдықтың ортасында Алтай, Оңтүстік Сібір мен Шығыс Қазақстан территориясында «ғұн», қытай деректерінде «хунну» деп атаған тайпалар одағы құрыла бастады. Б.з. басында Қытай тарихшылары жазып алған ғұндардың генеалогиялық аңыздарында көрсетілгендей, олардың «мыңжылдық тарихы» болған. Бірақ инкубациялық кезең көпке созылды да, ғұндар біздің заманымыздың алғашқы жүз жылдықтарында ғана көріне бастады. Еуропаның және Орта Азияның кең сахнасына ғұндар бірінші рет біздің жыл санауымыздың бірінші мыңжылдығының тура ортасында шықты. Азияның Шығыс өңірінен батысқа және оңтүстікке қарай ағылған халықтардың ұлы қоныс аударуы ғұн кезеңінде жаңа бір қарқын алды. Бұл уақытта тек ғұндар ғана емес, олармен көршілес үйсін, қаңлы, юечжи, т.б. ондаған этникалық және мемлекеттік құрылымдар белгілі бола бастады. Осылардың ішінде Қазақстан тарихының ортағасырлық кезеңін толық түсіну үшін мемлекет деңгейінде өмір сүрген прототүріктік одақтар ішінде маңызды қызметті атқарған ғұн, үйсін, қаңлы ұлыстарының тағдырына үнілу қажет.

Ғұн империясының гүлденген кезіндегі (б.з.б. 177 жылдар) территориясы Еуразияның үлкен кеңістігін Қытай аймағына енетін Сарыөзен бойынан Каспий теңізі жағалаулары-

на дейін, ал кейін батысқа көшу барысында Орталық Еуропаны да қамтиды. Ғұндардың күшеюі мен империяның құрыла бастауы б.з.б. III ғасырдағы Орталық Азияның дағдарысы кезіне сәйкес келеді. Сол кезде, Қытай жылнамаларының айтуынша, дунху бірлестігінің мықты, юечжилердің гүлдену кезеңі еді. Ғұндар болса олардың арасында орналасты, бірақ ғұн тайпаларын Мөде шаньюй мен оның ұлы Лаошан басқарған кезінде ғұндардың күшеюі дунху мен юечжилерді вассалитетті мойындауға алып келеді. Осы кезде ғұндар Қытайға жорықтарын бастайды, олардың жойқындығының күші сондай, солтүстік көшпелілерден қорғану үшін салына бастаған «Ұлы Қытай қорғаны» ғұндардың шабуылдарын тоқтата алмады.

Б.з.б. II ғасырда ғұндар Хань (*Қытай*) әулетін «бейбітшілік пен туыстық келісіміне» қол қойғызып, содан кейін әйелдікке патша қызын алып, жыл сайын алым-салық алып отырды. Сол кезде ғұн шаньюйі билігі астында қазіргі Корея мен Солтүстік Қытай территориясы болған. Бұл конфедерация құрамына Байкал өңірі халықтары да кірген. Бірақ бірнеше жүз жыл Орталық Азияда үстемдік жүргізген Шығыс Ғұн империясы бірнеше себептерге байланысты ыдырады. Зерттеушілер бір жағынан жұт сияқты табиғи апаттардың киліккенін және қытайдың ғұнның үйсін, ухуан,

т.б. бағынышты одақтастарын өзіне қарсы айдап салған айлакер саясатын баса айтады.

Біздің эрамыздың басында батысқа біртіндеп жылжыған ғұндар алдымен Сарыарқа және Жетісу өлкесінде қаңлылармен одақтасып Қытай экспансиясына қарсы күресті. Бұл күрестің ең бір нақты көрінісі – Шөже шаньюйға орда болған Тараз қаласы үшін күрес. Қытай мен оның одақтастарынан жеңілгенімен, Жайық пен Ертіс аралығында күш жинап алған ғұндар Агтила патша кезінде Орталық Еуропаға жетіп, Рим империясын құлатты. Ғұндар бастаған «Ұлы қоныс аудару» Еуропа үшін жаңа кезеңнің – ортағасырлар немесе феодалдық қарым-қатынастардың нақты бастамасы болды. Сонымен бірге, ғұндар б.з. межесінде Еуразия құрлығында тарихи оқиғаларда ғана емес, мемлекеттердің пайда болуына да белсенді рөл атқарды. Халықтардың ұлы қоныс аударуы кезеңінде Шығыс Еуропаны, Солтүстік Қаратөз жағалауын мекендеген көптеген герман тайпалары ғұндардың соққыларынан ығысып, Еуропаның батыс бөлігіне қоныстанды және қазіргі мемлекеттердің негізін салды.

Жоғарыда аталған юечжилер (йүзі, нүкіс) тайпалары ғұндардың шабуылына алдымен ұшырады дедік, сол себепті олар оңтүстік-батыс бағытта алдымен жылжыды да, Сырдарияның бойынан қоныс алды. Олардан боса-

ған Іле өзені бойындағы шұрайлы аймақты ғұндардың құрамында одақтас қызметін атқарған үйсін тайпалары иеленді. Орта Азияға өз қарсыластарының сонынан қуа келген ақ ғұндар (эфталиттер) юечжилер құрған Құшан империясын құлатып, жаңа мемлекет құрды. *«Эфталиттер ғұн еліне жатса да, өздері солай деп аталса да, бірақ өзге ғұндармен араластығы, ауыс-түйісі жоқ. Біз білетін ғұндар мен олардың ортасында ортақ шекара жоқ, қоныстары бір-бірінен алыс. Олар – басқа ғұндар сияқты көшпелі емес, ерте заманнан бері құнарлы жерлерге қоныс тепкен ел. Ғұндардың ішінде оң-түсі ағы да, түрі келістісі де ақ ғұндар. Тұрмыс салты жабайы, көшпелі тірліктен оқшау, заңды мемлекеті, елді басқаратын жалғыз патшасы бар. Өз ішіндегі қарым-қатынасы, көршілерімен арадағы сыйластық пен әділдік мығым, осы жағынан келгенде, олар парсы немесе рим жұртынан кем емес»,* – дейді деректер. Қалай болғанда да бұл Шығыс Ғұн империясын құрған елдің батысқа қарай жылжыған өкілдері еді. Батыс деректеріндегі «эфталит» немесе «ақ ғұн» атауы Махмұт Қашқари сияқты атақты көне түрік дүниесінің ғалымдарының еңбектерінде «арғу елі» деген атаумен беріледі.

Қазақ халқының этногенезінде және саяси тарихында ғұн, үйсін, қаңлы ұлыстарының орны ерекше.

Белгілі дәрежеде олар ерте көшпелілер сияқты қазақ этникалық тарихында субстрат қызметін атқарады. Біздің ойымызша, қазақ мәдениетінің үздік үлгілері, түрік тілінің үстемдігі Шығыс Ғұн империясы тұсынан бастап күшейе берді. Орталық Азияның кең-байтақ шығыс алқабында өмір сүрген ғұн қауымдары Қазақстан территориясына көшіп келгеннен кейін әртекті тайпалар арасында гомогендену үрдісі басталып, араластық жоғары деңгейге жетті. Сол уақытқа дейін жеке-жеке өмір сүрген қаңлы, үйсін топтарының араластығы да осы кезеңде байқалады. Ғұндардың жетекші қызметі арқылы қазіргі қазаққа тән аралас еуронеид-моңғолоидтық түр-сипат қалыптасып, көшпелі мәдениеттің дәстүрлі негізі мен дүниетаным іргетасы қаланды.

1.2. Шаруашылығы

Көптеген деректерге сараптамалық талдау жасаған кезде Қазақстан территориясы мен жақын жатқан дала аймақтарында б.з.б. I мыңжылдықтың ортасында дала мәдениетінің ерекше ошағы пайда болды деген қорытындыға келуге болады. Өзінің тарихи-мәдени ерекшелігімен бұл мәдениет Батыс пен Шығыс мәдениеттері ареалдарынан өзгешеленеді. Қазақстан, Батыс Сібір, Орта Азия, Еділ бойы, Орал мен Алтай халықтарының тарихи субстраты ол

кезеңде тығыз байланыста болған деп есептеуге мүмкіндік бар. Бұл дала халықтарының ортақ әлеміне жетекшілік жасаған ғұндардың мәдени шеңберіне енетін тайпалардың негізгі кәсібі мал шаруашылығы еді, Қытай тарихшысы Сыма Цяньның жазуынша, *«Олар жер мен судың жағдайына, шөптің шығымына қарай малмен көшіп-қонып жүреді. Тұрақты мекендері жоқ. Есігі шығысқа қараған дөңгелек киіз үйлерде өмір сүреді. Ет жеп, қымыз ішеді, киімдері әр түрлі жүннен тоқылған маталардан жасалады».*

Б.з.д. II мыңжылдықтың соңынан бастап Ұлы далада көшпеліліктің күшею үрдісі жүріп жатты. Қола дәуірінің соңына қарай мал құрамында жылқылар саны басым болды. Осыған қарамастан кейбір аймақтарда жер өңдеу мен тау-кен металлургиясы бұрынғыша дами берді. Белгілі дәрежеде бұл дәстүрлер ғұн, үйсін, қаңлы шаруашылық дәстүрлерінен де орын тапты. А.Х. Марғұлан: *«Орталық Қазақстанда металлургияның әрі қарай дамуы ғұн, үйсін, қаңлы тайпалық одақтарының тарихымен тығыз баланысты. Олардан еңбек құралдары, қару-жарақ және түрлі түсті тастар мен металдан жасалған тамаша әшекей бұйымдар бізге дейін жеткен»,* – деген пікір білдіреді.

«Ғұн өмірінің бірден-бір негізгі жақтарының бірі олжа табу мақ-

сатымен көрші елдерге шабуыл жасау», – деп Қытай жылнамалары жаугершіліктің мол тәжірибесіне нұсқайды. «Бейбіт уақыт кезінде олар малының сонынан еріп, жол-жөнекей аңдар мен құстарды аулап, аңшылық жасай отыра, өздерінің өмір сүруін камтамасыз етіп отырады, ел тыныш болмаса, әрбіреуі соғыс өнерін меңгеріп, шабуылдарға дайындалады», – деп баға берелі ғұн тіршілігін көзі көрген жылнамашылар.

Ғұн қоғамының негізгі шаруашылық түрі – көшпелі мал шаруашылығы. Табын құрамында қой, жылқы, түйе, ешкі, сиыр сияқты үй жануарлары болған. Аталған тайпаларда жылқы шаруашылығы аса жақсы дамыды. Ғұн қорғандарында табылған сүйектер бойынша біз жылқының екі түрі болғанын айта аламыз: біріншісіне – аласа бойлы, шымыр денелі, желкесі тұтас монғолдың жылқысы; екіншісіне – денелі, ұзын бойлы, басы үлкен жылқылар. Қытай деректерінде ғұнның жүйрік жылқылары күніне «мың ли» (565 км) қашықтыққа жүре алды. Ол жылқы түрі көбінесе дунху және ғұн тайпалары арасындағы келіспеушіліктің себебі болды. Ғұндардың мал шаруашылығы жөнінде б.з.б. 72 жылғы деректерге қарап анықтай аламыз, бұл кезде қытайлықтар, үйсіндер және ухуандар үлкен әрі күшті коалиция құрып ғұндарды талқандайды және 700 мың мал басына ие болады. Мал шаруашылығы үй-

сіндердің арасында да басым болды, оның ішінде, әсіресе жылқы өсіру. Бай көшпелілер 4-5 мың жылқыға иелік еткен. Үйсін гуьмосы Қытай ханшайымын алғаны үшін қалың малға мың жылқы жіберген.

Деректерге қарағанда ғұн қарамағында елдерде отырықшылық нышандары көп, соның бірі – Енисей өзені бойындағы қоныстар мен қамалдар. Сонымен қатар, үйсіндер мен қаңлылардың кейбір топтары отырықшы тіршілікті де игеріп, жер өңдеуді білгенге ұқсайды. Қазба жұмыстары кезінде тас диірмен, теселер, бидай, тары қалдықтары табылған. Ал бақша отырғызғандықтары жөнінде мәліметтерді Қытай деректерінен көруге болады.

Кангюйлердің (қаңлы) ұлан-байтақ аумағының оңтүстік жағында (Хорезм, Арал өңірі, Ташкент оазисі) суармалы егіншілік жетекшілік орын алды. Бұл өңірде қалалар да отырықшы тұрмыстың таралуына кең әсер етті. Көшпелі және отырықшы халықтар Кангюй мемлекетінде үйлесімде өмір сүрді. Үй тұрмысы мен қолөнер кең дамып, әсіресе зергерлік өнер, ұсталық, құмыра жасау ісі биік нәтижеге ие болды. Көп қорғандарда темір заттардың табылуы металлургия ісінің дамығандығына көз жеткізеді. Халықтың бір бөлігі темір және полиметалл рудасын қазумен және алтын мен күмісті айырумен

айналысқан. Бұл дәуір – сауда-саттықтың кең тараған дәуірі.

Қаңлы қауымдарының Ұлы Даладағы негізгі қозғалыстары меридианалды бағыт бойынша жүзеге асты. Осылайша, ғұндардың шығыстағы үстемдігіне қарамастан, Ұлы Дала мәдениетінің негізгі белдігі орталық аймақта қалыптасты. Бұл – бір жағы Алтай, Тарбағатай тауларынан бастау алатын, екінші жағы Еділ бойы алқабымен шектелетін мал өсіруге аса қолайлы белдеу. Көптеген оқиғаларға қарамастан, бұл территория салт-дәстүрлердің этномәдени негізі салынған мекен еді. Еуразиялық даланың күш-қуаты меридианалды жолмен байланысты және жүйенің эпицентрі, саяси және мәдени орталық қызметін ұсақ шоқылы Сарыарқа даласы атқарды деп есептейміз.

Ғұндар өздері тікелей айналыспаса да, бағынышты өлкелерінде отырықшылық пен егіншілікті қатар дамытқан болатын. Деректерде ғұн далаларының қиыр түкпірлерінде орналасқан қалалар жөнінде айтылады, бұл қалаларда ғұндар бидай қорларын сақтаған. «Солтүстік аймақтарда қыс өте ерте басталады, онда тары егу өте ыңғайсыз, бірақ ғұндар табиғи жағдайларға қарамастан егінмен айналысты», – делінеді деректе. Сібірдегі ғұн қалашығында 75 га территорияда 80 тұрғын үй қалдықтары табылған. Бұл елді мекен төрт ормен және төрт дуалмен қоршалған. Онда арпа

дәндері, шойын тіс, темір соқа, тас бидай үккіштер, бидай сақтайтын шұңқырлар табылған. Осы тарихи кезеңде жасалған ирригациялық жүйелер Жоңғар Алатауы, Іле, Шу және Талас далаларындағы үйсін қоныстарында көптеп кездеседі.

Қала мәдениеті ерекше қуатты дамыған Сырдария бойында б.з.б. I ғ. қазылған ірі магистралдық судандыру жүйелері сақталған. Бұл территорияда қазба жұмыстары кезінде астық, бақша өнімдерінің қалдықтары табылады. С.П. Толстов басқарған Хорезм экспедициясының Сыр бойында зерттеген қалалардың көпшілігі де қаңлылар шаруашылығына, тіршілігіне қатысты. Осы сияқты деректер аталған уақытта көшпеліліктің классикалық нұсқасы қалыптасқанын айғақтайды. Оның негізгі белгілері қалалар қалың орналасқан Сырдария бойы мен көшпелі мал шаруашылығына өте қолайлы Арқа кеңістігі арасындағы үйлесім, көшпелі тайпалардың меридианалдық маршруттар бойынша қыста оңтүстік, жазда солтүстік бағытында көшуі, т.б.

1.3. Әлеуметтік құрылымы

Деректерге қарағанда алғашқы кезде ғұн қоғамының әлеуметтік құрылымы қарапайым болды. Оның негізінде біз жиырма төрт тайпаның саяси бірлестігін көреміз. Билік осы тайпалардың ішіндегі ең күшті үш

әулеттің қолында шоғырланды да, олардың өзара келісімі арқылы жоғарғы көсем сайланды. Ғұнның билеуші тобы негізінен үш әулеттің өкілдерінен тұрады дейді Қытай деректері: *«Билеушілерінің бәрі мұрагерлік жолмен қызмет атқарады. Хуань, Лань және кейінірек Сюйбу ең атақты үш әулетті құрайды»*. Кейін державаның гүлденген кезінде саяси құрылымдар ру-тайпалық қарым-қатынастарға негізделген туыстық жүйені ығыстырды, осыған байланысты әлеуметтік құрылым да күрделене түсті. Мемлекеттің басында билеуші әулеттің өкілі «шаньюй» тұрды, оның билігі шексіз еді. Оны «аспан баласы» және ресми «Қара жер мен көк аспаннан туылған, Күн мен Айдан қойылған, ұлы ғұн шаньюйі», – деп атады. *Деректерге қарағанда, ғұндар жиырма төрт руға бөлінген, әрбіреуінің басында «төп басшылары» тұрды. Алғашқы бетте рулық жүйе арқылы құрылған ғұн қауымдастығы мемлекеттік билік күшеюіне келе аймақтар бойынша бөліне бастады. Осы кезде басшылар «Жүз мың салт аттыларды басқарушылар» (түмен басы) деп атала бастады. Орталық биліктің күшеюіне қарамастан ғұн қоғамында халық жиналысы мен ақсақалдар кеңесінің маңыздылығы жойылмады. Деректердің мәлімдеуі бойынша, ғұндар жылына үш рет Луци тауында жиналып отырған, бұл жиналыста аспан рухына ақ боз*

атты құрбандыққа шалған, сонымен қатар ел басшылары мен көсемдер мемлекеттік істер жөнінде пікір алысты, жылқы мен түйенің бәйгесін тамашалады.

Ғұндардың империялық кезеңдегі қоғамдық құрылымын ұлыстық жүйенің көрінісі деп есептейміз. Әрбіреуі бір түмен қол шығаратын 24 әкімшілік аудан, олардың шаньюй тағайындаған басшылары, т.б. биліктің мықты жүйесі қалыптасты. Оның қысқаша сипаты Я. Гурляндтың: *«Хунну мемлекетінің билеуші әулетінің тарихынан біз Иса пайғамбар туғанға дейінгі II ғасырда Моңғолия жұртын біріктіруші және оның құдіретті патшаларының бірі Моде Шаньюйдің атадан балаға мұра болып берілетін мемлекеттік қызметтің жүйесін мына тәртіппен бекіткенін көреміз: 1) шығыс және батыс Жұқа – бектер, 2) шығыс және батыс Лули-бектер, 3) шығыс және батыс Ұлы жолбасшылар (қытайша-Да-гянь), 4) шығыс және батыс Дуюй, 5) шығыс және батыс Ұлы Данху, 6) шығыс және батыс Гуду-хэу. Шығыс және батыс Жұқабектен бастап Данхуға дейінгі жоғары лауазымдардың 10 мың, ал кішілерінің бірнеше мың атты әскері бар. Барлығы 24 ел ағасы бар, олар түмен деп аталады (қытайша – Ван-ки). Бұл лауазымдардың бәрі де өмірлік...»*

Жоғарыда көрсетілген деректерден біз Ғұн ордасының құрылымдық

ерекшеліктері Уыз ханның еліне де келетінен аңғарамыз, біреуінде Уыз ханнан тараған жиырма төрт баланың аты-жөні көрсетілсе, екіншісінде Ғұн елінде жиырма төрт түмен бар екені аталады. Мөденің әкесі Тұманмен арадағы жаугершілік Уыз бен Қарахан арасындағы қарым-қатынасты көрсететін сияқты. Бірақ бұл көрсетілген сәйкестіктер – бір тарихи кезеңнің жемісі емес, әр дәуірден жинақталған дәстүрлер. Бұл аңыздарда көрсетілген әкеге қарсы шығу оқиғасы елдің бір саяси-әлеуметтік жүйеден екіншісіне, тайпалық бірлестіктен мемлекетке, одан империяға өткенде міндетті түрде өрістейтін ескі мен жана арасындағы күресті айшықты түрде нұсқайды.

Ғұн, үйсін, қаңлы қауымдарының ішкі әлеуметтік мәселелері әдет-ғұрып заңдары мен ережелері арқылы шешілді. Лаошань-шаньюйдің Қытай басшысы Хуань-диге жазған хатында *«Ғұндардың жеңіл және орындалуы тез заңдары бар. Мемлекет басшысы қарамағындағы елді бір адамды басқарғандай басқарады. Қызметкерлерімен қарапайым... Ел басшыларының бұйрықтарына көнбегендерді өлім жазасына кеседі. Дегенмен, адам өлімі немесе ұрлық болған жағдайда ауылдардың өзіне ел басшыларына хабарламай-ақ кек қайтаруға мүмкіндік беріледі. Адам өлімі болған жағдайда жылқы мен қой есебінен құн төлеп құтылуға*

болады. Ел басшылары қуғындаған сатқындар мен қашқындарды ауылдарда ешкім де қабылдай алмайды...» – дейді. Ғұндардың әдет-ғұрып заңдарын сараптасак, көшпелілер қоғамында отбасылық және жекеменшік болғанын көреміз *«ұрлық жасаған адамның жері тартып алынады, шайқас кезінде гүн жауының басын кесіп алса немесе оны тұтқынға алса, бұл іс үшін бір тостаған шарап беріледі, тұтқынға түскен адамдар құлдар мен күңдерге айналдырылады»*.

Сонымен бірге, билік институты ретінде рулық институттар да көрініс береді. Оның мысалы ғұн қоғамында шаньюй әулетімен құда немесе сот қызметін жүргізетін аристократиялық аталар да болған. Оларды бір-бірімен некелік қатынастар байланыстырды. Осыған байланысты қоғамдағы саяси элита туралы және ішкі әлеуметтік иерархия жөнінде айтуға болады. Ғұндар империяны құраушылар болғандықтан, оның құрамында күшпен, еріксіз кірген тапалар да болды. Ғұн қоғамында патриархалдық құлдық орын алды, әскери тұтқындар көбінесе құлдарға айналдырылып, оларды қалалардағы колонер орталықтарында, жер жыртуда пайдаланған.

Қазіргі кезеңде Жетісу аймағында зерттелген үйсін қорғандары оларды әлеуметтік жіктелу бойынша топтастыруға мүмкіндік береді. Біріншісінде (диаметрі – 50-80 метр, биікті-

гі – 8-12 метр) ауқатты адамдардың жерленген қорғандары. Екіншісінде (диаметрі – 15-20 метр, биіктігі – 1 метр) орташалары, үшіншісінде (диаметрі – 5-10 метр, биіктігі – 30-50 см) – кедейлері жерленді. Соңғы қорғандарда көп болса 1-2 қыш ыдыс, темір пышақтар, қола сырғалар табылады. Қорғандардың соңғы тобы Жетісуда көп кездеседі.

Жекеменшіктің болғаны жөнінде металдан, тастан және саздан жасалған мөрлер ақпарат береді. Металдан жасалған мөрлер – үйсін қоғамындағы жоғарғы биліктің дәлелі, саздан жасалғандары жекеменшіктің болғандығы жайлы айтады. Көшпелілер қоғамында ру және әулет таңбалары, басқа да меншіктің әртүрлі белгілері қыш ыдыстардың сыртында бейнеленген. Қаңлы мемлекетінде таңбалар теңгелерде де соғылған. Жоғарыда аталған жағдайлар тауар-акша қатынастарының және жекеменшік қатынастарының дамуы жөнінде мәлімет береді.

Ғұн, үйсін, қаңлы елдерінің көшпелі қауымдарының негізгі байлығы болып есептелетін мал бастары патриархалды отбасылардың меншігінде болды, өз кезегінде әрбір отбасы көшпелілердің рулық территорияның бір бөлігіне туыстық қарым-қатынастардың негізінде иелік жасады. Осыған байланысты бір ескеретін мәселе, ерте көшпелілердің қоғамдық өміріне тән жаугершіліктер әр кезең-

де олардың экономикалық даму ерекшеліктеріне байланысты болды. Көшпелі шаруашылық табиғи ортаға бағынышты болғандықтан жиі жұтқа ұшырап отырды, ол болса өз кезегінде жауынгер тайпалардың сыртқы агрессиясын күшейтіп, соғыстарға итермеледі. Қытай тағы да басқа тәуелді елдердің шаныюйге деп жинаған салық мөлшері көшпелілердің қажеттіліктерін толық өтей алмады.

Осындай жағдайда Шығыс Ғұн империясының басшылары елдің ішкі аймақтарында қалалық орындарды, егіншілік алқаптарын көбейтуге күш салды, ол үшін тіпті көрші елдермен жаугершілік барысында қолға түскен тұтқындар да топ-тобымен пайдаланылды. Бүгінгі күні археологиялық қазба жұмыстарының барысында Сібір аймағында пайда болған бірнеше қалашықтар зерттеліп, олардың шаруашылық және әлеуметтік құрылымдары туралы мәліметтер жиналды. Бірақ әуел бастан көшпелі мал шаруашылығы мен жаугершілік негізінде қалыптасқан ғұн қоғамдық жүйесі жана өзгерістерге батыл түрде бара алмады. Егіншілер мен көшпелілер арасындағы әлеуметтік қайшылықтардың идеологиялық мазмұны мен түсініктері де бар. Ғұн державасының негізін салушылар және олардың ізбасарлары өз алдына «киіз үйлерде тұратын, садақпен ататын» барлық халықтардың басын қосу мақсатын қойды. Отырықшы,

егінші елдер кемсітіліп, «балшық үйлі, сауысқан үнді» деп аталды.

Бұл сол дәуірге тән қарама-қайшылық болатын. Өз кезегінде Рим империясы және Қытай мемлекеті, т.б. отырықшы елдердің тарихшылары көшпелілерден жау бейнесін құруға тырысады. «Осы уақытқа дейін көз көріп, құлақ естімеген адамдар-таудан аққан селдей тасып, жолындағының бәрін жапырып, дүлей күшпен жайпап келеді... Олардың бәрі де мығым және шымыр денелі, желкесі тұтас, сықынаттарының қорқыныштысы сондай жабайы аңды еске түсіреді. Тау мен даланы қапталдай көшіп жүрген олар суыққа, аштық пен шөлге көнтерлі, бесіктегі кезінен бастап шыныққан, жат жерде жүргенде аса қажет болмаса, үйге де кірмейді. Аяқ киімдері ешқандай қалыпсыз-ақ жасалған, олардың жүріп-тұруын аса тежейді. Сондықтан олар жаяу соғысқа жарамайды, қорбаңдап, қимылы үйлеспейді, оның есесіне атына жабысып қалған, аттары шыдамды, бірақ түрі сүйкімсіз, аттың үстінде отырып алып, күнделікті шаруаларын атқара береді. Күнітүні аттың үстінде өтеді, сатып алады, саудасын жасайды, ішеді-жесейді, жалына жабысып, мызғып алады, ал қатты ұйықтағандықтан, тіпті түс те көреді. Салмақты істерді талқыларда өз кеңестерін де аттың үстінде отырып жүргізе

береді. Ешқашан патшалық билікті қаталдықты мойындаған емес, бірақ кез келген рубасының соңына еріп, айтқанын бұлжытпай орындап, жолындағысын тас-талқ етеді... Олардың ешқайсысы жоқ жыртыпайды, соқаны ұстап көрсетіп жоқ. Тұрақты өмір сүретін қоныс жоқ, үй-жайы жоқ, заңы мен қалыпты өмір салты жоқ, мәңгілік қашқындар сияқты көшеді де жүреді. Күймелерінің ішінде бар өмір өтеді. Әйелдері қарапайым киімдер тоқиды, ойнап-күледі, бала туып, оны асырайды, ер жеткізеді. Олардың ешқайсысы «қай жерде тудың?» дегенге жауап бере алмайды. Бір жерде анасының құрсағында пайда болса, екінші жерде туды, үшінші жерде ержетті», – деп баяндайды гүлді жөнінде Рим империясының даңқты жауынгері Аммиан Марцеллин.

Біздің эрамыздың басында гүлді үйсін, қаңлы қауымдары өзара соғыстардан, табиғи апаттардан әбден әлсіреді. Шығыс Ғұн империясы саяси жағынан Қытаймен терезесі тең құрылым болса да, сол дәрежеге сәйкес ірі шаруашылық жүйесін құра алмады. Осы себептен империя құрамында көптеген жылдар бойы бейбіт өмір сүріп, адам мен мал саны аса көбейген елдердің арасында да ғұн үстемдігіне наразы топтар көп еді. Ақыр соңында осы жағдайлардың бәрі қосылып дағдарысқа алып келді, ал дағдарыс өз кезегінде біреге

әлеуметтік жүйенің ыдырап, көшпелі тайпалардың батысқа, солтүстікке және оңтүстікке көшуімен аяқталды. Бірақ осы ұлы көші-қонның өзі Еуразияның көптеген аймақтары үшін үлкен әлеуметтік революцияға бергісіз жақсылықтарды әкелді.

Еуропада құлиеленушілік өндірістік әдісінің ыдырауы, оған қарағанда анағұрлым прогрессивті феодалдық қарым-қатынастарға көшу халықтардың Ұлы қоныс аударуынсыз жүзеге аса алмаушы еді. Бұл қозғалысқа Орталық Азиялық көшпелі тайпаларының көп бөлігі қатысты және бұл оқиғалар дүние жүзі тарихында өзінің масштабы мен нәтижесіне қарағанда Ұлы әлеуметтік төңкеріске сай келеді.

1.4. Этносаяси тарихы

Ғұндардың арғы тарихы туралы «Шицзы» жылнамасын құрастырған қытай тарихшылары: «Ғұндардың (хунну) мыңжылдық тарихы бар, олардың атасы Хяхэу-шы үйінің ұрпағы Шуньвэй», – деп жазады. «Шань – жуи, хянь – юнь және хуньюй тайпалары Тхан және Юй патшалары кезінде өмір сүрген. Бірінші әулет – Яо патша – империяның билік басында б.з.б. 2357 жылы, екіншісі – б.з.б. 2255 жылы тұрды» деген де пікір бар. Қалай болғанда да біздің ғылыми әдебиетте ғұн аталатын ерте көшпелілер қауымының тарихы

мыңжылдықтардың қойнауына кетеді. Ол кезеңде ұлы дала белдеуін мекендеген елдер түрік, монғол және маньчжур (шүршіт) болып нақты бөлінбеген деп есептейміз, бұл халықтар бір-бірлеріне өте жақын және туыстас болып келеді.

Н.Я. Бичурин Қытайын тарихи жазбаларына жасаған түсіндірмесінде келесі толықтыруларды келтіреді: «Қытай тарихшылары Хя әулетінің соңғы патшасының ұлы Шунь Вэй б.з.б. 1764 жылы Моңғолияға көшіп барып, хуннулардың бірінші моңғол әулетінің негізін қалаушы деп саналады. Азиаттық әңгімелер бойынша Могул – ханның Үйі моңғолдардың батыс бөлігінде билік етті, оның ордасы Хангай түбінде (Орхон маңы) орналасты. Иеліктері солтүстікте Калганнан Байкалға дейін, батысында Тарбағатай тауларынан бастап батысқа созылды, Азиаттық тарихшылардың айтуы бойынша, дунху, Татар ханның Үйі Шығыс Моңғолияда билік құрған...»

Қытай деректерінде «хунну» (сюнну) атауы б.з.б. VII-VI ғасырларда пайда болды деген пікір бар. Бұл кезең Қытайдың тарихындағы ауыр азамат соғысымен сәйкес келді де, көшпелілер шекаралық алқаптағы бытыранқы ұлыстарына жиі шабуылдар жасап отырды. Осындай жорықтар тек б.з.б. IV ғасырда азайды дейді деректер, себебі орталық аймақта Цинь әулетінің гегемониясы

орнады, ал ол болса өз кезегінде Чжоу әулеті кезіндегі әлсіз ұлыстарды біріктірді. Сол жылдары қытайлықтар да көшпелілерге жорықтар жасап, бірқатар территорияларды, соның ішінде ғұндардың сүйікті жайылымы Ордос бойын жаулап алады. Осы территориялармен шекарада Ұлы Қытай корғанының құрылысы басталды. Мал саны еселеп өскен солтүстік көшпелілері Қытайдың осы сияқты белсенді әрекеттерінен шошып, өзара ымыраға келуге тырысты. Осылай өмірге Шығыс ғұн империясы аталатын саяси құрылым келді.

Сонымен, шамалап айтсақ, ғұн патшаларының ерте генеалогиясы аңызға айналған Шунь-Вэйдан басталады. Б.з.б. III ғасырда ғұн тайпаларының басын қоса бастаған Тумын шаньюйдан Шунь-Вэй бір мың жыл бұрын өмір сүрген деген жорамал бар, өкінішке орай бұл аңыздық кезең тарихы әлі зерттелген жоқ. Сенімді деректер Тумын шаньюйдің мұрагері Мөде шаньюй (б.з.б. III соңы – II ғасырлар) билікке келген уақыттан басталады.

Б.з.б. 209 жылы Мөденің билікке келуі және белсенді сыртқы саясат жүргізе бастауы көрші тайпаларды үрейлендірді дейді тарихшылар. Ерте уақыттан бері үстемдік жүргізіп қалған Дунху конфедерациясы ғұндарға бірқатар талаптар қойып елшілер жібереді-мыс. Қытай деректерінде бұл оқиға келістіре сурет-

телген: «Дунху Үйі гүлденіп тұрған. Мөденің әкесін өлтіріп, патша болғанын естіген Дунху оған елші жіберіп, Тұманнан (бұрынғы әмір, Мөденің әкесі) қалған мың лилік сәйгүлікті (күніне мың ли жерге шабатын ат) қаламақ ниетінің барын білдіреді. Мөде ақсүйек бектерін шақыртып алып кеңес құрады. Ақсүйектер оған «мың лилік тұлпар ғұндардың қазынасы зой, беруге болмайды», – дейді. Оларға Мөде: «Көрші тұрған жұрттан бір жылқыны аяған болмас», – дейді де, мың лилік сәйгүлікті беріп жібереді. Арада біраз уақыт өткен соң Дунху Мөдені өзінен қаймығады деп ойлап, тағы да елші жібереді. Бұл жолы одан ханымдардың біреуіне қоңілі құлағанын білдіріп, Яньжиді атап сұрайды. Мөде өз төңірегіндегі жақын жүргендердің ақыл-кеңесіне тағы да жүгінеді. Төңірегіндегілер: «Дунху ұятсыз адам екен, Яньжиді сұрауын қарашы» – деп таңғалысып, – оған соғыс жариялау керек», – деп кеңес береді. Мөде бұл уәжге: «Көрші тұрған кісілерден бір әйелді аяп қажет пе, – деп сүйікті Яньжиді Дунхуға беріп жібереді. Дунхудың патшасына айтқаны екі болмай, әбден кердең кетеді. Ғұндардың иелігінде Дунхудан батысқа қарай кең жатқан мың лидей бос жер бар еді. Онда тек шекара бойлай екі жақта тұратын қаруыл күзеті ғана болатын. Дунху екі жақты шекара күзетінің арасында

бос жатқан ғұндарға тиесілі, бірақ оларға қолайсыз жерлерді алғысы келетінін Мөдеге айту үшін еліні аттандырады. Мөде бектерінен ақыл сұраса, олар: «Бұл қолайсыздау жер зой, беруге де, бермеуге де болады», – деп былқылдады. Сонда Мөде терісіне сыймай: «Жер мемлекеттің негізі емес пе?» – деп жерді беру керек деп ақыл айтқандардың бәрінің басын алады».

Екі көрші елдің арасында соғыс басталды. Қалың әскерімен келген Мөде Дунху Үйін талқандап, жеңіске жетеді. Қайтар жолда ол батыста тұрған юэчжилерге жорық жасап, оларды Іле өзені бойындағы жерлерінен қуады да, бұл қонысты ғұндарға одақтас болып конфедерацияға еніп отырған үйсін тайпаларына береді. Осылайша, Орталық Азияда көшпелі жауынгер тайпалардың жаңа империясы дүниеге келді.

Көшпелі тайпалардың басын біріктіріп, мемлекеттік билікті нығайтып алған соң Мөде шаньюй Қытай шекараларына қатты соққы беріп, Хань әулетінен Мын Тхян қолбасшы басып алған ғұндардың Ордостағы ғұн иеліктерін қайтарады. Б.з.б. 200 жылы қытайлықтар империя шекарасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету қамымен үлкен әскер құрып, ғұндарға қарсы жорық ұйымдастырады. Бірінші қақтығыста ғұндар көшпелілердің әскери өнерінің дәстүрлеріне сәйкес артқа

шегінеді, Қытай әскерінің атты авангарды Гао Ди императормен бірге негізгі әскери күшінен қол үзіп алғаны шығып кетті.

Осы кезде көшпелілер шегінуді тоқтатып, қытай императоры бастаған әскерін Бәйтін тауының қойнауында төрт жақтан қоршайды. «Батыстағы хуннулардың барлығы ақ боз жылқының үстінде, шығысында сұр тұмсықты жылқы мінген, солтүстіктегілер қарагер жылқы үстінде, оңтүстіктегі хуннулар жириен аттардың үстінде отыр», – деп сипаттады. Қытай жылнамашылары империяның тарихында бұрын-соңды болмаған жеңіліске әкелген шайқасты. Осы шайқастың нәтижесінде император өзінің азаттығы үшін амал жоқ келісімге келуге, жыл сайын алым-салық төлеп отыруға, император сарайынан ханшаны ғұндарға аттандыруға мәжбүр болды.

Кейін шығысында ғұндар «Шығыс ху» аталатын, яғни Моңғолияны мекендеген ухуань, сяньби тайпаларын бағындырды. Б.з.б. 177 жылы ғұндар Батыс өлкедегі юэчжилерді (нүкіс, иүзі) үйсіндерді қолдап тағы да жеңіліске ұшыратты, бірақ оларды толықтай он жылдан кейін ғана талқандайды. Юэчжи көсемі соғыста қайтыс болып, Мөденің ұлы Лаошань-шаньюй оның бас қаңқасын алтынмен қаптап тостаған жасап алады. Орталық Азияға ығыстырылған юэчжилер Мәуреннахр алқабындағы

Ескендір Зұлқарнайын мұрагерлері негізін салған Грек-Бактрия мемлекетін жаулап алып, Құшан державасын құрады. Қалған юэчжилер үйсін арасында қалды, олармен бірге ертелеу бері Іле мен Жетісу өлкесін мекендеген сактардың топтары да көп еді.

Ғұндардың этникалық құрылымында әр түрлі тайпалардың болуына осы жорықтардың бағыттарына қарап-ақ көз жеткізуге болады. Қытай деректері бойынша, империяның ішіне енген үйсін ұлысы алдымен Шығыс Түркістанның солтүстік аудандарын игеріп, Іле бойындағы қоныстарын мекендесе, кейін Жетісу мен Ферғананың жергілікті халықтарының басын құрады. И. Бичурин өзінің жазбаларында: «Үйсіндердің үлкен гуньмосы Чигу қаласында орналасқан, халқы 120000 үйі, 630000 жас, әскер 188600 адам» болғаны және «Шығысқа қарай протектордың отырған жеріне дейін 1721 ли, батысқа кангюйдің Фанней жеріне дейін 5000 ли. Жері жазық, шөбі мол. Жаңбыры көп, ауасы салқын жер. Тауларында қалың қарағай және мань ағашы бар. Үйсіндер ғұндарға тәуелді болды, соңынан күшейіп, оларға бағынышты болғысы келген жоқ. Шығысы – хундармен іргелес, солтүстік-батысы – Кангю, батысы – Даванмен, оңтүстігі әр түрлі иеліктермен» екендігі айтылған. Алғашқы кезеңде үйсіндер ғұндарға

тікелей бағынышты, қамқорлығында болды. Үйсін ханзадасы өз елін юэчжилер тас-талқан қылған соң ғұн тәңірқұтының тәрбиесін алды. Кейіннен Қытай дипломатиясының арандатуымен ғұндар мен үйсіндердің арасы ашылып, империя ыдырады.

Үйсіндермен көп жауласқан Үлкен Юэчжилер туралы қытай деректерінде: «Олар Сэ (сактар) халқын талқандап қуды, одан кейін ғұндардың ығыстыруымен Батысқа кетті», – делінеді. Кейбір деректерде юэчжилер 400000 халық құраған. «Сэ билеушісі аспалы көпірден өтіп және үлкен юэчжилер батысқа барып Даханы басып алғанда, үйсін гуньмосы олардың жерінде қалған. Сол себептен үйсін ішінде сэ және юэчжилердің рулары бар» дейді (Цяньханьшу).

Ғұн дәуіріндегі көне мемлекеттердің бірі – Қаңлы (Кангюй) – Орталық және Оңтүстік Қазақстан өлкелерін, Сырдария бассейнін Ташкент оазисімен қоса, оның үстіне оңтүстік-батыс Жетісу жерлерін иемденді. Кангха (кангюй) атауы ерте заманнан белгілі болса да (б.з.б. 2 м.ж. ортасы), шындыққа ұласатын деректер б.з.б. II ғасырдан кездеседі. Бұл кезде Қытай саяхатшысы Чжан Цянь кангюйлер юэчжи мен ғұндарға тәуелді болғанын айтады. Ғұндар державасының екіге бөлінуіне байланысты кангюйлер Қытайдың одақ-

тасы болған солтүстік ғұн шаньюйі Хухуаньеге қарсы Чжи-Чжиді (Шөже) қолдайды. Б.з.б. I ғасырда Шығыс Түркістаннан Арал өңіріне дейін кангюйлер мықты мемлекет болып есептелді.

«Кангюй билеушісі қыста Лоюен өлкесінде, Даобитянь қаласында, Чананьнен 12300 ли жерде мекендейді. Қытай уәкіліне бағынбайды. Б.з.б. I ғ. құрылған «ерте Хань әулетінің хроникасында» *«Кангюй билеушісінің қол астында 120000 отбасы, 600000 жан, 120000 әскері бар. Әдет-ғұрыптары юечжилермен ұқсас. Кангюйлер шығыста ғұндарға бағынышты. Кангюй бес кішігірім иеліктерді билейді».*

Егер әр түрлі деректерді салыстыра қарасақ, қазіргі Қазақстан атанып отырған ұлан-байтақ даланың орталық және батыс аймақтары кезінде қанлы тайпаларының қонысы болғанға ұқсайды. Қанлылар Қытайдан алыс жатқан себепті жат елдің билігін мойындамады, оның бір көрінісі ғұндардың батысқа жылжуы кезінде қанлылардың оларға жасаған белсенді көмегі. Көптеген тарихи деректер үйсіндердің де, қанлылардың да құрамынан толып жатқан елдің ғұндардың Еуразияның батыс бөлігіне бағытталған жорығына қатысқанын дәлелдейді.

Еуропа тарихшылары «Халықтардың ұлы қоныс аударуы» деп атаған бұл оқиға Еуразияның Шы-

ғыс таулы аймақтарынан басталды деп есептейміз. Шығыс ғұн империясының дағдарысы б.з.б. 71 жылдан басталып, ақыры б.з.б. 56 жылы ғұн қауымының екіге бөлінуімен (оңтүстік-солтүстік), шаруашылықтағы үлкен дағдарыспен аяқталды. Шығыс ғұн империясының ыдырауына қытайлардың тікелей қатысы болды.

Алдымен ғұн қауымы екіге бөлініп кетті. Қытай саясаты Хуханьені қолдады, оның таққа отыруына жәрдем берді. Оңтүстік шаньюй әулеті осылайша Қытайға мойынсынып отырғанда солтүстік ғұндардың басшысы Чжи-чжи оған келіспей, Қытай елшісін өлтіріп, өзінің соңынан ерген елді алып батыс өлкеге, яғни Қанлы мемлекетіне барып бекінді. Бұл жаугершілік бірнеше жылға созылды және Орталық Азия көшпелі тайпаларының әскери одағын біржолата құртты. Бір жағынан табиғи апаттар мен қытай экспансиясы күдалаған ғұндардың қалың елі ғана емес, сонымен бірге қытайларға жәрдем берген үйсін, ухуан ұлыстары да бұдан кейін оңала алған жоқ. Көшпелілердің берекесіз саяси жағдайын пайдаланған протектор Янь шеу мен генерал Чень Тхан Батыс өлкесінің әскерімен барып, қазіргі Тараз қаласы маңында Чжи-чжи ханның көзін құртты. Бұл оқиға Юань-ди кезінде, Цзянь билігінің 3-жылы болды. Чжи-чжиді қолдаған қанлы әскері қайтадан

елдеріне оралды. *«Қытай әскерінің тым жақын келгенінен қауіптенген соң Чен ди патшаның уақытында қанлы билеушісі сыйлықпен ұлын Қытай сарайына жіберді, бірақ соның өзінде өзгелермен қатар бағынышты болғысы келген жоқ, алыстығын пайдаланып тәкәтпарлана берді».* – дейді жылнамашылар.

Протектор Го-шунь шекарадағы жағдай туралы сарайға бірнеше хабар бергені белгілі. *«Хундар кангю мен усуньді бағындырғандықтан құдіретті болған жоқ, сол сияқты ол екеуін жоғалтқаннан кейін Қытай үстемдігін мойындаған жоқ. Қытай сарайына билеушілерінің балаларын аманатқа бергенімен, жаңағы үш иелік бұрынғыша қарым-қатынаста; байланысы мен наразылығы қатар, аңдып жүріп, қолайлы шақта бірін-бірі шауып отырады. Басы қосылса да бірін-бірі сенбейді, бөлініп кетсе, бірін-бірі бағындыра алмайды. Усун ордасымен туыстық қарым-қатынасқа түскенімен, Қытай сарайы әлі одан пайда тапқан жоқ. Бірақ ол байланысты усундер ерте бастағандықтан және хундармен бірге бодандықты мойындағандықтан оларды сырттату әділдік емес. Ал кангю болса тәкәтпар, шұғыл және усундардай емес, елшілерге бас иісі келмейді. Протектордан барған қызметкерлерді усун елшілерінен томен отырғызады. Өзінің бектері мен жайсандарына тамақ бергеннен*

кейін протектор елшісіне ұсынады және онысын көрші иеліктердің алдында көрсетуге құмар. Осындай іс-қимылдан оның өз ұлын сарайға неге жібергенін түсінуге болады. Бұл – бізбен сауда жасау үшін ойлап тапқан жақсы сылтау.

Хундар шет елдерінің ішіндегі ең ұлы мемлекет еді, ал қазір Қытай империясына жағымпазданып қызмет етеді. Кангю басшысы тиісті тағзымын жасамайды деп естісе, сөз жоқ, Шаньюй өзін қорсынып қалады. Өзіне құрметті дұрыс түсінбейтіндіктен, Хань әулетінің абыройын сақтау үшін оның (Кангю) ұлын кері қайтарып, елшілікті тыю қажет». – деп аударарды қытай жылнамасын И.А. Бичурин.

Ғұн дәуірінен сақталған археологиялық материалдар халықтардың ұлы қозғалысының Шығыстан басталғаны жайлы аздап мәлімет береді. Мұндай ірі қозғалыс Орталық Қазақстан мен Батыс Сібірдің далаларына соқпай өте алмады. Оның ішінде сол дәуірге қатысты архитектуралық ескерткіштердің зерттелуі әлі де нақты емес. Дегенмен, біздің пікірімізше, Қазақстанның далалық аймағында шығыстан батысқа қарай б.з. I мыңжылдығының басына жататын аса құнды культті ескерткіштер тізбегі орналасқан: Домбауыл, Қозы Көрпеш – Баян Сұлу, Теке және т.б. Олар «дан» стилінде тұрғызылған (бұл дәстүр XIX ғасыр аяғы – XX ғасырдың

басына дейін жалғасты) және белгілі дәрежеде ғұндардың жаратылыс туралы түсініктері мен көші-қон бағыттарын көрсетеді.

Біз жоғарыда Қазақстан жерінің негізгі бөлігін қаңлы тайпалары мекендеді делік. Бірақ ол да өз кезегінде Батыс өлкедегі сақ-массагет және т.б. әскери конфедерациялары ыдырағаннан кейін қалған ұсақ тайпаларды өзіне қосып алды. Бұл тайпалардың өмір-тіршіліктері Жетісу мен Шығыс Түркістан территориясын үйсіндердің, юэчжилердің (тохарлар) және т.б. жартылай көшпелі конфедерациялардың салт-дәстүрлеріне жақын болды деп есептеуге болады. Бірақ бір ескеретін мәселе, батыс аймақта, яғни Сырдария мен Ертіс арасын мекендеген қаңлы қауымының этникалық тарихы Ұлы даланың көне тарихи қауымдарымен тікелей байланысты деп есептейміз.

Ғұн кезеңінің этносаяси тарихын талдау кезінде империя құру барысындағы қысымына шыдамаған Моңғолия мен Алтайдың кейбір тайпалары (дунху, сяньби) Қытайға өткенін білуіміз керек, ал юэчжилер – Орта Азияға (қаңлы тайпалары мекендеген Ташкент аудандарына) өтті. Б.з.б. II ғасырда Грек-Бактрия мемлекеті дала көшпелілерінің жиі шабуылдарына шыдамай, тәуелсіз иеліктерге бөлініп кетеді. Сол кезден бастап әртүрлі мәдениеттердің араласуы мен интеграциясы күшейеді, жергілікті

отырықшы-қалалық субстрат, Орта Азия территорияларына грек-македондықтар әкелген ортаазиялық-эллинистік және дала мәдениеті бұл өңірлерде көшпелі тайпалардың жаңа толқынымен күшейді.

Осы іргетас үстінде юэчжилер Кушан империясын құрды. Олардың оңтүстікке қозғалысы нәтижесінде Кушан көшпелі әулеттеріне Солтүстік Үндістан, Шығыс Иран, Ауғанстан халқы бағынды. Осылайша, Кушан мәдениетіне буддалық мәдениет қосылады. Орта ғасырлар басында Үндістан территориясына дейін жеткен ғұн көшпелілерінің күшті тобы батыс деректерінде абдал (*эфталит*) немесе ар-ғұн (*белые гуны*) деп аталады. Олар ондаған жылдық соғыстан кейін Иран мен Мәуреннахрға үстемдік жүргізген Сасан империясын тізе бүктірді. Деректер бойынша, 484 жылғы соғыстан кейін Пероз патша ар-ғұн қолынан өлді де, парсылар жүз жыл бойы оларға бағынышты болған. Ар-ғұндар империясы Орта Азияны бірнеше ғасыр бойы біріктіріп, мемлекет пен мәдениетінде зор із қалдырды.

Ерте көшпелілер дәуірінде Орталық Азиядан басталған қоныс аударушылар Солтүстік Үндістан территориясының біршама территориясына қоныстанды (Синд, Раджастан, Мальва) және көне үнді-арийлік тұрғындармен араласу үрдісіне түсті. Зерттеушілердің айтуынша,

жаңа этносаяси қауым – раджпуттар қастасының пайда болуы осы араласу мен метисация нәтижесі. Солтүстік Үндістан территорияларын белсенді түрде көшпелі тайпалардың қоныстануы нәтижесінде Гуджарат атты этномәдени аудан пайда болды.

Бүгінгі күні ғұндарға қатысты тарихи оқиғалардың ең танымалы – олардың Батыс елдеріне жорықтары. Жолай ғұндар угор (естек), славян тілдес елдерді бағындырып, одан әрі алан, герман-гот тайпалары қосылып, Боспор патшалығын талқандап, 376 ж. Римге найзасын тіреді. Баламер патша заманында Еуропаны ала бастаған ғұндар, Ругел тұсында жалғасып, Аттила (Еділ-Едіге) тұсында аяқталды. **Аттианың басшылығымен батысқа жылжыған ғұндар IV ғасырдың 50-жылдарында оңтүстік-шығыс Еуропаға аяқ тіреді. Бұл дәуірдің ең ұлы оқиғасы деп тарихшылар 451 ж. болған Каталаун (Франция жері) шайқасын атайды.** Әлемді дүр сілкіндіруші Аттила патша жөнінде Каталаун соғысын толық сипаттаған Иордан былай деп жазады: «Аттила – Скифия даласын мекендейтін тайпалардың әлемдегі жалғыз басшысы, бүкіл ғұндар көсемі. Варварлар арасында таңғажайып даңқымен танымал». Екінші бір тарихшы Приск былай әңгімелейді: «Керемет үлкен өзендерден – Тизия (Тисса), Тибизия (Темеш) және Дрикканы кешіп өтіп,

король Аттила тұрған елді мекенге келдік. Бұл өзі үлкен қалаға ұқсайды: бір-біріне тығыз бекітілген жылтыр ағаштардан іргесі бар, арасынан күн сәулесі өтпейді. Біршама алысқа созылған құрылыстары бар, әшекейленген порталдары көрінеді. Король сарайын жағалай қоршау бар, көлемінің өзі патша сарайынан хабар береді. Бұл – өз қол астында бүкіл варварлар (көшпелілер) әлемін ұстаған Аттила қонысы, осы қонысты ол жаулап алған қалаларынан артық көріп тұр.

Осы Аттила Мундуктың баласы, Мундукпен Октар, Роас ағайынды... Ол халықтарды сілкіндіру үшін жаратылған ер еді. Бүкіл елдерге сұмдық болып тиді, бәрін де қалтыратып жіберді, ол туралы хабардың өзі қорқынышты еді. Оның жүрген жүрісі маңызды, көзқарасы мен қимыл-қозғалысы аса тектілікті көрсетеді. Соғысты жақсы көргенімен, тонаушылығы, аз болды, ой қабілеті өте жоғары еді, сұраушыға қайырымды, сенген адамна өте мейірімді. Сыртқы түрі – орта бойлы, кең кеуделі, басы ірі, көздері кішкентай, мұрны пісте, терісінің түсі бөлек (сары-қоңыр) өз шыққан тегінің барлық қасиетін бойында сақтаған... Каталаун соғысында екі жақтан 165 мың адам, 15 мың гепид пен франкіні есептемегенде өлді».

Рим мен Ғұн арасындағы соғыста екі жақтан 200 мың адамдай қайтыс болған екен. Осыдан кейін Аттила Рим империясының орталық бөлігін талқандап, патшаның қарындасын, Римнің қазынасын алды. Қорытындылай келсек, ғұндар бастаған «халықтардың ұлы қозғалысы» әлем тарихында орта ғасырлардың қанжасын ашып, феодализм дәуірі бастады. Ғұн соғысынан кейін күл төлеуге негізделген Рим империясы ыдырап, Еуропада ұлттық мемлекеттер пайда болды. Бұл Еуропа тарихы үшін үлкен прогресс еді.

1.5. Мәдениеті

Б.з.б. III-II ғасырларда шығыс алқаптағы көшпелі тайпалардың жаңа империя құруы Еуразиялық құрылықтың тарихындағы кезеңдік оқиға болды. Егер бұрын миграциялар мен демографиялық жарылыстар эпицентрі Қазақстанның далалы аймақтары болса, олар бірнеше ғасырға созылған скиф-сақ белсенділігінен кейін этносаяси тұрақтылыққа ие болған еді. Оғыздық негізге жақын қанлы сияқты ірі қауымдар маусымдық жүйені және жайылымды үйлестіру мен су қорларын жақсы меңгерген, этноәлеуметтік байсалды құрылым ретінде қалыптастырды.

Ертіс бойында қыпшақ этномәдени қауымдастығына жататын жартылай отырықшы тайпалардың бірлестігі

саяси өмірде көріне бастады. Сол кезде Ұлы Даланың шығысында, әсіресе таулы-орманды ландшафтқа бай Оңтүстік Сібірде, Алтайда, Моңғолияда номадизация зонасында аңшы тайпалар өмір сүрді. Олардың көшпелілікке өтуі далалық аймақта халық тығыздығының өсуімен қатар этносаяси жағдайды күрделендірді. Сонымен бірге, отырықшылықтың орталығы Қытайдың көршілес орналасуы да ғұндар бастаған көшпелілерге әсер етті, себебі бұл ұлы өркениеттің қарқынды дамуы дәл б.з.б. II-I мыңжылдықтарға жатады.

Қазіргі таңдағы тарихшылар ғұн, үйсін және қаңлыларды қаншалықты отырықшы мәдениет өкілдері деп сипаттағанымен, б.з.б. I мыңжылдықта көшпелі мал шаруашылығы үстемдік етті. Көшпелілердің перифериясы негізінде қыстау-тұрақтар ретінде, отырықшылар мен жер өңдеушілердің оазистері болды. Мәселен, ғұндар Оңтүстік Сібір және Қытай қалаларын пайдаланса, үйсіндер – Жетісу мен Қашқария, Ферғана қоныстарын, ал қаңлылар Сырдың төменгі бойындағы қоныстарға иелік етті. Кейбір тұрақтар бекініс қалашықтар түрінде болды. Ғұндарда Сібір тұрақтары, үйсіндерде Чигу бекінісі, қаңлыларда Ақтөбе, Көкмардан, т.б. қалашықтары болған. Рим тарихшысы Приск Паннониядағы Аттиланьң (Еділдің) ордасын сипаттады. Оның айтуынша, орда «алып қала» сияқты, «оның са-

райы биік дүвалмен қоршалған. Бұл бүкіл варвар әлемін қолында ұстаған Аттиланьң сарайы және жасулап алған қалаларды да осындай сарайға айналдырғысы келді».

Ерте көшпелілердің бейіттері көбінесе өзендердің жағасында орналасқан. Олар көші-қон жолдарында жақын салынып, көбінесе кішігірім қорғандардан тұрды. Біз Ұлы дала шығыстан батысқа қарай біртүзбек бойында орналасқан үй тас ескерткіштерін осы кезеңмен байланыстырамыз. Ғұн кезеңінің «дың» типтес ең әйгілі және ерекше кесенелері Қозы Көрпеш – Баян Сұлу, Домбауыл, Теке ескерткіштері культтік мағынада салынған деп есептейміз. Олар – ғұн көсемдерінің бас қосатын, Тәңіріден жәрдем сұрайтын орындары. Шығыс аймақтағы таулы өңірді қоныстанған бұл тайпалар кезінде тау үңгірлеріне барып тылсым күштерге табынатын болса, батысқа қарай аттанған ұлы көш кезінде биік қылыптастан «дың» соғатын болды деп жорамал жасауға тура келеді. Қазіргі күні бұл дәстүр қазақ ортасында сақталған және біздің жерімізде қасиетті әулие үңгірлер баршылық.

Үйсіндер қорғандарының негізгі типі үйінді оба түрінде кездеседі. Қаңлы тайпаларының әрбір мекендеген аймақтарының тұрақтары маңында ірі қорымдар бар. Қай жерде болмасын ер адамдарды қылып, жебемен, садағымен бірге жерлесе,

әйелдердің бейіттеріне әшекей бұйымдарды – сырға, жүзік, моншақ, т.б. қалды. Археология тарапынан үйсіндер мен қаңлылардың да материалдық мәдениеті біршама зерттелді. Жетісу мен Сырдария қалаларындағы тұрақтарды қазу нәтижесі ерте көшпелілердің мәдениетін, керамиканың негізгі типтерін, еңбек құралдары мен қару-жарақтары жайлы мағлұмат алуға мүмкіндік береді.

Деректерге қарағанда, бұл кезеңде көшпелілердің негізгі тұрақтары киіз үй болып табылады, сонымен бірге баспананың ерекше бір түрі – үстіне кигіз үй орнатылған үлкен күйме арбалар қолданыста болғанын білеміз. Күйме арбалардың көлеміне қарай оған өгіздер мен түйелердің белгілі бір саны көлік малы болып жегілген. Сол дәуірдің суреттемелеріне қарағанда, үлкен арбаның ішіне иесінің жағдайына қарай төсеніш және кигіз төселген. Белгілі дәрежеде ерте көшпелілердің материалдық мәдениетінің дамуына көршілері де әсер етіп отырды, бұл, әсіресе шығыс алқапта жақсы сезіледі. Егер ұлы даланың кіндік ортасын мекендеген ұлыстардың материалдық мәдениеті таза көшпелі тұрмыс заңдылықтарымен суреттелсе, шығысқа қарай қытайлық дүниелерді көбірек кездестіреміз. Мысалы, қой жүнін көшпелілердің өзі іс қылса, жібек матаны Қытайдан малға айырбастап әкелген.

Қаңлы қауымдары мекендеген Сырдария бойындағы территорияларда қолөнер ісінің жоғары дамығандығы байқалады. Ежелгі қалалық өркениетпен тығыз байланысты өмір сүрген қаңлының бекзат топтары осы кезеңде көбінесе қыстау маңында көбірек болады да, біртіндеп отырықшылық тұрмысқа көше бастайды. Ертiске дейiнгi қыр өнiрiнде қаңлы қауымының iшiнде жауынгер бөлiктерi мекен еттi және олардың Қытаймен бiрнеше ондаған жылдар бойы жауласып, амал жоқ, батысқа жылжыған топтарына жәрдем бергенi белгiлi. «Халықтардың ұлы қоныс аударуы» кезiнде қаңлы топтарының қалалық өнiрге бейiмделу үрдiсi күшейе түстi деп есептеймiз.

Ғұн, үйсiн мен қаңлылардың бейнелеу өнерi сактардың көркемдiк дәстүрiмен (аң стилi) байланысты. Б.з.б. III-II ғғ. аң стилiнiң орнына әртүстi қымбат тастармен, түрлi оюлармен әшекейленген полихромды дәстүр келдi. Олардың iшiнде Оңтүстiк Сiбiрде табылған «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» оқиғаларын бейнелейтiн немесе «Қарғалы диадемаcы» аталатын әлемi алтын пластиналар ерекше. Ерте көшпелiлердiң қолөнерi өз жалғасын казак мәдениетiнен тапты.

Қазақстанның далалық өнiрiнде қорғандар маңынан табылған ескерткiштер ежелгi заманның идеологиялық көрiнiстерiн бейнелейдi, бiздiң ата-бабаларымыздың табиғат құбы-

лыстарына ерекше мән берiп, күнге, айға, аруақтарға табынғанын айқын көрсетедi. Далалық өнiрде, әсiресе «бұғы тас», «аю тас», т.б. сияқты жойқын жәдiгерлiктер кездеседi. Бұл тастарда бұғы суретiмен қатар, күн бейнесi де салынған. Осы ескерткiштерге қарап бұл дәуiрдiң дүниетанымдық құрылымы табиғат күштерiне негiзделген деп айта аламыз. Ғұндардың тасқа салынған суреттерiнде көбiнде бұқа, бұғы, аққу сияқты тотемдердiң (киетек) бейнелерi салынған. Олардың ойынша бұқа күшпен билiктiң, бұғы бақытпен жақсылықтың, ал аққу үй ошағын сақтаушы символдары.

Бiздiң заманымыздың басында Ұлы далаға иелiк жасаған ғұн, үйсiн, қаңлы қауымдары сак тайпаларының мәдениетiн жалғастырушы, одан әрi дамытушы болды деуге келедi. Өз арасындағы сауда қатынастарының тез дамуы, этникалық туыстықтың жақындығы оларға бiркелкi мәдени орта қалыптастыруға мүмкiндiк бердi. Материалдық мәдениетте оның негiзгi белгiлерi темiрден жасалған бұйымдардың кең тарауы, қарапайым тiгiн станогының және ағаш өңдеудiң кең өрiс алуы, қолөнердiң пайда болуы өркениеттiң қозғаушы күшi болды деп есептеуге мүмкiндiк бередi.

Егер бiз ғұндардың батыста және оңтүстiкте жемiстi жорықтар жүргiзуiне не себеп десек, онда олардың жоғары дамыған әскери өнер мен

әскери iстегi тас камал бұзудың техникасы мәлiм болғанын ескеруiмiз керек. Өз заманында ондық ұлыстық жүйенi енгiзген жауынгер тайпалардың ұжымы өте тәртiптi болды, ал темiр қарумен қаруланған олар кез келген қарсыластарын талқандап, тiптi қалаларды да оңай жаулап алды.

2-тарау. Ежелгi түрiк дәуiрi

2.1. Дәуiрдiң ерекшелiгi

Бiздiң заманымыздың I мыңжылдығының орта шенiнде Қазақстан даласында iрi этникалық өзгерiстер басталды. Тарихнамада осы кезеңнен бастап көп тарихи оқиғалар нақты деректермен кестелене бастады. Ғұндармен бiрге тарихтың мифтiк сарыны азайды. Ерте түрiк дәуiрiнде адамның өмiр сүруi тарихи аспектiде, ойлау нысанына айналды. Бұл дәуiрдi бiз шартты түрде ежелгi түрiк (ерте түркi) немесе көне түркi дәуiрi деп атаймыз. Күлтегiн құрметiне қойылған құлпытастағы жазуда түркi тарихы *«Жоғарыда – көк аспан, ал төменде – қара жер жаратылғанда, ол екеуiнiң ортасында адам баласы өмiрге келдi. Адам баласының үстiнен патшалық құрып, менiң аталарым – Бумын қаған, Естемi қаған отырды. Олар мемлекеттi сақтап, түркi елiнiң заңдарын бекiттi.*

(Ол кезде) Төрт жағы жау екен. Әскер жүргiзiп төрт бұрыштағы

халықтарды түгел алған екен, бұғалықтаған екен. Бастыны жүгiндiрген екен, тiзелiнi шөгiрген екен. Iлгерi (күн шығыста) Қадырхан Жышқа дейiн, керi (күн батыста) Темiр қапығқа (темiр қақана) дейiн (халқын қондырған екен). (Қадырхан жышпен Темiр қапығтың) екi арасында бас иесiз, руы тоз-тоз болған Көк Түрiк елi мекен тапқан екен.

Бұл екi қаған дана қаған екен, алып қаған екен. Бұйрықшылары дана екен, алып екен. Бектерi де, халқы да сондайлық азбаған екен. Сол үшiн де жүртты көп уақыт құраған екендағы. Елдi ұстап, жарғы-жарлығын жасаған екен. Өздерi сөйтiп қайтыс болған екен. Бұл екi қағанның асына сауын айтқан жерлерден жоқтаушы, сақтаушы болып iлгерi күн шығыстағы Боклi шөлдi ел, табғаш, тибит, апар, нурум, қырғыз, үч құрықан, отыз татар, қытаң, татабы – осынша халық келiп, жылаған екен, жоқтаған екен. Олар сондай күлiк қаған екен» деп басталады.

Осы сияқты жазбалар түрiк рухының аса жiгерлi сәттерiн суреттейдi, олардың өздерiн ерекше жаратылғандай сезiнгенi хақ, олардың санасында жаратылыс пен түрiк халқы бiр-бiрiмен тығыз байланысты. Бұл мәтiндер көне түрiктердiң этникалық сана-сезiмiнiң iргетасы өте берiк екендiгiн және оның көне замандағы тарихи бастауларға орныққанын аңғартады.

Қытай жылнамаларындағы әфсаналық генеалогиялық деректерді алып карасак, көне түріктер ғұн қауымдастығына енген рулардан калған тұқым болуға тиісті. Шын мәнінде олардың тарихи негізі б.з.б. екінші мың жылдықта Ұлы даланы мекендеген тур қауымына барып жалғастынына күмән жоқ. «Авеста» жырларында арийліктер мен турлар қатар өмір сүреді. Кітапта Ардвигұдайына турларды жеңу үшін арийлердің Барукаша көлінің жағасында 100 жылқы, 1000 сиыр және көп қойды құрбандыққа шалған оқиғалары жиі айтылады. Көлдің жағасында арий көсемдері «диюга табынған тырнақты қанішер Құмаяк пен Арджаспа жеңуге көмектесе көр» деп Зардүш пайғамбарды ортаға салып, Құдайларына табынып жатады. Ворукаша теңізі – біздің шамалауымызша, Балқаш көлі де емес, Арал да емес, сол екеуінің ортасына орналасқан Аксақал Барбы аталатын қазіргі заманда кеуіп қалған ірі көл. Турларда: «Қуатты Виштаспаны жеңуге жәрдем бер», – деп Ардвигұдайы сұрайды. Ақырында турлар арийлерді жеңіп, негізгі топтарымен көшіп-қонып жүрген жерлерін тастап кетуге мәжбүрледі. Арийліктер (ирандықтар мен үнді-арийліктер) мен турлар (тұран) арасындағы соғыстар жүздеген жылдар бойы жүріп жатты.

Қытай деректерінде түрік тайпасы VI ғасырдың ортасына дейін жуан-

жуан (жужан) мемлекетіне тәуелділікте, тау арасында өмір сүріп, темір балқытып, колөнермен айналысты. Күшейе келе Оңтүстік Сібір мен Алтай тауларын мекендеген теле тайпаларын қосып алып көне түріктер жужан патшасына елші аттандырды, өздерінің көсемдеріне жужанның ханшасын сұрады және терезесі тең ел боламыз, – деп үміт етті. Бірақ жужан патшасы Анақуан: «*Сен темір балқытушы құлым екендігіңді ұмыттың ба? Батыдың барып мұндай өтінішті қалай айттың?*» – деп ашу көтерді. Осы оқиғадан кейін екі елдің арасы бұзылып, ақыры жужандардың тас-талқан болып жеңілуімен бітті.

Осылайша жужан үстемдігінен құтылған түріктер 551 жылдан бастап өз көсемдерін «қаған» деп атай бастағаны анық. Бірнеше жылдың ішінде түркі елі маңайындағы қидан, оғыз, татар, кай, Енесай қырғыздарын бағындырды, ақыры Қытайдың өзіне ауыз салды. Түркілердің құрған ірі империясы батысында орналасқан Византия, оңтүстігінде Эфталит және Иран шығысында Қытай сияқты алып мемлекеттерімен тығыз экономикалық-саяси қарым-қатынастар орнатты. VII-VIII ғасырларда түркілер асқан белсенділік танытып Қара теңізге дейінгі ұланбайтақ далалық өлкені түгел өздеріне қаратты. Тарихшылардың пікіріне қарағанда, түркі тілінің, әдет-ғұрпының, дүниетанымының үстем-

дігі сол кезеңнен басталады. Көп үзілістен кейін ірі тайпалық бірлестік ретінде түркі-ашиналар Тұран атын қайта шығарды. Көне антикалық жазбаларда «скиф» атауларының ежелгі түрік мемлекеттеріне қатысты қолданыла беруде екі арадағы тарихи-генеалогиялық байланысты көрсетсе керек. Алғашқы Түрік қағанатының (Көк түрік) бірінші құрылымы – 10 тайпа одағы (он ок булуи) Жужан мемлекетінің әсерінен Алтай тауларының баурайына көшірілген тайпалардың қалдықтарынан қазыптасты деп есептейміз. Түрік қағанатының дамыған кезінде территориясы Маньчжуриядан Керч бұғазына дейін, жоғарғы Енисейден жоғарғы Амударияға дейін созылып жатты. Сөз жоқ осынау алып кеңістікті мекендеген жүздеген халықтар түріктену үрдісіне ілікті. Бірінші еуразиялық империяның құрушылары ретінде түріктер құрлықтағы халықтардың қалыптасу тағдырына үлкен ықпал етті.

Көне түрік дәуірін зерттеушілер үш кезеңге бөліп қарастырады: ерте, дамыған және кеш. Осы кезеңдердің әрқайсысының ерекшеліктері де аз емес, ол ерекшеліктердің қатарында ең бастысы мемлекет құру үрдісінде рулық не ұлыстық жүйелердің басымдылықтары сияқты көрсеткіштерді де есепке алған дұрыс. Орталық Азия территориясында ашина әулетінің көсемдері бастаған ежелгі түрік тайпалары он шақты мемлекет құр-

ды. Олар: Көк түріктердің қағанаты, Шығыс Түрік, Батыс Түрік, Түркеш, Қырғыз, Қарлұқ, Ұйғыр, Қимақ (Кемек) қағанаттары, Қыпшақ, Қарахан (Афрасияб түркілері) және Сельжүк-оғыз мемлекеттері. Орта ғасырлардың алғашқы ширегінде Еуразиялық далалық аймақта саясат сахнасында түрік мемлекеттерінің атауларының жиі ауысуы олардың біржолата жойылғанын білдірмейді, жеңілгендер жеңгендердің қатарына кіріп немесе басқа атпен жана бірлестіктер құрады. Бірақ ол мемлекеттердің атаулары өзгергенімен, этникалық негізі бір, шаруашылық салттары ұқсас, мәдени дамуы қатар.

2.2. Шаруашылығы

Егер тарихи аңыздарға қарап отырсақ, Ежелгі Түрік қағанаттарының өмірге келуіндегі алғашқы себеп – олардың шаруашылық салт-дәстүрінің өзгелерден ерекшелігі. Орталық Азияның кіндік ортасында, Алтай тауларының қойнауында темір балқытқан аз ғана қауым бірте-бірте әлемдік империяға айналды. Шаруашылық жағынан ежелгі түрік кезеңі бірнеше құрамдас элементтерден тұратын бір жүйені құрды. Оның ең басты шаруашылығы – көшпелі, жартылай өмір салтымен төрт түлік мал өсіру және дала әлемінің перифериясындағы отырықшы-жер өңдеуші шаруашылық. Халықтың басты бөлігі

көшпелі өмір салтын сақтап, қалалар мен оазис тұрғындарына қажетті мұқтаждықты толықтыру үшін олармен араласып отырды. Салық төлеушілер класының негізгі құрамы мен көшпелілердің қажеттілігін қамтамасыз ететін қалаларсыз, саяси орталықсыз, саудасыз және қаланың негізгі тұрғындары қолөнершілерсіз мемлекет болмайды. Қала мен дала бір-бірін толықтырып отырды. Бұл симбиоз ежелгі түріктерге күшті мемлекеттік құрылымдар орнатуға мүмкіндік берді.

Мысалға, халықтың басым бөлігінің көшпелі өмір салтымен қала мәдениетін үйлесімді қолдана білген Қарахан мемлекетін келтіруге болды. Бұл кезеңде Сыр бойындағы қалалық өмір ерекше жарқын дамыды, олардың трансконтиненталды сауда-саттықта қызметі еселеп артты, барлық жерлерде жаңа құрылыстар пайда болды, мемлекетте әлемге танылған ірі ғалымдар мен ақындар өмір сүрді. Деректерге қарағанда осы кезде Түркістан аймағында 33 қала болса, археологтар жазба деректеріне сүйеніп VII-IX ғғ. Жетісуда 27 қала мен қоныстар болды деп есептейді. Сонымен қатар, Қарахан мәдениетінің ықпалы Ертіс пен Еділ жағалауларында да байқалды. Шаруашылық құрылымы жағынан Ертіс бойында құрылған Қимақ (Кемек) мемлекеті тамаша деректер береді. Бұл жерде біз алдымен

ұлы өзеннің жағалауында отырықшылыққа өте бастаған тайпаларды және олардың қалалық мәдениетін, қызу сауда мен алыс шет елдерден келіп жатқан саудагерлерді, тұрақты кеме қозғалысын, т.б. көреміз. Сонымен бірге, қимақтар жауынгер көшпелі тайпалармен тіл табысып, өз тәуелсіздігін қорғап отырады.

Бұл суреттеме біз Сырдария бойында ежелден қалыптасқан отырықшылар мен көшпелілер арасындағы қарым-қатынастардан бөлек. Көшпелі жауынгер тайпалар мен отырықшы көршілердің арасындағы қарым-қатынастардың бір ерекше түрін Енисей өзені аймағында пайда болған Қырғыз қағанатынан көреміз, ол жерде қыштым аталатын тұтас аймақтар қырғыздарға тікелей бағынышты болып, шаруашылық жұмыстарды атқаруды мойынға алған. Дегенмен, қай жерде болмасын отырықшы көршілерімен көшпелілердің арасында бірқатар қайшылықтар орын алды. Қала еңбекшілеріне тыныштық пен тұрақтылықты сақтау үшін әскери қорғаныс ретінде көшпелі тайпалар керек болған, ал көшпелі тайпалардың көсемдері қала және керуен саудасына қамқорлық жасау арқылы және отырықшы қолөнерші қауымдарды бағыныштылықта ұстау есебінен, қалалық өмірге жақын орналасқан егіншілердің қауымдарынан өздеріне мол пайда тауып отырды.

Ежелгі түрік қағанатында шаруашылық проблемаларды шешу саудаға

байланысты болды. Қалыптасқан пікірлер бойынша, көшпелілер отырықшы өмірлерге шапқыншылықтар жасап, содан түскен олжаны пайда көреді. Шын мәнінде соғыстардан түскен табыстарға қарағанда айырбас саудасы көшпелілердің өміріне қолайлы жағдай туғызды. Империя тұсында түріктер Ұлы Жібек жолының үлкен бөлігінің иелері болды. Бұл істе түрік хандарының сенімді көмекшілері соғды көпестері өз қолдарында өздерінің және қытайлық жібек маталардың едәуір көлемін жинақтады. Соғды көпестері арқылы көшпелілер мал өнімдерін, соғыста түскен олжаны өзге елдерге сатып отырды. Негізінен бұл кезеңде үлкен сауданың екі негізгі бағыты да табысты жұмыс істеп тұрды. Бірінші бағыт негізінен солтүстік пен оңтүстік арасын қамтыды да, өте табысты жұмыс істеді, себебі бұл бағытта көшпелі малшылардың өздері үздіксіз қозғалыста жүретін еді және Түркістан мен Мәуреннахр көпестеріне өте қолайлы жол болды. Екінші бағыт осы кезеңде өзінің ең жарқын деңгейіне келген Ұлы Жібек жолы маршруттарымен сәйкес келеді. Көпестер әуелгі уақытта Қытай жібек матасын Иран арқылы Византияға дейін жеткізіп отырды. Үш ұлы державаның өзара арақатынасының арқасында Ұлы Жібек жолының тағдыры шешілді. Бұл серіктестік түріктер мен Византия империясы-

ның Иранға қарсы (567 ж.) әскери одағының құрылуына себеп болды. Иранның қарым-қатынасты қалпына келтіргісі келмеуі түріктерді жібекті шығару үшін жаңа территорияларды іздеуге мәжбүр етті. Осылайша, Жайық маңы арқылы жол салынды. Бұл заманда Қазақ далалары арқылы басқа да жолдар өтті, олар Сібір мен Жайық бойын Орта Азиямен байланыстырды. Көш және сауда жолдарының ең ежелгісі Арқа арқылы өткен Түркістан мен Сібір арасындағы жол болды. Бұл жол Ұлы даланың оңтүстігі мен солтүстігін бір шаруашылық-мәдени жүйеде ұстап отырды. Ежелгі кездерде-ақ көшпелілердің бір бөлігі қысқы тұрақтарды оңтүстіктен іздеді және негізгі қалалық орталықтар да сонда орналасты.

Ежелгі Түрік қағанаттарын тым бейбітсүйгіш еді деп айтуға дәлел жоқ. Оны түріктердің Қытаймен, Арабпен, Иранмен, т.б. елдермен қарым-қатынасы жақсы дәлелдейді. Дегенмен, үздіксіз соғыстарды жүргізу және үлкен әскерді ұстау көптеген шығындарды қажет етті. Тұрақты экономикалық ресурстардың болмауы алғашқы Көк Түрік, т.б. қағанаттарының тез құлдырауына басты себеп болды. Осы жерде көшпелі мал шаруашылығы туралы мәлімет бере кетсек артық болмайды. Көшпелі мал шаруашылығына өтудің басты алғышарттарының бірі бақташылар мен жер өңдеушілердің арасындағы еңбек бөлінісі екені белгілі.

Еуразия даласында көшпелі мал шаруашылығының пайда болуының бірнеше кешенді себептері бар. Оған әр түрлі факторлардың әсері тиді. Оның алғышарттарының бірі – географиялық ортаның дала мен шөлейт аймаққа ориентациясы. Мұндай жерлерде жер өңдеу тек қана ирригациялық жүйенің көмегімен ғана жүзеге келеді. Қазақ жеріндегі көшпелі мал шаруашылығы, қоршаған ортаға әбден бейімделген тарихи құбылыс, оны табынның құрамы да, оның жылдың төрт мезгілінде жан сақтай алатын мүмкіндіктері де нақты дәлелдеп бере алады. Еуразиялық далалық аймақта катал табиғи ортамен күрес барысында көшпелілер малдың барлық қасиетін өздеріне көмекші ретінде пайдаланды, соның ішінде көлік ретінде қолданылатын жануарлардың болуы олардың мүмкіндіктерін сан есеге көтерді. Мал басының өсуі, көрші отырықшы қауымдар мен қалалықтарды бағындыру дамыған мүлктік бөлініске жол ашты және ол саяси құрылымдардың пайда болуы үрдісінде қосымша факторлар болып табылады.

2.3. Әлеуметтік құрылымы

Көне түрік қоғамдарын әлеуметтік тұрғыдан салыстыру олардың бір сипаттылығын, сондай-ақ әлеуметтік құрылымдарының, қоғамдық институттарының, мәдени элементтердің

ұқсастығын байқатады. Мұндай салыстыру арқылы кейде көшпелілердің өзара туыстығын аңғарамыз. Олардың арасында болатын айырмашылықтар империяның пайда болуы сияқты әр түрлі сыртқы өзгерістермен байланысты. Жалпы айтқанда, олардың ерте ортағасырлық сипатта қалғанын көреміз, себебі мұндағы мемлекеттік институттар материалдық тұрғыда көшпелілердің отырықшы халықты салықтық қанауына негізделген, ал рухани жағынан мемлекеттік сананың күшіне сүйенеді.

Көне түрік қоғамында материалдық және әлеуметтік теңсіздік болғанын көптеген деректерден аңғарамыз. VIII ғ. түріктің сына жазбасында Білге қаған: *«Бектер мен «қара бодан» (қарапайым халық), «менің айтқанымды құлақ салып тыңдаңдар»*, – деп талап етеді. Орхон-Енисей сына жазулары, басқа да жазба ескерткіштерінде ежелгі түрік қоғамындағы әлеуметтік стратификацияның 3 сатылы қабаты беріледі: қаған руы – лауазымды бектер – халық, бірақ осы әлеуметтік страттардың арасында бірін-бірі қанау, біріне-бірі таптық өшпенділік болды деп айта алмаймыз.

Көне түркі қауымының әлеуметтік құрылымы ғасырлар бойы қалыптасқан Орталық Азиялық дәстүрлерге сүйенді де, көшпелі-әскери тұрмыс салтының мақсаттары мен міндет-

теріне бейімделді. Қаған тайпа басшыларынан жоғары, саяси билікке ие болып, жоғарғы сот және әскери қолбасшы функциясын атқарды. Қаған саяси билігін ру аристократиясының кенесімен жүргізді және солардың мұқтаждарына тәуелді болды. Қағанның ұлдары мен туыстарын «тегін» деп атады. Қағанның өз әскери жасағы болды. Ірі соғыстар кезінде көшпелі-малшылардан тұратын рулық жасақтар жиналды. Кейін келе мемлекет қуатының өсуіне байланысты түрік қоғамы ондық жүйеден тұратын ұлыстық құрылымды қабылдағанын көруге болады. Батыс Түрік қағанатының «Он ок елі» (10 жебе мемлекеті) деп аталуына да себеп – мемлекеттің ұлыстық жүйеге көшкенінің нақты белгісі. Жебе ұлыстық билік белгісі ретінде танылды. Әр жебе 1 түмен, яғни 10 мың жауынгерді шығаруға міндетті болды. Түмен басында соғыс туын ұстаған «шадтар» тұрды.

Көне түріктердің ондық жүйесі әскери-әкімшілік сипатта болғандықтан, генеалогиялық негізде құрылған жүйені ығыстырды. Бұл ұлыстық жүйе қоғамнан ру-тайпалық қатынасты ығыстырып, елді территориялық жағынан ұйымдастырды. Әрбір жебеге бірнеше тайпа кірді. Негізінде қағандар ірі ру коллективтерін бөлшектен, олардың халқын ұлыстарға бөлуге, сол арқылы ру сепаратизмін әлсіретуге тырысты.

Көне түріктердің әлеуметтік терминологиясында «тат» термині кездеседі. М. Кашғари *«татсыз түрік жоқ»* деген мақал туралы айтып кеткен. Осыдан біз «тат» атауының қонсы елге қатысты айтылатынын байқаймыз. Әрбір бек немесе тархан манындағы оларға тәуелді ададарды «тат» деп атаған. Кейбір материалдарға қарағанда, олар қоғамдағы құрылымда белгілі бір әлеуметтік орын алды. Құлдарға қарағанда таттар қоғамдық өмірге белсене қатыса алды. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, таттар – шығыс-иран этникалық топтарынан құрылып, көшпелі түріктерге тәуелді болған халық. Таттар-тәжіктер мен отырықшы халықтардың арғы аталары деп есептеуге болады. Халықтың ең төменгі қабатын еріксіздер құлдар мен күндер (жесір) құрады. Оларды жорықтар және соғыстар кезінде жаулап отырды. Әйелдер мен қыздарды деректерде негізгі олжа деп көрсетеді. Көшпелілер патриархалды мал шаруашылығымен айналысқандықтан, отбасылардың жағдайы тек қана мал санына емес, сонымен бірге мал өнімдерін қайта өңдеуге байланысты болды. Осы жұмысты әйелдер атқарды. Көне түркі қауымы шаруашылығында, әсіресе отырықшы-жер өңдеуші аудандарда құл еңбегін пайдаланды. Бірақ экономикалық өмірде құлдар еңбегінің рөлі мәнді болған жоқ.

Әлеуметтік тұрғыдан мемлекет үстем жауынгер рулар мен ұлыстардан, қарапайым халық пен салық төлеушілерден тұрды. Егер империя құрамына кірген көрші көшпелі тайпалар уақыт өткен соң барлығымен бірдей генеалогиялық құрылымға кіре алса, отырықшы жер өңдеуші халық қанаушылыққа ұшырады. Көшпелі қауымдардың негізгі тәртібі, әсіресе бейбіт өмірде, туыстық жүйеден өсіп қалыптасты және жол тәртібіне бағынышты болды.

Ежелгі түрік дәуірінің әлеуметтік құрылымы жоғарыда баяндалған сипаттамамен шектелмейді. Бірнеше ғасырлық өмір-тіршілік барысында түрік қауымдары дамуды да, құлдырауды да бастан кешірді, сөз жоқ, ол жағдайларға байланысты әлеуметтік құрылым да өзгеріп отырды. Мысалы, VI ғасырдың ортасында Алтай тауларының қойнауында құрылған алғашқы Көк Түрік қағанаты аталатын мемлекеттен X ғасырда құрылған Қарахан империясы бірнеше саты жоғары және әлеуметтік құрылымы да күрделі. Еуразиялық даланың ұлан-байтақ бөлігін қамтыған және Түркістан мен Мәуреннахр алқаптарын игерген Қарахан империясы өзінің мемлекеттік дәстүрлерін де көне турлармен, олардың патшасы Афрасиябпен байланыстырды. Тарихи сабақтастық жағынан бұл мәселе ерекше талдауды қажет етеді.

Екінші жағынан отырықшы және қалалық жұртқа айнала бастаған қарлық көшпелілерінің белсенді әлеу-

меттік топтары жер меншігіне қатысты мәселелерге тығыз араласты. Мемлекет қызметіндегі адамдарға арнайы жер телімдерін (икта) бөліп беру немесе қалашықтарды тұрғын халқымен билігіне тапсыру Қарахан мемлекетінде дәстүрге айналды да, кейін келе белгілі дәрежеде Қазақ хандығында да жалғасын тапты.

VII ғасырдан бастап исламның ене бастауы ежелгі түрік қоғамында қалыптасқан дәстүрлі әлеуметтік қатынастарға әсерін тигізді. Осыған байланысты ислам тәртібін ұстанушы кожалар әулеті мен жоғарғы саяси топтар арасында тығыз қарым-қатынас орнады, ал ол болса өз кезегінде дін иелерінің және мешіттердің меншігіне ұлан-ғайыр егіншілік жер алқаптарының өтуіне алып келді.

2.4. Этносаяси тарихы

Қытай жылнамаларында сақталған генеалогиялық аңызға сәйкес, түріктердің алғашқы ата-бабасы он жастағы ұл бала халықты жаулары қырған кезде жалғыз аман қалғанмыс. Аңызға қарағанда ханзада баланы ана қасқыр жауларынан аман алып шығады да, бір таудың ішінде жасырады. Қасқырдан туған он ұлының мұрагерлері «ашина» (қасқыр) есімін алып, ақырында Ашина әулеті бүкіл жергілікті тайпаларды біріктіріп, Орталық Азияда жаңа мемлекет құрды. Кей деректерде «он оқ бүдүн» атал-

ғанымен, бұл мемлекет түркі (түрік, түрк) әлемде түрік атын асқақтатты, яғни ежелгі тур, тұран атауын жаңғыртты деп есептеуге болады.

Тағы бір аңызда түрік-ашина елінде VI ғасырдың орталығында билік еткен Бумын қаған Надулушенің мұрагері болды деген мәлімет бар. Бұл аңызға қарағанда Надулуше адамдарға от жағуды, оны пайдалануды үйреткен-мыс. Орталық Азияның тарихи сахнасында түрік саяси құрылымы қайта жаңғырғанда, оларды шығыстан – қытайлықтар, солтүстігінен – тунгус-маньчжурлер, батысынан – ирандықтар, оңтүстігінен тохар тайпалары сияқты қуатты мемлекеттер қоршады. VI ғасырдың ортасына дейін жуан-жуандерге (жужан, ауар) бағынышты болды. Түрік гегемониясының басталуы ашина әулетінің Ертістің жоғарғы ағысы мен Алтай тауларын мекендеген теле тайпаларын бағындырумен байланысты болды деген жорамал бар. Ашина түріктеріне көмекке келген 50 мың отбасылық теле қауымы гүн патшаларына қызмет жасаған төленгіттердің тұқым-жұрағаттары деп те жорамал жасауға болады. Біздің ойымызша, тау қойнауындағы аз ғана қауымға биліктері жаңа жеткен ашина әулеті шығыс оғыз тайпаларымен одақтасқанға ұқсайды. Алыс-жақын елдермен байланыс орнатуға, оларға өз мемлекетін танытуға бағытталған бұл саясат осы кезде жүріп жатқан Қытайдың солтүстік иеліктерімен ке-

ліссөздерден де байқалады. Осылай бірте-бірте күшейген түріктер мемлекет қалыптасуының ең шешуші кезеңінде Жужан қағанына елшілік жіберіп, ханшайымды қалыңдыққа беруді өтінді. Бұған жужан билеушісі ашуланып: «*Сен темір балқытушы – құл. Қалай мұндай өтінішке батылық барды?*» – жауап берді.

Басталып кеткен соғыстың (551-555 жж.) нәтижесінде жужандар толық талқандалды және көп бөлігі қырылды. Осыған байланысты бұрын жужан қарамағында болған жергілікті кіші ұлыстар біртіндеп түрік билігін мойындады. Солтүстік Моңғолия жерінде жаңа Орталық Азиялық империя – Түрік қағанаты (552-744 жж.) пайда болды. Түрік мемлекетінің негізін салушы Бумын қаған болып есептеледі, ол 551 ж. қаған атағын алды. Оның мұрагерлері Қарасеке қаған (552-553 жж.) және Мұқан қаған (553-572 жж.) жужандарды талқандауды аяқтады.

551-554 жж. түрік-ашиналар аварларды, кай, кидан, оғыз-татарларды, енисей қырғыздарын, т.б. көптеген ұлыстарды жаулап алды. Осы жылдары түріктердің белсенділігінің көтерілгені сондай, Орта Азияда эфталиттермен (Ақ гүн иеліктері) қақтығысып, батыстағы жеңімпаз істеріне байланысты түрік этногенезінің жаңа дүмпуі Ұлы Даланың территориясынан асып, Түркістан мен Мәуреннахр оазистеріне жетті. Бұл үр-

дістер Еуразиядағы жаңа этникалық дамудың бастамасы болды. Саясат, экономика, әлеуметтік өмірді түгел қамтыған өзгерістер жалпы түрік этникалық сана-сезімінің және пан түркілік идеологиясының қалыптасуымен аяқталады.

Ежелгі түрік дәуірінің тарихы жаулап алуларға толы. Каспий теңізінен Солтүстік Үндістанға және Шығыс Түркістанға дейін созылып жатқан эфталиттермен күресте түрік-ашиналар Сасанидтік Ираннан қолдау іздеді. Ақ ғұндардан вассалдық тәуелділікте болған парсылар түркілермен одақтасып 564 ж. Тохарстан үшін соғысты бастады. Бірақ соғыс аяқталып, эфталит иеліктері екі ортада бөлінген соң Ұлы Жібек жолына билік үшін Иран мен Тұран арасындағы баяғы қайшылықтар қайта өрістеді. Иран Тұран көпестерінің тауарын, әсіресе олардың Қытайдан батысқа тасыған жібек маталарын өз елінен өткізбей қойды. Кейде жібек маталарды өздері сатып алып түрік көпестерінің көз алдында тау-тау қылып жағып жіберіп отырды. Енді түріктер Иранға қарсы одақтас ретінде түркілерге Византия (Ұрым) империясымен байланысқа шықты. Тұран саудагерлерінің өкілдері өз қағандарынан хат алып, мол сыйлықтармен император II Юстинианға елшілікке келді. Екі ортада келісімсөздер бірнеше уақытқа жалғасып, ақыры Каспий (Хазар) теңі-

зінің солтүстік жағалауымен Еуропаға қарай Түрік қағанатының сауда керуендері ағылды.

Біздің дәуіріміздің VII ғ. басында Азия кеңістігінің үлкен территориясы Көк Түрік қағанатының орнына келген Батыс және Шығыс түрік неліктерінің, яғни империяларының қол астында болды. Негізінен қазіргі Қазақстан өлкесінің жер ауқымын қамтитын Батыс Түрік қағанаты орталығы Монғол үстіртіне орналасқан Шығыс Түрік қағанатынан қатты ерекшеленді. Шығыста көшпелі өмір салты басым, ұлыстық жүйе қаттырақ және мықтырақ болды, бірақ материалдық тіршіліктері Қытай мен екі арадағы сауда қарым-қатынастарына мүдделі еді. Батыста халықтың үлкен бөлігі көшпелі болғанымен, Жетісу мен Түркістан аймақтарының халқы отырықшы болып, жер жырту мен қолөнер, саудамен айналысты. Батыс қағанатының территориялық ауқымы мен құрылымы өте күрделі болды. Оның құрамына Шығыс Түркістан мен Мәуереннахрдың отырықшы, егіншілік орталықтары, Сырдария және Арал маңына дейінгі Орталық Азияның далалық алқабы кірді. Осы себептерге байланысты батыс түрік қағандарының билігі бір жағы Еділ бойы, бір жағы Хорезмге дейін жайылды.

Шығыс Түрік қағанатының Қытаймен күресте әлсіреуі, Батыс Түрік қағанатындағы ішкі дағдарыс, т.б.

себептерге байланысты VIII ғ. басында Түргеш қағанатына біріккен түрік тайпалары күресті екі майданда жүргізуге мәжбүр болды. Батыста 714-715 жж. Сырдария бойындағы қалалық өлкеге жорық жасаған арабтар қауіп төндірсе, Шығыста Жетісудан өтіп, енді Түркістан-Ташкент алқабына ұмтылған қытайлықтар болды. VIII ғ. 40 ж. Қытай Суяб, Тараз бен Шашты (Ташкент) басып алды. Түрік тайпаларының өзара соғыстары мен бытыраңқылығы қытайлықтар мен араб жаулаушылары үшін пайдалы болды. **Осылайша, 751 ж. екі империя Талас өзені бойында шешуші шайқасты бастайды.** Шайқастың бесінші күні кенеттен қытайларға тылдан түркі-карлұқтар соққы жасаса, майданнан шабуылды арабтар бастап, нәтижесінде қытайлықтар жеңіліске ұшырады. **Ибн аль-Асирдің пайымдауынша, бұл шайқаста 50 мың қытайлықтар өлтірілді, ал 20 мыңы тұтқынға алынды.** Талас өзені бойындағы шайқас ерте түркілердің тағдырында маңызды орын алып, олардың этномәдени стратегиясын анықтап берді. **Бұдан былай Еуразиялық түрік ұлыстары ислам дінін рухани таяныш қылып, сол негізде өзінің мәдениетін дамытты.** Қытаймен тым жақын, іргелес көрші болғандықтан, жеті басты айдаһарға жем болып кету қаупінен құтылу үшін біздің ата-бабаларымыз исламды таңдады деп есептеуге болады.

IX ғ. ортасында көне түркі ұлыстары қоныстанған аса үлкен алқапта жаңа этносаяси өзгерістер басталды. Шығыс Түрік қағанаты құлағаннан соң билік үшін күреске басмыл, ұйғыр, қарлық қауымдары түсті. VIII ғ. екінші жартысында ұйғырлар басмылдарды жеңіп, Қытайдың ішкі саясатына араласып, Орталық Азиядағы ірі саяси күшке ие болды. Бастапқы уақытта қарлұқ, ұйғыр және басмылдар бір жақта болса, кейін осы үш тайпаның өзара күрестері ұйғыр мемлекетінің әлсіреуіне алып келді. Бірнеше сәтсіздіктерден кейін 840 жылы Енисей қырғыздары Ұйғыр қағандығының тас-талқанын шығарды. Осыған дейін түркілік өркениеттен алысырақ өмір сүрген қырғыз тайпалары Ұйғыр қағанатының астанасы Ордабалықты (Қарабалғасын) алып, қаланы қиратты, ұйғыр қағанын өлтіріп, оның керемет сәулет құрылыс үлгісімен салынған, алтын-күміс қазынасы, өнер туындылары жинақталған ордасын талан-таражға салды.

IX ғ. басында сәтсіз соғыстарға қарамастан, Шығыс Түркістаннан Ташкентке дейінгі Ақ ғұн немесе Арғу елдерінің бай қалаларына сүйенген қарлұқ мемлекетінің жағдайы жақсы болды. IX ғ. қарлұқ тайпаларының ішінде шігіл, яғма топтарынан шыққан Боғра және Арслан хан династиялары мемлекет құрды. Боғра хан ретінде белгілі болған Батыс Қа-

рахан хандары кіші атанып, олардың Ордасы Тараз болды. 893 ж. карахандықтар мен саманидтер (парсы династиясы) бастаған Орта Азияны билеу үшін күресте саманидтер тас-талқан болып жеңілді. Жауынгер қарлық тайпаларының күшіне сүйенген Қарахан әулеті Орта Азиялық алып империя құрды және бірінші болып ислам дінін ресми дін ретінде қабылдады. Сөйтіп, түркілер Ислам әлемінің шаруашылық мәдени кешеніне енді.

Қарахан мемлекетінің саяси дәстүрлері көне замандардан өз бастауын алады, олардың билеуші әулеттерінің, тіпті Афрасияб патша тұқымымыз деген тарихи сенімі де көне замандарға, арий-тур замандарына нұсқайды. Осылайша, Орталық Азияның шығыс қапталында, Алтай тауларында басталған мемлекет құру қозғалысы Қарахан әулеті кезінде өзінің нақты тамырын тапты. Қарахан мемлекетінің этникалық құрамы өте күрделі, оған түріктің белгілі ұлыстары түгел кірді деп есептеуге болады, бірақ басымын қарлұқ тайпалары құрады. Олардың бір бөлігі Тохарстанда өз иеліктерін құрды, ал Ашина руынан шыққан қарлұқ патшалары эфталит билеушісінің орнына келді. Қараханид дәуірінде империяның көп бөлігінде экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгерістер болып өтті. XII ғ. қарақытайлардың (кидан) жорықтары және XIII ғ. ба-

сында наймандардың қоныс аударуы мемлекеттің саяси жойылуына әкеп соқты. Дегенмен, Қазақстанның оңтүстік аймақтарында қалыптасқан жаңа этникалық жағдай, жаңа рухани мәдениет ағымдары өз қалпында қалды. Кейіннен оны өзгерту ешкімнің қолынан келмеді.

Ежелгі түрік қағанаттары Еуразиялық далалық аймақтың шығыс қапталында өмірге келді. Бұл уақытта өзіне дейінгі мемлекеттік тарихтың заңды жалғасы ретінде қазақ сахарасында Ертіс пен Сырдария арасында IX ғасырда оғыз, ал XI ғасырда қыпшақ этносаяси бірлестіктері дүниеге келді. Шығыс деректерінде оғыздардың Ертіс бойындағы елдермен аралас өмір сүргені айтылады. Оғыздардың билігі гүлденген кезеңінде (IX-X ғғ.) олар, әсіресе Ертіс пен Сырдария арасындағы үлкен далалық территорияларды иемденді. X ғасырдағы араб географы әл-Идрисидің айтуынша: *«Оғыз қалаларының көп болғаны сонша, олардың барлығы солтүстік пен шығысқа қарайғы үлкен аймақты алып жатыр»*. Оғыздардың оңтүстік астанасы Жанкент қаласының қалдықтары Сырдарияның сол жақ жағалауында әлі сақталған. Оғыздардың ескерткіштері, сонымен қатар, Орталық Қазақстанда және Ертіс бойында таралған (Бозоқ қала, Сырлы қала және т.б.).

Қыпшақ этносаяси тарихы Ертіс бойымен тығыз байланысты. Қып-

шақтардың шығу тегін қазақтың тарихи әңгімелерінде Оғыз ханмен (Уыз хан) байланыстырады. Ең алдымен солтүстік-шығыс Қазақстанда кимак (кемек) аталатын жеті тайпаның конфедерациясы өмірге келді, кейін келе олардың арасынан қыпшақтар басты саяси күшке айналды. Жазба деректерге қарағанда, қыпшақ қауымы алдымен оғыздар құрамына кіргенімен, кейіннен оларды Ұлы Даладан ығыстырған да өздері сияқты. Шығыстың жазба деректері XI-XII ғғ. әулеттік патшалықтары бар ірі қыпшақ тайпаларының конфедерациясы болғанын дәлелдейді. «Худуд әл-Әлем» кітабында Қазақстанның батыс далаларында және оңтүстік Оралда бөлек қыпшақ ұлысы (Андар-аз қыпшақ) болғаны туралы жазылған.

Қимак (кемек) мемлекетінің құрылуын зерттеушілер VIII ғасырға жатқызады. IX ғ. Орталық Азияда Ұйғыр қағанаты құлап, соның құрамындағы тайпалар миграциясының нәтижесінде Қимак (кемек) мемлекеті күшейді, бірақ Ертіс бойы ұйғырлардан кейін де көшіп-қонушылар тасқынынан босамады. Мемлекет құлағаннан кейін оның құрамындағы қыпшақтар өзінің дербестігі үшін күресті. И. Маркварттың пікірінше, сол кезде қыпшақтар кимак одағының солтүстік тармағы болған. Қимак-қыпшақ тайпаларының IX-X ғғ. этносаяси тарихы Ертіс өзенінің аң-

ғарымен тікелей байланысты. Біздің пікірімізше, кимак (кемек) атауы осы өзенмен байланысты. *Кемек сөзі үлкен өзен мағынасын береді. Ертіс сол кездегі бір деректерде Кемеш, ал Енисей Ұлы-Кем аталады. Олай болса «кемек» (кимак) сөзі ең алдымен өзен бойының елі дегенді білдіреді. Араб-парсы деректері бойынша, кимактарда, қалалар өте көп болған және олардың есімі Ертіс өзенінің жағалауында орналасқан.*

XI ғ. екінші жартысынан бастап Ертістің далалы аймақтарынан шығыстағы Қара теңіз далаларына дейінгі жерлер қыпшақ хандарының иеліктеріне айналды. *XI ғ. соңында қыпшақтар Сырдария бойындағы оғыздардың Жанкент, Желді және Басқа да қалаларын басып алып, ұлан-байтақ аймақта Денгі Қыпшақ аталатын конфедеративті құрылым пайда болды. Қазақ шежіресінде рулық принцип бойынша ұйымдасқан осы этносаяси жағдайды «тоқсан екі баулы» қыпшақ деп атайды.* Ұлы даладағы қыпшақ белсенділігі оғыз тайпаларын батысқа қарай ығыстырды. Түркі-оғыздар бір мемлекеттен кейін екіншісін алып Батыс Азияға қарай жылжыды. Селжүктер алғашқыда Махмұд Газнауиден (Газневи) Хорасанды тартып алады, 1043 ж. хорезмдік уәлаяттарды бағындырады, ал 1055 ж. басында Тоғрыл би мен Шағрай би бастаған түріктер Бағдадты басып алады. Осылайша Осман империясының негізі қаланды.

XII ғ. бірінші жартысында қыпшақтар мен хорезмдіктер арасында бірқатар қақтығыстар өтті. 1133 ж. Хорезмшах Атсыз қыпшақтардың арасына жік салды, нәтижесінде Қазақстанның территориясында қыпшақтардың екі тобы пайда болды: олардың бірі Батыс Қазақстанда (қыстауы – Сырдарияның төменгі жағы, жайлауы Орал тауларында), екіншісі Орталық Қазақстанда (Ертістен Шуға дейін, астанасы Сығанақ қаласы болған). Шығыстық жылнамаларда қыпшақтар мен басқа да дала тайпалары «дінсіздер» деп аталады. Мысалы: «Атсыз Хорезмшах бірнеше рет дінсіздерге жорық жасап, оларды жеңген» (Джувейни).

XI ғ. басында қыпшақ тайпалары (батыс топтары – сары қыпшақтар) славяндарда «половецтер» атауымен, венгрлерде және немістерде «коман» атауымен Еуропада танымал болған. Қыпшақтардың Еуропаға бағытталған маршруты біздің заманымыздың басында ғұндардың көшуін қайталайтын тәрізді. Қыпшақтар Сырдариядағы оғыздардың жерлерін басып алған соң күшейе бастады. Сөйтіп оғыздар оңтүстік Қара теңіз және солтүстік Каспий далаларына қоныс аударуға мәжбүр болды. Алтайдан Дунайға дейінгі қыпшақтар билеген жер енді «Муззават-эл-гузия» атауын ұмытып, Дешті Қыпшақ деп атала бастады.

Рашид-ад-динде берілген Уыз-хан жайлы аңыз бойынша қыпшақтар

оғыздардың 24 тайпасының бірі еді. Бұл аңыз бойынша: «Итбарақ тайпасынан жеңілген Уыз хан екі өзеннің арасына қашып келіп сол жерден пана тапты. Сол кезде күйеуі соғыста қайтыс болған екі қабат әйел үлкен ағаштың қуысына кіріп, осында босанды. Бұл оқиғаны Уыз ханға жеткізеді. Ол әйелді аяп, осы әйелдің күйеуі менің сенімді нөкерім еді, оның баласы менің ұлым болады деп, баланың атын Қыпшақ қояды. Бұл сөз «қабық» түркіше «іші қуыс ағаш» дегенді білдіреді. Барлық қыпшақтар осы баланың ұрпақтары болып табылады».

Әбілғазы хан өзінің «Шежіре түрік» атты кітабында бұл сюжетті былайша толықтырады: «Уыз хан бұл баланы тәрбиелеп өсірген соң, оған әскер беріп, оны Дон мен Еділге қарай жібереді. Оның ұрпақтары 400 жыл бойы Дон, Еділ, Жайық өзендерінің жағалауында орыс, маджар, авлак, башқұрт және т.б. тайпалар мен халықтарды басқарып тұрды. Уыз ханнан Шыңғыс ханға дейінгі заманда бұл жерде тек Қыпшақ пен оның тұқымдарының билігі жүрді». Осы себептен олар мекендеген Ұлы дала аймағы көп уақыт бойы Дешті Қыпшақ деп аталды.

Қазақтың атакты тарихшысының бірі М.Ж. Көпейұлының айтуынша, бұрын «Қытай көп пе, қыпшақ көп пе?» деген мақал болған. Осыдан қыпшақтардың тайпалық одағының көп екенін көруге болады.

XI ғ. қыпшақтар өз жерлерін батыстан оңтүстікке дейін кеңейте түседі. Бірақ оңтүстік бағыттағы қыпшақтардың шекарасы мықты Хорезмдік мемлекеттің ықпалымен шектеледі. Сонымен қатар, қыпшақтар қаңлы тайпаларымен одақтасып, Хорезм мемлекетінің территориясына ене бастады. Батысында қыпшақтар еш қарсылық көрмей, XI ғ. ортасында Еділдің ар жағына өтті. Орыс жылнамаларында қыпшақ-половецтердің пайда болуын 1054 жылға жатқызады. М. Қашғаридің «Сөздігінде» түрік тайпаларының ішіндегі батыстағылар печенегтер, ал олардан шығысқа қарай қыпшақтар мекендейді делінген. Тарихи шежірелерде қыпшақтарға байланысты Еділ-Жайық бойын мекендеген хазар, бұлғар елдері де айтылады. Бұлар биік мәдениетті, гүлденген, қалалы мемлекеттер еді.

Қыпшақтардың күшеюіне байланысты оғыз тайпалары батысқа жылжып, қазіргі Түркия, Әзірбайжан, Түркіменстан мемлекеттерінің негізін салды. Бұл кезеңде Қазақстан территориясында шаруашылықта күрт өзгерістер болғаны байқалмайды. Көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы негізгі өмір салты болғандықтан, Дешті Қыпшақтың мал бағушыларына кең жайлаулар керек болды. Сондықтан алыс жаққа көшуге тура келді. Мал шаруашылығында басты орынды жылқышылық алды. Жүсіп Баласағұн былай

деп жазды: «Олар жылқы табындарын бағып отырады. Жеп-ішуге және көлік ретінде жылқыны пайдаланады. Қымыз, сүт, май, ірімшікті тамақ ретінде, ал жүн мен теріні киім мен үйдің заттарын жасауға пайдаланады». «Дешті Қыпшақтың даласының ерекшелігі осы жердің өсімдіктерін мал үшін бидай орнына қолданады. Сондықтан осында мал өте көп», – деп араб саяхатшысы Ибн-Баттута жазған.

2.5. Мәдениеті

Көне түрік дәуірінің мәдениеті – терең зерттеуді қажет ететін ғажап тақырыптардың бірі. Оның негізгі нысандарының қатарына өте бай ауыз әдебиеті, әфсаналық аңыздар, жазба ескерткіштері мен сына жазу (түрік руникасы) тарихы, ғылымның толып жатқан салаларының бұрын-соңды болмаған деңгейде дамуы жатады. Осы айтылған құндылықтардың үстіне көне түркілердің шаруашылық мәдениетін, тұрмыс-салт этнографиясын, адамдар арасындағы қарым-қатынастарын, т.б. қосуға болды. Алғашқы кезеңде Алтай тауларының бөктерінде, қазіргі Моңғол үстіртінде қалыптасқан көне түркі мәдениетінің негізгі нысандары батыстағы белсенділікке байланысты жаңа өріс тапты. Осылайша түрік этномәдени дамуының жаңа кезеңі Ұлы дала территориясына ауысып, Түркістан

оазистерін қамтыды. Бұл кезең Шығыс Иран әлемімен жаңа деңгейдегі этникалық байланыс жасауға және экономикалық симбиозға себеп болды. Біртұтас құндылықтар шеңберінде әдеби тіл мен жазба пайда болып, кейін мәдени жалпы империялық құндылықтар, әсіресе материалдық мәдениетте (тұрғын үйлер, киім, әшекейлер) байқалады. Бұл үрдістер жаңа этникалық тәртіптің орнатылуын сипаттады. Бұның бәрі жалпы этникалық сана-сезімнің және пантүріктік идеологияның қалыптасуымен аяқталады.

Бүтіндей, б.з. I м.ж. екінші жартысында бүкіл Еуразияда жайылған материалды мәдениеттің, идеологиялық символдардың және рухани ойлардың жалпы түрік кешеніне тән екендігін айтуға болады. Көшпелі тайпалардың және отырықшылардың мәдениеті органикалық біртұтас жүйені құрайды. Көне түріктер арасында қасиетті таулармен, өзендерге, үңгірлерге, жыландарға және көк бөріге сыйынушылық кеңінен таралған болатын. Қимақ-қыпшақ тайпаларында өзен рухына табынушылық кең таралды. Олар Ертіс өзенін қасиетті өзен деп, ол туралы «өзен – адамның құдайы» (Гардизи) деп айтты. Ежелгі түріктердің тулары қасқыр басымен әшекейленді. Түріктерде басқа діни сенімдер де болды: буддизм, манихейлік, христиан діні, нудаизм. Ежелгі түрік кезеңінде ең

таңғаларлығы – сына жазуының және бай жазба әдебиетінің пайда болуы. Білге қаған, Күлтегін және басқа да түріктердің белгілі адамдарына арналған руналық текстер ұлы әдеби шығармалар қатарына жатады, сонымен қатар тарихи куәліктер де бола алады.

Ежелгі түрік кезеңінде Ұлы Дала тұрғындары біртіндеп рунадан (сына) араб алфавитіне көше бастайды. Бұл арабтық жазу кестесімен алғаш жазылған ортағасырлық ірі ескерткіштері «Диуани-лұғат-ат-түрік» (М. Кашкарн), «Құдатғу-білік» (Ж. Баласағұн) және т.б. Араб графикасында, кимактар жайлы кітапты Жанак әл-Кимаки деген патшазада құрастырды. Бір қызығы, бұл кітап авторы кимак билеушісінің мұрагері болған. Нәтижесінде бұл кітапты Ұлы Далаға баратын араб-парсы саяхатшылары, көпестер, ғалымдар пайдаланды. Ежелгі түрік кезеңі – қытайлықтардың айтуымен «саналы кітаптың», яғни гносеологиялық проблемаға, ән теориясына, өнерге арналған философиялық әдебиеттің, түрлі трактаттардың пайда болу уақыты. Ғылыми әлемде неғұрлым әйгілі тұлға әл-Фараби болды.

Көне түркі кезеңі шаруашылық жағынан бірнеше құрамдас бөлігі бар жүйе ретінде өмір сүрді. Ал бұл жүйе көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы мен жер өңдеуші отырықшы шаруашылықтарынан

тұрды. Түрік мемлекетінің халқының үстем әлеуметтік-саяси бөлігі көшпелі мал шаруашылығымен айналысты, ал оазистер мен қалалар тек қосымша толықтырушы болып қала берді. Қаласыз мемлекет құру мүмкін емес, себебі қала – бұл сауда және саяси орталық. Қала қолөнершілері көшпелілердің қажеттіліктерін қамтамасыз етіп, салық төлеушілердің негізгі көзі болған. Қала тұрғындарына бейбітшілік пен қорған керек болды, сондықтан оларды қорғауды жауынгер қамқоршылар ретінде көшпелі тайпалар өз қолдауына алып жатты.

VI-XII ғғ. түрік қағанаттарының территорияларында көптеген қалалар болғаны белгілі. Оңтүстік Қазақстандағы ірі қалалар Сайрам (Испиджаб), Қазықұрт, Фараб (Отырар). Сырдың бойында барлығы 33 ірі қала болған. Орташа және кіші қалалар жүзден саналады. Жетісуда жазба деректері бойынша VIII-IX ғғ. 27 қала мен қоныстар болған. Көне қала қалдықтарынан цитадель мен шахристаннан тұратын орталық бөлігі көзге түседі, сауда-қолөнершілер тұратын шеткейлер (рабад) бірнеше шақырымға дейін созылғанын көруге болады. Қалалардың көптігі сондай, көшпелілер «Үргеніште үй үстіне шығып кеткен лақ Алмалыққа дейін жерге түспейді» деп қалжың айтылған дейді. Көне түрік қағанаттарының қалалық мәдениеті соғдылардың қатысуы-

мен қалыптасты. V-VII ғ. түріктердің қолдауымен соғдылықтар Жетісуда, Жоңғарияда, Шығыс Түркістанда, Оңтүстік Сібірде сауда мекендерін құрды. Қалалық өлкелерде халықтың басым бөлігі жер жыртып, егін, бау-бақша өсірумен, саудамен, қолөнермен айналысты.

Ұлы даланың орталық бөлігінде қалалар аз болған жоқ. Араб географы әл-Идрисидің айтуынша, кимактарда негізінен Ертіс бойымен салынған қалалар саны 16-ға жетті. Басқа Шығыс деректемелері бойынша, қала мәдениеті қарлұқ, оғыз тайпаларында да кең тараған. Далалық тайпалардың қалалары жақсы қоршауы бар, бірнеше үйлер түрінде салынған болатын. Арқа жеріндегі қалаларды Орта Азияның оңтүстігіндегі қалалармен салыстыруға болмаса да, мұнда жер өңдеушілер мен қолөнершілер өмір сүрген немесе хандар мен сұлтандар мекен еткен.

Бекітілген қала қабырғаларына жақын ауылшаруашылық жерлер орналасты. Қалалардың құрылымы олардың әмбебап екенін көрсетеді, мұнда әкімшілік орталық, қолөнер мен сауда орталығы, ауылшаруашылық округінің орталығы болған. Көне түрік кезеңінің қала цитадельдерінің биіктігі 20 метрге дейін жететін, кейбіреулері 2 қабатты сарай құрылыстарын құрады. Қалалардың орталық бөлігі «орда» деп аталды. Қала шахристандары үйлермен тығыз са-

ланып, бірнеше туыстас гон киізгалды (махалла) құралы. Оңтүстік Қазақстан ерте ортағасырлық тұрғын-жайлары 2 түрге бөлінеді: бір бөлмелі тік бұрышты және 2 қабатты, сызықты жобамен, 2-бөлмесі қойма болған. Үйлерде арнайы диірмен қоятын төрт бұрышты үстелдер болған. Бұрыштарда азық-түлікті сақтайтын ыдыстар, хумдар тұрған. Әрбір үйде табыну орны болған, ол әдетте кіре беріске қарсы орналас-ты. Үйлердің ауданы 10-60 шаршы метрді құрады.

Өкінішке орай, көне түркі дәуірінің архитектуралық ескерткіштері аз зерттелген. Тіпті Айша бибі мазары, Бабаджа-хатун, Қарахан сияқты оңтүстік-шығыс Қазақстандағы әйгілі ескерткіштердің өздері де нақты зерттелді деп айту ерте. Жалпы Қазақстанды алатын болсақ, ежелден қалған көне түрік кезеңіне жататын сарайлардың мешіттер мен мазарлардың қалдықтары өте көп.

Көшпелілердің тұрғын-жайлары екі типті болған: киіз үй мен жылжымалы арба үстіндегі үй. Көне түркілердің киіз үйлері бірнеше түрге бөлінеді (оғыз, қыпшақ, қарлұқ), бірақ негізі шенбер формалы, кереге, шаңырақ, уықтан тұрған. Мысалы, қыпшақтардың киіз үйін Рубрук былайша суреттеген: «Киіз үйді ақ киізбен қаптайды. Әдетте киіз үйді ақ әкпен, сүйек ұнтақтарымен сіңіртеді, осыдан киіз аппақ болып

жарқырайды. Киіздің үстіңгі жағын әдемі және әр түрлі бояулармен әшекейлейді. Қыпшақтар түрлі түсті киіздерді жасайды және жүзім бұтақтары мен ағашты, құстарды және аңдарды бейнелейді. Олардың тұрғын үйлерінің үлкендігі соншалық, кейбіреулерінің ені 30 футқа жетеді».

Түрік қағанаттары кезеңінде тас пен сүйекті өңдеу ісі дами түсті. Қазақстанда көптеген аймақтарында бірнеше шақырым жерге тізбектелген сынтаc-балбалдар мен антропоморфты мүсіндер кездеседі. Бұл тағайып ерте дүние ескерткіштері ежелгі түрік көсемдеріне ас беру кезінде әр ата баласы атынан белгі ретінде орнатылған деп есептеуге болады. Кей жағдайда жеке тас мүсіндер де кездеседі, олар ежелгі түрік дәуірінің қорымдарының маңында бет-жүзі шығысқа, яғни күнге қарай қаратылып орнатылған. Белгілі дәрежеде ежелгі түріктердің жерлеу ғұрыптары қола дәуірімен байланысты деп айтуға болады, олар да арийлер мен турала сияқты қайтыс болған адамдарына қакпак тастардан төрт қабырғалы қоршау жасайды.

VIII ғ. ортасынан бастап түріктер мемлекетаралық күрделі мәселелерді шешіп отырған. Бір жағынан Қытаймен, екінші жағынан араб-мұсылмандық Шығыспен қарым-қатынас жасау керек болды. Орта Азияны бағындыру кезеңінде түріктер эфталиттерді парсыларға қарсы қойды да, кейін әлсіреген соң екеуін де

бағындырды. Кейін түріктер Орта Азияға бағытталған семиттік ықпалмен күресті, сөйтіп Орта Азия территориясында тәңіршілдік – түркі және мұсылман – араб мәдениеттері тоғысты. Біздің ата-бабаларымыз исламды негізгі дін есебінде қабылдағанымен, оның семиттік ғұрыптарының орнына көбінесе өздерінің тәңірлік дәстүрлерін енгізді, яғни симбиоз әуел бастан бар. Буддизм, манихейлік, христиандық сияқты басқа өркениеттің ықпалынан пайда болған әр түрлі рухани жүйелер VI-XII ғғ. ортасында Орталық Азия мен Шығыс Түркістанда түркі тілдес халықтар арасында кең тарады. Буддизм түркі қағанатының аксүйектік орталығында басқа діндерге қарағанда басым болды. Шығыс пен Батыста көп уақыт бойы буддизм діни бірлестіктер (секта) түрінде сақталды.

Бірте-бірте қазақ жерін мекендеген ежелгі түрік тайпаларының арасында ислам мен жергілікті тәңіршілдік дәстүрлердің ішінде өзге дін ағымдар диірменге түскендей уатылып кетті. Ежелден осы өңірге тән, елдің рухани қажеттіліктерін өтейтін «қожа» институты исламдық сипат алды да, мемлекеттік билік тарапынан ақ сүйек саяси әулеттер арасынан қолдау тауып дінге қатысты шаруаның бәрін өз қолдарына жинақтады. Дегенмен, Еуразияның далалық бөлігінде көшпелі жауынгер тайпалар өздерінің тәңіршілдік культтерін ұстап қалды, бұрынғы табынып жүр-

ген әулие жерлеріне, Тәңірі мен Байанаға, басқа да табиғаттың ұлы күштеріне бас иді, ал отырықшы жер өңдеуші аймақтарда ислам кең етек жайды. Қазақ даласына тараған ислам ханафиттік бағыттағы ислам еді, яғни көне дәстүрлерге төзімді болды. Сондықтан да Түркістан-Ташкент аймағының өзінде исламға дейінгі әулиелі, киелі аталатын жерлер өз маңызын сақтап қалды. Түрік мәдениеті мен тілі әлемнің әр қиырына тарай бастады. Түркілік дүниетаным Еуразияның негізгі аумағында қайтадан үстемдік құрды.

3-тарау. Алтын Орда дәуірі

3.1. Дәуірдің ерекшелігі

XIII ғасырдың басында Орталық Азияда ерекше геосаяси жағдай қалыптасты. Көне түрік ұлыстарының бірнеше ғасырға созылған үстемдік дәуірі аяқталды, енді олар бытырап, отырықшы қоныстарға икемденген әлсіз қауымдарға айналды. Еуразияны қайта түріктендіру ба-рысында олардың жігер-күші әлсіреп, қайраты мұқалды. Осынау шақта Ішкі Азиядан Шығыс қаған бастаған моңғолдар айдаһар басты туын желбіретіп, тарих кеңістігіне ат ойнатып шықты. 1206 жылға дейін боржігін тайпасының жас көсемі Темучин маңайындағы ірілі-ұсақты түркі-моңғол тілді тайпалардың бәріне бас игізді, мақсатына жету

үшін көшпелі рулардың ұйымшыл одағын құрды, оларды ұлыстық жүйеге енгізді және әлемді жаулап алатын ұлы соғысқа дайындады. Қазақ аңыздары бұл оқиға Шыңғыс тау жерінде болған екен-мыс деп әңгімелейді. Шыңғыс құрған мемлекет құрамына моңғол-түркінің әртүрлі тайпалары кіргенімен, өзара даму деңгейі бір, тілі ортақ болды. Мемлекеттің мәдени тұғыры мен әлеуметтік құрылымы Көне Түрік қағанаттарының мұрасын толық қабылдады.

Моңғолдардың шығу тегінде толып жатқан құпиялар бар. Шығыстың атакты тарихшысы Рашид-ад-дин моңғолдарды түріктің бір бұтағы санайды және түрік тайпаларының арасынан моңғолданып кеткендер көп екенін ескертеді: *«Жоғарыда аталған халықтар туралы белгісі олардың Ергене көңге кеткен екі адамның тұқымы екендігі; олар өсіп-өніп үлкен елге айналды. Моңғол сөзі олардың ортақ атауына айналып, осы атауды өзге елдер де қабылдады, ал моңғолдың өзі болса түрік халықтарының бірі еді»*. Белгілі моңғолтанушы Е.А. Кычановтың пікірі бойынша, Шыңғыс ханның әйгілі аталары (Бөрте-чино, Гоамарал) VIII ғасыр ортасында Маньчжур ормандарынан басқа руластарымен бірге батысқа жылжыған. *«IX ғасырда қырғыздар талқандаған Ұйғыр қағанатының территориясына Халха өзені маңына*

біртіндеп моңғолдар көше бастады», — деп жорамалдайды Е.И. Кычанов. Осылайша VIII-X ғасырларда Ұлы даланың шығыс бөлігіне келген жаңа тайпалар аңшылық кәсіптен мал шаруашылығына көшіп, Еуразия ортағасырлық тарихының жаңа кезеңін бастады. *Ерте моңғолдар тайпаларының құрамына: ұранкай, коңырат, баяут, тайчунг, ойрат, тумат және т.б. кірді. Рашид-ад-дин тым ертеде моңғол атанып кеткен деп жазайыр, сүңгіт, татар, меркіт, күрлеуіт, туле, тумат, булагачин, керемучин, урасут, тамғалық, тарғыт, барғыт, теленгіт, т.б. тайпа атауларын тізеді. Олардың қоныстарынан батысқа қарай сол кездегі ірі саяси құрылымдар найман және керей ұлыстары мекенделді.*

1206 жылы құрылтай Темучинді Шыңғыс деп жариялады. Шыңғысмағынасы әлі белгісіз сөздердің бірі, бұл ұлы хандарға берілетін атақ деп қабылдау керек. Қазақ шежіресінің айтуы бойынша, осы жиынға үйсін Майкы би, коңырат Сәңкеле би сияқты ел ағалары да қатысқан, он екі ұлыс басшысы қатарында ақ киіздің бір пұшпағын көтерген. Бастары бір тудың астына жинақталған Моңғол үстіртінің жауынгер тайпалары осыдан кейін 1207 жылы Қытай қорғанынан асып, үлкен жаулап алу соғыстарын бастады. Тарихи деректерге қарағанда, Қытайдың батыс өңірі мен Моңғол үстіртін мекендеген

көшпелі ұлыстар арасында қашанда күрделі қарым-қатынастар болған, ол көбінесе бейбіт сауда арқылы екі жақтың ынтымағына алып келсе, кейде жаугершілікпен шешіліп отырады.

Сол заманда Хорезм шаһтар империясының қарамағында болған Сыр бойындағы қалаларды жаулап алуды Шыңғыс хан 1218 жылы бастады. Бас-аяғы бірнеше жылдың ішінде Әмудария мен Сыр арасындағы отырықшылар қонысын түгел бағындырып, моңғол әскері Солтүстік Үндістан мен Иран жеріне аяқ басты. Ал Жебе мен Сүбедей бастаған отыз мыңдық әскер Кавказды талқандап, Еділ бойында қыпшақ, алан, славян елдерін мойынсындырып, 1223 жылы Ертіс бойына қайта оралды. Таяу Шығысты тұтас жаулап алу 1260 жылы қағанның немересі Хулағудың тұсында аяқталды. Ал енді Батыс Еуропаны жаулап алуды Бату жалғастырып, 1235-1242 жылдары «жеті жылдық» жорықтың негізінде өзіне қаратты. Қытайды бағындыру 1207 жылы басталып, 1259 жылы Құбылай ханның заманында іске асты. Яғни, Шыңғыстың бастаған шаруасын оның ұлдары мен немерелері аса батылдықпен жалғастырып, жарты ғасырға жетпейтін уақытта әлемнің негізгі бөлігін бір ордаға топтастырды. *Шыңғыс хан өзінің көзі тірісінде қол астындағы иелікті төрт ұлына бөлді: үлкен ұлы Жошыға — Қыпшақ даласын, Шағатайға — Жетісу*

мен Түркістан өңірін, Үгедейге — Монғолия мен Шығыс Түркістанға қарайтын жерлерді, ал Төлеге Шыңғыс хан заманында моңғол қолына өткен Қытай жеріндегі иеліктерін еншіге берген еді.

Деректерге қарағанда, 1223 жылдан бастап Жошының ордасы Ұлытауда болды, ал ол 1226 жылы өлгеннен кейін Шыңғыс хан Жошыдан туған немерелерін шақырып алып, он алты ұлдың ішінде билікті Батуға берді делінеді аңызда. 1235 жылы осы Бату империяның әскери күштерін бастап, кеңесшілікке Сүбедей бахадүрді ертіп Батысқа аттанды. Ал, енді Батыс жорығынан қайтқан соң ордасын Еділ бойына тікті. Осының нәтижесінде моңғол империясының батыс бөлігі «Ұлығ ұлыс» (Алтын орда) атала бастады. Оның ішкі әкімшілік бөліктері есебінде еншілес інісі Сыбанға (Шайбан) берген үлесі — «Көк Орда» — Батыс Қазақстан жері мен Ібір-Сібір жұрты. Жошы ханның үлкен ұлы Орда Еженге Шыңғыс хан заманында Дешті-Қыпшақтың шығыс аймақтары үлеске берілсе, Батыс жорығынан кейін Шығыс Дешті Қыпшақ толық оның билігіне көшті де, «Ақ Орда» атанды, бұл — қазақ жерінің көпшілігі. Әбілғазы шежіресінде *«Шайбан ұлысы жаз уақытында Орал тауларынан бастап Тобыл, Жайық, Елек, Ырғыз өзендерінің арасында кең сахарада, ал қыс уақытында Арал теңізі бассейнінде Шу-су,*

Сары-су және Сырдарияның төменгі ағысында көшіп-қонып жүрді», – делінеді. Осылайша Қазақстан территориясын қамтыған Жошы ұлысы екі аймақ болып Орда Ежен мен Шайбан әулетіне бөлінді. Дунай мен Алтай арасындағы кең-байтақ Дешті Қыпшақты мекендеген елді «ноғайлы» деп атау сол Алтын Орда заманында қалыптасты. Шығыс деректері бұрынғы дәстүрмен бұл өлкені «Дешті Қыпшақ» деп атады.

Әуел баста Шағатай ұлысы деп аталған оңтүстік-шығыс өлке XIV ғасырдың ортасынан бастап екі иелікке бөлінеді: Моғолстан және Мәуреннахр. Біріншісін дулат, чорос сияқты көшпелілер мекендеді, ал екіншісінде барлас, қоңырат, арғын рулары билік жүргізді. Жалпы, Шыңғыс заманынан бері Жетісу көшпелі тайпалар қонысы болып, отырықшылық нышандары азайды, қалалардың көпшілігі құлазып, бос қалды. Әсіресе, Шағатай тұқымынан сайланған Кебек ханның тұсында (1318-1326 жж.), оның бір-жолата қалаға көшуіне байланысты, Мәуреннахр отырықшылық, ал Моғолстан көшпелілік үлгісін ұстанып қалды. Дегенмен, ғылыми әдебиеттегі көп айтылатын Дешті-Қыпшақта қалалардың қиратылуы, қолөнердің құлдырауы шындыққа жанаса бермейді. Алтын Орда дәуірінде империяда үш жүздей қала бой көтергені белгілі, олардың көпшілігі

далалық аймаққа да танымал еді. Әсіресе, көш-керуен жолдары бойында сәулетті қоныстар көп салынды. Алтын Орда заманы – сауда-айырбас қатынастарының кең өрістеген кезі. Моңғол империясының бір шеті мен екінші шетіне көпестер, елшілер, дін уағыздаушылар емін-еркін саяхаттап жүрді. Соның бір белгісі – көптеген араб-парсы саяхатшыларының, Еуропа мемлекеттерінің елшілерінің жазып қалдырған күнделік еңбектері. Алтын ордадан бұрын да, одан кейін де бұл масштабта қала құрылысы кездеспейді.

Алтын Орда кезеңі Қазақстан тарихында екі жарым ғасырды қамтиды. Жалпы алғанда, бұл кезең Қазақстанда болып жатқан этносаяси процестерге үлкен әсерін тигізді. Шыңғыс ханның жаулап алу кезеңінде шапқыншылықтардан қалалар қирағанымен, Алтын Орда құрылғаннан кейін Ұлы дала экономикалық және мәдени жағынан гүлденді. Қазақстан сауда және халықаралық қатынастарының бірден-бір маңызды орталығына айналды. Бұл кезеңде толығымен қазақ елінің болашақ этникалық бейнесі мен құрамы қалыптасты, ислам басты рухани құндылыққа айналды, эпикалық жырлар мен дастандар жауынгер рухты тәрбиеледі, жергілікті елдің антропологиялық бейнесінде моңғолоидтық нәсіл кескіндері басым көріне бастады.

3.2. Шаруашылығы

Алтын Орда кезеңінде Дешті Қыпшақ аталатын Ұлы далادا шаруашылықтың бірнеше түрі қатар өмір сүрді. Олардың ішінде тіршіліктің басты қайнар көзі көшпелі мал өсіру дәстүрі ерекше дамыды, сонымен қатар Еділ-Жайық бойы, Түркістан-Ташкент аймағы қалалық қоныстардың өсуімен, құрылыс өнері, қолөнердің жарқын сипатымен көзге түседі. Екіншілік бұл кезеңде қазақ жерінің барлық аймақтарына тараған шаруашылық болды деп айта аламыз. Біз Алтын Орда кезеңінің шаруашылық дамуын көшпелі мал шаруашылығынан бастағанды жөн деп есептейміз.

«Олардың еш жерде тұрақты қоныстары жоқ, болашақта қонысты қайдан табатынын білмейді. Олар Дунайдан бастап, күннің шығысына дейінгі алқапқа жайылған Скифияны өзара бөліп алған. Әр бек өзінің қол астындағы елдің санына орай өз жайылымдарының шекарасын, сонымен қатар өз малдарын қыста, жазда, көктем мен күзде қайда бағарын біледі. Қыста олар оңтүстікке, жылылау жаққа түсіп, жазда солтүстікке, салқын жаққа көтеріледі. Суы жоқ, бірақ жайылымы жақсы жерлерде табындарын қыста бағады, себебі қар судың орнына қолданылады. Өздерінің ұйықтайтын үйлері талдан тоқыл-

ған, дөңгелекті арбаның үстіне қояды; жоғары қарай талдар шаңырақ болып, одан әрі пештің тұрбасындай көтеріліп тұрады; оны ақ киізбен жауып, көбінесе ақ балшықпен, ақ топырақпен және сүйек ұнтағымен жарқыратып сылайды, кейде қара балшықты да пайдаланады. Жоғарғы мойындағы осы киізді өте әдемі оюмен, суретпен көркемдейді. Кіре беріске әр түрлі матамен әдіптелген киізді іледі. Түрлі түсті киіздерден құрап жүзім сабағын, құстар мен аңдарды бейнелейді.

Олар осындай үйді кең жасайтыны сондай, кейде ені 30 футқа дейін жетеді. Осындай күймені 22 өгіз тартқан. Күйменің кіндігі (осі) корабль мачтасындай, айдаушы үйдің алдында, күйменің үстінде тұрды.

Оның үстіне талдан тоқып, үлкен сандық сияқты төрт бұрышты үйшік жасайды, бұл жәшіктің үстін қара киізбен жабады, жауын отпейді, кіре берісі бар, бұл жәшікті де әр түрлі матамен көркемдейді. Мұндай сандықтарға олар ыдыс-аяғы мен қазынасын салып, үлкен күймеге мықтылап тіркейді. Үйді түсірген жерлерінде есігін оңтүстігіне қаратады, күймелер мен сандықтарды екі қатар қояды, екі ірге сияқты. Әйелдер өз күймелерін өте әдемілейді. Бір бай Моңғол немесе Татар осындай күйме мен сандықтардың 100-200-не ие болады; Батудың жиырма алты әйелі

бар, олардың әрқайсысында кіші үйлерін айтпағанда, орданың артында тұратын бір-бір үлкен үйден бар; кіші үйлер бөлме сияқты, жастар тұратын, әр үлкен үйге 200-дей күйме жақын орналасады. Тоқтаған уақыттарында бәйбіше өз ауласын батыстан сайлайды, одан кейін, тәртіп бойынша, шығысқа қарай орналасады, арасы тас лақтырым. Бай моңғолдың ауылы үлкен қаладан кем емес, тек онда еркектер аз. Әлсіз деген әйел 20-30 күймені бір-біріне тіркестіріп басқара береді. Өткелден бір-бірлеп өткізеді, жүріс ақырындығы сондай, қозы немесе өгіз аяғына ұқсас. Жерлері тегіс», – деп жазады Гильем де Рубрук.

XIII ғасырдың алғашқы ширегінде болған тайпа аралық қырқыстар (монғолдар, наймандар, меркіттер және т.б. қатысты) көптеген жартылай отырықшы тайпалардың батысқа қарай көшуіне және бұл аймақтарға тән шаруашылықтың өзгеруіне әкелді. Дегенмен, қазақ даласында қыпшақ тектес тайпалардың үлес салмағы басым болып қала берді. Шаруашылықтың өзгерістері негізінен көш жолдарының өзгеруімен тікелей байланысты болды. Осылайша біртіндеп жоғарыда сипатталған шаруашылық дәстүрлері қалыптасты. Материалдық өмірдегі оның бір әлемі көрінісі ұлы көштерге арбаны (күймені) пайдалану.

Деректерге қарағанда, моңғол шапқыншылығы кезінде оңтүстіктегі бір-

неше қалалардың қирағаны анық, қалалық өңірлерде адам шығындары да аз болмаған. Бірақ соның ізін ала үлкен еуразиялық империя құрылды да, әр түрлі шаруашылық региондарының арасында сауда-саттық ерекше дами бастады, бейбіт өмір үстемдік құрғаннан кейін бұрынғы шығындар экономикалық және мәдени прогреске үлкен бөгет жасай алмады.

Шыңғыс әулетінің жоғарғы билік өкілдерінің ортасында шаруашылықтың екі түрінің қайсысына басымдық беру туралы пікірталас айқын ажыратылады. Бірінші топқа моңғолдардың ескі көшпелі дәстүрлерін жақтаушылар кірді. Олар отырықшы өмір салтына, егіншілікке, қалаларға қарсы болды. Бұл, әсіресе анық Солтүстік Қытайды жаулап алу кезінде көрінді, көшпелі ақсүйектер Шыңғыс ханнан отырықшы халықтың бәрін қырып, ол жерді жайылымдық жерге айналдыруды ұсынды. Көшпелі түркі-моңғол тайпаларының көбеюі Жетісу сияқты аймақтарда XIII ғасырда қалалардың жойылуына әкелгенін біз Мырза Хайдардың «Тарихи-Рашиди» кітабынан да аңғарамыз. Екінші бағыт азаматтық бюрократия мен жеңілген елдердің мұсылман дінбасыларына жүгінді, олар қалалық өңірде мемлекеттік аппарат пен қаржы орталықтарының сақталуы мен нығаюын қолдады. Екінші бағыттың қолдаушылары моңғол-түрік

көшпелі ақсүйектерінің өз бетімен сепаратистік ұмтылуларын тигізы келді. Сол себепті қала өмірін қолдады, көпестерге сауда жасауда қолдау көрсетті, өндірістік күштерді жаңғыртты, осының бәрі де, олардың ойынша, салықтың қазынаға дұрыс келуін қамтамасыз етті.

Оның айқын мысалы – шағатайлық Кебек ханның (1318-1326) мемлекеттік саясаты. Ол көшпеліліктің әсерін шектеу және мемлекеттілікті нығайту үшін Түркістан оазисіне көшіп келіп, ақша және әкімшілік формалар жасап, Орта Азия қалаларын қалпына келтірді. Шағатай хандарының қалалық өңірлерге басымдылық беруі бұл ұлыстың далалық аймағын мекендеген көшпелі тайпалардың көсемдеріне ұнаған жоқ. Осы себепті бұл ұлыста әуел бастан Мәуреннахр сияқты қалалық аймақ пен Моғолстан сияқты далалық өңірдің арасында қарама-қайшылық бір сәт те толастаған жоқ. Бұл қарсы тұру ақыр түбінде Шыңғыс ханнан қалған алып ұлыстың екіге бөлінуіне алып келді.

Шыңғыс ханнан кейін Үгедей, Мөңке тұсында айрықша беделге ие болған империялық құрылым шаруашылыққа сәтті мүмкіндік берді. Қытай жылнамасында былай деп жазылған: «Шыңғыс хан Шығыс пен Батысты байланыстыратын шекараларда өз мүддесін жүргізді, қамалдар мен бастияндарды жер-

мен-жөксен етті. Осыдан кейін ғана экономикалық және мәдени қатынастар жақсарып, Шығыс пен Батыстың гүлдену кезеңі басталды». Сауда мен қалалардың өсуі осыған дәлел бола алады. Батыс Қазақстан арқылы жүрген Оңтүстік Қазақстан мен Еділ арасындағы сауда-саттық ежелгі Үндістан мен Қытайға апаратын сауда жолдарын ашты. Орталық Қазақстанда бұл кезеңде қалалар қайта жанданып, ірі кесенелер салына бастады. Алтын Орда мен Қаракорым арасындағы керуендер, елшіліктер қазақ жері арқылы жүрді.

Ұлы Еуразия далалық территориясында пайда болған Алтын Орда мен Шағатай ордасы сияқты екі ірі мемлекет ішкі жанжалдар мен қырқыстарға шек қойды, екінші жағынан сауда мен қала құрылысының нығаюына әкелді. Барлық жерде пошта және жәмші қызметін көрсету тәртібі енгізілді. XIV-XV ғасырларда Отырар, Сығанақ, Сауран, Жезд сияқты қалаларда Ақ Орда хандары Ерзен, Мүбәрак, Орыс мәдени және қоғамдық құрылыстар сала бастады. XIII ғасырда Сығанақ, Отырар, Сарайшық қалаларының тенге сарайы өзінің толық күшімен жұмыс істеп тұрды, бұл осы қалалардың гүлденіп тұрғанының айғағы. Дала өңіріндегі қалалар жандана бастады. Оның бір мысалы Сарысу мен Нұра өзендерінің бассейнінде, Батыс өлкеде орналасқан Хобда және Елек

бойындағы кішкене қалашықтар. Алтын орданың саяси орталығы болған Еділ бойында отырықшылықтың күшті дамыған аудандары пайда болды, олардың ішінде Сарай Бату, Сарай Берке, Сарайшық, Азау-Азов, Астрахань қалалары көзге түсті. Алтын Орда дәуіріндегі қалалардың көпшілігі Қарахан заманынан қалған ірі отырықшы қоныстар мен сауда бекеттерінің үстінен көтерілді.

Бұл дәуірдегі ең сәулетті ескерткіш – Ахмет Йасауи кесенесі де қала салу және сәулет мәдениетінің озық жемісі. Жалпы, орта азиялық қала мәдениетін, колөнерді екі түрлі ортаның, бір жағы – отырықшылық, екінші жартылай көшпелі ұштасқан құндылықтардың жемісі деп бағалаған дұрыс. Белгілі дәрежеде біз Дешті Қыпшақтың шаруашылық мәдениеті солтүстік пен оңтүстік арасындағы белсенді қарым-қатынастың нәтижесі деп есептейміз. Сонымен қатар, Түркістан өңірінің қалалары Алтын орда дәуірінде Батыс пен Шығысты байланыстыратын делдалдық қызметінен айырылған жоқ.

3.3. Әлеуметтік құрылымы

1206 жылы құрылған монғол мемлекеті, ең алдымен, көшпелі тайпалар мен рулардың бірлестігі деп жарияланды және мемлекеттік идеология отырықшы өлкелерді бағындыруға бағытталды. Бірақ Шыңғыс хан мем-

лекетінің құрылған күнінен бастап билік қызметіне мықты тұлғалар араласты және бүкіл ел мен жер олардың арасында ұлыстық тәртіппен бөлінді. Бір орталыққа бағынған үлкен жүйенің пайда болғанының бір көрінісі – 1206 жылы Шыңғыс ханның жақын туыстарынан, достарынан 95 ноянды мың басы етіп тағайындауы.

Мемлекет шекараларының әрі қарай кеңеюі екі бағытта жүрді. Бірінші жағдайда монғолдар көрші иеліктерге сәтті жаулап алу жорықтарын жүргізді. Өздерінің ішкі жауларының (меркіттер, керейіттер, наймандар) ізімен жүріп монғолдар XIII ғасыр басында Оңтүстік Сібір мен Орталық Қазақстан аудандарына дейін жетті. Екінші бағытта көшпелі ұлыстарды басқарған ақсүйек әулеттер Шыңғыс тұқымымен өзара неке қарым-қатынасы арқылы туыстасты. Мысалы, монғол билігін мойындаған қарлұқ Арслан хан Шыңғыс ханның туған қызы Алхе-бэхиді әйелдікке алды. Осылайша, империя құрамына ұйғырлар, ойраттар және т.б. көшпелі тайпалар кірді. Монғол жылнамаларында тұтас ұлыстарды «асырап алу» институты жайлы айтылған. Мысалы, Шыңғыс түркістан өңірін билеген ұйғыр көсемдерін бауырына тарту үшін Шыңғыс хан монғол билігін мойындағысы келген Идиқұт (Идиуд) ханның елшісіне: *«Қызымды берейін, бесінші ұлым болсын, Алтын алқа, жібек-қамқа, күміс-мар-*

жан сияқтыларды алып келсін», – деп айтты делінеді. Билеуші әулеттермен туыстық бағындырылған тайпалардың қауіпсіздігінің кепілі болып келеді. Монғол империясының басшылары өздеріне бағынған ұлыстармен неке араластырып қана қойған жоқ, сонымен бірге қалыптасып келе жатқан монғол мемлекеті бағындырылған елдердің (керей, найман, ұйғыр, қытай, қыпшақ, т.б.) мемлекет құрылымының ережелері мен тәртіптерін бойына сіңірді.

Монғол ұлыстарындағы билік Шыңғыс хан енгізген «Жасак» бойынша жүргізілді. «Жасак» түрік елдерінің ежелгі заң ережелеріне қаншалықты негізделсе де, монғолдар тұсында әскери өмірдің қатал тәртібіне бағынды. Алғашқы бетте Шыңғыс хан балалары билеген ұлыстар Қаракорымдағы ұлы ханға бағынышты болды. Сол кездерге тән ұлыстық жүйе көшпелілерге қажетті жайылымдар мен суаттарды ұстауға және бір-бірімен қақтығыспауға мүмкіндік туғызды. Бірақ алғашқы бетте бүкіл жаулап алған кеңістікті Шыңғыс әулеті Қаракорымнан басқарған болса, кейін келе жергілікті ұлы басшылары өз биліктерін нығайтты. Осыған байланысты жаулап алған өлкелердің дәстүрлі салт-жобасы қайта жаңғырып, қоғамдық-саяси дамуда бөлектене бастады. Монғол ұлыстарында хандардан кейінгі билік қара сүйектен шыққан

ру басшыларында еді, оларға өз бұйрығын орнықтыру, берік әлеуметтік негіз жасау үшін «аталық», «тархан», «қараша бектер» лауазымдары берілді. Далалық аймақтарда Шыңғыс әулеті өзінің әлеуметтік артықшылықтарының арқасында өз билігін қанша күшейтсе де, көшпелі рулар өз көсемдерінің ыңғайына қарады.

Көшпелі өмір жағдайында кәдімгі әдет-ғұрып заңдар жинағының негізінде туған «Жасак» тайпааралық қырқыстарды басуға және оларды бір билік астына жинастыруға бағытталды. Шыңғыс әулетінің хандары мемлекетті басқару үшін әскери ондық жүйе негізінде билеуге тырысты, ол болса түрік-монғолдардың генеалогиялық құрылымын кейінге ысырып екінші рөлге қойды. Әрбір азамат белгілі бір ондыққа кірді. Әрбір ондықтың өз басшысы болды, ондықтар жүздікке, жүздіктер мыңдыққа, мыңдықтар түмендерге бірікті, әрбіреуінің басында өз басшысы жүрді. Құлдықтан босатылған еркіттер рулық топтарды толықтырды немесе билеушілердің қызметкерлері мен нөкерлері қатарын молайтты.

Шыңғыс хан ұрпағынан шыққандар, тархан титулына ие болғандар барлық міндеткерліктер мен салықтардан босатылып, үлкен билік иесі болуға құқылы еді. Ерекшелік және меншік белгісін таңба атқарды (тамга). **Бірге-бірге Шыңғыс хан әулеті**

бағыншықты өлкелерде заң билігін де, саяси билікті де өз қолына жинақтап «төре» тобын құрды. Ханақтың басын бөлігі «қара сүйек», «қараша ханаю» атымен белгілі. Төменгі әлеуметтік топтар бағыншыты адамдар мен құлдарға бөлінді. Құлдар көбінесе әскери тұтқындардан құралып, барлық күштілерден айырылды.

Алтын Орда шығыс деректерінде «Ұлығ ұлыс», немесе «Жошы ұлысы», кейін «Бату, Берке ұлыстары» деп хандар атымен аталған. Жалпы далалық аймақтағы Ұлыстар территориясы келесі жерлерді қамтыды: Батысында Обь пен Ертіс өзендерінің жоғарғы ағыстарынан Еділ мен Амударияның төменгі ағыстарына дейін, Батыс Сібір мен Хорезмнің бір бөлігі, Русь пен Венгрия және т.б. аймақтар. Сонымен бірге, Моңғол империясындағы тұтас билік сақталып тұрған кезде ұлыс басшылары Қаракорымдағы жалпы моңғол жиналыстарына қатысуға міндетті болған. Ұлы хан билігін тек «Жасақ» ғана шектей алды. Мемлекеттің әкімшілік құрылымына Қытайдың әсері аз болған жоқ, деректерге қарағанда келесідей болған: «Татарлар Цинь қарақшыларына еліктен өздерінің мемлекеттік құрылыстарына министр, оң және сол қанаттарының бас қолбасшысы, төраға сияқты лауазымдарын енгізді. Сонымен бірге, олар уәзірлерді, бас қолбасшыларды

қызметке қойып, оларға алтыннан жалақы берді».

Шыңғыс ханның «Жасағы» көшпелі өмірдің қайнаған ортасында пайда болып әр түрлі тайпалар арасындағы қарым-қатынастарды бір билік арнасына салуға бағытталған еді. Жасақ заңдарының құдіреті жөнінде Жошы өлімінен кейін Дешті-Қыпшақтағы бас биліктің Бату ханға өтуіне қатысты Өтеміс қажының «Шыңғыснаме» кітабында қызықты аңыз бар: «Ежен хан мен Сайын хан машһур Тұралы ханның қызынан туған еді. Және он жеті ұлы өзге әйелдерінен болып еді. Бұл Ежен мен Сайын хандықты бір-біріне мұрағат қылды. Сайын хан кіші еді, ағасы Еженге айтты: «Атам орнына ағам сен, яғни әке орнында әкесің, жат жұртқа барар тұрармыз. Хан бол!» – деді. Ежен айтты: «Менің сенен жасым үлкені рас. Бірақ атаммыз сені ерекше жақсы көріп, ерке өсіріп еді. Осы уақытқа шейін сенің еркелігіңді, бұйрығыңды, сөзіңді түгел көтердім, ал бәлкі хан болсам, бұрынғыдай сенің айтқаныңнан шыға алмаймын. Таққа арамызда ұрыс-керіс болар. Сен – ақ хан бол. Сенің хандығыңа мен шыдармын, бірақ менің хандығыма сен шыдамассың», – деді.

Бір анадан туған екі ұл, өзге аналардан туған он жеті – баршасы қосылып Ұлы ханға көрініске барды. Бұлар ханның қызметіне жеткенде, хан бұларға орда тікті.

Алтын босағалы ақ орданы Сайын ханға салды, күміс босағалы көк орданы Еженге салды, болат босағалы боз орданы Шайбанға салды».

Өтеміс қажы баяндаған бұл аңызда «Жасаққа» ерекше көңіл бөледі. Бату Орда Еженнің үгітіне қарамай, әкеден қалған алтын тақты иеленуге көнбейді, себебі «Жасақ» бойынша үлкен ұлдың жолы үлкен. Шыңғыс хан Жошыдан туған немерелеріне арнап үш кигіз үй орнатуға жарлық береді. Біріншісі алтын босағалы ақ орда, екіншісі күміс босағалы көк орда, соңғысы болат босағалы боз орда. Осылайша аңыз Жошы өлімінен кейінгі Дешті Қыпшақтың саяси құрылымының пайда болуын жол тәртібімен негіздейді.

Алтын Орданың саяси ыдырауы XIV ғасыр соңы мен XV ғасыр басына сәйкес келді, осы кезде Шығыста жаңа мемлекет – Ақсақ Темір державасы қанат жая бастайды. Темірдің Алтын Ордаға жасаған ең соңғы әрі шешуші жорығы 1395-1396 жылдары болды, оның нәтижесінде қалалары мен сауда қатынастары ең жақсы дамыған деген батыс аймақтар шапқыншылыққа ұшырады. Темірдің негізгі мақсаты Дешті Қыпшақтың соңғы көшпелілер державасының экономикалық және әскери басымдылығын киратып, үстемдікті Мәуреннахрға алып беру еді.

Алтын Орданың құлауына көшпелі мемлекеттерде әрдайым кездесетін

ұлыстық жүйе мен рулық құрылым арасындағы күрес те әсер етті. Оның бір айқын айғағы – XIV ғасырдың соңына қарай өрістеген Едіге би мен Токтамыс хан арасындағы шиеленіс. Дешті Қыпшақ даласындағы осындай келеңсіз жағдайлар Ақсақ Темірдің күшеюіне, көтерілуіне жол ашты. Өкінішке орай Еділ бойындағы экономикалық орталықтардың күйреуі өз кезегінде далалық өңірдің әлеуметтік дамуына да теріс әсер етті. Бір орталықтанған жүйенің күйреуі ел ішіндегі ұсақ ұлыстардың арасындағы ішкі күресті, бұлғақты күшейтіп жіберді.

3.4. Этносаяси тарихы

XII ғасырдың соңында XIII ғ. басында Орталық Азияның шығыс алқабында, Моңғол үстіртін аралай алатын Орхон, Керулен өзендерінің бойында көшпелі моңғол руларының арасында бір қарағанда онша түсініксіз үрдістер жүріп жатты. Біртіндеп билік Шыңғыс атымен жер жүзіне танылған қият-боржігін тайпасының көсемі Темучин қолына жинала бастады. Бұл үрдістер сырт адамға тым түсініксіз болғанымен, ежелден бергі көшпелілер әлемінің өзіндік даму заңдылықтарына, олардың отырықшы әлеммен қарым-қатынас дәстүрлеріне сай жүрді. Ақыр түбінде бұл оқиғалар көшпелілердің соңғы әлемдік империясының құрылуына алып келді.

Шығыс тарихшыларының еңбектерінде бұл кезең бойынша көптеген қызықты деректер бар. Рашид-ад-Диннің жазуы бойынша, Шыңғыс хан ата-бабалары X-XI ғасырларда өмір сүрген «Алан-гуа ананың күн сәулесінен көрген үш баласынан тараған». Бұл әфсанаға абайлап қарау керек. Ол белгілі дәрежеде Орталық Азия өңіріне белгілі ежелгі түріктердің пайда болуы туралы аңызды қайталайды. Мысалға, Рашид-ад-дин моңғолдарды түріктердің бір бөлігі деп санап, оларға келесі тайпаларды кіргізеді: *«жалайырлар, татарлар, ойраттар, меркіттер және моңғолдарға ұқсас өз мемлекеттері бар наймандар, онғыттар, керейіттер, қоңыраттар, құралас, икирас, эджигит, урянхан, кименгут... сияқтылар»*. Рашид-ад-дин ежелгі аңыздардың негізінде Алаша ханның екі ұлы Татар мен Моңғол арасындағы жаугершіліктен бастайды. Оның жазуына қарағанда алғашқы бетте екі әулет бір-бірімен тату тұрған, бірақ бірте-бірте билік Татар әулетіне көше бастайды. Тарихшының жазуы бойынша, моңғолдар Сүйініш ханның қудалауынан қашып құтылған екі ханзададан тарайды: *«Ел ханның ұрпақтары Қиян мен оның немере ағасы Нүкіс төрт жүз жыл адам аяғы тимейтін таулардың арасында Ергенекоң деген жерде мекендеген. Құдайға шүкіршілік айтып олар осы жерде өмір сүре берді. Қыста олар*

малдарының етін жеп, көктемде сүтін ішіп, терісінен киім тікті. Осылайша олар өсіп-өніп кемеліне келді және әр түрлі мехнаттармен таудың шатқалынан иен далаға қарай шықты».

Аншылық кәсіпті қойып мал шаруашылығымен айналысу моңғол тайпаларының байлығын көбейтті. Әсіресе, жылқының рөлі артты. Бұл үрдіспен қатар жергілікті түрік тілдес халықтарды ассимиляциялау мен шеттету қатар жүрді. X ғасырдың ортасында моңғол тайпалары алғашқы саяси бірлестіктер құрады. «Құпия шежіреде» Шыңғыс ханның аталары мемлекетті билеген Қабыл хан және Амбағай хандар жөнінде айтылады: *«Барлық моңғолдарды Қабыл хан билеген, Қабыл ханнан кейін Амбағай хан билікке келді»*.

Осы уақыттан бастап моңғолдардың мемлекет территориясын ұлғайту және өз билігін орнату идеологиясы туындайды. XII ғасырдың 80-жылдардың ортасында керейлер мен тайчуыттармен қосылып меркіттерді талқандағаннан кейін моңғолдың жас көсемі Темучин бірнеше рулардың қосып ұлыс құрады. Осы жеңістен кейін ғана Темучин есімі белгілі бола бастады. Бірақ бұл оқиғаларда Тоғрыл (керейіт) мен Жамуха-цецен (моңғол – тайчуиттердің бір бөлігінің басшысы) басты рөл ойнаған болатын. Кейін олардың барлығы да Темучин

билігін мойындауға мәжбүр болды. Моңғолдардың Батыстағы территорияларды бағындыру 1207 ж. басталады, сол кезде Жошы (Джучи) Оңтүстік Сібір тайпаларын (ойраттар, буйраттар, урсуд, барга (буряттар), хабханастар, тувалар, қырғыздар, т.б.) бағындырады. Хорезмшах пен моңғол әскерлерінің алғашқы кездесуі 1216 ж. болады. Жошы хан моңғол мемлекетінің жаулары (найман, керей, меркіттер) ізінен келе жатып, Ырғыз өзенінің маңында Хорезмшах Мұхаммедтің қалың әскерімен кездесіп қалады. Үргеніш әскері кимакқыпшақ жеріне жорыққа аттанған болатын. Хорезмшах пен моңғолдардың кездесуі жеңімпазды анықтамады, бірақ Жошының жойқын шабуылы алғашқы үрейді туғызды.

Моңғолдардың батыстағы өлке-лердің жерін жаулап алу саясаты Жетісуден басталды. Бұл өңір моңғолдарды Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан гүлденген қалаларымен қызықтырды. Жетісу Түркістанға, одан кейін Мәуреннахрға жол ашты. Моңғолдар найман ханының соңғы ұрпақтарының бірі Күшлік ханның қарсылығын сылтау етіп жорықтарын бастады. Сонымен бірге, моңғолдар жергілікті халық арасындағы Күшлікке қарсылықты қолдады. Күшлікке қарсы күштің өсуінің себептері – мұсылмандарды қудалау және мемлекет тарапынан салықтардың өсуі.

Басқа түркі билеушілері (үйғырлар, карлұқтар, т.б.) кедергісіз өздерін Шыңғыс хан вассалдары деп танып, ерікті түрде моңғолдармен бірге Орта Азияға жасаған жорықтарына қатысты (1219-1223 жж.), Жетісуді басып алғаннан кейін Шыңғыс хан Орта Азияны басып алуға белсенді түрде дайындала бастады. Соғыстың басталуына бір маңызды себеп Шыңғыс ханның Отырарға жіберген елшілері мен көпестерінің өлтірілуі еді. Моңғолдардың «Құпия шежіресі» деректеріне сүйенсек, Жебе, Субедей мен оның ұлы Тоғучар (Айдарлы Тоғучар) әскерлері Орта Азияның солтүстігінен, яғни қазақ далалары арқылы өтіп, алдымен Хорезмшахтың батыс қоныстарын басып алды.

Моңғолдардың аса қызықканы ең алғашында Сырдария бассейнінің қалалары мен отырықшы қоныстары еді. Бірнеше ондаған жылдар бұл өлке үшін Хорезм, Қарахан, Қарақытай, Сельжук өзара күресіп, бір-біріне қимай келген аймақтар өртке оранды. Қыркүйекте Шыңғыс ханның өзі бастаған әскер Түркістан оазисіндегі ең ірі қаланың бірі Отырарды талқандады. Шығыс деректері бойынша Отырар бес айлық қоршауда болып, сатқындық нәтижесінде жаудың қолына берілді делінеді. Қала ұлы жұтты бастан кешірді: қорған-бекінісі бұзылды, қаланың көптеген кіші аудандары тонаушылыққа ұшырады, бірақ қала өмірін тоқтатқан

жок. Марко Полоның айтуы бойынша: «Жаулап алынған қалаларда какпа мен камал салуға тыйым салынды. Өйткені жеңілген халықтар тыныштық сақтап, қарсылық көрсетпеуі тиіс». Түркістанның басқа қалаларын – Сығанақ, Баршынкент, Ашинас (толық қирады), Жанкент және т.б. Шыңғыстың үлкен ұлы Жошы хан басып алады. Сырдария бойындағы қалаларды алған соң Жошы хан өзінің әскерін Орта Азиядағы ең үлкен қала, Хорезм мемлекетінің астанасы Үргенішке бұрады. Осылайша Хорезм аталатын алып мемлекет біртұтас ұлттық майдан құра алмай, жеке-жеке жауға жем болды. Қала маңына Шыңғыстың кіші ұлдары Шағатай мен Үгедей әскерлері де келеді. Әбілғазының айтуы бойынша: «Ірге бұзуға арналған тастар табылмағандықтан, моңғолдар Үргеніш маңындағы тұт ағаштарын кесті». Қаланы қоршаған моңғолдар 7 айдан кейін ғана оны бағындырады және үлкен қарсылық көрсеткені үшін аямай жазалайды.

Осылайша моңғол мемлекетінің құрамына Қазақстанның оңтүстік аудандары кіреді. Оңтүстік қалаларымен, яғни саяси және сауда колонер орталықтарымен байланыс жоғалтқан Дешті Қыпшақ тайпалары моңғолдарға бағынуға мәжбүр болды. Сонымен қатар, Шыңғыс ханның жаулап алушылық компаниясы жалпы көшпелілер бірлігін дәріптеп,

көшпелілерді отырықшы халықтарға қарсы қойды. Осындай ауыр кезеңде Орта Азияның отырықшы елдері мен урбанизацияға түскен түркі тайпалары (қаңлы, қыпшақ, қарлұқ, т.б.) қиын жағдайға ұшырады. Мәуреннахр өлкесі бірнеше жыл соғыс майданына айналып шаруашылық үлкен шығын кешті. Рухани жағынан бұл бағыныштылық ауыр болды, ислам туралы тіптен де хабары жоқ моңғолдар Бұхара қаласының мешітіне атпен кіріп-шығып жүрген күндері де болды. Бұл жорықтан кейін де моңғолдарға қарсылық жалғаса берді, оны біраз уақыт сұлтан Жалаладдин жүргізді.

Дегенмен, далалық өңірді қамтыған Алтын Орда экономикалық-әлеуметтік дамуға көп әсер етті. Оның гүлденген кезеңі Өзбек ханның тұсында болды (1312-1342 жж.). Өзбек хан империяның түріктенген көшпелі халқын (ноғайлы елі) ислам дініне қаратты. Жәнібек хан (1342-1357 жж.) тұсында Алтын Орда биік деңгейге көтерілді. Әділ билік жүргізгені үшін халық оны Әз Жәнібек деп атап кетті. Шығыс деректері бойынша: «Дешті-Қыпшақта оған тең әділ, әулие, қайырымды және күдіретті патша болған жоқ». Қазақтың аңыздарында Әз Жәнібекті ноғайлы ханы деп атайды, ол кезде қазақтар өздерінің әдет-ғұрыптарына сай өз бетінше өмір сүрді. «Ол қазақты өз заңына, бетімен жайылған қалпына жіберді», – деп жазады М.Ж. Көпейұлы.

Қазақ шежіресі бойынша, Жошы ұлысы атанған ұлы дала XIII ғасырдың ортасында үш иелікке бөлінеді. Жошы ордасы Ұлытауда Орда Ежен тұқымы иелік жасаса, Шайбан тұқымы Ақкөл – Жайылмада (бір жағы Ібір-Сібір, бір жағы – Сыр бойы), ал Бату тұқымы, Еділде Сарай маңында. Ақ Орда және оның құрамындағы Дешті Қыпшақ рулары әуел бастан Алтын Ордаға бағынды. Бұл тәртіп көптеген хандар тұсында жалғасты. Сасы-Бұқа Ақ Орданы 30 жыл биледі, бірақ Бату ханның ұрпақтарын барлық заң бойынша құрметтеді. Шығыс деректерінің айтуынша: «*Ол 30 жыл билік құрды және Тоғрул хан мен Өзбек ханға әрқашан қызмет етті және құрылтайды бірде-бір рет босатқан жоқ*».

Әз Жәнібек ханның тұсында қазақтардың бабалары «алаш мыны» (одағы) деген атпен Ақ Орданың құрамында болды. Сол кездің кейбір деректерінде Алтын Орда «Ұлық ұлыс» деп аталды. Деректерге сүйенсек, дала тайпаларының билеушілері тәуелсіз болды. Еділ бойында дағдарыс пен сарайдағы ішкі тартыс кезінде Алтын Ордалық төрелердің бір бөлігі Ақ Орда хандарынан көмек сұрады. Ақ Орда Шығыс Дешті Қыпшақ көшпелілерінің мемлекеті болғанымен, билеушілер қалаға және қала құрылысына үлкен көңіл бөлді. XIV-XV ғасырдың басында Отырар, Сығанақ, Сауран, Жезд қалаларында

Ақ Орда хандары Ерзен хан, Мүбарек кожа, Орыс хан мәдени және қоғамдық құрылыс жүргізді. Теңге сарайлары белгілі бір қалаларда тез қарқынмен жұмыс істеп, қалалар мен сауданың дамуына ықпал етті. Ақ Орда кезеңінде қырда қалалар мен бекіністер салына бастады. Қалалар Сарысу, Нұра, Қобда, Елек бассейнінде салынды. Әз Жәнібек қайтыс болған соң, талас-тартыс және экономикалық мәселелерінің көбеюінен батыс көшпелілері шығыс-оңтүстікке көп көшті. Мысалы, Орыс хан Көк Орданы (Алтын Орданың батыс аймақтары) біраз уақыт биледі де, Ақ Ордаға қайтып келді (*Ормамбет хан Ордадан шыққан күні, Асан ата қайғырып айтыпты жыр*).

Әз Жәнібектің өлімінен кейін Алтын Ордада саяси құлдырау байқалады. Оның орнына келген Бердібек хан екі жыл билік құрғанда өзінің бүкіл еркек кіндік туыстарын, Бату хан әулетін жойды және империяны үлкен дағдарысқа әкелді. Қазақ аңыздарында: «*Нар мойыны Бердібекте кесілді*», – дейді. Оның өлімінен кейін Алтын Орданы атақты әмір Мамай биледі. Ол Бердібектің қызына үйленген болатын, осыны пайдаланып іс жүзінде Алтын Орданың билеушісі болды, Шыңғыс әулетінен хандарды тағайындады. 1360 жылдан 1380 жылдар аралығында 14 хан ауысты. Ірі әмірлер арасында ұлыс-ел, жайылым-жер үшін

толассыз тартыстар жүріп жатты. Қазақ эпосы Алтын Орданың құлдырауы Шыңғыс тұқымының ру-аксүйектермен күресі нәтижесінде болды дейді. Әсіресе, қатты күрес Мамай мен Орыс хан (Ордамбет) арасында өрістеді. Орыс хан узурпаторды Сарайдан қуып жібереді. Ең соңында Едіге би мен Токтамыс ханның арасындағы карама-қайшылық империяның құлдырауына әкеледі.

XIV ғ. соңында XV ғ. басында Алтын Орданың саяси ыдырауы орталығы Мәуреннахр болған жана дүниежүзілік державаның пайда болуына сәйкес келді. Алтын Орданың құлау себебінің бірі – Темірдің Дешті Қыпшаққа қарсы жойқын шабуылдарының салдары.

Әмір Темір (1336-1405) XIV ғ. 70-жылдары Мәуреннахрда өз билігін орнатты да, шамамен 35 жыл билік басында болды. Әмір Темір – моңғолдардың түркіленген барлас тайпасынан шыққан Тарағай бектің ұлы. Орта Азияны қолының астына біріктіріп, үлкен империя құруға ұмтылды. Империяны құруды Шағатай ұлысының территориясын біріктіруден бастады. Өз билігін орнатқаннан кейін Моғолстанға, яғни Жетісу мен Шығыс Түркістанға кіріседі.

Мықты Алтын Орда, әсіресе Мәуреннахрдың экономикалық мүдделеріне үнемі саяси қауіп төндіріп тұрды. Темір Алтын Орда заманында

Еуропа мен Шығыс арасында тынымсыз жұмыс істеген халықаралық сауда жолдарын және саяси орталықты далалық алқаптан оңтүстікке қарай ауыстыруды көздеді. Ақсақ Темір Алтын Орданы құлату үшін алдымен Ақ Ордаға қарсы соққы беру саясатын жүргізді, осылайша 1370-80 жылдары Моғолстан мен Ақ Ордаға қарсы 10-ға жуық жорықтар жасады.

Темір империясына дала территориялары ондай қосылған жоқ. Тек Ақ Орда мен Алтын Орданың ұлы билеушісі Орыс хан өлгеннен кейін, Оңтүстік Қазақстанның Сығанақ, Отырар, Сауран, Яссы, Сайрам қалалары бағындырылды. **Ақсақ Темір Сығанақта таққа кезінде Орыс хан жазалаған Манғышпақтың билеушісі Туи-Ходжа-Оғланның ұлы Токтамысты отырғызды. Алғашқы бетте Орыс ханның ұлдарынан бірнеше жеңілістерге ұшырап, тек 1380 жылы Токтамыс Темірдің қолдауымен Алтын Орданың астанасы Сарайды басып алады.** Токтамыс Алтын Ордада хан билігін қайта қалпына келтіруге барлық күшін жұмсады. Бірнеше ірі жорықтар ұйымдастырды. Соның бірі – 1382 жылы Мәскеуге қарсы әйгілі жорығы. Токтамыстың таққа отыруынан кейін оның Темірмен қатынасы басталады. Темір өзі қойған адамдарына қарсы оппозицияны қолдады. Оған дәлел: ең алдымен ол жас Токтамысты Орыс ханға қарсы қояды, кейін Токтамыс билікке жеткенде

оған қарсы Темір Құлұқ пен Едігені қолдады. Кейін Едіге Алтын Орданың толық билеушісіне айналғанда оған Токтамыс балаларын айдап салды. Қалай болғанда да Темірдің басты мақсаты көшпелілердің дүниежүзілік империясының экономикалық және әскери күш-қуатын жою еді. 1395-1396 жылдары Темірдің Алтын Ордаға соғысы барысында көптеген сауда жолдары мен қалалық жүйесі лапысқан ұлыстар аяусыз қырғынға ұшырады.

Әмірдің өмірінің соңында оның қол астына Мәуреннахр, Түркістан, Хорезм, Иран, Ирак, Кавказ, Ауғанстан, Үндістанның бір бөлігі кірді. 1404-1405 жылдардың қысында ол Оңтүстік Қазақстан арқылы Қытайға жорыққа шықты, бірақ жолда ауырып 1405 жылдың ақпанында Отырарда қайтыс болды. 1405 жылы Сібірде, Ертіс бойында Алтын Орданың соңғы күшті билеушісі Токтамыс өлтірілді. Қазақтың «Едіге батыр» эпосында Токтамыс өмірінің соңғы күндері баяндалады. Ол бойынша, ханды Едігенің үлкен ұлы Нұралы (Нұраддин) өлтірген. Дешті Қыпшақтағы билік ру көсемдерінің, билердің топтарының қолына көшеді. Едігенің кезінде билік басшылығы хан билігінен жоғарырақ санала бастады. Едіге хандарды өз тағайындап, өзі орындарынан алып отырды. Бұдан кейін ноғайлар арасында Шыңғыс ұрпақтарының билігі әлсіреді де, ба-

тыс түркілерін Едігеден тараған өз мырзалары басқара бастады.

Бірақ Едіге империяның ыдырауын тоқтата алмады. Алтын Орда Темір жаугершіліктерінен кейін өзінің Еділ бойындағы негізгі экономикалық орталықтарынан айырылған Алтын Орда халқы жана нарықтар іздестіре бастады. Осман империясының шабуылы Оңтүстік Еуропадағы еуразиялық ішкі құрлықаралық сауда жолдарын бөгең тастады. Ішкі континенталды жолдардан бас тартқан Еуропа мемлекеттері теңіз жолдары арқылы шығыс-азиялық мемлекеттерді іздеуге мәжбүр болды (*Үндістан, т.б.*). Токтамыс жағында литвалықтар, поляктар, немістер, генуялықтар болғандықтан, Едігенің батыстағы жеңістері экономикалық та, саяси да табыстар әкелген жоқ. Қазақ шежірешілерінің айтуларына қарағанда, Едіге Ұлытаудың басында қайтыс болған. Осылай көшпелілердің империялық тарихы аяқталады. Еуразия көшпелілерінің даңқты өмірі Ұлытауда Алаша ханды ақ киізге көтерумен басталса, Едігенің Ұлытауда өмірден қайтуымен тамам болды.

Сонымен, Алтын Орда да, Темір империясы да бір уақытта құлады. Ақсақ Темірдің қаншама еңбекпен сауда жолдары мен нарық ағыстарын Мәуреннахрға бұрмақ болған еңбегі текке кетті. Керісінше оның жаугершілік соғыстары Дешті Қып-

шақты әбден құлазытып, енді онала алмастай халге жеткізді. Мәуреннахр өлкесі де Ақсақ Темірдің жаугершілік соғыстарының арқасында шаруашылық жағынан құлпырып кетті деп айтуға деректер жоқ.

3.5. Мәдениеті

Алтын Орда мәдениеті – жеке-жеке бөлуге келмейтін, ажырамайтын тұтас және әдемі құбылыс. Бұл мәдениеттің өзегін негізінен Еуразияның көшпелілері мен отырықшы халықтары құрады, бірақ отырықшы-жер өңдеуші мәдениеттің ықпалы өте күшті болды. Алтын Орда орталығында ондаған ірі қалалар жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай бой көтерді. Оған кінәлі көшпелілер, себебі олар отырықшыларға өзінің саяси ықпалын орнатып қана қоймай, оларға континенталдық сауданың тізгінін берді. Бұл симбиозды жүйенің қан тамыры – сауда.

Көшпелі шаруашылық соншама көп өзгере қоймағандықтан, материалдық мәдениет консервативті болып қала берді. Осымен қатар, отырықшылықтың бірқатар элементтері түркі-моңғолдық тайпалар арасында орын алды. Бұл Сарыарқаның кейбір жерлерінде кішкене қалалардың, керуен-сарайлардың, бекіністердің пайда болуымен дәлелденді. Батыс Қазақстан жері арқылы өтетін Сарай Берке, Астарахан-Хорезм сау-

да жолында орналасқан Сарайшық қаласында теңге сарайы болған. XIV ғасырға қарай Отырар сияқты қалаларды қайтадан қалыпқа келтіру ісі қолға алынады. Ислам дінінің орнығуымен қалаларда мешіттер мен кесенелердің өсуі көрінеді (Отырар, Сығанақ, Жезд, т.б.).

Ортағасырлық бірден-бір көрнекті архитектуралық ескерткіш – Түркістандағы Қожа Ахмет Йасауи кесенесі. Темірдің билігі кезінде салынған бұл мавзолей Қазақстанда ислам дінінің таралуының орталығы болған. Қазақстандағы исламды таратуда, қолдауда Йасауидің сопылық ордені, әсіресе белсенді болды. Бұл мектептің діни-мистикалық идеялары «Диуани-Хикмет» (*Даналық кітабы*) кітабында түрік халықтарының жанына жақын жыр тілінде баяндалған. Кейіннен мавзолейдің ішінде және жан-жағында қазақтың ұлы азаматтарының жерлеуіне байланысты мавзолей-пантеон атағына ие болды. Қожа Ахмет Йасауи кесенесі – қазақтың ұлттық пантеонына айналған қасиетті ескерткіш. Сонымен қатар, далалық аймақта да осы заманда Жошы хан күмбезі сияқты ғажап құрылыстар салынған, көптеген кесенелердің іргесінде ежелгі түрік өнерінің дәстүрімен көшпелі өмір салты бейнеленген.

Бұл уақытта қазақ даласында бой көтерген архитектуралық ескерткіштердің маңында жана құрылыстар

пайда болды. Олар архитектуралық тұрғыдан ерекшеленген, яғни іргетасы төрт бұрышты негізде, сфера тәріздес көк күмбезімен салынған. Бұл – дала өңірінде архитектуралық дәстүрдің жаңа түрі. Сонымен, Алтын Орда дәуірі қазақ материалдық мәдениетіне өз заңдылықтары мен өзгешеліктерін енгізді.

Моңғолдардың саяси үстемдігі түрік-қыпшақ тіліне бөгет болған жоқ, керісінше түріктендіру процесі жеделдеді. *Алтын Орда кезеңінде жазбана деректер үшін диалекті – қыпшақ, оғыз, қарлұқ тілдерінің негізінде жасалған түркі (шағатай) тілінде жазылды. XIII-XV ғасырларда көптеген діни-дидактикалық кітаптар мен сөздіктер пайда болды. Ақындық шығармашылықтың көрнектілері: Сайфи Сарайдың «Гулистан би-т-турки», Хорезмидің «Махаббат намесі», Құтыптың «Хусрау уа Шырын»*. Өкінішке орай, Алтын Орда мемлекетінің тарихы туралы еңбектер аз емес, бірақ олар парсы, араб, жартылай моңғол тілінде жазылған. Егер біз түрік тілінде жазылған тарихи шығармаларды айтар болсақ, олардың ішінде Өтеміс қажының «Шыңғыснаме» сияқты кітаптары ерекше орын алады. Өкінішке орай, Қазақстан тарихнамасында Шығыс деректерімен жұмыс аз жүргізіледі, ғалымдардың көбі сол кездегі этникалық және әлеуметтік жағдайды толыққанды түсінбейді, терминологиялық

гиялық қателіктер кездеседі, осы себепті ғылыми айналымға Алтын Орда кезеңінде жазылған бірсыпыра еңбектер әлі де енбей тұр. Сондықтан зерттеушілер Алтын Орда тарихын тамаша баяндайтын далалық ауызша тарихнамаға (шежіре, қария сөздері) көп көңіл бөлулері шарт.

Ұлы дала рухани мәдениетінің жетістіктерінің қатарына Асан Қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалқияз жыраулардың шығармашылығы жатады. Бұл әдеби құбылыс өз бастауын Сыпыра жырау мен Кетбұғадан алады. Халықтың аңыздарына қарағанда, Кетбұғаның көптеген жырлары Шыңғыс ханға арналған, мысалы Жошы өлімін жоқтау. Қазақ ауыз әдебиетінде ерекше орын алатын ғұлама ойшыл, хандардың тәрбиешісі, кеменгер Жиренше шешеннің өмірінің белсенді уақыты Әз Жәнібек кезеңіне хан сай келеді (1342-1357 жж.). Асан Қайғы болса – Алтын Орда империясы ыдырау мен құлдырау кезеңіне іліккенде өмір сүрген, «Жер ұйығын» іздеп ұлы даланы кезген философ. Қазақ ауыз әдебиетінде «Ордамбет хан ордадан шыққан күні, Асан ата қайғырып, айтыпты жыр» делінетін шумақтар Асан қайғының 1370 жылдары Орыс (Ордамбет) ханның заманында өмір сүргенін нақтылайды. Оның поэзиясы Алтын Орданың күшеюін көрсеткен, ақсүйек өкілдерінің ойларын бір арнаға салған, империяны сақтауды ойлаған мотивтерге толы.

Сыпыра жырау Токтамыс ханның кезінде өмір сүріп, Алтын Орда басына түскен қиындықтарды шешуге көп септігін тигізген делінеді.

XIII-XV ғасырлардың ұлы жыраулары қазақ қаһармандық эпосының негізін салушылар деп есептейміз. Олар – «Едіге», «Қобыланды ба-

тыр», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр», «Қырымның қырық батыры», т.б. эпикалық жырлардың алғашқы айтушылары. Бұл шығармалар – Алтын Орданың әскери және саяси данқты тарихын жақсы бейнелеген және Еуразиялық көшпелілердің қайратты, рухы үстем кезеңінің жемісі.

III БӨЛІМ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ

I-тарау. XV-XVII ғасырлардағы Қазақ хандығы

1.1. Дәуірдің ерекшелігі

Орта ғасырларды кезеңдестіру туралы мәселелер жаңа заман тарихына да тікелей қатысты. Біз жаңа заманның тарихи шекараларын тек шартты түрде көрсете аламыз. Егер орта ғасырлар «Халықтардың ұлы қоныс аударуынан» басталса, жаңа заман «Ұлы географиялық ашылулармен», еуропалықтардың мұхит жолдарын игеруімен байланысты. Біз өз тарихымыздың кезеңдерін Еуропа немесе Шығыс тарихына тәуелді ету керек емес деген пікірдеміз. Шығыс пен Батыстың тарихи даму қарқыны әр түрлі, бірақ Еуразия даласының тарихи дамуын ортақ заңдылыққа бағынатын жеке субъект сияқты қарастыруға болады. Себебі, XV-XVI ғғ. әлемді қамтыған өзгерістер бізге де тікелей әсерін тигізді, мысалы, Батыс пен Шығыс арасындағы сауда-саттықтың мұхит

жолдарына түсуі біздің өлкелеріміз арқылы жүретін құрлықтық жолдардың құлдырауына алып келді. Жаңа заманда еуразиялық дала әлемі өзінің негізгі құрылым туғызушы жасампаз қабілетін жалғастырды, бірақ оның әсері бұрынғыға қарағанда көп төмен болды.

Батыс өркениетінің ерекше белсенді дамуы жаңа заманда Еуразия тарихының дәстүрлі тұрақтылығын өзгертті. Әсіресе, Алтын Орда дәуірінің соңына қарай өмірдің әр салаларынан үлкен өзгеріс өз көрінісін таба бастады. Орталық Азияны мекендеген көшпелі түркі-моңғол ұлыстарының саяси құндылықтарына негізделген Алтын Орда империясы XIV ғасырдың соңынан бастап ірі дағдарыс кезеңіне енді. Оның есесіне нарықтық өндіріс қарым-қатынасына негізделген еуропалық экономикалық жүйе күннен-күнге күшейіп, еуразиялық саяси үрдістерге тікелей әсер ете бастады. Алтын Орданың Еуразия тарихының байырғы негізін сақтап қалу, яғни көшпелілердің үс-

темдігін жалғастырмақ болған күресі кері нәтижелер берді. Оның үстіне Ақсақ Темірдің Алтын Орданың Еділ бойындағы дамыған қалалық орталықтарын қиратып, елді тоздырып жіберуі империяның жаңа заман көшіне іліну мүмкіндігін жойды.

Дегенмен, Алтын Орданың дағдарысты тоқтатуға күші жеткіліксіз болса да, оның қирандыларынан пайда болған бірнеше орталықтар өз беттерімен жаңа заман ережелерін қабылдады. Солардың ішінде өзінің белсенді қимылымен кейінгі тарихи үрдістерге терең және мол әсер еткен Мәскеу иелігін, Казан және Астарахан хандықтарын атау керек. Еуропа бұл кезеңде өз бетімен тіршілік үлгісін жасап, ортағасырлық мешеуліктен шығу үшін үлкен күрес жүргізді. Оның нақты көріністері – Таяу Шығысқа бағытталған кресшілердің жорықтары, Алтын Ордамен сауда байланыстарын нығайтуға бағытталған жаңа сауда факторияларының пайда болуы, ең соңында ұлы теңіз жолдарын ашуы. Шығыс болса бұл кезеңде әлі тікелей көшпелілерге бағынышты болды. Жаңа заманның басында Шығыс көшпелілердің тұрақты қоныс аудару қозғалысы мен Еуропаның колониалдық экспансиясының екі жақты әсерін сезді. Еуропаның Шығысқа ену іздері отаршылдық жүйе мен саудасаттық жолдарының дамуында анық көрсетілген. Осыған қарамастан

Шығыс өзінің дәстүрлі мәдениетін сақтай алды, ол XIX ғасырдың басына дейін қарапайым шаруашылық қарым-қатынастарына негізделген рухани құндылықтардың дамуымен ерекшеленеді.

Бізге ең маңыздысы – Алтын Орданың ыдырауы салдарынан Еуразиялық ұлы дала аумағында көшпелілердің ұлттық мемлекеттік бірлестіктерінің қалыптаса бастауы. Қазақ хандығы солардың бірі болып табылады. Қазақ хандығының тарихын жаңа заман тарихымен байланыстыра отырып қарастырамыз, себебі бұл мемлекет – жаңа заманның үрдістері туғызған құбылыс.

XV ғасырдың басында Ертістен Еділге дейінгі жерде көптеген тәуелсіз көшпелі тайпалардың құрған ұлыстары жайлады, сол замандағы деректерде Орда Ежен мен Шайбан иеліктерінің негізгі халқын «өзбек ұлысы» деп атай бастады. Бұл атау Алтын Орда мемлекетінің ұлы хандарының бірі Өзбек хан атымен байланысты деген жорамал негізді. Алтын Орда ыдыраған кезде батысында Маңғыт жұрты, оңтүстігінде Ақсақ Темір иеліктері, оңтүстік-шығысында Моғолстан қоршаған ұлан-байтақ далалы аймақ ортақ биліксіз қалып қойды. Қазіргі зерттеулерге сүйенсек, осы кезеңде Дешті-Қыпшақтың шығыс жағында Шайбан сұлтандарының өктемдігі күштірек болған сияқты. Олардың өзара аяу-

сыз күрестерінің нәтижесінде пайда болған мемлекетті әдебиетте «Әбілқайыр мемлекеті» немесе «Көшпелі өзбек мемлекеті» дейді, яғни Шайбан әулетінің ең атакты өкілдерінің бірінің атымен аталған. Әбілқайыр билігіне дейін Ұлы далада бірнеше тәуелсіз ұлыстар болған, олардың ішіндегі неғұрлым ірілері – Жұмадық, Махмұд Қожа, Мұстафа хандардың иеліктері.

Ноғай мырзаларының қолдауына сүйенген Жұмадық хан Дешті Қыпшақтың орталық бөлігін мекендеген Алаш одағына кіретін тайпалармен күрес барысында қайтыс болғанда, оның әскерінің оң қанатын басқарған Даулет-Шайх-оғлан ұлы Әбілқайыр бар-жоғы он жеті жаста еді. Шайбан сұлтандары бастаған маңғыт әскері жеңіліп тұтқынға түскен жас сұлтан Дешті Қыпшақтың билерінің қолдауына ие болды да, жылдам көтерілді. Бірте-бірте оның билігін далалық алқаптың көптеген батырбилері қолдады, осы қолдаудың арқасында **Әбілқайыр таққа 1428 жылы Ібір-Сібір өлкесінде отырды да, елді 40 жыл биледі. Хандықтың территориясы шығысында Балқашқа дейін, оңтүстігінде Сырдарияның төменгі ағысынан Арал теңізіне дейін, ал солтүстікте Тобыл мен Ертістің орта ағысына дейін созылып жатты.**

Әбілқайыр хандығы бір күшті орталыққа бағынған мемлекет бола алған жоқ, ол бірнеше этносаяси жә-

не этнотерриториялық топтардың уақытша келісімі деп те атауға болады. Мемлекет құру үшін қажетті ортақ және иерархиялы генеалогиялық жүйенің орнына одаққа кірген тоқсан екі тайпаның бәрі де бір-бірімен тең дәрежеде қалды. Түп-тегі ежелгі қыпшақ одағына бастайтын Дешті-Қыпшақ тайпалары бір орталыққа бағынған мемлекет құрғаннан гөрі, үлкен конфедеративті одақ құрғанды жөн көрді. Сонымен бірге, қыпшақ қауымы ірі қалалық орталықтарға, континенталды сауда мен егіншілік оазистеріне иелік жасай алмады, бұл да олар құрған мемлекеттің мүмкіндігін азайтты. Әбілқайыр билігі тайпааралық жіктердің, талас-тартыстардың кезіне сәйкес келді, соған қарамастан ол 30-жылдары Тобылда шайбанилық Махмұд қожа ханды, Сарыарқа даласында Жошы ұрпағы Махмұд хан мен Ахмед ханды талқандады, Орда-Базарды жаулап алды. 1446 жылы Әбілқайыр Атбасар өзенінің жағасында Мұстафа ханды талқандайды. Оған қарсылық көрсеткендер Жошы ұрпағы Ибақ хан мен Буреке-сұлтан Ібір-Сібірге және Орыс ханның шөберелері Керей мен Жәнібек Бетпақ далаға, Жетісумен шекаралас Шу өңіріне қашты.

Әбілқайыр жаулап алушылық жорықтарын Мәуреннахрда, Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында да жүргізген. 1430 жылы ол аз уақытта Хорезмді жаулап алып,

Үргенішті талқандады. Деректерге қарағанда 1446 жылы Әбілқайыр хан әлсірей бастаған Ақсақ Темір ұрпақтарынан Сырдария бойындағы және Қаратау беткейлеріндегі Сығанақ, Созақ, Ақ-қорған, Үзгент, Аркөк сияқты қалаларды тартып алды да, одан да ілгерілеп Мәуреннахр өлкесіне сұғына кірді. Бұл қалалар оның ең жақын табақтастарына немесе көбінесе маңғыт руынан шыққан билерге берілді. **Сығанақ хандықтың астанасы болды, деректерге қарағанда бұған дейін хан ордасы Ібір-Сібір Чимгу-Тура мен Сарыарқада Орда-Басар қалашықтарында ту көтерілі.** Осылайша бұрынғы Орда Ежен және Шайбан ұлыстарының халқы түгелдей Әбілқайыр қол астына өтті, бірақ бұрын Орда Ежен иелігінде болған тайпалар ылғи да сепаратистік көңіл ауанын жасырған жоқ. Олардың ішінде Орда Ежен тұқымына қолдау көрсеткен және белгілі дәрежеде Сырдария бойындағы қалалық өңірмен тікелей байланысты тайпалар болашақ қазақ мемлекетінің идеясымен өмір сүрді.

XIV-XV ғасырлардың деректерінде Әбілқайыр хандығына кірген тайпалар барлығына ортақ «өзбек» деген саяси атаумен айгілі. Олар: **қыпшақтар, наймандар, маңғыттар, қарлұқтар, қоныраттар, қаңлылар, үйсіндер, ұйғырлар, құрлауыттар, дүрмендер, кенегестер, бүркіттер, қияттар, жаттар және т.б.** Бұлар

негізінен шығу тегі жағынан 92 баулы қыпшақ тұқымдары, ішінара Дешті-Қыпшақтың және оңтүстік-шығыс Қазақстанның қаңлы, үйсін, қарлұқ сияқты ерте ортағасырлық тұрғындарының өзге де түркі тайпалары ұрпақтары, сондай-ақ баяғыда-ақ түркіленіп кеткен монғолдар еді. Жоғарыда аталған тайпалар мен тайпалық бірлестіктер экономикалық даму деңгейі, қоғамдық қатынастары, мәдениеті жағынан өзара жақын болатын. Қазақ этникалық тарихымен айналысатын ғалымдар «92 тайпа өзбек» тізімінде арғын, дулат, әлімұлы сияқты қазақ этносын құраған тайпалардың болмағанын жазады.

Әлемнің қай түкпірін мекендемесін адамзат тарихы бір-бірімен байланысты. Көп заман Батыс пен Шығыс арасындағы қарым-қатынас қазақ жері арқылы жүрді, енді келіп мұхит жолдарының ашылуы Ұлы даланы өзге әлемнен оқшаулай бастады. Оның үстіне көшпелілердің үстемдігі де әлсіреп, оқдәріге негізделген мылтық пен зеңбіректің заманы келді. Қазақ тарихының XV-XVII ғасырлардағы үрдісіне бұл мәселелер тікелей әсер етпегенімен, барлық тағдырынан осы заңдылық сезіліп отырады. Бұл — саяси-экономикалық оқшаулықта қалған Орталық Азия елдерінің өмір сүру және жаңа жағдайда ұлттық мемлекет құру үшін күресі. Қазақ

хандығы — Ұлы дала өркениетінің басынан кешкен осы ауыр күрестің нәтижесі. Жаңа заман ұсынған ойын ережелеріне сәйкес қазақ қоғамы өзіне дейін қалыптасқан Алтын Ордалық мемлекеттік дәстүрлермен қоса, Мәуреннахр өлкесіне тән көптеген институттармен толықты.

1.2. Шаруашылығы

Қай заманда болмасын елдің шаруашылық кәсібі табиғи ортасына байланысты қалыптасады. XV-XVII ғғ. қазақ тайпаларының көбі далалық және шөлейт аймақтарда табиғи-климаттық жағдайларға сәйкес көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысты. Сонымен бірге, қыс уақытында олардың көпшілігі Сырдария өңіріндегі қалалық аймақтарға жақын шоғырланып, бұл өңірдің билігін де қолында ұстады. Сыр бойындағы бай қалалардың қазақ бақылауында болуы Қазақ хандығының түрлі мәдени-шаруашылық аймақтарды қосқан біртұтас экономикалық жүйесінің болғандығын білдіреді.

Саяси оқиғалардың әсерінен көшпелілердің маусымдық жайлауларының маршруттары өзгеріп отырды. Әсіресе, көшпелі рулардың жаппай көшуі өзбектердің Мәуреннахрды жаулап алуына байланысты болған еді. Жобалап есептеулерге қарағанда, XV-XVI ғасырдың соңында Сарыарқа

даласын 250-300 мыңға жуық көшпелілер мәңгілікке тастап қазақ аңыздарында Жиделі Байсын аталатын өлкеге кеткен. Ұлы дала көшпелі тайпалары Мәуреннахр өлкесін бағындыру барысында алдымен жартылай отырықшылыққа, кейіннен таза отырықшы тіршілікке бейімделе бастады. Сырдария бойындағы қалалық өңірге иелік ету барысында Сыр бойына қоныстанған қазақтың жауынгер тайпалары да біртіндеп отырықшы тұрмыстың кейбір заңдылықтарын қабылдады. Көшпелі мал шаруашылығы жиі ұшырайтын жұт жылдары малдарынан айырылып қалған қазақтардың отырықшылыққа көшуі қалалық өңірдің тұрақты халқы болып табылатын сарт қауымының санын бірнеше есеге көбейтіп отырды.

Осыған қарамастан жаугершілікке толы осы дәуірде қыр өңірін мекендеген қазақтардың ондаған, тіпті жүздеген мың бас мал табындары мен отарлары болды. Негізінен қазақ руларының шекаралары Еділ жағалауларынан Алтай және Тянь-Шаньға дейін, Сырдария жағалауларынан Сібірге дейінгі территорияны алып жатты. XV ғ. ортасында Қазақ хандығының аумағы хандыққа енген түрлі түркі-монғол тектес тайпалардың негізгі территориясынан аз болғаны белгілі. Қазақ хандығының территориясына Хакназар ханның (1538-1580 жж.) тұсында мысалы Хорезм-

нің солтүстік шекарасынан Жайық өзеніне дейінгі өңір қосылды. Осы кезеңде Моғолстанның ыдырауына байланысты Жетісу өлкесі, Ташкент аймағы, Сырдың жоғарғы ағысы, т.б. аумақтар Қазақ хандығының құрамына енді. Осылайша XVI ғ. ортасында қазақтардың үш жүзге бөлінген этникалық территориясы калыптасты.

Алғашқы кезде Қазақ хандығы Сырдария маңындағы қалалар үшін күресті. Ол қалалар қазақ құрамына енген көшпелі тайпалардың өмірінде маңызды рөл атқарды. **Оңтүстік Қазақстанның ірі сауда экономикалық орталықтары Түркістан, Сайрам, Отырар, Ташкент, Сығанақ қалалары болды. Қазақ көшпелілері оңтүстік қалалар мен оазистермен ең алдымен сауда қатынастарымен байланыста болды, осы қалалар арқылы Үндістан, Қытай және Еуропаға апаратын транзиттік сауда жолдары өтті.** Сонымен қатар, XV-XVII ғғ. бұл қалалар саяси орталықтар қызметін атқарды, өйткені мұнда қазақ хандарының және сұлтандарының ордалары орналасты. Қазақстанның керуен жолдары өтетін далалық қалашықтарында да (Ұлытау, Жетісу, Сарайшық) қызу өмір қайнап жатты. Көптеген тайпалар қыстауларын осы отырықшы-егіншілік орталықтарының айналасына салды, қазақ көшпелілерінің өз көршілерімен үнемі болатын соғыстарында кедейленіп қалатын от-

басылар көбінесе осы оазистерде орнығып қалатын.

XVI ғ. басында қазақ даласында Мұхаммед Шайбанимен бірге болған Фазлаллах Рузбихан, оны жұмакпен теңестіреді. Қазақтар туралы ол: *«Осы жұмаққа ұқсайтын кең даланы олар өз құдіретінің тұрағы, тыныштық пен демалатын көктемгі үйі деп есептейді»*, – деп жазады. *«Сыр мен қой санын, жылқы табынының есебін Жаратқан Иемнен басқа ешкім білмейді, оны дәл білу мүмкін емес»*, – дейді шығыстық ғалым. Қазақтың мал шаруашылығында саны жағынан алдыңғы орында қой болатыны белгілі, ол көшпелі отбасының негізгі күн көрісін қамтамасыз етеді. Еті мен сүті тамаққа пайдаланылды, оның жүнінен алаша киіз, терісінен әр түрлі киімдер, ыдыстар жасалды, қоғамдық өмірлі де қойдың алатын қызметі бар, ол айырбас орнына жүреді, саудаға түседі, келген қонақты атқарады, т.б. Дегенмен, жауынгер көшпелілердің өмірінде жылқы аса маңызды орын алды. Қазақтың атақты ханы Қасым ханның: *«Біз даланың тұрғындарымыз, бізде сирек кездесетін қымбат заттар, тауарлар да жоқ. Біздің басты байлығымыз жылқы»* деген сөзі аса маңызды.

Рузбихан сияқты Шығыс авторлары қазақтардың маусымдық көші-қондарына қатысты қызықты мәліметтер береді. Олардың сипатта-

уынша қазақтар жазда Еділ өзеніне дейінгі далалық алқапты мекендейді де, қыста Сырдың бойына қарай жылжиды деп көрсетеді. *«Олар Еділ өзенінің маңындағы далалардан осы орасан зор бай жерде екі немесе одан да көп ай бойы күн сайын көшіп-қонып жүріп, қардың үстімен киіз үйлерін сүйретіп, бұлғын, тиін терісінен жасалған тондарда және т.б. әр түрлі әшекейлі жібек киімдерде екі айдан соң қысқы тұрақтарына оралады. Олардың қыстайтын жері өздері Сыр деп атайтын Сейхун өзенінің жағасы болып табылады»*.

XV-XVII ғғ. көптеген қайшылықтарға қарамастан қазақтардың көшпелі шаруашылығының негізгі бағыттары іс жүзінде ешқандай өзгерістерге ұшыраған жоқ. Дегенмен, XVI ғ. аяғындағы Бұхар хандығындағы дағдарыс пен Тәуекел ханның Самарқанд және Бұхарға жорығы қазақтарды белсендіре түсті және олардың бір бөлігі едәуір алға жылжып, Мәуреннахрдың оңтүстік шеткері аймақтарына, қазақ эпосындағы Жиделі-Байсын деп аталатын жерлерге қоныс тебеді.

Біз қарастырып отырған кезеңде (XV-XVII ғғ.) егіншілік негізінен оңтүстікте, Түркістан-Ташкент оазисі ауданында дамыды. Аталған кезеңге қатысты құжаттардың барлығы қала орталықтарына жақын жерлерде егіншіліктің қарқынды дамуын атап көрсетеді. Ірі және кі-

шігірім қалалардың шаруашылық құрылымында егіншілікпен айналысу маңызды рөл атқарды. Қазақ қалаларын бақтар мен бақшалар, жүзім, егін алқаптары мен жайылымдар қоршап жатты. Қала тұрғындары қонақжайлылығымен ерекшеленді. Шығыс авторы: *«Кімде-кімнің үйінде құрметті қонақ келген кезде үйдің иесі оған қонақжайлылық көрсетіп, күтеді. Бұл Түркістан тұрғындары үшін күнделікті гұрып болып табылады. Егер де ет болмай қалған күнде қожайын сол сәтте-ақ иығына бірнеше жебесі бар үлкен садағын асынып, аңға шығады. Ол далаға барып, сол сәтте-ақ семіз құланды өзінің жебесінің нысанасына айналдырады»*, – дейді.

Мұхаммед Шайбани хан XVI ғ. басында қазақтарға қарсы жасаған жорығы кезінде өзінің көптеген әскерлерімен бірнеше апта бойы Аркук қаласында болады және бір айға жетерлік азық-түлік жинап алады. Соны көзі көрген адам: *«Бұхар мен Самарқандтың қалаларынан, алқаптары мен далаларынан келген әскерлердің өздерімен бірге тіске басарлық ештеңесі жоқ еді»*, – деп жазады. Сөйтіп Аркуктен *«өзбек-қазақтарға қарсы жорық үшін ай жарымға жететін азық-түлік жинап алу керек деп шешіледі»*. Жергілікті халық осы салық ауыртпашылығын көтеруге мәжбүр болды. Тарихшы: *«Бұл таңғаларлық жағдай, өйткені*

егер де мұндай әскерлер Мәуреннахр, Хорасан, Ирак және Әзербайжан арқылы өткен болса және ол айлық азықты талап етсе, онда мүмкін халықтың көбі астық іздеп, қиналғандықтан және жазалаудан қырылып, қайыршыланып қалар еді», – деп таңғалады. Екіншілік тек қана оңтүстікте емес, сонымен қатар солтүстіктегі далалы аймақтарда да дамыды. Венеция көпесі Барбаро далалық тайпалардағы екіншіліктің ерекше тәсілдерін атап көрсетеді: «Кім өзі егін егуге тілек білдірсе немесе егуді басқаларға жүктесе, дайындалады... арбаларын тұқымға толтырып, керекті көлік малдарын әкеліп, белгіленген жерге егін салуға аттанады... Содан кейін ордаға оралады». Көшпелі ауылдар мұндай жағдайда өздерінің алқаптарынан тым алыс кетпеуге тырысады «төрт күндік жолдан аспайтын жерге ғана бара алады. Осылай астық піскенше көше береді».

Көшпелілердің өмірінде сауда орасан зор рөл атқарады. XV-XVII ғғ. қазақ саудагерлері көрші елдермен белсенді сауда жүргізді. Сонымен бірге, деректер қазақтың атакты жауынгер тайпаларының Шығыс пен Батыстың арасындағы трансконтиненталдық саудада кепілдік беруші рөлін де атқарғанын жазады. Бұл рөлдің мәні – делдалдық қызмет пен керуендерді қорғап, қатарласа жүріп, белгілі межеге дейін

жеткізіп салу. Рузбихан қазақтарға қарсы қасиетті соғыстың себептері туралы айта келіп: «Қазақ көпестері үнемі ислам елдеріне келіп жүреді және әлі де келіп тұрады, өзге елдердің көпестері де оларға барып тұрады. Бұл елдің көпестері қалалықтардың арасына еніп, исламның қағидаларын жаттап алады, енді хандарымен, сұлтандарымен қоса бәрі мұсылмандар. Олар құран оқиды, сыйынады, балаларын мектепке береді, ораза тұтады, некеге тұрады» және саудаға, т.б. шаруашылық түрлеріне бейімделген мәселелерді суреттейді. Сонымен, XV-XVII ғғ. межесінде қазақ шаруашылығы Алтын Орданың ыдырауына байланысты туындаған қиыншылық кезеңнен өтіп, жаңғыру сатысына келді. Оның құрылымы мен мазмұны белгілі дәрежеде ортаазиялық үлгіге жақын болды деп айта аламыз.

1.3. Әлеуметтік құрылымы

XV-XVII ғғ. қазақ қоғамы бірнеше мың жыл өмір сүрген көшпелі өркениеттің мемлекеттік дәстүрлерін сақтап қалды. Одан Еуразия көшпелілерінің бұдан бұрынғы мемлекеттік құрылымындағы сияқты біз тығыз әр түрлі байланыстарда тұрған әлеуметтік топтар мен страттарды байқаймыз.

Жалпы, сырттан қарағанда қазақ қоғамы жеткілікті дәрежеде иерар-

хиялық жүйеден тұратындай болып көрінеді. Қазақтың саяси-әлеуметтік өміріндегі жоғарғы топты Шыңғыс ханның ұрпақтары – төрелер және ислам дінінің жоғары өкілдері болып табылатын қожалар құрады. Осыған байланысты қазақ тілінде төре тобына байланысты «аксүйек», қожа тобына байланысты «асылсүйек» терминдері қолданылады. Бұл топтар корпоративті ұйымдасқан, ішкі өмірі эндогамды, артықшылықтары әдет-ғұрып заңдарына негізделген және нақты белгіленген. Бірақ көшпелі қоғамдағы биліктің шын иелері – ру-тайпа билері мен батырлары, яғни қазақтың потестарлық ұйымының жетекшілері болып келеді. Бұларды ғылыми әдебиетте «қара сүйек өкілдері» деп атап, олар Шыңғыс тұқымдары мен Мұхаммед Пайғамбар жұрағаты қожалардан бір саты төмен тұрады деп есептелгенмен нақты билік соларда. Мұны біз хандардың жанына ақылшы, ханзадаларға тәрбиеші ретінде «аталық» сайлау дәстүрінен де көреміз. XV-XVII ғасырларды қазақ хандарының жанында қазақтың аса беделді, жолдары жоғары руларынан сайланған аталықтар қызмет жасады. Бұл институт хан билігін кездейсоқ оқиғалардан, рулық сепаратизмнен, т.б. сақтады, мемлекеттік биліктің тұрақтылығына әсер етті. Ш. Уәлиханов «Қазақтың «төресіз ел, төбесіз жер болмайды» деген мақалы елге арнайы басшы керек

екенін білдірсе де, сұлтандар елге әсер етеді, билейді деуге болмайды. Қазақтар: «Қожаның түбі сарт, ал сұлтандар – біздің құлдарымыз», – дейді... «Елдің барлық билігі көсем-рубасыларда және хандар халықтың айтқанын ғана іске асырады», – дейді.

Қазақ қоғамының негізі – ірі тайпалық одақтарға біріккен жауынгер рулық қауымдар. Сол себептен күнделікті өмірде қарапайым көшпелі малшылар жаугершілік кезінде толықтай өз батыр-билері бастаған жасақтарға еріп әскердің негізін құрады. Сонымен бірге, қазақ әлеуметтік құрылымындағы ерекше топ қатарына төленгітерді енгіземіз. Олар: төрелердің айналдасындағы тікелей хан мен сұлтандарға бағынышты адамдар, жақын көмекшілері мен нөкерлері және әскери қызмет етушілер. Бұл топтың құрамы өз руынан қол үзген қатардағы көшпелілер мен бостандық алған тұтқындардың есебінен үнемі толығып отырды. Құлақ кесті құлдар XV-XVII ғғ. көшпелі қазақ қоғамында көп болған жоқ, себебі құлдардың еңбегін көп пайдалану тек өндіріс негізі бар жерлерде ғана мүмкін. Құлдар барлық қоғамдық құқықтардан айырылғандықтан, оларды қоғамдық құрылымда белгілі қызмет атқарады деуге болмайды. Қазақ қоғамы – күл еңбегін аз пайдаланатын (тек патриархалдық шаруашылықта ғана) қо-

ғам. Бірақ дәстүрлі қазақ қоғамында құлдар мен күндер әр түрлі тұрыптық нысандарға түседі, мысалы қанан мал мен жасау құрамына енеді, байге мен балуан күрестерінде сыйлық ретінде беріледі, айып пен күн орнына жүреді, т.б. Қазақ патриархалды қоғамының бір ерекшелігі құлдар мен күндер бірер ұрпақ ауыспай-ақ өздерінің иелерінің маңындағы қоңсы қауымына қосылады.

Осылайша, біз жоғарыда аталған барлық әлеуметтік топтарды екіге топтастыра аламыз: біріншісіне – ақсүйектер мен рулық беделді адамдарды, екіншісіне дала кеңестігіндегі негізгі тұрғындар, емін-еркін жайлаған тәуелсіз көшпелілерді енгізуге болады. Бұл шартты бөлініс, ескертін мәселе ру көсемдері қашанда өз руластары мен ауылдастарының қамқоршысы және басшысы болғандықтан төрелермен белгілі дәрежеде қарама-қайшылықта болады. Қазақ қоғамындағы саяси күресте көбінесе орталық билікті күшейтпек болған хан-сұлтандар мен өз бетімен өмір сүруді қалайтын ру-тайпа басшылары билер мен батырлардың арасындағы келіспеушіліктен басталады.

Өзінің сыртқы әлеуметтік құрылымы жағынан қазақ қоғамы Батыстың қалыптасқан феодалдық қоғамына жақындайды. Оның құрамындағы әлеуметтік топтар мүлдем әркелкі және қатаң иерархияда болып көрінеді. Ал ол қарым-қатынастар-

дың ішкі негізін алып қарасаң қарапайым туыскандық бәрінен де басым және әлеуметтік қатынастардың негізі. Дегенмен, көшпелілердің рулық ұйымдарының, одақтарының алғашқы қауымдық құрылысқа тән қандас туыстыққа негізілген рулармен ешқандай байланысы жоқ. Ықпалды байлардың орасан көп малдары болады. Байлық адамдардың әлеуметтік дәрежесінің көтерілуіне ықпал етеді, оларға қоғамдық қызметке белсене араласуға жол ашық. Қоғамдағы байлардың маңызы олардың шыққан тегіне, өздерінің руларының маңызына қарай анықталатын. Байлар сұлтан тұқымынан да, қара сүйек арасынан да кездесіп қоғамда үлкен абыройға ие болды, яғни олар біркелкі тап болған жоқ. Сонымен қатар, қазақ қоғамында мүліксіз-малсыз, бірақ аса белгілі, абыройлы сұлтандар, кедей, бірақ өте беделді билер, батырлар да кездеседі.

XV-XVII ғғ. қазақтардың қоғамдық ұйымдасуы деп бәрінен бұрын әлеуметтік өмірдің негізінде жатқан коммуникациялардың көптеген түрлерінің ұштасуын атаймыз. Әлеуметтік құрылым – бұл өзіндік тәртіптің нәтижесі, оны осы қоғамдағы үстем ереже туғызады. Белгілі бір игілікке қол жеткізу үшін көшпелі қазақтың орасан зор территориясы, яғни жеткілікті мөлшердегі маусымдық жайылымдары болуы тиіс. Бұл тек қана күшті рулардың

мандайына жазылады. Олар жетіспеген жағдайда мал қырылып қалады. Малды жоғалту оның иесінің әлеуметтік статусына өзгеріс әкеледі. Бай көшпелінің әлеуметтік байланыстарының кеңдігі оның қоғамдағы әлеуметтік жағдайының өлшемі болып табылады: руластары арасындағы бедел, нақты биліктің болуы ақыр аяғы көп әйел алу, полигамды отбасын құруға мүмкіндігі осыған байланысты.

Отбасының табиғи бірлігі мен ынтымағы жақын туыстықпен, ортақ мүдделермен, байлықты ортақ иеленумен түсіндіріледі. Қысқы тұрақтарда мұндай әлеуметтік және әулеттік бірлестіктер (ауыл-шаңырақ) үлкен топтарға бірігеді, өйткені қысқы уақытта қиыншылықтар мен қауіп-қатер күшейе түседі және оларды ұжымдасып көтеру жеңіл. Осылайша рулық бөлімше «ата баласы» пайда болады. Біздің пікірімізше, қазақша ата баласы, ғылыми әдебиетте патрионимия аталатын ұжым қазақ әлеуметтік құрылымының негізгі ұжымы, оның басында ақсақалдар тұрады. Баяғыдан бері мұндай рулық бөлімшелері ортақ шығу тегі, бірге көшіп, қонуы, әскери ұйымдасуы және ортақ көсемнің болуы себебінен бірігіп тарихи ұжымдарды құрайды. Мұндай ұжымды «ру» деп атайды, бұл – туыстыққа негізделген қазақ қоғамының негізгі кіріші. Рулар одақтарға, ал олар өз кезегінде үлкен ордаларға бірігеді.

Сөйтіп, қазақтардың әлеуметтік ұйымдасуының негізін рулық ұжымдар құрайды. Әрбір әлеуметтік топтың өзінің белгілі бір құқықтары мен міндеттері, өзінің дәрежесі болады. Қазақ қоғамында әлеуметтік фактор басты болып табылады және мұндай қоғамдағы адамның әлеуметтік жағдайы оның мал санымен емес, қандай да бір әлеуметтік стратка жататындығымен анықталады. Әлеуметтік топтар рулық ұжыммен ұштаса отырып, этностың ортақ конфигурациясын толықтырады.

XV-XVII ғғ. қазақ хандығының құрылымы Шыңғыс тұқымдары басқарған бірнеше ұлыстардан тұрды. Фазлаллах Рузбиханның мәлімдеуінше, XVI ғ. басында ірі ұлыстар он шақты болған. Әрбір ұлыс белгілі бір мөлшердегі рулардан тұрды. Ұлыс он мындай әскер шығара алған деген дерек бар. Жаугершілік кезінде, соғыс жорықтарында төре тобының арасынан сайланған сұлтандар мен хандар жалпы басшылық жасады. Негізінде олардың басты қызметі сыртқы саясатты дұрыс жүргізу, әскери қолбасшылық болды.

Ханның ұлыс сұлтандары, билер мен жыраулардан тұратын кеңесі болса да, аса маңызды мәселелер (территория, дипломатия, тақ мұрагерлігі және әскери істер) «каз» (жиын, мәслихат) аталатын жалпы халықтық құрылтайда шешілді. XV-XVII ғғ. қазақ қоғамындағы негізгі, реттеуші

механизм Шыңғыс ханның «Жасак» заңдары болды деген пікір бар. Шын мәнінде осы кезеңдегі қазақ қоғамы көне әдет-ғұрып заңдарын жетілдіре түсудің негізінде қоғамдық өмірдің жаңа ережелерін жасады. Бұлар – «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» атауларымен белгілі әдет-ғұрып заңдарының жинақтары. XVII-XVIII ғғ. қазақ мемлекетінің дамуында ерекше орын алатын «Жеті Жарғы» аталған әдет-ғұрып ережелері де әлеуметтік өмірді барынша әділетті реттеу қажеттілігінен туындайды. Оның «Жеті Жарғы» аталуының өзі Әз Тәуке заманында Түркістанда қызмет жасаған хан кеңесінің құрамына байланысты. Сонымен бірге, бұл заман мұсылмандық құқық ережелерінің, яғни «Шариғаттың» жанданған кезі, олардың әдет-ғұрып заңдарына ене бастаған уақыты да XV-XVII ғасырлардағы Қазақ хандығының тұсы.

1.4. Этносаяси тарихы

Қазақ хандығының пайда болуы – XIV-XV ғасырлардың бірінші жартысындағы Қазақстан аумағындағы әлеуметтік-экономикалық және этносаяси үрдістердің заңды нәтижесі. Алтын Орданың ыдырауына байланысты ұлы далада жаугершілік, бұлғақ күшейген сайын жеке ұлыстарда мемлекетті қайта жаңғыртуға ұмтылыстың да өрістеуі

заңды еді. XV ғасырдың ортасында Қазақстан территориясында қалыптасқан жағдайда тұрғындардың шаруашылық, қоғамдық мүддесін қамтамасыз ететін біртұтас, мықты мемлекет құру қажеттілігі туды.

Әр түрлі тарихи деректер күшті мемлекет құруға талпыныс XV ғасырдың 20-жылдары басталғанын дәлелдейді. Кезінде Ақ Орда құрамында болған «Алаш мыңы» аталатын тайпалар Шыңғыс тұқымының сұлтандары мен манғыт билерінің өзара соғыстарынан әбден шаршап 1428 жылы Әбілқайырды 17 жасында хан сайлады, ал оның хан сайлануы Батыс Сібірде Чимгу-Тұра қаласында өтті. Кейіннен жас ханға Дешті Қыпшақтың астанасы болған Орда-Базарды басып алуға мүмкіндік туды. «Алаш мыңы» аталатын қауым Орыс ханның заманында бүкіл Алтын Орда мемлекетінің көшпелі жауынгер бөлігіне тән «өзбек» атауынан бөлектене бастап еді. Бұл уақытта көшпелі өзбек қауымының құрамында бүкіл қыпшақ-ноғайлы тайпалары түгел, яғни 92 баулы қыпшақ атанған ел болған еді. Алғашқы кезеңде Әбілқайыр хан мен оның жақтастары Еділ бойындағы «Сайын ханның тағы» үшін күреске араласты. Осы мысалдың өзі Дешті Қыпшақтың ел билеушілерінің арасында империялық құрылымды жаңғырту мүддесі өте күшті болғанын көрсетеді. Бірақ тарихтың заңды-

лығы басқа еді, қысқа күрестен кейін Әбілқайыр хан сыртқы саясатын тез өзгертті. Енді Дешті Қыпшақ көшпелілерінің назары Темірдің немересі Ұлықбек басқарған Мәуреннахрға бағытталды. Мәуреннахр бұл кезде саяси жағынан ауыр жылдарды бастан кешірді. 1440 жылдары Әбілқайыр хан Сырдария өзенінің бойындағы қалалық өңірді жаулап алуды бастады. Осыған байланысты кезінде Ақ Орданың астанасы болған Сығанақ «Көшпелі өзбек мемлекетінің» жаңа астанасына айналды. Осы тұста Түркістан-Ташкент өңірі мен Мәуреннахрға иелік жасаған көптеген жауынгер қауымдар Әбілқайырға шартты түрде бағынғанымен, сепаратистік бағытты ұстана берді.

Өз ғұмырында талай ерлік жасаған Әбілқайыр 1457 жылы Оңтүстік және оңтүстік-шығыс Қазақстанға басып кіре бастаған ойраттардан Сығанақ түбінде ойсырай жеңілді. Осы оқиға мемлекеттің дағдарысына және Қазақ хандығының құрылуына мүмкіндік жасады. Әбілқайырдың жеңілісін пайдаланған бірнеше ірі қауымдар 50-жылдар мен 60-жылдардың баында Орда Ежен тұқымы Жәнібек пен Керей хандардың басшылығымен Шу бойына қарай көшіп, одан әрі Моғолстанның батыс аймағына қоныстана бастады. Оларды көрші елдер «казак» деп атады. Ойраттармен іргелес қоныстанған Моғолстан елі-

нің басшылары, Шағатай тұқымының хандары, жауынгер қазақ жасақтарын ойраттарға қарсы пайдалануды көкседі. Әбілқайыр хан 1468 жылы жеке мемлекет құру жолына түскен қазақ тайпаларына қарсы жорық ұйымдастырып, бірақ жолда кенеттен қайтыс болды. Әбілқайыр өлгеннен кейін Ұлы Далада Шайбан (Шибан) тұқымының билігі құлады. Далалық өлкедегі Шайбан тұқымының Ақкөл-Жайылма сияқты хан ордалары құлазып бос қалды.

Шәкәрім Құдайбердиевтің «Түрік, қырғыз-қазақ хам хандар шежіресінде» мемлекеттің өзбек және қазақ болып екіге бөлінуінің себебі арғын және қыпшақ тайпалары арасындағы келіспеушілікпен түсіндіріледі: «...біздің осындағы арғындардың арғы атасы Дайырқожа Әбілқайыр ханның сүйікті қазысы екен. Әділ айтқандықтан Ақжол атаныпты. Және Қара қытшақ Қобыланды батыр да Әбілқайырға сүйікті екен. Екеуі ішінен жауласып жүргенде бір күні далада, Қобыланды батыр Дайырқожаны өлтіріп кетіпті. Әз Жәнібек хан біліп, Қобыландыны шариғат бойынша, қысас қылып өлтіруге сұрапты. Әбілқайыр хан берейін десе, көп қытшақ бұзылатұғын болған соң бере алмай, үш кісінің құнын алып бітім қыл деген соң, Әз Жәнібек хан өкпелеп кеткені, біздің қазақта мақал болып жүрген: «Қара қытшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным?»»

деген сөз Дайырқожаның сүйегін айналып жүріп жылаған әкесі Қыдан тайшы деген кісінің сөзі». Бұл оқиғаның XV ғасырда болмаған күннің өзінде де Ұлы даладағы билік екі түрлі топтың арасындағы күрес арқылы шешілгенін нақты дәлелдейді. Бұл жерде бірінші топ бұл Шайбан сұлтандарын қолдаған 92 баулы қыпшақ қауымы болса, екінші топ – Орда Ежен тұқымынан тараған казак сұлтандарын хан көтерген аргын бастаған қауымдар.

Осылайша, Әбілқайыр ханның ойраттардан алған ауыр сокқысын пайдаланған Ақ Орданың қуатты билеушісі Орыс ханның шөбересі, Барақтың баласы Жәнібек және оның туысы Керей 1457 жылдың екінші жартысында өздеріне бағынышты ұлыстарды бастап Шу бойында жеке мемлекеттің туын көтерді. Әр түрлі тарихи зерттеулер Қазақ хандығының пайда болуын осы оқиғамен байланыстыруға мүмкіндік береді. Қазақ аңыздары Әбілқайырдан бөліне көшкен «алаш мыңы» тайпалары Бетпак даладағы атакты Таңбалы таста бұдан әрі бір тудың астындағы ел болуға ант беріскенін баяндайды. Осы оқиғаның белгісі биік құз жартастың бетіне жиынға қатысқан рутайпалардың қашап салған таңбалары.

XV ғасырдың 50-жылдарында казак даласының жартылай көшпелі

және көшпелі жауынгер тайпалары, яғни «алаш мыңы» аталатын қауым қалай болғанда да Орда Ежен мен Шайбан тұқымы сұлтандарының күресінде Жошы балаларының ішіндегі үлкенін қолдады. Бұл мәселе Қазақ хандығы аталатын мемлекеттің әуел бастан негізі Орда Ежен ұлысында, кейін Ақ Ордада құралғанын растайды. Осы мәселе бізге Қазақ хандығының арғы тарихын Ұлытау сияқты Сарыарқадағы тарихи орталықтармен байланыстыруға мүмкіндік береді. Қазақтың белгілі шежірешісі М.Ж. Көпейұлының казак халқының және мемлекетінің пайда болуын Еуразия даласының аты аңызға айналған алғашқы билеушісі Алаша ханмен байланыстыратыны осы себептен. Шежірешінің пікірінше: *«бұл – тайпа басшылары патриархтар – Қоғам, Майқы, Қотан, Қондыгер өмір сүрген кезең. Алаша хан үш жүз жігіт пен он үш дана ақсақалды бастап Ұлытау бойында Қазақ мемлекетін құрды. Жүздердің қолбасшылары ақсақалдардың ұлдары Үйсін, Аргын және Алышын батырлар болды. Аңыз бойынша жігіттерді бастап, Алаша ханды ақ киізге салып, Ұлытау шыңына көтеріпті»*. Сондықтан Алаш атауы казактар үшін жалпы ұлттық идея мен ұран ретінде қолданылады. Қазақ дәстүрі бойынша *«жауға «Алаш» деген ұранмен аттану керек, ал егер ол*

ұранға қосылмаса, туган әкең болса да аяма».

Алаша хан туралы біздің зерттеулеріміз оның нақты тұлға емес, көне дәуірден билік және мемлекет символы екенін көрсетеді. «Алаш» атауы Қазақ даласындағы ежелгі жылқышылықпен, көшпелі өмірімен, тұрмысымен байланысты. XV ғасырдың ортасында Алтын Орда құлаған кезде дала тайпалары болашақты ойлап, империялық княздардан бас тартып, жеке ұлттық мемлекет құру керек деп шешті. Мемлекет негізіне «алаш мыңы», яғни Орыс хан тұсындағы Ақ Орданың халқының негізі болған тайпалар кірді. Қазақ хандығының мемлекет есебінде орнығуы, көрші елдерге танылуы Қасым ханның атымен байланысты. Қазақ шежіресінде *«Қасым хандықтың астанасын Сарайшықтан Ұлытауға көшірді»* делінеді. Біздің пікірімізше, Ұлытауда казак халқының бірлігін ойлап аңыздарда түпкі бабасы және бірінші ханы атанатын Алаша ханға кесене тұрғызғанда Қасым хан болуы тиісті.

«Қазак» термині зерттеушілер арасында қызу талас тудырады. Жазба деректер бұл терминнің тарихын зерттеуге зор мүмкіндік береді: «1356 жылы «казактар» Мәуреннахрды басып алды...» 1397-1410 жылдарда Қырым қыпшақтарының бір бөлігі Литваға қоныс аударып, өздерін «казакпыз» деп атап (орыс казактары

әлі пайда болған жоқ), корольдер билігінде қызмет атқарған; 1474 жылы Қырым ханы Меңлі-Керей III Иванға жазған хатында «Маған сенің жеріңді алу мүмкін емес, менің ұлдарыма да, мырзаларыма да, казактарыма да» делінеді; 1523 ж. Стамбулдағы орыс елшісі Морозов сұлтанға: «Сенің Азовтағы казактарың далада біздің адамдарды тұтқынға алып, Азовқа сатады» дейді; 1471 жылы Новгородқа қарсы жорыққа Касимов ханзадасы Данияр өз «казактарымен» қатысты; 1481 жылы Ахмет ханға «1000 казакпен» Ибақ хан және «15000 казакпен» Ноғай мырзалары Мұса мен Жаңбыршы шабуыл жасады, 1508 жылы Қазан ханы Абдуллатиф князь Василийге «өзінің қол астындағы казактарды соғысқа жібермеуге» сөз береді. Бұл қысқаша жинақтан «казак» терминінің алғашқыда таза әлеуметтік мағынада болып, әскери іспен айналысқан көшпелілерді немесе жағымсыз билікті мойындамай, өз мемлекетін құруды көздеген бүлікшіл топтар мен тұлғаларға қатыстылығын білдіретінін анықтаймыз.

Міне, сондықтан Жәнібек пен Керей бастаған Бетпак дала мен Шу өңіріне қарай көшкен алаш тобы «казак» атауын алды. «Қазақ» этнонимі еркін адам, ерікті қоғам мағынасын берді. Еуразия халықтарының ең көне сөздік қорында «каз» деген сөз бар, ол – әскери жасақтың жиыны, ерте көшпелілердің мықты

демократиялық институты. Осылайша, біздің ата-бабаларымыз құрған мемлекет «Қазақ хандығы» деген атауға ие болды. Осы кезден бастап «қазақ» сөзінің мағынасы өзгере бастады, ол әлеуметтік терминнен саяси мазмұнға ие болып, одан этнос атауына айналды, яғни енді Қазақ хандығына қараған елді білдірді.

Қазақ хандарының әулетінің негізін салушы Орыс (Ормамбет) хан қазақтар әлі қазақ деп аталмаған кезде билік құрған. Ол Еуразия даласының кіндік өңірінің тайпалары «алаш мыңы» аталып жүрген кезде ел биледі, сонымен бірге бұл қауым «өзбектер одағының» құрамында белгілі болды. Масуд бен Осман Кухистани және Бинаи бойынша өзбек атанған рулардың қысқаша тізімі: «*Өзбектерге қараған үш тайпа келесі руларды біріктірді: қият, маңғыт, баили, қоңырат, таңғұт, андижан, құшы, барақ, ұйғыр, отаршы, найман, үкреш-найман, түбай, жаб, қытай, қарлұқ, кенегес, үйсін, керулет, шымбай, шадбақты, шұңқарлы және бүркіт...*»

Мұхаммед Шайбани хан бастаған өзбектердің бір бөлігінің Мәуреннахрға кетуі себепті қазақ ұғымының іргесі одан әрі кеңіді, Сарыарқа жерінде қалған өзбек тайпалары да қазақтар деп атала бастады. Дегенмен, есте болатын бір мәселе, XV ғасырда «ноғайлы», «өзбек», «қазақ» терминдерінің нақты этникалық шеңбері

болған жоқ, олар қатар қолданылды. Фазлаллах Рузбихан: «*Өзбектер үш тайпадан құралады... Олардың біреуі – шайбанилықтар және ұлы мәртебелі хан (Мұхаммед Шайбани) бірнеше ата бойы билеушілер. Екінші тайпа – қазақтар, олар бүкіл әлемге күш-қуатымен, жауынгерлігімен белгілі. Ал үшінші тайпа – маңғыттар, ал олардан – Астрахан патшалары*» деп осы жағдайды баяндайды. Рузбиханның бұл сөздері сол уақытта «қазақ» және «өзбек» этнонимдерінің этникалық бірлестіктен гөрі саяси мүддеге жақын болғанын байқатады. Шығыс авторларының көпшілігі дала тұрғындарының екіге бөліну себебін Орда-Ежен мен Шайбан төрелерінің арасындағы тартыспен байланыстырады.

Қазақ хандығының өмірге келуі, оның саяси құрылымы мен өміршеңдігі салыстыра зерттеулер барысында айшықты көрінеді. Біздің пікірімізше, еуразиялық ұлы құрлықтың ортасында XV ғасырдың орта шенінде өмірге келген біздің мемлекетіміздің мәніне толық көз жеткізу үшін Моғолстан, Маңғыт немесе Ноғай Ордасы атанған қауым, Сібір хандығы, т.б. қатар зерттелуі керек. Ортаазиялық деректер бойынша, Маңғыт мырзалары XV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың басында бірде Шайбан жағында, бірде Орда Ежен жағында болды. Кезінде Дешті Қыпшаққа түгелге жуық иелік жасаған

осы халықтың мемлекет есебінде жойылуы жаңа замандағы тарихи үрдістердің бағытын аңғаруға мүмкіндік береді. Сол сияқты Шағатай ұлысының комақты бөлігін алып жатқан Моғолстанның мемлекет есебінде тарих көшіне ере алмауы, оның құрамындағы тайпалардың тағдыры, т.б. мәселелер де Қазақ хандығының тарихын түсіну үшін басты нысандардың бірі.

Дешті Қыпшақтан Мәуреннахрға қоныс аударған жауынгер тайпалардың Өзбек хандығын құру мысалы тарихшыларға Еуразия көшпелілерінің бірнеше мыңжылдар бойы қоныс аудару, жаңа жерлерде мемлекет құру күресінің заңдылықтарын түсінуге жәрдем жасайды. Бір ескеретін мәселе, өзбек тайпаларының бір бөлігі ғана Әбілқайырдың немересі Мұхамед Шайбаниді қолдап Мәуреннахрға қоныс аударды және өзбек мемлекетінің этникалық негізін қалады, бірақ көп бөлігі ұлы далада қалып, қазақ атанды. «Алаш» тайпалары Қазақ хандығының шеңберінде біріккеннен кейін ғана «қазақ» термині саяси мағына алып, бүкіл қыпшақ-ноғай ру-тайпалық одақтарының ортақ атауына айналады. Бірақ зерттеушілер XX ғасырға дейін «қазақ» этносына қатысты «алты алаш», «алаш» терминінің қолданылғанын білуі керек. Қазіргі уақытқа дейін «алаш» термині этникалық бірліктің, туыстықтың негізі ретінде әйгілі.

Қазақ хандығының қалыптасу тарихы мен алғашқы хандары туралы деректерді біз шығыс авторларынан аламыз. Олардың ішінде маңызды мәліметтерді көрші Мәуреннахр және Моғолстан тарихшылары беретінін ескерту керек. Белгілі дәрежеде өз ұлыстары мен хандарына бүйректері бұрғанымен, олардың жазбаларнан біз өз мемлекетіміз туралы бірсыпыра ақпарат байқаймыз. Мысалы, Мұхаммед Хайдар Дулати: «*Сол уақытта (1456 ж. шамасында) Әбілқайыр хан Дешті Қыпшақта билік етті, Жошы тұқымынан шыққан сұлтандар оның қол астында жәбір көрді, солардың ішінде Жәнібек пен Керей Моғолстанға қашады. Исан Бұға қашиқындарды жақсы қарсы алып, оларды Батыс Моғолстанды құрайтын Шу және Қозыбасы өңіріне қоныстандырады. Әбілқайырдың өлімінен кейін Өзбек ұлысы құлдырады. Сол кезде басшысыз қалған көптеген ел Керей мен Жәнібек хандарға көшіп келді, олардың маңында жиналған адамдардың саны екі жүз мыңға жетті. Оларды өзбек-қазақ деп атап кетті... Керейден кейін Бұрындық хан болды. Қасым хан барлық жағынан да әкесі Жәнібектің үлгісімен Бұрындыққа бағынды... Содан кейін Қасым ханның күшейгені соншалық, Бұрындықтың хан деген аты ғана қалды, соңында Бұрындық хан қуылып, Самарқандқа барып, жат жерде дүниеден өтті.*»

Қасым хан бүкіл Дешті Қыпшақтың толық билеушісі болды. Ол Жошы ханнан кейінгі ең мықты билеушісі болды, оның әскерінің саны мың-мыңнан астам (миллион) адамға жетті. 924 жылдан кейін ол мәңгілікке кетеді» деп Моғолстанның орнын керекті жерінде көрсете отырып, Қазақ хандығының алғашқы хандары мен саяси қадамдары туралы мәлімет береді. Хижра есебіндегі 924 жыл Григориян календарындағы 1518 жылға сәйкес келеді. Шын мәнінде Қасым хан 1521 жылы қайтыс болса керек.

Тарихи деректерге карағанда, Бұрындық ханның билік еткен кезінде Қазақ хандығының саяси орталығы Сарайшық қаласында болды. Мырза Хайдардың жазуынша: «Бұрындық хан Сарайшықта болды. Ал Қасым хан одан алыс болу үшін Моғолстан шекарасына кетті». Бұл мәтіннің мазмұнында ішкі саясатты басқарған қазақ аксүйектері арасындағы күрделі қатынас жасырылған. Деректер көрсеткендей, қазақ қоғамының әкімшілік-территориялық ұйымының негізінде ұлыстық жүйе жатты. Бұрындық ханның, Қасым ханның, олардың ағалары Жаныш пен Таныштың және басқа да ірі сұлтандардың ұлыстары белгілі. 1509 жылы жорықта Мұхаммед Шайбанимен бірге болған Рузбихан былай деп жазады: «Қазақ әскерінің қатары араласып, Алланың қолдауымен қашты және

талқандалған олар Бұрындық ханның аймағына аттанды». Бұл жерде Мұхаммед Шайбани бастаған өзбектердің қысты күні Сыр бойына қалың қамыс арасына қыстап отырған қазақ сұлтандары Жаныш пен Танышқа қарсы жасалған жорықтары айтылған. 1509 жылғы бұл оқиға жалғыз болған жоқ, 1506-1510 жылдары Шайбани оларға бірнеше жорықтар жасады. Шайбан тұқымы сұлтандарының Дешті Қыпшақ даласына жасаған шабуылдары жеңіліспен аяқталды, бірақ олар Мәуреннахр жерінде Өзбек мемлекетінің негізін салып берді.

1510 жылғы соңғы жорықта Шайбани басты әскерімен Көкесене ауданына тоқтап жан-жағындағы ауылдарды тонай бастады. Қазақ әмірлерінің бірі Мойынсыз Қасен өз әскерлерін жинап соғысып көріп еді, бірақ өзбектердің көп әскерлеріне қарсы тұра алмады. Сол себепті әмір Қасым ханның өзі келді-мыс деп әдейі сыбыс жібереді. Барлаушылардан бұл сыбысты естіген өзбектер, барлық жаулап алған олжаларын тастап, Шайбан ханға қарай қашты.

Қазақ деректері оны, Шайбак хан немесе басқаша Шаһибек хан деп атаған. Шаһибек хабардың шындығына көзі жетпесе де шегініп, сол күйінде үлкен шығынмен қыстың соңғы кезінде Самарқандқа жетеді. Өзбек мемлекетінің негізін салушы атакты жауынгер ханның осы жылы

парсы билеушісі шаһ Исмаилдың қолынан қапыда өліп кетуі де Көкесене маңынан Самарқандқа дейін босқын көруі себепті.

Қазақ шежіресінде Қасым ханға жарқын мінездеме берілген. Мысалы, М.Ж. Көпейұлы: «Қасым ханның өзі мемлекет астанасын (тақты) Сарайшықтан Ұлытауға көшірген», – деп жазады. Оның билік еткен кезінде қазақтар бүкіл әлемге танымал мықты мемлекет болды, оған Қасым ханның Қазақ хандығының құқықтық негізін реформалау үлесі ерекше. «Қасым ханның қасқа жолы» атанған ережелер көпке белгілі. Қазақтың ханға арналған бір шумақ олеңінде оның мемлекетті құрудағы және нығайтудағы үлесі жарқын көрсетілген:

Баласы Жәнібектің сардар

Қасым,

Қазақтың біріктіріп, құрап
басын.

Осы жер ата-қоныс, мекенің деп
Найзамен сызып берген

шекарасын.

Түркістан оазисінде Қазақ мемлекетінің позициясын бекітуде Қасым хан Мұхаммед Шайбани ұрпақтары мен Темір арасындағы соғысты өз пайдасына пайдаланды, соның арқасында Сайрам мен Ташкент аудандары хандыққа қосылды. Сол уақытта ол Моғолстан хандығын қол-

дап, Жетісу, Қашғар және Ферғана территориясындағы халықаралық саяси қатынасқа әсер етті. Қасым хан Шағатай әулетінен шыққан Моғолстан хандарын қолдады, бұл оның Сұлтан Сайд ханға қатынасынан ерекше көрінеді. Мұхаммед Хайдар жетісулық жоғары билеушіні Қасым ханның қабылдауын әдемі бейнелейді: «Қасым хан оған өте ықыласты болды, хан өмірінің соңына дейін Қасымның мейірлі жүзін ұмытпай, мақтап жүрді». «Қасым екі жүздік атты әкеліп ханға айтады: Далалықтарға атсыз өмір жоқ, мына екі ат мен үшін ең мықты қымбат қазына, мен оларға бар үмітімді артамын. Бірақ сізге, құрметті қонақ, екеуін бірдей бере алмаймын, сондықтан біреуін таңдап ал», – деген екен. Қазақ тарихшыларының деректеріне карағанда, Қасым ханның кесенесі Алтын Орданың кіші астанасы Сарайшық қаласында болған. Осыдан барып Қасым хан кезінде Қазақ хандығының шекарасы Жайыққа дейін жеткен деген қорытынды шығарамыз. Белгілі дәрежеде Қазақ хандығы – Алтын Орданың жалғасы, мұрагері. Қазақ хандарының Бұрындық – Қасым заманында Сарайшық маңында болуы – соның көрінісі. Қасым ханның өлімінен кейін Қазақ хандығында ұзаққа созылған дағдарыс басталады.

XV-XVII ғасырларда этникалық тарихтың негізгі мазмұны қазақ эт-

носының қалыптасуының аяқталу кезеңімен, ел территориясының шекараларының анықталуымен, казак жүздерінің этникалық құрамының нығайуымен байланысты. Қазақтардың этникалық құрамында барлық түрік және ішінара моңғол тектес тайпалардың өкілдері болды. Осы кезеңдегі ауыр халықаралық жағдайларға қарамастан, қазақтар этностың туыстық жүйемен бекітілген айқын құрылымын қалыптастыра алды. Этникалық ағзаның негізін өзара генеалогиялық туыстық қатынастарда тұрған тайпалар құрады. Ұлы жүзде – 11 тайпа (үлкен тайпалар – жалайыр, ошақты, дулат), Орта жүзде – 6 тайпа (үлкені арғын) және Кіші жүзде барлығы 25 тайпаны біріктіретін 3 тайпалық одақ болды. Қазақ шежіресі бойынша үш тайпаның үлкені Әлімұлы болып саналады. Тайпалардың арасындағы байланыстырушы күш ретінде тек генеалогиялық қатынастар ғана емес, аса қуатты сыртқы қауіп-қатерлерден аман қалу қажеттілігі болды. XV-XVII ғасырлардағы күрделі халықаралық жағдайға қарамастан қазақтарға этностың нақты құрамын бекітіп, мемлекет құруға мүмкіндік туды. **Қазақ этникалық-саяси одағының негізі генеалогиялық туыстыққа негізделген үштік аумақтық үжым – жүздер. Қасым хан заманында казак елінің саны 1 миллионнан асып, территориялық ауқымы көбейіп,**

олардың арасындағы генеалогиялық және ішкі саяси байланыс күшейді.

Тарихи деректер бізге Қазақ хандығының үш жүздік жүйесі толығымен аты аңызға айналған Хақ Назар тұсында бекітілді деп айтуға толық негіз береді. Біріншіден ол қуатты мемлекет құруға қажетті саяси қадамдар жасады. Алдымен деректерде «алаш» атанған дала тайпаларының одағын бекіте отырып, Шағатай сұлтандары басқарған Моғолстанның саяси дағдарысынан аман қалған моғолдардың қазақтар құрамына кіруіне мүмкіндік жасады. Осыдан кейін Ноғай ордасының дағдарысы, ағалы-інілі маңғыт мырзалары Жүсіппен Смайыл арасындағы билік үшін күрес ноғайлардың қазақ құрамына кіруін жылдамдатты. Біздің ойымызша, осы үрдістердің барысында көне үштік дәстүрлерге негізделген қазақтың үш жүздік құрылымы нақты қалыптасты.

Хақ Назар Ташкент билеушісі Шайбан әулетінің өкілі Бабасұлтанның қолынан 1580 жылы қайтыс болды. Бұл өлімге бір жағынан Бұхар ханы Абдоллахтың, екінші жағынан Моғолстанның билеушілерінің қатысы болғаны анық. Осындай ауыр шақта Бұхар хандығымен ынтымақ жолын ұстанған Шығай хан билікке келді, ал Шығай ханның ұлы Тәуекел хан өз билігін өзбек билеушілерімен ұзақ күресте бекітті. 1586 жылы ол Ташкент аймағының билеушісі Баба

сұлтан бастаған өз қарсыластарын талқандап шықты. Осы кезеңде Қазақ хандығының халықаралық жағдайы қиын еді. Өз билігінің басты мақсаты ретінде Тәуекел хан оңтүстіктегі қалаларды хандық құрамына қосуды, сол арқылы мемлекетті нығайтуды көздеді.

Тәуекел хан алдында тұрған саяси мәселелердің ең ауыры Ташкент және оның айналасын толық бағындыру болды. Ташкент үшін күрес Бұхар хандығының билеушісі Абдаллахпен араны ашып, соғыс өрті тұтанды. Екінші жағынан Тәуекел Сібір ханы Көшіммен соғыс жағдайында болды, яғни бір жарым ғасыр өтсе де қазақ билеушілерінің басты қарсыласы шайбан төрелері болып қала берді. Шайбан әулетіне қарсы күрес мақсатымен Тәуекел хан өзіне одақтастар іздей бастайды. Сібірдегі Тайбұға әулетін қолдап, Сейтектің жанына інісі Оразмұхамбетті қосады. Ал олар болса біраз уақыттан кейін орыс қолына тұтқынға түсіп қалады. Осыны себеп қылып Тәуекел ханның елшісі Борис Годуновпен (Ресейде ол кезде Федор патша атанғанымен, билік Борис Годуновта болды) кездесіп, Бұхарға қарсы одақтасуды сөз етеді. Бұл елшілік жұмысына Мәскеу мемлекеті құрамындағы Қасым хандығының билеушісі, Тәуекел ханның ағайын-туысы Оразмұхаммед сұлтан қатысты.

1598 жылы Бұхар хандығының ішіндегі қайшылықтарды, Абдол-

лах ханның қайтыс болғанын пайдаланып, Тәуекел хан Орта Азияға жорық жасады. Дешті Қыпшақтың даласынан 90 мың әскер жинаған Тәуекел хан, жанында інілері Есім мен Батыр бастаған – барлығы 120 сұлтан бар, Сырдария бойындағы қалалардың бәрін қазақ дәрегейіне енгізіп, Самарқандты бағындырып, енді Бұхараға қарай тартты. 20 мың әскермен Есім сұлтан Самарқандта қалды. Сонымен, осы жылы Сырдария қалалары үшін болған ұзақ соғыс аяқталды деп есептеуге болады. Бұхараны он екі күн қазақ әскері қоршап тұрды. Жүз мыңнан астам халқы бар Бұхара-Шәріп қаланың қақпасын ашпады, өз іштеріндегі соғыстарға еттері үйренген бұхарлықтар даланың жауынгер қазағынан қорқады. Жергілікті елдің ішінде жасағы қазақтан болған жеті патша Бұхараны шапқан-мыс деген әңгіме бар... Қазақтың ислам халқы екеніне де шүбә келтіретін осы Бұхардың үлемдері Қожа Ысқаққа қол бергеніне де аса сенімді бола қойған жоқ. Бұхараны қорғамақ болған ел бұрынғы Абдоллах иеліктерінен жан-жақтан құйылып келіп жатыр, арасында бірлі-жарым Шайбан тұқымынан қалған сұлтандар да, мәуреннахрлық болып кеткен өзбек тайпаларының әмірлері де бар.

Қамал іргесіндегі соғыстардың бірінде Тәуекел жараланды да, 40 күннен кейін қазақтың ұлы хандығының асып, жұлдызының жаң-

ған шағында бұл фәни дүниеден қайтты. Дәл осы күндері Накшбанди қожалары араға жүріп қазақ пен өзбектің шекарасы нақты айқындалды. Есім сұлтан Самарқанды қайтарып беретін болды, оның есеіне Сыр бойындағы қалалар бұдан әрі қазақ билігінде, ешкімнің таласы жоқ. Тәуекел хан өзінің басын өлімге қиып Сыр бойының қалалық өңірін басы Ташкент шаһары қылып қазаққа мұра қалдырды.

Қазақ хандығының құрамына Орта Азия қалаларын біржола қосу – Тәуекел ханның ұмытылмас ерлігі. Түркістан-Ташкент аймағы XIX ғасырдың басына дейін Қазақ хандығының құрамында болды. Тәуекелден кейін таққа отырған оның інісі Еңсегей бойлы Есім хан билігі кезінде қазақ жасақтары Бұхар хандығын билеген Аштархан әулетінің Ташкент пен Түркістанға ұмтылған екпінін бірнеше рет басты. XVII ғасырдың 20-жылдарында Тұрсын хан билігі тұсында Ташкент Қазақ хандығының құрамында ірі қалалардың біріне айналды. Тұрсын хан мен Есім ханның арасындағы қайшылықтар жайлы көптеген деректер бар. Біріншісі Ташкент маңында қоныстанған қатаған еліне сүйенсе, екіншісі алаш мыңына билік жасады. Екеуі де қазақ хандары бола тұра екі арадағы бақталастық азамат соғысына алып келді. Қазақ аңыздарына қарағанда Есім ханның

қалмаққа жорық жасап кеткендігін пайдаланып Тұрсын хан қазақтың астанасы Түркістанды басып алады. 1628 жылы ойрат жорығынан оралған Есім хан Тұрсынды талқандайды, антты бұзғаны үшін өлтіреді. Оған дәлел ретінде Марғасқа жыраудың: *«Ей Қатағанның хан Тұрсын, кім арамды ант ұрсын! Есім хан келіп тұр қасыңа, шашиқалы тұр қаныңды, алғалы тұр басыңды!»* – дейтін сөзі бар.

Есім хан заманында қалмақтар күшейіп, қазақтардың этникалық дамуына қауіп төне бастады. Осыған карамастан Есім хан тұсында Қазақ хандығын мықты мемлекет деп тануға болады. Кейбір деректерде Тәуекел мен Есім хандарды қазақ-қалмақ билеушілері деп атайды. Жазба деректерінде Есім тұсында қазақтардың Шығыс Түркістан үшін саяси күреске араласқаны айтылады, ал орыс деректерінде Оңтүстік Сібір үшін қазақтар мен қалмақтардың ірі қақтығыстар өткізгені белгілі.

XVII ғасырдың 30-жылдарынан бастап Орталық Азияның халықаралық жағдайы күрт өзгерді. Шығыс шекарадан күшті қарсылас пайда болды, олар қалмақтар еді. Олар төрт рудың біріккен одағы: чоростар, хошоуыттар, дербеттер және торғауыттар. Қазақ аңыз-эпостарында олар қалмақ деген атпен белгілі. XVII ғасырда басталған қазақ-қалмақ арасындағы қақтығыстар ұзақ

соғысқа ұласты. Жетісу мен Шығыс Түркістанды басып алып, қалмақтар өз күштерін Сырдария қалаларына бағыттады. Орыс тілді ғылыми және көркем әдебиетте «жоңғарлар» деп XVI-XVII ғғ. Ертістің жоғарғы ағысы, Алтай тауларының етегін мекендеген батыс моңғол тайпаларының одағын атайды. «Жоңғар» сөзі қазақшаға аударсақ сол қол дегенді білдіреді және бастапқыда осы одақтағы басты тайпалардың бірі чоростар мен ішінара дербеттердің атына ғана қатысты қолданылды. Шын мәнінде бұл одақты өздері «төрт ойрат» деп атайды, себебі оған азды-көпті торғауыттар мен хошоуыттар да кірді. Орталық Азияның түркітөкес халықтары бұл тайпаларды «қалмақ» деп атайды, яғни елдер ислам әлеміне кіргенде сыртта қалып қойған, осыдан орысша «калмык» атауы шығады. Қытай деректерінде оларды «элют» деп атайды. Батыс моңғол тайпаларының өз атауы «ойрат» немесе «дүрбен-ойрат» – төрт тайпаның одағы дегенді білдіреді. Қазақтың ауыз әдебиетінде шығыстағы көршілерін «қара қалмақ» атау жиі кездеседі, осыған байланысты «құба қалмақ» деп батыстағыларын деп атаса керек. Сонымен бірге, Ібір-Сібір мен Алтай өлкесіндегі қалмаққа бағынышты болған түркілерді де «қалмақ» деп атау кездеседі.

Қазақ тарих ғылымында XVII ғасырда халық арасында Әз Тәуке,

яғни дана, әділ деген атпен белгілі Тәуке хан билігі тұсына жататын деректер өте аз. Тәукенің әкесі Салқам Жәңгір туралы алғашқы деректер 1635 жылға жатады. Орыс мәліметтері бойынша 1635 жылы *«...қара қалмақ тайшылары: Талай тайша, Қонтайша (Батур – Ж.А.), Турғоча тайшы бүкіл қара қалмақтарымен қыстың күні Қазақ Ордасын шапты, ал Қазақ Ордасы қара қалмақтарға қарсы шықты... қара қалмақтар Қазақ Ордасындағы адамдарды өлтіріп, Есімнің ұлы Жәңгірді тұтқынға алды...»* Басқа деректер бойынша, Жәңгір 1635 жылы дербет – қалмақ билеушісі Талай тайшымен торғауыттарға қарсы соғысты. Осы кезде торғауыттар басқа қалмақ тайпаларынан батысқа қарай орналасты және олардың кейбір топтары Жайықтың ар жағында болды. 1642 жылы Жәңгір хан Батур – контәжінің ірі әскери экспедициясын тоқтатты. Бұл қақтығыс Орбұлақ деген жерде болған және бұл жерде Жәңгір алшын Жалаңтөс батырмен бірге қалмақ топтарын қырғынға ұшыратты. 1644 жылы Жәңгір ханның қалмақтарға тағы қарсы тұруына тура келеді, бірақ бұл жолы халық көп қырғынға ұшырап, Жәңгір ханның ағасы отбасымен және көптеген адамдармен тұтқынға түседі. 1652 жылы Шығыс Түркістан мен Жетісу жеріндегі соғыстарда қалмақ-хошоуыт ханы Очирту-цецен

1.5. Мәдениеті

XV-XVII ғғ. қазақ мәдениеті ежелгі түрік қағанаттары кезінде қалыптасқан мәдениеттің барлық ерекшеліктерін бойына сіңірді. Солай бола тұра ұлттың өзіндік болмысы жасалып, материалдық және рухани мәдениеттің белгілері орныға бастайды. XV-XVII ғғ. қазақ хандықтарының территориясы Орта Азияның отырықшы аудандарын қамтығанымен де, оның мәдениетінің ерекшелігі бәрінен бұрын көшпелі өмір салтымен анықталды, бұл үй-жай, киім үлгісі, қоршаған табиғат туралы түсініктері, халық ауыз әдебиеті мен өнерінде көрініс тапты.

Қазақ халқының тұрғын үйі — материалдық мәдениеттің тамаша ескерткіші. Үй мен оның ішкі жабдығы қазақтардың көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтына өте жақын болды. Бұл кезеңде үйдің негізгі түрі арба үстіне орнатылған киіз үйлер-арба-тұра және кішірек күйме үй болды. Арба үстіне орналасқан киіз үй — ағаш пен киізден жасалған құрастырмалы үй. Ол кереге, шаңырақ, уықтардан тұрды. Киіз үйдің көлемі қанаттарының санына байланысты болды. Ол екі қанатты киіз үйдің көлемі 100-120 шаршы метрдей делінеді.

XV-XVII ғғ. Қазақстанға сондай-ақ жартылай отырықшы және отырықшы тұрақты жер үйлер де тән. Мұн-

ры, Ташкент, Түркістан және басқа қалалардың өкілдері кірді.

Тәуке ханның аты тәуелсіз билеуші ретінде XVII ғасырдың 80-жылдарында аталады. 1687-1688 жылдар шамасында Түркістанда Әз Тәуке Хошеке аталық бастаған Бұхар хандығының елшілерін қабылдады. Бұл келіссөзде екі мемлекетке қатысты Ташкент аймағының экономикалық саяси сұрақтары талқыланды. Ташкент саяси жағынан Қазақ хандығына тәуелді болса да, экономикалық жағынан өзінің дербестігін ұстанды. XVII ғасырдың 90-жылдары Тәуке хан қазақ әскерімен Ташкенттен оңтүстікке қарай қоныстанған қытай-қыпшақ тайпаларына жорық жасады.

Тәуке хан Ресей және Жоңғария мемлекеттерімен тығыз дипломатиялық және сауда қатынастарын орнатты. 1680-1690 жылдары Тәуке хан Тобольск пен Астраханьға 5 елшілік жіберді. Осыншама елшілік Қазақ хандығына келді. Қазақ-орыс қатынастары түзеле бастады, олардың арасында егіншілік, мал шаруашылығы және өндіріс өнімдерін айырбастау көбейді. Көптеген аймақтарда, соның ішінде Ертіс бойында, айырбас орталықтары (сатовка) ұйымдастырылды. Онда орыс, жоңғар, қазақ және Орта Азия көпестері еркін сауда жүргізді. Ресей қазақ далалары арқылы Шығыс сауда жолдарының ашылуына қызығушылық танытты. Бірақ экономикалық қатынастар үне-

мі әскери қақтығыстарға әкеліп отырды. Әз Тәуке хан заманында мемлекет жұмысына белсене араласқан бас сардар Ақша батыр, хан кеңесін басқарған Барқы аталық, елшілік қызметімен танылған Тайқоңыр батыр, т.б. қаһармандардың аттары белгілі.

Әз Тәуке билігінің басынан бастап жоңғарлардың белсенді әрекеттері күшейді. 1683-1684 жылдары Қазақ хандығының оңтүстік территориясы жоңғар шабуылына ілікті. Жорық барысында Түркістан оазистері қанырап, Сайрам қаласы талқандалды.

Тәуке ханның үлесіне XVII ғасырдың аяғы XVIII ғасырдың басында Жоңғарияны басқарған Галдан Бошохту (1676-1697) және Цеван Рабданмен (1699-1727) күрестің ауыр жүгі тиеді. Әз заманының ауырлығына қарамастан Тәуке хан мемлекеттің бүтіндігі мен тәуелсіздігін сақтап қалды. Сондықтан қазақ шежіресінде Әз Тәуке билік еткен кезеңді сәтті кезең деп суреттейді. Сонымен бірге, оның даналығы, қорегендігі мен тапқырлығы айқындалады. А.И. Левшин атап көрсеткендей, *«Қазақтардың алтын ғасыры — ол әйгілі Тәуке хан билік құрған жылдар»*, бұл — *«қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман»*. Тәуке хан 1715 жылы қайтыс болды.

Көшпелі халықтардың өзара күресіне Ресей мен Қытай империялары араласа бастады.

дай үйлердің жер төле үйі, коржын там, шошала, қора сияқтыларының көпшілігі Қазақстанның оңтүстігінде қыстау аймақта орналасты. Қазақтардың өмірінде олардың басты қыстақ тұрақтары орналасқан Сырдария, Талас және Шу өзендерінің аңғарлары мен Торғай, Есіл және Ертістің бассейндерінің маңызы зор. Орталық Қазақстанның көптеген аймақтарында, Қаратау бойында сыртқы бекініс-камалдары бар қоныстар да жиі кездеседі.

Қазақтардың ұлттық киімінде этникалық, экономикалық және климаттық жағдайларына байланысты ежелгі дәстүрлер көрініс тапты. Киім шұға, жүн және жібек маталардан, киіз бен теріден дайындалды. Қазақ шаруашылығы ол кезеңде Мәуреннахр өлкесімен тығыз байланыста болғандықтан, қазақ киімінің түрлі түсті бұхар матасынан тігілгені деректерде айтылады. Қазақтарда құланның, киіктің терілерінен сыртқы киім тігілді. Сонымен қатар, жолбарыстың, қасқырдың, түлкінің, құндыздың, бұлғынның, күзенің терілері ерекше бағалы болды. Терісі бағалы аңдардың терісінен тігілген тондар «ішік» деп аталды және қаптамасы бойынша: жібекпен қапталған тон – «бас тон», көк шұғамен қапталғаны – «көк тон», паршамен қапталғаны «парша тон» деп бөлінді. Дегенменен, қарапайым елдің көпшілігі өздерінің өсірген мал-

дарының терісі мен жүнінен Арқа жеріндегі қыстың қаһарына шыдамды киімдер жасады. Тек қана қой терісінен жасалған тондардың өзі оншақты болады (жылбысқа, елтірі, әрі-сәрі, т.б.)

Қазақтардың қару-жарағы да әртүрлі болды. Ерекше балкытылған болаттан қисық қылыштар, себеле, семсер жасалған. Сапы, қанжар, «жеке ауыз» аталатын қисық жүзді ұзын пышақтар, «бұйда пышақ» – ұзын, жіңішке пышақтар кеңінен қолданылды. Садақтың құрылымдық бөліктерін жай мен жебе деп атайды, ол ерте кезде негұрлым кең тараған қару болса, көрсетілген уақыттың соңына қарай шиті мылтықтар көбейді. XVII ғ. аяғынан бастап кейде Орта Азия калаларынан сатып алынған, ішінара қазақтардың өздері жасаған мылтықтар да пайдаланыла бастады. Мылтықтар бірнеше түрлі болды: білтесі бар және күміс ееріппелі немесе серіппесіз қысқа ауызды мылтықтар. Қысқа ауызды, 700 метрге ататын, мылтықтар «қозы көш» деп аталды. Оқтарды қазақтар өздері даярлады, кейде көршілерінен сатып алды. Осылайша қазақтардың материалдық мәдениеті өзіндігімен, теңдессіздігімен ерекшеленді және халықтың шаруашылық өмірінің ерекшеліктерін бейнеледі, дала малшыларының бұрынғы ұрпақтарының мәдени дәстүрлеріне сүйенді. Қазақтардың шаруашылық-экономикалық

өмір салты, олардың тағамы, киімі өздері өмір сүрген климаттық жағдайларға негұрлым ыңғайлы болды.

Өте ерте замандардан бері қазақтар жылдың басы ретінде Наурызды, яғни күн мен түннің тенелуін мерекеледі. Деректерде Наурыздың сегіз күн бойы тойланатыны және оған ерекше дайындықтардың болатыны айтылады. Халық мерекелері әсем сазбен және ақындардың айтысымен жалғасын тапты.

XV-XVII ғғ. жерлеу дәстүрлері аралас болды: ислам дәстүрлеріне де, «тәңірге» табыну ғұрыптарына да сүйенді. Қазақтар о дүниедегі өмірге сенді. Сондықтан да мәйітпен бірге қабірге садақ, найза, ер-тоқым, сүйікті атының басын көмген, жанына тағам мен ішімдік қалдырған. Қайтыс болған адамның үйінде түнгі күзет дәстүрі «шілде» өткізілген. Келесі күні мәйітті отпен аластап, содан кейін барып оны қыстаудың жанында арнайы қорымдарға жерлеген. Хандар мен атакты адамдарды Түркістанда Ахмет Йасауи кесенесінің жанына не ішіне жерлеген. Алыс аудандарда қыс кезінде мәйіттерді тас не ағаш сөрелерге сактап, болмаса биік ағаштардың бұтағына іліп және тек жылы ауа райы басталған кезде ғана Түркістанға немесе қасиетті болып саналған басқа жерлерге жеткізгені белгілі.

Қазақ халқының осы кездегі негізгі діни орталығы Түркістан болғаны,

Ахмет Йасауи ілімі қазақ арасына кеңінен тарағаны деректерден анық білінеді. Сонымен бірге, атакты Бұхара хандығына жорық кезінде Самарканд қаласында Тәуекел хан бастаған 120-дан аса қазақ сұлтандары Мәуреннахрға белгілі Қожа Ыскакқа қол беріп, атакты сопының мүриті атанды. Орта Азияда билігің жүрсін десең ең алдымен қожа әулетімен тіл табысу керек, мұны сол кезеңде ханда, олардың кеңесші аталықтары да, қара халық та жақсы түсінеді. Бірақ Орталық Азияда билік құрған өзге хан әулеттеріне қарағанда XV-XVII ғасырларда қазақ саяси өміріне ислам өте терең араласты деп айту қиын. Біздің пікірімізше, қандай жағдайда болмасын қазақ төрелері елдің аманшылығы, ұлттық мүдде, т.б. мәселелерді бірінші қойған сияқты.

Қазақтың халық күнтізбесінің негізін астрономиялық түсініктер мен жұлдызды аспанға қатысты халықтың көп жылдар бойы жинаған тәжірибесі мен білімдері құрады. Халықтың шаруашылық өмірінде табиғат құбылыстарының мерзімділігін бақылаудың тәжірибелік маңызы зор болды. Көшпелі шаруашылық уақыт есебін білуді және табиғат құбылыстарының мерзімділігін түсінуді талап етті. Қазақтар аспан шырақтарының қозғалысын бақылап отырды. Ұшықшырсыз далада үнемі көшіп-қонып жүру оларды әлемнің төрт бұрышын жақсы бағдарлауға, жұлдыздарға қа-

рап қараңғы түндерде жолды тауып алуға, шатқалдар, құдықтар, жайылымдардың орналасуын дәл анықтауға үйретті.

Қазақтар уақытты есептеуді аспандағы аймен анықтаған. Айдың күндерін анықтау үшін қазақ есепшілері үнемі айдың қозғалысын бақылап отырған. Олардың бақылаулары жылды 12 айға, айды 30 күнге бөлуге мүмкіндік берді. Шетел саяхатшылары қазақтың аспанға қарап тәуліктің кез келген сәтін сағатқа қарағандай анықтайтынын жазады.

XV-XVII ғғ. қазақ арасындағы үстем дін ислам діні болды. Қазақ діндарлары сунит ағымының ханафия мазхабына қатысты орталықтарымен жиі байланысты ұстады. Исламның теориялық негіздері Қожа Ахмет Йасаундың сонылық іліміне негізделді. Сонымен бірге, көшпелілер бұрынғысынан Тәңірге табынып, бақсылық ғұрыптарын орындап жүрді. XV-XVII ғғ. қазақтардың дүниетанымында анимистік түсініктер мен табиғат күштеріне табыну елеулі орын алды, мұның бәрі екі бастаманың – кие (жақсылық) мен кесірдің (жамандық) күресінің барлығымен түсіндірілді. Әрбір табиғат құбылысының өзінің иесі болды, оларға құрбандық шалып, олардан тілек тілеу керек болды. Тұрғын жайдың және үй ошағының, санадағы ой мен әрекеттердің тазалығының

камқоршысы ретіндегі отқа табынудың маңызы зор болды.

Деректерге қарағанда, Сарайшық қаласындағы ежелгі некропольде Жәнібек пен Қасымның, олардан басқатағы да ел билеуші төре әулетінің басшыларының кесенелері болған. Сол себепті бұл қорымды да біз пантеон деп айта аламыз. Сондай-ақ, Түркістандағы Ахмет Йасауи мешітінің ішкі қоршауының ішінде орналасқан Есім мен Жәңгірдің кесенелері де белгілі. Бұл кезеңде қызықты архитектуралық ғимараттар Маңғышлақ, Ұлытау территорияларында, Сырдарияның төменгі ағысында пайда болды.

Алтын Орда ыдыраған заманда дала көшпелілерінің арасында неғұрлым белгілі және құрметті жыраулардың бірі Қазтуған Сүйінішұлы болды. Ол XV ғ. 20-ж. Еділдің төменгі ағысында, Ноғай ұлысының биінің жанұясында дүниеге келді. Оның жырлары туған жерге деген ғажайып махаббатқа толы, табиғат, тарих, тұлға бұл жырларда өзара астасып жатыр. Қазтуған жырлары адам мен табиғат арасындағы ерекше қатынасқа толы көшпелілер поэзиясының үлгісі болды. Сонымен бірге, Қазтуған жырау әскери жеңістерді жырлады, дала тайпаларының бірігуін жақтады.

Жауынгер жыраулардың бірі Доспамбет жырау XV ғ. 90-ж. Азау қаласында атақты бектердің отбасында өмірге келді, жас кезінде

Бақшасарай мен Стамбулда болды. Доспамбеттің поэзиясы – Отанды қорғаудың, ерліктің жаршысы. Оның жырлары бізге өмірі әскери жорықтар мен жеңістерге, намыс пен азаматтыққа толы XV-XVII ғасырлар туралы тарихи сыр айтады. Доспамбет жырау шайқаста қаза болды.

Қазақ халқының жыраулық мәдениетінде Шалкиіз жырау Тіленшіұлы (XVI ғ.) үлкен із қалдырды. Шалкиіздің поэзиясы тақырыбы жағынан терең философиялық, күрделі көркем образдарға толы, патриоттық сипатта болды.

Қазақ хандығы дәуірінде жыраулар поэзиясының дәстүрін жалғастырып, байыта түскен Марғаска және Жиёмбет жыраулар (XVII ғ.) болды. Ежелгі дәстүрге сәйкес олар тек акын ғана емес, сонымен бірге жауынгер де еді. Марғаска жырау Есім хан жасағының қатарында Тұрсын ханға қарсы шайқастарға қатысқан. Марғаска «Есім хан» атты батырлық поэманың авторы болып табылады. Алшын руынан шыққан Жиёмбет Бортоғашұлының Есім ханға арнаған бірнеше толғауы бар, олардың мазмұны қазақ қоғамындағы ру-тайпалық және ұлыстық билік жүйелерінің арасындағы мәселелерді зерттеуге мүмкіндік береді.

Көшпелілердің еуразиялық соңғы империясы ыдырап, ұлттық мемлекет Қазақ хандығы өмірге келген және буыны бекіген XV-XVII ғасырлар

мәдениеті әлі де толық зерттелді деп айта алмаймыз. Қазақтың ауыз әдебиетін зерттеу, терең түсініктемелер жасау біздің ұлттық тарихымыздың көптеген жұмбақ мәселелерін түсінуге жол ашатыны сөзсіз.

2-тарау. XVIII ғасырдағы Қазақ хандығы

2.1. Дәуірдің ерекшелігі

Тарихи әдебиетте XVIII ғасырды қазақ халқының ең бір ауыр ғасыры есебінде суреттеу орын алған. Бұл шындыққа жасалған үлкен қиянат деп білеміз. Қазақтың тұңғыш этнографы Шоқан Уәлиханов: *«Қазақтар Қытайға да, Ресейге де мойынұсыбай, емін-еркін серілік дәуірін бастан кешті»*, – десе, атақты түріктанушы В.В. Радлов: *«Өзге халықтар болса, бұл ғасырдың қиындығынан көзі жойылып кетер еді, ал қазақтар үшін бұл тамаша жарқын кез болды. Олардың малы мыңғырып далаға симай жүрді, аласатыран заманда қашанда олжасы үзілген жоқ»*, – деп бағасын береді. Бұл дәуір ішкі карама-қайшылығы көп болғанымен, қазақ халқының тарихында ерекше орын алады. XVIII ғасырдың алғашқы ширегінде Жоңғариямен күрестің шиеленісуіне байланысты Қазақ хандығының терең дағдарысқа ұшырағаны рас. Бұл соққы Қасым,

Хакназар, Есім мен Тәукенің саясатының негізінде орныққан мемлекеттіліктің негізін шайқалтты. Тәуке ханның өлімінен кейін қазақтардың өмірінде тұтастай сәтсіздіктер кезеңі басталды: 1717-1718 жж. казак әскерлерінің талқандалуы, Тәукені алмастырған Қайып ханның өлімі, 1723-1725 жж. «Ақтабан шұбырынды» жылдары, Түркістан мен Ташкенттен айырылу... Тек XVII ғ. 20-жылдардың аяғына таман А.И. Левшин жазғандай, «сыртқы қауіп ішкі өзара қырқыстарды ымыраластырып, бәрін қарсылық көрсетуге бағыттаған кездерде ғана, қазақтар жоңғарларға тойтарыс бере алды».

Недіктен Қазақстанның оңтүстігі ойраттарды қызықтырды?

Бірінші себеп. әрине экономикалық мүддеге байланысты деген пікірдеміз. Қазақ шежіресіне карағанда Орталық Азияның тарихының ең көне кезеңдерінің өзінде бұл аймақта орасан ірі «Қырық қақпалы Қарашық» сияқты қалалар пайда болды. Сырдария бойындағы қалалық қоныстар көшпелі және отырықшы тайпалардың сауда байланыстарының орталығы қызметін атқарды. Тараз бастаған Жетісу өңірінің қалалары, Сайрам, Отырар, Сығанак сияқты Түркістан-Ташкент манының қалалары Орталық Азияның көшпелі тайпалары үшін игілік көзі ретінде қызмет атқарды, олар қарапайым тұрмысқа қажетті бұйымдардан бастап

ақиретіне дейін осы қалалардан сатып алатын. Бұл оазистердегі саяси үстемділік көшпелі ұлыстарға билік құрылымдарының қалыпты жұмысына кепіл болды, қажетті алым-салықтарды жинауға мүмкіндік берді.

Екіншіден. кара қалмақтар батысқа қарай маньчжурлердің ығыстыруымен жылжыды. 1640 жылдары Қытайды бағындырып жаңа маньчжурлік Цинь әулетінің негізін салған жауынгер тайпалар өзінің жақын көршісі болған және түп тегі туыс шығыс және батыс моңғол тайпаларына маза берген жоқ. Батыс халха тайпалары амал жоқ Цинь империясының билігін мойындағанымен, Алтай таулары, Іле бойы сияқты жерлерді мекендеген дүрбен ойраттар онайлықпен өз билігін бермейтіні сол кезеңнің өзінде белгілі болды. Қазақ шежіресінде маньчжур әулеті «шүршіт» деп аталады.

Осындай себептерге байланысты казак жерінің оңтүстігіндегі береке-лі алқапқа маньчжур соққыларынан батысқа ығысуға мәжбүр болған қалмақ тайпалары қызықканы белгілі. XVII ғ. 90-жылдары Қытаймен арада соғыс басталып қалмақ контәжісі Қалдан Бошохту казак иеліктеріне қатысты агрессиялық қимылдарынан тиылды. Алайда Цеван Рабдан өз қаруын қайтадан қазақтарға қарай бұрды. 1717 ж. Аягөз өзеніндегі және 1718 ж. Бөген, Шаян,

Арыс өзендеріндегі екі шайқаста казак жасағы ойсырай жеңілді. Қазақ әскерлерінің басында Қайып пен Әбілқайырды көреміз. Жеңілістің себебі не екендігі бізге белгісіз. Мүмкін тұтқиыл шабуылға байланысты қазақтардың ұйымсыздығы я болмаса күшті орталықтанған биліктің болмауы, хандардың әрекетіндегі келісімсіздік, қызғаныш болуы мүмкін.

Қалмақ-казак қарым-қатынастарындағы ауыр жағдай Ресейге Орталық Азияға сенімді қадам басуға мүмкіндік берді. Қазақ-орыс қатынастарының түп-тамыры, ертеден келе жатқан тарихы бар. Ресейге Қазан (1552 ж.), Астрахан (1556 ж.) хандықтары және Еділ бойындағы халықтардың қосылуынан қатынастар тереңдеп, Ресей мемлекеті мен Қазақ хандығының арасындағы қатынастар күшейе берді. Ресейліктердің басты мақсаттарының бірі Орта Азия және Үндістанмен сауда байланыстарын ашу және сауда жолдарының қауіпсіздігін күшейту болды. Қазақ даласы барлық Азия елдеріне апаратын қақпа ретінде саналды.

Қазақ хандығы болса алғашқы бетте Ресеймен байланыс жасап, жоңғарлармен және Орта Азиялық хандықтарымен күресте одақтас болуды жоспарлады.

1687 ж. Тәуке хан Тәшім батырдың басшылық етуімен Тобылға казак елшілігін жібереді. Кейін Ресеймен Қазақ хандығы арасындағы мәм-

легерлік саясаттың орындаушысы ретінде Тантай батыр Арыстан аталықұлын, Тайқоңыр Құлтабай аталықұлын, т.б. аса беделді тұлғаларды көреміз. Бұл кезеңде Ресей Орталық Азияны игеретіндей жағдайда емес еді, қарым-қатынас та осы себепке байланысты тең дәрежеде жүрді. XVIII ғ. басында Ресей патшасы I Петр оңтүстікке «қиыршық алтын» шығатын жерлерді іздеуге арнайы әскери экспедициялар жібереді. Бірақ бұл экспедициялар сәтсіз аяқталды, сондықтан да Ресей үкіметі бейбіт дипломатиялық жолмен байланыс жасауға көшеді.

«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» аталған XVIII ғ. 20-жылдарында казак-орыс қатынастары белсенді түрде жүре бастады. Әбілқайыр ханның бастауымен Кіші жүздің солтүстік ұлыстары Жемді асып, Жайыққа жақындап және одан әрі оң жақ жағаға шығуға талпынды. Бұл жағдай орыс бодандығындағы башқұрттар мен қалмақтармен күреске әкеліп соқты. Шекаралық келіспеушіліктерді реттеу мақсатында Кіші жүз басшылары 1730 ж. Ресейге елшілік жібереді.

Әбілқайыр ханның өз ұлысының көсемдерімен қосылып бірінші жіберген елшілігі нәтижесіз болды, сондықтан да хан екінші рет өзінің нартәуекелімен елшілік жібереді. Бұл жолы әңгіме тікелей бодандыққа келіп тірелді. Себептері, біріншіден —

оны казак ортасында ешкімнің еле-меуі, екіншіден, ол орыс қаруының күшімен Орта Азия территориясында, осымен қатар казак қоғамында өзінің позициясын бекітуді ойлады. **А. Тевкелен басқарған Кіші жүздің Ресейге қосылуы (1731-1732 жж.) жайындағы елшілік миссиясы аяқталғаннан кейін «орыс бодандығында казактарды ұстау және оларды басқару» жөніндегі жоспар жасалынды, сонымен қатар башқұрт-казак жерлерін бекіту, сауда қатынастарын жүргізу үшін 1734 жылдан Орынбор қаласы салына бастады.**

Осы сияқты Ресейдің казак шекарасына жасаған алғашқы қадамдары аса сақтықпен жүргізілді және казак, калмак, башқұрт, т.б. көшпелілердің ішкі қарама-қайшылықтарын пайдалануға, оларды бір-бірімен атыстырып-шабыстырып отыруға негізделді. XVIII ғасырдың ортасында орыс әскери шептері Жайық пен Ертістің оң жағалауларына табан тіреді, ал ғасырдың соңына қарай Ресей казак жерінің солтүстік шекарасына нақты бекіді деп айтуға болады. Тарихшылардың орыс-казак арасындағы бұл ғасырдағы қарым-қатынасты протекторат, яғни тек сыртқы саясатқа ғана әсері бар шартты бағыныштылық деп атайтыны осы себепті.

Қазак-қытай қатынастары 1756 жылы Қытай Жоңғарияны талқандап, казак жерінің шығыс шекараларына шыққан кезден қалыптаса бастады.

1640 ж. Қытайда билік маньчжур (шүршіт) тайпаларының ішінен шыққан Цинь әулетінің қолына көшкені белгілі. Жауынгер маньчжурлер Қытайды басып алумен ғана шектелген жоқ, олардың үстемдігі тұсында Қытай Шығыс Түркістан қалалары, Моңғол-Халха хандықтары мен Жоңғар тайпаларының шығыс территорияларында белсенді сыртқы саясат жүргізді. Түпкі мақсат осы территорияларды империяға қосып алу еді, бұған Қытай XVIII ғасырдың екінші жартысында қол жеткізді. Бірақ ұлан-байтақ өлкені біржолата бағындыру оңай болған жоқ, басқыншылар мен жергілікті халықтар арасындағы қарсы тұру қалыптасқан үрдіске айналды. Қалай болғанда да көптеген себептерге байланысты XVIII ғ. 50-ж. бастап казактарға тек Ресеймен ғана емес, Шығыстағы ұлы Қытай империясымен көрші болудың барлық кереметін көруге тура келді.

XVIII ғасыр – казак халқы үшін жаугершілікке толы, ел мен жер үшін күресте асыл азаматтар аянбаған (*шүберекке түйулі жан болыпты, ұйықтап жату жегітке ар болыпты*), ерліктің небір жарқын үлгілері жасалған кезен. Біздің ата-бабаларымыз осы ғасырда бірде өзінің тарихи территориясын көрші ағайын-туыс ұлыстардан қорғаса, бірде империялар тарапынан сырттан төнген қауіптен тәуелсіздігін де қорғауға тура келді. 1723-1725 жылдары Шуно-Да-

бо бастаған жоңғар жасақтарының Сырдария бойындағы қалалық өңірді басып алуы Қазак хандығының мемлекеттік болашағын қыл үстіне қойды. Бірнеше жүздеген жылдар саяси орталық, рухани таяныш, экономикалық тірегі болып отырған Түркістан мен Ташкент сияқты ірі қалалық аймақтардың жау қолына өтуі мемлекет тұтастығы үшін ауыр соққы болды. Қалалық өңірге иелікті сақтау үшін Ұлы жүз бен Орта жүздің көптеген тайпалары Жоңғарияға тәуелділігін мойындауға мәжбүр болды. Тек 1745 ж. Галдан Цереннің өлімі ғана казактарды Жоңғарияның камқорлығынан азат етті. Бірнеше жылдарға созылған азаматтық соғыс кесірінен Жоңғария біржолата тарих сахнасынан шықты, бірақ казакты Қытаймен бетпе-бет қалдырды. Кейіннен казактардың өзіне Орталық Азияда кара калмақтың қызметін атқаруға тура келді, казактардың Қырғызға, Қоқанға, Алтайға, Хиуаға жорықтарын басқаша түсіндіру қиын.

XVIII ғасырдың соңына қарай казак еліне өзінің мемлекеттілігін нығайту мүмкіндігі шектеле берді. Көшпелілердің ұлы көші-қон жолдары осы ғасырдың ортасына қарай казак үшін жабылды. Батыс және солтүстік шекаралық алқапта орнығып алған Ресей бірте-бірте казак жеріне ене бастады және казактың ішкі істеріне араласуды өзіне мақсат тұтты. Әлеуметтік-экономикалық қа-

тынастар дәстүрлі күйінде қалды, тіпті Түркістан-Ташкент алқабы да үлкен құрлықтық саудадан шыққан соң кері кетті. Абылай ханның үлкен таққа отыруына байланысты бірқатар жағымды сәттерге қарамастан орталықтанған өкімет Әз Тәуке заманындағыдай үстем бола алған жоқ. Ру көсемдері мен ақсақалдардың билігі өз күшінде қалды және ол казак қоғамының саяси орталықтануына күшті кедергі жасады.

Ресей, Әбілқайырдың Кіші жүзді қосу туралы өтінішін пайдаланып, Қазак хандығының шекарасына мықтап ене бастады. Абылай қайтыс болғаннан кейін Ресей өзінің шығыстағы саясатында казактардың тәуелсіздігін толығымен жоюға бағытталған жаңа амалдарын дайындауға кірісті. Қытай болса казак тарапынан шекаралық сұлтандар мен көсемдердің тарапынан берілген вассалитеттік уәделермен шектеліп, казактардың ішкі істеріне араласпау саясатын жүргізді.

2.2. Шаруашылығы

XVII ғ. соңында XVIII ғ. басында Қазак хандығының экономикалық жүйесіне ұлан-байтақ далалық өңірді игерген көшпелі малшылар мен қалалары және отырықшы шаруашылықтары бар оазистер кірді. Сыр бойындағы қалалар құрылықтық сауданың тоқтағанына қарамастан айыр-бас пен колонердің орталығы қызме-

тін атқара берді. Көптеген деректерге қарағанда XVIII ғ. басында, яғни Әз Тәуке хан заманында, қазақтың көшпелі мал шаруашылығы қалалық орталықтармен тығыз байланыста дамыды. Осы байланыс Қазақ хандығының тіршілігіне қуатты экономикалық жігер берген керуен саудасы мен қолөнердің дамуын қамтамасыз етті.

Қазақтың малшы қауымдары оңтүстіктегі қалалық оазистермен бірнеше түрлі байланыс жүйесін ұстанды. Ең алдымен екі жақта бір-бірінің экономикалық керектілігін өтеді, яғни көшпелі малшы қауым өзінің баққан малын осы өңірде сатып не айырбастап отырды, ал қолөнерші, егінші ел көшпелілерге қажетті тұрмыс тіршілік заттарын өндіруді, өсіруді басты нысана тұтты. Осы себепті ең алдымен сауда қатынасында болды деп айта аламыз. Түркістан-Ташкент, тіпті Бұхара хандығының қалалары үшін сауда ең тиімді тіршілік пен пайда көздерінің бірі болды. Олар арқылы Үндістан, Қытай және Еуропаның сауда жолдары өтті. Сонымен қатар, Қазақстанның отырықшы аудандарының шаруашылық құрылымы туралы мәліметтер де кездеседі: *«Қазақ Ордасында қалалардың маңында әр түрлі бидай түрлерін өсіреді. Ауылдары көп, ал мал басы өте көп... қалаларда және ауылдарда бақшалар да бар...»*

Өкінішке орай, XVII ғ. 80-жылдарынан бастап жиіленген Жоңғар шапқыншылығы Қазақстанның оңтүсті-

гіне бағытталды және бұл аймақтың шаруашылығын және саудасын үлкен шығынға ұшыратты. Ортаазиялық қала мәдениетінің қалыпты өмір сүруін, әсіресе 1723-1725 жылдардағы «Ақтабан шұбырындыға» алып келген шапқыншылықтар қиындата түсті. Түркістан аумағының шаруашылық тұрақсыздығына байланысты тек қана қалалық өңір ғана емес, жалпы қазақтың көшпелі мал шаруашылығы да дағдарысқа ұшырай бастады. Қазақ қоғамының саяси-экономикалық құрылымы Жетісу мен Түркістан оазистерін жоңғарлар жаулап алғаннан кейін мүлде әлсіреді. Табиғи жұтпен қатар келген жаугершілік себебінен қазақ шаруашылығы кеміп, көпшілігі күн көріс қамымен Мәуреннахр өлкесіне қарай қоныс аудара бастады. Деректерде Ұлы жүз Қожакенттің (Ходжент) көпірі арқылы Жиделі Байсын аймағына қоныс аударса, Орта жүз Самарканд пен Бұхараға қарай аттанды, ал Кіші жүз өз иелігіндегі Хиуа аймағына қоныс аударды. Тарихи деректер жоғарыда көрсетілген елдердің қомақты және жауынгер бөлімдері осы ауыр кезеңде Сарыарқаға жылжығанын жазады. XVIII ғ. ортасынан бастап олардың негізгі сауда мен қолөнердегі негізгі серіктері Ресей мен Қытай болды, қазақ малымен күн көріп отырған Түркістан өңірінің қалаларының көпшілігі құлазып бос қалды.

Осы уақытта Ресей мен Қазақстанның арасында сауда байланыстарын жасауға қолайлы жағдайлар жасала бастады. Қазақ ұлыстарына Ресей саудасы үлкен қажеттілік еді. Түркістан-Ташкент өңірінен айырылған қазақтың көшпелі ұлыстары үшін жаңа нарық аса қажет болды. 1738 жылдан бастап, орыс-қазақ, орыс-ортаазиялық сауданың даму қарқыны өсе түсті. Орынбор генерал-губернаторы И. Неплюевтің жазуы бойынша: *«Барлық қалалардан жылдан-жылға мұнда саудагерлердің келуі өсе түсуде. Қазіргі уақытта орыс саудагерлеріне бастарын қауіпке тігіп Хиуа, Бұқара, Ташкент сауда базарларына барудың қажеті жоқ. Себебі, ортаазиялық саудагерлер қазақ ұлыстарынан қауіптенсе де, өз тауарларын өздері өткізуге келеді»*. Бұл ауқымды құбылыстан Қазақстанның солтүстік шекарасында шығыс пен батыстың сауда-мәдени кездесуі көрінеді. Ал Батыс құрлықтық геосаясатта үстемдік тәртіп орнатып, Еуразияның ішкі құрылымында белсенді күшке ие болды.

Осыған байланысты XVIII ғ. 40-жылдардың аяғында Орынборда 150 дүңгіршектері және қоймалары бар құрылыстар бой көтерсе, ал 1754 жылы қазақтарға және азиялық көпестерге арналған күзде, қыста және жазда сауда жасайтын арнайы орындар салынды. Сонымен қатар,

бұған ұқсас сауда орындары шекаралық алқаптарда көбейіп, алдымен Троицк (Үй бекінісі) кейіннен Семей қазақ малы мен шикізатын сатып алатын ірі сауда орталықтарына айналды. Бұл тұрақтар алғашқыда әскери желілердің бойына бекініс ретінде салынған болатын, кейіннен Ресей мен Қазақ иеліктерінің, Орта Азия мен Қытай арасындағы сауда осы қалаларда жүре бастады. Алдымен орыс-қазақ саудасы Орынборда жүріп, кейіннен Орта жүз қазақтары мен Абылай ханның ұсынысымен сауданың біразы Троицкіге ауысты, ал XVIII ғасырдың 60-жылдары Әбілпайыз сұлтанның өтінішімен Семейде де сауда қыза бастады.

Сауда-саттықтың терістік нарыққа бейімделуіне байланысты XVIII ғасырда қазақ экономикасында Орск (Жаманкала), Гурьев (Үйшік), Орал (Теке), Әулие Елена (Петропавл) Қызылжар, Семей маңызды рөл атқарды. Тек қазақтар ғана емес, ортаазиялық және Шығыс Түркістанның көпестері бұл сауда орындарына көп мөлшерде мақта-маталар, ыдыстар, көкөністер, кілемдер, қару-жарак, нан және күріш, шығыстың тәтті-дәмді тамақтарын, қымбат әшекей бұйымдарын әкеліп отырды. А.Н. Левшиннің айтуы бойынша, бұл қалалардағы сауда орындарында орыстар қазақтардан жылына 1 млн-ға дейін қой және 100 мың жылқыға дейін сатып алған. Өзге тауарлардан жүн, өңделген тері, тұр-

мысқа қажетті заттарды да сатып алды. Шамамен осыншама мөлшерде заттар мен мал басын қазақтар Орта Азия қалаларына, ал XVIII ғасырдың ортасынан бастап, Қытайға да сатты. Орта Азия және Шығыс Түркістаннан саудагерлер үлкен көлемде мата, ыдыс, жеміс, кілемдер, қару, нан және күріш әкелді. Кейде саудагерлер қазақтың қоныстарына дейін жететін. Дегенмен, қазақтардың саудалағы негізгі серіктесі Ресей болды. Бұған дәлел келесі мағлұматтар: 1751-1762 жж. тек бір Орынбор қаласынан қазақтарға 136394 пұт нан сатылды, 1763-1766 жж. 48348 пұт сатылды. 1745 жылдан 1774 жылға дейін Орынбор кедені арқылы Шығысқа 6691 мың рубльге тең тауар өтсе, 5203 мың рубльге тауар әкелінді. Бұл тауарларға салықтың өзі 30 жылда 1 млн. рубльге жетті. Орынборда сатылатын тауарлардың жалпы санынан 51,8% орыс саудагерлеріне, 17% Бұқар мен Ташкент саудагерлерге, 31,2% қазақ саудагерлеріне тиісті болды.

Сауданың дамуы көшпелілердің отырықшылыққа көшуіне, нанды көп тұтынуына, ең аяғында Ресей нарығына тәуелді болуына әкелді. Енді көшпелі малшылар шекаралық қалалардағы және елді мекендердегі сауда орталықтарына, жәрмеңкелерге жақын бағыт ала бастады. Сауда орындарында үй тұрмысына қажетті заттар көп сатылып, қазақтардың ма-

териалдық мәдениеті ауырлай түсті, осы себептен көшу маршруттары қысқарып, қыстауға бейімделу көбейді.

Бұған дәлел Ресейдегі 1765 жылғы Шетел істері коллегиясының құжаты: *«Қазіргі уақытта Орынбор губернаторлығының губернаторы Лановтың 1764 жылы 28 қазанда коллегияға жеткізуі бойынша жасырын кеңесші Неплюевтің 1749 жылы 2 қарашада бұйрығы бойынша Нұралыға алдымен 50-60 түйеде, кейін 70-80 түйеде, ал ағасы Айшуақ сұлтанға алдымен 10, 15, 20 түйеде, кейін 20 түйеде, одан кейін одан да көп мөлшерде нанды босатуға рұқсат берді. Ал кейін 1764 жылы Орынборға хан 235 түйені, Айшуақ 100 түйені нанға жіберді».*

Екінші жағынан XVIII ғасырдың ортасынан бастап шекара алқаптарында жүргізілген сауданың қазақтың шаруашылығына теріс әсері сезіле бастады. Оның басты себебі – екі ортадағы сауда қарым-қатынастарында қазақ малының құнсыздығы, оның материалдық тіршілікке қажет немесе салтанат үшін керекті деп саналатын заттармен айырбасқа қажетті эквиваленттердің болмауы. Батыс және солтүстік алқаптарда жердің тарлығы сезіле бастады. Осылайша материалдық өмір көркейгенімен, қазақтың қолындағы мал басы кеміп кетті. Оның үстіне бекініс шептерінің көбейіп, жайылымдық жерлердің

азайғандығы, шекаралық жаугершілік, көш жолдарының өзгерістері қазақ шаруашылығына теріс әсер етті, ол көшпелі тұрмыстың басты құндылықтарының құлдырауына әкеліп соқтырды. XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап Қазақстанда жер мәселесі өрши түсті. Біріншіден, бұл Ресейдің жерді отарлау саясатының белсенділігіне байланысты, қазақ-жоңғар, қазақ-қытай соғыстары кезінде Ресей Ертістің оң жағалауын түгелдей және Есіл, Тобыл өзендерінің төменгі ағысындағы шұрайлы жерлерді басып алуы. Әсіресе, территория мәселесі Кіші жүзде шиеленісіп кетті. Мұнда орыстар қазақтарды Жайық жағалауынан ығыстырып Елек, Ор және т.б. өзендердің де жағалауларын пайдалануына тыйым салды. Хандар және сұлтандар өз биліктерін пайдаланып қыстақтардың жақсыларын өздеріне қаратқанымен, жалпы елдің тұрмысы нашарлай берді.

Қазақ шаруашылығы ғана емес, жалпы әлемде қай елдің болмасын экономикалық негізі жерге байланысты қалыптасады. Бұл мәселе, әсіресе көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан қазақ, қалмақ, башқұрт сияқты елдер үшін өте өзекті болды. XVIII ғасырдың ортасында Орталық Азияда өрістеген саяси оқиғалардың астарынан да осы мәселені көреміз. Әуел баста 1754 жылдары Қытайдың Жоңғарияға қарсы

агрессиясы басталған уақытта қазақ саясаткерлерінің ішінде Қытай сияқты империямен арадағы қалқа қызметін атқарып тұрған Жоңғарияны сақтап қалу мәселесі өзекті болғанға ұқсайды. Кейіннен қазақ билеушілері Жоңғарияны қайта қалпына келтіру үшін күрестің нәтижесіздігін түсіне бастады. Абылай Әбілпейіз сұлтандар мен керей-шұбарайғыр Қожаберген батыр қытайлықтармен келіссөздер жүргізді және Цинь империясымен саяси және экономикалық байланыстарды қалпына келтіруге ниет білдірді. 1757 ж. қыркүйегінде Пекинге Қанжігер мен Өміртай бастаған елшілік жіберілді. Императордың қабылдауында болған қазақ елшілері, бір жағынан өздерінің 1756-1757 жж. әрекеттерін қателік болды деп түсіндірсе, екінші жағынан Алтай мен Тарбағатай қоныстарын қазақтардың заңды көші-қондары деп жариялады және оны қазақтарға беруді талап етті. Қазақтар жайылымдарын, әсіресе Ертістің жоғарғы ағысы мен Іле аңғарларындағы және Тарбағатайдағы құнарлы жерлерін қайтарып алуға тырысты. Циндіктер бұрын Жоңғарияға тиесілі болған бүкіл жерді өз иелігінде қалдыруға тырысты. Екі арадағы шекаралық соғыстар XVIII ғасырдың 50-60-жылдары бірде тыйылмады, ақыр аяғында бұл мәселелер негізінен дипломатиялық жолмен шешілді.

Осы сияқты қазақ шаруалары тарапынан XVIII ғасырдың 50-60-жыл-

дары мал басының өсуі, шаруашылықтың кеңейе түсуіне байланысты Ертіс пен Жайықтың арғы жағын қолдану сұранысы арта түсті. Ежелгі дәуірлерден Орталық Азия көшпелілерінің қысқы жылқы жайылымы болып келген Құлынды сияқты Ертістің солтүстігіндегі тоғайлы-далалы алқапты Ресей де өз меншігінде ұстауға барлық күшін жұмсады. Қытаймен арадағы сияқты бұл кеңістікте де қазақ-орыс жанжалы күннен күнге күшейіп, жайылымдық жер екі елдің басты саяси-дипломатиялық қарым-қатынасы тақырыбына айналды. Бұл жерлерді бірден игеріп, ішкі губерниялардан қоныс аударушыларды тарту мүмкіндігі шектеулі болғанымен, патша үкіметі қазақтарға Ертіс пен Жайықтың оң жағалауында малды жаюға рұқсат бермеді. Орынбор губернаторы Давыдов әскерге бұл бұйрықты бұзғандарды қамауға алу туралы тапсырма берді. Сол секілді Ертіс-Жайық арқылы өтуге, сонымен қоса салынып жатқан бекіністердің маңында да көшуге тыйым салынды. Ресей үкіметі қазақ руларына Жайық арқылы өтуіне тыйым салуының себебін, қалмақтармен арадағы жаугершілікті болдырмау ниетімен түсіндіреді. Іс жүзінде бәрі керісінше болып шықты, олар бір-бірінен малдарын айдап әкететін. Шекаралық командирлер көрші елдерді бір-біріне айдап салып отырды.

Жергілікті отаршылдық үкіметтің басшыларымен тіл табыса алмаған

қазақтар амал жоқ Ресей императорларының аттарына да бірталай өтініш жазды, бірақ Жайық пен Ертістің жайылымдық жерлерін пайдалану туралы ұсыныстарына теріс жауап алатын. Осындай бір сұраныстарға көшпелі мал шаруашылығынан түк түсінбейтін Екатерина II мазақ түрде мынадай жауап берді: *«Әр Ресей азаматы оған тыйым салынған жерге бармайды. Ал оларда (қазақтарда) малға азық жеткіліксіз болса азықты ақшаға сатып алсын немесе тауарға айырбастасын, немесе қысқы уақытқа қор жинасын»*. Ұлан-байтақ қазақ даласында тек жайылым ауыстырып көшіп-қонудың аркасында ғана өсіп-өнген ондаған миллион мал басына қысқа азық дайындау тіпті де мүмкін емес еді.

Ресей өкіметінің тыйым салуына карамастан, XVIII ғ. соңында қазақ ауылдарының Ертіс пен Жайық арқылы өздігінен қысқы жайылымдарына көшуі жиілей түсті. Қазақтың жауынгер малшы қауымдары орыс шекара күзетімен қақтығыстарға карамастан малды арғы жақтағы Құлынды сияқты ескі жайылымдарына өткізді. Сонымен қоса қазақ ауылдарының жер тарлығына байланысты үлкен мөлшерде жаңа аймақтарға көшіп, кетуі байқалады. XVIII ғасырдың 60-жылдардағы құжаттардан біз Ресей мен Қазақ арасындағы әскери-шекаралық қақтығыстар туралы деректерді жиі

кездестіреміз. 1762-1764 жылдары қазақтардың керей және найман тайпаларының мыңдаған отбасы қытайлардың қарсы болуына карамастан Цинь империясының әскері талқандаған шығыстағы Жонгария территориясына Алтай мен Тарбағатай аймағына көшіп, өзінің байырғы қоныстары үшін күресті. Сондықтан Ресейдің шетел істер Коллегиясы *«Хан мен сұлтандар шекарадағы тыныштықты сақтау үшін кетіп жатқан қырғыз-қайсақтардың адамдарын және малдарын репрессиялау шарасын қолдаса»* деп ұсыныс жасады. Патша мұны қолдады. Бірақ Алтай мен Тарбағатайдағы ескі мекендеріне ұмтылған қазақ қосын тоқтату мүмкін болмады. XVIII ғасырдың ортасынан бастап қазақ арасында Ертіс пен Жайықтың арғы жағындағы орыс қоныстары мен қалаларына тұтас ауылдар мен қауымдардың қоныстануы өсті.

XVIII ғ. соңында біз қазақ қоғамын күрделі жағдайда көреміз. Біріншіден, қазақтар түркі-моңғол халықтарының арасында ең күштісіне айналды және Еуразияның негізгі бөлігін өз қолында ұстады. Екіншіден, шекаралық алқаптарда жердің тарылуы көшпелі өмір салтына үлкен соққы болып, қазақтың кедейленуіне әкелді. XVIII ғасырдың 90-жылдарында қазақ даласында болған чиновник қазақ кедейлері туралы былай дейді: *«Кедейлік көп және*

саны өсе түсуде. Қазақтың үйлері кезінде жақсы жүннен жасалған киізбен қапталса, қазір бір-біріне әрең қосылған ескі жүн құрақпен жабылған. Ал өздері жырттық киімде жүретіндіктен, даланың қатаң суық желі жалаңаш денеден өтіп, әр түрлі ауруларға шалдықтырады».

Осындай бейнетке карамастан біздің ата-бабаларымыз шығыста Алтай мен Тарбағатайды игерді, жер жаңнаты Жетісу мен Алтайдың баурайы қазақ шекарасында қалды. Ертіс пен Жайық бойындағы жерлерінен бір кез табан аудармай, алға ұмтылумен болды және ақыры осы екі алып өзеннің оң жағалауын иеленді. Қазақтың жауынгер тайпалары ауыр күрес барысында Маңғыстау түбегін, Әмударияның сағасына дейінгі жерлерді иемденді. «Ақтабан шұбырынды» жылдары айрылып қалған Түркістан мен Ташкент аймағы қайтадан қазаққа толды, олар енді Бұхара мен Қоқанд иеліктерінің малға жайлы аймақтарына жақындады.

2.3. Әлеуметтік құрылымы

XVII ғ. аяғы XVIII ғ. басындағы Қазақ хандығының әлеуметтік тұрмысы бірнеше үлкен өзгерістерді бастап кешірді. Біз Әз Тәуке басқарған кезеңде мемлекеттің құрылымынан қалыптасқан институттар мен әлеуметтік топтарды көрсек, кейін келе

олардың үлкен дағдарысқа ұшырағанына куә болдық. Мысалы, сондай құрылымның бірі мемлекеттік кеңес есебінде жұмыс істеген «Жеті жарғы» тек қазақтың ғана емес, қазақпен көршілес жатқан, көп себептерге байланысты хандықтың саяси қауымына енген қырғыз, қарақалпақ, құрама, сарттардың басын біріктіріп тұрды. Осы дәстүр жонғар шапқыншылығына қарсы күресінің күрделі тарихи кезеңінде Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің қызметімен жалғасты.

«Ақтабан шұбырынды» кезеңінде қазақ қоғамында билер мен батырлар үлкен рөл атқарды. Бір орталыққа бағынған мемлекеттік жүйеден 1715-1718 жылдардағы саяси дағдарыс кезеңінде айырылып қалған қазақ қоғамы бір-бірімен туыстық жүйе арқылы қайта табысып, азаттық соғысының туын көтерді. Мұның куәсі – 1726 жылғы Шұбартеңіз соғысы, 1727 ж. жазда болған Бұланты шайқасы, осы жылы күз айларында өткен Бадам өзенінің жағасындағы Ордабасы тауындағы жалпы қазақ жиыны, т.б. оқиғалар. Елдің азаматтық санасының жоғары болуы, мемлекетшілдік идеялардың күштілігіне байланысты Сырдария бойындағы қалалық алқапты алғанымен, қалмақ жасақтары Еуразия көшпелілерінің байырғы саяси және этникалық орталығы Ұлытау бойына жақындай алған жоқ.

Ауызекі деректерге қарағанда, Ордабасы жиынына Әбілқайыр, Сәмеке, Күшік, Жолбарыс, Әбілмәмбет сияқты төрелер, Төле би Әлібекұлы, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би бастаған түрлі ұлыс және рулардың билері және басқа да қолбасшылар мен батырлар қатысқан болуы керек. Осы ауыр кезеңде «ақтабан шұбырындыға» ұшыраған елді басқарған билер мен батырлар қалмаққа мықты соққы беру мәселесін де талқыға салғаны сөзсіз. Кеңестің шешімімен Әз Тәуке мен Қайып хан кезінде мемлекет шаруасына көп араласқан төрелердің бірі Әбілқайырға жасаққа жетекшілік ету тапсырылған дейді. Осының нәтижесінде 1729 жылы Аңырақай деген жерде қазақ қалмақтан мәртебесі асып, ауыр соққы береді. Жалпы, XVIII ғасырдың 20-жылдарының соңында қазақ руларын біріктіру және мемлекетті сақтау саясатын жүргізу басты нысанға айналды, бірақ билеуші әулеттердің арасында ішкі қарама-қайшылық та осы кезеңде анық көрінді.

Оларды реттеп отыратын Әз Тәуке ханның дәуіріндегі тұрақты жұмыс істеген (*Күлтөбенің басында күнде кеңес*) «Жеті жарғы» деп аталған Жоғарғы заң шығарушы кеңестің жоқтығы осы кезеңде білінді. Сонымен қатар, тұтас жүздердің мүдделерін білдіргендіктен, деректерде «Орда биі» деп атаған ел басшыларының,

елшілердің, дін басы хәзіреттердің, т.б. аталықтардың басшылығымен жұмыс істейтін Орда қызметінің тоқтауы да орталықтандыру үрдісіне әсер етті. Әз Тәуке хан заманында толық қанды өмір сүрген «аталық» институты да «Ақтабан шұбырынды» апатынан кейін деректерде атала қоймайды. Осының бәрі қазақ әлеуметтік және саяси өмірінде XVIII ғасырдың басынан бастап кері кетушілік болғанын білдіреді.

XVIII ғ. басында қазақтардың этникалық тарихы Түркістан-Ташкент өңіріндегі қалалық аймақпен, Орта Азия отырықшы-егінші қауымдары мекендеген оазистерімен байланысты болды. Бір орталыққа бағынған билік жүйесінің ыдырауына байланысты осы аталған өңірлерге жақын қоныстанған малшы қазақтар, ұлыс қызметіндегі азаматтар, жаугершілікте кедейленіп қалған аталар отырықшы сарт қауымының ішіне еніп немесе құрама субэтникалық топтарын құрды. Ташкент маңындағы елді мекендердің отырықшы тұрғындары мен кедейленген қазақтардың араласып кетуі нәтижесінде XVIII ғ. 30-40 жж. маргиналдық топ – құрама (саны 100 мыңнан астам) пайда болды. Бұл топтың қалыптасу себептері территориялық-этникалық жақындық және «Ақтабан шұбырынды» тугызған жоқшылық. Сонымен қатар, малдарынан айырылып, басына түскен қайыршылық себе-

бінен халықтың бірсыпырасы Түркістан өңірінен әрі көшіп өзбек қауымдарына қосылды.

Осындай жағдайға байланысты XVIII ғасырда бұрынғыдай үлкен жиналыстар мен кеңестердің орнына жоғарғы билердің, ұлыс басшыларының ордаларында өтетін басқосулар көбейді, бұл шараларда негізгі қызметті билер атқарды.

Төле би Әлібекұлы (1661-1756) – Қазақ хандығының аса көрнекті мемлекет қайраткері, шешен, Ұлы жүздің басшысы, Әз Тәукенің тұсында «Жеті Жарғы» кеңесін ұйымдастырушының бірі.

Әз Тәуке дүниеден өткеннен кейін Қазақ хандығы жекелеген аймақтарға ыдырай бастады. Бұл кезде талай жылғы соғыстардан кейін Түркістан қалаларындағы өнеркәсіп пен сауда мүлдем құлдырап кетті. Ал солтүстік-шығыста Ресей империясының бай нарығы пайда болды. Төле би қазақ халқының билеуші топтарының ресейлік саясатты ұстанатындарын жақтады. Қазыбек және Әйтеке билермен бірге қазақ халқының одан әрі өмір сүруіне төтенше жағымды деген сыртқы саясаттық қағидаларын жасайды. Төле би 95 жасында қайтыс болып, Ташкентте жерленеді.

Қаз дауысты Қазыбек би (1665-1763) Келдібек ұлы – Қазақ хандығының аса көрнекті мемлекет қайраткері, мәмілегер, Орта жүздің бас биі, Төле және Әйтеке билермен

бірге «Жеті Жарғының» жұмысына қатысқан.

Өзінің мәмілегерлік қызметін Қазыбек Келдібек ұлы 18 жасында Қазақ хандығының Жоңғар хандығына, Қалданға Бошоғту контайшы жіберген елшілігінің құрамында болған кезінде бастаған. Осы миссияның кезінде бірінші рет оның мәмілегер ретіндегі таланты байқалады. Дәл соның арқасында жоңғарлармен болған келіссөздер өте сәтті өтті және бітіммен аяқталды.

Қазыбек би – Қазақ хандығының сыртқы саясатының негізгі қағидалары болып табылатын қанатты сөздердің авторы.

Елші ретінде Қаздауысты Қазыбектің бірнеше рет Жоңғар хандығына барғаны, Орынборда орыс ұлықтарымен кездескені белгілі. 1742-1743 жылдары ол – Малайсары бағырмен, Ниязғалықпен және басқа да қазақ өкілдерімен бірге 90 биді бастап Жоңғар хандығына барып, Абылай ханды босатып әкелушілердің бірі. Қазыбек би Қазақ және Жоңғар мемлекеттерінің арасындағы бейбіт келісімді ұзақ уақытқа бекітуге қол жеткізді. Қазыбек би XVIII ғ. 40-60 жж. Қазақ хандығының сыртқы саяси қатынастарына басшылық жасады. Ол кезде Қытай және Ресей арасындағы жағдай өткір боп тұрды. Қытайға да, Ресей өкіметіне де келіссөздерді Абылаймен және оның белсенді бейтарап саясатын ұстанған Қазыбек

бидің қатысуымен жүргізуіне тура келді.

Әйтеке би Байбек ұлы (1640-1720) – ұзақ жылдар бойы Кіші жүзді биледі. Әйтеке би белсенді түрде қазақ халқының бірігуі үшін, біртұтас әрі күшті мемлекет үшін, әділетті қоғам үшін күресті. Әйтеке би Мәуреннахр өңірінде Бұхара қаласына жақын жерде қайтыс болғаннан кейін Кіші жүз атынан Жарғыға Қаражігіт би қатынасты. Өз Тәуке кезінде қазақ елінің билік олимпіне келген бұл көсемдер ауыр уақытта мемлекетті сақтауға орасан зор қызмет жасады.

Бір орталыққа бағынған мемлекет Абылай хан билікке келген 1771 жылдан бастап күшейе бастады. Қазақ жыраулары бұл кезенді *«қайтырсыз жылқы бақтырған, қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, қалың қатын құштырған»* заман деп өте дәріптейді. Оның себебі Абылай хан заманында қазақ Ұлы даладағы үстем этносқа айналды, қазақ құрамына ондаған елдің өкілдері еніп жағты, қазақпен ұстасқан халықтардың бәрі жеңіліс тапты да, олардың жері, елі, байлығы қазақ қолына көшті. Бірақ бір орталықтану үрдісі көшпелілердің сепаратистік көңіл ауанын тоқтата алған жоқ, оның мысалын біз 1779 жылғы «Сарыбел оқиғасынан» да көреміз.

1781 жылы Абылай хан қайтыс болғаннан кейін, Көкшетау маңында Қараой деген жерде қазақ елінің жақ-

сылары жиналған ас беру кезінде оның ұлы Уәли сайланды. Патша үкіметі оның билігін әлсірету үшін сұлтандардың сепаратистік толқуларын қолдап отырды. 1817 ж. патша әкімшілігі Орта жүзде екінші хан сайлауын ұйымдастырды, ол Барак ұлы Бөкей еді. Бөкей хан және Уәли хан 1819 ж. өлгеннен кейін Орта жүздің жаңа ханы Ресей тарапынан бекітілмеді. Уәлидің орнына ел басшылары ұсынған Ғұбайдолла патша өкіметі тарапынан қолдау таппады. Ел басшыларының арасында да ынтымақ пен ауызбірлік азайды. Осылай қазақ әлеуметтік құрылымы бір ғасырдың ішінде бірнеше рет күрт сапалық өзгерістерді бастан кешірді.

2.4. Этносаяси тарихы

Ш. Уәлиханов «ерлік ғасыры» атаған XVIII ғасыр маңызды этносаяси оқиғаларға толы. Ғасырдың бірінші жартысында оның негізгі мазмұны қазақ-қалмақ арасындағы шиеленістермен, екінші жартысы қазақтың орыс және қытай арасында мемлекеттің тәуелсіздігін сақтау үшін жүргізген күресімен анықталады.

Жоңғарлардың күшеюі чорос тайпасының көсемі Қарақұла ұлы Батырдың билікке келуімен байланысты болды, ол ойрат көсемдерінің ішінде бірінші болып «контайшы» титулын қабылдады. 1640 ж. оған Тарбағатай бауырында Ұлан Үрға

елді мекенінде ойрат тайпаларының көсемдерін мәслихатқа жинауға мүмкіндік туды, онда «Дала ережесі» (Цааджин бичиг) деп аталатын заңды қабылдады. Бұл кезеңде басты міндет монғол қоныстарына баса-көктеп келе жатқан маньчжур-қытай дегіне тойтарыс беру болды.

Сол кезде мәслихат отырысына Жайық пен Еділдің жағалауына жетіп қалған торғауыттардың қатысуы күн тәртібінде басқа да саяси мәселелердің болғандығын аңғартады. Осындай мәселелердің бірі көршілермен, соның ішінде қазақтармен де өзара қатынастар стратегиясы еді. 1640 жылғы қалмақ ақсүйектерінің съезінен соң Қазақ хандығының шығыс шекарасына шапқандықтар жиілеп кеткендігі тегін емес-ті. 1643 ж. Жәңгір хан әреп дегенде жоңғарлардан төгеуірінді шабуылынан Орбұлақ шайқасында жеңіліс алды. Солай бола тұра бұл науқанның жалпы нәтижесі жоңғарлар үшін табысты болды, олар Жетісудың шығыс бөлігін басып алды. Жоңғарлар қазақтардың солтүстіктегі далаларына белсенді түрде жылжи түсті. XVII ғ. 30-40 жж. өзінде-ақ Ертіс өзені мен Балқаш көлінің арасындағы территория іс жүзінде жоңғарлардың бақылауында болды. Ертістің жоғарғы ағысында, Іле бойында контайшының ордасы орналасты.

Торғауыт билеушілері бұл кезде ноғай тайпаларын ығыстырып,

Еділ өзенінің бойын игере бастаған еді. XVII ғ. 30-40 жж. қалмақтардың қалың қолы тек қазақтарға ғана емес, Сібірдегі, Астрахан түбіндегі орыстарға, Уфа ауданында башқұрттарға да маза бермеді.

Деректерде үнемі қалмақ жасақтарының Түмен және Тарау уездеріндегі орыстардың сібірлік қоныстарына шабуылы туралы айтылады. Бұл кезде қалмақтар тұратын Ертіс жағалауында, Қарқаралы тауларында және тағы басқа кейбір елді мекендерде ламаистік храмдар пайда болды. Осы кезеңдегі қалмақтардың рухани өмірінде, оларды қоршаған түрік көшпелілерінен бөле-жара түскен ламаизм көбірек орын ала бастады. Қалмақ жазуының реформаторы және белсенді дін уағыздаушысы ұлы хошоуыт Зая-Пандита болды.

Жоңғар белсенділігінің жаңа толқыны Қалдан-Бошохту ханның (1670-1697 жж.) есімімен байланысты. Деректерге қарағанда, XVII ғ. 80-ж. қазақтарды жоңғарлар Жетісудан ығыстырып шығарды. Осылайша қазақтар отырықшы орталықтарын, құнарлы жайылымдарын жоғалтты. *«Содан бері Жетісудағы ойраттардың билігіне ешкім қол сұға алмады, олардың қазақтармен, моңғолдармен және қытайлықтармен болған көптеген соғыстарының бұл облысқа ешқандай қатысы болған жоқ»*, – дейді В. Бартольд. 1681-1684 жж. Қалдан Қазақстанның оңтүстігіне ірі

жорықтар жасады, ал 1684 ж. Сайрам қаласы талқандалды. Тәуке хан бастаған қазақ жасақтары үлкен қиыншылықтармен шығыс шекарасындағы жағдайды тұрақтандырды.

XVII ғ. соңы XVIII ғ. басында Әз Тәуке хан ішкі және сыртқы саясат мәселелерін реттеуге арналған бірсыпыра реформалар жүргізді. Жазба деректерде көбінесе Қазақ хандығы мен Ресей арасындағы дипломатиялық келіссөздер жиі аталады. Осы құжаттардың ішінде 1687 жылғы Төшім батыр бастаған елшіліктің Тобыл қаласында Сібір басшыларымен жолыққаны туралы деректер бар. Бірақ 1691 жылы аттанған Келдей мырза мен Сары батырдың елшілігі сәтсіз аяқталып, шекаралық жанжалдарды көбейтіп жіберді. Өз кезегінде қазақ жағы да А. Неприпасов елшілігін ұстап қалды. Осы кезде ресейліктер қазақ ханы Тәукенің атына хат жіберіп, онда негізінен даулы сұрақтарды келісім арқылы шешу жолдары көрсетілген.

XVIII ғасырдың басында қазақ-орыс қатынастарында Қайып ханның аттандырған елшіліктері ерекше орын алады. 1716 ж. қыркүйегінде Бекболат Екешев және Байдәулет Буриевтің басшылығымен аттанған Қайып ханның елшілігі, 1716 ж. қазанында Никита Белоусовтың басшылығымен келген орыс елшілігі Жоңғарияға қарсы одақ құру мәселелерін талқылады. 1717 ж. аяғында

Б. Брянцевтің елшілігі, 1718 ж. қазанында Шабу және Багадур басшылығымен елшіліктер қазақ-орыс қатынастарының жақындауына әкелді. Сонымен бірге, елшілік қарым-қатынастар барысында Ресей Қазақ ордасының жағдайын ежіктеп зерттеп, тиісті қорытындылар жасағаны сөзсіз. Белгілі дәрежеде Қайып хан бастаған отыз мың әскердің Аягөз бойында қалмақтардан тас-талқан болып жеңілу себептері де елшіліктерге сеніп қалудан болса керек. Қолда бар деректерге қарағанда, Қайып хан тек Ресеймен емес, сонымен бірге Түркиямен де бірнеше елшілік ауыстырған.

Егер Әз Тәуке заманында елдің ішкі жағдайына келсек, оның дамуына әсер еткен мықты факторлардың бірі «Жеті Жарғы» кеңесі болды. Қазақтың үш жүзінің таңдаулы өкілдері, қонсы елдердің ел басшылары бас қосқан бұл кеңестерде мемлекет жағдайына қатысты қабырғалы мәселелер айтылды, әдет-ғұрып заңдарына қатысты пікірталастар өрбіді. Бірақ «Жеті Жарғы» биліктің бір ұшын елдің өз қолына берді, белгілі дәрежеде бұл саясат орталықтан ұлыстық басқаруды әлсіретті. Бұл тәртіп өте абыройлы хандардың тұсында мемлекетке нұқсан келтірмегенімен, әлсіз хандар тұсында дағдарысқа бастама болуы мүмкін еді.

Тәуке хан өлгеннен кейін жоғарғы билікті лайықты басқаратын ізбасар

мәселесі өте өзекті болды. Қазақтың мұрагерлік заңдары бойынша тақ ағадан ініге өтуі керек, бұл тұрғыда орда қызметінде көп жылдар қатысы болған Қайып ханның беделі жоғары болған сияқты. Қалай болғанда да Әз Тәуке хан өлген 1715 жылы қазақтың үлкен тағы Қайыпқа көшті. Бұл туралы мән-жайды біз осы жылдың соңына қарай Қайып хан атынан жазылған хаттардан көреміз, сонымен бірге кейбір мұрағат құжаттарының ішінде Әбілқайырдың да аты аталады. Бірақ сыртқы саясаттағы белсенділік көрсеткен Қайып хан мен Әбілқайыр сұлтан жоңғарларға қарсы күресте жақсы нәтижеге жете алған жоқ. Екі билеушінің арасында қайшылықтар мен келіспеушіліктер, елдің ішкі ымырасын іздеудің орнына сыртқы көршілеріне сену, бір орталықтанған жүйені ұстап тұра алмаудың ақыры 1717 жылы үлкен жеңілістерге алып келді. Қайып ханның Тобыл губернаторы Матвей Гагаринге жазған соңғы хатында былай деп айтылады: *«Сізден көмек сұраймын. Біздегі жоқшылықтан, жаугершіліктен аш адамдар сізге жақындап қалды, біздің рұқсатымызсыз сізбен соғыс шиса оларды ұстап алып аямаңыз, бізде реніш болмайды»*. Бұл хат Қазақ хандығында ішкі дағдарыстың күшейгендігін, елдің Қайып ханды Түркістанда жалғыз тастап жан-жаққа көше бастағанын айғақтайды. Ел ішінде Қайып билігі өте төмендеді.

1718 жылы жоңғарлар Жетісудан өтіп, Арыс, Бөген, Шаян өзендеріне дейін жорыққа шығып, басты мақсаты хан орталығы – Түркістанды жаулап алуға дайындықты бастады. Жоңғариямен қарым-қатынастарды реттей алмай, қайта ауыр соққыларға себеп болған Қайып хан осы жылы батырлардың қолынан өлді.

Қазақ дағдарыс жағдайына түскен уақытта қалмақ экстерриторияға жол кеңінен ашыла берді. Бірнеше жыл соғысып 1722 ж. аяғында Қытайдың маньчжурлік билеушілерімен бейбіт келісімге келген жоңғарлар 1723 ж. көктемде Қазақстанға күшті шабуыл жасауды жоспарлады, бұл жорық қазақ халқының тарихында «Ақтабан шұбырынды Алқакөл сұлама» деген атпен қалды. 1723 ж. көктемде тақ мұрагерлерінің бірі Шуно Дабонның басшылығымен болған Жоңғар шабуылының нәтижесінде көптеген қазақ тайпалары өздерінің ғасырлар бойы мекендеген жерлерінен кетуге мәжбүр болды. Қалмақ соққысы Қазақ хандығының астанасы қызметін атқарған Түркістан өңіріне бағытталды. **Жаугершілікке 1722-1723 жылдардың ауыр кәсімі қосылып, жаудан және жұттан көптеген адамдар қырылды. Осы кезеңнің қиындығын қазақтың «Елім-ай» жоқтау өлеңі нақты суреттейді.**

«Жау жағадан алғанда, бөрі – етек-тен» дегендей, қазаққа сыртқы саяси

жағдайда жоңғарлардың тарапынан ғана қысым көрсетіліп отырған жоқ. Сонымен бірге, қазақтарға батыс жақтан Еділ қалмақтары, солтүстіктен – Сібір казак-орыстары, олардың арасында башқұрттар, оңтүстіктен ортаазиялық мемлекеттер ылғи жорықтар жасап отырған. 1723 ж. қалмақтардың қатты соққысынан кейін Кіші жүз тайпалары Еділ қалмақтары мен башқұрттардың иеліктеріне жақындауға мәжбүр болды. Осы кезде Әбілқайыр ханның басшылығымен 20 мың әскер жинақталып, Жайық өзені жағасында қалмақ ұлыстарын талқандады, жауап ретінде қазақтарға қарсы орыс әскері бірнеше шаралар жүргізді.

1723 ж. болған шайқаста жоңғар әскерлерін Сыбан Раптаннның Шуно-Дабо (Сына батыр) деген кіші ұлы басқарды. Жоңғарлардың тез арада жеңіске жетуі әскери дайындықтың арқасында болды. Сөзсіз, жоңғар шабуыл уақытын сәтті пайдаланды. Себебі, қазақтар қыстауларға орнығып, енді ғана көшке дайындала бастаған. Жоңғар әскерлері жақсы қаруланған болатын. Оларда жай мылтықтан басқа зеңбіректер болды. Осы жолы Густав Ренат деген тұтқынға алынған швед шебері оларға көмек көрсеткен. Ол қалмақтардың қолына 1716 ж. И. Бухгольцтің отрядына көмекке аттанған керуеннің құрамында болып жоңғар шабуылы кезінде түскен болатын. Жоңғарияда ол зеңбірек-

тер шығарумен айналысты. Қазақтар жоңғарлардың қысымынан батысқа қарай жылжыды. Ұлы жүз Холжент (Қожа кент) арқылы оңтүстікке жылжыды, қалғандары жоңғар протекторатын қабылдады. Орта жүз Самарқандқа және Бұқараға қарай бет алды. Кіші жүз Хиуа және Еділ бойына жылжыды. Түркістан мен Ташкенттен бастап, барлығы 32 қала жоңғарлар қолында қалды. Бұл ауыр жағдайдан шығудың басты жолы ұйымдасқан түрде жауға қарсы төтеп беру, яғни жоңғарлардың батысқа қарай жылжуын тоқтату еді.

Осыған байланысты қазақ жасақтары көбінесе Сарыарқа жерінде жинақталып, саяси билік те осылай қарай ауысты. Ерте замандардан бері қазақ еліне жазғы қоныс, малына жайылым ретінде қызмет жасап келе жатқан Ұлы Дала енді азаттық күресінің орталығына айналды және орыс-қазақ қарым-қатынасының қалыптасуына да әсер етпей қоймады. XVIII ғ. басы орыс мемлекетінің нығайуының және империялық кезеңге өтудің басы болып саналады. Сонымен бірге, XVIII ғ. 20-жылдары Қазақ хандығымен белсенді саяси байланыстардың дамуымен сипатталады. Жоңғар шабуылынан кейін қазақ тайпалары ғасырлар бойы мекендеген оңтүстіктегі қыстау жерлерінен кетуге мәжбүр болды. Көптеген тайпалар Әбілқайыр ханмен бірге Жайық өзенінің оң жақ жағалауына

көшуге әрекет жасады. Осы жерде олар Ресей бодандығындағы қалмақ, башқұрт елдерімен қоныстас болды. 1726 ж. Кіші жүз өзінің шекаралық келіспеушіліктерін реттеу үшін Ресейге елшілік жібереді. Екі ел арасындағы сауда-дипломатиялық қатынастардың дамуы Ресейге де аса пайдалы екендігі I Петрдің заманында-ақ белгілі еді.

Әбілқайырдың есімі алғаш рет елші Құлтабай аталықтың баласы Тайқонырдың 1715 жылғы жазбаларында кездеседі: *«Қазақ жерлерін билеуші Тәуке хан өлер алдында билікті Датқаның баласы Қайып ханға берді, осы Қайып ханның қол астында Әбілқайыр батыр қызметін өтейді. Әбілқайыр қол астында ханның 20 мың әскері бар»*. XVIII ғ. басындағы құжаттарда Әбілқайыр Қайып ханның жақын нөкері ретінде көрсетіледі. 1718 жылы мамырда Тобыл елшілеріне Әбілқайыр: *«Қайып ханға – үйде, ал ұлы патшаға сыртта әрқашанда қызмет етуге дайынбыз»*, – дейді. Ол уақытта Әбілқайыр ұлысына енетін қазақ ауылдары Ырғыз өзенінің бойында орналасты. 1723-1724 жылдары қалмақ соққысынан кейін Әбілқайыр өзінің Кіші жүздің Жетіру руларынан құралған ұлысымен Жайық өзеніне қарай жылжиды. *«Қарақалтақтар және қырғыз-қазақтар Доржы Назаров көшіп-қонып жүрген жерге, яғни Жайық өзеніне келді»*, – деп орыс

құжаттарында айтылады. Осы жылы казактар Жайық қалашығына (Теке) шабуыл жасайды. Бұл шайқаста казак-орыстан 72 адам қаза табады, көпшілігі жараланады.

Еділ қалмақтары да Ресей үкіметіне: «Олардың ұлысын құртуға Абал Гари-салтан 30 мың адамымен келді», – деп арыз айтып жатты. Әбілқайыр ханның көптеген казактармен Жайық маңындағы территорияларға келуі бүкіл Еділ бойындағы жағдайды өзгертті. Қалмақтар Жайықтың оң жақ жағалауына көшіп, шығыстағы көршісіне қауіптен қарайтын болды, ал башқұрттар болса Жем өзенінің бойындағы казактың жайылымдық жерлерін босатып солтүстікке жылжыды.

1724 жылы Әбілқайыр хан Түркістанға қайта баруға қадам жасайды, бірақ Қалдан Цереннің інісі Шуно Лаузанды (Сына батыр) жеңе алмады, қаланы қайта беруге мәжбүр болды. Енді ол қайтадан Еділ мен Жайық арасындағы жерлерге қарай казак қонысын кеңейту мәселесін көздеді. Осы төңіректегі 1726 жылы шайқастарға Сәмеке хан мен Барақсұлтанның әскерлері де қатысады. Осы бірлесіп жасалған іс-шаралардың негізінде 1727 жылы Жоңғарияға қарсы халықтық майдан құрылады. Оның басты мақсаты өте маңызды аймақтарды – Ұлытау, Торғай және т.б. қорғау болады. Шұбартеңіз, Ка-

расүйір, Бұлақты (Қалмакқырган) шайқастар Ұлы даланың казактар үшін маңызды аймақтарына кара қалмақтардың жылжуын тоқтатты. 1729 жылы Әбілқайыр мен Сәмеке бастаған казак жасақтары Аңырақай түбінде қалмақтарға елеулі соққы берді. Бірақ осы жолғы шайқаста казак төрелерінің арасында елеулі карама-қайшылық пайда болды. Әбілқайырдың казактың үлкен тағына отырсам деген үміті ақталмады, билер мен батырлардың көпшілігі Әз Тәукенің ұлы Сәмекені қолдап шықты.

Осыған байланысты 1730 жылдан бастап Әбілқайыр ханның саясатында бетбұрыс байқалады. Ол Ресей бодандығына ерудің ұйымдастырушысы ретінде белгілі болды. Оның Анна Иоановнаға жазған хатында былай деп айтылады: «Біз, Әбілқайыр хан, менің билігімдегі көптеген Орта және Кіші жүз казактары – бәріміз Сізге бас неміз, Сіздің құлыңыз боламыз және бүкіл халық болып Сізден көмек сұраймыз, Сіздің бодандығыңыздағы Оралдың ар жағындағы башқұрттармен бейбіт түрде өмір сүруде көмегіңізді күтеміз». Ресейге келген Әбілқайырдың елшілері Әбілқайырды «басты хан» деп атады, ал, шын мәнінде, сол кезде Ташкентте Жолбарыс хан, Түркістанда Сәмеке хан және Сайрамда Күшік хан тәуелсіз хандар еді.

Әбілқайырдың орыс билеушілерінен көмек сұрағандығын М. Тыныш-

паев былай түсіндіреді: «...Әбілқайырдың Ресеймен қарым-қатынас жасауының себебі, оны 3 орданың ханы етіп мойындауын талап етеді. Аңырақай шайқасынан кейін Болат хан өледі, ал оның орнына үлкен хан сайлау керек болады. ...Әбілқайыр барлық казак күштерін басқарғанымен, билеуші әулеттің төменгі аталарынан шыққандықтан, билер оны үш орданың ханы етіп сайламаған. Кіші жүздің аз бөлігіне ғана қожалық етуші еді... Әбілқайыр хан осыған қатты күйінеді...»

1730 ж. маусымда Әбілқайыр хан өзіне бағынышты казактарды Ресейдің қол астына алуын сұранып патша Анна Иоановнаға тағы да өтініш хат жолдайды. Сейітқұл Қайдағұлов пен Құтлымбет Қоштаев бастаған хат жеткізуші елшілікті 1730 жылы қыркүйекте Петербургке жібереді. Осы уақытта Ресейдің құрамына Еділ қалмақтары, Кабардин княжес-твосы, Грузия енген болатын. Ресей Әбілқайырдың елшілеріне құрмет көрсетіп және сыйлықтар сыйлап қарсы алады. 1731 жылы 19 ақпанда Анна Иоановна Әбілқайыр ханға және оның карамағындағы казак ұлысына Ресейге ерікті түрде қабылданғаны туралы қағазға қол қойды.

Қазақстанға Әбілқайыр ханнан ат алуға шетелдер коллегиясының аудармашысы А. Тевкелев басшылығымен елшілік келеді. 1731 жылы

А. Тевкелев 5 қазанда Ырғыз өзеніндегі Майтөбе деген жердегі Әбілқайырдың ордасына жетеді. Осы жерде казак билеушілерінің арасында бодандыққа көшу туралы бірліктің жоқтығы байқалды. Билердің және сұлтандардың көпшілігі «орыс бодандығы» туралы естігілері де келмеді. Бірақ Тевкелев табын руынан шыққан Бөкенбай батырға және оның күйеу баласы Есет батырға арқа сүйеді. Нәтижесінде 1731 жылдың 10 қазанында Әбілқайыр хан, Бөкенбай және Есет батырлар бодандықты қабылдап, ант береді. Осылайша Ресейге Кіші жүздің қосылуы басталды. 1732 жылы 24 қарашада А. Тевкелев елшілігі кері қайтады. Қазақстанның Ресейге қосылуы қиын жағдайлармен басталды және бейбіт түрде жүріп, XIX ғ. 50-60 жж. әскери-соғыс шаралары арқылы аяқталды. Сонымен, бұл процесс бір жарым ғасырға созылды деп айта аламыз.

Ресей казак-орыс келісімдері басталып, казактың бодандыққа кіруінің алғашқы күнінен бастап-ақ, бүкіл Қазақстан территориясын бағындыруды ойластырды. 1734 ж. қосылған жерді бекіту үшін сенаттың обер-хатшысы Н.К. Кириллов бастаған Орынбор экспедициясы ұйымдастырылды. Оған көмекші ретінде Кіші жүздің Ресейге сәтті қосылуын қамтамасыз еткен аудармашы және сол үшін полковник мансабына ие болған А. Тевкелевті жіберді.

1737 ж. Н. Кириллов қайтыс болғаннан кейін Орынбор экспедициясы Орынбор комиссиясына ауысады. 1735 жылы Орынбордың негізі қаланып, 1744 жылы ол Орынбор губерниясының орталығына айналды. Ал 1748 жылдан бастап Орынбор казактарының әскери шебіне айналды. Өзінің ұйымдастырылуы бойынша, бұл әскери шеп жоғарғы Еділ шебінің қызметін атқарды (Жайық қалашығынан (Теке) Жоғарғы Жайық бекінісіне дейін). **Еділ казактарының жері Жайыққа дейін созылып, он жағалауда өз күшімен 1745 жылы 7 бекініс және 11 форпост салса, 1769 жылы Еділ бекіністерінде 15 мың казак-орыс отбасы тұрды.**

Казак-орыстар бұл жерлерде егіншілікпен, мал шаруашылығымен және балық аулау шаруашылығымен айналысты. 1748 жылғы деректер бойынша казактар жаздан бастап қысқа шөп жинауды бастады. Бекіністердің маңында қоныс аударушыларға арналған елді мекендер салына бастады. Осыдан бастап Еділ мен Жайық бойындағы бекініс аймағында, ірі қалалар арасында көптеген қоныстар пайда болды. Әрине, бұл тағы да казактардың жерін шектеді. Оларға казактардың шаруашылықтары салынған аудандарда көшіп-қонуға тыйым салынды. Егер Жайық бойында Еділ мен Орынбор казак-орыстары мен қалмақтардың иеліктері орналасса, казактар үшін Каспий теңізінің

жағалауларын пайдалануға дәл солай мүмкіндік болмады. Мұнда помещиктер Безбородко және Юсуповтардың Еділ атырабынан Жайық атырабына дейін 305 верст бойлай Каспий жағасы бойымен жер иеліктері орналасты. Бакшаларда мүлдем ештеңе де өсірілмеді. Жер саудагерлерге жалға берілді, ал олар мұнда балық шаруашылығын ұйымдастырды. Казактарды мұнда үлкен ақы үшін ғана кіргізді.

Тек қана 1740-1743 жылдары ішінде Кіші жүз территориясында және Оңтүстік Оралда: Воздвиженная, Рассыльная, Ильинская, Таналыкская, Уразымская, Кизильская, Магнитная және т.б. елді мекендер пайда болды. Әрине, олар казактардың келісімдерінсіз салынып, олардың көшіп-қону аумағын азайта берді. XVII ғасырдың 50-жылдары Горькая, Ертіс, Колыван, Есіл, Орск және басқа әскери шептер пайда болды. Мұндай саясаттың нәтижесінде жан-жақтан үзіліссіз бекіністер мен форпостардың шептері тізбектеліп, Жайықтың Каспийге құйған сағасынан бастап Өскемен бекінісіне дейін 3,5 мың шақырымға созылды, мұнда негізінен атты казактар қоныстанды. Казак жерін империя қарамағына алу, бекініс жүйелерін орнату саясатын алғаш рет ашық жүргізген Орынбор губерниясының генерал-губернаторы Неплюев еді. Ол онымен қоймай, казактарды Орынбор және Омбы бағыттары бо-

йынша әскер төгіп бағындыру жоспарын жасады, белгілі дәрежеде Әбілқайырдың өлімін де осы генерал ұйымдастырды.

Әбілқайыр өзінің бодандық туралы ұсынысымен Ресейге мұсылмандық Шығысты ашты, бірақ ол жылдары, XVIII ғ. ортасында, бұл байланыстардан казактар тек сауда жасаудан ғана пайда көрді. Өмірінің соңына қарай Әбілқайыр хан екі оттың арасында қалып қояды. Оның Ресей көмегіне сүйеніп бүкіл казакқа әмір жүргіземін деген үміті ақталмады. Әбілқайыр хан өзінің бел балаларының бірін орыс қолында аманатта ауыстыруға өтініш жасағанда орыс отаршыл билік басшылары келіспеді, ақыры екі ел арасында наразылық көбейді. Әбілқайыр Орынбор басшыларнан өшін алғысы келеді, бірақ ол жүзеге аспады. Оның жасаған қимылдарынан еш нәтиже шықпады. Ресей бұл дала ханының айтқанына көнген жоқ, қайта оған қарсы Қырық сан Барақ сұлтанды дайындады.

1748 жылы қарақалмақтарды шабу кезінде Әбілқайыр Қырық сан Барақ сұлтанмен кездесіп қалды. Барақ сұлтан осының алдында ғана Орынбор басшысы П. Неплюевпен тығыз қарам-қатынас орнатқан еді. Патша үкіметінің өзін қолдайтынына, Әбілқайыр үшін жазаға тартылмайтынына сенімді сұлтан ханды қақтығыс кезінде өлтірді. Кейбір нақты

емес деректер бойынша, Кіші жүз ханы 55 жаста болған.

1752 жылы 10 бекіністен және 53 редуттан тұратын Уйскі мен Ертісті байланыстыратын жаңа әскери шептер салынды. Бұл шептер Омбы бекінісін Звериноголовская шебімен (Бағлан) байланыстырып, оған Жаңа Есіл (Ново Ишим) деген атау берілді. Нәтижесінде орыс шекарасы 50-200 верстке Орта жүз территориясына жылжыды. Бұл көшіп-қону жүйесін бұзып, казактардың Ертіс жайылымын пайдалануына тыйым салды.

Мұндай әскери шептердің салынуы XVIII ғасырдың 50-жылдарында патша үкіметіне Орта жүз казактарының жерлерін азайту туралы алғашқы заң актілерін қабылдауға мүмкіндік берді. 1755 жылы наурызда шетел істер Коллегиясы Ертістен өтуге тыйым салды. 1764 жылы казактарға Ертіске 10 версттен жақын және бекіністер мен форпостардың ауданына 30 верстен жақын жерде көшуге тыйым салынды. Казак руларының жылқыларын Құлынды, Алтай жағына өткізуді тоқтату шекаралық қақтығысқа, ұзақ жылдық соғысқа әкелді. Осы кезеңнен бастап көшпелі шаруашылықтың дағдарысы күшейіп кетті. Осылайша казактар өздерінің жақсы жайылымдарынан айырылып, ел ішінде казактардың әскери отарлауларына қарсы наразылығы өрши түсті.

Ресейдің Кіші жүзді өз протекторатына алу кезеңінде казак-қалмақ

майданында белсенді саяси күрес және әскери іс шаралар жүріп жатты. XVIII ғ. 30 ж. ортасында жоңғарлар қайтадан қазақтарға, әсіресе Орта жүзге қысым көрсете бастады. Осы кезеңде Абылай сұлтан әуелі қатардағы жауынгер, кейіннен ұлыс басшысы ретінде Орта жүздің саяси өмірінде, одан соң барлық қазақ одағында халықты қорғауда өте маңызды қызмет атқарды. 1733 жылдары Абылай сұлтан бір шайқаста атақты Шарыш деген жоңғар батырын өлтіреді. Ал Шарыш Қалдан-Цереннің жақын туысы еді. Шарышты өлтіргенін себеп қылып жоңғарлар қазақтарға қарсы үлкен шайқасқа дайындалады.

Жоңғар шабуылының алдын алып, Ресеймен келісімге келмек болған Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтан 1740 жылы Орынборда Орынбор губерниясының жана басшысы генерал-лейтенант Урусовпен жақсы көршілес болу жөнінде келісімге қол қойды, ант беру рәсімі өткізілді. Осының алдында ғана Әбілмәмбет хан 1739 жылы Түркістанда Ахмед Йасауи күмбезінің жанында ақ киізге көтеріп хан сайланған еді. Ресей басшылығымен келіссөзге Әбілқайырдың балалары Нұралы мен Ералы да қатынасты. Бірақ Ресей құрғақ уәде бергенімен, іс жүзінде оны орындаудан бас тартты.

1741 ж. Орта жүздің қазақтары үш жағынан қалмақ әскерлерінің қоршауында қалды. Оңтүстіктен оларға қарсы Сары Мәнжінің от-

ряды, солтүстіктен Ертіс өзені бойымен Септен отряды, шығыстан Қалданның үлкен ұлы Лама Доржы отряды шығады. Қазақ шежіресінде осы оқиға және Абылай сұлтанның тұтқындалуы «Сүзекінің қолы» (сүзекі-балық аулау құралы) деген атаумен кездеседі. Осы айтылған қалмақ отрядтарынан басқа Жалбы батырдың басқаруымен жасақталған арнайы қосын болды, олардың мақсаты Абылайды ұстап алу еді. Жалбы Абылайды Ұлытау маңында қолға түсіреді.

Абылайдың артынан қазақтар жоңғар ордасына Қаз дауысты Қазыбек би, Малайсары батырдың басшылығымен 90 би-батырларды жібереді. Келіссөздер нәтижесінде қазақтар мен қалмақтар бірнеше келісімдерге келеді. Қазақ фольклорында Қалдан мен Абылайдың арасында жасалған келіссөздер жайында көптеген мәліметтер кездеседі. Абылайды Қалданның алдына әкелгенде, Қалдан Серен: *«Мен сені Шарыштың орнына өлтіремін. Қандай қалауың бар?»* – дейді. Сонда Абылай: *«Тақсыр, менің 3 арманым бар. Бірінші, мен Шарышты шайқас үстінде өлтірдім. Ал сендер мені ұйықтап жатқан жерімде ұстап алдыңдар. Мен қазақтар мен қалмақтардың шайқасында өлуді армандаймын. Екінші, қазақтар көшпелі халық, олар отырықшылыққа үйренбеген. Мен оларды отырықшылыққа үйретуді,*

оларға өздерінің қалаларын алып беруді қалаймын, сонда өлсем өкінбес едім. Үшінші, төрт атадан бері жалғыз едім. Егер мен еш ұрпақсыз өліп кетсем, сонда менің тұқымым да жоғалып кетеді деп соны уайымдаймын», – деген екен.

Осы сөздерден кейін Қалдан басын төмен түсіріп ұзақ ойланып отырады да, қасындағы уәзіріне бұрылып, өз тілінде: *«Оның айтып отырғанының бәрі шындық, әсіресе соңғысы. Мен де бір атадан жалғызбын, егер менің ұлым бірденеге ұшыраса, менің де ұрпағым жоғалады»,* – дейді. Сол уақытта «Алдияр» деп Абылай орнынан ұшып тұрады. *«Неге сен маған алдияр дедің, мен саған бостандық сыйлаған жоқпын ғой?»* – дейді Қалдан Абылайға. Сонда Абылай: *«Тақсыр, мен сіздің тіліңізді түсінемін, сіз жана мені өз балаңызбен теңестірдіңіз, ол бостандық емес пе?»* – дейді.

Абылайды босатуда және Жоңғариямен бейбіт келісімдер жасауда 30-60 жж. қазақ ханы Әбілмәмбет те маңызды рөл атқарды. 1740 ж. Орбегінісінде Әбілмәмбет хан Ресейге адал болатынын айтып ант береді. Әбілмәмбет пен Абылай В. Урусовпен келісімге қол қойғанда Қалдан Церенге қарсы шайқаста орыстар көмек көрсетеді деген үмітте болды. XVIII ғ. 40-ж. басында Орта жүзге жоңғар шабуылы кезінде орыстар тарапынан ешқандай көмек көрсетілмейді. Сол себептен Әбілмәмбет 1742 ж.

өзінің ұлы Әбілпейізді Қалдан Церенге аманатқа береді. Бұл елшілікті Әбілмәмбет заманындағы атақты аталық Нияз батыр басқарды. Осының арқасында Абылай сұлтан босатылады. Ақылды, дипломат Әбілмәмбет Түркістандағы қалалардың билігін өз қолына алады. Оның өмірі қазақ хандығының астанасында өтті, ал жазда Сарыарқаға көшіп отырды. 1745 ж. Қалданның өлімі Жоңғар хандығының күйреуіне әкелді. Қалданның 3 ұлы болды. Үлкені Лама Доржы 19 жаста, ортаншысы Цеван Доржы (Әжіхан) 14 жаста, кішісі 8 жаста болды. Қалдан өлгеннен соң билікке жақын болған адамдар әскери істе тәжірибелі үлкен ұлы Лама Доржыдан қорқып, билікті екінші ұлына береді. Кейіннен билікке Дебачи мен Амурсана екеуі таласады. Тақ үшін таластың нәтижесінде Жоңғар мемлекеті толық қирады. Қытайлықтар жоңғар билеушілерінің өзара келіспеушілігін пайдаланып, әскерін жіберіп, қалмақ жерін қырып-жойып, жаулап алады. Қытай қауіпі күшейген тұста қазақ билігі Абылай қолына шоғырлана бастады.

1733-1734 жж. Ұлы жүздің бірнеше сыйлы адамдары Ресей бодандығына көшуге ниет білдіреді. 1734 ж. 10 маусымдағы императрицаның грамотасында Ұлы жүздің ірі рубасыларының орыс бодандығын қабылдағандығы жарияланды. Бірақ Ұлы жүз жерінің Ресейден алыс орнала-

суы, халықаралық және ішкі жағдайлардың қиындығына байланысты Ұлы жүз шын мәнінде Ресейге кейінірек қосылды.

Көптеген халықтық эпостарда және жырларда Абылай ханның іс-әрекеттері жарқын суреттелген. Ол XVIII ғ. қазақ халқының ұлы билеушісі ретінде қарастырылады. 30 ж. бастап ол көрші елдермен келісімдерге қатысып, қазақтардың негізгі әскери жорықтарын басқарды.

1740 ж. Абылай жоңғар мемлекетімен бейбіт келісімге келіп, қазақтарға Сырдария маңындағы қалаларды қайтарып береді. 60-ж. ол Ресей және Қытаймен дипломатиялық байланыстар жасайды және оларды бір-біріне қарсы пайдалана отырып, өзінің жерін көршілерінен қорғап қалу саясатын жүргізді. Оның XVIII ғ. ортасындағы белсенді сыртқы саясаты Ресейді ойландыра бастады. Абылайдың сыртқы саяси қызметін аңду мақсатында отаршылдық әкімшілік жергілікті губернаторларға бірнеше тапсырмалар береді. Орынбор губернаторы А. Давыдовқа берілген шет істер Коллегиясы тапсырмасында «...Ұлы Императордың жарлығын орындауда басты және маңызды істер мыналар: 1. Абылай сұлтанның Орта қырғыз-қайсақ ордасындағы ешбір оқиғаны қағыс жібермеу, бақылау...» (1759) туралы айтылған.

Абылай ханның көреген және ержүрек саясатының арқасында XVIII ғ.

көпшегі этностардың ішінде қазақтар алдыңғы орынға шықты. Осы кезеңді Ш. Уәлиханов былай бағалайды: «Қазақтардың аңыздарында Абылай керемет жоғары орын алды, Абылайдың ғасыры қазақтың ерлік ғасыры болып табылады».

Қазақ хандарының ішінде Абылайға дейін де және одан кейін де ешбір хан мұндай шексіз билікке ие бола алмады. Абылай Қазақстанда және одан тысқары жерде көреген әрі ақылды саясаткер ретінде танылды. Қорықпайтын жау жүректігі, данышпан көрегендігі, әскери ақыл-айласы, бойындағы күш-қуат, өткір ойы, дарынды дипломат болғаны оның бүкіл қазақ қоғамын билеуге лайықты қасиеттері еді. Оның дипломатиялық қабілеттілігі, жеке басының ерлігі мен батылдығы күрделі заманда айқын көрінеді. Абылай мұсылмандық білім алған, сауатты ел билеушісі болды.

1755-1757 жж. Қытай Жоңғарияны жаулап алып, содан соң Қазақстанның шекарасына жақындайды. Оған себеп қазақтың көсемдері Абылайдың бастауымен жеңілген жоңғарларды қолдап тұрады. Олар қалмақтардың соңғы ханы Әмірсананы Қытайға бермей, қайта Қытай әскерлеріне қарсы соғысқа қатысады (1756 ж.). Қазақ билеушілері жоңғар мемлекетін сақтап қалуды көздеді, өйткені ол Қазақстан мен Қытай арасында қалқа ретінде еді. Абылай бастаған казак көсемдері жоңғарларды қолдауға

тырысты, олар қалмақтардың соңғы ханы Әмірсананы қытайларға ұстап бермеді, тіпті қытай әскерлеріне қарсы тұруға да мәжбүр болды (1756-1757 жж.). Қазақ билеушілері Қазақстан мен Қытай арасындағы буферлік роль атқарған осы мемлекетті сақтап қалуға үміт артты. Жоңғар мемлекетінің құлауы аймақтағы саяси ахуалды түбегейлі өзгертті. Орта және Ұлы жүздер басқыншылық жоспарды көздеген Цинь империясының Қазақстанға қатысты орасан зор агрессиясына бетпе-бет келді. 1756 жылдың көктемінде Абылайға Әмірсананы ұстап беруді үзілді-кесілді талап еткен грамота жіберілді. Қазақ қолбасшыларының пікірлері екіге бөлінді, алайда Абылай батыл бағыт ұстанып, Қытай талабынан бас тартады.

1756 ж. жазда Қазақстан территориясына маньчжур генералдары Хадаха мен Дардана бастаған Цинь армиясы басып кіреді. Қазақ пен Қытай арасындағы алғашқы соғыс 1756 ж. мамырында Шаған Оба ауданында болды. Қанды шайқастан кейін қазақтар батысқа қарай шегінді. Келесі ірі шайқас Жарлы өзенінің бойында Қарқаралы тауларында болды. Осы шайқаста 500 қазақ өледі. Шегінгендерді өкшелеген Қытай әскері Нұраның жағалауына дейін жетіп, біртіндеп батысқа қарай жылжи береді. 1756 ж. күзде Абылай Баянауыл тауларында әскер жинап, Баянауыл-

дан батысқа қарай Шідерті өзенінің бойындағы болған кезекті шайқаста Цинь әскерлерін орасан зор шығынға ұшыратты. Шайқас болған жерді қазақтар «Шүршіт қырылған» деп атады. Қазанда Нияз тауының баурайында қытайлықтардың Бөгенбай батырдың жасақтарымен шайқасы болды. Қазақ жасақтарымен болған көптеген қастығыстар мен олардың тегеурінді қарсылығы циндіктердің бастапқы, суық түскенге дейін өзінің екі әскерін қосу туралы жоспарын тас-талқан етті. Цинь өкіметі орасан зор шығындарға, азық-түліктің жетіспеушілігіне және катал қыстың түсуіне байланысты өзінің әскерлерін Қазақстаннан кері шақыртып алуға мәжбүр болды. Қытай және орыс мұрағаттарының мәліметтеріне қарағанда, батысқа аттанған 20 мыңдық Қытай әскерінен 3 мыңға жуығы ғана қайта оралған.

Алайда, 1756 ж. аяғында әскери қимылдар жаңғыртылды және Жоңғарияның территориясына ауысты. 1757 ж. жазында Цинь әскерлері Тарбағатай таулары арқылы казак жерлеріне басып кіреді және осы жерде Аягөз маңында қазақтардың қытайлықтарға қарсы соңғы шайқасы болды. Бұдан кейін Қазақстан мен Қытайдың қарым-қатынасы территория және сауда мәселелеріне байланысты болды. XVIII ғ. 60-70 жж. қазақтар жоңғарлардан азат етілген өз жерлері үшін тегеурінді

күрес жүргізді. Алтай, Тарбағатай тауларындағы ескі қоныстарына алдымен керей және найман тайпалары, ал Жетісуға үйсін одағы ұмтылды.

XVIII ғасырдың екінші жартысында Абылайдың ішкі саясаты орталық билікті нығайтуға бағытталды. XVIII ғ. 30-ж. дағдарыстан кейін сұлтандардың рөлін көтеру ондай емес еді. Абылай үлкен қауымдарды ұлыс жүйесімен басқаруды енгізуге тырысты. Осылайша Абылай хан үш жүздің негізгі бөлігінің басын қайта құрап, казак мемлекеттілігін жаңғыртты.

Орталық билікті күшейтуде Абылай ханның жасаған екінші бір шарасы өз дәуіріндегі беделді, өнерлі жеке тұлғаларға сүйену болды. Абылай ханның жанында XVIII ғ. ұлы жыраулары Бұхар жырау, Үмбетей, Тәттіқара; батырлардан Қабанбай, Бөгенбай, Малайсары, атакты билер Ұлы жүздегі Төле би және Орта жүздегі Қазыбек биді көруге болады. Осы және басқа да шаралар мықты орталықтанған мемлекет құруға негіз болды. Абылай хан (1771-1781) казактың мемлекеттілігін сақтап, берік ұстау үшін данышпандық саясат жүргізді. Абылай ханның белсенді ішкі және сыртқы саясатына байланысты Қазак хандығы мықты және біртұтас мемлекетке айналды.

1781 жылы ерте көктемде Абылай хан қайтыс болды және ол Түркістанда Қожа Ахмет Йасауидің кесенесіне жерленеді.

Егер енді Кіші жүзге келсек Әбілқайыр хан қайтыс болғаннан кейін билікке оның үлкен ұлы Нұралы хан (сұлтан Нұралы, Нұрғали Қазы Бахадур) келді. Жас кезінен Нұралы саяси және шаруашылық істерге араласып, ірі ұлысты басқарды. 1731 жылы әкесінің тапсырмасымен К. Тевкелевті қарсы алған. 1740 жылы Арал казактарының ханы атанды, 1741 жылы Надір-шах қойған Хиуа ханы Тахирды өлтіреді. Бірақ Надірдің баласы өлген ханның орнына Елбарыс ханның баласы Мұхаммед Әбілғазыны тағайындайды, сондықтан Нұралы Хиуа тағынан айырылып, Отанына оралады.

1748 жылы Нұралы әкесінің орнына хан болып тағайындалды. Келесі жылы Ресей оны мойындады. Нұралы хан Ресейдің ашық жақтаушысы ретінде 1755 жылы Батыршы бастаған башқұрлар көтерілісін жазалауға қатысады. 1771 жылы Еділден Жоңғарияға қашқан торғауыт қалмақтарды Кіші жүздің әскерін бастап қуды. Қазактардың башқұрт ісіне араласуы және оларды басып-жаншып қуғындау екі ел арасында кейін қатыгез барымталар мен реніштерге әкелді.

Е. Пугачев көтерілісі кезінде Нұралы екі жақты саясат жүргізді. Кіші жүз рулары бірнеше рет ханға наразылық білдіріп, патшаға реніштерін хатта баяндайды. Нұралының өзі де патшаға репрессиялық шаралар-

ды қолдануды ұсынып, казактардағы қуатты ру басшыларының, соның ішінде Қазыбек, Қабанбай батыр билігін әлсірету керек екендігін айтады. 1786 жылы Сырым батырдың қозғалысы күшейе түскенде, оның билігі әлсіреп, хан Ресей бекіністерінде тығылып, содан Уфаға көшіріледі.

1786-1790 жылдары Кіші жүзде хан билігі болмайды. Нұралы ханның оралуын Ресей үкіметінен Орта жүздің ірі қайраткерлерінің бірі Құдайменді, одан кейін Уәли хан сұрайды. 1787 жылы Кіші жүздегі ірі жиналыста елбасылардың біразы Әбілқайырдың аруағын құрметтеп, Нұралының билікке оралуын талап етеді. Бірақ Нұралы 1790 жылы Уфада қайтыс болып, сонда жерленеді.

Абылайдың 30 ұлының үлкені Уәли хан (сұлтан Уәли Бахадур, Вали) 1781 жылдан 1819 жылға дейін билік етті.

Уәли ерте жастан Орта Азияның саяси өміріне араласты. Ресей елшілері оның саясатта әкесіне ұқсастығын баяндайды. Ол Жоңғарияға, Орта Азияға қарсы жасалған жорықтарға қатысты, әкесі жорықтарда жүргенде ұлыстың ішкі істерімен айналысты. 1769 жылы Бұхар жыраудың ұлы Жарылғаппен бірге Қытайға аттанған 15 адамнан тұратын елшілікті басқарады.

1781 жылы әкесінің орнына халық Уәлиді хан етіп тағайындады. Кейін ол Ресей мен Қытайға бұл шешімді

жария етіп, олардан өзін мойындауын талап етеді.

Ресей ханды тағайындауды өз бақылауына алғысы келіп, мынадай мәселеде қалай жауап беру керектігін қатты ойлады. «Уәли сұлтаннан келген елшілердің, билердің айтуы, жалпы Орта жүздің сұлтандары, ру басшыларының және бүкіл халықтың келісімі хандық билік үшін Ресейден келген грамотадан гөрі маңызды деп есептейтіні рас...»

Мұрагерлік туралы мәселе Абылай ханның кезінде талқыланған еді. Халықтың айтуынша, Абылай хан өзінің орнына ру басшыларына бәйбішесі Сандық ханымнан туған үлкен ұлы Уәлиді және төртінші әйелі Топыш сұлудан туған Қасым төрені ұсыныпты-мыс. Халық ішкі саясатта мінезі жұмсақ Уәли сұлтанды таңдайды. Сол жылы Ресей мен Қытай оның хандық билігін мойындайды. 1794-1795 жылдары Уәлиге оған бағынышты кейбір рулар қарсы шығады. 1795 жылы Сібір шекаралық басшысына сеніп, Уәлиге 2 сұлтан, 19 ру басшысы, 120 мыңнан артық казактар қарсы шығады. Олар II Екатеринаға Уәли ханның «қанауынан» босатуын сұрап және «Ертістің оң жағалауына көшуге» рұқсат сұрайды. Хаттың екінші бөлімі орыс үкіметін үрейлендіреді. Себебі, олар жаңа ғана көшпелілерден Құлынды даласы мен Алтай тауының маңын босатқан еді. Ресей үкіметі

сондықтан ханмен жақсы қатынас орнатуға және қарсы руларды басуға тырысады. Дегенмен, ханға қарсы істер жалғаса берді. Генерал-поручик Штрадман Санкт-Петербургтегі баяндамасында былай дейді: «Мен Уәли ханды құлату үшін Тобыл және Есіл линиясының бригадирі Штрейдерге бар мүмкіншіліктерді қолдануға рұқсат бердім».

Уәли хан Қазақстанның шекарасындағы орыстардың қатыгездігі мен заңсыз істеріне қарсы шығуды тоқтатпайды. Ол патшадан: «Қырғыз (қазақ) Ордасында мекендейтін рулардың жеріне үстемдікті тоқтатыңыз, бұрынғы кезде патша мен генералитет Орда билігіне таласпайтын және біздің жерімізге иелік жасамайтын, басынуға рұқсат етпеңіз...» – деп сұрайды.

XVIII ғасырдың 80-жылдарында Кіші жүз ауыр жағдайға тап болды. Ресей үкіметінің отаршылдық саясаты күшейді. Орал казактары елдің ішкі территориясын жаулап, Жайықтың бойындағы шұрайлы өлкеге қосып Елек өлкесін, т.б. жерлерді алды, ал империялық саясатқа басыбайлы қазақ ақсүйектерінің кесірінен қазақ-башқұрт, қазақ-қалмақ келіспеушіліктері өрши түсті. Кіші жүздегі Нұралы хан мен оны жақтаушы билеушілер елдегі үрейді тоқтата алмады. Ұзаққа созылған дағдарыс себебімен халық арасынан ел бастаушы көсемдер шыға бастады. Ресейге

қызмет істеп жатқан Әбілқайыр хан тұқымына қарсы оппозициялық топты Сырым Датұлы бастайды.

С. Датұлы жақсы қолбасшы және білікті саясаткер есебінде танымал. Сол арқылы ол халықпен де, Ресей чиновниктерімен де, хан-сұлтандармен де тіл табыса білді. Мұны А.И. Левшиннің жазбаларынан көруге болады: «Сырымның жасаған істерінен оның намыскер, шыдамсыз, кекшіл болғанымен, айтқан сөзінен қайтпайтын және алға жылжуға ұмтылатынын байқауға болады. Ол өзіне болашақта тиімді және пайдалы істі көрсе, міндетті түрде қолдан шығармайды. Оның ханға қарсы болу себебі – өзінің ішкі тарлығы. Себебі, ол хан бола алмайды, қарасүйек. Сондықтан әрқашан хан билігінің ешқандай пайдасының жоқтығын дәлелдегісі келіп, тұқымында жоқ ақсүйектікті өзінің батырлығымен айырбастағысы келді». Қалай дегенмен Сырым нағыз ірі көсем елі.

Кіші жүздегі XVIII ғасырдың аяғындағы көтерілістің негізгі себептері: жер мәселесі, патша үкіметінің көшпелілерге Орал өзенінің «ішкі жағына» мал жаюға тиым салуы, сонымен қоса ру басшыларының билігін қысқартуы, халықты ханның да, сұлтанның да, Орал казактары мен патша әкімшілігінің де тонауы.

XVIII ғасырдың 80-жылдары көтеріліс күшейе берді. Егер қазақ ауылдары енді жиі тоналса, қазақ

батырларының бекіністерге аттануы да жиіленді. Бұл, әсіресе 1783 жылдың көктем мен жазында Сырымның Орал казактарының қолына тұтқын болуынан кейін өрши түсті. Нәтижесінде 1783 жылы жазда Нұралы хан Сырымды босатып алу үшін ақы төлеп, елге қайтарды. Бұл жерде оның туыстығынан бұрын Сырымның әйелі Нұралы ханның туған апасы, негізінен Сырымның дала халқы арасындағы үлкен беделі себеп болды.

Осы кезде казактардың ашық түрде патшаға қарсылығы үлкен аумақта жүрді. Олардың бағыты Жайықтың төменгі ағысындағы бекіністерге және Ор бекінісінің ауданына бағытталды. С. Датұлы өзіне 2700 адамнан тұратын әскер жинаса, негізінен көтерілісшілер саны барлығы 6 мың болған, кейбір деректерде – 7 мың. Негізгі көтерілісшілер бұл шаруалар және Нұралыға қарсы билер, ру басшылары еді. 1785 жылдың шілдесінде Кіші жүз ақсақалдары II Екатеринаға жазған хатында «Біз қырғыз-қазақ жұртының қарапайым Кіші жүз халқымыз, барлық қара халық пен оның басшылары Нұралы ханға қарсы... Егер де хан билігінен Әбілқайырдың тұқымын алып тастамасаңыз, арамызда тыныштық болмайды. Бұл оның бүкіл тұқымына қарсылығымыздан емес, ханның қатыгез саясатынан туындайды. Сондықтан оны тақтан тайдырмағанша, ешқандай келісім

сөз де, бейбітшілік те болмайды». Сырымның ханнан тыс жүргізген саясатының нәтижесінде олардың арасы тез суыды.

1785 жылы қозғалыс бүкіл Кіші жүзге таралы. Нұралының беделі мен билігі әлсіреді. Халық оны жақтамааса, патша үкіметі оның билігінің әлсіздігіне көз жеткізеді. 1784 жылы Сибирск және Самарск билеушісі болып О.А. Игельстром тағайындалды. Ол 1785 ж. күзінде Кіші жүзде жиылыс ұйымдастырып, күн тәртібіне екі мәселені қояды: хан билігін жою және Кіші жүзді 3 бөлікке немесе «негізгі ордаларға» бөлу. Отаршыл билік саяси дағдарысты пайдаланып, хандық билікті жоюға асықты.

Сол кезде көтерілісшілер хан ауылына шапқыншылығын қайтадан бастайды.

1786 жылы сәуірде хан Нұралы елден қашып, ал 1786 жылдың 3 маусымында II Екатерина Нұралы ханды биліктен аластату туралы рескриптке қол қояды. Бірақ Игельстромның реформасы Нұралы ханның ағасы Ералы сұлтан бастаған қарсылыққа тап болды. Олар хандық билікті қайтаруды талап етеді.

1797 жылы қазанда Айшуақ хан болып сайланды. Бұл С. Датұлының қозғалысының жеңілісінің көрінісі еді. Ол Нұралының балалары, Айшуақтың жақтаушылары аңдығандықтан Хиуа хандығына көшіп, Хиуада 1803 жылы қайтыс болды.

С. Датұлы бастаған Кіші жүздегі қазақтардың бас көтеруі – Ресей патшалығының орталық саясатына және патша өкіметінің қолжаулықтарына айналған Әбілқайыр тұқымына қарсы болған алғашқы ашық көтеріліс.

2.5. Мәдениеті

Қазақ хандығы дәуірінде қазақ мәдениетіне Орта Азия өңірі аса көп әсер етті, тіпті қазақ мәдениеті осы өлкемен біте қайнаскан мәдениет деп айтуға болады. Қазақ хандығы тәуелсіз ел болғаннан-ақ Сырдария маңындағы қалалар үшін белсенді күрес жүргізді. Кезіндегі Өзбек ұлысының астанасы болған Сығанақ, шығыс авторларының айтуы бойынша, Шығыс Дешті қыпшақтың сауда орталығы болған. Ал Ташкент (Шаш), Түркістан (Ясы), Сайрам, Отырар қалалары Қазақстанның оңтүстігіндегі ірі сауда-экономикалық және мәдени орталықтары болғанды. Бұл қалалардың маңында екінші деңгейдегі серік қалалар орналасты. Әр қаланың өзіндік ерекшелігі болды. Сауран өзінің қорғаныс қамалымен және суармалы арналарымен ерекшеленді. Түркістан-Қазақ хандығының астанасы ретінде діни орталық, пантеон болса, Ташкент пен Сайрам – ауылшаруашылықтың орталығы және өзінің ішкі құрылымында автономды болды. XV-XVIII ғғ. бұл қалалар саяси орталықтың ролін атқарды. Олар-

да қазақ хандары мен сұлтандардың ордалары орналасты. Сонымен қатар, керуен жолдары өтетін (Ұлытау, Жетісу) Қазақстанның далалық қалаларында тіршілік болды. Бірақ та біз қарастырып отырған кезеңде Орта Азияның өзге дүниеден мәдени оқшауланған мешеу дамуы шегіне жетті. XVII ғ. аяғы мен XVIII ғ. басында тек Түркістан мен оның қала серіктері және Ташкентпен оған тиісті елді мекендер өздерінің көшпелілікке таяныш және партнер маңызын сақтап қалды.

XVIII ғасыр өзіне дейінгі тарихи кезеңдерден өзгеше екендігі сөзсіз. Оның негізгі мазмұны қазақ халқының Ұлы даланың бүкіл периметрінде жүргізген алапат жаугершілікпен тікелей байланысты. Шоканның бұл дәуірді «ерлік ғасыры» дейтіні де сол себепті. Қазақ руханиятының ең басты қазынасы ауыз әдебиеті мен музыкалық шығармалар осы дәуірді барынша жарқын көрсетуге бағытталған. Ғасырдың алғашқы ширегінде қазақ этносының бірсыпыра бөлігі солтүстік алқапта қыстай бастады. Уақыт өте келе Арқа қазақтарының өз мәдени дамуында жаңа құндылықтарға өте бастағанын және оның Еуразия көшпелілерінің көне мәдени үлгілеріне жақын екенін аңғарамыз. Бұл жыраулық дәстүр мен музыкалық пьесалардан айрықша көрініс береді. Егер біз XVIII ғасырдағы қазақ мәдениетін

жеке қарастырсақ, оның мазмұнынан тек Түркістан және Мәуреннахр әсерін ғана емес, еуразиялық далалық құндылықтарды түгелге жақын көреміз. Сонымен бірге, қарастырып отырған кезеңде қазақ мәдениетінде солтүстік атырапта орналасқан мәдени орталықтардың да әсері сезіледі. Қалай болғанда да қазақтарда Еуразияның орта ғасырлық көшпелі құрылымдарына тән барлық дәстүрлер сақталып қалды. Бұл материалдық мәдениетте де және рухани мәдениетте де айқын көрініс тапты. Ауыз әдебиетінің қазыналарын жасап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген ақындар, жыраулар, әнші-сазгерлер болды.

XVIII ғ. толғаулар, өлеңмен жазылған ой-пікір мен өсиеттер кеңінен таралды. Оның авторлары белгілі жыраулар Ақтамберді, Бұқар, Үмбетей, Тәттіқара және т.б. мемлекет және ұлт мүддесінің шын жанашырлары болды. Жыраулармен қатар XVIII ғасыр – суырыпсалма ақындардың заманы. Жыраулардан көрнекті саяси қайраткерлер, хандардың кеңесшілері, рубасылары, әскер басылары болғандары да аз емес.

Ақтамберді жырау Сарыұлы (XVII-XVIII ғғ.) Оңтүстік Қазақстанда Қаратау өңірінде өмірге келді және бала күнінен-ақ суырыпсалма ақын ретінде танымал болды. Ол жонғарларға қарсы барлық соғыстарға белсене қатысты, ал XVIII ғ. 50-ж.

қазақтардың жонғарлардан қайта жаулап алған жерлерге, шығысқа қарайғы қозғалысты басқарды.

Үмбетей Тілеуұлы (1697-1786 жж.) жонғарға, қытайға қарсы батырлық күресті, халықтың бейбіт өмірге ұмтылуын жырлады. Үмбетейдің неғұрлым танымал шығармасы Бөгенбай батырға арналады.

XVIII ғ. Бұқар Қалқаманұлы (1683-1780 жж.) ерекше танымал болды. Бұқар жырау Тәуке хан мен Абылайдың тұсындағы ықпалды би, абыз, кеңесші қызметін атқарды. Ол – мемлекеттің тұтастығына, оны сыртқы жаулардан қорғауға арналған орасан көп толғаулардың авторы, ұлттық идеологияның жаршысы.

Жырау тек қана жыршы емес, сондай-ақ қатардағы қауым мүшелерінің – еркін көшпелілердің мүдделерін жақтаушы. Толғау кей кезде көрегендік сәуе ретінде орындалады, жырау көшпелілер қоғамында қандай да бір дәрежеде абыздың миссиясын атқарады. Толғаулар өмірдің мәні, дүниенің баянсыздығы жөніндегі философиялық ойларға толы болды:

*Айналасын жер тұтқан
Айды батпас деменіз.
Айнала ішсе азайып,
Қол суалмас деменіз.
Құрсағы құшақ байлардан
Дәулет таймас деменіз.
Жарлы, жарлы деменіз,
Жарлы байға теңеліп,*

*Жайлауға жарыса көшет
демеңіз.*

Жалғызды жалғыз демеңіз,

Жалғыз көпке теңеліп,

Бір жаһанда соғысып,

Кегін алмас демеңіз.

Құландар ойнар құр тақыр,

Көлік болмас демеңіз.

Құрай бітпес құба жон,

Құлан жортпас демеңіз.

Құрсағы жуан боз бие,

Құлын салмас демеңіз.

Құлық туған құлаша,

Құрсақтанбас демеңіз.

Қу таяқты кедейге

Дәулет бітпес демеңіз!

(Бұқар жырау)

Тек XVIII ғ. аяғында ғана жаугершілік дәуірдің аяқталуына байланысты жыраулық дәстүр біртіндеп әлсірей бастады да, оның орнына ақындардың жаңа толқыны – Көтеш, Шал және т.б. келді. Енді поэзия мазмұнында тұрмыстық мазмұн көбейіп, керісінше мемлекетшілдік, ер-азаматтық, жауынгерлік тақырыптар азайып кетті. Фольклордың толық үстемдік еткен дәуірінде Қазақстандағы сопылық ағымның таралуына байланысты діни әдебиетті ғана жазба әдебиетке жатқызуға болады. Бұл жағынан XVIII ғасырдың рухани өмірінің негізгі мазмұны Түркістан өңірінде қалың қоныстанған қожалар әулеттерінің қызметімен анықталды.

Сонымен бірге, бұл кезеңді кітаби әдебиеттің қазақ даласына жаңа тарай бастаған уақыты деп айтуға болады, осы тұрғыдан қазақтарға Еділ бойындағы мұсылман орталықтары да айтарлықтай әсер ете бастады.

3-тарау. XIX ғасырдағы Қазақстан

3.1. Дәуірдің ерекшелігі

Адамзат тарихының бірнеше мыңжылдығы бойы Қазақстан территориясы Еуразия құрлығының эпицентрі, яғни алтын бесігі болды. Ұлы далада пайда болған саяси институттар мен дала өркениетінің бағалы ерекшеліктері мен құндылықтары әлемге үлгі болып тарады. Осы жағдай шумер – үндіеуропа, арий-тұран, скиф-сақ дәуірлерінде әлем мойындаған қалыпты заңдылық болды, осы дәстүр гүн, үйсін, қаңлы қауымдары билік етіп әлемдік империя құрған кезеңде де сақталды. Өз заманында да қазақ жерінің шығыс қапталында пайда болған түркі-ашина қағанаттары мен Шыңғыс әулеті құрған Алтын Орда империясының кезінде де Еуразия көшпелілерінің рухы өзгеден басым өмір сүрді. Алтын Орда (*Ұлығ ұлыс*) құлағаннан кейін де қаңшама қысымшылық болғанымен, Ұлы дала XVIII ғасырдың соңына дейін өз заңдарымен өмір сүрді. Байтақ дала өркениеті 1781 ж. қазақтың *«үш жүзінің атының ба-*

сын бір кезеңге теңеген» Абылай хан қайтыс болғаннан кейін тарихтың жаңа соқпағына түсті. Еуразия даласының шығыс алқабына Ресей империясының билігі жүре бастады. Кіші жүзде хан билігі Әбілқайыр хан Барақ сұлтан қолынан өлгеннен кейін Орынбор шенеуніктерінің қолындағы ойыншыққа айналды. Абылай хан қайтыс болғаннан кейін қазақ елінің жақсылары жиналған кеңесте, ас кезінде, оның үлкен ұлы Уәли хан сайланды. Бұл кезеңде Абылай ұрпақтарының қолында қазақ жерінің Түркістаннан бастап Сібірге дейінгі аймағы болды, Жетісу мен Ташкент арасындағы Ұлы жүз қоныстары да Абылай балаларына қарады. Алауды мекендеген қырғыз елі ақ үйлі аманат тәртібімен Абылай ордасына бағынып тұрды. Тағы бір ескеретін мәселе, Уәлиді хан сайлау Ресей рұқсатынсыз іске асты, тек ол сайланғаннан кейін ғана орысқа хабар жіберілді. Сол себепті патша үкіметі оның билігін әлсірету үшін алдымен жарлықта Уәлидің тек Орта жүз ханы екенін айтып, екінші жағынан сұлтандар мен рубасылардың сепаратистік толқуларын барынша қолдап отырды. 1815-1817 жж. патша әкімшілігі Орта жүзде екінші хан билігін ұйымдастырды, ол Барақ ұлы Бөкей еді. Бөкей хан 1819 жылы және Уәли хан 1820 жылы өлгеннен кейін Орта жүздің жаңа ханы бекітілмеді. Уәлидің орнына ел басшылары

ұсынған Ғұбайдолла патша өкіметі тарапынан қолдау таппады. Ел арасында да ынтымақ пен ауызбірлік азайды. Бірақ бұл кезеңде Алтай мен Тарбағатайды игеріп, Қытай империясымен көрші мекендеген Орта жүздің бір бөлігі өз бетімен күн кешті.

Абылай хан қайтыс болғаннан кейін Қоқанд, Қырғыз, Қарақалпақ, Құрама иеліктері өз бетімен өмір сүруге көшті, олардың ішінде Қоқанд оңтүстіктегі бұрынғы қазақ иеліктерін өзіне қарату саясатын жүргізді. 1740 жылы Жолбарыс хан Ташкентте өзбек қолынан өлгеннен кейін шын мәнінде Ұлы жүзде хандық билік дәуірі аяқталып қалды. Осы ғасырдың соңына қарай Ұлы жүз қазақтары Ташкент билігінен ығыстырылып, негізгі бөлігі Қоқанд хандарының билігін мойындауға мәжбүр болды. Жетісу бөлігіндегі Ұлы жүз қазақтары Абылай ханның балаларының билігінде өмір сүргенімен, амал жоқ, бір жағы Ресейге, бір жағы Қоқандқа жалтақтауға мәжбүр еді.

Ресей қазақ даласында хандық билікті біржолата жойып, оның орнына жаңа басқару жүйесін дайындады. *«Сібір қазақтары туралы жарғы»* аталатын қазақ өмірін түбегейлі өзгерткен құжат 1822 жылы М. Сперанскийдің басқаруымен жасалды. Бұл құжаттарды қазақтар *«Жаңа нұсқа»* деп атайды және ол ең алдымен Орта жүз аумағында іске аса бастады.

Сібір Батыс және Шығыс болып екі бөлікке бөлінген соң казак даласының территориясы Батыс Сібірге каралады. 1839 жылға дейін орталығы Тобылда, ал 1839 жылдан Омскіде орналасты. «Сібір казактарының облысы» жарғы бойынша ішкі және сыртқы аймакка бөлінді. Сыртқы аймакка Ертістің сол жағасын мекендеген көшпелі казактар енді. 1822-1838 жылға дейін жеті дуан құрылды: Қаркаралы, Көкшетау, Аягөз, Акмола, Баянауыл, Сарысу және Көкпекті. Аймақты билеген округтік приказдарда (казактар«дуан» деп атайды) әкімшілік, полиция, сот орналасты. Бұйрықты аға сұлтандар басқарды, оның карамағында 4 орынбасар жұмыс істеді – 2 казак (казактар «казы» деп атайды), 2 орыс (казактар «майыр» деп атайды). Аға сұлтан жарғы бойынша 3 жылға сайланды және уақытша майор атағы берілді. Үш сайлаудан кедергісіз өткен соң оларға дворяндық диплом берілді. Бір округке 15-20 болыс кірді. Оның басында сұлтан тұрды, ал кейбір руларда сұлтандар болмаған соң, болысты карасүйектерден де таңдалды. Жағдайы бойынша олар 12-класты шенеуніктермен теңелді, олардың билігі орындаушылық түрінде болды: үкімді орындау, «дуанның» бұйрығын және сот үкімін орындау. Әрбір болыс 10-12 ауылдан тұрды. Ауыл старшындары 3 жыл сайын сайланды және аға сұлтан бұйрығымен бекітілді. Әрбір осындай әкімшілік

ауылда 50-70 шаңырақ бірікті. Жарғы бойынша сот істері азаматтық және қылмыстық болып бөлінді. Қылмыстық істердің ең маңыздылары билердің құзырынан алынып, Ресей әскери сотының карамағына берілді. Қазактың қоғамдық дәстүрлі карымкатынастарын реттейтін «барымта» институтының билер құзырынан алынуы, әсіресе ауыр болды. Барымта болса билердің рұксатымен жасалатын шаралардың бірі еді. Ресей әскери соты барымтаға қатысы бар адамдарға өлім жазасын тағайындап, қоғамдағы көптеген ішкі мәселелердің дәстүрлі жолмен шешілуіне кедергі жасады. Өз кезегінде барымтаны қудалау казак қоғамында толып жатқан карама-қайшылықтарды туғызды және қоғамдық өмірдің дағдарысына әкелді. Билердің құзырындағы кішігірім істердің өзін де округ бұйрығымен бекітіп отырды. Жарғы салық жүйесін енгізді: әр шаруашылық «жасақ» салығын 100 бастан 1 бас төледі. Оның құрамына, сауда көлігі болғандықтан, түйе кірмеді. Жарғыны қабылдаған казактар алғашқы бес жылда салық төлемеді. Жарғыда баска да салық түрлері карастырылды: керуендерді күзету, жүк тасу, байланыс жолдарын бақылау. Округтердің құрылуы далада жаңа отырықшы тұрақтардың пайда болуына әкелді. Осы жылдары салына бастаған Көкшетау (1824), Қаркаралы (1824), Акмола (1832),

Баянауыл (1833), Атбасар (1848) және тағы баска бекіністер әуел баста көшпелі мал шаруашылығына кедергі жасап, елдің наразылығын туғызса, кейін келе отырықшы тұрмыстың, егіншіліктің, сауданың ортасына айналды.

Кіші жүзде Нұралыдан бастап хандарды патша әкімшілігі тағайындап отырғаны жоғарыда айтылды. Әбілқайыр тұқымынан тағайындалған төрелердің қызметі патша шенеуніктерінің бақылауында болып халық өкілдерінің сайлауы толығымен жойылды. Патша үкіметі сайлаған хандардың жеткілікті беделі болмады, сол себепті халық көтерілістері жиі болып отырды. Ол өлкенің өндірістік күштеріне кері әсер етті және хан беделінің халық алдында төмендеуіне әкелді. Жантөре хан (1805-1809 жж.) өлімінен кейін, үкімет оның мұрагері етіп Айшуақтың ұлы Шерғазыны тағайындады, деректерге карағанда, ол елді басқаруға, билеуге кабілетсіз, саясаткер қасиеті жоқ басшы еді. Ал халық жиналысы Кіші жүз ханы етіп белсенді қайраткер Батыр сұлтан тегінен Әбілғазы ханның ұлы Арынғазыны тағайындады. Ол бірнеше жыл Ресей үкіметі бекітпесе де, биресми билік атқарып, елдің арасындағы барымталар мен жанжалдарды тоқтатып, Хиуа агрессиясына карсылықты ұйымдастырып «тыным хан» атанды. Бірақ патша үкіметі хандық билікті әлсіретіп жойғысы

келді. Сол себепті 1821 ж. Арынғазы сұлтан Петерборға келіссөзге келген кезде тұтқындалып, Калугаға жер аударылды. Бұл беделді ханнан құтылу кейін Кіші жүзде хандық билігін жоюға бағытталған шара еді. 1822 ж. Орынбор генерал губернаторы П.К. Эссен «Орынбор казактары туралы жарғы» жобасын жасап, оны 1824 жылғы Азиялық комитеті бекітті. Осыған байланысты хандық билікті жою туралы шешім қабылданды. Кіші жүздің соңғы ханы Шерғазы Орынборға шақыртылды және ай сайын 150 рубль күміспен жалақы тағайындалып, карамайым қызметке қалдырылды. Кіші жүз үшке бөлінді: Батыс – негізінен Байұлы; Орта – Жетіру және жартылай – Әлімұлы, Шығыс – Әлімұлы, қыпшақтар мен арғындардың шағын бөлігі. Билік басындағы сұлтан-правительдер Орынбор шекаралық комиссиясының құрамына енді, олардың 4 кеңесшісі және бай казактардан 4 заседатель көмекшісі болды. Комиссия өз қызметі бойынша губернатор алдында есен беріп отырды.

Әр сұлтан-басшыда офицер басқаруымен казак әскері болды және ставкалары казак станицалары мен бекіністерінде орналасты.

1831 жылдан бастап, дистанция болыстықтар ұйымдастырыла бастады, дистанция ішіндегі ауылдарды старшиндар басқарды.

Кіші жүзде XIX ғасырдың ортасында 54 дистанция ашылды: батыс

бөлігінде – 8, орталығында – 20, шығысында – 28. Дистанциялық жүйе Кіші жүздің оңтүстігіне таралмады, яғни Арал маңы, Қаракұм, Сырдария, Маңғышлақ, жалпылама айтқанда, жаңа Александровка бекінісінің территориясы ескі тәртіппен қалды. Кіші жүздің әкімшілік қызметкерлерін шекаралық комиссия ұсынысымен Орынбор генерал-губернаторы тағайындады, онда сайлау жүйесі болған жоқ. «Жарғының» енгізілуі халықтық сот, яғни әдет-ғұрып бойынша іс жүргізуді және Ресейлік мемлекеттік басқару жүйесіне толық бағыныштылықты бекітті. Жарғы дәстүрлі биліктің негізін бұзды, сонымен қоса көшпелілердің билік-басқаруға құрметі мен сенімін төмендетті.

Қазақстанның солтүстік шекарасында «Жарғының» қабылдануына байланысты жаңа бекіністер шебі салына бастады. Жеке аванпосттар даланың ішкі жақтарында да пайда болды. Олар орыс-казак әскери гарнизондарымен толықты, ол үшін кейде өкімет орыс шаруаларын күштеп казактарға айналдырды. Сонымен, XIX ғ. 20-жылдарынан бастап Қазақстанның солтүстік және орталық аймақтары Ресей боландығын мойындауға мәжбүр болды. Дегенмен, ішкі мәселелердегі аздаған тәуелсіздік бұл кезеңді вассалитет кезіне деуге мүмкіндік береді.

XIX ғ. басында оңтүстікте казак қоныстары үш ортаазиялық хандық-

пен шектесіп жатты: Бұхара, Хиуа және Қокан. Қазак хандығына ең көп агрессивті әсер еткен – Қокан мен Хиуа хандықтары. Ұлы жүздің көп бөлігі және Орта жүздің оңтүстіктегі тайпалары Қокан хандығының езгісінде болды, ал Қазақстанның оңтүстік-батыс бөлігі Сырдарияның төменгі ағысы, Үстірт, Маңғышлақтың оңтүстігі Хиуа бақылауында болды. Хиуада Мұхаммед Рахым аталықтың басқаруы кезеңінде (1806-1825 жж.) бұл хандық көршілеріне өте жайсыз мемлекетке айналды. Мұхаммед Рахым Кіші жүздің оңтүстік қоныстарын үш рет талқандады (1812, 1816, 1820). Соңғы шабуылда бірнеше жүз казак өлді, 1000-нан аса әйел, сансыз мал жауға олжа болды.

Мұхаммед Рахым өлімінен кейін Хиуа тағына оның ұлы Алла-Құл отырған уақытта оңтүстік-батыс Сырдария маңы далаларында казактар мен хиуалықтар арасында ұзақ соғыстар болды. Өз саясатында Хиуа билеушілері руаралық өшпенділікті және келіспеушілікті тиімді пайдаланды, руларды өзара өшіктіріп, өз билігін жүргізді. Хиуалықтар өздерінің ықпалын бекіте түсу үшін Сырдарияның төменгі ағысында бірнеше камалдар салды.

Қазак тарихының XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы ахуалын Қокан хандығы факторынсыз елестету мүмкін емес. XVIII ғасырдың басында Орталық Азияда казак пен қал-

мақ жаугершілігі күшейген заманда Ферғана даласында бірнеше өзбек тайпалары (мың, жүз, қырық) бірігін құрған бұл мемлекет біраз уақыт хан атағынсыз өмір сүрді. Тек 1799 жылы билікке келген Әлім алғаш рет хан титулын қолдана бастады. Осы уақыттан бастап Ферғана өлкесінде «алтын бесік» туралы аңыздың негізінде Қокан хандығы басшыларының ата-тегі Бабыр мырзаға жалғазан жаңа әулеттік генеалогия қалыптасты. Әлім хан кезеңінде хандық территориясын жаулап алу негізінде кеңейе түседі. Ең алдымен маңайындағы бектіктерді бағындырған Әлім бірте-бірте Ұлы жүздің Ферғана және Ташкент алқабымен шекараласатын аймақтарын жаулап алды. Осыдан кейін Қоканд хандығы казак иелігіндегі Ташкент, Шымкент, Сайрам және тағы басқа қалаларды бағындырып, мұнымен шектелмей, Түркістан және Әулиеата өлкелеріне маза бермеді. Әлім хан ішкі жанжалдың кезінде өлтірілгеннен кейін XIX ғасырдың басында Омархан билігінің тұсында бірқатар камалдар салынды: Жаңақорған, Ақмешіт, Шым қорған. Көбінесе бұл камалдар Сыр бойындағы казак жерінің оңтүстік шеңберінде орналасқан еді, ал солтүстігі Ұлытауға жетті. Қокандықтардың тәуелділігіне түскен казактар бірқатар салықтар төледі: малшылар – зекет, жер иеленушілер – харадж және бірқатар қызметтер көрсетті. Шексіз

салық, қанау мен тонау және қырып-жою казактардың Қокан мен Хиуа шенеуніктеріне, салықшыларына қарсылыққа шығуына әкелді. 1858 жылдың наурызында Әулиеата ауданында, кейін Шымкенттен Мерке камалына дейін және Ташкенттегі наразылық толқулары қаруланған көтеріліске ұласты. Көтерілісшілер Қокан салық жинаушыларын (*ақ жетілау*) және тағы басқа шенеуніктерді қуып жіберді. Ташкенттен шыққан әскер Әулиеатаны қоршаудан босатты, бірақ көтерілісті баса алмады. Көп кешікпей көтерілісшілер Әулиеатаны, тау өткелдері мен жолдарды алды. Жазда көтерілісшілер Оңтүстік Қазақстан территориясын түгел бақылады. Осы жағдайда қокандықтар жеңілдіктер жасап, Ташкент басшысын ауыстырды. Орыс әскерінің Орта Азияға жақындауы да қокандықтарды көтерілісшілермен тіл табысуға мәжбүр етті.

1860 жылы күзде оңтүстік өлкедегі казактар қокандықтармен бірігін, Жетісу өңіріне тұрақтай бастаған орыс отрядтарымен күресті. Осы жылы Қокан хандығы орыс бекінісі (*1844 жылы салына бастаған*) Верныйға қарсы 12 мыңдық әскер аттандырды. Оған казактар және қырғыздың әскери жасақтары қосылды, бұрын жан-жағын байқастан келген көптеген билер мен батырлар Қоканд жағына өте бастады. Деректерге қарағанда, казактардың жекелеген жасақтарын

Сұраншы би, Диқамбай батыр, Кенесары ханның ұлдары басқарды. Осы құрама әскер 20 қазан күні Қара Қастек түбінде (*Ұзынағаш*) генерал Колпаковский бастаған орыс отрядымен кездесті. Қоканд бастаған, қырғыз бен қазақ қостаған жорық орыс қаруына төтеп бере алмай, үлкен жеңіліспен аяқталды.

Патша үкіметі Орта Азияны, оның ішінде Сыр бойындағы Түркістан және Ташкент өңірлерін, Бұхара және Қоканд хандықтарын бағындыру үшін әскери жорық дайындады. Алғашқы бетте орыс отрядтары Мерке, Әулиеата, Түркістанды басып алды. Түркістан қорғанысына Кенесарыұлы Сыздық төре жетекшілік жасады. Көп қиындықтармен ілгерілеген Ресей отрядтары Қоканд әскерін басқарған Әлімқұл аталықтан Шымкент түбінде жеңіліс тапқан соң шегінуге мәжбүр болды. 1864 жылы қыркүйекте Түркістаннан генерал Черняев, Әулиеатадан подполковник Лерх әскерлерді бастап Шымкент қаласын қайта қоршап алды. 1865 жылы 9 мамырда Ташкент маңында Шор төбе деген жерде Қоканд хандығының аталығы Молда Әлімқұл орыс әскерлерімен соғыс кезінде қайтыс болды. Осыдан кейін орыс әскеріне қарсылықты Кенесары ханның ұлы Сыздық төре жалғастырды. Күші басым жау басақөктеп Орта Азияны алды. Осылайша барлық Қазақстан территориясы Ресей құрамына өтеді. 1865 жылдан

бастап қазақ даласы Ресейдің ішкі колониясына айналды. Қазақ даласын жаулап алуға жүз жылдан артық уақыт жұмсаған Ресей Орта Азияны үш жылда тізе бүктірді.

Осы уақыттан бастап *«Қазақ даласының Ресейдің басқа да бөліктерімен толық қосылуына қол жеткізу, Ресейдің қол астындағы халықтарды бір басқарманың астына біріктіру, жергілікті ақсүйектерді биліктен шеттету, рулық бастамаларды әлсірету»* мақсатында жаңа реформаға дайындық басталды. **1867-1868 жылдары енгізіле бастаған «Уақытша Ереже» негізінде Қазақстан территориясына 6 облыс құрылды, олардың екеуі – Жетісу мен Сырдария облыстары Түркістан, Ақмола және Семей облыстары Батыс Сібір, ал Орал мен Торғай облыстары Орынбор генерал-губернаторлықтарының құрамына кірді.**

XIX ғасырдағы тарихи дамудың барысын жан-жақты салыстыратын болсақ, үш ішкі кезеңді көреміз. Осы ғасырдың алғашқы ширегінде қазақ халқы әлі де протекторат жағдайында өмір сүрді, XIX ғасырдың 20-жылдарынан бастап 60-жылдарына дейін орыс пен қазақ арасында вассалитеттік қарым-қатынастар басым болып, тек 1860-жылдардағы Орта Азия хандықтарын бағындыру таза отаршылдықтың тәртіптің орнауына жол салды. Ресей патшалығы XIX ғасырдың 60-жылдарынан бас-

тап қазақ жерінде нақты отарлау кезеңіне өтті. Қазақстанда өзінің отаршылдық жоспарын орындап, қазақ еркіндігінің, бостандығының тамырына балта шапты.

3.2. Шаруашылығы

Патша үкіметінің отаршылдық шаралары қазақ елінің шаруашылық тұрмысына түбегейлі өзгерістер алып келді. Ең алдымен далалық өлкеде салына бастаған бекіністер мен шептер, орыс қоныстары мен қалалары көшпелі қауымдардың дәстүрлі көш маршруттарын бұзды, жайылымдық жердің тапшылығына әкелді және қазақтың кедейленуіне тікелей әсер етті.

XIX ғасырдың басында шекаралық аймақтарда пайда болған жер мәселесі бірте-бірте қазақ шаруашылығының күйзелісінің ең ауыр себебіне айналды. Ресей үкіметі қазақ жерін отарлауда орыс-қазақ әскерлерін оңтайлы пайдаланып, оларға Жайық пен Ертіс бойындағы ең жақсы жайылым жерлерді қазақтардан тартып алып берді. Сол өлкені мекендеген қазақ шаруашылықтары өз жерін өздері арендаға алуға мәжбүр болып, бұл онсыз да кедейлене бастаған қазақ қауымдарын әбден азып-тозуға жақындатты. Қысқы жайылымдар жетіспегендіктен және малдың азаюына байланысты қазақтар шөп шабуға көшті. Кейбір аудандарда балық ша-

руашылығы пайда болса, кейбір жерлерде сату үшін тұз өндірілді. Егер бұрын қазақ кедейлері балықты қорек үшін ауласа, енді сату үшін аулады. Үлкен өзендер мен көлдерді былай қойғанда 1841 жылы Торғай өзенінің өзінде 1000 пұтка дейін балық ұстайтын балық шаруашылығымен 200 отбасы айналысқан. Кіші жүзде 40 жылдары жылына 6,5 мың пұт балыққа дейін сатылды. XIX ғасырдың ортасында балық шаруашылығы Зайсан көлінде және оған құятын ұсақ өзендерде қарқынды дамыды. Тұзды даланың солтүстік шекаралық аймағындағы көлдерінде өндірді. XIX ғасырдың ортасында Кіші жүздің шығыс бөлігіндегі қазақтар жылына орташа есеппен 2000 пұтка дейін тұз сатты.

Аңшылық кәсіппен айналысқан қазақтар түлкі, қарсақ, қоян аулады. 1828 жылы Бөкей хандығының өзінде ғана 10 мың ақбөкен және 10 мың қоян терісі сатылды.

Сонымен бірге, Ресей отарлық үкіметі өкілдерінің арасында қазақ жерін пайдалану мен қанаудың бірнеше үлгісі болғанын айтқан жөн. Мысалы, Сібір басшылары қазақ арасында егіншілікті қолдаса, Орынборда жасалған 1844 жылғы ережелерде қазақтарды көшпелі халық ретінде қалдыра беру керек екендігі және олардың егіншілігіне келергі жасау қажеттілігі көрсетілген. Ресей басшылары егіншілікке қолдау жа-

саған күннің өзінде де объективті кедергілер аз емес еді, оның бір себебі дәстүрлі казак егіншілігі суармалы болатын. Жайық, Ертіс, Тобыл, Есіл өзендерінің бойынан қуылған казак шаруалары суармалы егістікті дамыта алмады. Қазақтың егістікке қолайлы жерлері жер ауған мұжыққа таратылды. Тек қана солтүстік өлкеде ғана емес XIX ғасырдың 40-50 жылдары Сырдарияның төменгі ағысындағы егістік жерлер орыс-казактарға таратылды. Олар болса егіншіліктің суару тәжірибесімен таныс болмағандықтан, бұл жерлердің ирригациялық жүйелерін бұзып, 1-2 рет егін жинап, кейін казактардың жаңа жерлерін тартып алуға көшті. Орыс үкіметі казак егіншілігінің дәстүрлі түрін бұзды. Сол арқылы Қазақстан Ресей бидайының нарығына және арзан ет көзіне айналды.

Шаруашылық мәселелеріне салық саясаты да әсер етті. Әуел баста салық «ясак» түрінде жүргізіліп 100 бас малдан біреуі натуралды түрде орталыққа аттандырылса, 1837 жылдан бастап Кіші жүзде әрбір үйден 1 сом 50 тиын күміс ақша салығы жиналды. Салықты шекара басшысына қызметте жүрген ауылнайлар, сұлтандар, молдалар төлеген жоқ. Салық байдан да, малы жоқ келейден де бірдей жиналды. Қазак даласында жаңа салық түрлерін енгізу ақша айналымының күшеюіне әкелді. Себебі, салықтар казынаға ақша тү-

рінде енгізілді. Мал мен азыққа сұраныстың өсуі казак байларының нарық талаптарына үйренуіне әкелді. Өзге де шаруашылықтың түрлері тауарлық маңызға ие болды. Қазақстанда орыс нанына сұраныс артса, Қазақстаннан негізінен мал өнімдері әкетілді. Қазақстан мен Ресей арасындағы сауда айналымы күрлықтық блокада және 1812 ж. Отан соғысы жылдарында артты. Патша үкіметі Қазақстан жерінде сауда жүргізген орыс саудагерлері мен кәсіпкерлеріне көмек көрсетті. Орынборда, Троицкіде, Оралда және т.б. қалаларда айырбас көлемі өсе бастады. Сонымен бірге, форпостар мен казак станицаларында сауда дамыды. Ресей саудагерлері арқылы XIX ғасырдың I жартысында Қазақстаннан жыл сайын 3-3,5 миллион сомға мал әкетілді. Қырдағы сауданың дамуына мерзімдік жәрменкелердің маңызы зор болды. 1832 жылы Бөкей хандығында ашылған жәрменкенің тауар айналымы 2 млн. сомға тенестірілді. Сол сияқты Новоузенская, Черноярская, Семей, Қоянды және т.б. жәрменкелер ашылды. Олар Ресейдің Ірбіт, Макарьев (Мәкәржі) сияқты ірі жәрменкелерімен байланыста болды. Саудаға казактар белсенді қатысты, олар орыс саудагерлерінен комиссияға тауар алып, өздерінің ауылдарында сатты.

1837 жылы үй басына енгізілген ақшалай салықтан кейін казактар

жәрменкеге әкелген малдарын және шикізатын ақшаға сатуға тырысты. Алынған ақшаның бір бөлігі салыққа төленіп, ал жартысы ішкі айналымда қалды.

Сөйтіп, XIX ғасырдың I жартысында Қазақстанда тауар-ақша қатынасы және тауар өндірісі дами бастады. Көптеген казак шаруашылықтары нарыққа үйрене келе мал түрлерінде соған бейімделді. Мысалы, Ертіс бойындағы шалғынды өңірде өмір сүрген казак ауылдары орыс нарығының талабымен сиыр малын көптеп өсірді, себебі сиыр еті өтімді тауар еді. Нарықтық өзгерістер мен жайылым тапшылығы мал баққан натуралды казак шаруашылығының құлдырауына әкелді де, олар, амал жоқ, кешенді тіршілікке өтуге мәжбүр болды. Көп жағдайда мал шаруашылығындағы дағдарыс келейленген казактарды өнеркәсіп орындарына итермеледі. Қазак жері өзінің табиғи байлықтары мен мал өсіруге негізделген экономикалық потенциалы арқылы Ресей империясының шикізат көзіне айналды.

XIX ғасырдағы казак шаруашылығының дамуы өзінің күрделілігімен ерекшеленді. Осы мәселені ең алдымен көшпелі мал шаруашылығын сипаттаудан бастаған онтайлы. **Көшпелі мал шаруашылығында жайылымның барлық түрлері қолданылды: қыста – қыстау, көктемде – көктеу, жазда – жайлау және күт-**

де – күтеу. Бұл жайылымдарды кезекпен қолдану көшпелі өндірістік үрдістің негізгі белгісі болды. Өр шаруашылықтың көшіп-қонуы белгілі бір мерзімдік кезеңге ыңғайланған, жылдық айналым құрылымына енді. Жазғы жайылымдар казак қауымдарының көпшілігіне жалпы ортақ болды. Дегенмен, ірі тайпалардың меншікті қыстаулары мен жайлаулары ерте заманнан белгілі. Көктемгі, күзгі жайылымдар әр руға тиісті болды және қыстауына жақын орналасты. Ал қысқы жайылымдар кішігірім туыскандық топтарға (*ата баласы*), көбінесе бір үлкен отбасыға тиісті болды. Мұндай ауыл – қыстаулар XIX ғасырда тек мұрагерлік арқылы немесе жекеменшік заңы бойынша пайда болды.

XIX ғасырдың ортасында шаруашылықтың дамуында аймақтық ерекшеліктер байқалды. Шөлейіт аймақтарда орналасқан таза көшпелі мал шаруашылығы казак территориясының жартысын қамтыды. Кейбір деректерге қарағанда, XIX ғасырдың аяғында шамамен 1 млн. (*130 болыс*) казак таза мал шаруашылығымен айналысты.

XIX ғасырдағы реформаларға байланысты жайылымның азаюы және оның әкімшілік шекараларының пайда болуы халықтың жартылай отырықшылыққа күрт көшуіне әкелді. Әсіресе, көшпелілердің жағдайын үзіліссіз жалғасқан жұт әлсіретті. Қиын

қыстың нәтижесінде 1827 жылы Ішкі Ордала (Бөкей Ордасы) 1200000 мал өлді. 1855-1856 жылдары Сібір қазақтарының облысында ауыр қыстың нәтижесінде 770745 қой және 227927 жылқы саны азайды. XVIII ғасырда және одан ертерек көшпелі шаруалар малдың басын сақтап қалу үшін жұт кезінде алысқа көшіп кететін. Бірақ әкімшілік-территориялық реформалар барлық жерді болыстарға бөліп тастады да, бұрынғыдай еркін көшу мүмкіндігі азайды. XIX ғасырдың аяғындағы орыс қарашекпендерін жаппай қоныстандыру жағдайды мүлде ауырлатты.

Дәстүрлі егіншілік XIX ғасырдың 70-жылдарына дейін тек суармалы ирригациялық жүйелер арқылы шөлейттеу аймақтарда ғана өте баяу дамыды. XIX ғ. I жартысында шамамен елде 30000 десятина жер өңделіп, мұнда бидай, сұлы, тары, бұршақ және т.б. өсірілді. Егін шаруашылығы, әсіресе XIX ғасырдың екінші жартысында ғаламат өрістеп, ғасырдың аяғында қарқынды даму жолына түсті. Көп аймақтарда қазақ шаруашылықтарының 70 пайыздайы малмен қоса егіншілікпен айналысты. Торғай облысында егіншіліктің жоғарғы пайызын Ақтөбе уезі көрсетті. Жетісу облысында егін шаруашылығы орыс шаруалары қоныс аударғанға дейін тек өзен аңғарларында дамып, олар құнарлы Алатау етегіне жайғасты. Егіншіліктің, әсі-

ресе суармалы түрі басым дамыды. Қарашекпеннің көптеп келуі, жайылымның азаюы қазақтардың амалсыздан отырықшылыққа көшуіне себеп болды. Әсіресе, Верный мен Қапал уездерінде, сонымен қатар Семей облысында барлық қара топырақты территорияның 53% егістікке қолданылды.

XIX ғасырдың деректері бойынша, ирригациялық егіншілік оңтүстікте де, сол секілді орталық аудандарда да дамыды. Суармайтын (боғарлы) егіншілік Солтүстік және Орталық Қазақстанға орыс шаруаларымен 70-жылдары келді. XIX ғасырдың аяғында қазақ шаруашылықтарының 70% егіншілікпен айналысты. Ақтөбе уезінде – 96%, Қостанай – 88%, Шымкент – 80%, Верный – 79%, Өскемен – 71%. Қазақ егіншілігі мал шаруашылығына қосымша тіршілік көзіне айналды. Астықты сатудың және оны шекаралас аудандарға шығарудың табыстылығын назарға алған жергілікті капиталистер өздерінің қаражатын XX ғ. басында капиталдың анағұрлым шоғырлануына қол жеткізген үн тарту кәсіпшілігіне салды. Қазақ жерінде өндіріс пен сауданың қарқынды дамуы әлеуметтік өмірде үлкен өзгерістерге бастама болды.

Отырықшылық ежелден қалыптасқан оңтүстік аудандарда (Түркістан оазисі) кешенді шаруашылық өзінің дәстүрлі негізін сақтап қалды, оның бір ерекшелігі бау-бақша мәдениеті жақсы дамыды.

Осындай жағдайда қазақ үшін өмір сүрудің жалғыз жолы бұл интенсивті шаруашылыққа көшу және қысқыға шөп жинау болды. Алғашқы шөп шабу тәжірибелері XVIII ғасырдың соңынан бастап белгілі. Ресей деректерінде Абылай хан мен Нұралы хандардың өз иеліктеріндегі қазақтарға шөп шабуды үйретпек болып Ресей басшыларынан арнайы мамандарды сұрайтыны айтылады. Шаруашылық саласындағы өзгерістер барысында жыл өткен сайын қысқа азық жинау өзекті бола берді. XIX ғасырдың ортасында Жайық және Ертіс бойында шалғынды өңірге қоныстанған қазақтар Ресей нарығының талабымен сиыр малын көбірек ұстауға мүдделі болды, осы себепті, амал жоқ, қыста өз бетімен тебіндеп жайыла алмайтын сиыр малына арнап шөп жинады. XIX ғасырдың аяғында Солтүстік Қазақстан уездерінде орыс шаруаларының үлгісімен қол шалғымен қатар шөп шапқыш машиналар қолданылды.

XIX ғасырда көшпелі қазақтар екі күшті әсерінде болды: біріншісі – көшпелі дәстүрді сақтап тұрды. Екіншісі – өзгеріп тұрған экономикалық жағдайға икемделіп, оны алға қарай жылжытып, шөп шабу мен егіншілікті үйренуге, жағдайдың ауысуына үйренуге итермеледі. Сонымен, ғасырдың соңына қарай қазақ шаруашылығы әбден күрделеніп, ке-

шенді түрге енді. Бұл бағыт қазақ елінің дағдарыстың ауыр кезеңінен өткенін көрсететін негізгі белгі еді.

Тау-кен өндірісі Ақмола және Семей облыстарында, соның ішінде Баянауыл, Қарқаралы уездерінде және Алтайда шоғырланды. Мұнда мыс, күміс, мырышты кендер қазылып, зауыттар ашылды, көмір мен алтын табылды. Көптеген мыс балқыту және күміс-мырышты зауыттары Попов деген кәсіпкердің меншігінде болды. Зауыттар ескі техникамен жабдықталғандықтан, арзан жұмыс күші қолданылды. Соның ішінде әйелдер мен балалар еңбегі де пайдаланылды.

1852 жылы орыс саудагері Ушаков 86 сомға Ақмола уезіндегі мыс кен орнын, 4 жылдан кейін 250 рубльге Қарағанды көмір бассейнін сатып алды. 1863 жыл осылардың негізінде Спасск мыс өңдеу зауыты құрылды. Онда жыл сайын орта есеппен шамамен 250000 рубльге 30000 пұт мыс құйылды. Ал 1894 жылы Попов «Дала тас көмірі» (Степной каменный уголь) атты қоғам құрды. XIX ғасырдың II жартысында орыс капиталы Қазақстанға белсенді түрде ене бастады. Оның негізгі саласы пайдалы қазбаларды өндіру, ал ол болса Қазақстанның қойнауында көп болды. XIX ғасырдың 70-80-жылдары алтын өндірісі қарқынды дамыды. 1882 жылдан 1892 жылға дейін алтын өңдеу мөлшері 13,31-ден 23,38 пұтқа өсті. Алтын өндірушілер кен көздерін

бей-берекет пайдаланды. Олар аз уақыт ішінде көп табысқа жетуге тырысып, алтын шығатын жерлердің көбін тас-талқан етіп қазып тастады. Сонымен қатар, ауылшаруашылық шикізатты қайта өңдеу мен сауда Ресей капиталы үшін табыс көзіне айналды: пайдалы қазбаларға бай, жер арзан (жергілікті халықтан тегін немесе өте арзан бағаға арендаға алды), жұмыс күші арзан және көп. Мысалға, Жезқазғандағы мыс орны 114 сомға сатылды.

1904 жыл шетел кәсіпкерлері (концессионерлер) жалға Спасск-Воскресенскі, Успенск мыс қорын, Спасск мыс өңдеу зауытын, Қарағанды көмір бассейнін алды. Олардың бақылау пакеті ағылшын-француз кәсіпкерлерінде, бірқатары Америка, Германия, Швеция, Испания және т.б. акционерлерінде және финансистерінде болды. Мысалы, Шығыс Қазақстандағы Риддер кен өндірісінде АҚШ-тың болашақ президенті Герберт Гувердің капиталы болғандығын айта кету керек.

1906 жыл Лондонда «Атбасар мыс кен орыны» акционерлік қоғамы құрылса, 1907 жылы олар Жезқазған мыс қорын жалға алды. Сонымен, ғасырдың соңына қарай Қазақстанның негізгі кен орындары шетелдік кәсіпкерлердің қолына өтті.

Тұз өндірісі Эльтон, Баскунчак, Елек, Кереку өңірінде дамыды. Бұл

өндіріс орындарында көбінесе қазақ келейлері жұмыс істеді.

Сол кездегі экономикада балық шаруашылығы да маңызды болды. XIX ғасырдың аяғында тек Каспийдің өзінде 150 балық шаруашылығының кәсіпкерліктері болды. Балық өңдеу зауыттары салынды. Жайық, Іле, Шу, Сырдария өзендерінде, Арал теңізінде, Балқаш, Зайсан көлдерінде балық шаруашылығы қарқынды дамыды.

XIX ғасырдың аяғында Қазақстанда ауылшаруашылық шикізатын өңдейтін фабрикалар салынды. Бұл Ақмола, Семей, Петропавл, Жайық, Орынбордағы сабын қайнату, шошқа майы мен қой етімен айналысатын, тері өңдеу және т.б. кәсіпорындар.

Осы жылдары Қазақстанда 482 шақырымдай теміржол пайда болды. XIX ғ. аяғында өндіріс Қазақстанда Ресейдің орталық губернияларымен салыстырғанда баяу дамыды. Себебі патшалық отарлау саясаты қазақ даласын тек шикізат қоры мен арзан жұмыс күші ретінде қабылдады. Сондықтан бұл техникалық прогрестің артта қалуына, жұмысшылардың ауыр жағдайда өмір сүруіне әкелді.

XIX ғ. екінші жартысында Қазақстанның экономикасы айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Бұл кезеңдегі Ресейдегі капитализмнің дамуы қазақтардың орасан зор территориясын қамтыды және тауар-ақша қатынастарының жедел өсуіне әрі капита-

листік тәртіптің пайда болуына ықпал етті. Қазақстанға ресейлік капитал белсенді түрде ене бастады. Оның негізгі бағыттары, өлкеміз аса бай пайдалы қазбаларын өндіру мен өңдеу саласы, сондай-ақ ауылшаруашылық шикізатын өңдейтін өнеркәсіп пен сауда саласы болды. Мысалы, тұз кәсіпшілігіне капиталистік сипаттағы өндірістің барлық белгілері тән болды.

XIX ғ. соңында банк капиталы ене бастады және Қазақстан территориясында несие торабы пайда болды. Капиталистік несие де дами бастады. XIX ғ. соңына таман XX ғ. басында Қазақстан территориясында қарапайым банк операцияларын жүзеге асыратын қазына қорларын, сондай-ақ 345 несиелік және ссуда сақтау серіктестіктерін есептемегенде, 44 банк мекемесі жұмыс істеді. XIX ғ. соңында Қазақстан территориясындағы негізгі орталықтар Орал, Қызылжар (Петропавл), Семей, Омбы және т.б. қалаларда бөлімшелері бар мемлекеттік банктер болды. Несиелік мекемелердің орталығы Ақмола облысында болды. Сондай-ақ, Қазақстанда Сібір сауда банкісінің 7 филиалы болды, екінші орында 5 бөлімшесі бар орыс сауда-өнеркәсіптік банкі болды.

Несиелер құны бойынша, бірінші орында мал мен ет саудасы, екіншіде – нан, үшіншіде «аралас» тауар саудасынан тұрды.

Капиталистік қатынастардың дамуы сауданың дамуына да елеулі әсер етті. Ресей капиталы өлкенің ең алыс түкпірлеріне де еніп, жергілікті мал шаруашылығын Ресейдің, Орта Азияның, Батыс Еуропаның нарықтарымен одан да тығызарак байланыстыра түсті. Сауданың негізгі объектісі мал болып қала берді. Ақмола, Қарқаралы, Сарысу уездерінен жыл сайын Ресейге 60000 бас ірі қара және 200000-дай қой басы әкетілген. Астық саудасының ірі орталықтары Орал, Орынбор, Семей болды, мұнда астық Қостанай, Ақтөбе, Орал, Түркістан уездерінен әкелінді. Астықтың бір бөлігі Ферғана, Ташкент, Бұқараға жөнелтілді.

XIX ғ. екінші жартысында Қазақстанда жәрменкелік сауда тарала бастады. Ірі жәрменкелер Ақмола облысында – Тайыншакөл, Константиновская, Петровская, Семей облысында – Қоянды, Шар, Покров, Жетісуда – Қарқара, Сырдария облысында – Қазалы, Ақмешіт, Орал облысында Ойыл, Темір жәрменкелері жұмыс істеді. Бұлар айналымы 1 млн. рубль және одан да көбірек жұмыс құрған неғұрлым ірі жәрменкелер болды. Алғашқы кезде сауда қазаққа тым тиімсіз әдістермен жүрді, мысалы жарты фунт шай мен бір фунт қантқа қой, құны 15 тиыннан аспайтын ұстараға – қой, самаурын 20-25 қойға айырбасталатын,

кейіннен казактар да саудаға үйреніп өз еселерін жібермеуге күш салды. Ресей империясы үшін казак жерінің Орта Азиямен, Монғолиямен, Қытаймен шектесетіні халықаралық саудада зор маңызы болды.

Осылайша, XIX ғасырда казак шаруашылығы өте ауыр қайта құруды бастан кешірді, бірақ ғасырдың алғашқы ширегінде үлкен жокшылықтармен іске аса бастаған бұл шаралар жалпы эволюция жолымен шешілді. Шаруашылыққа қолайлы шұрайлы жерлердің казак қолынан алынуына байланысты канша қиындықтар болғанымен де, біздің халқымыз өзінің шаруашылық жүргізу дәстүрлерін, өзінің байырғы мал тұқымдарын сақтап қалды. Сонымен бірге, казак шаруасы жаңа кәсіп түрлеріне, әсіресе егіншілікке, тау-кен ісіне толықтай ден қойып, сауда-айырбас операцияларына үйреніп, жаңа нарықтық және шаруашылық өмірден өз орнын тапты.

3.3. Әлеуметтік құрылымы

XIX ғасыр казак қоғамы үшін ірі өзгерістер кезеңі болды. Бұл кезеңде казак халқының өмірі қатты өзгерістерге ұшырап, өзіне жап менталитетке көше бастады. Бұл өзгерістер XVIII ғасырдың өзінде-ақ жан-жақтан отырықшы көршілермен қоршалған Орталық Азия көшпелілерінің болашақта-

ғы тіршіліктерін шешу мәселесінде көрінді. Саяси биліктің әлсіреуі, ел ішіндегі билік үшін күрес, Ресей карамағына кіру барысындағы әскери отаршылдық шаралар әлеуметтік құрылымның қатты өзгерісіне әкелді. XIX ғасырдың алғашқы 10 жылдығының өзінде Қазақстан ірі шаруашылық және саяси дағдарысқа келді. 1805 жылы Орынбор кеденінің директорының коммерция министріне берген мәліметтері бойынша: *«Қазақ отбасыларының, тіпті кішігірім рулардың бірнеше жылдар ішінде кедейленуі сондай табиғи сезім күші ата-ана борышынан басым түсті, өйткені олар аштықтан құтылу үшін өздерінің балаларын ортаазиялық тұтқындар деп алдап құлдыққа сата бастады»*. Бұл жокшылықтың ең жоғары деңгейі еді.

Шаруашылықтың құлдырауы Қазақстанның өзге өлкелерінде де байқалады. Балалардың сатылуы Кіші жүздің шекарасында ғана емес, Сібірде де болды. Тобыл, Троицк, Орынбор секілді сауда орталықтарында 1810-1815 жылдары тірі адам саудасы дамыды. Қазак балаларын Орта Азия саудагерлері қуана сатып алды. А.Н. Левшиннің жазуы бойынша: *«1815 жылы Гурьев маңында орыстар 100 ұл мен қыз баланы сатып алып, ұлдар үшін 3 немесе 4, қыздар үшін 2 немесе 3 уыс қара үн берген»*.

Қолда бар деректер бойынша, казак қоғамындағы мұндай әлеуметтік

катаклизмдер – табиғи факторлардың әсерінен емес, керісінше патшалық Ресейдің жөнсіз отаршылдық саясатының күшею әсері, дәстүрлі экономикаға араласуы мен халықты қанауының нәтижесі. Сол сияқты әлеуметтік дағдарысты саяси реформалар да күшейтті. *Патша үкіметі хан тұқымдарының билігін әлсірету, ақсүйектерді кеміту үшін барлық шараларды қолданды. Ол сұлтан әулеттері арасында ұрыс туғыздырып, халыққа беделді, өйлі көсемдерін кемітіп, еріксіз, байлықты жақсы көретін арсыз адамдарды алға шығарды. Қазақтың дәстүрлі мемлекеттік жүйесімен күрес барысында Ресей шенеуніктері барымтаны жазалауды қолайлы шара деп тапты*. Ерте уақытта тек ру-тайпа билерінің шешімімен ғана айыпты жақ өзінің кінәсін біліп кешірім сұрамаған жағдайда немесе уақтылы айыппен құнды төлемегенде ғана қолданылатын барымта институты белгілі дәрежеде казак қоғамының ішкі қарым-қатынасын реттеп отыратын және елді жауынгерлік жағдайда ұстайтын мықты құрал болатын. Енді келіп барымтаны әскери сотпен жазалау барысында билердің әділ шешімдерін орындау мүмкін болмай қалды. Барымта жауынгерлік мектеп ретінде жұмыс істеуін тоқтатып, әділетсіздік көбейді, ұрлықпен барымта арасындағы анық жік көрінбей қалды. Патша өкіметі

мемлекетсіздендіру саясатын жүргізу барысында, сонымен қатар рулар арасындағы қайшылықтарды да пайдаланды.

Қазак көшпелі мал шаруашылығы табиғи апаттардың кесірінен көп шығынға ұшырады. Жайылымдық жерге деген тапшылық себебінен жұт жылдары қоныс ауыстыру қиындады. Малдың жаппай ауруға ұшырауына, барымтаның жиіленуіне XIX ғасырда жұттардың көбеюі әсер етті. Егер бұрын жұт кезінде казактар өзге жерге көшіп, қоныс аударса, енді әкімшілік-территориялық реформалардың әсерінен мұндай көшіп-қонуға мүмкіндік болмады. Ресейдің XIX ғ. реформалары казактың туыстық-рулық жүйесін ыдыратып, оның орнына территориялық бөлініс, нақты шекараларды енгізген еді. Әр болыстың қазағы өз қонысының шекарасынан аспауға үйренді.

Әрбір дәстүрлі қоғамның өз тұтастығын, бірлігін сақтайтын және басқаруды ұйымдастыру үшін нормалары болады. Қазак қоғамында бұған мыналар жатады: елшілер келгенде немесе аттанғанда шығын мен сый-сияпатты жинау, сол сияқты соғысқа, жорықтарға аттанған әскердің шығынын (қару-жарак, ат, т.б.) көтеріп алу, дін иелеріне – зекет, хан мен ұлыс сұлтандарына – соғым. Бұл казактардың тұрмысына ешқандай әсер етпеді және ресми түрде міндеттелмеді. 1822-1824 жыл-

дары Ресейдің енгізген ережелері халықтың жағдайын түп-түгел өзгертті.

Біріншіден, «Жарғы» қазаққа 100 мал басынан I бас салық салды (жасак салығы), мұны жинау сұлтандарға, олар ауылналарға тапсырды. Нәтижесінде қазақ арасында жаңа пайда болған тексіз шенеуніктер тобы мұны тез пайдаланып, шексіз байлық жинап алды. Ресейдің кіргізген салығының бірі – «ылау» (көлік) салығы. Қазақ ауылдары әкімшілік тапсырмасымен шыққандарды тегін көлікпен қамтамасыз етуге міндеттелді. Бұл міндеттен, әсіресе жол бойында орналасқан ауылдар көп жаңа шекті. Қазақтардың жағдайын М. Красовский былай деп айқындайды: «Кез келген орыс қазақ ауылдары арқылы 1000 шақырым жүргеннің өзінде I тиын шығын шығармайды, тамағы, жататын орны, көлігі – бәрі тегін».

Қазақ қоғамында Шыңғыс тұқымы, кожа, төлеңгіт секілді әлеуметтік топтар болды. Әрбір осындай әлеуметтік топ қоғамда белгілі бір қызмет атқарды және белгіленген орны болды. Қоғамда билікті шектейтін, экономикалық жағдайды бақылайтын қатаң әлеуметтік жүйе болды. «Жаңа низамды» енгізу дәстүрлі қоғам өмірін бұзды. Жаңа нормалар жаңа топтарға (болыстар мен ауылналар) баюға мүмкіндік берді. Бақылаусыз ақы жинау көбейіп кетті, әрбір аға сұлтан немесе орыс шенеунігі келсе

үлкен мөлшерде мал және т.б. дүние жинады. Отаршылдық үкіметтің бекіткен дін қызметкерлері де (указной молда) елді қанады. Осыдан бұл кезеңдегі жоғарғы билік иелері мен қызметкерлерімен ауыз жаласып, ынтымақты болғанын көреміз.

XIX ғасырдың I жартысында әлеуметтік катаклизмдер әскери отаршылдықтың, жазалаушы экспедициялардың нәтижесінде өрши түсті. Нәтижесінде XIX ғасырдың 50-жылдары ел есінде аталарының сансыз мал табындары жайлы тек қана естеліктері қалды. Қоғамның өзара туыстық пен келісімге, ынтымақ пен ауызбірлікке негізделген дәстүрлі әлеуметтік жүйесі бұл соққылардан кейін жөнделі алған жоқ. Бірақ оның есесіне шаруашылық өмірде және қоғамда Ресей ұсынған еуропалық құндылықтарға бейімделген, батыс пен шығыс білімін игерген, ұлтшыл жаңа әлеуметтік топтар қалыптаса бастады.

3.4. Этносаяси тарихы

XIX ғ. алғашқы он жылдықтарында Қазақстан аса күшті шаруашылық күйзелістер мен саяси дағдарысты бастан кешірді. Осының бәрі патша үкіметінің отаршылдық саясатының, халықты шектен тыс езудің күшеюінің, дәстүрлі экономикаға араласуының салдары болып табылды. Ақыр аяғында патша әкімшілігі алдыңғы қатарлы әлеуметтік билеуші

топтардың – сұлтандар мен билердің арасында дұшпандық отын жағып, бұл ауыр қалыңдарға алып келді. Қазақтың көптеген азаматтары бұл істің түп-тамырын білді және мүмкіндігі келгенше отаршылдық жүйеге қарсы күресті.

Міне, осылайша, XIX ғ. сансыз көп халықтық және сұлтандар қозғалысының алғышарттары даярланды. Олардың ішінде неғұрлым елеулісі Батыс Қазақстандағы Қаратайдың қозғалысы, Арынгазы ханның азаттық күресі, Жоламан Тіленшіұлы мен Есет батырдың бас көтерулері болды.

Қаратайдың қозғалысының алдында 1797 ж. қазанында Кіші жүздің ханы болып сұлтан Айшуак тағайындалды. Бұған Кіші жүздің көптеген сұлтандары наразы болды, олардың ойындағысы Нұралы ханның екінші ұлы, әкесінің көзі тірісінің өзінде Байұлының көптеген ұрпақтарын басқарған сұлтан Қаратай еді. Осы топтың атынан Орынбордың әскери губернаторы О.А. Игельстромның атына Қаратайдың кандидатурасын қолдау туралы өтінішпен бірқатар петициялар жолданды. Алайда, патша үкіметі сұлтан партиясының көшбасшысының орасан зор ықпалы мен батылдығынан қорқып, хандыққа әбден қартайған Айшуакты тағайындайды.

Қаратай бұл тағайындаумен келіспеді. Ол Кіші жүздің ауылдарын аралап, халықты жаңа сайлауға үгіттеді.

Бұл кезде ол өзінің билігі Жайық жағалауынан бастап Елекке дейін, одан әрі Гурьев, Ембі және Сағызға дейінгі орасан зор территорияға жүріп тұрса да, қарулы көтеріліс туралы ойдан аулақ еді. Тек 1805 ж. Айшуак қайтыс болған соң орнына оның баласы Жантөрені тағайындау Қаратайдың ашуын туғызды. 1806 ж. Қобда өзенінде елге пайдасыз Жантөре ханды орнынан алып, Қаратайды Кіші жүздің ханы етіп жариялаған старшындардың съезі жиналды.

Жантөреге қарсы күрес Ресейдің отаршыл саясатына және оны жүргізушілерге қарсы күреске ұласты. Сондықтан да қазақтардың қалың бұқарасы Қаратай ханды қолдады. Күрес барысында Қаратай барлық транзиттік керуен жолдарын басып алып, Ресейдің Бұхара және Хиуа хандықтарымен арасындағы саудасын тежеді. 1809 ж. ол Жантөрені өлтіруге шешім қабылдайды. Көтеріліске қарсы бағытталған патша өкіметінің репрессиялары мен қаза болған ханның туыстары тарапынан болған өшпенділік оны Қазақстаннан 1812 ж. дейін Хиуаға кетіп қалуға мәжбүр етеді.

Осы жылы орыс әскерлерінің қолдауымен Қаратай сұлтанға шабуыл жасаған Шерғазы Айшуақұлы хан болып бекітіледі. Бұған жауап ретінде Қаратай «жетіден жетпіске дейінгі» қазақтардың бәрін Шерғазыға қарсы көтерілуге шақырады.

Орыс әкімшілігінің қол шокпарларына қарсы Қаратайдың қарулы күресі 1816 ж. дейін жалғасты. Алайда, далада Арынғазы сұлтанның бас көтеруі Қаратайды екінші кезекке ысырды.

Кіші жүз қазақтарының тәуелсіздік үшін күресінің басшысы Арынғазы Қайыптың ұрпағы Әбілғазы ханның отбасында дүниеге келді. Бұл әулет әрқашан Әбілқайыр әулетімен жау және Орта Азияның үстем әулеттерімен тығыз байланысты болды. Бұқар әмірі Арынғазыға «Әмір әл-муслимин» – ислам дініндегілердің билеушісі, шариғаттың жақтасы деген титулды берді. Қазақтар оны «тыным-хан» деп атады. Бірнеше жылдар бойы Арынғазы Кіші жүздегі тәртіпті қалпына келтіріп, Хиуа тарапынан агрессияны тоқтатты. Алайда, орыстар Арынғазыны қас дұшпан ретінде санады және оны келіссөздер жүргіземіз деп шақыртып алып, Санкт-Петербургте ұстап, одан кейін Калугаға жер аударды, мұнда ол 1833 ж. қайтыс болады. Осылайша XIX ғ. қазақтың ірі мемлекет қайраткерінің қызметі аяқталады.

XIX ғ. 20-30 жж. халық наразылығының көрінісі – Арынғазы ханды жақтаушы, онымен бірге Кіші жүздегі тыныштық пен тұрақтылықты қайта өрлетуді жоспарлаған табын руының көсемі Жоламан Тіленшіұлының бас көтеруі. Оның патша отаршылдарына қарсы күреске көтерілу басты себебі

табын руынан жайылымдары өзен-көлге бай Жана Елек ауданын тартып алған патша үкіметінің экспансиясы еді.

Сонымен қатар, бұл бас көтерудің басқа да себептері болды. Бұл жөнінде Жоламан батыр мен оның жақтастарының патша әкімшілігіне жазған талаптарында өте қатаң түрде айтылған: Елек өзенінің бойында 22 бекініс құрылысының салынуы, соның салдарынан қазақтардың Елек өзенінің ішкі бетінен айырылуы; орыстар мен башқұрттардың Нарынқұмды иеленіп алуы; Шерғазы ханның тарапынан ойына келгенін істеу мен әділетсіздік және т.б.

Бірнеше рет отаршыл бейбіт өкіметпен келіссөздер жүргізуге ниет білдірген батыр, олар сәтсіздікке ұшырағаннан кейін қарулы соғыс жолына түсті. Бұл қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстарының тарихында ұзаққа созылған қарсылықтарының бірі болды. Жоламан батырдың көтерілісі 1835 ж. қанатын кең жайды. Жер үшін, жоғалтылған жайылымдар үшін күрес осы көтерілістің негізгі мазмұнын құрады.

Қазақ халқының ұлт-азаттық күресінде Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісов бастаған Бөкей (Ішкі) ордасы қазақтарының көтерілісінің маңызы зор. Кіші жүзде шаруашылықтың құлдырауы, жердің таршылығы 1801 жылы Бөкей немесе Ішкі Орданың құрылуына әкелді, ол

Жайық және Еділ өзендерінің төменгі ағысында пайда болды. Бұл аймақ Ресей құжаттарында XVIII ғасырдың аяғына дейін Астрахань даласы деп аталды. Мұнда көшпелілердің тұрақтары аз болды, онда көбінесе Астрахань татарлары, калмак және қазақтар тұрды. Жеке қазақ қоныстары және шаруа дворлары Жайық өзені мен теңіз жағалауын бойлай орналасты. XVIII ғасырдың соңында жердің тарылуына қазақтардың екі өзен аралығындағы ежелгі қоныстарына қызығуы күшейді. Ертеде қысқы мерзімде тек сұлтандардың жылқы үйірлерін өткізсе, енді Сырым Датұлының көтерілісін басып тастағаннан кейін көшу процесін бақылау қиын болды. Үкімет қазақ көшпелі ауылдарының талаптарына құлақ асып, ішкі территорияға көшуге рұқсат берді, өйткені бұл жерлер 1771 ж. Еділ калмақтары Жоңғарияға қашқаннан кейін бос қалған еді. Ресей осы арқылы Кіші жүздегі әлеуметтік күрестің шиеленісін басуды ойлады. Қазақтардың екі өзен аралығына тұрақты қоныстану ниеті патшалықтың отарлау саясатына сәйкес келді, ол Кіші жүз күшін әлсіретті, қазақтың жарты бөлігін Ресейге толық бағындырды және қазақтардан салық алып, сауда қатынастарын дамытуға мүмкіндік берді.

«Бөкей сұлтанның ішкі жаққа көшуі, оған ықпал еткен мәселе көптеген патша шенеуніктерінің достық

кеңестері еді», – деп жазды сол кездегі бір куәгер және осы туралы ағасы Шығайдың жазбаларына қарағанда «1801 жылы Астраханның уақытша губернаторы Кнорринг Астрахан шекара бастығы Попов арқылы менің ағам Бөкей Нұралыұлына Жайықтың ішкі жағына біржолата Ресей бодандығына өтуге ұсыныс жасады. Осы кездесуден кейін Бөкей хан мені және басқа да сұлтан тұқымынан ағайындарын ертіп өзімізге бағынышты он мың үйлі қазақты ертіп, бүкіл мал мен дүние-мүлкімізді алып ішкі жаққа көштік».

Саяси тұрғыдан бұл орда ерекше иелік ретінде 1812 жылы бекітілді. Осы жылы Кіші жүзде де хан болып Шерғазы сұлтан сайланса, ал Ішкі Ордада Бөкей сұлтан болды. 1815 жылы Бөкей хан өлгеннен кейін, Жәңгір кәмелеттік жасқа келмегендіктен, орданы Шығай сұлтан биледі. Жәңгір Астраханьда тәрбиеленді, губернатор үйінде орналасты. 1824 жылы 24 шілдеде Орал қаласында Орынбор шекаралық басқармасының қатысуымен Жәңгір хан болып жарияланды.

Жәңгір ханның билік кезеңі ұзақ және күрделі болды. Қоғам өмірі көп өзгерістерден өтті, сонымен қатар түрлі оқиғаларға толы болды. Қазақ хандығының тарихында алғаш рет жерді жекеменшікке беру осы кезеңде іске асты, ол көшпелілердің отырықшылыққа көшуіне әсер етті.

тархандық институты өркендейді. Осы өзгерістер көшпелі қазақ қоғамының әлеуметтік ыдырауына әкелді. Білігі беки келе Жәңгір ескі салық жүйесін реформалады, алдымен елден «зекет», «соғым» алынса, кейін «жасауыл ақысы», яғни ханның қызметкерлер ұстағаны үшін алым-салық жинады.

Хан өзіндік басқару аппаратын құрды: канцелярия, депутаттық топ, 12 би кеңесі, есауыл институты, базарлық сұлтандар тобы, 14 адамнан тұратын шабармандар, Бөкей Ордасында «ахун» – хандықтың басты діни қызметкері қызметі бекітілді.

XIX ғ. 30-жылдары хандық территориясында беделді сауда орталықтары болды, оның ең ірісі Хан ордасында ашылған жәрмеңке еді. 1832 жылы ашылған жәрмеңке миллион рубль сауда айналымымен басталды. Ресейге жүздеген мал басы айдалды, жәрмеңкеге әр елдерден мыңдаған көпестер келді. XIX ғасырдың 40-жылдары хан ордасының сауда айналымы ерекше күшейіп экономикалық орталыққа айналды, 89 үйдің 46-сы дүңгіршіктер, ал 19-ы қоймалар болды.

Бөкей ордасында мұсылмандық мектептер көп болды. Әрбір рудың өзінің молдасы болды. Мектеп оқушыларының көпшілігі оқуды Ресейге немесе Ташкент және Бұхара медреселерінде жалғастыруға жіберілді. Ханның білім беру концепци-

ясы 1841 жылы тек Бөкей ордасында емес, түгел Қазақстан көлемінде алғаш рет азаматтық білім беретін мектептің ашылуымен ұласты. Мектепке бөлінген 30-40 вакансияға алғашында 12 оқушы жиналды. Осы орындарды толықтыру үшін 2 жыл қажет болды. А. Евреиннов: «Бұл мектептегі оқытушылар татар, араб және орыс тілін, арифметиканы және грамматиканың алғашқы ережесін, қысқаша түрде – география, тарих және тағы басқа пәндерді оқытқан. Ең жақсы түлектер осыдан Орынбордың Неплюев корпусына түсті», – деп жазған. С. Бабажанов (1861 ж.) өзінің қызықты «Заметки киргиза о киргизах» мақаласында Бөкей Ордасындағы халық білімі және Неплюев корпусының стипендианттары туралы: «...Жәңгір хан Ішкі орда қазақтарының білімін жоғарылату үшін Неплюев кадет корпусына Ордадан 10 ұл баланы алу үшін арнайы Орынборда келісім жүргізіп, оларды 2-эскадрон бөлімінде немесе азаматтық топта оқытуға жол ашты», – деп жазды.

Бөкей хандығы мәдени өмірінің жарқын көрінісі – «қару бөлмесі» немесе қару-жарак мұражайы. Зерттеушілердің айтуынша, онда сирек кездесетін қарулар болған, одан қазақ қолөнершілерінің жоғарғы шеберлігін көруге болатын. Қазақтың алғашқы мұражайында шығыс текті заттар көп болды: «Азиялық сауыт,

дулыға (шлем) және тағы басқа әскери қару-жарақтар. Соның ішінде Ресей императорларының қазақ билеушілеріне сыйға берген қылыштары да болды. Осы мұражай тағдыры туралы бірнеше жорамал бар.

Жәңгір хан өз уақытында Қазан университетінің ғылыми-тарихи қоғамдастығында сыйлы мүше болды. Ол эпикалық поэмалар мен қазақ шежірелері үлгілерін жазып алып, зерттеушілерге, ғылыми орталықтарға тапсырып отырған. Жәңгір хан 1845 жылы қайтыс болды. Ханның мұрагері саналатын ханзада Ресейден ордаға келе жатқан жолда жұмбақ жағдайда қайтыс болды. Содан кейін хандық билік жалғасын таппады, орданы Уақытша Кеңес басқарды.

1801 ж. Еділ мен Жайық өзендері аралығына Бөкей хан бастаған 10 мың қазақ отбасы қоныстанды, бұл Ішкі (Бөкей) Орданың құрылуына бастама болды. XIX ғ. 30-ж. аяғына таман онда 20 мыңға жуық шаруашылық және жалпы саны 80 мың адам болды. Бірақ жайылымдар біркелкі бөлінбеді. Аз ғана мерзімнің ішінде жердің 2/3 бөлігі қазақ сұлтандары мен орыс помещиктері Юсуповтар мен Безбородколардың жеке меншігіне берілді, Жәңгір хан өзіне 400 мың десятина жерді иемденіп алды. Әсіресе, бөлісте сұлтандық титулы жоқ, ханның қайын атасы Қарауыл қожа Бабажанов жақсы камтып қалды. Ол помещиктерден

жалға алынған жер үшін өзі ақы төлеп, содан соң осы жерде мал бағуға рұқсат етілетін қазақ ауылдарынан жалға беру ақысын асыра жинады, түрлі салықтар салды.

Ішкі Ордада көтерілістің алғашқы толқыны 1827-1829 жж. болып өтті. Қазақ ауылдары Оралдың арғы жағына қайта орала бастады. Старшина Серкеш Жақсыбаев Орал қазақ әскерлерінің атаманы Бородинге: «Жайықтың сол жағына өтудің себебі ауыр шығындар мен хан тарапынан болып отырған қысымшылықтар; халықтан жиналатын салық шамадан тыс және төлемшілердің жағдайынан бірнеше есе көп мөлшерде жиналады», – деп түсініктеме берген. **Өткір жер даярлығы, салықтық еті, әлеуметтік қысым, өзара қырқыстар 1836 жылы көтеріліске әкелді. Көтерілісті белгілі батыр Исатай Тайманов пен ақын Махамбет Өтемісов басқарды.**

Исатай 1791 ж. өмірге келді. 1808 ж. Исатайдың руластары Ішкі Ордаға көшті. 21 жасында ол Беріш ішіндегі Жайық руының басшысы болып тағайындалды. Исатайдың жақын серігі ақын Махамбет Өтемісов болды. Ол татар және орыс тілдерін еркін білген, Хиуада болған, Орынборда тұрған. Махамбет орыс жазушысы және этнографы В.И. Дальмен және ғалым-саяхатшы Г.С. Карелинмен таныс болған.

1836 жылдың ақпанында Ішкі Орда казактарының Жәңгір ханға қарсы ашық күресі басталды. Оған сылтау болған Исатайдың хан ордасына шақырылуы еді. Ол барудан бас тартты және өзінің ауылдарын қыстаудан көшіріп алып, көтерілісшілердің үлкен лагерін жинады. Хан мен оның айналасындағылар жала жабуға көшті. Барымта кезінде біреулер бақташы шалды өлтірген болатын. Қарауыл жожа жүргізген тергеу ісі Исатайдың және оның жақтастарының өлімге қатыстылығын дәлелдеуге тырысады. Исатай Қарауыл жожа Жәңгірдің келісімімен әрекет жасап, бірақ шығыстық этикетті сақтап отырғандығын түсінді. 1836-1837 жж. Жәңгірге қарсы арыз-шағымдар мен петициялар жазуды Исатай халық алдында хан мен оның айналасындағылардың саясатын әшкерелеу үшін пайдаланды. Исатай халық көп жиналған кезде ордаға арыз береді, бұл арызды ханның атынан 12 күннің ішінде қарастыруға уәде беріледі, бірақ ештеңе де өзгермейді. Халық алдында хан уәдесінен тайды. 1837 ж. басында көтерілісшілердің қимылы кеңейе түсті. Жаз бойы ханға жақтас ауылдарға белсенді түрдегі шабуылы басталды. Көтерілісшілердің қалың қолы хан ордасына жақындай түсті. Исатай орданы күшпен басып алғысы келмеді. Көтерілісшілер Жәңгір ханнан өзінің ай-

наласындағылардан Балқы би мен Қарауыл – жожаны шеттетуді, билікті ру старшындарының қолына беруді, сондай-ақ оларға қарсы басталған барлық істерді тоқтатуды немесе оларды билер сотының құзырына беруді талап етті. Жәңгір хан қатты састы. Екі арада келіссөздер басталып, ханға жаңа петиция берілді. Тайманов әкімшілікті ханмен арадағы қақтығысты бейбіт жолмен шешуге болатындығына көздерін жеткізуге тырысты. Бұл кезде Орынбор әкімшілігі мен хан асығыс түрде казак әскерін, хан жасақтарын жасақтай бастады. 15 қарашада таң алдында Тастөбе елді мекенінде көтерілісшілер мен жазалаушылардың арасында кескілескен қақтығыс болды. Өкшелей қуу барысында көтерілісшілердің орасан көп малдары қырылды, ондаған адам қаза тапты. Бірақ аздаған қосынмен Жайықтың сол жағасына өтіп, Исатай мен Махамбет құтылып кетті.

Енді көтеріліс Жайықтың сол жағасында жалғасты. 1838 ж. 12 шілдеде Кіші жүз жерінде Қиыл өзенінің бойында көтерілісшілердің жазалаушылармен қақтығысы болды, осы қақтығыста Исатай мерт болды.

Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс басып-жаншылған соң, далада азын-аулақ топпенен жасырынуға тырысқан қалғандарын қатаң қуғындау басталды. Патша отаршылдары көтеріліске қатыскандарды қатор-

галық жұмыстарға жіберуге үкім шығарды, мүліктерін тәркіледі, мәңгілікке басқа қонысқа аударды.

Исатай мен Махамбет бастаған көтерілістің негізгі қозғаушы күші, көп жағдайда оның бағытын белгілеуші, көшпелі рулар болды. Қозғалыстың стихиялылығы, елеулі мөлшердегі шығын, нақты бағдарламасының болмауы, ұйымшылдықтың жетіспеуі жеңілудің себептері болып табылды. Қалай болғанмен де бұл көтеріліс еркін рухты, азатшыл көшпелі қауымның өз тәуелсіздігін сақтауға арналған ірі қозғалысы ретінде тарихтың бетінде салмақты орын алды.

Орта жүз казактарының отаршылдыққа қарсы бағытталған бас көтерулері 1822 жылы «Сібір казактары туралы жарғыдан» басталады. Алғашқыда бұл күресті Абылай немересі Қасым төренің үлкен ұлы Саржан сұлтан басқарды. Осы күрес 1837 ж. жазда Абылай ханның немересі және Қасымның баласы Кенесары бастаған жаңа, қуатты қозғалыстан өз орнын тапты.

Ұлт-азаттық қозғалыстың басшылығына келген соң Кенесары «діні бір» ортаазиялық хандықтардан тірек іздеген өзінің ағаларының саясатынан бас тартады. Ол күресті екі майданда – патшалық Ресей мен ортаазиялық хандықтарға қарсы, әсіресе казак халқының бір бөлігін құлдықта ұстап отырған Қоканға

қарсы жүргізуге шешім қабылдайды. Қарулы көтерілістің алдында Қасым төре мен оның баласы Кенесары тарапынан Орта жүз жерлеріндегі бекіністер жүйесін алып тастау үшін Сібір басшыларының атына бірнеше хаттар жазылған, бірақ олар жауапсыз қалды.

1837 ж. көктемде Кенесары аз ғана жасағымен Ақмола округінің шекарасына келіп жетті. Қазактар оның туының астына жаппай ағыла бастады. Жекеленген жасақтардың басында Кенесарының жақын туыстары – Наурызбай, Әбілғазы, Бопай ханымдармен бірге халық батырлары – Ағыбай, Жанайдар, Иман, Жоламан, Бұқарбай тұрды. Кенесары көтерілісінің мақсаттарын Сарыарканың атакты байлары Азынабайдың ұлдары Сейтен мен Тайжан, Сапақ, Алдажұман, т.б. қолдады. Сондай-ақ, көтерілістің бірінші сатысында өздерінің мүдделерін көздеген, Кенесарыдан қорыққан орыс қызметіндегі сұлтандар мен билердің бір бөлігі де қосылды.

Кенесары 1837 ж. жазда Чириковтың жазалаушы отрядын талқандады, сөйтіп қол астына Ақмола, Көкшетау, Қарқаралы және Баянауыл округтерінің территорияларын қаратты. 1838 жылдың басында бытыраған казак жасақтары Кенесарының қол астына бірігеді. Көктемде ол Батыс Сібірдің губернаторы Горчаковқа Ресей өкіметінің саясатына қарсы арнайы қарсылық хатымен елшілік

жібереді, казак территориясындағы бекініс пункттерін жоюды, тартып алынған жайылымдарды қайтаруды талап етеді. Сұлтанның жіберген өкілдерін жазалаушылар орта жолда ұстап алады, содан кейін Кенесары Ресейге қарсы белсенді қимылдарын қайта жаңартады.

1838 ж. жазында көтерілісшілер әскер старшинасы Симоновтың отрядын талқандайды. Кенесарының әскерлері Акмола бекінісінің түбінде шоғырланады. 25-26 мамырда бекініске қиян-кескі тіке шабуыл басталады, барлық құрылыстар өртеліп жіберіледі. Бұдан кейін күз бойы қазақтар партизан күресін жалғастырады, Ресейге жақтас сұлтандардың ауылдарын тонап және байланыс тораптарын үзіп приказдарға, пикеттерге және разьездерге жүйелі шабуыл жасайды. Күзде Кенесарының ауылдары Жоламан батыр бастаған Кіші жүздің жасақтарымен бірігу мақсатында Торғай мен Ырғыз өзендерінің бойына өте бастайды.

1838 ж. соңынан бастап Торғай мен Ырғыз аудандары казак жасақтарының негізгі базасына айналады, ал Кенесарының әскері Орта және Кіші жүздердің көптеген руларын біріктіреді. Орынбор әкімшілігі, жазалаушы экспедицияның еш нәтижесіздігін көргеннен кейін қазақтармен бітім жасасады. Патша өкіметі тарапынан 1840 ж. Кенесары амнис-

тия алады, оның туыстары тұтқыннан босатылып, орыс әскерлерінің жазалау жорықтары тоқтатылады, хан мен орыс үкіметінің арасында келіссөздер басталады.

1841 жылы казак мемлекеттігінің қайта жаңғыруына байланысты азаттық күрестің жаңа сатысы басталады. **Ұлытаудағы казак руларының өкілдерінің кеңесі 1841 жылы жазда Кенесарыны хан етіп сайлады. Кенесары хан орталық үкіметті нығайтуға және күресті жалғастыру үшін мықты тылды құруға бағытталған бірқатар әкімшілік және сот реформаларын жүргізді. Хан манында оның жақтастары кірген кеңесуші орган – Хан кеңесі жұмыс істеді. Салық жинауға, әскери дайындыққа, мәмілегерлік шаруаларға жауап беретін қызметтер ұйымдастырылды.**

Ханның ерекше көмекшілері – жасауылдар түрлі рулардың үстінен бекітілді және хан бұйрықтарының орындалуын қадағалап отыруға тиісті болды. Сот ісімен тек Кенесарыдан рұқсат қағазы бар билер ғана айналыса алатын болды. Барлық көшпелі елге «зекет», егіншілерге «ұшыр» салығы салынды. Кенесарыға бағынған казак рулары орыс және қокан қазынасына төленетін салықтан босатылды. Хан өз әскерін де қайта құрды. Оның тұсында казакта артиллерия құрылды, казактар жаяу әскер өнерін игере бастады. Тұтқынға түскен және қашқын солдаттар мен

офицерлерден Кенесары орыс тактикасының негіздерін үйренді. Ол әскердің ерекшелік белгілерін және көзге түскен жауынгерлерді марапаттау жүйесін енгізді. Көтерілістің күшейген тұсында хан тәртіпті, жақсы үйретілген, жинақы 20 мыңға дейін жететін атты әскер құрады.

Далалағы әскери қимылдар 1843 жылы қайта жанданды. Полковник Бизановтың басшылығымен 5000 адамнан тұратын отряд Сахарная бекінісінен, баска отрядтар Омбыдан, Қызылжардан (Петропавловск) және Қарқаралыдан шықты. Тобыл өзені жағынан патша үкіметіне берілген сұлтан Ахмет Жантөриннің казак отряды шықты. Шеберлікпен әскери әдістерін құбылтып Кенесары шайқастарда Бизановтың отрядын әбден титықтатып барып 1843 жылдың қыркүйегінде оны Орскіге шегінуге мәжбүр етті.

1845 ж. күзде орыс әскерлері және патша үкіметіне берілген ағасұлтандардың жасақтары Кенесарының ауылдарына жаңа шабуылдарын бастады. Оңтүстікке шегіне отырып хан орыс әскерлерімен күресін тоқтатпады, алайда негізгі күш Қоканмен соғысқа жұмылдырылды. Батыр Жанкожа Нұрмұхамедұлымен қосылып Кенесары Қокан билігіндегі казак руларын азат ете бастады. 1846 ж. қыста Кенесары жасақтары Іле өзенінің Балқашқа құятын тұсындағы Қамал деген жерге және Алатау бау-

райындағы Ұлы жүздің қоныстарына келіп жетеді. Кенесары қырғыз манаптарын Ресей мен Қоканға қарсы бірлесіп күресуге шақырады. Алайда, Ормон манап бастаған қырғыздар оның ұсынысынан бас тартады да, Кенесарының билігіндегі ауылдарға шабуыл жасай бастайды. Үш майданда – қокан әскерлеріне, қырғыздарға және орыс отрядтарына қарсы ауыр соғыс басталады.

1847 жылы Кенесары жасақтары қырғыз шекарасына жақындады. Мұнда казак ауылдары орасан зор қиындықтарға кездесті. Жергілікті жерді білмеу, қырғыздармен арадағы жаугершілік, қырғыз, қокан және орыс отрядтарының біріккен әрекеттері жеңіліске себеп болды. Кенесарының соңғы шайқасы Пішпекке таяу жердегі Кекілі тауында болды. Тау ішінде қазақтарды қокан және қырғыз отрядтары қоршап алады. Кенесары тұтқынға түседі. Өлім алдында ол тағы бір рет қырғыз манаптарына жаулықты тоқтатып, ортақ жауға қарсы бірігіп күресу үшін күштерді біріктіруді ұсынады, алайда бұл жолы да қырғыз манаптары оның ұсынысын қабылдамайды.

Батыс Сібір генерал-губернаторы Горчаков соғыста көзге түскен барлық қырғыз манаптарына сыйлық жасады, ал Кенесарыны өлтірген манап Қалиғұл Әлібековке құрмет хатын табыстап, оны күміс медальмен марапаттады. Қырғыздар шайқаста

казак болған казак жігіттерінің бастарын сыйлық ретінде Қоқан ханына жіберді. **Кенесары көтерілісі Ресей отаршылдығына қарсы бағытталған казак елінің ең ірі бас көтеруі болды. Көшпелілер оң жыл бойы от төуелсіздігін, еркіндігін қорған, мұздай қаруланған Ресей әскерімен алысып, ең тапанып, соңғы ханын қорғай.**

1855-1858 жж. Арал теңізінен батысқа қарай көшіп-қонып жүретін жауынгер казактардың ірі көтерілісі болды. Патша үкіметі түрлі алымдар мен ауыр міндеткерліктерімен бұл шаруашылықты күйзелткен еді. Ресей, әсіресе Хиуаға жорық жасаймыз деп бейбіт елді бірнеше рет тонады. Бұл бас көтерудің басшысы шекті руының аса ірі көсемі Есет Көтібаров еді. Есетке қарсы ірі экспедициялар (А. Жапториннің, Кузьминнің, Дерышевтың, Михайловтың) жасакталды. Бірнеше жылғы жаугершіліктен кейін Есет қаруын тастауға мәжбүр болды.

Осы күрестің барысында казактың жүздеген жылдар өмір сүрген мемлекеттік жүйесі ыдырады.

Қазақстанның Ресейге қосылуына көптеген саяси-экономикалық алғышарттар болды. Орыс үкіметі өзінің шекарасын Шығыста ұлғайтқысы келді. Ресейде мемлекеттік биліктің күшеюімен қатар, Шығыс мемлекеттерімен, көрші жатқан халықтармен сауда айырбас жасауға және өзге де қарым-қатынастарды дамытуға мүмкіндік туды.

Қазақстанның Ресейге бодандығы XVIII ғ. 30-жылдары басталып, ұзақ және күрделі үрдістен кейін ғана XIX ғасырдың 60 ж. аяқталды. Қазак жүздерінің қосылуы әр түрлі ішкі саяси жағдайда іске асты. Кіші жүздің көп және Орта жүздің кейбір аудандары Ресейге XIX ғ. басында қосылды. Патшалық империя Орта Азияға байланысты алға қойған стратегиялық мақсаттарына жету үшін Орта жүздің үлкен бөлігін және Оңтүстік Қазақстанның қалалық бөлігін еш аяушылық көрсетпей, қатаң әскери күшпен бағындырды. Ресей Оңтүстік Қазақстанды және Орта Азияны жаулап, саясатын Ұлыбритания империясымен болған бәсекелестікпен түсіндіреді.

Қазақстанның Ресейге қосылуы үш кезеңнен тұрады:

Бірінші кезең XVIII ғ. 30-жылдарынан басталып XIX ғ. 20-жылдарына дейін. Бұл жүзжылдықтың ішінде Ресей мен Қазак хандығының арасында протекторат қарым-қатынасы орнады. Ресей бекіністері мен шептері казак жерінің солтүстік шекарасын жан-жақтан қоршады. Қазак хандарының сыртқы шаруаларына орыс билігі тығыз араласты және бекітіп отырды.

Екінші кезең – вассалитет кезеңі, XIX ғ. 20-жылдары басталып XIX ғ. 60-жылдары аяқталды. Оның негізгі көрінісі – 1822 жылы қабылданған «Сібір казактары туралы Жарғы»

мен 1824 жылы қабылданған «Орынбор казактары туралы Жарғы». Осы жарғылардың нәтижесінде хандық билік күшін жойып, Ресей бодандығындағы казак өлкесінде округтер мен бөлімдер ашылды. Округ басшылары – аға сұлтандар мен сұлтан-правительдер генерал-губернаторлықтарға бағынды. Өз кезегінде округтерде болыстықтар мен дистанциялар ашылды.

Үшінші кезең – таза бодандық, 1860 жылдары басталады. Оның негізгі белгісі Қазак жерінің тұтастай Ресей империясының құрамына енуі, облыстарға бөліну, олардың өз кезегінде уездерге, т.б. бөлінуі. Қазактың саяси элитасы сұлтандар мен билер биліктен біржолата шеттетілді. Қазак шаруашылығы Ресейдің тауарлы-сауда қарым-қатынастарының орбитасына ене бастады. 130 жылға созылған казак-орыс жаугершілігі ақыры Қазақстанның оңтүстігіндегі қалаларды жаулап алумен аяқталды.

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы казактың ұлт-азаттық қозғалыстары жеңіліспен аяқталып, Қазақстанның бүкіл территориясының Ресей билігіне өтуіне алғышарт болды. Отаршылдарға қарсы көтерілістер кейде партизандық, кейде ашық ұрыс түрінде болып отырды. Қазактардың жеңілуінің бірнеше себептерін көрсетуге болады: ол алдымен Ресей империясының экономикалық ресурстары қамтамасыз

еткен орыс әскерінің техникалық қуаттылығы, көптеген сұлтандар мен билердің сатқындығы, үшіншілен Кенесары қозғалысы кезінде Ресейге көмектескен Қазақстанның оңтүстік көршілерінің – Хиуа, Қоқан және қырғыз манаптарының саясаты. Кенесары өлгеннен кейін орыс әскерлері Жетісуды, кейін 60-жылдары оңтүстік қалаларды басып алды (Ташкент, Шымкент, Түркістан, т.б.). Ресей үкіметі өзінің әкімшілік-саяси реформалары арқылы Қазақстандағы дәстүрлі басқару жүйесін бұзып, көшпелілерді құнарсыз жерлерге ығыстырып, Ресейден келген қара шекпендерге үлкен жеңілдік берді. 1867-1868 жж. «Уақытша Ережеден» кейін шексіз билікті алған отаршылдық саясаты кең етек жайды. Сонымен қатар, Қазақстанның Ресейге қосылуының нәтижесінде казак көшпелілері айырбас және сауда қатынасын жасайтын мүмкіндікке ие болды, казак ауылдарында сауданың даму барысында капиталистік, өндірістік қатынастар пайда бола бастады.

1865 ж. үкімет Қазак даласын басқару туралы «Ереженің» жобасын даярлау үшін Далалық комиссияны құрды. Оның құрамына Ішкі істер министрлігінің, әскери министрліктің және жергілікті генерал-губернаторлықтардың өкілдері кірді. Өзінің шекарасы күннен-күнге ұлғайып келе жатқан Ресей империясы үшін сыртқы жағдай әкімшілік

жүйесін реформалауды жүргізуге қолайлы болды. Шаруалардың басыбайлы тәртібі жойылғаннан соң Ресей үкіметі земствоның, соттың, қалалықтардың және т.б. әлеуметтік-саяси өмірінің ағысын түбегейлі өзгерткен бірқатар реформалар жүргізді. Осы жағдайда Ресей Қазақстанды басқарудың бұрынғы жүйесін түбірімен өзгерту міндетін алға қойды. Реформаны даярлау кезінде қалың бұқараның көңіл күйі назарға алынбады. Реформа қазақтың материалдық игілігін сақтап, тұрмыс ахуалын көтеруге ықпал ететін радикалдық жоба болсын деген ниетпен Ш. Уәлиханов үн қатты. Ол Қазақстанда халықтық өзін-өзі басқару жүйесіне негізделген әкімшілік билік жүйесін енгізуді ұсынды. «Сот реформасы жөніндегі жазбаларында» ол қазақ халқы үшін әлеуметтік-экономикалық жаңашылдықтарды аса маңызды деп есептеді.

1867 ж. наурызда Қазақ жерін, Орта Азия өлкесін әкімшілік басқару реформасының жобасын түпкілікті құрастыру үшін әскери министр Д.А. Милютин бастаған ерекше комитет құрылды. Нәтижесінде 1867 ж. 11 шілдеде «Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлықтарының далалық облыстарындағы басқару жөніндегі Уақытша Ереже» жасалды.

1867-1868 жж. реформаның (Уақытша Ереже) негізгі мақсаты – «Қазақ даласының XIX ғ. Ресейдің басқа

да бөліктерімен толық қосылуына қол жеткізу, Ресейдің қол астындағы халықтарды бір басқарманың астына біріктіру, жергілікті ақсүйектерді биліктен шеттетуге, рулық бастамаларды әлсіретуге».

Реформаның негізінде Қазақстан территориясында 6 облыс құрылды, олардың екеуі – Жетісу мен Сырдария облыстары Түркістан, Ақмола және Семей облыстары Батыс Сібір, ал Орал мен Торғай облыстары Орынбор генерал-губернаторлықтарының құрамына кірді.

Әрбір облыс белгілі бір шамадағы уездерден тұрды. Мысалы, Семей және Ақмола облыстары 5 уезден, ал Сырдария облысы 8 уезден және т.б. Уездер болыстарға бөлінді. Болыстар әкімшілік ауылдарынан тұрды. Облыстың басында әскери губернаторлар тұрды, ал уездерді генерал-губернатор сайлаған орыс офицерлері басқарды. Болыс басына сайланбалы болыс басқармалары, әкімшілік ауылдарда ауыл старшындары тағайындалды. Болыстар сияқты ауылдар да рулық принцип бойынша емес, территориялық принцип бойынша құрылды.

Әкімшілік басқарма ашықтан-ашық әскери сипатта болды. Облыстардың басында барлық әскери және азаматтық билікті толығымен өз қолдарында шоғырландырған әскери губернаторлар тұрды (олар әрі әскери округтердің қолбасшылары болды).

Әскери және әкімшілік биліктің бір қолда, яғни орыс әскерлерінің қолында болуы жаңа реформаның қазақ даласында жасалған әкімшілік құрылымының принципі болды.

1868 ж. «Далалық облыстарды басқару» және 1867 ж. «Түркістан өлкесіндегі басқару жөніндегі «Уақытша Ереже» бойынша болыстық басқарманың қолында полициялық және нұсқау таратушылық биліктер болды. Ол «тыныштық пен тәртіпті» сақтауды, салық төлеуді және халықтың барлық міндеткерліктерін өтеуін бақылады. Оның міндетіне билер сотының шешімін орындату кірді. Ауыл старшиндері өзінің құзырында болыстық басқармалардың міндеттерін орындады. Қазақ шаруалары шамадан тыс ауыр земстволық міндеткерліктерді өтеді: ауыл-болыс әкімшілігін шығын малмен қамтамасыз етті, көпірлерді жөндеуге, пошта желілерін жөндеуге қаржы бөлді, әскери бөлімдерді көлікпен қамтамасыз етті.

«Уақытша Ереженің» 210 тармағына сәйкес Қазақ жері Ресей империясының меншігі болып жарияланды. Жерді мемлекеттік меншік деп жариялау үкіметке оны қазақ халқының пайдалануынан жатсындырып, қоныс аударушы қара шекпен учаскелеріне таратуға заңды құқық берді. Сұлтанардың барлық әлеуметтік-саяси және мұрагерлік құқықтары жойылды, барлық арнайы

билік орыс шенеуніктерінің қолында шоғырланды.

Жаңа болыстар мен ауылдардың әкімшілік жобаларын даярлаған Далалық комиссия бірінші кезекте, дәстүрлі институттардың саяси қауіптілігінен қорықты. «Қазақтарда кез келген күшті сайлау билігін жою өте пайдалы және салықалы болар еді, яғни оларды ақсүйектік және рулық дәстүрдің езгісінен азат ету керек... сонда олар үкімет күштерін тежей алмайды. Қоғамдық лауазымды орындарға ескі мұрагерлік артықшылықтың тәртібімен емес, «Уақытша Ереже» сайламалық бастаманы енгізді», – деп жазды XIX ғ. ортасындағы зерттеуші А.К. Гейнс. Ескі экономикалық және идеологиялық жағынан тұтас, туыстыққа негізделген біріккен әкімшілік-рулық ұжымдардың орнына «Уақытша Ережені» енгізудің нәтижесінде не шаруашылық мүдде, не генеалогия, яғни туыстық байланыстырмаған жасанды бірліктер пайда болды. Осының бәрі қоғамдық институттардың дәстүрлі базасына әсер етті. Сондықтан ол трансформацияға ұшырады, оның маңызы, беделі және қажеттілігі төмендеді. Бірақ бұл құбылыс құрылымды толық қамтуға үлгермейді. Осы үрдістің қызықты көріністерінің бірі 1868-1869-1870 жылдардағы халық қозғалыстары деп есептеуге болады.

1869 жылы көтеріліс «Уақытша Ережені» енгізуден басталды. Қа-

зақтар бұл қайта құруды «Штат» деп атады. 1867-1868 жылдардағы реформаны іске асыру үшін казактардың шаруашылығын есептейтін, ауыл старшындары мен болыс басқарушыларын анықтайтын сайлауларды өткізетін, ауыл әкімшілігін ұйымдастыратын, жаңа нормаларға сай салық жинауды қамтамасыз ететін арнайы комиссия ұйымдастырылды.

Бүкіл комиссия 1868 жылы далаға аттанады. Қазактар бұл жаңа өзгерістерден кейін жаңа салық түрлерінің пайда болатынын, өзін-өзі басқаруды шектейтінін және исламға, яғни дінге сенушілікті де шектейтінін сезді. Бірақ жаңа реформалар бұдан да ауыр болды. Сондықтан да ұйымдастырылған комиссияға казактар ашық түрде қарсы шықты. Балықшылар әскери отряд жинап, Гурьев уезіндегі комиссияны қоршап қуып жібереді. Желтоқсанның соңында барлық комиссиялар кері қайтты.

1869 жылы ақпанның басында ұйымдастырылған комиссиялар қайтадан өздерінің сапарларын енді казак отрядтарының көмегімен бастайды. Бірақ бұл жылы да комиссияға қаруланған казак отрядтары бөгет жасайды. Көптеген жасақтар қоршауға алынып, бір-бірімен байланыса алмады.

Кіші жүздің наразылығы көктемде көтеріліске ұласады. Оларды ірі сұлтандар мен билер бастайды: сұл-

тан Ханғали Арсланов, би Азберген Мұңайтпасов, молдалар Дәуіт Асанов, Ықылас Досов және тағы басқалар.

Патша әкімшілігінің жағдайын Хиуаның араласуы қатты алаңдатты. 1869 жылдың басында Хиуа ханы казак елшілігін қабылдап, қарумен көмектесуге сөз береді. Себебі, Хиуа үшін Кіші жүз экономикалық пайдасымен, сауда жоспарында маңызды рөлге ие болса, сол сияқты орыс экспансиясынан қорғаныс ретінде де маңызды болды. Хиуа наурыздың басында Кіші жүз жеріне орыс бекіністерін жоюға 6 мың адамнан, 4 карудан тұратын отряд жібереді. Хиуа әскери экспедициясында Кенесары Қасымовтың ұлы Сыздық көзге түседі. Сәуірде Кіші жүздің барлық рулары көтерілісшілердің жағына шықты. Қазак отрядтары дала бекіністерінің әкімшілік орталықтарымен байланысын жояды, пошта станцияларын жаулап алады, Ресей Орта Азия мемлекеттерімен сауда байланысын тоқтатады.

Сонымен бірге, Хиуа ханы Сейд Мұхаммед казактардың көтерілісі кезінде көзге түскен көптеген әмірлер мен қазыларды ашық түрде белсенді қолдайды. Патша үкіметі Түркістанның генерал-губернаторы Кауфман арқылы Хиуаға әскерді әкелуін талап етеді, әйтпесе Хиуаның өзін жаулап алуы туралы хабар береді. Хиуа кері қайтуға міндеттенеді.

Ресей үкіметі көтеріліске шыққан казактарды басу үшін катал шаралар қолданады. Мұнда 45 мың адамнан 20 карудан тұратын отряд жібереді. Әскерлер Петербургтен, Мәскеуден, Харьковтан, Қазаннан ағылып келе бастайды. 1869 жылы Оренбург әкімшілігі мамырда далаға екі отряд аттандырады. Штемпель басқарған бірінші отряд 6 мамырда Қазыбектің саласында казактардың шабуылына тап болады. Бұл отряд Жамансор көлінің маңында 8 күн бойы жан-жақтан казактардың қоршауында болады. Қоршаудан құтылған отряд маусымның басында Калмыково бекінісіне қайта оралады. Келесі отрядтың басында Юроковский қалды. Олар Штемпельдің жеңілісін естіп, Елек қаласына кері қайтады. Көтерілісшілердің саны 20 мың адамнан асады. Қазактардың қайсар қарсылығы жаздың басында өзге отрядтарды да казак шептеріндегі бекіністерге қайта қайтуға мәжбүрлейді.

1869 жылдың маусымында Ресей әскерінің жаңа шапқыншылықтары басталды. Патша әкімшілігі Орал облысының әскери губернаторы Веревкин басшылығымен Кіші жүздің ортасына 10 мың әскер және артиллерияны жібереді. Бұл казактардың ауқымды түрде сұлтан Ханғали Арсланов басшылығымен Хиуаға көшуіне әкеледі. Туған жерден 57 мың адам көшіп кетеді.

Елде қалған халық қатаң репрессияға ұшырайды. Халыққа контрибуция жарияланып, көтеріліс басшылары ауыр жұмыстарға жүктеледі. Қазактардың көтерілісі басылса да, реформаны іске асыру әлі де болса аяқталған жоқ еді.

Қазақстанның өзге аудандарына қарағанда, Маңғыстау түбегінде «Уақытша Ереженің» ресми енуі сәл кештеу, яғни 1870 жылы басталды. Адайлар – бұл түбекте ертеден бері өмір сүріп келе жатқан, 27 буыннан тұратын қазақтың руы. Мұнда «Уақытша Ереженің» қолдану қазақ халқының соңғы тәуелсіздік ошағын жоспарлы түрде жоюды білдірді. Патша үкіметі казак-орыс әскерлеріне сүйене отырып, барлық күшпен оларды бағындырғысы келді. Отаршылдық басшылар жабайы «әскери тайпаны» басып алу үшін, тіпті 1867-1868 жылдары реформаларды даярлаған А.Г. Гейнстің өзі де қатаң шараларды қолдануды ұсынды. Сондықтан да Маңғыстаудағы реформалар негізсіз кейінге қалдырылған жоқ.

«Уақытша Ереже» Маңғышлақта 1870 жылы ғана енгізілсе де, патша әкімшілігі адайларды жаңа салықты екі жылға төлеуге мәжбүр етті.

1869 жылдың аяғында Маңғышлақтағы жалпы жағдай Хиуа жорығына дайындалуына байланысты өзгереді. Патша әскерінің Красноводскіні жаулап алуы адайлық-

тардың оңтүстікке – қыстауына қайтуына бөгет жасады. 1870 жылдың 2 ақпанында Маңғышлақ Александровск фортымен бірге Орынбор генерал-губернаторының билігінен кетті. Кавказ әкімшілік аймағына бағынды. Орынбор әскери аймағының оңтүстік бөлігінде жаңа бекіністер салынып, мұнда 800 казак тұрды және қарулар жинақталды. Олар Арал мен Каспий теңіздері арасындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету керек еді. Сөйтіп, адайлар патша әскерінің қоршауының ішінде қалып қойды.

Жаңа әкімшілік шекаралардың өзгеруінің нәтижесінде адайлар кезінде көшіп-қонып жүрген Орал облысының территориясына кіре алмады. Жазғы жайылымдарды пайдалану тек «Ережені» қабылдағанда ғана мүмкін еді. Одан басқа әкімшілік өткен жыл үшін салықтарды төлеуді талап етті. Бұл дегеніміз әр шаруашылықтан 8 күміс сом еді. Мұндай ақша келеді жатқандарда ғана емес, кейбір аумақты шаруашылықтарда да болған жоқ.

1870 жылы көктемде қолбасшы Рукиннің казак отряды адайларды бағындырудың сәті келді деп есептеп, казактарды жазалауға аттанады. Рукин отрядының дала кешуі көтерілістің басталуына себеп болды. Көтерілісшілер бұл отрядты түгелдей өлтіреді. Кейін көтеріліс бүкіл түбекке жайылып, адай ауылдары көтерілісшілерге қосыла бастады.

Көтерілісшілердің саны 10 мыңға жетті. Оларды Досан Тәжіұлы, Алға Жолмағамбетұлы, Иса Тіленбайұлы басқарды. Көтерілісшілерге балықшылар, олармен бірге жұмыс істейтін жұмысшылар, форттарда жұмыс істейтін батрактар және тағы басқалар қосылды. Сәуірдің басында көтерілісшілер Александровск фортын қоршап алады. Үш күн ішінде адайлар бекіністі қоршап, төменгі бөлігін бұзып, маяқты өрттесе де, фортты басып ала алмады.

Адайлардың көтерілісі ұлт-азаттық сипатта болды, көтеріліс патша өкіметіне қарсы бағытталды. Бірақ болшник туралы бірлес-бір бағдарлама ұсынған жоқ, негізгі мақсат бұрынғы дәстүр-салт еркіндігін, көпше билікті сақтау еді. Бұл XIX ғасырдағы казактардың соңғы қауіпсіз көтерілісі болды және тәуелсіздіктің соңына айналды. Бұл казактардың Ресей империясының от күштерінің арқасында кете алмайтындығының дәлелі болды. Көтеріліс кезінде казактар оңтүстікке Үстіртке жылжыды. Мамырда түбекте әскердің саны шексіз болды. Петербургтен Ұла князь Михаилдың жеке адъютанты барон Мейендорф келеді. Бұрынғы патша әскері сияқты бұлар да халықты еш аямай, көтерілісшілерді әлсірету үшін ең негізгі күшті жұмсады. Саранцев және Байковтың басқаруындағы отрядтар ерекше қатаңдығымен көрінді. Мысалға, Байков өзінің әскеріне

«қырғыздардың барлық еркектерін қандай руға жататынын белгілемей-ақ жоюды» талап етті.

Маңғышлақ казактарына қарсы террор және нағыз қаруланған тонаушылық Ресей қоғамында қарсылық туырды. Орыс әскерінің қылмыстарының қатыгездігі сонша, нәтижесінде үкімет Байковты амалсыздан соттауға мәжбүр болды. Сот үрдісі кезінде әскердің еш себепсіз казак ауылдарына басып кіргені адамдарды тоқтап және жекелеп атқаны жөнінде, бейбіт сауда керуендерін тонағандығы белгілі болды. Байков Тобольскіге қуылды.

Женілестен кейін көтерілісшілердің кейбір ауылдары Хиуға өтіп кетті. Солардың ішінде олардың басшылары да болды: Иса Тіленбайұлы, Досан Тәжіұлы, Ерасан және Ермағамбет Құловтар. Маңғышлақ үшін қара күндер басталды. Үкімет оларға 6 жыл ішінде өтейтін 600 мың рубль көлемінде контрибуция жүктеді.

Сөйтіп, Ресей патшалығы 70-жылдары Қазақстанда өзінің отаршылдық жоспарын орындап, казак еркіндігінің, бостандығының тамырына балта шапты.

Қазақстанды жаулап алудың аяқталуы XIX ғасырдың ортасындағы Ресейдегі буржуазиялық реформаларға сай келді. Басыбайдылықтың жойылуы аграрлық мәселені шешпеді. Шаруалардың толқулары жалғасты. Осы сәтте жерсіз қалған шаруа-

ларды революциялық қозғалыстан тайдыру үшін жаңа шаралар қолданылды. Солардың бірі – белсенді қоныс аудару саясаты. Шаруалардың шығысқа көшірілуі Ресейдің орталық губернияларындағы жер мәселесін шешіп қана қоймай, орыс үкіметінің жаңа жерлердегі билігін қамтамасыз етті. Сондықтан патша үкіметі XIX ғасырдың 60-жылдарында әскери казак-орыс отаршылдығында ауқымды шаруашылық-экономикалық отаршылдығына көшті. Патша Сібірді, Қазақстанның солтүстігін, батысы мен оңтүстік-шығыс аудандарын отарлау арқылы бұл жерлерге орыс шаруаларын қоныстандырып, ұлттық әлеуметтік қолдау табуға тырысты.

Орыс және украин шаруаларын қоныстандыру XIX ғасырдың 70-жылдары басталса (1867-1868 жылдардағы реформа бойынша казактың жері мемлекет меншігі деп жарияланды), 80-жылдары қарқынды жалғасты. Алғашқы қарашекпен қоныстары 1879 жылы Көкшетау уезінде пайда болды.

Жетісу облысының әскери губернаторы Колпаковскийдің ұсынысы бойынша 1868 жылғы «шаруалардың Жетісуға көшуі туралы уақытша ережелері» қабылданып, ол 1883 жылға дейін қолданылды. Бұл «Уақытша Ережелер» бойынша қоныстанушыларға көптеген жеңілдіктер берілді: әрбір ер адамға 30 десятина жер беру,

15 жылға дейін салықтан босату, 100 рубль көлемінде қарыз беру.

1886 жылы Түркістан генерал-губернаторының басқару ережесі қарастырылды. Бұл құжат бойынша әрбір ер адамға 10 десятина жер берілді, қоныстанушылар 5 жылға дейін салықтан босатылды, кейін 5 жылда салықтың жартысын ғана төледі.

«Ауыл тұрғындарының өз еріктерімен жаңа жерге көшірілуі және бұрынғы жерге көшірілген топтар туралы арнайы ережесі» 1889 жылдың 13 шілдесінде қабылданып, қоныстандыру тек алдын ала Ішкі істер министрлерінің және Мемлекеттік жер иеліктері министрлігінің рұқсаты арқылы іске асырылды. Бірақ патша үкіметі жаппай қоныстандыру үрдісін бақылай алмады. Шаруалардың өздігінен көшуі жалғаса берді. 1891-1892 жылдары егіннің шықпауы себепті орыс шаруалары еуропалық Ресейден шығысқа қашып, бос жерлерді іздеуі қарқынды өсті. Осы уақытта Орал тауынан шамамен 30 мың шаруа бері асып, ал Жетісу мен Сырдария облыстарына 12 мың шаруа қоныстандырылды.

«Ережеде» қоныстандырушылардың аудандары нақты Томск және Тобыл губерниялары, Жетісу, Ақмола және Семей облыстары деп көрсетілді. 1891-1892 жылдары заң Торғай және Орал облыстарына да тарады. 1893 жылғы «Уақытша ереже» 1889 жылғы ережені нақтылады.

Мысалға, қоныс аударушылардың жан басына 15 десятина жер берілді. Шаруалардың қоныс аударуы қазақ көшпелілерінің жерлерін тартып-алу есебінен жүрді. 1885 жылдың өзінде 1893 жылға дейін Ақмола облысының жергілікті халқынан 251779 десятина жер тартып алынып, 10940 ер адамнан тұратын халқы бар 24 поселке салынды. Ал Семей облысында бұл уақытта қазақ шаруаларынан егіншілікке қолайлы 33064 десятина жер тартылып алынды.

Шаруалық отарлау Сырдария облысына да тарады (негізінен Ташкент, Әулиеата уездерінде). XIX ғасырдың аяғында облыста 40 жаңа поселкі құрылып, онда 2,5 мың орыс тұрақтанды.

Қазақ жерінің Сібірмен және Еділ өңірімен теміржол арқылы байланысуы, Қазақстанға орыстың қоныс аударуына қолайлы жол ашты. Осы мақсатта Ф. Щербинаның басқаруымен экспедиция 12 уезді нақты тексерді (Ақмола, Торғай, Семей облыстары). Жиналған мәліметтерден патша өкіметі қазақ жерінің «артық» бөліктерін алуға жоспарлар жасады.

Нәтижесінде орыс шаруалары құнарлы жерлерге қоныстанса, қазақтар сусыз, нашар жерлерге көшірілді. Қазақ өлкесінің демография жағдайы да өзгерді. 1897 жылғы жалпы санақ бойынша өз жерінде қазақтардың жалпы мөлшері 87,1%-ға кеміді.

4471,8 мың адамның 3399,5 қазақтар болса, орыстар мен украиндар 532,7 мың, татарлар 55,4 мың, өзбектер 73,5 мың, ұйғырлар 56 мың болды. Ішкі Ресейден қоныс аударушылар көбінесе стратегиялық маңызды аудандарға көшіріліп, мұздай қаруланған еді.

3.5. Мәдениеті

Мәдениет – әлеуметтік болмыстың туындысы, бұл тек қана материалдық өндірістің нәтижесі ғана емес, сонымен қатар адамзат рухының жемісі. Қазақтардың синкреттік мәдениеті XIX ғ. ортасына дейін терең дәстүрлі болып келді. Оның бұзылуы күшті көршілердің баса-көктеп снуінің, артынша шаруашылықтың құлдырауының, көшпеліліктің одан әрі экономикалық тиімсіздігіне әкелген саяси дағдарыстардың салдары еді (мәдениеттің дамуы идеалдың жоқтығынан баяулады). «XIX ғасыр ғылымы тек отырықшы халықтар ғана прогресшіл өркениет жасады, ал Орталық Азияда не варварлық я болмаса жабайылық үстем болдымыс деген қағиданы мұраға қалдырды», – деп жазды Л.Н. Гумилев. Ресей XIX ғ. 70-жылдарына дейін тек өзінің Орта Азиядағы жағдайын нығайтуды ғана көздеді және империя халықтарының кез келген даму әрекетіне жол бермеді. Солай бола тұра, XIX ғасырда көшпелілер өмі-

рінің буырқанған мазасыз ағысы тоқтап қалған жоқ, тек ол бейбіт өмірдің мөлшерлі күйімен ауысты және ұлы суреткерлерге өмірді байсалды тереңдей түсіп, ой елегінен өткізулеріне мүмкіндік берді.

Халық поэзиясының жанрындағы кейбір өзгерістер жайлы Ш. Уәлиханов: «Жырдың формасы, қобыздың өзі тәрізді, тек бақсылардың игілігі болып қана қалды. Тек солар ғана жындарды буу кезінде қолдана отырып өлеңнің осы формасын әлі сақтап отыр», – деп жазды. Сөзсіз, жырды туғызған орта өткен уақыттың еншісінде қалды. Қазақ даласын әскери бекініс шептерімен қоршау, өсімқорлық және капиталистік қанау, бірқатар ірі көтерілістер, орталықтан орыс-хохол шаруаларының жаппай қоныс аударуы және осыған байланысты шаруашылықтағы терең дағдарыс, көшпелі қазақ ауылының моральдық-адамгершілік жағдайы поэзияда «Зар-Заман» деген атпен белгілі пессимистік бағытты туғызды.

Әдебиеттегі бұл бағыттың бастамашысы ақын Шортанбай Қанайұлы (1818-1881 жж.) болды. Өзінің шығармаларында ол «Зар-Заманды» Қазақстанның Ресейге қосылғанынан кейінгі қазақ тарихының қайғылы дәуірі деп атайды. Шортанбай қазақ қоғамындағы сауда-ақша қатынастарының дамуы нәтижесінде пайда болған жаңа әлеуметтік топ-байларды сынайды,

жыл бойы жинаған ақшасын салық төлеуге беретін кедей-жатақтардың ауыр өмірін ашына бейнелейді. Адамгершіліктің бұзылғанын, екі жүзділікті, адамдардың дөрекілігін айтып дабыл қағады. Ақын Қазақстандағы егіншіліктің дамуына теріс көзбен қарады. Оны дәстүрлі әлеуметтік қатынастар мен кошпелі мал шаруашылығының бұзылуы алаңдатты. Ол дәстүрлі шаруашылықтың күйреуімен қазақ қоғамының моральдық-адамгершілік қасиеттерінде дағдарыс туады деп есептеді. Шортанбай – пессимист ақын. Ол осындай жағдайдан шығу жолын көре алмады, адамдарды діннен қорғаныш табуға және діннұсұрыптарды сақтауға шақырды.

Шортанбайдың поэзиясымен Дулат Бабатайұлының да (1802-1874) шығармалары үндес. Өзінің адамгершілікті уағыздайтын өлеңдері «Өсиетнамада» ол қазақ халқының өткен өмірін жырлайды. Өзі замандас дәуірді ол жалпы моральдық азғындық кезеңі деп атайды. Дулат орыстарды қазақ жеріне өткізіп алған, XVIII ғ. хандардың әрекетін кінәлайды, қазақтардың болашағын өте көмескі түрде көреді. Жергілікті өкімет өкілдерін, отаршыл әкімшіліктің қарақшылық сипатын әшкерелей отыра, Дулат өз шығармаларында патша әкімшілігіне қызмет ететін қазақтарды сөгеді. Ол дәстүрлі өмір салтын жақтайды. Қазақстанның

Ресейге қосылуын Дулат қазақ халқының үлкен бақытсыздығы деп бағалайды. Ол жаппай күйзелістен және қазақтардың халық ретінде жойылып кету қаупінен қорқады. «Зар-заман» поэзиясының көрнекті өкілдері Мұрат Мөңкеұлы, Әбубәкір Кердері, Асан бармақ сияқты ірі ақындар болды.

XIX ғ. қазақ әдебиетінде Шығыстың классикалық әдебиетінің тақырыптары мен сюжеттері кеңінен көрініс тапты. XIX ғ. кітаби ақындар, өздері шығыс тілдерінен, әдебиеті мен тарихынан сусындаған Бұхара, Ташкент, Самарқандтағы медреселерде білім алды. XIX ғ. соңында «кисса», «хикаят», «дастандар» өте кең тарады. Бұл бағытта Ақылбек ибн Сабал (60 қиссаның авторы), Шәді төре Жәңгіров, Мәшһүр Жүсіп Көпеев және т.б. жемісті еңбек етті.

XIX ғ. Қазақстандағы саз өнері – қазақ халқының рухани мәдениетінің алтын қоры. Бұл – көшпелілердің мыңдаған жылдар бойы жинаған барлық руханиятының шын мәніндегі тамаша мұрасы. Саз өнерінде қазақ халқының бүкіл шығармашылық таланты мен рухани күш-қуаты шоғырланған. Шынында да бұл кезең халқымыздың мәдени өмір тарихындағы ғажайып кезең болды. Бұл кезде ұлы сазгер, күйшілер, әнші орындаушылар өмір сүрді.

Абай Құнанбаев (1845-1904) Семей облысындағы Шығыс таула-

рында дүниеге келді. Абайдың әкесі Құнанбай тобықты руының көсемі болған. Бастапқыда үйінде молладан білім алған Абайды Семейлік имам Ахмет-Ризаның медресесіне жібереді. Алайда, әкесі Абайға қаладағы оқуын аяқтатпай, ауылға қайтарып алып, біртіндеп ру көсемі болуға қажетті билік, сот және әкімшілік істеріне даярлай бастады. Абай, өткір қызыл тіл, ұшқыр ой және тапқырлықты қару етіп ұстайтын сөз жарыстарын, тәсілдерін меңгере бастайды. XIX ғ. ортасында дау-жанжалдардың көбі қазақтардың ғасырлар бойы өмір сүріп келе жатқан әдет-ғұрып заңының негізінде жүргізілді. Рулық қырқыстардың ісіне араласқан Абай, қазақтардың қоғамдық өмірінің аса күрделі механизміне үніле түседі. Мұнымен бір мезгілде ол отаршыл Ресей тәртіптерін зерттеп, еуропалық құндылықтарды санасына сіңіре бастады. Ол қазақ дәстүрлерінің дағдарысы болмай қоймайтындығын және буржуазиялық, капиталистік бастамалардың енуімен байланысты неғұрлым прогресшіл дәстүрге көшу мүмкіндігі туралы ойға келеді.

1886 жылы, 40 жастан аса бере, Абай тамаша «Жаз» деген өлеңін жазды, өмірінің қалған 20 жылын жасампаз шығармашылыққа, ақындық қызметке арнады. Алғашқы бетте ақын атанудан ұялған Абай қазақтың жазба әдебиетінің негізін қалады.

Абай жүздеген өлеңдер, проза тілімен өсиет-қара сөздерін, «Ескендір», «Масғұт», «Әзім туралы аңыз» поэмаларын жазды.

Абай өмірдің жаңа қағидаларын игеріп, өзін туғызған ортадан бірнеше жоғары көтерілді. Ағартушы адамзат қоғамын игі, саналы, прогрессивті дами түскен түрде көргісі келді. Адамды «сана, ғылым, ерік-жігер» көтеретін, прогрессивті дамитын қоғамға ұмтылушылық, Абайдың бүкіл шығармашылығының басты бағыттарының бірі болды. Оның ойынша, адамның мінезі қиындықтармен күресінде, осы қиындықтарды жеңуінде ғана тұр.

Патша үкіметінің отаршылдық саясатының және XIX ғ. 2-жартысындағы езгінің күшеюінің нәтижесінде халық бұқарасының жағдайы күрт нашарлап, қазақ шаруалары күйзеліске түсті. Қазақ кедейлерінің осы бөлігіне қамқорлық ойлап, Абай оларды жалпы еңбектің формасы ретіндегі жалдамалы еңбекті жатсынбауға шақырып, еңбекпен өмір сүру жолын нұсқады.

Абай руаралық және «партия» болып бөлінген қырқыстарға қарсы тұрды. Данқұмар, маңсапқор болыстарды, қу билерді, қоғамның билеуші топтарының құлқынын сынады. Ол оның: «Соқтықпалы соқпақсыз жерде өстім, Мыңмен жалғыз алыстым кінә қойма» деген тамаша өлең жолдарынан көрінеді. «Қалың

елім қазағым, қайран жұртым» деген өлеңінде жаны жаралы ақын, даладағы бірліктің, тәртіптің жоқтығына, ымырасыздыққа налиды, «ақша менен билік үшін жаулық» жайлы күніренеді.

Абай жастарға үлкен үміт арты, ол «жүрегі – айна, көңілі – ояу» дегендерге үндеу салды. Халық ағарту тақырыбы Абайдың шығармашылығында орасан зор әлеуметтік мәнге ие болды. Өнер мен білім таратудан адамдарды әлеуметтік зұлымдықтан құтқару құралын көрді.

Абай халықтың творчестволық күшіне қатты сенді және өз заманындағы қоғамдық өмірдің жағдайында халық бұқарасы өз еңбегінің жемісін толық пайдалана алатын мүмкіндіктің жоқтығын да түсінді.

Бүкілхалықтық игілік туралы аңсай тұра, Абай ағартушылар деңгейінде қалды, қоғамды өзгерту туралы мәселе туындаған кезде, бірінші кезекте ағартушылық пен ғылымдағы реформалар осы құрылысты өзгерте алады деп есептеді.

Абай XIX ғ. екінші жартысындағы қазақ мәдениетінің көрнекті өкілі, шын мәнінде қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы болып саналады. Ұлттық және жалпы адамзаттық мәдениеттің үш қайнар көзі:

1) қазақ фольклоры мен ауызша ақындық өнер;

2) парсы және араб әдебиетінің классикалық үлгілерінің дәстүрлері;

3) орыс әдебиеті ұлы Абайдың шығармашылығын өзінің нәрімен сусындатты.

Сонымен қатар, Абай поэзиясы – қазақ қоғамдық ортасының, руханиятының тамаша туындысы екендігі де сөзсіз.

XIX ғ. Қазақстанның мәдени өміріндегі ағартушылық кезең деп аталады. Дүниежүзілік өркениеттің қатты әсерімен Ресейдің жаулап алып жатқан шығыстағы жерлеріне ғалымдар тарапынан терең қызығушылық оянды. Қазақстанға оқымыстылар, географтар мен саяхатшылар, шығыстанушылар үсті-үстіне келіп жатты, тарихшылар Қазақстанның материалдары бойынша жұмыс істеді. Жаратылыстанушылар қазақ жерін зерттеуге орасан зор үлес қосқан: П.П. Семенов-Тянь-Шанский, Н. Северцев, И.В. Мушкетов, В.В. Радлов және т.б. Ресей интеллигенттерінің озық өкілдері Қазақстанға байланысты жарқын зерттеулер жүргізді. Білім берудің және мәдениеттің дамуына орыс интеллигенциясы орасан зор ықпал етті. Қазақстан орыс географиялық қоғамының бөлімшелерінің зерттеу объектісіне айналды. Мұнда мәдени-ағартушылық мекемелері мен статкомитеттер жұмыс істеді, өлкетану мұражайлары ашылды, ежелгі ескерткіштер, халық ауыз әдебиеті зерттелді, орыс-қазақ мектептері мен кітапханалар ашылды. Білімге деген

құлшыныс пен қызығушылықтың сарынымен Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин бастаған қазақ ағартушыларының сүт қаймағы қалыптасты.

Шоқан Уәлиханов (1835-1865 жж.) – аса көрнекті ағартушы, ғалым және зерттеуші, Құсмұрын бекетінде дүниеге келді. Он екі жасқа дейін Шоқан хан ордасында білім алды. Бала күнінен-ақ Шоқан сурет пен шығыс поэзиясына үлкен қызығушылық танытыпты. Оның әкесі – сұлтан Шыңғыс 1847 ж. күзінде Шоқанды Омбыдағы Кадет корпусына оқуға береді, ол оны 1853 ж. аяқтап шықты. Қоршаған орта, демократиялық әсер және Шоқанның асқан қабілеттілігі оның жан-жақты, жедел дамуына ықпал етті. Ол орыс тілін тамаша меңгерді және кадет басқармасы оған сол кезде-ақ болашақ шығыстанушы, зерттеуші ретінде қарады. Кадет корпусында бірге оқыған кезеңінен бастап, кейін белгілі ғалым, географ және зерттеуші болған Г.Н. Потанин мен Шоқан Уәлиханов өмір бойына достасып кетті.

1854 ж. Ш. Уәлиханов Батыс Сібірдің генерал-губернаторы Гасфорттың адъютанты болып тағайындалды және келесі 1855 жылдың өзінде Шоқан Гасфорттың Омбыдан Іле Алатауына дейінгі сапарындағы серіктесі болды. Бұл сапар орасан көп тарихи аңыз, хикаят, өлеңдерді жинап жазып алуға мүмкіндік берді.

1856 ж. көктемінде аса көрнекті ғалым, географ П.П. Семенов-Тянь-Шанскиймен танысуы болашақ шығысты зерттеушінің өмірінде, оның одан арғы тағдырына елеулі ықпал еткен оқиға болды. Бұл жылы Ш. Уәлиханов екі экспедицияға қатысты: біріншісі Алакөлден Орталық Тянь-Шань бойына және Ыстық көлге дейін; екіншісі – дипломатиялық тапсырмамен Құлжаға сапары. 1857 ж. Ш. Уәлиханов тағы да Алатау қырғыздарының жеріне сапар шегеді, мұнда «Манас» дастанын жазып алады.

Шоқанның ғылыми қызметінің жаңа сатысы – оның 1858 ж. Қашқарияға құпия түрдегі сапары. Соның нәтижелері бойынша ол өзінің атакты «Алтышаһардың жағдайы немесе Қытай провинциясы Нан Лу (1858-1859 жж.)» атты еңбегін жазады. Бұл еңбекті Ресей шығыстанушылары жоғары бағалады.

Ш. Уәлихановтың еңбегін бағалай отырып, ірі оқымысты шығыстанушы Н.И. Веселовский: «Шығыстанудың көкжиегінен Ш. Уәлиханов құйрықты жұлдыздай жарқ етіп өтті. Орыс ориенталистері бірауыздан оның келбетінен феноменді құбылысты байқады және одан ұлы да маңызды жаңалықтардың ашылуын күтті», – деп жазды.

XIX ғ. аяғында «Уақытша ереже» тәртібіне сәйкес қалаларда, деревнялар мен ауылдарда көптеген мектептер ашылды, политехникалық және

қыздарға білім беру бастамалары көтерілді. Көптеген мектептердің жанында интернаттар болды. XIX ғ. аяғына таман Қазақстанда жүзден астам төрт мыңнан астам оқушысы бар екі сыныпты мектептер болды.

Орыс-казак мектептерінің неғұрлым қабілетті деген түлектері Ресейдің және шетелдердің орташа және жоғары оқу орындарына түсті. Омбы және Неплюев калеттік корпустары казак жастарының арасынан жергілікті отаршыл әкімшілікке шенеуніктер даярлады. Казак бозбалаларының едәуірі Санкт-Петербургтың университетінде, әскери-медициналық Академияда, Қазан және Том университеттерінде және т.б. жоғары оқу орындарында білім алды.

Мемлекет білім беруге шөкімдей ғана қаражат бөлді. Медреселер жеке адамдардың қаражатымен қамтамасыз етілді. Мектептер мен медреселерде тек ауқаттылардың ғана емес, сондай-ақ кедейлердің балалары да оқыды. Мұсылмандақ оқу орындары казак жастарын шығыс мәдениетіне тартуда үлкен рөл атқарды.

Ибраһим (Ыбырай) Алтынсарин (1841-1889 жж.) казак халқының қоғамдық ой-пікірінде, мәдениеті мен әдебиетінде аса көрнекті, жаңашыл педагог және жана мектептерді ұйымдастырушы, этнограф, фольклоршы, ақын, және аудармашы ретінде кеңнен танымал болды. Ол бірінші болып казак даласында қыздар мектебін ашты және казак балалары үшін

оқулықтар: «Қырғыз хрестоматиясы» және «Қырғыздарды орыс тіліне үйретудегі бастапқы нұсқау» (1869 ж.) және т.б. оқулықтарды жазды. Өз кезеңінің аса көрнекті және білімді адамы ретінде Ыбырай халыққа білім берудің дамуына баға жетпес үлес қосты. Ы. Алтынсарин қызметі казак жастарының еуропалық білімге деген құштарлығын оятты, жол ашты.

XIX ғ. Қазақстанның тұрғындарын ұстанған діни жағынан екі басты топқа бөлуге болады: мұсылмандар мен христиандар. Иудейлер мен буддаға табынушылар мүлдем аз болды. Далалық облыстарында мұсылмандар (*қазақтар, татарлар, сарттар мен бұхарлықтар*) халықтың 80%-дан астам, яғни басым бөлігін құрады, христиандар 20%-дан азырақ, иудейлер – 0,09%, буддаға табынушылар (қалмақтар) 0,04% болған. Христиандардың көбі православие дінін ұстанушылар, басқа христиандық іліміндегілер аз: протестанттар – 0,2%, католиктер – 0,1%.

Қазақтар суниттік бағыттағы мұсылмандарға жатады, яғни құраннан басқа Мұхаммедтің өмір баянын уағыздайтын қасиетті кітаптарды (сунна) мойындайды. Қазақтардың киім-кешек және тұрғын-жай құрылысында үлкен жүйелділік, тазалық мұсылман дінінің ықпалымен неғұрлым жетілдірілген этникалық принциптер тән болғаны күмәнсіз нәрсе.

XIX ғ. казактар исламның барлық формальды кағидаларын ұстанды: ер балаларды сүндетке отырғызған, ер адамдардың бастары ұстарамен тақырланған, мұрттары ұстарамен бастырылып, қырылған және т.б.

XIX ғ. ортасынан бастап, Қазақстанда исламның позициясы елеулі түрде күшейе түсті, ол қоғамдық өмірде, сот тәжірибесінде көбірек байқала басталды. Алайда, бұл казактардың дінге деген дәстүрлі индифференттілігі түбірінен жойылды деген сөз емес. XIX ғ. басында А.И. Левшиннің байқағандарының көбі сол күйінде қалды «олардың бәрі дүниені жаратқан күштің барына сенеді, бірақ біреулері құранның заңдары бойынша табынса, басқалары исламның ілімдерін ежелгі пұтқа табынушылықпен араластырады». Қазақ қоғамында бақсылардың табиғаттан тыс күштердің барлығы туралы түсініктері берік сақталып қалған. Бойына сиқыршылық пен тәңірлік білім дарыған бақсылар басқалардан жоғары, ол – сазгер, көріпкел, дәрігер. Ол Құдай, адам, аруақ арасындағы делдал.

Қазақтарда аруақтарға табынушылық күшті болды. Күнделікті өмірдегі барлық қиындықтардың бәрінде казактар олардан қолдау тіледі, ол үшін құрбандық шалу керек болды. Мықты адамдар қайтыс болғаннан кейін күдіретті аруақтарға айналды, олардың есімдері ру ұрандарына айналды, мұндай адам-

дар жерленген бейіттердің басында казактар ең маңызды шараларды өткізетін, мысалы ант беру. Казактар аруақтар тірі адамдардың тағдырына ықпал етуге қабілетті деп сенген. XIX ғасырда Меккемен қатар, Орталық Азия мұсылмандары үшін ерекше қасиетті орталық, Қожа Ахмет Йасауидің мазары орналасқан Түркістан болып қала берді. Қазақтар осы бір қасиетті жердің жанына жақын тұтты, өйткені бірнеше ғасырлар бойы мұнда ең танымал және беделді адамдарды – хандарды, билерді, тархандарды жерлеген еді, сөйтіп кесене пантеонға айналды. XIX ғ. ортасына дейін солтүстіктегі территориялардан казактар өздерінің белгілі адамдарын қасиетті қала Түркістанға әкеліп жерлейтін болған. Қазақтардың дәстүрлі наным-сенімдерін жеткізушілер жалғыз бақсылар ғана емес еді. Абыздар тобына кәсіпқой бал ашушылар – жаурыншы, балшы, құмалақшылар жатты. Абыздар категориясына жайшы, елті, жәдіғой, жаратылыстан тыс қабілетке ие адамдар да жатты. Сондықтан да, Ш. Уәлихановтың айтуынша, «Қазақтар Мұхаммедті білген жоқ, Аллаға және сонымен бір мезгілде онғондарға да (аруақтарға) сиыңды, мұсылман қабірлерінің басына құрбандық шалған, бақсыларға сенген және мұсылман қожаларды сыйлаған. Отқа табынды, ал бақсылар онғондармен бірге мұсылман періштелері мен Алланы дәріптеді».

Алғашқы уақытта XVIII ғ. ортасынан бастап патша үкіметі қырық татар-башқұрт ішінен шыққан молдаларды жіберді, мұнымен бірге олар тыңшылық миссиясын да атқарды, өйткені бұл өлкені әрі отарлау үшін қажет еді. Ш. Уәлиханов: «Мұсылман заңдарын қазақтар ешқашан қабылдаған емес, ол далаға сыртқы приказдар, яғни округтерден үкіметтің инициативасымен енгізілді», – деп жазды. Алайда, молдалардың санының ұлғаюына қарай және далада исламды уағыздаудың күшеюіне байланысты мұсылман фанатизмі дами бастады.

Кейін қазақ даласында күшейе келе өкіметке өзінің миссиясынан бас тартуға тура келді, молдалар мен мешіттерді қуғындау басталды. Екінші жағынан, енді діни қызметтегілерді қолдаудың қажеті болмай қалды, Қазақстанның территориясы толығымен империяның құрамында болды.

Соған қарамастан XIX ғ. екінші жартысында исламның ықпалы бүкіл қазақ халқын қамтыды. Бұл тек үкіметтің кемшілігінің ғана салдары емес, мұнда басқа да жағдайлар – экономика мен әлеуметтік өмірдегі күшті дағдарыс, өмір салтының бұзылуы, миссионерлік және т.б. да өзінің ролін атқарды.

XIX ғ. 67-68 жж. «Уақытша Ереже» елеулі түрде мұсылман діндарларының құқықтары мен артықшылықтарын шектеді. Қазақтардың рухани істері Орынбор муфтиінің

қарамағынан алынып, облыстық әкімшілікке берілді. Мешіттер мен медреселер құрылысына қатаң бақылау қойылды. Әрбір болыста тек бір ғана құдайға қызмет етушінің болуына рұқсат етілді. Оны бекіту және орнынан алу әскери губернатордың құзырында болды.

Жаппай репрессиялар, миссионерлікті қатты қолдау, араб жазуымен жазылған кітаптарды таратуға тыйым салу, мешіттердің жанындағы мектептерді жабу, далада татар, бұқар көпестеріне жүріп-тұруға тыйым салу басталды. Шоқындыру саясатына жауап ретінде қазақтардың әдет-ғұрып заңы «шоқынғандардың» мүлкін жазасыз тонауға рұқсат берілді. Бұл термин далада ең жаман мәнге ие болды.

Діни қызмет атқарушыларды қуғындау мұсылман дініне, Ш. Уәлиханов ескерткендей, бұдан да күшті қуат пен өміршеңдік берді. Исламды даланың ең атақты адамдары: А. Құнанбаев, М. Шорманов, С. Бабажанов және т.б. жақтады. Бұл мәселе төңірегінде ислам мен кара халық арасында алшақтық болған жоқ.

XIX ғ. қазақтардың діни сана-сезімінің күшеюін орныға түскен дәстүрлермен немесе татар я болмаса ортаазиалық фанатиктердің ықпалымен деп түсіндіруге келмейді, мәселе, негізінен, қазақтардың ұлттық сана-сезімінің ерекшелігінде еді. Осы бір аса маңызды факторды, Ш. Уәлиханов дінің дамуына тал-

дау жасаған кезде ескермей қалды, мүмкін ғасырдың ортасында бұл мәселе кейінгі онжылдықтардағыдай айқын көрінбеген де шығар. Қазақстанды отарлаудың күшеюі, бұқараның кедейленуі, экономика мен адамгершіліктің құлдырауы, отарлаушылық пен жерден айыруға қарсылықтар – міне, исламның түптамыры осылар. Өтпелі кезеңге тән шаруашылықтағы қауырт өзгерістер, отарлық езгідегі елдің рухани дағдарысы, қазақ халқының исламға бет бұруының негізгі себебі еді.

Қазақтардың синкреттік мәдениеті XIX ғ. ортасына дейін терең дәстүрлі болып қала берді. Оның бұзылуы күшті көршілерінің басып кіруінің және оның артынша басталған шаруашылықтың құлдырауына, көшпеліліктің одан арғы экономикалық тиімсізденуіне әкеп соқтырған саяси дағдарыстардың салдары еді, мәдениет дамуын идеалдардың жоқтығы баяулатты.

Ресей XIX ғ. ортасына дейін тек өзінің Орта Азиядағы жағдайын нығайтуды ғана көкседі және империя халықтарының бір-бірімен кез келген өзара мәдени әрекетін жоққа шығарды.

XIX ғ. басында қазақ халқының басым көпшілігі киіз үйлерде тұрды. Ерекше шеберлер (үйшілер) бояуының қанықтығымен әрі оның бүкіл бөліктерінің байлығымен ерекшеленетін киіз үйлердің тамаша үлгілерін жасады. Оларды талай рет

түрлі этнографиялық көрмелерге де жіберді (Петербург, Мәскеу, Париж). Жиі-жиі көшіп-қонумен, әскери жорықтармен, шаруашылыққа тиімділігіне байланысты, өмірдің түрлі жағдайларына қарай киіз үйлердің неғұрлым қарапайымдандырылған типтері: қос, жолама үй, абылайша, ит арқа және т.б. қолданылады. Орыс үкіметі армияның қажеті үшін көп мөлшерде киіз үй сатып алды (әсіресе, бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында).

XIX ғ. Арқа жерінде қыстаулардың пайда болуы – өтпелі кезеңнен туындады және шиеленісіп кеткен жер иелену мәселелерімен, сондай-ақ, әрине, отырықшылыққа көшуге байланысты болды. «Қыстау» – XIX ғ. қазақтардың қысқы үйлері – бұл климаттық және тарихи жағдайларға, сондай-ақ иесінің экономикалық ауқатына байланысты болған түрлі құрылғылар. Таулы аудандарда оны тас пен ағаштан, далалық бөлігінде – шым мен тастан, солтүстікте – көбінесе ағаштан, оңтүстікте саман кірпіштен жасады. Терезені төбеден немесе кіре беріс есікке қарама-қарсы қабырғадан шығарған, есік аулаға қаратылды. Қыстау әдетте екі бөлмеден (қоржын үйі) тұрады. Үйге тақау шаруашылыққа қажет қора-қопсылар салынады. Қыстау ұғымына, сондай-ақ жазда қатаң түрде шөптері қорғалатын жақын маңдағы территория да жатады.

XIX ғ. қазақтардың киім-кешегінен қоғамдық өмірдің өзгерген жағдайының ықпалы, татар мәдениетінің күшті әсер етуі байқалады. Егер де ғасырдың басында әлі де болса жібек, баркыт (макпал), атлас, әсіресе дария (жартылай жібек) сияқты ортаазиялық өндірістің маталарына орын берілсе, ғасырдың аяғында орыстың фабрикалық өндірісінің маталары ене бастады. Қазақтардың архаикалық киімінің көптеген үлгілері – саптама (қонышы ұзын етік), сәукеле (жас келіннің бас киімі), айырқалмақ (еркектердің төбесі үшкір бөркі) біртіндеп қолданыстан шыға берді.

Ағарту ісіндегі елеулі серпіліс XIX ғ. 60-ж. реформалардан кейін басталды. XIX ғ. Ақмола мен Семей облыстарында ондаған бастауыш мектептер жұмыс істеді, гимназиялар ашылды, кітапханалар пайда болды және т.б. Қазақстанның басқа облыстарында да осындай жағдай байқалды. Бұл үрдістегі елеулі оқиға

деп облыс орталықтарында әйелдер гимназияларының, мұғалімдер семинарияларының, көшпелі ауыл мектептерінің ашылуын есептеуге болады. XIX ғ. ортасынан бастап, исламның күшеюінің нәтижесінде Қазақстандағы неғұрлым кеңінен таралған оқу түрі ауылдағы мұсылман мектептері бола бастады. XIX ғ. зерттеушілерінің көпшілігі казак халқының діни сана-сезімдерінің күшейе түсуін, ұлтшылдықтың беки түскен дәстүрлерін Еділ бойынан келген татар және Бұхар аймағынан келген қожалардың ықпалы деп түсіндіреді. Шындығында, мәселе тіпті басқаша еді, исламның казак ортасында белсенді орын алуының түптамыры отарлаудың күшейуімен, әкімшілік-территориялық реформалардың сәтсіздіктерімен, бұқараның кедейленуімен, жерсізденуімен және моральдық азғындауымен байланысты үрдіс.

IV БӨЛІМ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАРИХЫ

I-тарау. XX ғасырдағы Қазақстан

1.1. Дәуірдің ерекшелігі

«Еш нәрсе де өткен заман сияқты тез өзгермейді» деп тарих туралы француз кемеңгері Сартр айтқан пікір өте ғажап. Бұған күні кеше ғана өтіп кеткен XX ғасыр тарихына деген біздің аумалы-төкпелі көзқарасымыз дәлел.

XX ғасырды Қазақстан Ресей отарларының бірі болып енді, кенестік тоталитарлық эксперименттің жуан ортасында жүрді, ал ғасырдың соңында тәуелсіздікке ие болды. XX ғасыр тарихы казак тағдырына әсер еткен ірі бетбұрыстарға, әр түрлі оқиғаларға толы, осы дәуірде біздің халқымыз көтерген жүк, қайғы-қасірет салмағының ауырлығы соншалық, бірнеше ғасырларға жетер еді. Адам қаны мен көз жасына толы тоталитарлық заманнан аман өтіп Қазақстанның тәуелсіздік алуы отаршылдық пен большевизмнің ауыртпалығынан өткен халыққа Алла-

ның берген сыйы деп те қарастыруға болады.

XX ғасыр басында этникалық ілгерілей дамуға, өзінің дәстүрлі қоғамдық және саяси институттарын дамытуға отаршылдық жүйе көптеген тосқауылдар қойғаны белгілі. Ресей ең алдымен казак халқының мемлекеттік дәстүрлерін құртып жіберуге күш салды, осы себептен саяси құрылымы өзгерді, территориялық бірлігі бұзылды, халықтың дамуы мен мәдениетінің дамуы тежелді. Отаршылдық жүйеде өмір сүрген кезде жалы ұлттық экономиканы құру мүмкін емес еді, оның инфрақұрылымы метрополия мүддесі үшін жасалды. 1867-1868 жылдардағы реформалардан кейін дәстүрлі саяси және әлеуметтік институттар біржолата деградацияға ұшырады, бірақ, соған карамастан, Ресейдегі оқу-білім, сот ісі, басқару реформаларының мүмкіндіктерін пайдаланып казак халқы кешенді шаруашылық құрды, жастарын оқытты, ислам дінін отаршылдыққа қарсы қорғаныс құралы

есебінде пайдалана білді. Бір сөзбен айтқанда, казак этносы батыс жолына түскенімен, тірі ағза есебінде өмір сүруін тоқтатпады.

XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басында зиялылардың ұсақ топтары отаршылдыққа қарсы қозғалысты басқарып, ұлттық дамуға дем беріп, бұл қозғалыс казак этносының барлық әлеуметтік топтарын қамтыды. Ұлттық жаңғыру мәдениеттің жаңғыруымен, дін бостандығымен мүдделес келді. Отаршыл империя шеңберінде жүргізілген заңсыздыққа қарсы күрес жандана түсті. Бұл қозғалысқа серпіліс берген жаңа әлеуметтік қатынастар, саяси және мәдени өмір орталықтары қала санының өсуі, ұлттық зиялы қауымының көбеюі. *«Қазақ халқының ортасында саяси партиялар әлі де болса жаңа ғана қалыптасу үстінде болды. Сайлаушылардың саяси көзқарастары әлі аморфты, белгілі бір бағдарлама болып қалыптаспаған, бірақ қозғалыс өте күшті»*, – деп жазды 1910 жылы «Алаш» ұлт-азаттық қозғалысының көшбасшысы Ә. Бөкейханов.

Ә. Бөкейханов саяси өмір екі бағытта дамып келеді деп сараптама жасады: ұлттық-діни және батысшыл. Отаршылдықтың ауыр бұғауына қарамастан, казак интеллигентуалды ортасы казактың ұлттық мемлекеттік идеяларына адал болды. «Алаш» идеясы казак халқының ең жақсы перзенттерінің ба-

сын қосты. Қазак халқының басым көпшілігінің инерттілігі және бейсаяси жағдайында, орыстандыру саясатының ауыр зардабына қарамастан, халықтың таңдаулы азаматтары самодержавиелік жүйеге қарсы оппозициялық қозғалысты ұстанды және өзінің жеке ұлт екенін бір сәт те есінен шығарған жоқ. Жоғарыда айтылған мәселені біз 1916 жылғы қарулы көтеріліс барысынан анық көреміз. Метрополияның жер мәселесін әділетсіз шешуіне, казак жеріне қара шекпендерді қаптатап жіберіп, казактың шаруашылығын құлдыратып келейлендіргеніне наразы халық бас көтеріп қолдарына қару алып жазалаушы әскерлерге қарсы шыққанда зиялы қауым ең алдымен бейбіт халықты қырып алмауды ойлап өртке оранған еліне қарлығаштай қанатымен су тасыды.

XX ғасырдың басында Ресейде азаматтық қарсы тұру біртіндеп биліктің әсіре ұраншыл большевиктердің қолына өтуіне мүмкіндік берді. Еуропа ойшылдарының пікірі бойынша, капиталистік жүйеге еніп, нарықтық қарым-қатынастар жаңа қалыптасып жатқан Ресей буржуазиялық революция алдында тұр деп есептеді. 1917 жылғы Ақпан революциясы шындығында феодалдық дәуірдің нышаны самодержавиені құлатып, жаңа дәуірге есік ашуы керек еді. Әскери отарлау дәуірінен жаңа ес жинай бастаған казак халқының

ұлттық оянуына да буржуазиялық революция қолайлы болатын. Бірақ орыс ұлты Еуропа бірнеше ғасырда көп бейнетпен жеткен капитализмді бір-ақ секіріп, социализмге өтпек болды. Осылайша біздің эволюциялық тәртіппен келе жатқан қоғамдық дамуымызға Қазан революциясы келіп қилікті, одан кейін Қазақстан империяның өзге де аймақтарымен бірге хаос жағдайына ұшырады. Ел экономикасын азамат соғысы, яғни «ақ қашып, қызыл қуған» оқиғалары әбден тұралатып жіберді. Бұл кезеңде бейбіт елде адам шығыны да, мал шығыны да өте көп болды. Кейін Кеңес үкіметі орнығып геноцид пен террор жылдары басталды, ол жылдары казак этносы ауыр демографиялық соққыларға, жазылмас трагедияларға тап болды. Сонымен қатар, тоталитаризм дәуірінде Қазақстан үлкен концентрациялы лагерьге айналды, оған империяның әр түкпірінен тұтас халықтар, халық жауы атанған азаматтар қуылып әкелінді.

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысынан кейін Кеңес үкіметі Қазақстан территориясын ядролық полигондар мен ракета ұшыратын сынақ алаңдарына айналдырып, табиғи ортаны бұзды. 1954 жылы басталған тың көтеру эпопеясы мыңдаған жылдар бойы «мал кіндігі» болған кең-байтақ даланың тас-талқанын шығарып жіртты. Қазак елі геноцидті XX ғасырдың 30-жыл-

дары бастан кешірсе, 50-жылдары кезек казак жеріне келді. Тың игеруді сылтауратып Мәскеу казак даласына империяның ішкі аймақтарынан миллиондаған адамдарды құмырсқадай қаптатап. XX ғасырдағы Қазақстан тарихы КСРО құрамына кірген басқа халықтар тарихынан ерекшеленбейді, тек шығыны тұрғысынан өзгелерден көбірек болды. Оның негізгі белестері – 1916 жылғы көтеріліс, Ақпан және Қазан революциялары, ұжымдастыру және индустриализация, зиялы қауымға қарсы репрессиялар, Ұлы Отан соғысы, тың игеру, «валюттаризм» онжылдығы, Брежнев тұсындағы тоқырау, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы, одан кейін КСРО-ның ыдырауы және тәуелсіздікке қол жеткізу.

Бұл кезеңді түсіну қазір ғана басталып жатыр. Тарих ғылымында дәстүрліге айнала бастаған большевиктік догмалар жұмыс істеуін тоқтатап, бірақ оның салдары әлі де білінеді, зерттеудің жаңа әдістерін іздеуде көптеген қайшылықтар бар.

1.2. Шаруашылығы

XX ғасырдың басындағы шаруашылық құрылымы екі фактормен анықталады: капитализмнің туғызған нарықтық қарым-қатынастардың дамуы және казак жерін шектен тыс отарлау. Капитализмнің дамуы тауар-ақша қатынастарының күшеюі мен банктік немесе өсімқорлық қа-

питалдың дамуымен байланысты. Бұл үрдіске казак байлары басшылық жасамаса да белсенді түрде қатысты. Казак шаруашылығы нарық талаптарына ыңғайланып кешенді бағытта (мал, егін, сауда) жүрді. ХХ ғасыр басында шаруашылық негіздің өзгерістеріне сәйкес жаңа әлеуметтік құрылыстың элементтері айқын байқалды.

Қазақстанда банктік капиталдың ене бастауы және оның аумағында несиелік жүйесінің қалыптасуы ХІХ ғ. аяғына жатады. Бұл уақытта несиелік берудің жаңа қанаушы формалары тарала бастады. Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуы қарсаңында Қазақстан территориясында 44 банктік мекеме жұмыс істеді. Қазақстандағы мемлекеттік банктердің филиалдары несиелік негізгі бөлігін жергілікті және ресейлік сауда буржуазиясына беріп отырды. Несиелік құны бойынша, бірінші орында мал және ет саудасы, екінші орында – нан, үшіншіде – «аралас» тауарлар мануфактурасы (мануфактура – балық – нан және т.б. тауарлар комбинацияларынан тұрды).

Бірінші дүниежүзілік соғыстың алдындағы өндірістік даму (1909-1913 жж.) мемлекеттік және акционерлік коммерциялық банктер филиалдарымен қатар сауда және өндірістік кәсіпорындар да несиелік беруді жергілікті несиелік беру мекемелері – қалалық қоғамдық банктер мен

өзара несиелік беру қоғамдары арқылы жүзеге асырды. Несиелік беру жүйесінің орталық звеносы ретіндегі олар негізінен орта және ұсақ буржуазияға қызмет етті.

Капиталистік қатынастардың ауылға да енуіне байланысты мұнда ұсақ тауар өндірушілер мен ауыл буржуазиясы үшін несиелік беру мекемелерінің әр түрлі түрлері, ең бастысы несиелік беру кооперативтері ретінде қалыптасты.

ХХ ғ. басында Қазақстан аумағында 3 жинақтау кассалары дами бастады. Жалпы Ресейлік несиелік беру жүйесінің бір бөлігі ретінде Қазақстан аумағында несиелік – банктік жүйенің қалыптасуы несиелік беру операцияларының кеңейтілуі, үлкен пайызбен несиелік беруді жоюды шектеді.

Капиталистік банктік несиелік беру алыпсатарлық несиелік берудің әр түрлі формасын ығыстырып, үлкен пайыз көлеміне мәнді ықпал етерлік деңгейге жетпеді. Сонымен қатар, өндірістік буржуазия мен бай-кулақтардың банкіден алған несиелік алыпсатарлық операциялар үшін жұмсауды жиі орын алған құбылыс болды. Қазақстандағы несиелік беру жүйесінің сипатының ерекшелігі капиталистік банктік несиелік берудің әр түрлі архаикалық үлкен пайыздық несиелік беру түрлерімен, яғни өсімқорлықпен өзара тығыз байланыстылығы болды.

Төңкеріске дейінгі Қазақстан экономикасындағы несиелік беру және несиелік беру мекемелерінің даму үрдісі ішкі жағынан қарама-қайшылықты болды. Бұл қарама-қайшылық диалектикасы бір жағынан банктік капиталдың үлкен пайыздық сауда капиталымен байланыстылығының, капиталистік қатынастарға дейінгі шаруашылық түрлерінің консервациясына әкелуінен, екінші жағынан қанаудың капиталистік түрінің таралуынан көрінді.

Қазақстандағы көшіп-қону қозғалысының және қалаларда өндіріс пен ауылдық жерде егіншіліктің дамуына байланысты әлеуметтік құрылым өте күрделенді. Жаңа әлеуметтік қатынастардың бастаушылары ретінде алыпсатарлық сауда буржуазиясының тобы пайда болды, тау-кен өндірісінің әр түрлі салаларында еңбек етушілер саны көбейді, егіншілер саны артты, халықтың біраз бөлігі балық аулау кәсібімен айналыса бастады. Дегенмен, казак қоғамының күнделікті тіршілік бейнесі өтпелі белгілермен сипатталады, оның негізінде кешенді шаруашылықтың әрекеті жатты. Белгілі дәрежеде шаруашылық үрдіске әсер еткен ХХ ғ. басындағы маңызды оқиға 1905 жылы 17 қазандағы Манифест болды. Казак жерінде жәрменкелерге жиналған казактардың арасында ұлт-азаттық сипаттағы мәселелер көтеріле бастады: орыс шаруаларының қоныс ау-

даруын тоқтату, жерді казактардың меншігіне беру, мектептер ашу, діни бостандықты дамыту. Орыс қоныс аударушылары Қазақстанның әртүрлі аймағын қамтыған азаттық қозғалысқа қатыспады.

И.А. Столыпин аграрлық саясаты (патшалық үкіметінің ауыл шаруашылығы министрі, кейін премьер-министрі) орыс мұжыгының қауымдық ауылшаруашылық құрылымын бұзып, жаңа орыс деревнясындағы әлеуметтік топ негізінде жекеменшік шаруашылықтар (кулак шаруашылықтары) құруды көздеген болатын, бұл жері жоқ крестьяндарды отар территорияларға көшіру арқылы ғана жүзеге аса алды. Ресейде аграрлық қайта құрулар экстенсивті түрде, өзге халықтарды қанау есебінен жүрді. 1904 жылы бұл сұрақты шешу мақсатымен Қоныстандыру басқармасы (Переселенческое управление) құрылды.

Осы саясаттың нәтижесінде 1906-1912 жылдары Қазақстанға Ресейдің ішкі губернияларынан миллиондаған орыс крестьяндары көшіп келді. **Жалпы қоныстандыру саясаты** діни аймақтарында жер қатынастарын индустриалды қоныстанушыларға ең құнарлы деген жерлер, кейде ирригациялық жүйесі дамыған аймақтар берілді. Казак шаруашылығының құлдырауы, аш-маттық құқықтардың жоқтығы ұлт-аралық индустриалдыларға әкелді. Бұл

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісте көрініс тапты. Күрделі оқиға және белгілі бір ретте карама-қайшылықты болған 1916 жылғы көтеріліс, казак халқының ұлт-азаттық қозғалыстар жылнамасының жарқын парақтарының бірі. Ол әлемдік империалистік соғыстың шиеленіскен уақытында, Ресейде шаруалар мен жұмысшылар қозғалысының белең алған кезінде өтті.

1916 жылғы көтерілістің шығу себептерін патша әкімшілігіндегі кейбір жоғарғы лауазымды адамдар жақсы түсінді: *«қазақтардың пайдалануында тек қана нашар жерлер қалды, жақсы жер олардан тартылып алынып, орыс қоныс аударушыларына берілді, олар өзінің кезегінде бұл жерлерді оңдеу орнына өздерінің тиімді деп тауып, өзіне бөлінген жерлерді қайтадан қазақтарға жалға, несиеге береді»*. Бұл туралы казак жағдайын жақсы білетін шенеуніктердің бірі былай деп жазды: *«Кейбір жерлерде келеңсіздіктер мен шиеленістің туындауы, халық түсінігінде, қара жұмысқа шақырумен ғана байланысты емес. Оның себебі тереңде жатты. Бір жағынан жақсы жерлерден ығыстырылу, екінші жағынан қазақтарды ресейлік басқару жүйесі қазіргі қайғылы оқиғаның негізгі себептері болып табылады»*.

1916 жылғы көтеріліс, одан кейін азамат соғысы (1918-1920 жж.)

шаруашылық дағдарысқа әкелді: мал басы екі есе қысқарды (10,8 млн.), егін алқаптары 1914 жылғы 3,6 миллион десятинадан 1922 жылы 1,6 миллионға кеміді. Ресейдің ішкі губернияларында, әсіресе Еділ бойында басталған аштық тез арада шекаралас алқаптарға да тарады. Осының нәтижесінде Солтүстік-Шығыс Қазақстан өңірінде жаппай аштық басталды. Осы қиын кезеңде В.И. Лениннің ұсынысымен енгізілген «Жаңа экономикалық саясат (ЖЭС) тығырықтан шығудың жалғыз жолы болды. «Жаңа экономикалық саясатқа» казак халқы көптеген шығындармен келді (*ашаршылыққа, әртүрлі миграциялық үрдістерге, соғыс шығындарына байланысты*). Қазақстанда орын тапқан жағдай уникалды болған жоқ. Ол КСРО-дағы әскери коммунизм саясатының жалпы сипаты еді. Іле-шала Лениннің «Жаңа экономикалық саясатты» ұсынуы бұл дағдарыстан шығуға мүмкіндік берді. Дер кезінде жүзеге асырылған іс-шаралар аркасында «жаңа экономикалық саясат» жылдары көптеген позитивті өзгерістер болды, мысалы сауда дамыды (жәрменкелер қайта жұмыс істей бастады), 1925 жылы 1922 жылмен салыстырғанда мал саны өсті, егіншілік те 1914 жылғы деңгейіне жетті. 1924 жылы казак жерлерінің бір республикаға (*Қазақ КСР территориясы мен Түркістан Кеңес Республикасының солтүстік*

аймағы) бірігу үрдісі аяқталды. КСРО құрамында бітұтас казак ұлттық мемлекетін құру мәселесінде казак зиялыларының орны бөлек, олар ондаған жыл бойы халықтың ұлттық санасын оятумен болды. Қазақтың ұлтшыл азаматтары ХХ ғасырдың 20-жылдарының соңына дейін елдегі жағдайға тікелей әсер етіп, оң бағыт беріп отырды.

Өкінішке орай, 1927 жылдың өзінде большевиктердің әкімшілік-басқару жүйесі жабайы социализм догматтарының жетегінде «Жаңа экономикалық саясат» жетістіктерін құрта бастады. Оның алғашқы акт 1928 жылдары басталған байлардың ірі шаруашылықтарын тәркілеу болды. Формальды түрде осы жылдары 700 шаруашылық тәркілеуге ұшырады, бірақ тәркілеуден Қазақстанның түгел халқы жапа шекті. Мәскеулік большевиктердің «енбекші қауымды қанішер байлардан босату» идеясына сәйкес «Қойдай қу қамшымен-бай менен молданы», т.б. ұранымен Қазақстанда миллиондаған адамдардың өмір салты құртылды. Халықтың біраз болсын шаруашылығын аман сақтауға арналған, алым-салықтың көбеюіне, кәмпескеге қарсы реакциясын (*көшіп кету, қарсы шығу*) НКВД ұйымы қан-жоса қылып басып отырды. Деректерге сүйенсек, отызыншы жылдары Қазақстанда бейбіт халықтың арасында 300-дей толқу

болған. Осы тақырыпты зерттеген ғалымдардың пікіріне сүйенген 1992 жылы 7 желтоқсандағы ҚР Жоғарғы Кеңес Президиумы шешімі мен қорытындысы бойынша 1921-1931 жылдар аралығында Қазақстанда 80 мың адам қатысқан 372 көтеріліс болды делінеді. Әсіресе, өзінің қайғылы нәтижесімен Созақтағы, Шемонаихадағы, Бұқтармадағы, Ырғыздағы, Қазалыдағы, Қармақшыдағы, Самарадағы, Абыралыдағы, Шыңғыстаудағы, Қастектегі, Балхаштағы, Шұбартаудағы, Маңғыстаудағы көтерілістер белгілі. Олар бейбіт халықтың қырылып, басқа республикаларға (Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан), шетелдерге жаяу шұбырып кетуімен аяқталды. *Кеңес үкіметінің казак қолындағы малды түгел алып, елді аштан қатыру саясаты, яғни геноцид кесірінен 1930 жылдың ортасынан 1931 жылға дейін Қазақстан территориясынан 281 230 казак отбасылары көшіп кетті. Көп бөлігі Қытай, Иран, Ауғанстан жерлеріне көшкен. Іле шала басталған ашаршылық жылдары Қазақстаннан 1 млн. 130 мың адам көшіп, 676 мыңы туған жерлерінен көп жылдарға кетіп, тек 454 мыңы ғана Кеңес үкіметі заманында оралды.*

Қазақстандағы тоталитарлық жүйенің орнауы 1925 жылы күзде өлкелік партия басшысы болып тағайындалған Ф. Голощекинмен тығыз

байланысты. Ол Мәскеуден Қызыл-ордаға келісімен ауылдарда Кеңес үкіметі жоқ, тек бай үстемдігі бар деп жариялады. **Аз уақыт өткен соң Голощекин өзінің басты идеясын жариялап: «Мен біздің ауылдардың «Кіші Қазан революциясынан» өту қажеттігін қолдаймын. Ауылдағы экономикалық жағдайды өзгерту керек. Байға қарсы таптық күресте келейге көмек керек, егер бұл азамат соғысы болса, біз оны қолдаймыз»** деп елдегі жағдайды барынша шиеленістіруге бар күшін салды. «Кіші Қазан» ресейлік орталық үкіметтің қазақ зиялы қауымын, қазақ халқын басып-жаншып, қырып-жою үшін жасаған саясаты деп тануға болады. Ал Голощекин болса – сол шовинистік саясаттың қанды қолшоқпары. Академик М. Қозыбаев Голощекиннің саяси портретін аша отырып, келесі жағдайды көрсетеді:

1. **«Қазақ ауылында революциялық қайта құру жоқ»** деген ұғыммен Голощекин Қазақстанда сегіз жыл бойы «Кіші Қазан» саясатын жүзеге асыруға күш салды.

2. **Көшпелі малшы өмір салтының объективті заңдылықтарын белгілі бір шаралар көмегімен, қазақтардың тұрмыстық дағдысы ретінде тез арада ұмыттырып, отырықшылыққа көшіруді негіздеуге ұмтылды.**

3. **Көшпелілерді отырықшылыққа өткізу үрдісі құрбандықсыз жүзеге аспайды** деген теорияны негіздеді.

4. **Экстенсивті мал шаруашылығы үстем елді жоғары деңгейдегі қоғамдық дамуға өткізгенде мал басының қысқаруы объективті заңдылық болып табылады** дегенді ойлап тапты.

5. **Қазақстанның даму деңгейінің Одақ дамуынан ешбір айырмашылығы жоқ** деген пікірді қалыптастыруға әрекеттенді, бұдан шығатын қорытынды Республикада социализм құру кезінде ескеруге қажетті ешбір ерекшелік жоқ. Мұндай теориялық база оған өлкеде жоғарғы қарқынды ұжымдастыруды қалыптастыру үшін қажет болды.

6. **Голощекин қайта құру кезінде, әсіресе ауыл жағдайында жартылай феодалдық өндіріс қатынастарының күйреу уақытында «жоғары деңгейдегі таптық күрес болмай қоймайды»** деген сталиндік теория пікірін ұстанды.

7. **Қазақ коммунистерін ол үш топқа бөлді:**

Біріншісі – ешбір тәрбиелік шараларға зеректік білдірмейтін, түзетілмейтін, сондықтан да жаңа қоғамды қалыптастыруда пайдалану үшін қажеті жоқ ұлтшыл-уклонистер.

Екіншісі – саяси жағдайға байланысты түр-түсін өзгертіп отыратын хамелеондар.

Үшінші топ – барлық жіберілген қателіктердің жауапкершілігін тек қана Голощекинге артуға ұмтылатындар».

Голощекин әр түрлі сұркия әдіс-тәсілдерді пайдаланып және Сталиннің қолдауына сүйене отырып гасырлар бойы қалыптасқан шаруашылықты бұзуға қарсы шыққан қазақ коммунистерін ұлтшылдар деп айыптады. Қазақтың «Алаш» қозғалысына қатысқан мықты азаматтарының көбі мемлекет қызметінен шеттетіліп қудаланды. 1926 ж. өзінде «ұлтшыл-уклонизм» айыбы қазақтың ішінен шыққан жас мемлекеттік қайраткерлері С. Садуақасовқа, С. Қожановқа тағылды. С. Сейфуллин, М. Мырзағалиев, С. Меңдешев сияқты Кеңес үкіметін қазақ жерінде орнатуға қатысқан тәжірибелі коммунистер де қудалауға алынды. 1927-1929 жж. аралығында қазақтың елге жан ашитын азаматтарының көбі республикадан тыс жерлерге жер аударылды. 1928 ж. аяғында С. Қожанов, С. Садуақасов, Ж. Мыңбаев қызметінен босатылды. 1928 ж. аяғында Голощекиннің саяси қарсыластарын түрмеге жабу басталды. Партиялық оппоненттерден кейін кезек ұлттық интеллигенцияның таңдаулы өкілдеріне келді. Көрнекті қазақ әдебиетшілері, публицист, ағартушылары, елдің рухани көсемдері А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, т.б. қарсы қудалау әрекеттері басталды. Екі жыл өткен соң Т. Тынышбаев, Х. Досмұхамедов, К. Досмұхамедов және т.б. қамауға алын-

ды. Қазақтың ұлттық сана сенімінің бағбаны болған рухани басшылары Ресейдің ішкі өлкелеріне жер аударылды, НКВД түрмесінде атылғандары да болды. Құдайға сенушілер қудаланып, барлық мешіт, медреселер жабылып тасталды. Қазақстандағы оппозицияны түгелдей жойған Голощекин енді өзінің Кіші Қазан идеясын жүзеге асыра бастады. 1926-1927 жж. егіншілік және жайылымдық жерлерді бөлу жүзеге асты. Келесі кадам ірі байлардың мал-мүлкін тәркілеп, оларды жанұясымен бірге жер аудару болды. 1928 ж. 27 тамызда қазақ ОАК мен қазақ ХКК бірігіп «Бай шаруашылықтарын тәркілеу» жайлы шешім қабылданды. Осы жылдың 13 қыркүйегінде «тәркілеуге қарсы әрекеті үшін қылмыстың жауапкершілігі және ерекше бай және жартылай феодалдарды жер аудару жайлы шешім қабылданды. 700 шаруашылықтың малы мен мүлкін тәркілеу бекітілді. Салықтық ауыртпашылықты күшейте түсті. Айта кетер жай, бай шаруаларға қысым жасау саясаты тек қана Қазақстанға емес, Кеңес өкіметінің республикаларына, барлық мемлекеттерге тән. Кеңес үкіметі өзінің ең басты мақсаты индустрияландыруды жүргізу деп санады. Бұған қаржыны экономиканың аграрлық саласы беру қажет болды. Жеке меншіктегі мал мен жерге сүйенген дәстүрлі шаруашылықтар

қысқа уақытта қажетті қаржыны жинай алмады. Сондықтан да 20-жылдардың аяғында большевиктер ұжымдық шаруашылық жүйесін қалыптастыруға бағыт ұстады, өндіріс өнімі құралынан өндіріс өнімін бөледен шаруа толық аластатылды. Жекеменшікке қарсы күрес Кеңес өкіметінің басты нысанына айналды.

Большевиктердің Кеңестік империя құру саясатында Қазақстанға ерекше орын дайындалды. Олар алдымен қазақ жерінің бай табиғи ресурс көзі екенін есепке алды. Мұнда ірі индустриалдық ошақ құруға мүмкіндік болды, бірақ жұмыс күші сырттан орталық Ресей және Украина аймақтарынан әкелінуі тиіс болды. Көшпелі малшылар ретінде қазақтар болашақ «Социалистік Қазақстан» жүйесіне енбеді. Сондықтан Голощекин Сталин келісімімен қазақ шаруашылығын толықтай күйретіп, малшы халықты күйзеліске ұшырататын ұжымдастыру әдісін тандады. Осылайша кең көлемді геноцидке жол ашты. Егер адам шығыны жағынан келсек, Ресей патшаларының отаршылдық саясаты, қанау мен қорлау кеңестік тоталитарлық жүйенің қазақ жерінде, қазақ ұлтына жасаған айуандық шараларының жанында ойыншық болып көрінеді.

XX ғ. басында Қазақстанның территориясы өте кең, табиғи байлыққа бай және дәстүрлі мал шаруашылығы дамыған ел есебінде өмір

сүрді. Қазақ халқының өзге этностарға қарағанда саны көп, жақсы ұйымдасқан, зиялы қауымы белсенді еді, ал қазақ шаруашылығы заманға сай сауда-саттық пен нарыққа бейімделді. Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы прогрессивті сипатта болды. Украина, Қазақстан сияқты елдердегі осы жағдайлардың барлығы орталықты, Мәскеу билігін қапты алаңдағты. В. Ленин ұлттардың өзін-өзі басқару құқығы туралы жазғанымен, шын мәнінде, Кеңес үкіметі Ресей империясы мен орыс үстемдігін сақтап қалуды бірінші орынға қойды. XX ғ. басындағы Украина мен Қазақстанды қамтыған алапат аштықтың ұйымдастырылуын басқаша түсіндіру мүмкін емес. Сол себептен ұлттық аймақтарда өткізілетін ұжымдастыру шаралары КСРО-дағы индустриализациямен тығыз байланыста жүрді. Қазақстан КСРО-ты өнеркәсібі дамыған аймақтардың шикізат базасына айналды. Өнеркәсіп болса Кеңес үкіметі кезінде біржақты тек орталықтың мақсатты бағыттарында ғана дамыды. Қазақстанда тау-кен өнеркәсібі мен кара металлургияға басым назар аударылып, жер асты байлығын игеру басты нысанаға айналды.

XX ғ. 20-30 жылдары тек Қазақстанда ғана емес, сонымен бірге Украинадан Қиыр Шығысқа дейінгі алып елдегі ең ірі металлургия өнеркәсіптері жана құрылып немесе ре-

конструкцияланып жатты. 1939 жылы Шымкент қорғасын зауыты КСРО-да өндірілген қорғасынның 73,9% берсе, Балқаш зауытында бүкіл мыстың 51% өндірілген болатын. Осының барлығы да Қазақстанды түсті металлургия бойынша екінші орынға шығарды.

Қазақстанда көмір өнеркәсібі жедел дамыды, 1940 ж. көмір өнімінің 90 пайызы Қарағанды алқабының үлесіне тиді. Ол Донбасс пен Кузбасстан кейінгі үшінші көмір ошағына айналды. Мұнда кокстелген көмір алынып, Магнитогорск металлургиялық комбинаты мен басқа кәсіпорындарға жіберілді. 1940 ж. 700 мың тоннаға жуық көлемге жеткен мұнай өндіру бойынша Қазақстан Ресей мен Әзірбайжаннан кейін үшінші орынға шығып, елдің барлық мұнайының бестен бір бөлігін өндірді. Республиканың индустриалды дамуының келесі бір ерекшелігі, бұл кезеңде алдыңғы жоспарға көліктің, әсіресе теміржол көлігінің шығуы болды. Түркісіб ізімен болашақ ТрансҚазақстан магистралінің негізгі бөлшектері Бурабай-Ақмола-Қарағанды, Қарағанды-Балқаш, Жарық-Жезқазған, Рубцовка-Риддер, Орал-Елек салынды. Қазақстанның индустриялық дамуының жоғары қарқындылығы Ресей, Украина және тағы басқа біршама дамыған елдердің жан-жақты көмегімен қамтамасыз етілді. **Еңбек ресурстарына келсек,**

Кеңес үкіметі оны шешуші еңбек сұрынтүрін тандап, еңбегіне жарамды халықтың көпшілігін Гулаг лагерлер жүйесіне әртүрлі себептермен таяғып, еңбек күшін тегін пайдаланды. Ол әртүрлі формада көрінді, соның ішінде Қазақстан өнеркәсіп орындарын түгелге жуық қамтыған Қарлаг лагерлер орталығын айтсақ та жеткілікті. 1920-1936 жж. Қазақстан Автономиялық Республика құқығы бойынша құрамына енген РКФСР есебінен табиғи байлықтарды геологиялық зерттеуге көп қаржы жұмсалды, жана құрылыстар мен кәсіпорындарды материалмен, техникамен, жұмысшы маман күшімен қамтамасыз етті. 1920-1940 жж. Қазақстанның индустриалды дамуының ірі әлеуметтік-экономикалық салдары да болды. Олардың қатарына Республиканың аграрлы елден индустриалды-аграрлы елге айналуын, қалалардың өсуін және республика халқы құрамындағы қала тұрғындарының үлес салмағының ұлғаюын, жұмысшы табының қалыптасуын, инженерлік-техникалық интеллигенцияның құрылуын, сонымен қатар халық құрамының басқа да әлеуметтік-демографиялық өзгерісін жатқызуға болады. Патшалық Ресей заманында салына бастаған Түркістан-Сібір теміржол магистралі 1927 жылдан бастап қайта жанданып, Сібір, Орта Азия және Қазақстанның оңтүстігін қосып, оған таяу жатқан аудандардың

экономикалық дамуына ықпал етіп, Кеңес Одағының мақта тәуелділігін жоюға қажет қызмет етті. Табиғат байлықтарын тасымалдау үшін теміржол жүйесі күннен-күнге ұзара түсті. «Социалистік индустриаландырудың» тағы бір көрінісі, ірі кәсіпорындарды тегін жұмыс күшімен қамтамасыз ету үшін ОГПУ-НКВД лагерьлерін құру жылдан-жылға етек алып, бүкіл Қазақстан КСРО-ның барлық аудандарынан саяси айыптармен жер аударылғандар мен тұтас халықтардың отанына айналды. Репрессияланғандар Қазақстан өндірісі мен ауыл шаруашылығын көтеруге пайдаланылды. Негізінен индустриаландырудың нәтижелері әртүрлі бағаланады, ол халық өмірінің деңгейін төмендету есебінен жүзеге асырылды. 1929-34 жж. индустриаландыру мен ұжымдастырудың нәтижесінде ақшаның құнсызданып, жеңіл өнеркәсіп жоспарларының орындалмай кері кетуі көрініс тапты.

Өнеркәсіптің дамуы урбанизация үрдісінің дамуы мен калалардың өсуіне әкелді, бірақ калалардағы адамдар саны қазақтың табиғи өсуінен немесе ішкі миграция әсерінен емес, керісінше славяндар мен өзге этнос топтарының көшіріліп әкелуі себебінен өсті. Қазақстанға арнайы ұйымдастыру (оргнабор) бойынша және Ресей мен Украинадан стихиялы түрде шамамен 1,5 млн. адам келді (1931-1940 жж.).

Ұлы Отан соғысы жылдарында қаншама қиындықтар мен қудалауға қарамастан, Қазақстанның ауыл-село еңбеккерлері өздерінің отансүйгіштік және еңбек парызын өтеді. Соғыстың бірінші күнінен бастап Қазақстан майдан арсеналдарының бірі болды (*Арсенал – күш-қуат, қару-жарақтар қоймасы*). Мұның өзі жалпыодақтық экономикада, өндірістің бар саласында, сол сияқты жаңадан жасауға тура келген әскери экономика саласында да оның үлесін арттыруды талап етті. Қарағанды шахтерлері ерен еңбек етті, төрт жыл ішінде олар 34 млн. тонна көмір шығарды, бұл өндіріс орнының бүкіл өмір бойы шығарғанынан 3 млн. тонна артық еді. Орал-Ембі мұнайлы ауданының кәсіпорындары сұйық отын шығаруды 39 пайыз арттырды, электр қуатын өндіру екі есе дерлік өсті.

1941-1945 жылдары барлығы 480 зауыт, фабрика, кеніш, шахта және басқа да жеке өндірістер ашылды. Бұлардың қатарына батыс аймақтардан көшіріп әкелінген, оның ішінде металл өңдейтін және машина жасайтын зауыттар бар, олар соғысқа керекті миалар, снарядтар, огнеметтер, радиостанциялар және басқа қарулар мен әскери техникалар шығарды.

Жалпы алғанда, республикада өнеркәсіп өндірісі соғыс жылдарында 37 пайызға өсті, бұл соғыстың алдындағы төрт жылдағы өнімнен

2 пайыз жоғары болды. Экономиканы басқару соғыс мүддесіне бағынды, азық-түлік, басқа өнім карточкалық жүйе түрінде бөлінді, партия және жазалаушы органдар тарапынан бүкіл ел шаруашылығын қадағалап отыратын өкілдер институты енгізілді. Көп күш, қайғы-қасірет пен жоқшылықтың нәтижесінде Қазақстан КСРО-ның II дүниежүзілік соғыста жеңіске жетуіне көмек етті. **1941-1945 жж. қазақ халқы майданға 5829 мың тонна астық, 734 мың тонна ет және басқа азық-түліктер, өнеркәсіп үшін шикізат берді. Соғыс жылдары 34 млн. тонна көмір өндірілді. Полиметалл рудаларын өндіруден Қазақстан одақта бірінші орынға шықты (79%).**

Соғыстан кейінгі қалпына келтіру жылдары Қазақстан өзінің табиғи ресурстары мен ауылшаруашылық өнімімен, адам күшімен КСРО-ның батыс бөлігін қайта көтеру ісіне атсалысты.

1954 жылы партияның ОК ақпанаурыздағы Пленумы Еуразияның ұлы даласының шаңын аспанға көтерген елдегі астық өндіруді одан әрі ұлғайту мен тың және тыңайған жерлерді игеру жайлы шешім қабылданды. Бұл КСРО-да астықтың жетіспеушілігінің өсуімен негізделді. Деректерге қарағанда, 1953 жылы КСРО-да 31 млн. тонна астық дайындалып, 32 млн. тонна пайдаланылған, бұл колхоздар мен совхоздардың

қоғамды азық-түлікпен қамтамасыз етуді орындай алмайтынын көрсетті. Кезінде бүкіл әлемге ауыл шаруашылығы өнімімен танылған Еуразияның құнарлы аймағы Кеңес үкіметінің ауыр эксперименттерінен кейін қайыршылық жағдайда болды, оның үстіне еңбекті ұйымдастыру мәселесі де тоталитарлық әскери коммунизм үлгісінде жасалды. Бірақ Кеңес үкіметі өзін-өзі большевиктік жүйені қорғау мақсатында мәселені шешудің дағдылы экстенсивті моделін таңдап алды. Астық өндіруді шұғыл ұлғайту көбірек жерді егістікке айналдыру есебінен жүрді, осылайша азық-түлік дағдарысын бәсеңдету ұйғарылды. Екіншіден КСРО басшылары славяндарды Шығыс өлкелерге, соның ішінде қазақ жеріне көбірек қоныстандыру мәселесін шешпек болды. Тіпті тың игеру барысында Қазақстанды одақтас республика есебінде жойып, қатардағы өлкеге айналдыру жоспарлары жасалды.

Егер тыңды қазіргі әлеуметтік-экономикалық, саяси шындық негізінде қарастырсақ, онда оның ролі қазір республика экономикасы үшін зор. Республикада адам басына 1,5 мың килограмм астық өндіріледі. Мұнымен бірге әлемдік тәжірибе бойынша азық-түлік мәселесін жою үшін 1 мың кг. шамасындағы көрсеткішке ие болу жеткілікті екені белгілі. Мұндай елдер әлемде бірнешеу ғана (Канада, Франция, АҚШ, т.б.).

Әлемнің егістік алқабының 90-95 пайызын жұмсақ бидай тұқымдары алып жатқанын айта кету керек. мұндай жағдайда Қазақстанның тың аймағы негізінен құрамында ақуызы жоғары қатты бидай өндіретінін ескерсек, біздің бидайдың нарықтың құны өте жоғары екенін білеміз. Бұл сорттың өндірілуінің ірі әлемдік массиві Қазақстанда орналасқан, бұдан шығатыны, тыңайған жерлерді игеру нәтижесінде республика өзінің қажеттілігін толық қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар әлемдік нарыққа жоғары технологиялық астықты экспорттау үшін де алғышарттардың барлығын иеленді.

Сонымен бірге, XX ғ. 60-70-жылдарында Қазақстанда бірнеше ірі өндіріс ошақтары салынды және оларға батыс өлкелерден жұмысшылар әкелінді. Сонымен бірге, Карлаг жүйесі ресми жабылғанымен, Қазақстан әр түрлі қылмыскерлердің жазасын өтейтін орталыққа («химия» деп аталады) айналып, олардың көпшілігі өндіріс ошақтары бар қалаларда шоғырланды. Жергілікті елді баса-көктеп, оның шаруашылық дәстүрлері мен мұн-мұқтажын ескермеу бұл шараларды кеңестік отарлаудың ең ушыққан көрінісі деп бағалауға мүмкіндік береді.

— Қазіргі тарихнамала 70-80 жж. тоқырау жылдары деп атайды, өйткені XX ғ. 70-жылдары XX ғ. 60-жылдары ортасында басталған рефор-

малар тоқтатылды. Қоғамдық өндірістің тиімділігін көтеру мүмкін болмады, қоғамдық пікірде билік жүйесіне қарсы сын айтыла басталды, ортақ меншікті қорғау мен оны үнемді жұмсау босаңсыды, қоғамда арамтамақтық көбейді, т.б. Дегенмен, XX ғасырдың тарихын 1917 жылдан бастап қарастыратын болсақ, қазақ халқының тоя нан жегені, тұрмысын жөндей бастағаны осы XX ғасырдың 70-жылдарынан бастап қана. Ресми деректерге қарайтын болсақ, осы жылдары республиканың ауыл шаруашылығына 1971 жылдан 1989 жылға дейін 58,2 млрд. рубль жұмсалды. 1970-1985 жылдары өнеркәсіптің дамуына 40,8 млрд. рубль жұмсалды. Кеңес үкіметі өз кезегінде Қазақстаннан осы жұмсалған қаржыны дала ресурстарын, шикізат көздерін ысыраппен пайдаланып шығынды жүз мың есе қайтарып, оны әскери салаға, әлемде социалистік режимді ұстап тұруға және қолдауға, т.б. жұмсады.

Аграрлық секторда да ауыр жағдай қалыптасты. Ауыл шаруашылығына капитал салу үнемі өскенмен, оның энергетикалық қуатының екі есе өсуіне карамастан жалпы өнімнің көлемі өспек түгілі, қайта керісінше тұрақты түрде азаюға бейім болды. Өзінің территориясында дүниежүзілік қара топырақтың 2/3, дүниежүзілік ауылшаруашылық алқаптарын көлемі бойынша 1-орында бола тұра,

ірі қара мал, қой, шошқа және құс өсіру жағынан абсолютті көш басында, ал Ұлыбританияға қарағанда 10 есе және Данияға қарағанда 40 есе көп тауар айналымына ие бола тұра КСРО азық-түліктің аса ірі импортері болып қала берді. Бір сөзбен айтқанда, большевиктер саны бар, сапасы жоқ экономикалық жүйе жасады.

XX ғ. 70 ж. шаруашылықты жүргізудің, жоспарлаудың және ынталандырудың механизмдерін жақсартуға қаншама тырысушылық болса да, қажетті тиімділік келген жоқ. 70-80 жж. дағдарыстық құбылыстардың өршуіне бәрінен бұрын әкімшілік-әміршілдік жүйе кінәлі. Басқарудың экономикалық емес командалық әдістері еңбекшілерді өндірістен жатсындырды, шаруаға қырсыздықты, ысырапты және өз бетінше жұмыс істей алмаушылықты туғызды. Осы жылдары тіршіліктің дамуы КОКП-нің өзінің мәні жағынан экстенсивті және халыққа қарсы экономикасы әбден құлдырап, жүйенің түбегейлі қиратылуын талап етті.

Осындай тоқырау заманы 1985 жылдан бастап «қайта құру», «жариялылық» кезеңіне қадам басты. Кеңестік тоталитарлы тексіз қоғам демократиялық өзгерістерді көтере алмай ыдырай бастады. Марксизм мен ленинизмнің қасаң догматтарынан басқа ештеңені де білмейтін партиялық номенклатура ел экономикасын өз бетімен жіберді.

1.3. Әлеуметтік құрылымы

XX ғ. басында Қазақстан аумағы Ресей империясының бірнеше әкімшілік орталықтарының құрамында болды: Далалық (Омск, Орынбор), Түркістан, Астрахань генерал-губернаторлықтары мен Каспий сырты (Закаспий) облысы. Әлеуметтік-экономикалық дамудың жетекші қарқындылығы капиталистік тауар-ақша қарым-қатынастарының интенсификациялануына бағынышты жүрді. Бірақ қазақ қоғамының патриархалды сипаты дәстүрлі капиталистік қанаушылықтың зардаптарынан елді сақтады, бірге туыстық жүйе отарлау саясатының ауыр жағдайында да елдің ынтымағын түгендеп отырды: «Белгілі бір жағдайларда патриархалдық-рулық қатынастар ерекше төзімділік танытып, өзінің антиподына (социалистік құрылысқа – Ж.А.) бейімделді, мұнда рулық қатынастардың капитализациялануына ұқсас жағдай қалыптасады» (В.Г. Соколовский). Қазақстанда капиталистік нарықтың өнуіне байланысты жаңа пайда бола бастаған әлеуметтік теңсіздіктің қалыптасу үрдістері нақты таптық немесе ішкі қарама-қайшылықтарға дейін жеткен жоқ.

Егін шаруашылығының, өнеркәсіптің дамуына байланысты, қала мен қоныстандыру қозғалыстарының жандануына байланысты Қазақстандағы әлеуметтік құрылым күрделеле-

не түседі. Жаңа әлеуметтік қатынастардың жаршысы сауда-өсімқорлық буржуазия пайда болды, тау-кен өндірісінде жұмыс істейтін жұмысшылар көбейді. Отаршылдық қанау, жерден айырылу қазақ халқының патша үкіметінің саясатына қарсы әлеуметтік наразылығын күшейтті.

Ол белгілі дәрежеде Ресейде басталған революциялық қозғалыстың жемісі еді. Ең алдымен бұл революциялық дүмпу орыс ұлтының патшалық-феодалдық құрылымнан капиталистік даму жолына түсуге ұмтылған талабынан туындады. 1905 ж. қаңтарда өз талаптарын айтпақ болған қарусыз халыққа қарсы оқ атқан патша үкіметінің қанды ісі жайлы хабар қазақ даласына тез тарап кетті. Қала мен ауылдарда, елдің жиналыстарында патша саясатына қарсы наразылық үндері шыға бастады. Верный қаласының, Әулиеатаның, Орал, Ақтөбе, Петропавл, Семейдің зиялы қауымдары бастаған жұмысшылар мен демократиялық бағыттағы еңбекшілер наразылық шеруіне шыға бастады. Қазақтың шаруаларының, орыс жұмысшылары мен қоныс аударушылардың патша үкіметіне сенімсіздігі күшейе түсті. 1905 ж. Семей, Торғай және Орал облыстарында аграрлы қозғалыстар жүріп өтті. 1905 ж. 1 мамырда дала аймағының көптеген қалаларында демонстрациялар мен жиналыстар болды. 1905 ж. жазда экономика

мен өмір жағдайын жақсартуды талап еткен Қазалы мен Шалқар теміржолшылары көтерілді.

Қозғалыстар қазақ жеріндегі ірі тау-кен өндіріс орындарын және кәсіпорындарының барлығын дерлік қамтып алды. РСДЖП-нің өкілдерінің жетекшілігімен орыс жұмысшыларының бас көтеруі шетел концессионерлерінің басқаруындағы Өспен руднигінде (Ақмола облысы) өтті, мұнда 300-ден аса жұмысшы еңбек етті, оның 265-і қазақтар болды. Жалпы «Спасск акционерлік қоғамында» 5 мыңнан аса қазақ жұмысшылары болды. Өспен руднигінде болған жағдай қазақ жұмысшылары және орыс социалистері арасында ірі мәселелер бар екенін көрсетті. Алғашында орыс революционерлері бастаған бірнеше күнгі ереуіл кезінде қазақ жұмысшылары бейтарап позицияда болды, ал осы ереуіл себебінен шахталар істен шығып, өндіріс тоқтап, орыстар рудник дүкенін тонап, күн көріс мәселесінің туындауына алып келгенін көрген соң қазақ жұмысшылары бас көтеруді ұйымдастырған Сібірден келген Топорков бастаған революцияшыл топты қуып жіберді.

Егер осы революциялық ахуал кезеңінде қазақ азаматтарының көзқарасы мен бағдарламаларын сараптайтын болсақ, біз олардың басты мақсаты ұлтты отарлық қанау мен езгіден азат ету екенін көреміз.

Қазақтың мал баққан байлары мен жана қалыптаса бастаған сауда буржуазиясы да, қарапайым жұмысшы табы мен малшы шаруасы да қазақтың өз ішінен шыққан зиялы қауымының ұсынған идеяларын қолдады. Осы күрестің барысында отар аймақтарда тіл, мәдениет және рухани бостандыққа жол ашқан XX ғасырдың басындағы ең маңызды қоғамдық оқиға – 1905 жылы 17 қазанда «Манифест» жарық көрді. Бүкілресейлік қуатты демократиялық тасқыннан үріккен патша үкіметі 17 қазанда манифест жариялады, онда адам, ар-ұят, сөз, жиналыс, қоғамдық ұжымдар құру бостандықтары уәде етілді.

1905 ж. патша атына жазылған көптеген петициялар мен жеделхат ішінен мазмұны мен принциптілігі жағынан Қоянды жәрмеңкесінде жазылған петиция ерекшеленді. Төменде оның бірнеше пункттері келтірілген (барлығы 47 болды):

«1. Қазақ халқына мешіт, медресе салуға, медреселерде араб, парсы, түрік тілдерін оқытуға және кітап пен газет шығару үшін баспахана тұрғызуға рұқсат ету.

2. Қазақтарды басқаратын басшылар қазақ тілін білу керек. Оларды тағайындау және орнынан алу қазақ өкілдерінің қатысуымен өтсе. Қазіргі шаруа басшыларының орнына (крестьян начальнигі) бейбіт делдалдар болса. Бұл лауазымға

жеткілікті білімі бар қазақтарды тағайындаса.

3. Бүкіл іс қағазы қазақ тілінде жүргізілсе, сондай-ақ хатшылар мен күзетшілер, хабар тасушылар тек қазақтардан болса.

4. Бұрынғы заманнан рудың иелігінде болған, одан кейін әскердің пайдасына берілген Ертіс бойындағы жерлер, сондай-ақ Жоғарғы Мәртебелінің Кабинетіне тиісті жерлер бұрынғыдай ру жері ретінде мәңгілікке қазақтардікі болып қалса.

5. Қазақ ауылдарына тиісті қырдағы жерлерде тау-кен ісін ашу жер иелерінің – қазақтардың өздеріне берілсе, зауыт ашуға, шахта жасауға және т.б. ұсынылса. Егер де олар мұндай кәсіпорындан бас тартса ғана, десятина бойынша аренда төлейтін басқа адамдарға осы кендерді пайдалануға рұқсат берілсе.

6. Қазақ ауылдарына миссионерлердің жақындауына тыйым салынса.

7. Қазақтар империяның барлық уезд, облыс, губернияларынан жер сатып алуға және мемлекеттік қызметке орналасуда православие дініндегілермен тең құқылы болса.

8. Мектептерде христиандық діни сабақтар жүргізілмесе.

9. Қазақ-депутаттар қазақтарға қатысты мәселелер туған кезде Мемлекеттік Кеңеске қатысса.

10. *Өткен уақытта қазақтар туралы жағымсыз мәліметтер берілетін, яғни «қазақ – ұры, қазақ – даукес, қазақ – өтірікші, қазақ – жалқау» деген сияқты, әрине бұл Жоғарғы лауазым иелерімен бейшара қазақтар арасында түсініспеушіліктерге әкелді. Шын мәнінде патша бодандарының арасында қазақ халқы ең шыдамды, ең төзімді ет».*

Қыр өңірі қазақтарынан түскен екінші бір хат казак азаматтарын Мемлекеттік Думаға сайлау құқығынан айырған патшаға арнайы өтініш сипатында жазылған, одан үзінді келтірейік:

«Ресей империясының халықтары білімділігі, мәдениеті, мемлекеттік міндеттерді түсіну жағынан әр түрлі, оның ішінде қазақтар бірінші орында тұрған жоқ, бірақ ең соңғы орында да тұрған жоқ. Қазақтар қоғамдық және мемлекеттік міндеттерді басқалардан нашар түсінеді дегенді ешкім дәлелдеген жоқ. Қазақтардың мүдделерін кім қорғайды?»

Патша үкіметі жолдауларды дайындауға казак зиялылары қатысқанын тез анықтады. Мұрағаттарда жоғарыда көрсетілген мәселелер бойынша құрастырылған құжаттар бар.

«Үкімдер мен сенімхаттар Омбы қаласына ғалым-орманыш Әлихан Бөкейханов атына жіберілді, менің ойымша, қазақтар петициялар мен жеделхаттарды оның тікелей бас-

шылығымен дайындады», – деп Қарқаралы уезінің басшысы жазады. Кейін ол келесі бір хабарында: «Жеделхаттың алғашқы нұсқасын Ақбаев дайындағаны анықталды, ал Бөкейханов бұл жұмысқа тек инициатор және басшы болды, жеделхат редакциясы үшін жауапты болған жоқ», – деп казак наразылығын дайындауға қатысқан зиялы қауым өкілдерінің аттарын атайды.

1917 ж. Ресейде ақпан буржуазиялық революциясы өткеннен кейін казак даласында қоғамдық қозғалыстар күшейе бастады. Бұл кезеңде зиялы қауым саяси күрестен үлкен тәжірибе жинап, ұлттық-мәдени автономия мәселесін батыл көтерді. **1 жалпы казак съезі 1917 ж. 21-28 шілдесі Орынбор қаласында өтеді. Күн тәртібінде 14 мәселе қаралды: мемлекеттік басқару жүйесі, автономия, білім, сот, дін, әйелдер құқы және т.б. Съезді қазақтардың «Ресей Федеративтік демократиялық парламенттік республикасының құрамында автономия алу» талабын жариялады. Съезд резолюцияларында жер мәселесі өте өткір көтерілді, оның ішінде қоныс аударуды тоқтату, казак жерін өзіне қайтаруын беру, т.б. Осы съезд уақытында «Алаш» партиясы құру туралы шешім қабылданды.** Ең алдымен Алаш қозғалысы, одан кейін осы негізде Алаш партиясының құрылуы, одан кейін осы негізде Алаш Орда автономиясының құрылуы – бір

үрдіс. Бұл Ахмет Байтұрсыновтың, Әлихан Бөкейхановтың, «Қазақ» газеті төңірегінде жиналған казак зиялы қауымының белсенділігі арқасында казак этносын құлдыраудан сақтап қалған ірі оқиға. Мемлекетшілдік қозғалыс, әсіресе казак төңкерісінен кейін өте өзекті болды. Күзге қарай партия бағдарламасының жобасы жарияланды (**21 қараша 1917 жыл «Қазақ» газеті**).

«Алаш Орда бағдарламасы» деген бағдарлама осы. Бірақ казак азаматтары автономияны «Алаш Орда» атағаны туралы бұл мәселеге түсінік берілмеген, бірақ болашақ үкімет осы атпен аталатынын мензеуі де мүмкін. Ресейдегі оқиғалардың одан әрі шиеленісуі, большевиктердің үкіметті басып алуы, азаматтық қарама-қайшылықтардың асқынуы, отар өлкедегі казак сияқты халықтардың көкпарға түсіп кету қатері казак зиялы қауымын партия пісіп-жетілмей жатып ұлттық мемлекет құруға мәжбүрледі. Осы кезеңде партияда көп болса бес мың ғана мүше немесе ниеттес адам болған еді. Аз ғана күшпен алапат заманға аяқ бастық. **1917 жылдың 5-13 желтоқсанында Орынборда өткен II жалпыказак съезі Алаш мемлекетінің құрылғандығымен казак тарихында үлкен орын алады.**

Бірақ XIX ғасырдың ортасында ғана халқының басым көпшілігі басыбайлы құлдықта болған орыс мұжығы демократариялық құндылық-

тарды қабылдай алмады. Керісінше XX ғасырдың 20-жылдары біртіндеп Кеңес үкіметі жеңістерімен бірге тоталитарлық режим күшейді. Ресей интеллигенциясы аңсаған теңдік шала сауатты орыс мұжығы бастаған тексіз тобырдың билігінің орнығуына жол ашты. Ол казак өміріне азаматтық соғыс, аштық, жокшылық сияқты халық бұқарасына бұрын-соңды бастан кешпеген ауыртпашылықтарды алып келді. 1930 жылдары тоталитарлық режим қоғамдық-саяси өмірдің барлық саласында орнады. Қазақстандағы оның мәні өте жеқсұрын түрде қалыптасты. Республикаға одақтық республика статусын беру, әр түрлі қоғамдық қайта құру шаралары тоталитарлық режимнің қатаң нұсқауы бойынша жүргізілді. Ұлт мүддесін көздеген азаматтардың барлығы дерлік, тіпті ертеден аздаған сауаты бар ауыл басшыларының өзі репрессияға түсті. КОКП идеологиялық жүйесінің барлық күші *«кеңес адамдарының қоғамдастығын»* құруға бағытталды. Соның нәтижесінде елгезек интеллигенция, сенімді басшылар армиясы пайда болды. Басқарудың басты әдісі террор болды. Өркеніетті тарих 1917 ж. басталды деп саналған пікір қалыптасты, «кеңес дәстүрі» негізге алынып, орыс мәдениеті мен тілінің рөлі абсолюттендірілді. Ресейдің қоғамдық өмірінде демократиялық

дәстүрлердің болмауы себепті орыстық патернализм геноцидке айналды.

Соғыс уақытында аздап саябырсыған саяси қуғын-сүргін 40 ж. аяғы мен 50 ж. басында жалғасқаны белгілі. Қазақстанда ол ғылым, әдебиет және өнер саласын қамтыды. Ұлттық интеллигенция арасынан жау іздеу, «буржуазиялық ұлтшылдық» жайлы тезис қайта жаңғырды. Осы жылдардағы қатан сын объектісі 1943 ж. басылып шыққан «Қазақстан тарихы» болды. Бұл ұжымдық жұмыстағы XIX ғ. қазақ жерінде өрістеген отарлық жүйеге қарсы күреске баға беру КСРО басшыларына ұнаған жоқ, олардың талап етуімен ғылыми ортада пікірталас басталды. 1837-1847 жж. арасындағы Кеңесары Қасымов көтерілісіне сипаттама берген Е. Бекмахановтың «XX ғасырда 20-40 жж. Қазақстан» атты монографиясы «ұлтшылдықты айыпталудың туынан» айналды. Бұл жұмыстағы автордың көзқарасы буржуазиялық ұлтшылдар концепциясынан дамуға деп жарияланды, сондықтан Е. Бекмаханов монографиясы саяси зиянды деп танылды. Кейін «Бекмаханов ісі» ұйымдастырылды. РКФСР КК 10-б, 58-бабы бойынша, ҚазКСР-нің Жоғары сот ұжымы 1952 жылы 2 желтоқсанда Бекмахановты 25 жылға бас бостандығынан айыруға шешім қабылдады. Көп уақытқа озбай қазақтың өзге де мәдениет қайраткерлері мен ғалымдарды жазалау бас-

талды: университеттен қуу, партия қатарынан шығару, ғылыми атағын алу, түрмелер мен лагерьлерге кесу, т.б.

XX ғ. 40-жылдың аяғы мен 50-жылдың басында республиканың көрнекті ғалымдары мен қоғам қайраткерлері А. Жұбанов, Қ. Жұмалиев, Б. Сүлейменов, Е. Смаилов, Л. Домбровский, ҚазКСР ҒА президенті Қ. Сәтбаев, көрнекті жазушы және ғалым М. Әуезов, ҚазМУ-дің ректоры Т. Тәжібаев, т.б. жалған айыптармен қудаланды. Космополитизммен айыпталған биологтар, медиктер, геологтар тәрізді ғалымдардың бірқатары ғылыми мекемелер мен ЖОО-ның кафедраларынан қуылды.

XX ғасырдың 30-50-жылдарындағы тоталитарлық режим әлі де зерттей түсуді, қазақ даласын түгел жайлаған аштықты ұйымдастыру және адам шығыны анықтауды қажет етеді. Кеңестік кезеңдегі кейбір фактілер Қазақстандағы қуғын-сүргін масштабының өте зор болғандығын растайды. Олардың өзіндік әдіс-тәсілдері болды. Мәскеуден арнайы бекітіліп келген репрессиялық нормалар (*қаниа адамды ату, қаниасын лагерьлерге жіберу, т.б.*) біздің жерімізде қашанда еселеніп орындалған. Сонымен бірге, қазақ халқының Ұлы Отан соғысы кезіндегі шығындары да, елдің көрген бейнеті де толық жазылды деуге келмейді. Республика аумағында әрекет еткен ГУЛАГ филиалдары сол кездегі режимнің ге-

ноцидті ұйымдастыруының маңызды тетігі болып табылғаны да сипаттауды қажет етеді.

Қазақ интеллигенциясы мен қазақ халқының қайғысы 20-30-жылдар мен 40-50-жылдардағы қуғын-сүргіндерімен аяқталмайды. Алда 1986 жылғы желтоқсан оқиғалары күтіп тұрды.

1.4. Этносаяси тарихы

XX ғасыр басында қазақ этносаяси тарихы Ресейдегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге тікелей бағыныштылық пен тәуелділік жағдайында дамыды. Ол, әсіресе жер мәселесінен анық көрінеді. Ресейдегі XIX ғасырдың ортасынан бастап жүргізілген реформалар аграрлық мәселелерді шешпеді, жер помещиктердің қолында қалды. Осыған байланысты кішіресейлік және Орта қара топырақты губерниялардағы мыңдаған шаруалар XX ғ. ортасында тұрмыстың ауыр тауқыметіне ұшырады. 1861 жылғы реформа басыбайлы құлдықтан (*крепостнойлық тәртіп*) босатқанымен, орыс шаруалары жерсіз қалды. Патша үкіметі мұжыққа шығыстағы көлемді отарларға көшуді ұсынды. Осылайша патша үкіметі екі мәселені бір оқпен шешті: біріншіден метрополия ішіндегі қайшылықты жағдайды айламен басты, екіншіден Орталық Азияда орналасқан аймақтарға үс-

тем этнос өкілдерінен құралған жаңа отаршылдарды жайғастырды. Ресейдегі шаруашылық және этникалық мәселелер экстенсивті түрде шешілді.

Ресейлік шаруалардың тасқыны жылдан-жылға көбейіп, соның кесірінен 1910 жылы Дала облыстарындағы қазақтардың үлесі 70%-ға дейін кемиді. Кейбір облыстарда (Акмолала) бұл көрсеткіш 50%-ға төмендеп, біздің жерімізде басқа этнос өкілдерінің саны көбейді. Қыр өңірінде орыстар – 25%, татар – 1,5%, эстон және латыштар – 0,2%, поляктар – 0,16%, еврейлер – 0,09%, қалмақтар – 0,04% және т.б. құрады.

Ең біріншіден үкімет қазақтың құнарлы жерлерін қоныстанушыларға алып берді. Жерсіз қалған қазақтар өз жерін жаңа қожайынынан жалға алуға немесе оңтүстікке жартылай шөлейтті немесе шөлді жерлерге көшіп келуге мәжбүр болды. Екіншіден, жерсіз қалған қазақтардың өмір сүру деңгейі төмендеді, олар әр түрлі эпидемиялық ауруларға ұшырады, өлім саны өсті. Қазақ даласына орталықтан қаптап орыс және украин шаруаларының көшіп келуі мал шаруашылығына, қазақи әлеуметтік тіршілікке үлкен залал әкелді. Шовинизм идеологиясына қарсы ұлтшылдықтың стихиялы жауапты толқыны туындады.

1916 ж. 25 маусымда барлық орыс емес 19-43 жас аралығындағы ер адамдарды тиіл жұмыстары мен

әскер үшін қорғаныс құрылыстарын салу жұмыстарына алу туралы (*рек-визия*) Жарлық шықты. Алдың ала жасалған есептеме бойынша 390 мың адам қара жұмысқа алынуы қажет болды. Бұл жарлық қазақ даласын ауыр жағдайға тап қылды. Жарлық шөп дайындау, егін ору, малды қыстауға дайындау уақытымен тұспа-тұс келді. Енбекке жарамды ер адамдарды әскерге алу, жақсы жерлерді орыс қоныс аударушыларына үнемі тартып алып беру шайқалып тұрған қазақ шаруашылығын шайқалта түсті. Тыл жұмысына алу қазақ және Орта Азияның басқа халықтарының Ресей отаршылдығына қарсы қуатты қозғалысының басталуына түрткі болды. Көтерілістің кең қанат жайғанынан үріккен патша үкіметі 20 шілдеде әскерге алуды егін науқанының аяқталуына дейін шегере тұруға, ал 30 шілдеде бұл уақытты 1916 ж. 15 қыркүйекке дейін шегеруге шешім қабылдады. Бірақ бір басталып кеткен қазақтардың отаршылдыққа қарсы қозғалысын басу мүмкін болмады.

Қозғалыс стихиялы түрде басталып, бірақ әр түрлі аудандарда бір уақытта жүріп отырды. 1916 ж. шілденің аяғы мен тамыз айының басында июнь жарлығына қарсы қозғалыс қазақ жерінің негізгі бөлігін қамтыған алапат көтеріліске айнала бастады. Бірақ бұл көтеріліс кеше ғана малдың соңында бейбіт

енбекпен жүрген қарусыз момын елдің бас көтеруі еді және бұл кезеңде көтерілісті бір орталықтан жүргізетін мүмкіндік те, бағдарлама да болған жоқ. Сонымен бірге, бас көтерудің негізінен көшпелі мал шаруашылығынан айырыла қоймаған және жер мәселесі өте ауыр аудандарда өрістегенін білу керек.

Наразылықтың ең ірі аудандарының бірі Жетісу болды. Деректерге қарағанда, Ресейдің саясатына қарсы наразылық алдымен қырғыз арасында қарулы көтеріліске ұласып, олар бірнеше орыс қалаларын шауып, қоныс аударушыларды жазалауды бастады. Қырғызда басталған көтеріліс қазақ жеріне де келіп мұнда шілденің өзінде отаршылдарға қарсы қарулы көтеріліс басталды. Көтерілісшілер пошта станцияларын өртеп, телеграф сымдарын жойды, жазалаушы әскермен күресті. Патша үкіметі жергілікті орыс шаруаларын қаруландырып, қазақтар мен қырғыздарға қарсы айдап салды.

1916 ж. қазанда Жетісудағы көтеріліс басылып тасталды. 347 адам өлім жазасына кесілді. 178 адам каторгалық жұмысқа аударылды, 129 адам абақтыға қамауға алынды. Орыс шаруаларының отрядтары мен жазалаушы әскер қолынан қаза тапқандар есепке алынбады, патша жазалаушы әскерлері тек қана көтерілісшілерді емес, сонымен қатар бейбіт халықты да айуандықпен

жазалап отырды. 300 мыңға жуық қазақ-қырғыздар туған жерлерін тастап Қытайға, Қашқарға жер ауып кетті. Орталық Қазақстанда Көтерілістің ең ірі ошақтарының бірі Торғай жерінде қалыптасты. Қазақтарды тыл жұмыстарына шақырған патша жарлығын Орынборда 1916 ж. 28 шілдеде алды. Торғай облысының әкімшілігі болыс басшыларын, қадірлі ақсақалдар мен ауыл старшындарының съезін өткізді, мұнда патша жарлығын жедел түрде орындауға шешім қабылданды. Бірақ қазақ наразылығы күн сайын өрби түсті. Осылайша әлі де көшпелі дәстүр мен салтты көбірек ұстанған Торғай уезінде ірі көтеріліс ошағы пайда болды, оны Амангелді Иманов басқарды.

23 қазанда Амангелді басқарған 15 мың көтерілісші Торғай қаласын қоршап алды. Осыған байланысты Қазан әскери округінің әскери басшысы министрге былай деп баяндады: «Торғай және Ырғыз уездерінде жағдай жедел түрде нашарлап жатыр. Торғаймен тек қана телеграф емес, барлық байланыс үзілген. Торғай қоршалған, Ырғыз қоршалып жатыр». Торғай көтерілісшілеріне көршілес облыстардың қазақтары да келіп қосылды. Жалпы жобалап есептегенде 1916 жылдың соңына қарай ереуілшілердің саны 50 мыңға жетті. Олар толықтай жергілікті аппарат әрекетін тоқтатып тастады. Жазала-

ушы отрядтар көтерілісшілерді баса алмады. Бірақ бейбіт елдің ішінде адам шығыны өте көп болды.

Патша үкіметі қазақ бас көтеруін тоқтатпақ болып қырға әскер шығарды, көтеріліс уақытында қазақ ауылдарының экономикалық-әлеуметтік жағдайы шұғыл құлдырап кетті. Көптеген шаруашылықты жазалаушылар талан-таражға салды, көтерілісшілердің бір бөлігі өзге өлкелерге ауып кетуге мәжбүр болды. Бұл жылдары Ресей империясындағы қазақтар саны 600 мыңға дейін қысқарып кетті. 1916 жылғы көтеріліс – жақсы жерінен айырыла бастаған, үкімет құл сияқты пайдаланып келген момын шаруалардың наразылығы. Қарудың жоқтығы, орталық ұйымның болмауы себепті көтерілістің көптеген ошақтары қуатты қарсылық жасай алған жоқ. Амалсыздан үкіметтің айтқанына көніп, соғысқа жігіттерін жіберуге мәжбүр болды.

Қазақ халқының тарихында 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін ұйымдаса бастаған «Алаш» қозғалысы елеулі орын алады. Бұл Ахмет Байтұрсыновтың, Әлихан Бөкейхановтың, «Қазақ» газеті төңірегінде жиналған қазақ зиялы қауымының белсенділігі арқасында қазақ этносын құлдыраудан сақтап қалған ірі оқиға болды. Ресейдегі саяси дағдарыс кезеңінде қазақ зиялы қауымы елді аман сақтаудың қо-

лынан келген барлық амалын жасады. Қазақ қоғамында, саяси өмірде 1917 ж. желтоқсанында Орынборда өткен II қазақ съезі үлкен орын алады. Бұл съезде «Алаш» партиясының бағдарламасымен бірге ұлттық-мемлекет идеясы ұсынылды:

«I. Қазақ халқы тығыз қоныстанған, тарихы, тілі, мәдениеті бір облыстардан ұлттық территориялық автономия құру. Оның құрамына Бөкей ордасы, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Сырдария, Ферғана, Самарқанд, Алтай губерниясы кірді.

II. Қазақ облыстардың автономиясына «Алаш» аты берілсін.

III. Барлық жердегі, судағы байлық Алаш халқының меншігіне қарайды.

IV. Қазақтар арасындағы тұратын барлық халық өкілдеріне азшылық (меньшинство) құқы беру.

V. Алаш облыстарын құлдыраудан, анархиядан аман сақтау үшін Алаш Орда халықтық кеңесін ұйымдастыру. Оның 25 орнының 10 орны орыс және басқа халықтар өкілдеріне берілсін. Алаш Орданың орталығы Семей қаласы болсын. Алаш Орда қазақ елінің билігін тез арада өз қолына алсын».

Азамат соғысы жылдарында (1918-1920 жж.) «Алаш Орда» қазақ елінің тағдырына қатты алаңдап, Ресейдің шекаралық алқаптарындағы саяси-әскери топтардың бірнешеуімен келіссөздер жүргізді. Бұл келіссөзде қашанда қазақ тәуелсіздігі (автономия) бірінші орынға қойылды, бірақ орыстық саясаткерлер монархия тұсындағы (империя) көзқарастарынан ажыраған жоқ. Осы себептен Орынбор мен Самара қалаларында қазақ және башқұрт ел басшылары арасында бірнеше келіссөздер мен жиналыстар өтті. Мұндай келіссөздерде талқыланған мәселелердің бірі «оңтүстік-шығыс мұсылман облыстарының федерациясын» құру, башқұрт-қазақ әскери бөлімдерін қалыптастыру болды.

Башқұрт халқының зиялы азаматы З. Валиди өзінің естеліктерінде 1918 ж. 18-21 шілде аралығындағы келіссөздер туралы былай деп жазды *«Саитгерей Магазов Семейге келгенде, онда Әлихан Бөкейханов пен бұрынғы Қоқан автономиясының басшысы Мұхамеджан Тынышпаев болды. Бұл Қоқан республикасы, Алаш Орда және Башқортстан көшбасшылары ұйымдастырған алғашқы бірлескен съезі еді».*

Өкінішке орай, көптеген себептерге байланысты Ресей құрамында болып келген түрік текті елдердің ұлттық қолбасшыларының жоспары жүзеге аспады. Сол кездегі күрес мазмұны Башқортстан саяси қайраткері және тарихшысы З. Валидов естеліктерінде жақсы көрінеді: *«Орталық (Мәскеу) келешекте де бұрынғы отар елдеріндегі орыс пролетариатының өкілдеріне сүйе-*

неді, біз олардың «басшыларына» адалдық пен берілгендікті қаншалықты көрсетсек, соншалықты олардың сенімін пайдалана аламыз, бізге деген сенімсіздік Ресей шегінде социализмнің жеңісінен кейін де сақталып қалады. Тіпті әлемде социализм орныққаннан кейін де шығыс халықтарына Ресей метрополиясының және жұмысшыларының тарапынан басқару жүргізілмейінше болмайды дегенді мен Ленинің өз аузынан естідім... Социализм құру жолына түскен шығыс халықтары ешқашан да орыс коммунистерінің сенімін пайдалана алмайтынын мен түсіндім».

Бұл мәселе орталықтың шовинистік саясаты қазақтың ел басшылары алдында кеңес үкіметіне қарсы ашық күрес туғызу қажеттігін қойды. Дәл осы уақытта Ташкентте Тұрар Рысқұлов, Низам Қожанов және т.б. пікірлестер Түркістан комиссиясынан және Түркістан атқарушы комитетінен шығарылды. Олардың орнына «интернационалистер» сеніміне ие болған басқа адамдар тағайындалды. Осылайша революция кезінде шығыс халықтарын өтірік алдартқанымен, билік қолына тиісімен, большевиктер өздерінің шовинистік пиғылын ашық көрсете бастады. Дегенмен, Алаш Орданың күресінің арқасында большевиктер амал жоқтықтан қазақ халқына автономия, одан кейін одақтық республика құру мүмкіндіктерін берді.

Қазақ халқының XX ғ. 20-80-жылдарындағы этникалық тарихындағы әйгілі жетістіктері – ұлттық мемлекеттік-әкімшілік құрылымның пайда болуы, шартты да болса тәуелсіздік, қазіргі заманға сай институттардың қалыптасуы этникалық генофондтың құлдырауы және этноэкологиялық ортаның жойылуы үрдістерімен қатар жүрді. КСРО-ның басқа да республикалары сияқты қазақ елі Кеңес империясының құрамына кіргеннен бастап тәуелсіздігінен айырылды. XX ғасырдың 20-жылдардың өзінде ҚазКСР-дің астанасы жөніндегі сұрақ шешілгенде оның құрамына әдейілеп орталықтың талабымен Орынбор губерниясы қосылды. Себебі бұл жерде Ресей ықпалы өте күшті болды.

Ресейдегі ақпан революциясынан кейін билік үшін кадеттер мен кеңесшілдер арасында талас басталды. **Уақытша үкіметтің беделінің шұғыл құлдырауы және оның нақты биліктен айырылу жағдайында 1917 ж. 25 қазанда (7 қараша) Петроградта солшыл эсерлер және социал-демократиялық, социал-революциялық партиялардың біршама радикалды бөліктерінің коалициясын билікке әкелген қарулы төңкеріс жүзеге асты. Үкімет билігі В.И. Ульянов-Ленин басшылық еткен Халық Комиссарлар Кеңесінің қолына өтті. Жұмысшылар мен солдат депутаттардың Кеңесінің екінші съезінде қабылданған декреттер Ресейдің соғыстан шығуын, жердің**

280

шаруаларға берілгендігін және әртүрлі деңгейдегі кеңес билігінің жер-жерде орнай бастағанын жариялады.

Түркістан генерал-губернаторлығының құрамына енген Сырдария және Жетісу облыстарындағы Кеңестер шұғыл түрде билікті өз қолына ала бастады.

Оңтүстік Қазақстанда билікке келген Кеңес үкіметінің отаршылдық сипаты 1917 ж. 15-22 қараша аралықтарында Ташкент қаласында өткен Кеңестің III өлкелік съезінде айқын көрінді. Мұнда орыстардың ұйымдастыруымен Кеңестік Түркістан автономиясы жарияланды. Бұған қарама-қайшы 26 қарашада Қокан қаласында IV төтенше Мұсылман съезі өз жұмысын бастады, оның басты нәтижесі Уақытша кеңес басшылық еткен Түркістан Мухтариатын (автономия) жариялау болды. Уақытша үкімет басшысы М. Тынышбайұлы, Шет істер министрлігінің басшысы болып М. Шоқай тағайындалды. Осылайша 1917 ж. қараша-желтоқсан айларында Қазақстанның оңтүстігінде өзіндік қос үкімет қалыптасты. Бірақ Ташкенттегі Кеңес үкіметі өздеріне оппозициялық әрекеттегі мұсылман үкіметінің қызметімен келісе алмады. 1918 ж. қарашаның 5 жұлдызынан 6-сына қараған түні Кеңестік Түркістанның барлық қарулы күші Қоканд қаласына шабуыл жасап, Қоканд автономиясы құлатылды. Қоканд жермен-жексен болды.

Жалпы қазақ елінде жоғарыда болып жатқан күрес онша түсінікті болған жоқ. Қазақтардың негізгі бөлігінің бейтараптылық жағдайында Орынборда Кеңес үкіметі орнықты, бірақ ол ұзақ уақыт әрекет етпеді. Орынбор казак әскерінің басшысы А. Дутов Алаш партиясының және меньшевиктердің қолдауымен Орынбор Кеңесінің мүшелерін қамауға алды. Бірақ 1917 ж. аяғында Қостанайда, Торғайда, Ақтөбеде билік Кеңестер қолына өтті, ал 1918 ж. қаңтарда Орынборда Дутов пен оның одақтастары жеңіліп, далаға шегінді.

1917 ж. қараша-желтоқсан айларында Қазақстанның солтүстік қалаларының көпшілігінде билік большевиктер қолына өтті. Қарулы күш қолдану жолымен Кеңес үкіметі 1918 ж. ақпанда Семейде, наурыз айында Верныйда орнатылды. Тек қана Оралда казак әскерлерінің билігін большевиктер жоя алмады. 1917 ж. қараша 1918 ж. наурыз айларында Қазақстанның көптеген қалаларында Кеңес үкіметі жарияланғанмен, большевиктер ықпалы қалалар мен оның маңындағы теміржолдардан әрі аспады. Халықтың көп бөлігі, әсіресе Қазақстанның далалық өлке қазақтары алғашқыда Қазақ комитеттеріне, кейін Алаш Орда үкіметі мен оның жергілікті комитеттеріне бағынды. Ал казак-орыс станицалары әскери үкіметке немесе өз атамандарына қарады.

Большевиктер мен олардың саяси қарсыластарының ұстанған бағытының қарама-қайшылығы 1918 ж. көктемде елдің барлық аумағында азамат соғысының кең жайылуына ықпал етті. Қарулы қақтығыстың басталуына жергілікті Кеңестің Сібірден шығып Владивосток арқылы Еуропаға бағытталған, бұрынғы әскери тұтқын чехтар мен словактардан құралған Чехословак корпусының бір бөлігін қарусыздандыру әрекеті себеп болды. Азамат соғысы қыза түсті, алғашында Петропавловскіде, кейін Семейде орын алған көптеген көтерілістер Қызыл Армияның уақытша жетістігіне әкелді. Ақ гвардияшылардың көктемгі-жазғы шабуылы антибольшевиктік күштердің соңғы жетістігі болды.

1919 жылғы сәуір айында Қызыл армия оңтүстік Оралда қарсы шабуылға шығып маусым айында Уфа мен Қостанайды алды. Ақ гвардияшылар мен Қызыл армия бөліктерінің арасындағы ауыр шайқастар 1920 ж. көктемде солтүстік Жетісуда өтті, мұнда Дутов пен Анненковтың әскерінің қалдықтары шоғырландырылды. Ақ гвардияшылар жеңіліп, Қазақстандағы азамат соғысы аяқталды.

Антибольшевиктік бірлестіктің жеңілуінің негізгі себебі ішкі келісім мен ынтымақтастықтың жоқтығынан деп түсінеміз. Большевиктерге қарсы күрескен әсерлер мен мень-

шевиктер, казак-орыс атамандары, жоғарғы офицерлік элита және басқа одақтастар қарама-қарсы мақсат ұстанды. Негізінен ақ гвардияшыл одақтың барлық өкілдері Қазақстанға, тіпті, шектеулі автономияның берілуіне қарсы болды, бұл Алаш Орда туы астында біріккен қазақ интеллигенция өкілдерінің негізгі бөлігін оппозициядан бездірді. Қазақ халқы азамат соғысының ауыр кезінде екі оттың ортасында қалды. Оның бір жағында отар елдің үстінен билік жасап қалған отаршыл-монархистер болса, екінші жағында большевик атанған орыстың қара тобыры еді. Большевиктердің бір пайдасы олар автономия береміз деп уәде етті.

Бұрынғы Ресей империясының шеткі аудандарында, соның ішінде Қазақстанда Кеңес үкіметі орнағаннан кейін ұлттық мемлекет құру жайлы мәселе қарала бастады. Ресей империясының шеңгелінен босаған өзге халықтармен қатар қазақ елі де азаттыққа ұмтылды.

Елдің шығысында бірінші Кеңестік ұлттық республика Түркістан кеңесінің V съезінде қабылданған Түркістан АССР болып табылды. 1918 ж. 30 сәуірде қазіргі Қазақстанның оңтүстік облыстары (бұрынғы Түркістан генерал-губернаторлығына енген Сырдария, Жетісу облыстары) Түркістан республикасының құрамына енді. Оның астанасы Ташкент қаласы болып,

құрамына өзбек, қырғыз, тәжік ұлыстарымен қоса, қазақтың оңтүстік аймақтары да кірді.

1918 ж. аяғы мен 1920 ж. басында Қазақ Кеңес автономиясын құруға интенсивті дайындық жүріп жатты. 1920 ж. қараша айының басында Ақтөбеде Түркістан және Сібір қазақ аудандарының депутаттары қатысқан бірінші өлкелік кеңестік конференция өткізілді. 1920 ж. тамыз айының басында ұлт істері халық комиссариаты жанында Қазревком, Сібірревком және ТурЦИК өкілдерінің жиналысы өтті, мұнда Ақмола және Семей облыстарын Қазақстанға беру мәселесі түбегейлі шешілді. Бұл пікірталасқа Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Ә. Ермеков, т.б. азаматтар қатысты. Қазақ жағынан негізгі баяндаманы Ә. Ермеков жасап, Сібір және Астрахань шовинист большевиктерімен ауыр дауда Ертіс пен Жайықтың оң жағалауындағы аймақтар Қазақстанға қосылды. В.И. Ленин Кремльде болған осы пікірталас кезінде қазақ делегациясының талантарын қолдап шықты. **Қырғыз (қазақ) Кеңес Автономиялық Социалистік Республикасын құру жайлы декреттің үлгісі 17 тамызда қаралып, РКФСР ХКК қолдады, ал 1920 ж. 26 тамызда бұл декрет бекітіліп, заңды күшіне енеді.**

1920 ж. 22 қыркүйекте бүкілресейлік орталық атқару комитетінің жана декреті бойынша КАСР-інің

құрамына Орынбор губерниясы қосылды.

1920 ж. 4-12 қазанда Орынборда С.С. Меццешев басшылық еткен Орталық атқару комитетін және В. Радус-Зенькович басқарған Халық комиссарлар кеңесін сайлаған Қазақстан кеңесінің құрылтай съезі өтті. Қазақтан Ресей құрамындағы автономия бөлді, оның астанасы Орынбор қаласы болып жарияланды. Қазақстанның партиялық ұйымдарын басқаруға қолайлы болу үшін Ресей коммунистік партиясының және РКП ОК маңында қазақ бюросы құрылды. Республика жер аумағы 2 млн. шаршы шақырымға жуық, ал халқы 5 млн-ға жететін мөлшерде болды, оған Семей, Ақмола, Торғай, Орал облыстары, Маңғышлақ уезі, Красновод уезі мен Астрахань губерниясының бір бөлігі енді. Түркістан құрамына енген Жетісу және Сырдария облыстарын Қазақстанға қосу азамат соғысы кезінде туындай бастады. Бұл облыстардың қазақтары солтүстік ауданмен бір республикаға бірігу пікірін үнемі ұсынып отырды. Осы пікірлерді пайдаланып Орталық Азияда пантүркілік және панисламдық идеяны әлсірету үшін Түркістан Республикасын ыдыратуды орталық өкімет (Мәскеу) ерте жоспарлады. 1924 ж. ТАССР жойылып, Өзбек және Түркімен республикаларына бөлінді, біршама уақыт өткеннен кейін Қырғыз және

Тәжік республикалары пайда болды. Сырдария, Жетісу облыстары Қазақстанға қосылды. Орынбор қаласымен бірге Орынбор губерниясының бір бөлігі Ресейге қайтарылды, осыған байланысты Қазақстанда жана астана мәселесі туралы таңдау Сырдария облысының орталығы Перовскке (Ақмешіт) түсіп, ол Қазыл Орда деп қайта өзгертілді. Барлық қазақ жерлерінің бір республикаға бірігуі қазақ халқының тарихындағы маңызды кезең болды және қазақ мемлекеттілігінің қайта қалыптасуында үлкен рөл атқарды.

1928 жылдан бастап қазақ тарихының ең бір ауыр кезеңі басталды. Оның негізгі белгілері елді жайлаған аштық пен жоқшылық, зиялы қауымға қарсы бағытталған саяси репрессияның жана толқынымен ерекшеленеді. Сталиннің жеке басына табынудың күшеюі және өзгеше ойлаушыларға қарсылық, ымырасыздық, шыдамсыздық, ел дамуының қиыншылықтарын «халық жауларының» әрекетінің нәтижесі деп жариялау партияға және кеңес үкіметіне, яғни билік етуші режимге оппозиция құра алатын ықпалды көшбасшылардың түгелдей дерлік жойылуына әкелді.

Қазақ ұлттық интеллигенциясына қарсы жазалау шараларына тікелей бастама болған Сталиннің хаты *«Мен партияда жоқ интеллигенттерді Кеңес жұмысына тартуды толы-*

ғымен қолдаймын», – деп басталады. 1925 ж. 29 мамырда Сталин өзінің қазақ интеллигенциясының тағдырында ерекше рөл атқарған хатында: *«Сонымен бірге, мен партияда жоқ зиялыларды қырғыз мәдениетін (қазақ мәдениетін) дамытуға тартуды толық қолдаймын, бірақ олардың саяси және идеологиялық майдандағы күрес ісіне араласуына түбегейлі қарсымын. Мен партияда жоқ интеллигенттердің қырғыз жастарының саяси және идеологиялық тәрбиесімен айналысуына да қарсымын»*, – деп жазылған.

1937-1938 жж. Т. Рысқұлов, Н. Нұрмақов, С. Құтжанов, О. Исаев, О. Жандосов, А. Досов, А. Асылбеков, Ж. Садумақасов, С. Сапарбеков, Т. Жүргенов және т.б. «тыңшылық қызметі» және «ұлттық фашизмі» үшін айыпталды. Ғылым мен мәдениеттің көрнекті қайраткері А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатұлы, Х. Досмұхамедұлы, М. Тынышбайұлы, М. Жұмабаев, С. Сейфулин, І. Жансүгіров, Б. Майлин, С. Асфендияров, Ж. Шанин, К. Кеменгеров және т.б. ату жазасына, ал олардың отбасы мүшелері қуғын-сүргінге ұшырады. Оларға тағылған айып негізсіз болды, көбіне оларды ауылшаруашылық дағдарысына, 20-30 жж. көтерілістерге айыпты деп кінәлап, Қазақстанды бөліп алуға әрекет жасады, «жапон шпионы» деп айыптады. Қарағандыда және

бірқатар аудандарда «халық жаулары» үстінен ашық сот процестері жүргізілді, бірақ олардың басым бөлігін соттан тыс органдармен жазалады. Қамауға алынғандардың саны Қазақстанда 1937 ж. 105 мың адамға жетті, оның 22 мыңы атылды. Советтік әдебиетте, бұқаралық ақпарат құралдарында интеллигенттерді атып өлтіру – «әлеуметтік қорғаныстың жоғарғы шарасы», ал елдегі толып кеткен концлагерьлер «әлеуметтік профилактика орны» деп аталынды. Егер 1937 ж. ортасында Қазақ Компартиясы ОК құрамында 85 мүше, 35 кандидат, 11 ревком мүшесі (барлығы 121 адам) болса, бұл жылдың аяғында тек қана 38 адам қалды, яғни Орталық Комитеттің жартысынан көбі жойылды. Қуғын-сүргінге ұшырағандардың өздері ғана емес, олардың әйелі мен балалары да жапа шекті. Осылайша шаруалар қырғынына интеллигенция қайғысы қосылып, барлық қазақ халқының болашағы қаратүнекке айналды. Қазіргі уақытта Сталин террорының 40 мыңға жуық құрбаны анықталды. А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, А. Бөкейханов, М. Дулатов, М. Тынышбаев, С. Асфендияров, және т.б. қазақ қайраткерлері есімі халқына қайтарылды.

XX ғ. 30 ж. Қазақстанда қоныс аудару саясатының максималды даму кезеңі болды. Бұл уақытта өлке аумағына елдің орталық аймағы-

нан халық көптеп келе бастады. Бұл кезеңнің қоныс аудару саясатын үш бағытқа бөлуге болады: өндірістік, ауылшаруашылық, мәжбүрлі қоныс аударудың негізгі ерекшелігі күшпен, репрессияны қолдану және жергілікті қазақты қырғынға ұшырағу арқылы жүрді. Осылайша, 1928-1932 жж. РКСФР-дің басқа елдерінен республикаға 100 мыңға жуық шаруашылық көшіп келеді. Ашық және ресми түрде жүргізілген жоспарлық қоныс аударудан басқа 30-40 жж. әлеуметтік, кейін ұлттық белгі бойынша күштеп қоныс аудару дами бастады. Ұжымдастыру басталысымен ресми құжаттарда арнайы қоныс аударушылар, яғни бай шаруа және кулак деп тәркілеген өзге республика өкілдерін қазақ жеріне көшіріп әкелу барысында қоныс аудару бұқаралық сипат алады. 1930 ж. көктемде Қазақстанға 0,5 млн. «арнайы қоныс аударушылар келді». 1937 ж. Қазақстанға жапон барлау қызметімен байланысы бар деп айыпталған 95 мың 903 адамнан тұратын корей диаспорасы Қиыр Шығыстан қоныстандырылды. 1939-1941 жж. Батыс Белоруссия мен Батыс Украинадан, Балтық жағалауындағы Кеңестік республикалардан поляктарды қоныс аудару (депортация) жүзеге асырылды. Бұқаралық депортация алдында санақ бойынша 1939 ж. Қазақстанда 54,7 мың поляк, 3,6 мың

латыш, 808 литвалықтар және т.б. тұрған.

1941 ж. 28 тамызда фашистермен байланысы бар деген айыппен 349 мың 713 неміс, 1944 ж. ақпанында ингуштер мен шешендер, наурызда башқұрлар, қарашада түрік-месхетиндер Қазақстанға күштеп қоныс аударылды. 1946 ж. қазанда мұнда 890698 арнайы қоныс аударушылар болды. Күштеп қоныстандырудың күндерінде бұл елдердің біразы аштық пен ауру салдарынан қаза тапты, аман қалғандары еңбек армияларында жұмыс істеді. Олардың жаңа қоныстарын тастап кетуіне тыйым салынды, бұл жағдайды бұзған адам 20 жылға дейін каторгалық жұмысқа жегілді.

Ішкі істер халық комиссариаты мен КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің ресми құжаттары күштеп қоныстандыру себептерін фашистік режимді қолдаушыларға, бандитизмнің пайда болуына жасалған қарсы әрекет деп түсіндіреді. Шын мәнінде бұл шара аз халықтарға Ресей тарапынан жасалған дәстүрлі зорлық-зомбылықтың шектен шыққан түрі еді.

Екінші дүниежүзілік соғыс 1939 жылы Германияның Польшаға шабуылымен басталды. Совет үкіметі Германиямен арадағы келісімге сәйкес Польшаның шығыс бөлігіне әскерін енгізді. 1939-1940 жылдары Кеңес үкіметі Финляндияға қарсы

басқыншылық соғыс жүргізді. КСРО құрамындағы елдер үшін соғыс ауыртпашылығы осылай басталды. Қазақстанға қатысты Германия жоспары екі ойлы болмады. КСРО-ны жеңгеннен кейін фашистер Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстан аумағында Гросс-Түркістан рейхкомиссариатын құру, ал Қазақстанның Орталық, Солтүстік, Солтүстік Шығыс аудандарынан «Қарағанды, Новосибирск және Кузнецк» Индустриалды облыстарын құру жоспары болды. Мұнда белорустарды, поляктарды, украиндықтарды, венгерлерді және Шығыс Еуропаның, т.б. халықтарын қоныс аудару жоспарланды. Жылдам жаулап алу (блиц-криг) жоспарының күйрегені белгілі болған кезде, фашистерге өздерінің мақсаттарын қайта қарауға тура келді, сонымен бірге олар КСРО-ның орыс емес халықтарын Москваға қарсы күресте пайдалану үшін оларға өзін-өзі басқаруды уәде етті, бірақ бұл жоспар жүзеге аспады.

Соғыста жеңілу қаупі күшейгенде Сталин мен оны қоршаған большевиктер қазармалық социализм идеологиясынан бас тартып, халықтың патриоттық сезіміне амал жоқтықтан қолдау жасады.

Ұлы Отан соғысы жылдары қазақтардың ұлттық рухын көтеру үшін коммунистер батырлық эпостарды басып шығарып, майдангерлерге жазылған хаттарда қазақ хандарының

агтары аталына бастады. 1943 жылы Ташкентте ортаазиялық мұсылман басқармасы құрылып, муфти сайланды. Барлық әдеби туындылар немесе көркем қойылымдар ұлттық және отансүйгіштік құндылықтарды үгіттеу үшін қайта жасалды, ұлт-азаттық көтеріліс тарихы мен оның батырлары зерттеліне бастады. Соғыс жылдарында Кеңес Армиясының қатарына 1 млн. 200 мыңнан аса қазақстандықтар шақырылды, 20-дан астам атқыштар дивизиясы мен басқа да әскери бөлімдер құрылды. Майдағы 14,1 мың жүк және жеңіл автомобильдері, 1,5 мың шынжыр тәйванды трактор, 110,4 мың жылқы жіберілді.

Жүздеген мың қазақстандықтар ерлігі үшін ордендермен және медальдармен марапатталып, қазақстандық 500-ден астам адам Кеңес Одағының Батыры атағын алды, оның ішінде екі қыз – Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова болды. Төрт қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының батыр атағына ие болды – Талғат Бигельдинов, С. Луганский, И. Павлов, Л. Беда. Рейхстагта Р. Қошқарбаев жеңіс туын тікті. Соғыстан кейін Батыр жұлдызы көрнекті әскер басшысы Б. Момышұлына берілді. Ұлы Отан соғысында қазақтардың ішінен 97 адам батыр атағын алды. Түркістан легионы жайлы жағдайды да айтпай өтуге болмайды. Соғыстың басталған

уақытында жүздеген мың Кеңес солдаттары тұтқынға түсті. Оның ішінде қазақ, қырғыз, өзбек және т.б. халық өкілдері көп болды. Ортаазиялық түркі тілді солдаттардың 80 пайызға жуығы фашистік концлагерьлерде адам төзгісіз хайуандықпен қаза тапты. Қалғандарынан гитлерліктер Кеңес армиясына қарсы күресу үшін әскери бөлімдер ұйымдастыруға тырысты. Қазақстан мен Орта Азиядан шыққан солдаттардан бірнеше батальоннан тұратын Түркістан легионын ұйымдастырды, бірақ оны фашистер соғыста қолдана алмады. Көптеген легионерлер қару алған соң майдан шебінен өтіп, Кеңес Армия қатарына оралды, олардың бір бөлігі партизандар қатарына өтіп кетті. Нәтижесінде легион таратылды.

Соғыстан кейінгі кезеңде, соғыс кезінде гитлерлік лагерьлер мен партизан отрядтарында болған жүз мыңдаған кеңестік соғыс тұтқындары қуғын-сүргінге ұшырады. Қазақ жауынгерлерін жігерлендіру үшін соғыс уақытында жариялана бастаған тарихи шығармаларға қайтадан тыйым салынып, тарихшы және әдебиетші ғалымдарды қуғындауға ұшыратты.

Кеңес тарихының тағы бір маңызды оқиғасы – тың және тыңайған жерлерді игеру науқаны. 1954 жылы партияның ОК экпан-наурыздағы Пленумы Буразияның ұлы даласының

шанын аспанға көтерген елдегі астық өндіруді одан әрі ұлғайту мен тың және тыңайған жерлерді игеру жайлы шешім қабылданды.

Кеңес үкіметі өзін-өзі қорғау мақсатында мәселені шешудің дағдылы экстенсивті моделін таңдап алды. Астық өндіруді шұғыл ұлғайту есебінен азық-түлік дағдарысын бәсеңдету ұйғарылды. Екіншіден КСРО басшылары славяндарды қазақ жеріне қоныстандыру мәселесін шешпек болды.

1954 жылы тамызда Қазақстанда 6,5 млн. га жер жыртылды. 1955 жылдың басына таман жыртылған жердің ауданы 8,5 млн. га жетіп, 90 жаңа совхоз құрылды. 1954 жылдың күзінен бастап тағы да 250 совхоз құрыла бастады. Жаңа жерлерді жұмыс күшімен қамтамасыз ету үшін елдің батыс аудандарынан еріктілерді әкелді, оларға дүние-мүлкімен бірге тегін көшіп келуге, үй салуға 10 жылға дейін өтеу мерзімімен 20 мың рубль несие беру, екі жылдан 5 жылға дейін салықтан босату тәрізді жеңілдіктер берілді. Сонымен бірге, тың игеруге келмек болған республикаларда тұратын қазақтарға тыйым салынып, тыңгерлерді көбейту үшін түрмелер мен лагерьлерден босатып, славян ұлтының өкілдерін айдап әкелді.

Тың игерудің алғашқы жылдары ауа райы қолайлы болды. 1956 жылы елде 125 млн. тонна рекордтық ас-

тық жиналынды, оның 50 пайызы тыңайған жерлерден алынды. Бірақ экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуы мен жел эрозиясы 50-жылдар аяғында нақты проблемаға айналды. 1960 жылы Солтүстік Қазақстанда тыңайған жерлерді тиімсіз игеру нәтижесінде шаруашылық айналымнан 9 млн. га қара топырақты аймақ шығарылды. 60-жылдардың басында елді азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін шет елден 1 млрд. долларға 12 млн. тонна астық сатып алуға мәжбүр болды. Тың топырағының құнары жылдан-жылға құлдырай берді, егер 1954-58 ж. орташа өнім 7,3 ц/га болса, 1961-65 ж. 6,1 ц/га болды.

Тың жерлерді игеру Қазақстанда жайылымдық жерлердің қысқаруына және республиканың дәстүрлі ауылшаруашылық саласы – мал шаруашылығының дағдарысына әкелді. 1955 ж. КОКП ОК арнаулы шешімін қабылдап, 47 далалық аудан мен 225 совхозға мал етін өндіруге міндеттеуге тура келді. Нәтижесінде үлкен күшпен 1960 жылы республикадан мал басының жалпы санын 36,4 млн-ға дейін көтеруге мүмкін болды (1928 ж. 40,5 млн. бас). Сонда да болса, халық санының өсуіне байланысты азық-түлікпен қамтамасыз етуде белгілі қиыншылықтар болды, сол себепті үкіметтің 1962 ж. алғаш рет ет бағасын 30 пайызға, майды 25 пайыз өсіруіне тура келді. Ет

өнімін жоспарланған үш есеге дейін өсіру мүмкін болмады. Қазақтың мал шаруашылығы тың игеру жылдарында күйзелістен әлі күнге дейін оналған жоқ.

Негізінен тың игеру Қазақстанды әлемдегі ірі астық өндірушілердің біріне айналдырды, сонымен бірге мал шаруашылығының дағдарысына алып келді деп айтуға болады. Сонымен қатар, тың игеру жылдарынан Қазақстанның экологиялық апаттары мен демографиялық карама-қайшылықтары өз бастауын алады.

Реформа жасауға талпыныс жасау және демократиялық идеялардың туындауы И. Сталин өлгеннен кейін (1953 ж. наурыз) СОКП ОК бірінші хатшысы болып тағайындалған Н.С. Хрущев (1964 жж. дейін билікте болды) атымен байланысты. Айтылып отырған кезең қазіргі тарих ғылымында «Хрущевтік жылымық» деп аталынды. Ол ең алдымен саяси режимнің әлсірегенін білдіреді. Сталин қазасынан кейін КСРО-ның Жоғарғы Кеңесі кешірім жасау жайлы Жарлық қабылдады. Осыған байланысты 1 млн. 20 мың адам түрме мен лагерьде отырған жерінен босатылды.

Берияның қамауға алынып, атылуынан кейін Сталиннің жеке басына табынушылықты айыптау адамдардың көңіл күйіне оң әсер етті. Тоталитарлық мұз еріп, темір күрсау босап, бұғау алына бастады.

Экономикалық дамуда ауқымды алға басушылық жүзеге асып жатты. 50 ж. Қазақстанда бірқатар ірі өндірістік құрылыстары салына бастады. Соның ішінде Қарағанды металлургиялық және Соколов-Сарыбай тау-кен комбинаттары. Жалпы 50 ж. қатарға 700-ге жуық жаңа кәсіпорындар қосылды. Соның ішінде Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты, Ертістегі СЭС, жаңа көмір шахталары. 1950 ж. 17,3 млн. тонна көмір алынса, 1960 ж. 32,3 млн. тонна көмір, 1960 ж. 2,6 млрд. киловатт энергия өндірілсе, 1960 ж. 10,6 млрд. киловатт сағат электр энергиясын өндірген.

60 ж. теміржолдар жүйесі жақсы дамыды. Ол 1960 ж. 11, 47 мың км құрады. 1958 ж. Республика аумағы бойынша өтетін магистралдардың басын қосатын қазақ теміржолы салынды.

60 ж. басында кәсіпорындарды техникалық қайта жабдықтау мен жаңа технологияны кіргізу, электрлендіру, өндірісті механизациялау, автоматтандыру жайлы мәселе қозғалды. Бұл кейбір еңбек салаларында өнімнің өсуіне, ғылымды қажетсінетін өндірістің күшеюіне әкелді.

КОКП ОК қыркүйектік пленумінде (1953 ж.) шаруаларға экономикалық және саяси қысым жасауды әлсірету жайлы мәселе алғаш рет қойылды.

Ауылды одан әрі қанаудың, қайыршыландырудың мүмкін еместігін түсінген Хрущев мемлекеттік салықты азайту, аграрлы секторда инвестицияны ұлғайту тәрізді идеяларды партиялық шешімге енгізе бастады. Мұнымен байланысты ұлттық табысты ауыл пайдасына қайта бөлу бойынша бірқатар шаралар қабылданды: салық саясаты өзгертілді, ауылшаруашылық өнімін сатып алу және дайындау құны өсірілді. Сталиннің қатал саясатынан алыстап ауыл тұрғындарын құлдықтан босату, оларға паспорт, т.б. құжаттарын беру нәтиже бере бастады. Аграрлық саясаттағы өзгерістерге колхоз шаруалары ауылшаруашылық өнімнің біршама ұлғаюымен жауап бере бастады. 1960 жылдары ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 28 пайызға өсті, ал колхоздар мен совхоздарда еңбек өнімділігі 1,8 пайызға өсті. Республика теңдессіз ауылшаруашылықты ауданға айналды. Қазақстан КСРО ауыл шаруашылығының өндірістік қуатының 11%-ын құрады.

Мұның бәрі ауылшаруашылық өнім өндірісінің шұғыл ұлғаюына бағытталған «Американы қуып жету және басып озу» ұранын тудырды. Бірақ экономикадан тыс шаруашылықты басқарудың әкімшілік әдістерінің басымдылығы 50 ж. аяғы мен 60 ж. басында экономикалық және әлеуметтік дағдарысты туын-

датты. КСРО-ның өндірісі дамыған, қалалары көп аудандарында тамақ жетімсіздігі сезіле бастады. Экономиканы басқаруда ойланбай жасалған реформалар азық-түлік мәселесін ұлғайтып, халықтың наразылығын өршітті. Хрущев саясаты өте қереғар жүрді. Саяси режим әлсірегенімен, меншікке көзқарас өзгерген жоқ. Үкімет колхозшылардың қолындағы малымен, огородымен күресе бастады. Әсіресе, үкімет қазақтың жылқысын құртуға ұмтылды. Бұл патша заманынан келе жатқан дәстүр еді. Әлеуметтік-экономикалық ауыр жағдайға қарамастан 1959 ж. жеті жылдық жоспар қабылданды, бұл жоспар бойынша Кеңес Одағы дүние жүзінде өндіріс көлемі бойынша бірінші орынға шығуы тиіс болды. Мәскеулік коммунистер елдегі социализм құрылысы аяқталды және көптен күткен коммунизм 1980 жылдардың басында орнайды деп жариялады.

Бұл кезеңде коммунистік партияның ұлттық саясаты та түбірінен өзгеріске ұшырады. Ұлы Отан соғысынан кейін басталған жалпы орыстандыру саясаты осы жылдары жеміс бере бастады. Сол себепті жаңа қауымдастықты – «Кеңес халқы» қалыптастыру мақсатында ұлттық мектептерді жауып, ұлттық тілді қолдану салаларын қысқартып, шовинистік үгіт-насихат жүргізіп орыстандыру саясаты мадақталды. 1980 ж. таман КСРО-ның барлық этностарын араластыру және ұлт-

тық республикаларды жойып жіберу міндеті алға қойылды. Республикалардың мүдделерін есепке алмастан олардың шекаралары ауыстырыла басталды. Бұл кәшанда Мәскеу қауіптен қарап келген Қазақстанда ерекше еселеніп жүргізілді, тіпті қазақ жерін бұтарлап бөліп тастау үшін республика басшылығы да ауыстырылды. Әр түрлі себептермен Мәскеу 1962 жылы Өзбекстанға Оңтүстік Қазақстанның үш мақталы ауданын беруге көндірді, одан кейін әңгіме Қазақстанның мұнайлы ауданы Маңғыстауды Түркіменстанға беруге ауысты. КОКП басшыларының облыстарынан аймақ құрып, Қазақстан республикасын таратып жіберуді қолға алғаны анық еді.

1961 ж. Қазақстанның басшысы болып, бұған дейін Республиканың Министрлер Кеңесінің төрағасы болып жұмыс істеген және Қазақстанды үздіксіз ширек ғасыр басқарған Д. Қонаев тағайындалды. 1962 ж. Хрущев партияны екі ұйымға – өнеркәсіптік және ауылшаруашылықтық етіп бөлген партиялық реформаны ұсынды. Партия экономиканы басқаруға тиісті болды, бұл партияның жоғарыдағы өкілдерінің және аймақтық қызметкерлерінің наразылығын туғызды. Құпия жағдайда мемлекеттік төңкеріс даярланды және 1964 ж. Н. Хрущев биліктен тайдырылды. Орталық Комитеттің бас хатшысы болып Л. Брежнев, ал

үкімет басшысы болып А. Косыгин сайланды.

Қазіргі тарихнамада 70-80 жж. тоқырау жылдары деп атайды, өйткені ХХ ғ. 60-70-жылдардағы реформалар тоқтатылды.

Өнеркәсіп пен ауылшаруашылық өндірісі өсімінің орташа көрсеткіштері өсті. 1966-70 жж. халық шаруашылық кешені жоспарлы экономиканы енгізген кезден бастап өз өсуінің шарықтау шегіне жетті. Республика КСРО-ның аса ірі өнеркәсіптік аймақтарының біріне айналды. ІХ бесжылдықтың басына қарай өнеркәсіп республиканың экономикасында алдыңғы орында болды. 1970 ж. жалпы қоғамдық өнім құрылымында оның үлес салмағы 48%-ды құрады. Оның үлесіне халық шаруашылығының негізгі өндірістік қорларының 39,8% тиді, мұнда 1052 мың адам немесе республиканың барлық жұмысшыларының 22,4% жұмыс істеді.

1970-1985 жж. республиканың индустриалдық қуаты белгілі бір мөлшерде өсті. Мыңға жуық жаңа өнеркәсіптік кәсіпорындар мен цехтар іске қосылды. Соның ішінде Қазақ газ өңдеу зауыты, Шевченко пластмас зауыты, Қарағанды резинотехникалық бұйымдар зауыты, Павлодар және Шымкент мұнай өңдеу зауыттары, Қарағанды металлургиялық комбинатындағы ақ қаңылтыр цехы, Екібастұз және Ермак ГРЭС-і,

Қапшағай ГЭС-і, Шымкент және Жамбыл фосфор зауыттары, Жәйрем кен байыту комбинаты және т.б. Өнеркәсіп өндірісінің көлемі бойынша Қазақстан КСРО-да 3-орын алды (РКФСР мен Украинадан кейін). Территориялық-өндірістік кешендер – Маңғышлақ, Қаратау-Жамбыл және Павлодар-Екібастұз кешендері қалыптастырылды. Егер де Қазақстан өнеркәсібін құрылымдық жағынан қарасак, онда оның көзге ұрып тұрған шикізаттық бағытын байқау қиын емес. Отын-энергетикалық кешені, түсті және қара металлургия, химиялық және мұнай химиялық салалар көбірек дамыды. Нәтижесінде салыстырмалы түрде өнеркәсіптің өндірушілік саласының үлес салмағы жоғарылады. Республикадан шикізаттық ресурстарды сорып, орасан зор пайда түсіріп, республика өнеркәсібінің жартысына жуығын бақылап отырған одақтық ведомстволар республикалық бюджетке, әлеуметтік инфрокұрылымның дамуына, ұлттық жұмысшы кадрларды дайындауға, қоршаған ортаны қорғауға ешқандай қаржы бөлген жоқ.

Кеңес үкіметі билігі кезінде Қазақстан халқының этникалық құрамы күрт өзгерді. 70-жылдардан бастап Қазақстан туралы «жүз тілдер планетасы», «халықтар достығының зерханасы» деген лепірме ұрандар жиі айтыла бастады.

1.5. Мәдениеті

ХХ ғ. басындағы Қазақстанның мәдениеті негізінде түрлі әлеуметтік күштердің әр түрлі мәдени қызметпен күресін, өтпелі қоғамның күрделі бейнесі тұр. Ел тұрғындарының көпшілігі «ликбездерден» (сауатсыздықты жою мектептері) шартты түрде өткенімен, алға жылжуға шауып келе жатқан қоғамның негізгі ғылыми орталарда ескі мамандардың отыруымен туындайды. Бұл кәшандағы революцияға дейін қазақ ішіндегі жаппай сауатсыздық туралы әңгімелер негізсіз екені деректерден белгілі болып отыр. ХХ ғ. басында Ә. Бөкейханов: «Жақын арада Сағана жаппай сауатсыз далада Самарқандтағы, Бұқарадағы, Константинопольдегі, Қазандағы және басқа да мұсылман орталықтарындағы жоғарғы мұсылман мектептерін бітірген Науан сияқты ғалымдар кездеседі. Қазақтардың қанша пайызы сауатты екендігін айту қиын, өйткені оқыту құпия түрде жүргізіледі және статистикалық әдебиетте мәліметтер берілмейді», – деп атап көрсеткен. ХІХ ғасырдың 70-жылдарынан бастап Ресей империясында оқу-ағарту ісінің үлкен реформасы болып, бұл іс жоғары сапаға келді. Осы негізді пайдаланған большевиктер, сонымен қоса, Қазақстанда халыққа білім беруді реформалау-

мен бірге кеңестік оқу орындарының орасан кең торабын жасады. XX ғасырдың 20-30-жылдары бұл шаруашылыққа саяси қызметтен шеттетілген Алаш зиялы қауымдары белсене араласты.

Большевиктердің мәдени революциясының құрамдас бөлігі алфавиттік реформалар болды. Мәдени революция жылдарында қазақтар орталықтың нұсқауы бойынша жазуын үш рет өзгертуге мәжбүр болды: басында арабшадан – латыншаға, одан кейін латыншадан – кириллицаға (1930-1937 жж.). Негізгі оқытушылар корпусының түрлі қуғынға ұшыратылғандығын айтпағанның өзінде, не мұғалімдер, не оқу құралдары жетіспеді.

Тоталитарлық қуғын-сүргіннің қызған кезінде 1935 ж. кеңестік бастауыш мектептер торабы құрылды. 50-ж. жалпы жеті жылдық білім беру, 60-ж. сегіз жылдық, ал 70-ж. орта білім беру жүзеге асырылды. Мәдени революция халықтың сауаттылығын көтеру үшін емес, қайта керісінше «жаңа адамды», яғни «мәңгіртті» өсіріп шығару үшін ойлап табылды. Жалпы 1935 ж. бастауыш мектептер торабы құрылып болды, балаларды камту деңгейі 90%-ға жетті, бірақ толық білім берудің жоқтығын мына айғақ дәлелдейді, яғни 1936 ж. бүкіл республика бойынша орта мектепті небары 11 қазақ баласы бітірген. Мұнымен қатар,

Қазақстан мектептерінде біртіндеп білім сапасының төмендеуі, оқу үрдісінің формальдандырылуы, идеологияландыру және дезгуманизациялау байқалды. Іс жүзінде XX ғ. басындағы білім беру деңгейіндегі жетістіктер XX ғ. 50-60 жж. дейін сақталып қалды. Жоғарғы және орта арнайы оқу орындар торабы республикада соғыстан соңғы жылдары құрылды. 50-ж. 13 институт, 60-70 жж. 27 жоғары және 100-ден астам орта арнайы оқу орындары ашылды. Білім беру жүйесінің идеологияландырылғанына карамастан, жоғарғы оқу орындарындағы даярлық сапасы, іргелі білім деңгейі жуық уақытқа дейін жоғары болды. Сонымен қатар, білім деңгейінен ғылым мен техниканың жаңа жетістіктерін білмеушілік көрінеді.

Соғыстан кейінгі аса ірі оқиға Қазақстан Ғылым Академиясының ашылуы болды (1946 ж.). Бірінші президенті болып аса көрнекті ғалым Қ.И. Сатпаев сайланды. 1940-1950 жылдардағы репрессияларға карамастан (Е. Бекмахановты, т.б. қудалау) ғылым сапасы да, саны да керемет өсті. XX ғ. 90-ж. таман Ғылым Академиясының құрамында 32 ғылыми мекеме, 250-ге жуық ғылым докторлары мен 2000 ғылым кандидаттары болған. Соңғы жылдары-ақ ҒА реформалардың қажеттілігі, тақырыптарды координациялау мәселесі, жаңа бағыттарды игеру,

тиімсіздіктен құтылу қажеттілігі сезілді. ҒА ең бір басты дағдарысты мәселе – талантты жастардың бизнеске және әкімшілік жұмысқа тартылуы, қария адамдардың үлес салмағының көбейіп кету фактілері де баспасөзде айтылды. Ғылым қашанда мемлекет пен қоғам тарапынан қолдауды қажет етеді, ол болмаған жағдайда осы сияқты үрдістердің акыры ҒА жабылуымен аяқталады.

Қазақстанның өнері мен әдебиеті Орталық Азияның көшпелілерінің мыңжылдық мәдениетінің бай мұрасына ие. XX ғ. 20-30 жж. әдебиет көрнекті шығармашыларға бай болды (Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, С. Торайғыров, А. Байтұрсынов, Ғ. Қараш, Ш. Құдайбердиев, кейінірек Б. Майлин, І. Жансүгіров, С. Сейфуллин және т.б.). Бірақ Кеңес үкіметі 30-ж. репрессия кезінде қазақ өнері мен әдебиетінің таңдаулы өкілдерін жойып жіберді.

XX ғ. 40-ж. қазақ әдебиетіндегі ірі құбылыс М. Әуезовтің пьесалары, повестері және роман-эпопеясы болды. С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин сияқты кеңестік реализм өкілдері осы тұста қызмет жасады. Соғыстан кейінгі кезеңде көркем әдебиет жазушылардың бірнеше ұрпақтарының шығармашылығымен бани түсті. 70-жылдары О. Сүлейменовтің, І. Есенберлиннің, Ә. Кекілбаевтің, М. Шахановтың, М. Мақатаевтың, О. Бөкеевтің және т.б.

кітаптары үлкен сұраныста болды. 30-50-жылдардың ауыр қыспағынан шыққан қазақ елі, әсіресе тарихи тақырыптағы шығармаларды талап етті. Тарихшы-ғалымдардың қызметі қатаң бақылау мен қудалауды болғандықтан, жазушылар-ақындар өз шама-шарқынша тарихи мәселелерді көтерді. Маман тарихшылардың арасынан бұл кезде ұлттық мүдде үшін жан аямай жұмыс істеген Ә.Х. Марғұланды атауға болады.

XX ғ. 20-ж. екінші жартысында кәсіпқой өнер, соның ішінде қазақ ұлттық сурет өнері пайда болды. 1926 ж. Қызылордада бірінші рет қазақ драма театры К. Кеменгеровтің «Алтын сақина» пьесасымен ашылды. Театрдың алғашқы актерлері табиғи дарын иелері болды және театрдың алғашқы режиссері Жұмат Шанин оларды әр жерлерден, көбінесе жәрмеңкелік жылжымалы театрлардан жинап алды. Осы жылдары Ә. Қашаубаев Мәскеу мен бірқатар Еуропа қалаларының концерттік залдарында этнографиялық орындауларда сәтті өнер көрсетті. Соғыс қарсаңында тағы бірнеше театрлар – опера және балет театры, куыршақ театры, орыс драма театры пайда болды. Жаңа өнер ошақтарында қызмет жасаған республиканың шығармашылық интеллигенциясы партиялық органдардың қатаң идеологиялық бақылауымен жұмыс істеді. Мәдениеттің дамуындағы жетіс-

тіктерге карамастан, ұлттық рухани қайта өрлеу мәселелері көленкеде қала берді. Осы себептерден халықты ұлт ретінде дүниетанымын қалыптастыратын қазақ әдебиеті мен өнері шын мәнінде өзінің тамырынан алшақтады. Социалистік реализм ретінде дәріптелген кеңестік шығармашылық тап күресін, орыс халқының қамқорлығы мен қазаққа социализмнің тигізген игілігін көрсетуді мақсат тұтты. Кез келген азгантай ғана шығармашылық өзінділіктің тамырына балта шабылып, бәрі Мәскеудің келісімімен іске асып отырды. Сондықтан да онда тек аударма-интернационалдық мазмұн басым, оның астарында әдетте тұрпайы таптық және еуроцентристік идеялар жатты. XX ғ. мәдениеті тек пролетарлық қана емес, сонымен қатар атеистік те болды.

Мың жылдан аса қазақ елі исламның мәдени-тәрбиелік тұжырымдамасының, рухани құндылықтарының аясында өмір сүрді. Оның тікелей ықпалымен XIX-XX ғғ. басындағы қазақтың дәстүрлі шығармашылық мәдениеті қалыптасты. Осы кезеңдегі қазақ зиялылары жәдитшілдіктің – Ресей мұсылмандарының реформаторлық қозғалысының идеяларын ұстанды. Оның негізінде халықты ағартуға, қараңғылықтан білімділікке шығаруға мүмкіндік беретін, жаңа, білімді қоғамды құру үшін және еуропалық халықтармен теңе-

су үшін оқытуға саналы, ой елегінен өткізілген принциптер негізінде мектептерді қайта құру идеясы жатты. Реформаторлық қозғалыстың негізін қалаушы қырым татары И. Гаспринский болды. Өзінің үш ұстазының бірі ретінде (Құнанбай, Абай) Ш. Құдайбердиев оның есімін құрметпен атайды.

Рухани-діни мәдениеттің келесі маңызды элементі сопылық болды. Ол исламның ғұрыптық жағын жоққа шығармай, бірінші кезекте жеке тұлғаның іштей қайта түлеуі арқылы Құдаймен рухани бірігу (тарикат жолы) идеясынан бастау алады. Суфизмнің ықпалын XIX ғ. екінші жартысындағы қазақ әдебиетінің сопылық бағыты дәлелдейді. Осылайша, XX ғ. басындағы қазақ қоғамының діни өміріне осы екі ерекшелік тән болды. Қазақстанда түркі тілімен қатар Еділ бойы, Орта Азия, Мысыр мен Стамбұлда оқу бітірген, араб және парсы тілдерін жақсы білетін адамдар мол еді. Исламның негізінде қалыптасқан рухани өмірдің моральдық-этикалық нормалары тіл мен ұлттық мәдениетті қолдап, сонымен қатар қазақ этносын ерекше ұлт, адамзат қоғамының дербес өкілі ретінде өркениеттің жалпы адамзаттық қазына қорына жол ашып берді.

XX ғ. басында ресейлік көші-қон саясатының негізінде Қазақстан территориясында басқа діндердің өкіл-

дері – христиандықты, иудаизмді, буддизмді ұстанатын адамдар саны өсті. Әсіресе, православие христиандары үкімет тарапынан қолдау тауып, өз қызметін миссионерлікпен ұштастырып отырды.

Кеңес үкіметі орнаған күнінен бастап дін қауымдастықтарына қарсы іс-шараларды өткізе бастады. Ең алдымен жалаң декларация түрінде айтылған уәделердің ешқайсысы да шын мәнінде орындалған жоқ. Мұсылмандар үшін қызығарлық шара, Халық Комиссарлар Кеңесінің 1917 ж. 20 қарашадағы «Ресей мен Шығыстың барлық еңбекші мұсылмандарына» деген үндеуі еді, бірақ кейін мұсылмандардың өмірінде жаңа қиыншылықтар басталды, мешіттер өз дүниесімен кәмпескеленіп, діни кітаптар мен қолжазбалар жойылып, дін қызметкерлері қуғындалды. Кеңестік кезеңдегі кең таралған жалалардың бірі панисламизм болды. Кеңес үкіметінің қызметкерлері, ҰҚК өкілдері XX ғасырдың 20-жылдары алдымен басқа алфавитке көшуге күмән білдірген адамдарды қудаласа, кейіннен 30-50-ж. арабша кітаптарды немесе қолжазбаларды сақтаған, 70-80 жж. мешітке келген кез келген қарапайым адамды жау есебінде қарастырды. Коммунистік партия дінге қарсы күресін «Жауынгер құдайсыздар одағының» (Қазақстанда 1925 ж. бастап болған, кейіннен түрлі бөлімдер

ағымдар) әрекеттері арқылы жүргізді. Кеңес үкіметі ислам дінінің дамуын күшпен шектеп, оның қызметіне аса көп қиындықтар туғызып, қазақ елін инертті, маргинал ел қатарына қосты. Осыған байланысты өзінің рухани өмірде үлгі болатын көсемдері мен көш басшылары жоқ ел өзінің ұлттық мәдени-этикалық дәстүрлерінен айырылып, қарабайырланып кетті.

2-тарау. Қазіргі замандағы Қазақстан

2.1. Дәуірдің ерекшелігі

Немістің ғажап талантты мәдениеттанушысы және философы А. Вебер 1953 жылы өзінің «Үшінші немесе төртінші адам: тарихи өмір сүрудің мағынасы» атты еңбегінде *«Егер Ресей ертелі-кеш төңкеріске келсе, ол тек террорды бәсеңдетуге бағытталған коммунистік төңкеріс болады. Қоғам оны қабылдау үшін ол коммунистік лозунгілерді пайдалануы керек»* деген болатын. КСРО-да большевик билігі кезеңінде жүйелі түрде жүргізілген террор, моральдік ұстанымы жоқ идеология адам тұлғасын ыдырауға ұшыратты, оның есесіне болашақта айтуір бір күні келуге тиісті коммунистік құндылықтар адамды қолдауға бағытталуы тиіс болды. Әуел бастан бұл идеяларды Батыстан алған, өзінің ішкі дайындығы жоқ Ресей шешілмейтін

карама-қайшылықтармен өмір сүрді. Ақыры коммунистік идея елді де әбден қажытып, өзі де Саяси Бюро сияқты алжып, 1980 жылдары қоғамдық пікірден ығыстырыла бастады. Осылайша 1985 ж. КСРО-да қоғамды демократияландыру белгілері ретінде түсіндірілетін «қайта құру», «жариялылық», «жеделдету», «қоғамдық жаңару» курсы жарияланды. Бұл белгілі бір мөлшерде халықтардың ұлттық сана-сезімінің қайта өрлеуіне ықпал етті, өйткені тоталитаризм үстемдік еткен жылдарында қоғамдық және ұлттық сана-сезім Кеңес Одағына кірген халықтарда әбден қудалау көрген еді. Коммунистік партия ұлтсыздандыруды, аз халықтарды мәңгүртке айналдыруды, одан кейін орыстандыруды ашық жүргізді.

Алайда, 1986 ж. Алматыдағы желтоқсан оқиғалары қоғамдық өмірдің барлық жақтарын демократияландыру идеясы сол күйінше қиял болып қалғандығын көрсетті. М.С. Горбачев бастаған КОКП ОК жария қылған «қайта құрудың» шеткері өлкелерге, аз ұлттарға арналмағаны белгілі болды. Ұлттық қозғалыстарды басып-жаншып қалған Мәскеу тізгінді бермеді, өзі де кеңестік империяны демократиялық қайта құруды түбегейлі жүргізе алмады.

1986 ж. бастап Қазақстан мен Мәскеуде республика басшылығының атына және сол кезде 75 жасқа

жақындап қалған ОК 1-хатшысы Д. Қонаевтың жеке басына қарсы сындар айтыла бастады. Бәрі де билік басындағылардың ауыстырылуының қажеттігін түсінді және де бұл жөнінде мәскеулік билеушілерсіз де айқын еді. Алайда қазақ елі бұл шара демократиялық жолмен іске асады деп күтті, алайда одан арғы оқиғалар халықтың үмігін ақтамады. Мәскеу қазақ мәселесін бұрынғыша тоталитарлық тәсілмен шешпек болды және қазақ жастарының ашу-ызасын туғызды. Тарих бұл «желтоқсан оқиғасы» атымен жылнамаға енген ауыр кезеңді Мәскеудің өзі жариялаған принциптерін бұзғандығы ретінде әділ баға берді. Большевиктік төңкерістен кейін 1922 жылы құрылған КСРО әуел бастан империялық дәуірдің көптеген ережелерін сақтап қалды. Оның құрамындағы одақтас республикалар, соның ішінде Қазақстан бірде-бір мәселені өз бетімен шеше алмады, ол үнемі Мәскеуден берілетін нұсқауларға бағынуға тиісті болды. Қазақстан сияқты республикалар өз жеріне, кен байлығына ие бола алмай, ұлттық ерекшеліктері ескерілмей, құқықтары аяққа басылды. Кеңестік отаршылдық патшалық заманнан бірнеше есе ауыр зардаптарымен ерекшеленеді, қазақ халқына бұл жетпіс жылдықта өз тілін, салт-дәстүрін, дінін ұмытып, мәңгүрттену қаупі төнді. Желтоқсан оқиғасы шын

мәнінде халықтың өзін-өзі сақтауға ұмтылған талпынысы еді.

XX ғасырдың 80-жылдарының соңында бүкіл Кеңес Одағын қамтыған өзгерістер ақыры Қазақстанға да жетті. Осы бағыттағы елеулі жаңалық 1990 жылы 24 сәуірде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің шешімімен Қазақ КСР-да Президент институтын енгізу және осы қызметке Н.Ә. Назарбаевты сайлау мен 1990 жылы 25 қазанда «Қазақ КСР-нің Мемлекеттік егемендігі туралы» Декларацияны қабылдау болды. Декларацияның қабылдануымен маңызды өзгерістер басталды.

Президент лауазымын енгізу нақты тәуелсіздік, егемендікті қорғау және мемлекетті саяси және экономикалық дағдарыстан шығару жолындағы республика басшылығының дер уақытындағы қадамы саналды. КСРО дағдарысы, одақтың ресурстарын қайта бөлу сипаты президент билігінің нығаюына әкелді және сол уақыттағы саяси күштердің шынайы ара салмағын көрсетті. Декларация республикаға «халықаралық қатынастардың дара субъектісі ретінде көрінуге, сыртқы саясаты өз мүдделері үшін белгілеуге» және «экономикадан тыс қызмет мәселелерін өз бетінше шешуге» мүмкіндік берді. Бұл құжат «Жаңа Конституцияны жасау» үшін және Республиканың егеменді мемлекет ретіндегі мәртебесін жүзеге асыра-

тын басқа да заңдық актілердің негізі деп айтуға болады.

Қазақ елінің тәуелсіздігін жариялаған 1991 жылдың 16 желтоқсаны республиканың саяси-конституциялық дамуының жаңа сатысы және ұлттың жеке-даралығы, құқылығы, құқық пен жекебас еркіндігі, саяси тұрақтылық, үкіметті бөлу, ұлтаралық келісім және т.б. сияқты негізгі демократиялық принциптерді анықтады деп айта аламыз. Қазақстан республикасында егемендік алғаннан кейінгі егеменді мемлекетті құру, азаматтық қоғамды қалыптастыру, ел экономикасын қайта құру сияқты бірінші кезектегі міндеттерді шешу қажеттілігі туындады. Бұл күрделі міндеттерді орындауда әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінің тәжірибесін де пайдалану керек еді.

Қазақстанның тәуелсіздігін алдымен танып, әлем алдында мойындаған туыстас Түркия мемлекеті мен Румыния болды. Бүгінде Қазақстанды әлемнің 120-дан аса мемлекеті танып, еліміз 70-тен астам мемлекетпен елшілік дипломатиялық қатынас орнатқан. Еліміздің бүгінде бірнеше халықаралық ұйымдардың мүшесі екендігін, әсіресе олардың ішіндегі әлемдегі ең белді ұйымдардың бірі БҰҰ мүшелігін мақтанышпен айта аламыз. Бұл шаралар қазақ еліне өз мемлекеттілігін қалыптастырудың алғышарттары қызметін атқарды.

1992 ж. мамырда «Егеменді Қазақстан ретіндегі Қазақстанның қалыптасу және даму стратегиясы» жарияланды, мұнда Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «*Біз марксизм-ленинизмнің тұманды жарығы бойынша «Жарқын болашақты» құрудан бас тарттық»* деп мемлекетті қалыптастыру идеологиясының басқаша болатындығын мәлімдеді. Бірақ бұл болашақтың жоқтығын білдірмейді, себебі *«Нақты мақсатсыз не адам, не билік құрылымдары, не қоғам өмір сүре алмайды»*. Қазақстанның тұжырымды даму үлгісі ашық батыстық типтегі қоғамды, демократиялық бейбітшілік сүйгіш мемлекетті құруды қалайды, *«Қазақстанда либералдық немесе халықтық капитализм емес, жай ғана көп нарықтық экономикасы бар қарапайым демократиялық қоғам болады»*. Әрі қарай Қазақстанның сипаттамасы келтіріледі, оның ерекшелігі сонда, яғни ол *«әр кемелденген елдің (халықтың) жаппай сауаттылығы, ғылыми-зерттеу мекемелерінің кең торабы, космостық зерттеулер) әрі дамушы елдің бөліктеріне (экономиканың шикізаттық бағыты, көптеген аймақтардың экологиялық ластануы, инфрақұрылымның артта қалуы) де ие. Сондай-ақ, Қазақстан «гипертерриториялығымен, ішкі континенталдық орналасуымен, табиғи ресурстардың орасан зор қорымен,*

тұрғындарының түрлі этникалық құрамымен ерекшеленеді» (Н. Назарбаев. Қазақстанның егеменді мемлекет ретіндегі қалыптасу және даму стратегиясы. – Алматы, 1992 ж. – 32, 36, 56-бб.).

«Стратегияға» сәйкес қалыптасып қалған шаруашылық тәжірибесіндегі консерватизмді және халық санасының инерциялығын жеңетін меншік қатынасын өзгертуге алғашқы күрделі қадамдар жасалды.

Басқаша айтқанда, тұралап қалған өнеркәсіпті көтеру, «таяу» және «алыс шетелдердегі» дәстүрлі және жаңа серіктестермен ынтымақтасудың басқа жолдарын іздестіру, несие табу, мемлекетті құру керек болды. Осының бәрін көпшілігі мүлдем кедей жағдайдағы Қазақстан азаматтарының мұқтажықтарын – жұмыссыздық, дүкен сөрелеріндегі бостығы, тұрғын үй шаруашылығының құлдырауы, ертенгі күнге деген сенімсіздік және т.б. бір мезгілде шешу керек болды.

Ең құндысы және бастысы – Қазақстан халқы XX ғасырдың 90-жылдарындағы қиыншылықтардан саяси тұрақтылығын, азаматтық және ұлттаралық келісімін сақтай отырып шыға алды. Осы жылдары мемлекеттіліктің негіздері, ұлттық қауіпсіздік пен демократия институттарының негізі қаланды, сыртқы саясат принциптері құрылып, жас елдің тәуелсіздігінің кепілдіктері жасалды. Тәуелсіздік алғаннан кейін

республика одақтас елдердің спектрін кеңейтті, дамыған және дамып келе жатқан мемлекеттермен экономикалық байланыстар орнады, банк жүйесі қалыптасып, бұрынғы одақтастармен қарым-қатынас қайта қарастырылды, әлемдік нарыққа интеграциялық жолмен өтуге қадам жасалынды. Сыртқы экономикалық қызметті либерализациялау нәтижесінде бұл саладағы мемлекеттің монополиясы жойылды, көптеген кәсіпорындар, фирмалар мен жеке кәсіпкерлер еркін түрде шетелдік одақтастармен байланыс орнатып, бұл сала қызметінде бәсекелестік негізі салынды.

Қазіргі кезде республикада интенсивті түрде бірлескен кәсіпорындар саны өсуде, әлемдік ірі компаниялардың өкілеттіліктері ашылуда, табиғи ресурстарды, шикізат пен материалдарды өңдеу жөнінде бірлескен жобалар жасалынуда, аграрлық салада прогрессивті технологияларды енгізу жүріп жатыр. Қазақстанның бай табиғи ресурстары, республикадағы әлеуметтік және саяси тұрақтылық аймақты шетелдік капиталдың енуіне бұрынғы Кеңестік Одақ республикалары арасында шетелдік инвесторлар үшін өте маңызды аймақ болып саналады. Сонымен бірге, әлемдік мұхитқа шығатын тура жол болмағандықтан шетелдік тұтынушыларға жүк тасу қиынға түседі.

Кеден статистикасының мәліметтері бойынша (электрқуаты мен табиғи газды тасымалдау есебі бойынша) 1995 жылы Республиканың сыртқы сауда айналымы 8716,5 млн доллар (1994 жылмен салыстырғанда 130 %) құрады, яғни экспорт 4974,4 млн. доллар (154%) және импорт 3742,1 млн. доллар (107%) болды. Аталған кезеңде сыртқы сауда балансының көлемі шоп-туристердің тауарларын санамағанда 1232,3 млн. долларға, яғни жағымды сальдоға жеткені айтылады.

Жалпы ішкі өнім динамикасы Қазақстан Республикасының әрбір азаматына шаққанда 1991-1995 жылдары төмендеп кетті, сол себепті осы кездері өндіріс көлемі азайды, халықтың табыс көзі де төмендеді. 1996 жылы бұл көрсеткіш жоғарылай бастайды, бұл экономикалық тұрақтылық фазасының басталуының дәлелі болып келеді. Осылайша, 1991 жылы әрбір азаматқа санағанда ЖҰӨ 4081 АҚШ долларын құраса 1995 жылы 2271 АҚШ долларын құрады. Ал 1996 жылы бұл көрсеткіш 1995 жылғымен салыстырғанда 2295 АҚШ доллары деген көрсеткішке дейін жетті. ТМД мен Прибалтика елдері арасында 1996 жылы Қазақстан адам басына санағанда ЖҰӨ өндірісі бойынша алтыншы орынға ие болды. 1995-1997 жылдар аралығында ауыр дағдарысқа

карамастан, негізгі әлеуметтік салалар мен көрсеткіштер бойынша мемлекет қолдауымен нарықтық механизмдер қалыптаса бастады.

Қайта құру кезеңінде Қазақстанның экономикалық құрылымын мемлекетсіздендіру қарқынды жүрді. Егер 1991 жылы мемлекеттік меншік 90 пайызды құраса, 1990 жылдар соңында елде экономиканың жекеменшік саласы дамып, жекеменшік кәсіпорындар саны Республика бойынша үлестік саны 80%-ға дейін жетті. Жекеменшік кәсіпорындардың үлестік саны құрылыс саласында – 48%, ауыл шаруашылығында – 97%, өнеркәсіпте – 82%, яғни барлығы 80% құрады. Мемлекет және қоғам меншігінің жеке адамдардың қолдарына және шетел алпауыттарына өтуі оңай болған жоқ. Бұл мәселе кеңестік кезеңде ортақ меншікке үйреніп қалған қоғамдық санада да белгілі дәрежеде өзгерістер және наразылықтар туғызды.

Егер өндіріс көлеміне келсек, оның өсуі деректерге қарағанда 2000 жылдан басталады, белгілі дәрежеде мұнайға деген бағаның өсуінен кейін ғана Қазақстанда өндіріс көлемі ұлғайды деген пікір бар. Бұл жылы сауда балансының жағымды сальдосы 2,6 млн. долларды құрады, бюджет дефициті пайда болды, тәуелсіздік жылдары алғаш рет өнеркәсіп өндірісінің өсуі 15% дейін жетті. Жалпы алғанда 2000-2003 жылдары

ЖҮӨ 50% құрады, бірқатар мұнай-химия өнеркәсіп орындары қалпына келтірілді, жаңа кәсіпорындар іске қосылды – Балқашта мырыш өндіру мен Атыраудағы полиэтилен трубаларын жасау зауыттары, «Алматы – Астана» және «Астана – Бурабай» жолдары жөндеуден өткізіліп, заманауи үлгіде қайта салынды.

Жүргізіліп жатқан экономикалық саясат нәтижесін 2003 жылы наурызда сараптаған халықаралық аналитикалық компания «Оксфорд Аналитика» Қазақстанды өтпелі экономикалы елдер арасында қарқынды дамып келе жатқан ел деп жариялады. Бүгінгі күні Қазақстан жедел даму үстінде. 2010 жылы ЖІӨ 7,5 пайыздан аса өсті. Осы кезеңде өндіріс көлемі 10,5 пайызға ұлғайды, жүзден аса жаңа кәсіпорындар ашылды. Жаңа ғасырдың он жылы ішінде ЖІӨ-нің көлемі әр адам басына шаққанда 7 есе өсіп, 8 мың доллардан асты. Деректерге қарағанда, 2000 жылдан бастап біздің экономикамызға, әсіресе мұнай және газ секторына, 110 миллиард доллар тікелей шетелдік инвестиция салынды. Өкінішке орай, экономиканың өндіруші салалары, әсіресе ауылшаруашылық өнімдерін жаңа технологиялармен ұқсату мәселесі әлі де шешімін таппай келе жатыр. Бұл өз кезегінде ауыл-аймақтардың әлеуметтік жағынан артта қалуына және елдің хал-ахуалының шикізат өндіру салаларына бағыныш-

тылығын күшейтуге тура алып барады.

Ел экономикасын қайта құрудың, мұнай және газ, басқа да пайдалы қазбаларды еселей өндірудің арқасында соңғы он жылдықта пенсия көлемі 6 еседей көбейді. Үй құрылысы аса белсенді жүргізіліп, оның жалпы көлеміне 30 миллион шаршы метр қосылды, осының арқасында 330 мың қазақстандық отбасы жаңа пәтерлерге ие болды. Статистикалық деректерге қарағанда, қазақстандықтардың айлық табысы 5,5 есе ұлғайды. Осы жетістіктер ел басшылығына таяу жылдары Қазақстан елдің әлеуметтік хал-ахуалы көрсеткіштері бойынша әлемдік рейтингте алдыңғы 50 орынды иеленген елдердің қатарына ену туралы жарияланым жасауға мүмкіндік берді.

Тәуелсіз Қазақстан соңғы кезеңде көптеген ірі халықаралық шаралар арқасында әлемге танымал елдердің арасына қосылды. Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына (ЕҚЫҰ) төрағалығы және 2010 жылдың желтоқсан айында осы ұйымның ХХІ ғасырдағы алғашқы «Астана Саммитін» өткізуі өте ірі шара болып табылады. Бұл кенеске әлемнің 56 ірі елдері мен халықаралық ұжымдарынан өкілдер қатысты. Елбасы Н.Ә. Назарбаев атап көрсеткендей, «*Он бір жыл бойы әлемнің ешқандай елі Ұжымның ең басты форумын жинай алған жоқ.*

Қазақстан бұл шаруаны атқара алды. Осыдан он тоғыз жыл бұрын ешкімнің де Астана «Хельсинки рухын» жалғастыратын мұрагер болады деген ойына кірмес еді. Бүгінгі күні бұл мақсатты біз жүзеге асырдық. Біз өзіміздің ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету шеңберіндегі өз бағдарламамызды орындадық».

Қазақстанның атқарған екінші бір шарасы – посткеңестік елдердің ішінде бірінші болып Қысқы Астана ойындарын өткізу. Бұл шара да аса ұйымдасқан түрде өткізіліп, Қазақстан спортшыларының тамаша табыстарымен елдің есінде қалды.

2011 жылы Қазақстан әлемнің 57 елін біріктіретін Ислам конференциясы ұжымына төрағалыққа кірісті және бүгінгі күні осы бағытта бірнеше ірі шаралар өткізді.

2.2. Қазақстанның аумағы мен халқы

Республика территориясы батысында Еділдің төменгі ағысынан 3000 км, шығысында Алтайға дейін, солтүстігінде Батыс Сібір жазығынан 1700 км-ден, оңтүстігінде Тянь-Шань тауларына дейін. Қазақстан шекарасының жалпы ұзындығы 15 мың км, олардың 12 мыңы – құрғақ жер, 3 мыңнан астамы – сулы (Каспий және Арал теңіздері). Жалпы жер көлемі – 2,724,9 мың км², бұл бүкіл жер шарының екі пайызын құрай-

ды, ал Азия территориясының 6,1% құрайды. Қазақстан территориясы бойынша дүние жүзінде Ресей, Қытай, АҚШ, Аргентина, Бразилия, Канада, Үндістан, Австралиядан кейін тоғызыншы орында.

Қазақстан батысында, солтүстік-батысында және солтүстігінде Ресеймен шектеседі де, Каспий теңізімен шайылады, оңтүстігі мен оңтүстік-батысында Түркіменстан, Қырғызстан, Өзбекстанмен, оңтүстік-шығысында Қытаймен шектеседі. Қазақстанның табиғаты әр алуан. Кең-байтақ Қазақстан аумағында таулар да, орман-тоғайлар мен кең-жазиралар да бар. Қазақстанның жер бедері батыстан солтүстікке қарай, шығыстан оңтүстік-шығысқа қарай биіктей түседі. Қазақстандағы ең биік жері – оңтүстік-шығыс Қазақстанда орналасқан Хан тәңірі шыңы, оның ең биік шыңы – 6995 м. Осы Хан тәңірі шыңы Қазақстан, Қырғызстан, Қытай мемлекеттерінің шекараларының түйіскен жерінде орналасқан.

Қазақстанның оңтүстік-батыс және оңтүстік аудандардары кең-байтақ Тұран жазығымен шектеседі. Ал солтүстік-шығысты үлкен Алтай тауларының жүйесі алып жатыр. Ол Кенді Алтай және Оңтүстік Алтай болып екіге бөлінеді. Осы Алтай тауының ең биік шыңы Ақ сөре (Белуха) деп аталады, ол 4506 метрге дейін жетеді. Алтай тауларының үлкендігі сондай, оны төрт мемлекет өзара

бөлген: Қытай, Ресей, Қазақстан және Моңғолия. Бір қызығы, Алтай тауларын төрт жағынан да қазақтар мекендейді. Жалпы Қазақстан аумағының 10% таулар алып жатыр. Ал Сарыарканың ұсақ шоқылы таулары деп осы өңірдегі Көкшетау, Баянауыл, Қарқаралы, Ұлытау, т.б. атаймыз. Қазақстанның ең бір табиғаты сұлу курортты аймағы саналатын Бурабай Көкшетауда орналасқан. Көкшетаудың ең биік шыңы – Көкше, оның биіктігі – 947 м. Сонымен қатар, Орталық Қазақстанның солтүстік-шығысында орналасқан Баянауыл таулары да өзінің әсемдігімен ерекшеленеді. Оның ең биік жері – 1026 м дейін жететін Ақбет тауы. Ал Қарағанды облысында орналасқан Қарқаралы таулары кең аймақты алып жатыр. Оның ең биік тауы – Қызыларай, оның биіктігі – 1565 м, ал Сарыарканың қиыр оңтүстік-батысында орналасқан Ұлытаудың ең биік жері 1133 м дейін жетеді. Сонымен қатар, Орал тау жүйесінің жалғасы болып табылатын Мұғалжар таулары Батыс және Орталық Қазақстанның жапсарында 25 км дейін созылып жатыр. Оның ең биік жері – Боктыбай тауы (657 м).

Қазақстанда өзен-көлдер өзге елдермен салыстырғанда өте сирек деп айтуға болады. Жалпы Қазақстанда 85 мыңға жуық өзендер бар екен, бірақ олардың 90%-ының ұзындығы 10 км-ден аспайтын кіші өзендер

немесе көктем уақытында қар суымен ғана қоректеніп уақытша ағатын өзендер. Осы айтылған 85 мың өзеннің тек 228-нің ғана ұзындығы 100 км-ден асады екен. Қазақстанның ірі өзендері қатарына Ертіс, Есіл, Тобыл, Жайық, Жем, Сырдария және т.б. жатады. Қазақстанның оңтүстік және шығыс бөлігінде өздерінің бастауын тау сулары мен мұздықтарынан алатын өзендер көп. Осы өзендердің қатты ағысынан еліміз жыл сайын 160 млрд. кВт сағаттан артық электр энергиясын алады. Ал Іле, Ертіс, Жайық сияқты өзендерде кеме жүзеді. Қазақстанда 48 мыңнан астам көл бар. Олардың ішінде 21 көлдің ғана алып жатқан аумағы 100 км асады. Осындай ірі көлдер қатарына Балқаш, Зайсан, Алакөл, Марқакөл, Теңіз, т.б. жатқызамыз.

Енді тәуелсіздік жылдарындағы халықтың өсіміне келейік. XX жылдардың 90-жылдарындағы дағдарыс Қазақстан халқының саны мен демографиялық үрдісінде ауыр көрініс тапқаны, еліміздің демографиялық тұрғыдан кері кеткені белгілі.

Қазақстан Республикасындағы орташа өмір сүру жасы 1990 жылдан 1995 жылға дейінгі аралықта 4,7 жылға қысқарды. Осындай көрсеткішке дейін жету Қазақстан тарихында соңғы 35 жыл ішінде болған емес. 1991-1996 жылдар аралығында барлық білім беру мекемелерінде елдегі білім алатын халық саны азайды. Мы-

салы, 1991 жылы олардың саны 5763 адам болса, 1996 жылы 3531 адам еді, яғни 1991 жылдан 1996 жылға дейін Қазақстандағы білім алатын адамдар саны 39 пайызға қысқарған. Мұндай көрсеткіштер республика халқының сауаттылығы мен білім деңгейінің төмендеуінің көрінісі еді.

1995 жылы 1 қаңтарға алғанда Қазақстан халқының саны 15 млн. 860 мың адамға жетті де, енді одан да төмен түсе бастады. Халықтың табиғи өсімі 1995 жылдың қаңтар-қараша айларында 102,4 мың адамды құрады, бұл көрсеткіш 1994 жылғымен салыстырғанда 24,6 пайызға төмен еді. 1995 жылы 11 ай ішінде республикада 254,8 мың бала дүниеге келсе, бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 1,5 пайызға төмендегенін көрсетеді. Республика бойынша туудың жалпы коэффициенті 1995 жылы 1994 жылмен салыстырғанда 18,1-ден 15,9-ға дейін төмендеді. Сонымен бірге, адамдар өлімінің көрсеткіші өсе бастады 145,9 мыңнан (1994 жылы қаңтар-қараша), 152,4 мыңға дейін (1995 жылы қаңтар-қараша). Өлімнің жалпы коэффициенті 1 мың адамға алғанда 9,4-тен 10,4 дейін өсті. Республика бойынша, сәби өлімі бір жасқа толмаған 1 мың нәрестеге алғанда 25,4-ке дейін жетті.

Халық санының азаюының басты себептері – туу көрсеткіштерінің төмендеуі мен өлімнің өсуі, сонымен

бірге республикадан тысқары бағытталған миграциялық ауысымдардың шиеленісуі. Бірақ 1995 жылдың өзінде мемлекетаралық миграциялық үрдіс төмендей бастады. Осы жылдың тоғыз айы ішінде халықтың миграциялық шығыны 198,6 мың адамға дейін жетіп, 1994 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда 35,5 пайызға дейін төмендеді. Мигранттардың көп саны ТМД елдеріне кеткен: 1995 жылдың бірінші жарты жылдығында Ресейге 106,6 мың адам (91%), Өзбекстанға 3,7 мың (31%), Украинаға 3,5 мың адам (3%). 1996 жылдың соңындағы статистикалық мәліметтер бойынша, 391,7 мың жұмыссыздар тіркелді, олардың ішінде 41%-ын 16-29 жас аралығындағы тұрғындар құраса, олардың ішінде 60%-ын әйел адамдар құраған.

Осы кезеңдегі статистикалық деректерге қарасақ, Қазақстан халқының 44% ауылдық жерлерде өмір сүреді, олардың 43,6% жұмыссыздар. XX ғасырдың 90-шы жылдары Республиканың ұлттық құрамы да бірқатар өзгерістерге ұшырады, кейбір облыстар кілең казактар мекендеген аймақтарға айналды. Осылайша олар Қызылорда облысы тұрғындарының 93%, Атырау – 88%, Маңғыстау – 74%, Ақтөбе – 69%, Оңтүстік Қазақстан мен Батыс Қазақстан облыстарында 66% құрады; басқа облыстарда да казактар саны өсе

түсті. Республика халқының ішінде казактар саны жыл сайын өсе бастады, мысалы 1994 жылы олардың үлес салмағы – 44,3%, 1996 жылы – 50,6%, ал 1999 жылы 53,4%-ға дейін жеткен. Осыған байланысты көптеген сараптамашылар республикада ұлттаралық шиеленістер жиілейді деген болжамдар жасады. Бірақ казак санының өсуі ұлттаралық қатынастарының шиеленісуіне әкелмеді, осыған себеп болған фактордың бірі казак халқының табиғи және тарихи қалыптасқан кеншілігі болса, екінші фактор 1992 жылы желтоқсанда Қазақстан халықтарының келісім мен бірлігі Ассамблеясы құрылды да, 1995 жылы наурыз айында ол Қазақстан халықтарының Ассамблеясы болып аталды. Ассамблея елде тұрып жатқан халықтардың мүдделерін қорғайтын Президент тұсындағы консультативті кеңес органы қызметін атқарды. 2003 жылдан бастап ел экономикасы тұрақтанғаннан кейін Қазақстанға жақын орналасқан шет елдерден ғана емес, сонымен бірге Германия, Греция және т.б. елдерден қайта миграция үрдісі кездесіп қалады. Осындай жағдай нәтижесінде 2004 жылы Қазақстандағы жалпы халық саны қайтадан 15 млн. адамға дейін жетті.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректеріне қарағанда, 2009 жылғы халық санағының қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасы халқының саны 2009 ж.

ақпанның 24-нен 25-не қарағандағы түнгі 12 сағаттағы есептеу сәтіне 16004,8 мың адамды құрады.

Санақаралық кезең ішінде республика халқының саны 1022,9 мың адамға өсті, өткен 1999 жылғы (1999 ж. ақпанның 24-нен 25-не қарағандағы түнгі 12 сағаттағы) санақпен салыстырғанда халық санының өсімі 6,8% құрады.

Қала халқының саны 8639,1 мың адамды, ауыл халқы 7365,7 мың адамды құрады. Сонымен бірге, қала халқының саны 195,1 мың адамға немесе 2,3%-ға, ал ауыл халқы 827,8 мың адамға немесе 12,7%-ға өсті. Елдегі қала халқының үлесі 54%, ауыл халқы 46% құрады, 1999 жылы олардың арақатынасы тиісінше 56,4% және 43,6% құраған еді. Ең шаһарланған өңірлер Қарағанды (мұнда 77%-дан астамы қала халқын құрайды), Павлодар (67,9%) және Ақтөбе (61,1%) облыстары болып табылады. Ауыл халқы негізінен Алматы (барлық халықтың 76%-ы), Солтүстік Қазақстан (61,5%), Қызылорда (60,8%) және Жамбыл (60,5%) облыстарында шоғырланған.

Ерлер саны 7722,8 мың адамды, әйелдер 8282,0 мың адамды құрады. Өткен санақпен салыстырғанда ерлер саны 507,1 мың адамға немесе 7%-ға, ал әйелдер саны – 515,8 мың адамға немесе 6,6%-ға өсті. Ерлер мен әйелдер санының арақатынасы әйел халқы үлесінің ерлерден артуымен қалыптасты (тиісінше 51,7%

және 48,3%). Егер 1999 жылғы халық санағы бойынша әрбір 1000 әйелге 929 ер адамнан келсе, 2009 жылғы санақ бойынша – 932.

Қазақтар саны өткен санақпен салыстырғанда 26,1%-ға өсті және 10098,6 мың адамды құрады. Өзбектер саны 23,3%-ға өсіп, 457,2 мың адамды, ұйғырлар 6%-ға өсіп, 223,1 мың адамды құрады. Орыстар саны 15,3%-ға азайып, 3797,0 мың адамды құрады, немістер 49,6%-ға азайып, 178,2 мың адамды, украиндар 39,1%-ға азайып, 333,2 мың адамды, татарлар 18,4%-ға азайып, 203,3 мың адамды, басқа этностар 5,8%-ға азайып, 714,2 мың адамды құрады.

Ел халқының жалпы санындағы казактардың үлесі – 63,1% орыстар – 23,7% өзбектер – 2,8% украиндар – 2,1% ұйғырлар – 1,4% татарлар – 1,3% немістер 1,1% және басқа этностар 4,5%-ды құрады.

2009 жылғы халық санағын есепке алғанда 2010 жылдың 1 қаңтарына жедел ақпараттар бойынша республика халқының саны 16196,8 мың адамды құрады. 2010 жылдың басына казактардың үлесі 63,6%-ды, орыстар – 23,3% өзбектер – 2,9% украиндар – 2,0% ұйғырлар – 1,4% татарлар – 1,2% немістер – 1,1%, басқа этностар 4,5%-ды құрады.

Шет елдерде өмір сүріп жүріп жатқан казак диаспораларының саны туралы нақты мәлімет жоқ. Тек біздің қолымызда әр қилы болжамдар ғана бар, біреулер олардың санын 2,5 мил-

лион шамасында десе, екіншілері 4,5, тіпті 5 миллион деген сандарды көрсетеді. Шамалап алғанда таяу шет елдерде екі миллионнан астам адам өмір сүруде, оның ішінде Өзбекстанда – 960200 адам, Ресейде – 687800, Түркіменстанда – 87600, Қырғызстанда – 42600, Украинада – 10500, Тәжікстанда – 10000, Әзербайжанда – 4000, Грузияда – 3000, Молдовада – 2000, Арменияда – 500, Белорусияда – 300, Қиыр шетелде: Қытайда – 1258500, Монғолияда – 83000, Ауғанстанда – 28 000, Түркияда – 20000, Иранда – 3450 адам, Балтық елдерінде – 2500, Германияда – 700, Жапонияда – 40, Австралияда – 40, Бельгияда – 28, Сауд Аравиясында – 28, Норвегияда – 20, Кубада – 2. Сонымен қатар, Францияда 172 отбасы, Швецияда – 51 отбасы, Пәкістанда – 36 отбасы, АҚШ – 23, Австрия – 18, Швейцария – 4 отбасы, Данияда 4 казак отбасы өмір сүреді деген жанама деректер бар.

Қазақстан – көп этносты мемлекет

Қазақ халқы өзінің көпғасырлық тарихында небір қиын-қыстау кезеңдерді басынан кешті. Кезінде жоңғар шапқыншылығы, Ресейдің казак жерін бағындыру және отарлауы барысында казак халқы қаншама мың боздақтарынан айырылды. Кенес заманында большевиктердің ұжымдас-

тыру, индустрияландыру шаралары «Кіші Қазан» саясаты аясында өткізіліп, казак халқының екіден бірін қырып жіберді. Ел аштықтан, репрессиялардан әбден қорлық көріп, орны толмас шығынға ұшырады, саны азайып кетті. Сонымен бірге, XIX ғасырдың басынан бастап Ресейдің ішкі өлкелерінен казак жеріне казак-орыстар мен орыстарды қоныс аудару қатар жүрді. Шекаралық алқаптарға немесе сауда мақсатында өзге этнос өкілдері де (татар, сарт, т.б.) келіп қоныстана бастады. Кенестік билік әбден орныққан XX ғасырдың 30 жылдарынан бастап (1929 жылы «Переселенческое управление» қайта ашылды), екінші дүниежүзілік соғыс кезінде және де тың игеру жылдары Қазақстанға көптеген ұлт өкілдері қоныс аударылып, Қазақстандағы халықтың құрамы күрт өзгеріп, еліміз көп этносты мемлекетке айналды. Ұжымдастыру жылдары қуғынға ұшыраған казактар шет елдерге қашып, қоныс аударып, сонда мекен етіп қалса, керісінше индустрияландыру, тың игеру жылдары келген басқа ұлт өкілдері үшін Қазақстан екінші Отанына айналып, осында тұрақтап қалды.

Мысалы, 1937 жылы екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Қиыр Шығыстан 96 мың кәрістер отбасымен көшіріліп әкелінді. Сонымен қатар, Ұлы Отан соғысы қарсаңында 1940-1941 жылдары батыс шекара-

дан 105 мың поляктар Қазақстанға күшпен жер аударылды. Ұлы Отан соғысы басталысымен Еділ өзені бойында қаншама жылдар мекен етіп, атақонысына айналдырған 1 млн-нан аса немістер Шығысқа көшірілді. Олардың ішінде 400 мыңы Қазақстанға келді. Сонымен қатар, 1943-1944 жылдары мындаған калмақтар, карашайлар, қырым татарлары, балкарлар, шешендер, ингуштар Қазақстанға жер аударылды. Соғыс кезінде жалпы саны 2,5 млн-дай басқа ұлт өкілдері Қазақстанға қоныстанды. Ал, енді неліктен деген орынды сұрақ туады. Бұл айтылған халықтардың тілі және діні орыстан басқа болғандықтан, Кеңес үкіметі оларды сенімсіз халықтар қатарына жатқызды. Сондықтан соғыс қаупі туған шақта оларды Кеңес елінің шекараларынан ішкі аймақтарға (Орта Азия, Қазақстан сияқты) күшпен көшірді. Екіншіден, большевиктер өздерінің соғыс кезіндегі қателіктерін жасыру үшін кінәні саны аз, кіші халықтарға аударды.

Қазіргі күні жер бетінде 3000-дай этнос өкілдері өмір сүрсе, солардың 130-ға жуығының өкілдері Қазақстанда мекен етеді. Осы этностардың ішінде 7-і ғана 100 мыңнан астам ірі диаспоралар. Олар да казак ұлты сияқты Отанымыздың гүлденіп, көркеюіне күш салуда. Қазақстан Республикасының Ата Заңында дініне, тіліне, шыққан тегіне қарамас-

тан Қазақстанда мекен ететін барлық ұлттардың тең екендігі жазылған. Қазақ жерінде мекен ететін аз этнос өкілдеріне Қазақстан мемлекет тарапынан зор қолдау көрсетіп отырады, жастарына жоғары оқу орнындарына түсуге, ересектеріне жұмыс істеуге, сауда-нарықтық ортаға кірігуіне ілкі мүмкіндіктер берілген. Қазіргі күні Қазақстанда 11 тілде газет шықса, теледидар 12 тілде, радиостанциялар 6 тілде хабар таратады.

Айта кететін мәселе – Қазақстанда ұлт және мемлекет құрушы этнос біреу. Ол – казак этносы, себебі бұл елдің мекендеген жері, ішіп жүрген суы олардың ата-бабасынан қалған асыл мұра. Жер бетінде этнос көп, ал олардың ішінде мемлекет құрғаны тек 200-дей ғана. Әлем халықтарының арасында саны жағынан казактар 70-орынды иеленеді, ал өсу қарқыны жағынан орташа деңгейде. Мысалы, казак халқының орташа медиандық жасы 22 болса, орташа арифметикалық жасы – 25. Егер салыстыра қарасак, орыстардың орташа медиандық жасы – 45, арифметикалық орташа көрсеткіші – 50. Қазіргі кезеңде Қазақстанның көпшілік облыстарында казактың жалпы көрсеткіші 65 пайыздан жоғары.

2007 жылғы Парламент сайлау кезінде Ассамблея депутаттарына арнайы орындар берілді. Қазақстан Ассамблеясының делегаттарына 33 диаспораның атынан мүдделерін

білдіру, әрбір этностың және бүкіл Қазақстан халқының болашағын ойластыру сияқты орасан зор тарихи жауапкершілік жүктеліп отыр. Қазақстан халықтары Ассамблеясының сессиялары өткен жолға және болып жатқан қоғамдық саяси үрдістерге талдау жасап, ұлттық саясатты жүзеге асырудың оңтайлы жолдарын белгілеу үшін шақырылады. Бұл үшін республиканың барлық азаматтарының мүдделерін білдіретін қоғамдық ортамен сұхбат жасап, кеңесу қажет деп есептейді. Қоғамдық тұрақтылықты сақтап, реформаларды тездетуге этнос өкілдерін жұмылдыру – Қазақстан халықтары Ассамблеясының алдындағы басты міндет.

1995 жылы Республика Президенті жанында құрылған Қазақстан халықтарының Ассамблеясы өзі өмір сүрген жылдар ел тыныштығын сақтауға үлкен еңбек сіңірді. 33 ұлттық диаспораның 320 өкілінің басын қосқан Ассамблея бүгінгі күні елдің саяси өміріне де араласа алатын жағдайда. Бұл мәселе Қазақстанды мекендеген этностық топтардың тұрмыс-тіршілігін, мақсат-мүддесін, дәстүр-салтын, олардың ұлттық интеграцияға түсу мүмкіндіктерін ғылыми түрде зерттейтін этнографиялық орталықтың ашылуын қажет етеді.

2.3. Қазақстанның саяси жүйесі және оның құрылу тарихы

Кеңестік саяси одақтың құрамында болған қазақ елі тоталитарлық жүйе ұсынған қиындықтардың бәрінен де өтті. Бұл қазақ елінің тағдыры ойыншыққа айналған керемет ауыр кезең еді. Қазан төңкерісінен кейін бейбіт жатқан Ұлы даланың үстінен күйіндай соғып өткен азамат соғысы мен аштық, «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген ұранмен өткен ұжымдастыру саясаты және 1932 жылғы демографиялық апат, қазақтың төрт жүз мың жас азаматының өмірін жалмаған Ұлы Отан соғысы, мыңдаған жылдар бойы мал шаруашылығының кіндік ортасы болып келген далалық алқапты аямай жырту және өзге жұрт өкілдерін қаптата енгізу, т.б. қазақ тағдырын қыл үстіне қойғаны мәлім. Кеңестік империя құрамында болған елдердің бәрі осы тәжірибеден өтті, бірақ қазақ халқы шығарған шығын бәрінен де ересен болды. XX ғасырға дейін әлем әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі бойынша әркелкі елдерден құралған еді. Қазан төңкерісінен кейінгі тарихи оқиғалар әлемді адам құқығына, қоғамдық даму ерекшеліктеріне, алға қойған мақсаттарына қарай екіге жарды. Екі жүйенің арасындағы бәсекеде адам ресурстарын мейлінше қанауға негізделген, адам мен этностарды қазармаға тығып, құқығын аяққа таптаған Кеңестік империя мен одақтастары жеңілді. Әрине, капита-

листік жүйе де онып тұрған жоқ, оның да аз, әлсіз елдерді қылғытып жоқ қылатын, бар ниетін ақша мен пайда билеген, алып трансұлттық шеңбердегі алпауыт корпорациялары мен қаржылық құралдары бар. Егер адамзат қазіргі шырғалаң жолдан шығамын десе болашақта осы екі жүйенің жақсы-жаманын талдап, адамға жағымды жақтарын пайдаланбаса болмайды.

Желтоқсан көтерілісі

Қалай болғанда да XX ғасырдың 80-жылдарының ортасында Кеңестік жүйе дағдарыс кұшағына енді. 1986 ж. желтоқсанында Қазақстан компартиясының ОК Пленумында Д. Қонаев қызметінен босатылады. Қазақстанға жаңа басшылыққа сол кезде Грузия Компартиясының ОК екінші хатшысы болып және Ульянов облысында жұмыс істеп үлгерген Г. Колбин жіберіледі.

Пленум ешқандай ақпаратсыз және жариялылықсыз 20 минуттай ғана уақытқа созылды. Ел тағдырына осыншама астамшылықпен, қорсына қарау «қайта құру» үрдісіне шын сеніп, жаңғыру жолына түскен қазақ жастарының абыройына, оның ұлттық сана-сезіміне нұқсан келтіріп, халықтың партия өкілдеріне сенімін азайтып, ақыр соңында ашықтан-ашық наразылық тудырғандығы түсінікті. Осыншама себептерге бұдан

да терең мағынадағы факторлар: Ресейдің империялық саясатына тарихи қалыптасқан қарсылық, қалалық жерлердегі қазақ жастарының әлеуметтік мәселелерінің шешілмеуі және ұлттық саясаттағы теңсіздік, өзге елдермен салыстыра қарағандағы әлсіз демографиялық жағдай, экономикадағы дағдарыс және шарасыздық және т.б. қосылды. Осының бәрі бірігіп келіп наразылықтың үлкен деңгейде көрінуіне ықпал етті.

17 желтоқсанда студент және жұмысшы қазақ жастарының шағын тобы Алматының орталық алаңына шықты. Ол жерде мемлекетті құлатуға немесе орысқа қарсы ұрандар айтылған жоқ, қоғамдық тәртіп бұзылған жоқ. Жастар пленумының шешіміне түсінік беруді талап етті және ол шешіммен өздерінің келіспейтінін білдірді. Расында да Орталықтың Қазақстанда жүргізіп отырған әміршіл іс-әрекеті мен қайта құрудың жарияланып жатқан демократиялық қағидалары бір-біріне қайшы еді. Орталық Комитеттің шешіміне қарсы бейбіт толқу Қазақстандағы орыстардың басым көпшілігі арасында және Мәскеудегі орталықта бірден ұлтшылдық қозғалыс ретінде бағаланды. Екі жүз жыл бойы қазақ тәуелсіздігімен күресіп келген Ресейдің отарлық жүйесі осындай жағдайда қолданылатын бейбіт бас көтеруді қантөгіспен басу шешіміне тез келді. Республиканың дүбәра бас-

шылығының да өз беттерімен алаңға үсті-үстіне жиналып жатқан жастармен тіл табысуға қазақ ұлтына тән ақыл-парасаты мен игілік қасиеті жетпеді.

Бейбіт шеруді басуға тікелей Мәскеу басшылық жасады, ол шұғыл арада Алматыға тек өзінің функционерлерін ғана емес, сондай-ақ әскери бөлімшелерін, милицияны, өрт сөндіру бөлімшелерін жіберді. Олар митингіге шыққандарды ұрып-соғып, мұздай сумен тұншықтырып қуып таратты. 17-18 желтоқсандағы қайғылы оқиғалардың барысында бірнеше адам қаза болып, көптеген адамдар жараланып, жарақаттанды. Демонстрацияны қуып тарату жөніндегі хабар бүкіл Қазақстанды дүр сілкіндірді, республиканың көптеген қалаларында Алматы жастарының среуілін қолдаған бас көтерулер болды, олар да қатал басып-жаншылды.

Халықтың бас көтеруді қан-жоса етіп, басып-жаншудың артынан қатан репрессиялар жүргізілді. Қылмыстық тәртіп бойынша 99 адам сотталды, солардың ішінде 21 жасар студент Қ. Рысқұлбеков пен 35 жасар жұмысшы М. Әбдіғұлов ату жазасына кесілді. Тек Алматының өзінде 264 адам жоғарғы оқу орындарынан, 758 адам комсомол қатарынан және 52 адам партиядан шығарылды. 1400-ге жуық адам комсомолдық және партиялық сөгіс алды. Ішкі істер орган-

дарынан 1200 адам, транспорттық және медициналық мекемелерден 300-ден астам адам шығарылды. 12 жоғарғы оқу орындарының ректорлары қызметінен айырылды.

Елде жүргізілген Желтоқсан көтерілісін әшкерлеу науқанының насихаттық мазмұнының сорақылығы сонша, бұл этностар арасындағы жікті ғана ашып қоймай, сондай-ақ жасанды түрде солтүстік аймақ пен оңтүстіктің қазақтарын бір-біріне қарсы қойғанын айта кеткен жөн. 1986 жылы «Желтоқсан көтерілісі» Қазақстан мемлекетінің ішінде үлкен ішкі ұлттық және әлеуметтік қарама-қайшылықтары бар екенін көрсетті. Желтоқсан құрбаны Қ. Рысқұлбековтің *«мен мына қоғамға, социализмге көзсіз сеніпмін. Біздің қоғам адамдардың бәрін бірдей көретін, нағыз әділетті қоғам деуші едім. Қатты қателесіпмін»* деген сөзі осы тұжырымға дәлел бола алады. Желтоқсан көтерілісі большевиктік социализм идеясының күл-талқанын шығарып қоймай, жалпы орыстық шовинизмнің де бет пердесін ашып берді. Кеңестік жазалау жүйесінің соққысын көрген, тар қапаста азап шеккен жастардың *«өзін-өзі билей алмаған ұлт, ең сорлы ұлт екен. Тәуелсіздік алып, жеке болмай, бір-бірімізбен ана тілімізде сөйлеспей, еңсемізді көтере алмаспыз. Біреуге тәуелді болған мына ит қорлықтан құтылар едік-ау»* деп армандауы заң-

ды. Желтоқсан қазақ жастарының бойында әлі де ұлттық намыстың сақталғанын көрсетті. Бұл намыс көбінесе ұлттық тәрбие көрген жастарда көп екені белгілі болды. Бірақ желтоқсан көтерілісі қазақ атанған елдің ішінде бас амандығын ғана ойлаған лауазым иелері мен елін сатқан мәнгүрттердің үлкен тобы бар екенін де анықтады.

1986 ж. желтоқсан оқиғаларын Қазақстан республикасының алғашқы президенті Н.А. Назарбаев Қазақстанның тәуелсіздігі мен егемендігінің бастамасы болды деп бағалады. Мәскеудің шектен шыққан орталық билігіне, адамдардың бәрін құл қылған тоталитарлық жүйеге қарсы қозғалыстар бірте-бірте бүкіл одақты қамтыды. Осылайша ұлттық мәселелерді оңтайлы шешудің орнына репрессиялық жолды таңдаған Кеңестік империя құлады.

Н.Ә. Назарбаев – тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш президенті

Республика өз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін мемлекет басшысын сайлау заңдылық. Осы мақсатпен 1991 жылғы 1 желтоқсанда бүкілхалықтық Президент сайлауы өткізіліп, халықтың бірауыздан қолдауымен Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның тұңғыш Президенті болып сайланды.

Н.Ә. Назарбаев қазіргі Алматы облысының Қаскелең ауданына қарасты Шамалған ауылында 1940 жылы дүниеге келген. Ол өзінің еңбек жолын Қарағанды облысының Теміртау қаласындағы «Казметаллургстрой» тресінде қарапайым жұмысшыдан бастады.

Жас кезінен бастап Н.Ә. Назарбаев қайсар-қайтпас мінезімен, оқу мен еңбекке табандылығымен ерекшеленді. Ыстығы бет қаратпайтын, темір қорытатын домна пешінің жанында да, Теміртау магниткесіне КСРО-ның әр түпкірінен келген жастардың арасында да болашақ Президент қазақ халқына тән өршіл рух пен намыс туын жоғары ұстады.

Осы қасиеттерінің арқасында Н.Ә. Назарбаев қоғамдық-саяси билікке келді. Алдымен Қазақстан магниткесінде жастар бірлестігінің жетекшісі және саяси қызметте болғаннан кейін Қарағанды облысының басшылығына көтерілді.

1984 жылы Н.Ә. Назарбаев Республика үкіметін басқаруға кірісті. Бұл Қазақстан тарихының өте күрделі, өтпелі кезеңінің алғашқы жылдары еді. 1989 жылы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан КПОК-нің бірінші хатшылығына сайланды. 1990 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің сессиясында Президент болып сайланғаннан кейін 1991 жылы бүкілхалықтық сайлау барысында толық қолдауға ие болды.

1995 жылғы 24 сәуірде бірінші бүкілхалықтық референдумда Президенттің өкілетті билігі 2000 жылдың 1 желтоқсанына дейін ұзартылды.

1999 жылғы 10 қаңтарда бүкілхалықтық сайлау қорытындысы бойынша Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 5 жыл мерзімге Қазақстан Республикасының Президенті болып сайланды.

2005 жылғы 4 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауында Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 7 жылға Қазақстан Республикасының Президенті болып қайта сайланды.

Саясаткер Н.Ә. Назарбаевтың жеке басының қабілеті мен беделі Қазақстанның халықаралық аренадағы абыройының арта түсуіне игі ықпал етті. Н.Ә. Назарбаев халықаралық ынтымақтастықтың салихалы тұжырымдамасын қалыптастырды. Соның алғашқы көріністері мен нәтижелері 1991 жылдың өзінде бұрынғы Кеңес республикаларының басын қосып Тәуелсіз мемлекеттер достастығын құруға елді азамат соғысы қаупінен құтқару, т.б. белгілі іс-әрекеттер Президенттің көптеген зерделі ойластырылған бастамалары, мәселен ядролық держава мәртебесінен бас тарту, ғаламдық және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жігерлі еңбегі жоғары бағаланды. Еуразия құрлығының кіндік өлкесінде орналасқан Қазақстан жерінде

Н.Ә. Назарбаев мәдениеттер, діндер мен өркениеттердің өзара түсіністігін орнықтыруға зор көңіл бөледі. Президенттің «Болашақ» бағдарламасы жүзеге асырылуда, ол бойынша білікті жастар әлемнің алдыңғы қатарлы оқу орындарында білім алуда. Бүгінгі таңда Қазақстанда әлемдік деңгейдегі «Назарбаев университеті», «Назарбаев атындағы зияткерлік мектептер» жүйесі ашылып абыройлы жұмысын бастады. Н.Ә. Назарбаев – бірқатар ғылыми кітаптардың, әлеуметтік-экономикалық дамудың қарама-қайшылықтарын терең зерделеген қоғамдық-саяси тақырыптардағы еңбектердің авторы.

1993 жылғы Конституция

Ұлттық саяси жүйені құру үрдісі 1990 жылы Қазақ республикасының егемендік туралы декларациясынан басталады. **Тәуелсіз Қазақстанның бірінші Конституциясы 1993 жылы қабылданды. Бұл Қазақстанның жаңы тарихында болған ең жарқын оқиғалардың бірі еді.** 1993 жылғы Конституцияның жағымды жақтарын келесіден байқауға болады.

Біріншіден, ол алғашқы рет Қазақстан егемендігінің құқықтық субъектілігін көрсетті, осыған байланысты Қазақстанды әлемдік қауымдастық саяси және заңды түрде мойындады және еліміз халықаралық

қатынастарға жеке тәуелсіз мемлекет ретінде қатысуға мүмкіндік алды.

Екіншіден, Конституция бүкіл дүние жүзінде бірінші рет «Қазақстан халқы» деген әлеуметтік-этникалық түсінікті заңдастырды. Бұл фактінің стратегиялық болашағы зор, ол елде мемлекеттілік негіздері әбден бекіген кезде, мемлекет құрудан жағымды нәтиже шыққан жағдайда, жүз жылдықтар өткеннен кейін болады. Легитимділік деп бұл жерде біз Қазақстан халқының заңды түрде республикадағы әлеуметтік-этникалық жағдайды қабылдағанына көз жеткіземіз.

Үшіншіден, Отанымыздың тарихында бірінші рет билік бөлінісі мен адам құқықтары концепциясы қабылданды. Бұл тұжырым жеткілікті түрде қисындық жағынан дәлелдендірілмесе де және құрылымдық жағынан әлі де әлсіз болғанымен, қазақстандықтардың саяси санасы үшін керемет ілгерілеу болып табылады.

Сонымен бірге, тағы да басқа жағымды жақтарын атауға болады. Жоғары Кеңестің жалпыға бірдей Конституцияны бірауыздан қабылдауының өзі бұрын жүргізілген пікірталастардан бас тартып, халқымыздың көптеген қоғамдық мәселелер бойынша консенсусқа келуіне мүмкіндік берді.

Бірақ 1993 жылғы Конституцияда саяси-құқықтық мәселелерде әлі де кемшін соғып жатқан тұстары бар еді,

сол себепті оның өмір сүруінің қысқа болатынына ешбір күмән болған жоқ. 1993 жылғы Конституцияның басты кемшілігі, ол сол кезде Қазақстанда қалыптасып, әбден пісіп-жетілмеген конституциялық реформалар мәселелерін толық шеше алмады.

Тәуелсіздіктің алғашқы конституциясының бірнеше тұстары тыңғылықты жаңартуды қажет етеді дейді зерттеушілер. Біріншіден, жекеменшік объектісінің ең маңыздысы – жер ол азаматтық айналысқа енгізілмегені айтылады. Ал жер болса тауар-ақша қатынастары жағдайында әлі де кедей елдің нарыққа қатысушылар арасында жалғыз кепілдік үміті еді.

Екіншіден, Кеңестік Конституцияларда бүкіл өндіріс, шаруашылық объектілері, т.б. мемлекеттің «қасиетті» меншігі деп жарияланғаны белгілі, ал жекеменшік мойындалмады. Ал 1993 жылғы Конституция керісінше жекеменшікке қолсұқпаушылықты басты қағида деп мемлекеттік меншікті бұл статусынан айырды. Бұл ереженің адамгершілік құндылықтардың әбден жүдеушілікке ұшыраған, құқық қорғау орындарының дағдарысы күшейген, мемлекет мүлкі жаппай талан таражға ұшыраған кезеңде жағымсыз салдары өте көп болды. Жалпы Конституцияда меншікті классификациялау дұрыс жүргізілмеді, кеңестік заң және экономикалық көзқарастардың әлі шыға алмай жатты.

Үшіншіден, жалпы алғанда, Қазақстандағы азамат пен адам құқықтарының жүйесі техникалық және заңдылық жағынан дұрыс құрастырылмады. Азаматтардың құқықтары просоциалистік тұрғыдан құрастырылды да, әрі қарай дамуға мүмкіндік беретін нарықтық өзгерістерге кедергі болды. Мысалы, Конституцияда Қазақстан азаматтарының еңбек құқығына кепілдік берілді, ал алда тажалдай жылжып капитализммен бірге қатар жүретін жұмыссыздық келе жатты, Конституция азаматтардың үй-жайды мемлекет тарапынан алуына кепілдік жасады, ал шын мәнінде үй-жай алудың нарықтық тетіктерін дайындау керек еді.

Кеңестік құқықтар мен міндеттер концепциясы 1993 жылғы Конституцияда қайталанды да, нарықтық реформаларға апарар жолда кедергілер кездесті. Парламенттің өзі бір палаталы болып, оның аты кеңестік терминмен Жоғарғы Кеңес деп аталды. Үкімет Президенттен бөлек қызмет ете алмады.

Жалпы алғанда 1993 жылғы Конституция кеңестік Конституциядан құтылу мүмкіндігі еді, бірақ оны жасаған уақытта кеңестік Конституцияның методологиялық, заңи, идеологиялық қағидалары негізге алынды. Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш заңгерлерінің бірі Н. Шайкенов жазғандай: «Конституция заң шы-

ғарушыны қанағаттандыра алмайтын тарихи тенденцияларды қанағаттандыра алмады».

1993 ж. ҚР Конституциясының қабылдануы Қазақстанның демократиялық мемлекеттігінің қалыптасуының бастамасы болды. Алайда, бұл құжат өкімет тармақтары арасындағы қақтығыстық жағдайларды шешудің нақты механизмдерін қарастырмады, бұл тікелей кейінгі Қазақстан Республикасының саяси-конституциялық дамуына белгілі бір мөлшерде ықпал етті. XII шақырылымында Қазақ КСР-нің Жоғарғы Кеңесі 1993 ж. желтоқсанда, өзінің өкілеттілігінің аяқталу мерзіміне жетпей таратылды. Өзін-өзі тарату үрдісі жергілікті жерлердегі биліктің бөліну принциптерін жүзеге асырудағы қайшылықтармен тездетілді.

1994 ж. 7 наурызда Қазақстан Республикасындағы сайлау жөніндегі жаңа кодекске сәйкес Жоғарғы Кеңеске сайлау өтті. Бұл сайлаудың ерекшелігі сол, салыстырмалы көпшіліктің мажоритарлық жүйесі депутаттыққа кандидаттарды Президенттің ұсыну тәжірибесімен (мемлекеттік тізім бойынша сайланатын) бірге қолданылды. Сайлаудың құқықтық негізі, сайлау үрдісінің өзі әркелкі бағаланды. 1995 ж. 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Конституциялық соты «1994 ж. 7 наурызда сайланған Қазақстан Республикасының Жо-

ғарғы Кеңесінің легитимді еместігі (яғни, заңсыздығы) жөніндегі» қаулы қабылдады. Осы қаулы бойынша қызметі 1993 ж. Конституцияға негіздеген XIII шақырылымның Жоғарғы Кеңесі өзінің өкілеттігін тоқтатты.

1995 жылғы Конституция

Жоғарыда атап көрсетілген себептерге байланысты Қазақстан заңгерлері тез арада жаңа конституция жобасын дайындауға мәжбүр болды. Жаңа Конституция 1993 жылғы Конституциядан саяси, экономикалық және заңи қағидалар жүйесімен негізге алынған жаңа саяси-экономикалық және мемлекеттік құрылым қағидаларымен ерекшеленді, мәтінінің құрамы мен стилімен де ерекше болды. Қалай болғанда да жаңа Конституция Қазақстан мемлекетіне жаңа бағыт-бағдар, әлемдік өркениет талаптарына сай жаңа құрылым, азаматтарға жаңаша талаптар мен міндеттер қоя алатындай тарихи құжат болып шықты.

Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 ж. 30 тамызда Бүкілхалықтық референдумда қабылданды. Оның негізіне адам мен азаматтың құқықтары мен еркіндігінің үстемдігі, Қазақстанда күшті мемлекет құру идеясы алынды. Конституция тарихи жағдайларды, Қазақстан қоғамының қазіргі бағыттары, дүние жүзінің алдыңғы

қатарлы елдерінің конституциялық құрылысының тәжірибесін есепке алады. Жаңа Негізгі Заңда атқарушы, заң шығарушы және сот биліктерінің функциялары нақты бөлініп көрсетілген, олардың арасындағы өзара қатынастары бүге-шігесіне дейін реттелген.

Жаңа Конституция президенттік басқару жүйесін енгізді. Егер біз алдыңғы конституциядан биліктің әр саласы арасындағы консенсус пен теке-тіреске негіз болатын ережелерді көрсек, жаңа конституцияда өте күшті президенттік биліктің тетіктері қарастырылғанын көреміз. Бірнеше жүз жыл отарлық езгіде, жетпіс жыл тоталитаризм қыспағында, шын мәнінде казармалық социализмде өмір сүрген ел үшін өтпелі шақтың қиындықтарынан шығуға мықты президенттік билік керек екенін заңгер ғалымдар да, референдумға қатысқан халық та қолдады.

Осы Конституциядан бастап Жоғарғы Кеңес Парламент (французша «сойлеу» дегенді білдіреді) деп аталып, ол екі палаталы болып бекітілді: Мәжіліс және Сенат. Бұл жүйе белгілі дәрежеде заңдардың әділ және салмақты болуына, ішкі ара салмақтың дұрыс бөлінуіне ықпал жасайтындай құрал деп есептеледі.

Сонымен бірге, Конституция Үкіметке Президенттен де, Парламенттен қажетті арақашықтық ұстауға мүмкіндік беретін заңды негіз жаса-

ды. Мемлекет билігінің мүмкіндігін күшейту мақсатында құқықтық мемлекетке, нарықтық экономикаға және демократиялық идеологияға өтуге қажетті жаңа құқықтық ережелер жинағының жариялануы тездетіліп, талқыға ұсынылды.

Құқықтық жүйені реформалаудың негізгі құжаты 1994 ж. қабылданған «Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасы» болып табылады.

Аталған құжатқа сәйкес, заң шығарушылықтың негізгі салаларын реформалаудың негізгі бағыттары белгіленді:

- конституциялық заң шығару саласында;
- азаматтық құқық саласында;
- еңбек құқығы саласында;
- қаржы, банк, салық және т.б. өркениеттік бағыттағы заң шығарушылықтар салаларында;
- қылмыстық істер саласында;
- әкімшілік заң саласында;
- қымыстық істер – атқарушылық заң салаларында;

Жаңа процессуалдық заң адам құқығы мен еркіндігін қорғау туралы халықаралық актілерге сәйкес принциптік мәселелерде қайта қаралуы тиіс.

1995 ж. Конституция жаңаша уақыт талабын ескере отырып, мемлекетті басқаруды ұйымдастыру, меншік, азаматтардың құқықтары мен еркіндіктері мәселелерін белгілеп берді. Конституция Президенттің

статусын елеулі түрде көтерді және Қазақстан Республикасындағы басқарудың президенттік жүйесін бекіту туралы конституциялық ережені бекітті. Президентке мемлекеттік биліктің барлық салаларының келісіп жұмыс істеуін және халық алдында жауап беруін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін конституциялық арбитраж өкілеттілігі беріледі.

Екі палаталық Парламент туралы идея талқыға түсіп, 1995 ж. Конституциядан көрініс тапты. Осы конституция біздің қоғамымыздың негізгі жетістіктерінің бірі, реформалар кезеңіндегі басты тұрақтандырушы факторлардың бірі болып табылады. **Жаңа Конституцияның негізінде 1995 ж. 9 желтоқсанда ҚР тарихындағы бірінші екі палаталық Парламентке сайлау өткізілді. Жоғарғы палата – Сенат, төменгісі – Мәжіліс.**

Қазақстандағы саяси реформалар үрдісін жеделдету 1998 ж. күзде өткізілген сайлау жөніндегі заңды қайта құруды жүргізудің қажеттігін тудырды. 1998 ж. 7 қазандағы «ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңына сәйкес Парламент Мәжілісінің 77 депутатынан 10-ы тепе-тең өкілділік жүйесі бойынша партиялық тізімдердің негізінде сайланды. Мәжіліске депутаттарды сайлау кезінде бүкіл Қазақстан Республикасының территориясы біртұтас жалпыұлттық сайлау округі болып

табылды, ал саяси партияларды сайлауға қатысуға жіберу мәселесі республиканың Орталық сайлау комиссиясының құзырына берілді. Партиялық тізімдер негізіндегі Мәжіліске сайлаудың нәтижелері бойынша депутаттық мандаттарды таратуға дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың 7%-дан кем емес дауысына ие болған партиялар ғана жіберілді. Бұл кедергіден «Отан» (30,89% дауыс), Аграрлық партия (12,63%), ҚКП (17,75%), Азаматтық партия (11,23%) өтті. Сайлау нәтижелері Қазақстанның партиялық құрылысындағы жаңа тенденциялардың пайда болғандығын көрсетеді. Саяси үрдістердің даму қисыны, бәрінен бұрын, өзінің әлеуметтік-экономикалық тараптарын жүзеге асыруға бет бұрған саяси күштердің күшейгендігін көрсетті.

1999 ж. қаңтардағы Қазақстан Республикасының Президент сайлауы бойынша сайлау науқаны бірінші рет баламалы негізде өткізілді. 1999 ж. 10 қаңтарда өткізілген сайлаудың нәтижелері бойынша Н. Назарбаевқа сайлаушылардың 81,75%-ы өз дауыстарын берген. Президент сайлауының нәтижелерінің бірі, электоралдық қолдау саяси билікті легитимдендірудің негізгі факторы болғандығында. Жүргізілген саяси қайта құрулар жас егеменді мемлекеттің дамуына, демократиялық үрдістердің тереңдеуіне және көп этносты

мемлекеттің ортақ істерге жұмыла түсуіне негіз болды.

Қазақстанның 1995 жылы қабылданған Конституциясына елеулі қосымшалар 2007 жылы жасалды. Бұл белгілі дәрежеде мемлекеттің экономикалық және саяси даму қажеттілігінен туындаған шара деп есептеуге болады. 2007 жылы Президенттің өңдеу ұсынысы бойынша, «Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданды. Оның саяси жүйеге енгізген басты жаңалықтары қатарына:

Болашақта президенттік-парламенттік республикаға өту;

Парламентке Конституциялық Кеңес, Орталық сайлау комитеті және Есеп комитетінің құрамын анықтауға мүмкіндік беру;

Саяси партиялардың, қоғамдық ұйымдардың және Қазақстан халықтары Ассамблеясының маңызын арттыру, мәжіліске партиялық тізім бойынша сайлау, т.б.

Президенттік биліктің мерзімін 7 жылдан 5 жылға азайту, т.б. енеді.

Дегенмен, Парламент Президент мерзіміне қатысты ереженің қазіргі Елбасына қатысы жоқ екендігін және тек 2012 жылдан кейін ғана күшін енетінін халыққа ескертті.

2007 жылы 20 маусымда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың үшінші шақырылымды ҚР Мәжілісін тарату және кезектен тыс ҚР Парламенті Мәжілісін

депутаттар сайлау жөнінде жарлығы шықты. Жарлық бойынша Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау жөніндегі» заңына өзгерістер енгізілді. 2007 жылдың 18 тамызында партиялық тізім бойынша ҚР Парламенті Мәжілісіне кезектен тыс сайлау өткізілді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының кезекті маслихат депутаттарын сайлау да 2007 жылдың 18 тамызына белгіленеді.

Жедел жүргізілген дайындық шараларының арқасында Мәжіліске сайлау ұйымдасқан, ымыралы түрде өткізілді. Конституцияға енгізілген жаңа ережелерге сәйкес Мәжіліске сайлау партиялық тізім бойынша өткізілді. Бұл жерде Президент ұсынысымен Қазақстан халықтары Ассамблеясына квота берілгенін айта кету орынды. Осының нәтижесінде Ассамблеяның өз ішіндегі Президент басқарған үлкен жиыннан 9 адам іріктеліп, Мәжіліске тікелей өтті.

Ал қалған 98 орын сайлау қарсаңында аса белсенділік танытқан «Нұр Отан» партиясының өкілдеріне бұйырды. Қоғамдық пікірде Мәжіліске «Нұр Отаннан» өзге партия өкілдері де өтеді деген үміт болды, бірақ, өкінішке орай, олардың ешқайсысы да мәжіліске қатысу мүмкіндігін беретін 7% барьерден өте алмады. Осылайша қоғамды демократияландырудың сара жолы болып табылатын көп партиялық жүйе билік

олимпиаден әлі де өзіне орын тапқан жоқ. Бұл жағдай Қазақстан халқының бір орталыққа бағынған және күшті биліктің жағында болумен және «Нұр Отан» партиясына жетекшілік жасаған Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ел ішіндегі беделінің жоғарылығымен түсіндіріледі.

2010-2011 жылдардың қыс айларында ЕҚЫҰ Саммитінен кейін Президенттің өкілеттілігін әрі жалғастыру мақсатында бірсыпыра іс-шаралар өткізілді. Осылайша 2011 жылдың 3 сәуірінде кезектен тыс Президент сайлауы өткізіліп, Н.Ә. Назарбаев ел сайлаушылары белсене қатысқан сайлауда дауыс берушілердің 90 пайыздан артығының қолдауына ие болды.

Қазақстан рәміздері

Көптеген ғалымдардың айтуынша, дүние жүзіндегі мемлекеттердің саны 224-ке жеткен. БҰҰ-ның статистикалық деректеріне қарағанда, тәуелсіз мемлекеттер әлі де көбейе түспекші. Сол үлкенді-кішілі мемлекеттердің барлығында бірін-бірінен ажырататын және өзіндік бет-бейнесін айқындайтын нышан рәміздері болады. Рәміздердің қатарына елтаңба, ту, әнұран жатады. Барлық елдер өз рәміздерін қадірлейді. Рәміздер белгілі бір елдің басқа елмен қатынасында да маңызды рөл атқарады. Ту шетелде екі жағдайда, мемлекет басшысының сапары және

олимпиада жеңімпаздары анықталған кезде көтеріледі. Сонымен қатар, осы екі жағдайда аталған мемлекеттің әнұраны да ойналады. Мемлекеттік Туларды көзге көрінетін биік жерге іледі және оның қай жерлерге ілінетіні мемлекеттік құжаттармен реттеледі. Бүгінгі күні Қазақстанда бұл мәселелердің бәрі өзінің қажетті шешімін тапты.

1991 жылы еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін мемлекеттік рәміздер, оның ішінде елтаңбаны (герб) қабылдау қажеттілігі туды. Көптеген суретші, сәулетші дизайнерлердің арасында конкурс жарияланды. **Нәтижесінде 1992 жылы Жоғарғы Кеңес елтаңбаны бекітті. Бұл елтаңбаның авторлары – Ш. Уәлиханов пен Ж. Мәлібеков.** Мемлекеттік елтаңба жан-жағынан қанатты аттармен қоршалған, уықтар күн сәулелері түрінде тараған шаңырақтың көк фонды бейнесі болып табылады. Елтаңбаның жоғарғы жағында бес бұрышты жұлдыз, ал астыңғы жағында «Қазақстан» деген жазу келтірілген. Бейнелеу түсі екі түсті: алтын және көк-көгілдір. Шаңырақ – киіз үйдің күмбез тәріздес жоғарғы бөлігі, аспан астын еске түсіреді, Отан, бейбітшілік дегенді білдіреді. Ат – көшпелілердің өмірлік серігі, онымен олардың барлық шаруашылық және әскери қызметі тығыз байланысты. Ал қанатты және мүйізді аттар күшті,

гүлденген мемлекетке ұмтылуды білдіреді. Бес бұрышты жұлдыз қазақстандықтардың жер жүзінің барлық бес континентінің мемлекеттері мен халықтарының қауымдастығына қосылуда ұмтылысын білдіреді.

Қазақстан Республикасының Туы 1992 жылы маусым айында бекітілген. Конкурс негізінде тудың жобасын сәулетші, суретші Ш. Ниязбеков жасаған. Біздің туымыздың түсі көк, ортасында күн және оның астында қыран құс бейнеленген. Қыран құс – еркіндіктің белгісі. Сабында ұлттық өрнегі бар тік сызық. Күннің, бүркіттің және өрнектің бейнесі – алтын түстес. Тудың аспан түстес көгілдір түсі бейбітшілікті, тыныштықты, игілікті бейнелейді. Күннің бейнесі – өмірдің, байлықтың, молшылықтың көрінісі. Бүркіт еркіндікпен, абыроймен, ерлікпен, жоғарғы идеалдармен теңестіріледі. Тудағы өрнек қошқар мүйіз түрінде салынған. Бұл ежелгі өрнек Қазақстан территориясындағы ерте көшпелілердің дәуірінен белгілі.

Сондықтан да Қазақстан ашық аспан астындағы еркін ел деген түсінікті туымыздан көре аламыз.

Қазақстанның бірінші әнұраны 1992 жылы желтоқсан айында қабылданды. Мемлекеттік әнұранның авторлары – М. Төлебаев, Л. Хамиди, Е. Брусилловский, сөздері – М. Әлімбаев, Қ. Мырзалиев, Т. Молдағалиев, Ж. Дәрібаеванікі. Ол үш негізгі өлең жолдарынан және қайырмадан тү-

рады. Біріншісінде Қазақстанның тарихи өткен шағы көрініс тапқан, екіншісінде – оның бүгінгі жағдайы және үшіншісінде болашағы көрініс тапқан. Қайырмасында Қазақстан халықтарының бірігу идеясы шыр-қалады.

2006 жылы жаңа әнұран қабылданды. Қазіргі әнұран сөзінің авторлары – Жүмекен Нәжімеденов пен Нұрсұлтан Назарбаев. Әнін жазған – Шәмші Қалдаяқов. Халық арасында ыстық ықыласқа, сүйіспеншілікке бөленген Шәмшінің «Менің Қазақстаным» әні – XX ғасырдың ортасында, Хрущевтің әкімшілік реформалары кезінде, Қазақстаннан «Тың өңірі» деген сылтаумен солтүстік облыстарды бөліп алу саясатына қарсы шығарылған ән. Бұл ән – Қазақстан тұтас ел және жерінің бір шөкімін де өзгеге бермейді деген өжет дауылпаз ән. «Менің Қазақстаным» әнінің рухы жаңа заманда Жаңа Қазақстанды орнатып жатқан халқымыздың рухани талап-тілегіне сай келеді.

Мемлекеттік рәміздер елдің тарихы мен мәдениетінің символы болып табылады, олар еліміздің қайталанбас өзіндігін паш етеді және оның азаматтарының сана деңгейін білдіреді.

2.4. Шаруашылығы

Қайта құрудан бастап КСРО-ның ыдырауына дейінгі күрделі кезеңде республика экономикасы өз тарихында алғаш рет өз бетімен өмір сүрудің ең қиын кезеңінен өтті, оның негізгі мақсаты егеменді елдің мүддесіне сай тиімді нарықтық шаруашылық құру еді. Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алған соң реформалардың басты бағыты экономикалық қатынастарды либерализациялау, жекеменшікті қалыптастыру және дамыту, шаруашылық нысандарын мемлекет монополиясынан алу, нарықтық инфрақұрылым құру, шетел капиталын пайдаланып ашық экономикалық жүйе құру, қаржылық-несие қарым-қатынастарын түбімен өзгерту, тағы да басқа шараларға бағытталды.

Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын түгел қамтыған XX ғ. 90-жылдарындағы ауыр дағдарыстан кейін Тәуелсіз Қазақстан экономикасының қозғаушы күші ретінде жер асты кен байлығын өндіру және сату басты орынға шықты. Бүгінде Қазақстанда Менделеев кестесіндегі белгілі элементтердің 99-ы табылған, 70-інің қоры зерттелін, 60-тан астамы өндіріске қосылған. Республикамыз әлемде вольфрам қоры бойынша I орында, хромит және фосфор кені бойынша II, ал марганец кені бойынша III орында. Ғалымдардың пайымдауынша, Қазақстан минералдық қоры бойынша әлемде 6 орында тұр. Қазақстан ау-

мағында 400-ден аса көмір орындары мен мол мұнай қоры бар.

Қазақстан – кен байлықтарының қоры мен оның әр алуандығы жағынан жер шарындағы бай мемлекеттердің бірі. Хром, мыс, корғасын, калайы, күміс, вольфрам, фосфорит, барит, молибден, т.б. кендердің барланған қоры жөнінде әлемде алғашқылардың қатарынан орын алады. Мысалы, мыс және өзге полиметалл кендері Кенді Алтай мен Орталық Қазақстанда, Жоңғар Алатауында, Қаратауда көп кездеседі, ал алтын Солтүстік Қазақстанда және Ақмола облысында, Шығыс Қазақстанда шоғырланған. Сонымен қатар, алтынның айтарлықтай мөлшері Кенді Алтайда, Шыңғыстау, Майқайында шоғырланған.

Тәуелсіз Қазақстан өзінің экономикалық дамуында бірнеше кезеңді бастан өткерді. XX ғ. 80-жылдары КСРО-дағы қайта құру кезеңі басталды, одақтас республикалардың егемендік алуы және Мәскеудің саяси орталық ретінде күш-қайратынан айырылуы экономикадағы дағдарыстың басы болды. Оған қосымша либералдық қағидалардың жариялануы, меншік түрінің өзгерістері, приватизация (жеке меншікке аудару) бұрынғы тоталитарлық жүйеге бағынышты болған шаруашылық жүйесінің тасталқанын шығарды.

1990 жылдардың басында дағдарыстың күшейгені сондай, халықтың

қолында тауармен қамтамасыз етілмеген, бос ақша көлемі 13 миллиард сомға (рубль) жетті. Өнім өндірудің барлық түрі азайып, дүкен сөрелері қаңырап бос тұрды. Ақша күнсызданып, халық өзара айырбасқа (бартер) көшті. Мысалы, егер сізге сабын керек болса, сіз оның несіне ет, не сүт тауып беруіңіз керек. Халыққа қажетті тауарлардың қымбаттауы, әсіресе ауылдық жерлерде тұратын адамдарға ауыр тиді. Бір такта сабын бір қойға, бір қап ұн бір жылқыға тең болуы ауылдың әлеуметтік тұрмысын нашарлатты. 1992 жылдың 6 қаңтарынан бастап бағаны босату тауарлардың кейбір түрлерінің бағасының 500 еседен аса өсуіне әкелді. Ресейдегі ақша реформасы кезінде ескі сомның бәрі Қазақстан экономикасына құйылып, онсыз да өршіп тұрған жағдайды шиеленістірді. Осы кезеңге дейін Ресейге еріп, оның шылауында болып келген ел үкіметі, 1993 жылдың соңында өз валютасын айналысқа енгізді. Белгілі дәрежеде осы реформадан кейін Қазақстан экономикасының өз бетімен тіршілігі басталды деп айтуға болады.

1995 жылдың соңында мемлекет экономикалық дағдарыстан шығу бағдарламасын жасаған болатын, ол он бес айға есептелді. Бұл экономикалық бағдарламаның негізгі көздеген мақсаты инфляцияны жою, баға либерализациясы мен сыртқы экономикалық жұмыс, жекешеленді-

рудің екінші кезеңін аяқтау (жалпы және кішкентай жекешелендіру) болған. Осыдан бастап ақша жүйесіндегі инфляция деңгейі төмен түсе бастады, бірақ инфляцияға қарсы күрес өндірістің құлдырауына және жұмыссыздықтың күшеюіне алып келді. Дағдарыс салдарынан жұмыссыздардың саны 150 мыңнан асып, бұрынғы көрсеткіштердің бәрінен де нашарлады. Оның үстіне көптеген өндіріс орындарында, еңбек мекемелерінде адамдар толық жұмыс істей алған жоқ. Көптеген кәсіпорындар жұмысшыларын «еріксіз еңбек демалысына» шығарып жіберді.

Ақша-несие саясатын қаталдату және бюджет дефицитін төмендету нәтижесінде инфляцияның орташа айлық қарқындылығы 1994 жылы – 23,5%, 1995 жылы 4% дейін төмендеді. Соның өзінде 1995 жылы инфляция деңгейі 60,3% құрады. Қазақстан Республикасының Алтын қоры 1995 жылы екі млрд. АҚШ доллары көлемінде өсіп, үлкен жетістікке жетті. Ішкі өнім табысы 992 млрд. теңгеге өндірілді.

1995 жылы еңбек ресурстары – 9270 мың адам, республика халқының 55,4%, экономика саласында қамтылған жұмысшылар саны – 5,18 млн. адам.

1996 жылы республикада 139 мың жұмыссыз арасында экономикалық жағынан белсенділері 2,2% көрсет-

кішті құрады. 1995 жылы зейнеткерлер саны – 820 мың адам.

1991 жылы шетел инвестицияларын Қазақстанға тарту саясаты басталды. Қазақстанның жер асты қазына байлықтары, мұнай шетелдік алпауыттардың, ең алдымен, назарына ілігіп, қызығушылығын туғызды. Егер 1994 жылы республика экономикасына 80,9 млрд. теңге инвестиция құйылса, 1998 жылы оның көлемі 114,9 млрд. теңгеге жетті. Жылдан-жылға инвестиция көлемі күшейе түсті, тек 1998 жылдың алты айында ғана республикаға 65,9 млрд. теңге инвестиция келді. Осылайша 1998 жылы 30 маусымда Қазақстан Президент жанында «Шет ел инвесторларының Кеңесі» құрылды. Бұл үрдісті реттейтін 20-дан аса заңдық және нормативтік актілер мен құжаттар қабылданды. Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы кезеңінде Қазақстан экономикасына құйылған инвестициялардың басым бөлігі Жапония мен Оңтүстік Корея тарапынан болғанын, олардың үлес салмағы жалпы 60 пайызға жеткенін айта кеткен орынды.

Осы жылдары Қазақстан жерінде жүздеген бірлескен кәсіпорындар ашылғаны деректерден белгілі. Егер олардың саны 1990 жылы 15 болса, 1997 жылы мыңнан асып кетті. Олардың ішінде әлемнің 74 мемлекетінің өкілі болды. Сонымен бірге, бұл кезеңде қазақстандықтар шет

ел экономикасының оң үлгілерімен қатар, теріс тәжірибелерінен де сабақ алды: шикізат көздерін шартты түрде құнсыздандырып, алым-салықтан қашу, офшорлық кеңістіктер арқылы мемлекет ақшасын жеке қалтаға басу, т.б. Бұл алаяқтық, әсіресе Қазақстан экономикасында приватизация жаппай өрістеген уақытта кеңінен орын алды. 1991-1998 жылдары кәсіпорындарды мемлекет иелігінен шығару және жекеменшікке айналдырудың үш кезеңі белгілі. 1991-1997 жылдары аукциондарда мемлекеттің карамағындағы 17070 объект сатылды. 1992 жылдан 1995 жылға дейін республикада 1320 кеңшар мен мемлекеттік шаруашылық жекешелендірілді. Осылайша, Қазақстанда 1991 жылы мемлекет меншігі 90 пайыз құраса, он жыл өткеннен кейін оның үлес салмағы 20 пайыздан түсіп кетті, яғни мемлекет меншігінің басым бөлігі жеке адамдардың қолына түсті. Әрине, қандай ел болсын, нарық талабына байланысты экономика саласында меншіктің әр түрінің қатар өмір сүруіне мүмкіндік беруге бейілді. Жекеменшік кәсіпорындар мен фермерлік шаруашылықтың қарқынды дамуына үкімет пен банктер тарапынан берілетін микрокредиттердің де әсер еткенін айтқан жөн. Екінші жағынан бұл саясат банктердің елдің кедейленуі есебінен шексіз байлыққа кенелуіне, елдің банктерге басыбай-

лы кіріптарлыққа түсуіне жол ашты. Дегенмен, әлі де болса шешімін табатын мәселелер шикізат өндіретін ірі кәсіпорындар мен мемлекет жерін емін-еркін жеке меншігіне қаратқан латифундистерге қатысты аз емес. Бұл бағытта соңғы уақытта үкімет тарапынан жүргізіліп келе жатқан монополизмді шектеу, орта және шағын бизнесті өркендету, халықтың тұрмысын көтеру, орта тапты қалыптастыру жөніндегі ішараларды айту керек.

Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы теңгенің де өз шығу тарихы бар. Қазақстанның ұлттық теңгесін жасауға екі жыл уақыт қажет болды, себебі бұл өте көп еңбекті, күшті қажет ететін күрделі жұмыс. Қазақстан өз төл ақшасын шығару үшін 1990 жылы теңгенің үлгісін жасайтын арнайы жұмысшы тобын құрды. Олар барлық дүние жүзіндегі мемлекеттердің және ел тарихындағы теңгелермен танысты. Алайда, Қазақстанда теңге жасайтын арнайы мамандар мен шеберханалардың жоқтығынан бұл саланың қызметкерлерін шетелден іздеуге тура келді. Оны «Лонро» ағылшын мекемесінің «Харрисон» деп аталатын фирмасы қолға алды. Беттеріне қазақтың біртуар ұлдарының суреттері қойылып, жоғары сапалы қағаздан жасалды. Әрбір мемлекеттің мемлекеттік валютасының қолдан жасаудан қорғайтын көз-

ге көріне бермейтін сапа белгілері болады. Ұлттық теңгемізде бұндай сапа белгі саны – 18. 1993 жылы 15 қараша Қазақстан тарихындағы ерекше күн деп айта аламыз, себебі ұлттығымызды айғақтайтын тағы бір белгі – теңге айшылымға енгізілді. Ұлттық теңге металл және қағаз ақша түрінде шығарылады. Уақыт өте келе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк қорғаныс қабілеті күшті теңгенің жаңа үлгісін дайындады. 2007 жылдан бастап Қазақстан теңгесінің жаңа үлгісі айналысқа енді.

2009 жылдың ақпан айында әлемдік қаржы дағдарысының себебінен Қазақстанда ұлттық теңгенің құны 15%-ға төмендеді. Сонымен қатар, Қазақстан үкіметі тарапынан банк жүйесін қолдау және мемлекет меншігіне алу шаралары жүргізілді. ТМД шеңберіндегі ең ірі жекеменшік банктердің бірі «БТА» осылайша 2009 жылдың ақпан айында ішінара мемлекет меншігіне өтті. Осы ауыр кезеңде Қазақстандағы ірі банктердің бірі «ВалютТранзитБанк» үстінен іс қозғалып, жұмысы тоқтатылды. Соңғы банктің өтпелі кезеңінің ауыр уақытында Орталық Қазақстан өңірінің әлеуметтік ахуалын көтеруге көп қызмет еткені баспасөзде айтылды. Қазақстанның экономикалық дамуында банк жүйесінің алатын орны ерекше. Бұл бір жағынан түсінікті де, себебі дамыған өндіріс саласы, қазіргі замандағы бәсекеге қабілетті

ауыл шарушылығы жоқ елде банк жүйесі – экономикаға тұрақтылық беретін бірден-бір күш.

Статистикалық мәліметтерге қарағанда, 2000 жылы Қазақстанда 47 банк қызмет жасады. Олардың жартысына жуығы шетелдіктердің қатысуымен ашылған. Оның ішінде мемлекетаралық жағдайда қызмет жасайтын және таза мемлекет қаражатын пайдаланатын банктер де бар. Банк жүйесінің халықаралық стандарттарға көшуі ақша қорын жасауға, менеджмент пен бухгалтерлік есепке деген талаптарды күшейтті. Сонымен қатар, банк жүйесінде шетелдік капиталдың көп болуы және екінші қатардағы банктердің шет елдің алпауыт ақша қорларынан шектен тыс кредиттер алуы Қазақстан экономикасына әсер етпей қоймайды. Қарыздың аты қашанда қарыз. Қарыз көлемі жағынан Қазақстан ТМД елдерінің ішінде алдыңғы орындарды иеленеді. Осы жағынан бағаның шарықтап өсуі (әсіресе, бұл өсу құрылыс саласында орын алып отыр), тамақтың қымбаттауы, инфляцияның тежеуден шығып кетуі, белгілі дәрежеде, біздің банк жүйесінің шет ел кредитіне бағыныштылығынан, ішкі өндірістің көлемі мен айналыстағы ақшаның сәйкессіздігінен туындайды. Мысалы, 2007 жылы АҚШ-та ипотекалық несиелерден басталған дағдарыс біздің елімізде кредиттің өсім пайызы-

ның екі есеге өсіп кетуіне, үй құрылысының тұралап қалуына, т.б. жағымсыз құбылыстарға алып келді. Қазақстан жерінде өсімқорлықтың шектен тыс орын алуы ел камын ойлаған азаматтарды аландатпай қоймайды. Өсімқорлық біздің ұлттық менталитетіміз үшін де, қазақ қоғамының рухани негізі болып табылатын исламдық түсініктер үшін де жат құбылыс, бірақ алға қарай қарыштай басқан Қазақстан өзінің стратегиялық нысанасынан айнымайтыны анық.

Қазақстан экономикалық даму жағынан бүгінгі күні ТМД-ға кіретін мемлекеттердің ішінде алдыңғы орындарда. 2007 жылдың 1 шілдесінен бастап мұнайдан және басқа да қымбат шикізат көздерінен түсетін пайда Ұлттық қорға түседі. Осылайша үкімет қарауындағы таза бюджет негізінен кәсіпкерлік саласынан түсетін ақшадан құралады. Бүгінгі таңда Қазақстан әлемнің 145 мемлекетімен сыртқы сауда байланысын жүргізеді. Бұл саладағы басты серігі Ресей болып табылады. Егер Ресей мен Қазақстан арасындағы сауда айналымы 2002 жылы 4,3 млрд. АҚШ долларын құраса, ол 2006 жылы 17,9 млрд-қа өсті.

Қазақстан – Азия және Еуропа құрлығының нағыз бел ортасында орналасқан және табиғи ресурстары мен экономикалық қуаты басым еуроазиялық мемлекет. Екінші жағынан, Қазақстан Батыс пен Шы-

ғыстың мәдениетін, тарихын, дінін үйлестірген мемлекет болып табылады. Ең бастысы, қазақ халқы – Еуразиялық далалық өркениеттің ең құнарлы қазынасын сақтап қалған ел. Мемлекет мүддесі ең алдымен елдің әл-қуатын өсіру, өмір сүру деңгейін көтеру, сол арқылы әлемдегі бәсекеге мықты 50 елдің қатарына ену.

Қазақстан дүние жүзі қауымдастығында

Соңғы он бес жылдың ішінде Қазақстан Республикасы дүние жүзі қауымдастығының толық құқылы мүшесі, көптеген дүние жүзі мемлекеттерінің қолдауына ие болды. Бүгінгі таңда Қазақстанды 113 мемлекет танып, 105 мемлекетпен дипломатиялық қатынастар орнатылды. Қазақстанда 55 елшілік пен дүние жүзі ұйымдары бар. АҚШ, Ұлыбритания, Қытай, Үндістан, Түркия, Иран, Италия, Германия және т.б. (барлығы 30-дан аса мемлекет) елдерде Қазақстан Республикасының елшілігі бар.

XX ғасырдың 90-жылдары Қазақстан алғаш рет әлемнің ең беделді деген халықаралық құрылымдарымен байланыс орната бастады және бүгінгі күні қатынастар кенеюде. Оның ішінде республика БҰҰ, еуропалық қауымдастық, Реконструкция мен дамудың халықаралық және Еуропалық банкі, Халықаралық валюта фонды, Қызыл крест, МАГА-

ТЭ, ЮНЕСКО, ЭСКАТО, ПРООН, ЮНЕП, ВОЗ, ОЭСР, ОИК және т.б. қырық халықаралық конвенцияға қосылды, 400 көп жақты және 70 екі жақты келісімдерге қол қойылды.

1994 жылы Қазақстан интеграциялық үрдістерді активизациялау мақсатымен Өзбекстан және Қырғызстанмен Ортақ экономикалық кеңістік құралды, оның негізінде «Ортаазиялық Бірлестік» пайда болды. Ресей Федерациясымен бірқатар келісімдер жасалды. Оның нәтижесі ретінде ЕЭС моделі бойынша «Еуразиялық экономикалық қауымдас-тық» құрылды. Қазіргі уақытта Ресей, Белорусь және Қазақстан ортақ кедендік кеңістік туралы келісім-шартқа қол қойып, экономикалық қарым-қатынастардың жаңа деңгейіне шықты. Болашақта кедендік одақ мүшелері көбейіп, оның еуразиялық экономикалық жүйесіне әсері де онтайлы болады деп күтіледі. Қалай болғанда да қазіргі уақытта кедендік одақ экономикалық одаққа айналу үрдісін бастан кешуде.

Қазақстан, сонымен қатар, Ресей, Қытай, Қырғызстан, Тәжікстан кірген Шанхай ұйымына қосылды. Бұл ұжым белгілі дәрежеде әлемдегі қазіргі геосаяси жағдайға да өз әсерін тигізеді. Әсіресе, Ирактағы жағдай, Ауғанстандағы соғыс және мұсылман елдері мен Батыс арасындағы қарым-қатынас белгілі дәрежеде Шанхай

бестігінің қатысуымен реттелетіні анық.

СВМДА (совещание по взаимодействию и мерам доверия в Азии) да Қазақстанның бастамасымен Еуропа қауіпсіздігін қамтамасыз ететін одақтың моделі бойынша құрылды.

Қазіргі кезеңде Қазақстан әлемдегі ең танымал және қонақжай елдердің қатарына енді. Қазақстанда 2010-2011 жылдары өткізілген ЕҚУЫ саммиті мен қысқы Азида біздің елімізді жаһанның көптеген елдеріне жақын таныстырды және танылу деңгейін жоғары көтерді.

«Қазақстан – 2030»

1997 ж. еліміздің Президентінің Қазақстан халқына «Қазақстан – 2030» бүкілқазақстандықтардың гүлденуі, қауіпсіздігі және игілік жағдайының жақсаруы Үндеуі жарияланды. Онда республиканың қазіргі жағдайына жан-жақты талдау жасалады, «Қазақстанның миссиясы» ашылып көрсетіледі, ұлттық қауіпсіздік, ішкі саяси тұрақтылық және қоғамның бірігуі, жоғарғы деңгейдегі шетелдік инвестициялары бар дамыған нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өрлеу, Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі және игілігі, энергетикалық ресурстар, инфрақұрылым, әсіресе транспорт және байланыс; кәсіптік мемлекет құру сияқты «ұзақ мерзімді басым

мақсаттары» айтылған. Олар елдің толық көлемді, кешенді және жүйелі дамуын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Олардың ерекшелігі сонда, яғни әрбір басымдылық нақты және ерекше міндеттерді шеше отырып басқаларды іске асыруды қамтамасыз етеді. Негізге алынған көзқарастардың кешенділігі мен жүйелілігі осында болып табылады. «Қазақстан – 2030» стратегиясы – бұл күрделі және көп деңгейлі жұмыстың, дүниежүзілік экономиканың теориясы мен іс-тәжірибесіне терең талдау жасаудың, тақырыптық, салалық және индикативтік жоспарлардың, математикалық және экономикалық есептердің, көптеген елдер бойынша қаншама сапарлардың және танымал эксперттер мен пікірталастардың нәтижесі. Стратегияны жасауға халықаралық ұйымдар, бәрінен бұрын БҰҰ үлкен көмек көрсетті.

Қазақстан Республикасының Үкіметінің әрекеттері Бағдарламасында алға қойылған мақсаттар мен басты міндеттерді іске асыруға бағытталған негізгі шаралардың кешені көрсетілген:

1. Ұлттық қауіпсіздік: Ұлттық қауіпсіздіктің негізгі міндеттері – мемлекеттің егемендігі мен территориялық тұтастығын нығайту, Орталық Азия аймағындағы тұрақтылықты сақтау және алмасымды, көп тармақты сыртқы саяси курсты жүргізу арқылы Қазақстанның

айналасындағы бейбітшілік белдеуін кеңейте түсу болып табылады. Үкіметтің саясаты ұлттық мүдделерді сақтауға және қорғауға бағытталды. Ұлттық қауіпсіздіктің геосаяси, экономикалық, әскери және ақпараттық аспектілерін нығайту жөніндегі шаралар қазіргі әлемнің өмір шындығына аса жақын болады.

2. Ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамды жұмылдыру. Ішкі саяси тұрақтылықты сақтап тұру кез келген мемлекеттің стратегиялық жоспарларын жүзеге асырудың міндетті шарты болып табылады, бұл біздің елімізде де ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған шаралар кешенін жасап, жүзеге асырудың қажеттігін талап етеді.

3. Экономикалық өрлеу: тұрақты экономикалық өрлеу үшін жағымды макроэкономикалық жағдайларға қол жеткізу үшін Үкімет пен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі экономиканы ақшалай-несиелік, бюджеттік және салықтық реттеудің әдістерін күшейтпек. Осы жағдайларда Үкіметтің негізгі міндеті аса маңызды макроэкономикалық параметрлердің тепе-теңдігін сақтау – теңгенің айыр-бас курсы, инфляцияны, мемлекеттік бюджет тапшылығы мен елдің төлемдік тепе-теңдігі тапшылығының деңгейін сақтап қалу болады.

4. Әлеуметтік даму стратегиясы: Әлеуметтік саясаттың негізгі мақсаты халықтың тұрмыс деңгейі-

нің төмендеуіне жол бермеу және әдрестік әлеуметтік көмекті көтеру болып табылады. Үкімет халыққа әдрестік әлеуметтік көмек көрсету механизмдерін одан әрі жетілдіруге бағытталған әлеуметтік саясатты белсендіруді, кедейшілікпен және жұмыссыздықпен күресуді, еңбекпен қамтамасыз ету жүйесін реформалауды және еңбек заңы мен еңбекті қорғаудағы заңбұзушылықтармен күресті күшейтуді, салауатты өмір салтын қалыптастыру және бастапқы медициналық-санитарлық көмекті күшейтуді, білім жүйесін нығайтуды, миграциялық және демографиялық үрдістерді реттеуді алға қойып отыр.

5. Инфрақұрылым, көлік және байланыс: экономика мен қоғамның көліктік және ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыруды отандық өнімнің өзіндік құнының транспорттық құрамдас бөлігін төмендету арқылы жүзеге асыру. Жұмыстың аса маңызды бағыттарының бірі елдің транспорттық-коммуникациялық нарығында өткізушілері мен операторлары үшін заңдық қорды дамыту және жетілдіру болып табылады. Бұл салада табиғи монополистердің қызмет саласын тарылтуды және жекелеген функцияларды жеке секторға беруді алға қоятын құрылымын өзгерту саясаты жалғастырылады.

6. Энергетикалық ресурстар: Ішкі нарықтың сұраныстарын қамтамасыз ету және экспортқа бағытталған,

технологиялық жағынан байланысқан отын-энергетикалық кешенін қалыптастыру. Энергетикалық тәуелсіздікті қамтамасыз етуге және энергетикалық нарықтың әлемдік сұраныс нарықтарына жеткізуге бағытталған елдің отын-энергетикалық кешенін дамыту бойынша белсенді қимылдар жүргізіледі. Үкімет түбегейлі түрде экспортталатын газ-мұнай құбырларының сұлбисін анықтап, олардың жекелеген бөліктерін жобалауға және құруға кіріспекші.

7. Кәсіби Үкімет: Мемлекеттік басқару жүйесі органдарының жұмысының тиімділігін жетілдіру және арттыру, мемлекеттік басқару жүйесін стратегиялық жоспалау және бюджеттік бағдарламалау принциптері негізінде қызмет етуге көшу. Кәсібилікке, мемлекеттік қызметкерлердің біліктілігі мен сіңірген еңбегіне негізделген жүйені құру мақсатында мемлекеттік қызмет реформасын жалғастыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметі 1998 ж. бастап Қазақстан Республикасы Президентінің ұзақ мерзімді стратегиясын – «Қазақстан – 2030: барлық қазақстандықтардың гүлденуі, қауіпсіздігі және жағдайын жақсартуды» жүзеге асыруға кірісті. Осы жұмыстағы бірінші саты үш жылдық стратегиялық жоспарларды жасау және жүзеге асыру болды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің осы бағдарламасы Қазақстанның

дамуының стратегиялық жоспарларында қарастырылған мақсаттармен басымдылықтарға қол жеткізуге бағытталған. Қазақстан Республикасының Үкіметі өздері ұсынған Қазақстан Республикасының Президентінің стратегиялық жоспарларын жүзеге асыру шаралары өтпелі үрдістердің аяқталуына және тұрақты даму межесіне шығуға ықпал етеді деп сенеді.

2007 жылдың 28 ақпанында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасының 10 жылдығына орай Қазақстан халқына жолдауын жариялады.

Президент өз жолдауында осыдан 10 жыл бұрын «Қазақстан – 2030» бағдарламасын қабылдай отырып – ел басшылығының дұрыс таңдау жасағанын және содан бері Қазақстанның нарықтық экономиканың теорияларын бірінен соң біреуін игеріп, демократиялық дамудың аксиомаларын қабылдап, қарыштай алға басып келе жатқанын айтты.

«Біздің өткен 10 жылдың ішіндегі ең басты қол жеткізген жетістігіміз – үшінші әлемде артта қалып қойған елдердің арасынан жоғары көтерілдік», – деп атап көрсетті Президент. Осындай жетістіктерге байланысты Елбасы Қазақстанның болашақта қарқынды дамуына қажетті ішкі және сыртқы саясаттағы 30 басым бағытты жариялады.

«Қазақстан – 2050»

2012 жылдың 14 желтоқсанында «Астана Опера» аталатын опера және балет театрының жаңа ғимаратында ел басы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына мемлекеттің жаңа саяси бағытын айқындаған Жолдауын жолдады. Бұл маңызды құжатта Елбасы «Қазақстан-2030» Стратегиялық жоспарының негізгі нәтижелерімен елді таныстыра келе қалыптасқан мемлекеттің жаңа курсы «Стратегия «Қазақстан-2050»-дің басталғанын хабарлады.

Осыдан он бес жыл бұрын қабылданған «Қазақстан-2030» бағдарламасында қабылданған мақсат-міндеттердің негізгісі біз уақытынан бұрын жүзеге асырдық деп атап көрсететі Елбасы. 1997 жыл біз жоспарды қабылдап жатқан уақыт оңай болмайтын. Ол кезде посткеңестік хаос әлі де шешіле қоймаған, Оңтүстік-Шығыс Азия елдері, т.б. нарық аймақтары ауыр дағдарысты бастан кешті. Ал Қазақстанның алдында жаңа мемлекетті құру жоспары тұрды. Оны көтеру үшін бірден үш салада қайта құрулар керек еді: мемлекетті жасақтау және нарықтық экономикаға ену, әлеуметтік мемлекеттік іргетасын қалап, қоғамдық сананы қайта құру.

«Бүгінгі күні маған біздің сол кезде дұрыс таңдау жасағанымызды

жариялау үлкен абырой, – деді Президент. – 2008-2009 жылдардағы жаһандық дағдарыс оны дәлелдеді».

Қазақстан өткен 15 жылдың ішінде өзінің шекараларын заңды түрде бекітті. Бір-бірімен тығыз интеграциядағы ел экономикасы қалыптасты. Өндірістік байланыстар қайта реттеліп, жаңаша жүйеленді. Тарихи тұрғыдан аса маңызды конституциялық және саяси реформалар жасалды. Еліміздің жаңа орталығы Астана қаласы салынды.

«Қазақстан – қазіргі заманғы мемлекет. Біздің мемлекетіміз кемелдікке жетті. Сондықтан да бүгінгі күн тәртібі мемлекеттің қалыптасу кезеңіндегіден өзгеше», – деп атап көрсетті Елбасы өзінің Жолдауында. Қазір біздің міндетіміз – тәуелсіздік кезеңінде қол жеткен жетістіктерімізді сақтай отырып, ХХІ ғасырда тұрақты дамуды жалғастыру.

Елбасы: «Мемлекеттің ең басты мақсаты – 2050 жылға дейін жалпыға ортақ еңбек қоғамын құрып, дамыған экономика қалыптастырып, күшті мемлекетті сақтау», – деді.

Өзінің 2012 жылдың желтоқсанындағы Жолдауында ҚР Президенті Н. Назарбаев жаңа стратегияның басты мақсаты 2050 жылы елімізді әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосу деп атап көрсетті. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін бірнеше бағытта еңбек жасау керек: мемлекетті одан әрі дамытып, нығайту; экономика-

лық саясаттың жаңа қағидаларына көшу; кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау, жаңа әлеуметтік үлгіні қалыптастыру; білім беру мен денсаулық сақтаудың заманауи және тиімді жүйесін құру; мемлекеттік аппараттың жауапкершілігін, тиімділігі мен функционалдығын арттыру, халықаралық және қорғаныс саясатының жаңа сын-кәтерлеріне парапар саясат құру. Қазақстан үшін ең басты мәселенің бірі «шикізат экономикасы» аталатын жағдайдан құтылу. Президент 2050 жылға дейін Қазақстан өзінің өндіргіш активтерін әлемдік ең дамыған стандарттар деңгейінде толықтай жаңартуы қажет екенін баса айтты. Отандық тауарлар әлем нарығында өтімді болуы керек.

2.5. Қазақстанның рухани өміріндегі жаңалықтар

Тәуелсіздік Қазақстанның рухани өміріне ұлан-ғайыр өзгерістер әкелді. Ең әуелі атап көрсететін мәселе, ұзақ жылдар бойы отаршылдық бұғауында болған қазақ тарихы қайта жаңғырды. Қазақ тарихының бұрын аз зерттелген немесе мемлекет тарапынан тыйым салынған кезеңдері оқырман қауымға жетіп, жаңа рухани негіздің іргесі қалана бастады. «Қазақстан тарихы» мектептер мен жоғарғы оқу орындарында арнайы пән есебінде оқылатын болды.

Кез келген халық өсіп тұрған ағаш сияқты, ал халықтың тарихы оның тамырына ұқсайды. Тамыр неғұрлым тереңге барса, соғұрлым ағаштың алатын нәрі де көп болмақ. Жер жүзін жаһандану үрдісі камтыған уақытта өз кескін-келбетін, этностық құндылықтарын сақтап қалу оңай емес. Тарихтың негізгі міндеті де қазақ атты халықтың жарқын болашағын қамтамасыз ету.

Қазақ руханиятының кайнар көзі – қазақ әдебиеті. Бүгінгі күні бұл бағыттағы ең жемісті жұмыстар – отаршылдық дәуірінде және тоталитарлық үстемдік еткен кезде құрбан болып кеткен қазақ әдебиетінің ең жарқын өкілдерінің еңбектерін жариялау және зерттеу. Тек қана архив қойнауларында немесе кітапханалардың арнайы бөлімдерінде сақталған қазақ зиялыларының қолжазбалары мен кітаптарын шығару әлі де жалғасып келеді. Олардың ішінде Шәкәрім Құдайбердіұлының, Мағжан Жұмабаевтың, Жүсіпбек Аймауытовтың, Ахмет Байтұрсыновтың, Хәлел Досмұхамбетовтың, т.б. жүздеген-мыңдаған қазақ кайраткерлерінің туындыларының қазақтың өзін-өзі ел-жұрт есебінде тануына қосатын үлесі аса зор.

Ал қазіргі қазақ әдебиетінің өз жағдайын бір сөзбен сипаттау қиын. Белгілі дәрежеде ұлттың рухани қазынасына азық болатындай татымды еңбектер жазу қазіргі заман туғызған

жаңалықтар мен құндылықтарды сезінуге байланысты, ал ол үшін уақыт керек. Осы тұрғыдан қазіргі кезеңді қазақ әдебиетінің қор жинау, шынығу кезеңі деп атауға болады.

Бұл мәселе – қазақ өнерінің алдында тұрған жағдай. Әміршілдік жүйе тұсында ұлттық негіздерінен ажырап, мазмұн жағынан пролетарлық, түр жағынан ұлттық аталып жүрген қазақ өнеріне еңсе көтеру оңай емес. Көптен күткен тәуелсіздік тұсында жаңа мазмұнға жаңаша түр-сипат, қасиет іздеу – өнер майталмандарына тән құбылыс. Бүгінгі күні бұл тарапта ізденістер болып жатқанын театр мен кинодан да, қылқалам шеберлерінің туындылары мен музыкадан да көруге болады. Бір жағынан шығармалық ізденіс, ұлттық құндылықтарды түсінуге талпыныс жүріп жатқанымен, екінші жағынан жалаң батысқа еліктеу, ұлт тарихы туралы эклектикалық түсініктердің мысалын алыстан іздемей-ақ, «Көшпенділер» сияқты жақында ғана түсірілген қымбат кинолентадан да аңғарамыз.

Ұлттық құндылықтарды іздеу тек өнер саласына ғана емес, дінге де қатысты. Кеңестік дәуірде қудалау мен жазалаудың сан түрлі азабынан өткен ислам діні қоғамға қайта қызмет істей бастады. Егер де бүкіл Қазақстанда 1965 жылы 25 мешіт болса, 1999 жылы олардың саны мыңнан асты, әлі де өсу үстінде.

Жылдан-жылға қажылыққа барушылардың да саны өсіп келе жатыр. Егер де 1991 жылы Қазақстаннан Меккеге қасиетті қажы сапарына тек 25 адам ғана барса, оның өзінде кавказдық халықтардың өкілі, қазіргі уақытта қажыға барушылардың саны жылына бірнеше мың адамды құрайды. Ислам дінінің республика көлемінде қайта жаңғыруына Қазақстан мұсылмандарының Орта Азия мұсылмандар басқармасынан бөлініп, жеке шанырақ көтеруі тікелей себепші болды. 1990 жылы, КСРО тарамай тұрған кезде, жеке шанырақ көтерген Қазақстан мүфтиаты қазіргі күні мемлекет тұрғындарының басым бөлігін құрайтын мұсылман қауымына қызмет жасап келеді. Сонымен бірге, Қазақстанда православие шіркеуі де тәуелсіздік жылдары мемлекет пен қоғам тарапынан қолдау көрді. Бұл қолдау басқа дін өкілдеріне де қатысты. Дегенмен, соңғы жылдары Қазақстан халқын шет елдерден келген әр түрлі миссионерлер мен секталардың көбейіп кетуі қатты алаңдатады. Шетелдік қаржы көздеріне сүйенген дін уағызшыларының қазақ халқының бірлігіне, этникалық және адами қасиеттеріне теріс әсер ететіні баспасөз бетінде сарапшылар тарапынан айтылып жүр.

Осы жағдайда қазақ халқына әуел бастан тиімді жол – «қазақ исламының» жолы бөлек. Ортағасырлық

дәуірде Ахмет Йасауи жырларымен қазақ қанына сіңген ислам құндылықтары мен жергілікті көне-түріктік діни сенімдердің синтезі қазір жаңғыру үстінде. Оның бір көрінісі – 1999 жылы Түркістанда өткізілген «Қазақстан мен түркі әлемінің рухани тарихындағы Түркістан мен Қожа Ахмет Йасауи» ғылыми-практикалық конференциясы. Бұған алыс және жақын шет елдерден 200-ден аса мамандар қатысты. Сонымен бірге, қазіргі уақытта дін танушылар тарапынан осы тақырыпта тамаша зерттеу еңбектері жазылды.

Руханият жөнінде айтылғанда, одан ғылымды бөле-жарып алып қалу мүмкін емес. Ғылым елдің алдында жүрген барлаушы сияқты қызмет атқарады. Руханияттың көптеген салалары сияқты Қазақстан ғылымына да 90-жылдардың дағдарысы кері әсер етті. Оның үстіне Тәуелсіз Қазақстанды құру кезінде кадр тапшылығына байланысты ғылымда жүрген талантты жастардың көпшілігі әкімшілік және кәсіпкерлік тіршілікке көшті. Қалыптасқан ғылыми мектеп өзінің жемісті жұмысын тоқтатып, ғылымдағы жалғастық әлсіреді. Қазақстан Ғылым академиясы елу жылдан астам жинап-терген қорын Қазақстанның тәуелсіздігіне жұмсалды деп ауыз толтырып айтуға болады. Республиканың

қым-қуыт тіршілігінің қай саласында болмасын 1946 жылы Қаныш Сәтпаевтың кеменгерлігімен құрылған Қазақ Ғылым академиясының түлектері қызмет атқаруда.

2006 жылы Қазақ Ғылым академияның 60 жылдық мерейтойына байланысты өткізілген мәжілісте Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев ғылым және білім саласына мемлекеттің қаржы аямайтынын кесіп айтты.

Елімізде «Nazarbayev intellectual schools» зияткерлік мектептердің жүйесі құрылуда. Астана қаласында ашылған «Назарбаев университеті» де жаңа заманның талаптарына сай білімді азаматтарды дайындауды көздейді.

2006 жылдың 18 маусымда қазақстандық алғашқы телекоммуникациялық спутнигі «ҚазСат-1» ұшырылды. Спутникті жасауға Ұлттық Ғарыш агенттігі тарапынан 65 миллион доллар жұмсалды. Алғашқы қазақстандық спутниктің ұшқанын Байқоңыр космодромынан еліміздің Президенті Н.А. Назарбаев және Ресей Федерациясының басшысы В.В. Путин бақылады.

Өкінішке орай 2008 жылдың басында спутниктің жұмысындағы ақаулар біліне бастады. Бірқатар операторлар (Kazakhstan Telecom, Nurdan, Kaztranscom, Astel) осыған байланысты өздерінің шетелдік әріптес космос станцияларына қайта өтініш

жасауға мәжбүр болды. 2008 жылдың соңында ҚазСат ғарыш агенттігінің сигналдарына жауап беруді тоқтатып, өз бетімен орбиталық қозғалыста, ғарыш қойнауына еніп кетті. Қазақстан ұлттық ғарыш агенттігінің басшысы Т. Мұсабаев спутниктің істен шығуына адам факторы емес, техникалық ақаулар кінәлі деген болжам жасады.

Осыған қарамастан Қазақстан басшылығы ҚазСат – II спутниктің қаржыландырып, ол ғарышқа 2011 жылдың 16 шілдесінде аттанды. Бүгінгі күні спутниктің ресурстарының мүмкіндігі 35 пайызға пайдаланылады деген мәлімет бар. көптеген операторлар әлі де шет елдік космос аппараттарымен жұмыстарын жалғастыруда.

Қазақстан ғылымын дамыту бағдарламасы бойынша ғылымды қаржыландыру 2005 жылға 12,4 млрд. теңгеден 2012 жылы 350 млрд-қа осуі керек, яғни 25 есе. Бұл бағдарлама қаражаттың елеулі бөлігін пайдаланатын ғарыштық зерттеулерге, жаңа технологиялық орталықтар құруға, ғалымдарды ынталандыруға және т.б. арналмақ.

Астана – қазақ елінің орталығы

Қазақстан Республикасының саяси өміріндегі маңызды оқиға – Алматы қаласының аты 1998 жылы

6 мамырда Астана деп өзгертіліп, Қазақстанның жаңа астанасы болып жариялануы. Осы мерекеге елуден астам дүние жүзі мемлекеттерінің елбасылары қатысты.

Қазақстанның тарихи дамуы баясында бірнеше қала Астана қымын атқарған. Мысалы: 1920-1924 жылдарға дейін Орынбор қаласы, 1924-1928 жылға дейін астанасы Қызылорда (Ақменгі), 1928 жылдан Ақмола астана болғанша Алматы осы рмді атқарды. Ақмола қаласы 1830 жылдары округ (дуан) орталығы және әскери бекініс ретінде Есіл өзенінің бойында Қараөткел деген жерде салына бастады. 1950 жылдардың ортасында қала Целиноград аталып тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде дами бастаған солтүстік облыс орталықтарының бірі болды. Бұл қала халықаралық жол тораптарының қиылысында орналасқан. Халықаралық әрі Қазақстанның өмірінде маңызын ескере отырып, Президент бастамасымен 1994 жылы 6 шілдеде астананы Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы шешім қабылданды. 1997 жылы 10 желтоқсанның бастап Ақмола Қазақстанның астанасы болып ресми түрде жарияланды. Ал 1998 жылы 6 мамырда елбасы Н.Ә. Назарбаевтың ұйғаруымен Ақмола қаласын Астана деп атауға жарлық шығарылды. 1998 жылы 10 маусымда ресми түрде жаңа астананың тұсаукесер тойы бо-

лып өтті. Астана қаласын өркендетіп, гүлдендіру мақсатында арнайы «Жаңа астана» қоры құрылды. Мұнда құрылыс жүргізетін инвесторларға үлкен салықтық жеңілдіктер берілді. Қалада мемлекеттік әкімшілік орталықтары, мемлекеттік әкімшілік қызметкерлеріне арналған баспаналар, сауда, т.б. құрылыс ғимараттары бой көтеруде. Астана өзінің сұлулығы әрі көріктілігімен еліміздің мақтанышына айналды.

Көне дәуірден бүгінгі күнге дейін Қазақстан тарихын зерделей отырып біз ұлы еуразиялық далалық аймақтың өзіндік айрықша құдірет болмысы бар екеніне көз жеткіземіз. Ал оның орталық аудандарының, соның ішінде осы күнгі Астана қаласының аумағының өзіне ғана тән киелі келбеті бар.

Археолог ғалымдар Есіл бойын адамдар ашель-мустье, яғни палеолит заманында қоныстанғанын дәлелдеп отыр. Есіл өзенінің жоғарғы бастауынан табылған қызықты олжалар – тас қарулар нақ осы кезеңге жатады. Егер осынау жәлігерлерге қарасақ, Есіл бойының бағзы замандағы тарихы аңшылықпен, балық аулаумен және терімшілікпен байланысты екені аңғарылады. Ал жаңа тас дәуірінде күнгі Астана қаласының аумағында мал өсіру мен егіншілік өркендей бастаған. Есіл мен Нұра арасындағы Тайтөбе аталатын биік төбенің басына Қарауыл мұнарасы

салынды. Кейінгі заманда Ақмола атанған осы мұнара қаланың және облыстың атауына айналған.

VI-VII ғасырларда қазіргі Астана қаласының аумағы бірінің орнын бірі басқан түркі тілді тайпаларының еншісіне тиді. Салт атты, қайқы қылышты жауынгер ұландар негізгі иелеріне айналды. XI ғасырға қарай Еділ мен Ертіске созылған қазақтың кең-байтақ аумағында оғыз, қыпшақ, қанлы және басқа да көтеген тайпаларды біріктірген әрі бұрынғыдан әлдеқайда ұйымдасқан бірлестіктер болды. Олар астаналары мен діни орталықтары, отырықшы қоныс-қалалары бар орасан зор әрі қуатты әскери қауымдарды құрды.

Шыңғыс хан дәуірінде Ұлы даланың ескі саяси орталықтарының көпшілігі құлазып қалды да, жаңа астаналар бой көтерді. Осындай уақыт сынына төзбей, құлазып қалған қалалар Есіл-Нұра өзендерінің арасында да болды. Көп жылдардан кейін XIX ғасырдың басында Ресейлік кен барлаушысы Шангин Есіл

мен Нұра арасынан кен орындарын іздеп жүріп көптеген ескерткіштерді жолықтырды. Бұзқты көлінің жағасында ортағасырлық қалашықтың орнын XX ғасырдың басында жергілікті өлкетанушылар сипаттап жазды. Бірақ зерттеу жұмыстары тек 1999 жылы ғана Кемел Ақышевтің басшылығымен басталды. Археологиялық экспедиция Қараөткел маңынан бірнеше шақырым жерде орналасқан Бұзқоқ қонысына қос тікті. Ғалымдар Бұзқоқ қаласының гүлдену кезені оғыз дәуіріне сәйкес келеді.

Бүгінгі күні Астана Қазақстан жерінде жаңа идеяларды Республика өміріне енгізудің негізгі полигоны болып табылады және болашақта да осы қызметті атқара беретіні сөзсіз. Қала құрылысынан қоршаған ортаға деген жаңа технологиялық көзқарастың алдында жүретін жаңа астананың озық рөлін осы жерден көріп отырмыз.

Елорданы Алматыдан Астанаға көшіру тәуелсіз мемлекеттің алғаш-

Хронологиялық көрсеткіш

| Тас дәуірі | |
|----------------------------|--|
| Б.з.б. 2,6 млн.-10 мың жыл | Палеолит (ерте тас дәуірі: алғашқы адамдардың, алғашқы еңбек құралдарының, ерте отбасы және қауымның пайда болуы) |
| а) б.з.б. 1 млн. ж. басы | Қазақстан территориясын адамның алғаш игеруі |
| б) б.з.б. 100-50 мың жыл | Хомо сапиенс – неандерталь (қазіргі адамның ең жақын атасы) |
| в) б.з.б. 40 мың жыл | Хомо сапиенс – қазіргі заман адамы |
| с) б.з.б. 40-10 мың жыл | Кейінгі палеолит (адамның бүкіл дүние жүзіне таралуы) |
| б.з.б. 10-6 мың жыл | Мезолит (орта тас дәуірі: садақ пен жебенің пайда болуы, иттің қолға үйретілуі) |
| б.з.б. 8-7 мың жыл | Мәдени дақылдер өсіру кезеңі және жануарларды қолға үйрету |
| б.з.б. 6-5 мың жыл | Еуразия территориясында егін және мал шаруашылығының тарай бастауы |
| б.з.б. 5 мың жыл | Ты семьяларының (туыс тілдердің қауымдастығы) қалыптасуы: үнді-еуропалық, алтайлық және т.б. |
| б.з.б. 6-4 мың жыл | Неолит (жаңа тас дәуірі: техниканың және тасты өңдеудің гүлденуі, терімшіліктен аңшылық пен егіншілікке және мал шаруашылығына көшу) |
| б.з.б. 3 мың жыл | Энеолит (мыс – тас дәуірі – тасты қолданудан металды пайдалануға көшу). |
| б.з.б. 3-2 мың жыл | Қазақстан территориясында арбаны пайдалана бастайды, тайпалардың үлкен қозғалысы байқалады, миграциялық толқын күшейеді |

| Қола дәуірі | |
|----------------------|---|
| б.з.б. 3-2 м.ж.б. | Қазақстанды мекендеуші қауымдардың өмірінде әуел баста мыс, одап кейін мыс пен қалайының қосындысы үлкен маңызға ие болады. Кешенді шаруашылықтың үстемдік құрған дәуірі |
| б.з.б. 3-2 м.ж.б. | Арийлік этномәдени қауым (археологияда андроновтық және жарма мәдениеттері) қалыптасқан уақыт |
| б.з.б. 18-16 ғғ. | Ерте қола дәуірі |
| | Арий тайпалары екі доғалақты әскери арбаларда көрші жатқан территорияларға шапқыншылықтар жасай бастайды |
| б.з.б. 16-13 ғғ. | Арийлер, турлар және кияндар арасындағы Еуразия далалары үшін күрес. |
| б.з.б. 15-12 ғғ. | Орта қола дәуірі |
| б.з.б. 15-11 ғғ. | Орталық Қазақстанда қола металлургиясының кең дамуы |
| б.з.б. 1500-1200 жж. | Зороастризмнің негізін салушы пайғамбар Заратуштраньын (Зәрдүш) өмір сүрген уақыты. Оның алғашқы нақылдарын қазақ даласының оңтүстік шөлейіт аймағынан тұрғындары қабылдай бастайды |
| б.з.б. 12-8 ғғ. | Кейінгі қола дәуірі (Беғазы-Дәндібай мәдениеті) |
| б.з.б. 12-7 ғғ. | Қазақстан территориясында үлкен мәдени кешендер пайда болады (Орталықта-Беғазы, Оңтүстік Батыста – Түгіскен) |
| б.з.б. 12-10 ғғ. | Арийлермен бірге Зороастрлық мәтіндер Иран мен Үндістанда белгілі бола бастайды. Оларды Қазақстан далаларынан көшіп келген арий абыздары сақтады |
| б.з.б. 10 ғғ. | Арийлік тайпалардың дүниетанымдық және бағырлық эпосы «Авеста» Иран зороастрлықтарының қасиетті кітабына айналды |

| | |
|--------------------|---|
| Сақ дәуірі | |
| б.з.б. 9-6 ғғ. | Сақ тайпалары мәдениетінің ерте дәуірі |
| б.з.б. 8-7 ғғ. | Көшпелілердің Ишатай, одан кейін оның баласы Паргатуа бастауымен Таяу Шығыс елдеріне жорық жасауы (Ассирия, Мысыр) |
| б.з.б. 7-5 ғғ. | Орталық Азия сақтары мәдениетінің гүлденуі (Жетісу, Сібір, Сарыарқа аралы) |
| б.з.б. 5 ғ. | «Есік» қорғанының салынып, «Алтын адамның» жерлену уақыты (жазуы бар күміс тостаған және 4 мыңнан астам алтын заттар) |
| б.з.б. 7-1 ғғ. | Орталық Қазақстан даласында «Тасмола мәдениеті» ескерткіштері пайда болды. «Мұртты» қорғандарда жылқы сүйектері табылады |
| б.з.б. 530 ж. | Ахеменид (Парсы) патшасы Кирдің сақтарға қарсы жорығы. Кир патшайым Томирис қолынан Үзбой (Әмудария) жағасында өлтірілді |
| б.з.б. 519-518 жж. | Ахеменид Дарий I сақтар еліне жорық жасады |
| б.з.б. 500 ж. | Хаомоварга және дахтар (дай) грек-парсы соғыстарында парсылардың жағында соғысты |
| б.з.б. 340 ж. | Филипп патша скиф билеушісі Атеймен соғысы, 20 мың жылқы айдап әкеткен оқиғасы |
| б.з.б. 330-327 жж. | Александр Македонский (Ескендір Зұлқарнайын) Дарий III (Кадоман) талқандап, Сырдарияға дейін жетіп, дала көшпелілермен кездесті |
| б.з.б. 325 ж. | Массагеттердің атты әскері (катафрактрия) А. Македонскийдің Үндістанға барған жорығына қатысады |
| б.з.б. 238 ж. | Аршакидтер (дайлар) Иранда Парфия патшалығы деген жаңа империя құрады. |

| | |
|--------------------|---|
| Ғұн дәуірі | |
| б.з.б. 13-3 ғғ. | Ғұн тарихының афсаналық заманы (Шунь Вэйдан Мөде шаньюйға дейін) |
| б.з.б. 4 ғ. | «Ұлы Қытай қорғанының» салынып бастауы. |
| б.з.б. 205-202 жж. | Мөденің Орта Азия көшпелі тайпаларының бірігуі үшін бастаған күресі |
| б.з.б. 200 ж. | Қытай императоры Гао дидің Ғұн мемлекетіне жорығы және оның Байтен тауларында қоршауға түсуі |
| б.з.б. 190-176 жж. | Ғұндардың юечжилермен күрес кезеңдері |
| б.з.б. 176-165 жж. | Б.з.б. 165 жылы Мөденің мұрагері Лаошань - шаньюй юечжилердің билеушісін өлтіреді. Қалған юечжилер Орта Азияға көшіп, Кушан мемлекетін құрады |
| б.з.б. 188 ж. | Хунну және Қытай арасындағы соғыс хань әскерінің талқандалуымен аяқталады |
| б.з.б. 177 ж. | Үйсіндер б.з.б. II ғасыр ортасында хунну империясынан бөлініп, өз мемлекеттерін құрады |
| б.з.б. 133ж. | Ғұн-қытай соғыстарының жаңа циклі |
| б.з.б. 90 ж. | Ли Гуань ди басқарған 70 мыңдық қытай әскері Янжинь қаласы маңында талқандалады |
| б.з.б. 71 ж. | Динлин, үйсін, ухуань көшпелі халықтары ғұн билігіне қарсы шығады |
| б.з.б. 48 ж. | Империяның оңтүстік және солтүстік болып екі бөлікке бөлінуі |
| б.з. I ғ. | Ғұндардың батысқа миграциясының басталуы |
| б.з. 367-566 жж. | Ақ ғұндар империясының өмір сүру уақыты |
| б.з. 375-376 жж. | Ғұндар гот тайпаларын талқандап, Рим империясының шекараларына жақындап келді |
| б.з. 375-469 жж. | Батыс-ғұн империясының өмір сүру уақыты |

| | |
|----------------------------|---|
| б.з. 437 ж. | Гүндар Батыс Еуропа территорияларына жорықтар жасайды. |
| б.з. 453 ж. | Аттила (Еділ) өлімі. |
| б.з. 484 ж. | Ақ гүндар (эфталиттер) Сасанид империясын (Иран) талқандайды. |
| Ежелгі түрік дәуірі | |
| 552 ж. | Түрік қағанатының құрылуы (Көк түрік). |
| 563-567 жж. | Түрік патшалығының ақ гүндарды – эфталиттерді жаулап алуы. |
| 6-7 ғғ. | Жетісу, Жоңғария және Сібір аймақтарында соғды қауымдарының тарауы (568 ж. Тараз қаласы жөнінде алғаш рет айтылады). |
| 603 ж. | Түрік қағанатының Батыс және Шығыс болып бөлінуі. |
| 8 ғ. (бірінші бөлігі) | Шығыс Түрік Қағанатының қайраткерлері Тоныкөк, Білге және Күлтегінге арнап сына жазбалары бар бітік тастар мен храм орнатылған. |
| 751 ж. | Арабтар мен қытайлар арасындағы болған Талас шайқасы. Түркі тайпалары арабтарды қолдады. |
| 8-9 ғ. бірінші бөлігі | Моңғолиядағы Ұйғыр қағанаты. |
| 756-1212 жж. | Қарлұқтар үстемдігі. 756 жылы олар билікті түркештерден тартып алды. 940 жылы Қарахан әулеті үстемдік ете бастады. |
| 9-11 ғғ. | Оғыздар жеке мемлекет құрды (астанасы – Сырдариядағы Жанкент қаласы). |
| 9-10 ғғ. | Хазарлар бұлғарларды батысқа қарай ығыстырып, Еділ бойында өз мемлекетін құрды. |
| 840 ж. | Ұйғыр қағанатының қырғыздар қолынан талқандалуы. |
| 965-985 жж. | Оғыздардың хазар мен бұлғарларға қарсы жорықтары. |

| | |
|-------------------|--|
| 10-12 ғғ. | Әл-Фараби, Әбу Райхан Бируни, Жүсіп Баласағұни, Махмұд Қашғари, Ахмет Насауи (мұсылман ренессансы) сынды ұлы ғұламалардың өмір сүрген жылдары. |
| 10-12 ғғ. (басы) | Оғыз жерлерінде Қыпшақ мемлекетінің пайда болуы. |
| 1128 ж. | Шығыстан келген қарақытай тайпалары (қарақидандар) Жетісуды басып алып жана мемлекет құрады. |
| 1212 ж. | Хорезмшах Мұхаммед қараханид қағаны Османды өлтірді (Қарахан державасының құлауы). |
| Алтын Орда | |
| 1203-1206 жж. | Темучин Монғолияның бытырап жатқан тайпаларының басын қосып мемлекет құрады. |
| 1207 ж. | Көшпелілердің Қытайды жаулап ала бастауы. |
| 1210 ж. | Хорезмшах және қарақытай әскерлері арасындағы соғыс. |
| 1211 ж. | Наймандар Жетісуға көшіп кетті, Шығыс хан Орта Азияны, Үндістаннан Солтүстік аудандарын, Иранды, Кавказ және Еділ бойын жаулап алды. |
| 1223 ж. | Орыс және қыпшақ әскерлерінің Қалқа өзені бойындағы монғолдармен шайқасы. |
| 1223 ж. | Қазақстан территориясында Жошы және Шағатай ұлыстарының пайда болуы. |
| 1236-1242 жж. | Бату ханның әскері (Жошы баласы) Русь және Шығыс Еуропаны жаулап алды. |
| 1243 ж. | Алтын Орданың құрылуы (Ұлық ұлыс). |
| 1257-1266 ж.ж. | Берке ханның билік басында болуы. |
| 1312-1342 жж. | Өзбек ханның билік етуі. |
| 1342-1357 жж. | Әз Жәнібек ханның билігі. |
| XIV ғ. (ортасы) | Ақ орда мен Моғолстанның бөлінуі, Орыс хан әулетінің күресі. |

| | |
|---|---|
| 1380 ж. | Куликово шайқасы. Осы жылы Алтын Ордада Тоқтамыс билікке келді |
| 1389, 1391, 1395 жж. | Манғыт Едіге билік басында болуы (оның өлімінен кейін Алтын Орда орталықтанған мемлекет ретінде өмір сүруін тоқтатады) |
| XV ғ. (бірінші бөлігі) | Ақ Ордада – Барак хан, Мәуреннахрда – Ұлықбек, Ноғай ордасында – Нүреддин (Едіге билік баласы) билік басында |
| 1428-1468 жж. | Шайбани әулетінен шыққан Әбілқайырдың Дәшті Қыпшақта билік еткен жылдары (Көк орда хандарынан тараған): Чимгу Тура жерінде (Түмен өлкесі) хан сайланған. Көшпелі өзбектер мемлекеті деп аталады |
| 1446 ж. | Әбілқайыр хан астанасын Орталық Қазақстандағы Орда Базардан Сырдариядағы Сығанакка көшіреді |
| 1456-1457 жж. | Әбілқайыр ойраттардан жеңіледі |
| XV-XVII ғасырлардағы Қазақ хандығы | |
| 1433-1462 жж. | Шағатай әулетінен шыққан Есенбұғаның Моғолстанда билік етуі |
| 1457 ж. | Жәнібек пен Керейдің көшпелі өзбек мемлекетінен оқшаулануы. Қазақ хандығының ту көтеруі |
| 1457-XVI ғ. басы | Қазақ хандығының жеке мемлекет есебінде қалыптаса бастаған кезеңі |
| 1511-1522 жж. | Қасым ханның билік еткен жылдары |
| 1500-1510 жж. | Мұхаммед Шайбани (Әбілқайырдың немересі) Ақсақ Темір әулетінен Мәуреннахрды тартып алып, Өзбек мемлекетін құрды |
| 1563-1598 жж. | Сібір хандығындағы билік Көшім ханға көшеді (Шайбан әулетінің қазақ даласынан келген өкілі) |

| | |
|--------------------------------------|--|
| 1520-1540 жж. | Қазақ хандығындағы саяси шиеленістердің уақыты. Тақыр, Бұйдаш, Тұғым, Тыным сияқты хандар есімдері белгілі |
| 1540-1580 жж. | Хакназар ханның билік еткен жылдары |
| 1552-1556 жж. | Ресейдің Қазан мен Астраханды жаулап алуы |
| 1580-1582 жж. | Шығай хан билік еткен жылдар (осы жылдары Ермак Сібір хандығының жеріне енді) |
| 1586-1598 жж. | «Қазақ және қалмақ халқының ханы» Тәуекелдің билік етуі |
| 1595-1598 жж. | Қазақтардың Мәуреннахрға жорығы: Самарқанд, Бұхара, Ташкент және т.б. |
| 1594-1595 жж. | Қазақ хандығы және Ресей арасындағы елшіліктер |
| 1598-1628 жж. | Есім хан билік басында |
| 1600 ж. | Ондан сұлтанның баласы, Шығайдың немересі Оразмұхамед Қасым хандығында (Керман) хан болды |
| 1627 ж. | Есім ханның Тұрсын ханды өлтіруі (Ташкент маңындағы қатаған руының билеушісі) |
| 1630 ж. | Торғауыт қалмақтардың Жоңғариядан Сары Арқа арқылы Еділ бойына көшуі |
| 1640 ж. | Жоңғар хандығының құрылуы |
| 1643-1644 жж. | Қазақтар мен қалмақтар арасындағы Жетісудағы шайқастар |
| 1643 ж. | Орбұлақ шайқасы |
| 1681-1684 жж. | Жәңгір ханның ойраттар қолынан қаза табуы |
| XVIII ғасырдағы Қазақ хандығы | |
| 1680-1715 жж. | Тәуке ханның билік құрған жылдары |

| | |
|----------------------|--|
| 1710 ж. | Қаракұм кеңесі. «Жеті Жарғы» заңдар жинағының кодификациясы. |
| 1715-1718 жж. | Қайып хан билігі |
| 1716 ж. | Бухгольц отрядының Омбы қаласын салуы |
| 1717-1718 жж. | Шығыс және Оңтүстік Қазақстан территориясындағы қазақтардың қалмақтармен жүргізген сәтсіз шайқастары |
| 1723-1725 жж. | Жоңғарлардан Қазақстанның оңтүстігін жаулап алуы. «Ақтабан шұбырынды» жылдары |
| 1726, 1727, 1729 жж. | Шұбартеңіз, Бұланты және Аңырақай шайқастары. |
| 1730 ж. | Әбілқайырдың Ресейге жіберген елшілігі. |
| 1731-1732 жж. | Кіші жүздің протекторат талаптарын қабылдауы |
| 1734 ж. | Орынбор қаласының салына бастауы |
| 1739-1770 жж. | Әбілмәмбет ханның билігі |
| 1739 ж. | Ташкентте Ұлы жүз ханы Жолбарыс өлтірілді |
| 1741 - 1742 жж. | Жоңғарияның Орта жүзге шабуылы Абылай сұлтанның тұтқынға алынуы. |
| 1743 ж. | Орта және Ұлы жүздер Жоңғариямен бейбітшілік жөнінде келіседі. Троник (Үй бекінісі) қаласының салына бастауы |
| 1745 ж. | Қалдан Цереннің өлімі. Жоңғариядағы саяси шиеленістің басталуы |
| 1756-1757 жж. | Жоңғариядағы антициндік соғысты қолдау. Қытайдың Қазақ хандығына басып кіруі |
| 1757 ж. | Қазақтардың Қытайға алған ресми елшілік жіберуі |
| 1760 ж. | Қырғыз және Қокандпен шекаралық қақтығыстар |
| 1771-1781 жж. | Абылай хандығы |
| 1783-1797 жж. | Сырым Датұлы бастаған көтеріліс |
| 1786 ж. | Нұралының хандықтан (Кіші жүз) шеттетілуі жөніндегі Екатерина II-нің рескрипті. |

XIX ғасырдағы Қазақстан

| | |
|---------------------------|---|
| 1781-1820 ж. | Орта жүздегі Уәли ханның билік етуі. |
| 1801 ж. | I Павелдің «Бөкей ордасын» құру жөніндегі жарлығы |
| 1815-1821 жж. | Кіші жүздегі Арынғазы ханның қозғалысы |
| 1822-1824 жж. | «Сібір қазақтары жөніндегі жарғы», «Орынбор қазақтары жөніндегі жарғы» |
| 1823-1845 жж. | Бөкей Ордасындағы Жәңгір ханның билігі |
| 1835 ж. | «Жаңа әскери шептің» салынуы |
| 1836-1838 жж. | И. Тайманов және М. Өтемісұлы бастаған көтеріліс |
| 1837-1847 жж. | Кенесары хан бастаған тәуелсіздік үшін күрес |
| 1841 ж. | Бөкей Ордасындағы алғашқы мектептің ашылуы |
| 1844-1847 жж. | Орынбор және Омбыда кадет корпустарының ашылуы |
| 1845, 1850, 1855-1858 жж. | Жанқожа батыр бастаған Ресейге, Қокандқа, Хиуаға қарсы көтерілістер |
| 1854 ж. | Семипалат облысының құрылуы; Сырдария шебінің салынуы |
| 1864 ж. | Орыс әскерлерінің Қазақстанның оңтүстігін жаулап алуы |
| 1867 ж. | Түркістан генерал-губернаторлығының құрылуы |
| 1868 ж. | «Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлықтарының далалы аймақтарындағы билік жүргізу жөніндегі Уақытша ереже» |
| 1870-1871 жж. | «Уақытша ережеге» қарсы Манғыстаудағы көтеріліс |
| 1771-1881 жж. | Іле өңірін патша әскерінің басып алуы |
| 1877 ж. | Орыс географиялық қоғамындағы Батыс Сібір бөлімінің ашылуы |

| | |
|---|---|
| 1881-1884 жж. 189 -1901 жж. 1897 ж. | Шығыс Түркістаннан Қазақстанға ұйғыр мен дүнгендердің қоныс аударуы Сібір теміржолының салынуы Ресей империясындағы алғашқы бүкілхалықтық санақ |
| XX ғасырдағы Қазақстан | |
| 1904 ж. | «Қоныстандыру басқармасы» құрылады. 1906-1912 жылдары Ресейден Қазақстанның далалы аймақтарына 430 мың шаруашылық көшіп келді. |
| 1905 ж. 25 шілде 1905 ж. 17 қазан | «Қарқаралы петициясы» жазылды. Рухани бостандықтар туралы 17 қазан Манифесті қабылданды |
| 1913 ж. 1916 ж. | «Қазақ» газетінің шыға бастауы Қазақтардың ұлт-азаттық көтерілісі басталды |
| 1917 ж. (екінші жартысы) 1918-1920 ж. | «Алаш» партиясының құрылуы Қазақстан территориясындағы азамат соғысы |
| 1920 ж. 20 тамыз 1924 ж. | Қазақ КСР-нің құрылуы Оңтүстік Қазақстанның республикаға қосылуы |
| 1925 ж. 9 ақпан | ЦИК КАССР шешімі бойынша астана Орынбордан Ақмешітке (Қызыл Орда) ауыстырылды. |
| 1927-1933 жж. | Голощекин Қазақстанда: «Кіші Қазан», «ЖЭС-тың аяқталуы», «Үлкен кәмпеске», «Ұжымдастыру мен индустриализация», «Аштық» |
| 1929 ж. | ҚазКСР-нің астанасы Алматы қаласы болды |
| 1932-1933 жж. | Күшпен ұжымдастыру нәтижесінде 2,5 млн. казак қырылды |
| 1936 ж. | Қазақстан одақтас республика мәртебесіне ие болды |
| 1937-1938 жж. | Қазақ интеллигенциясының жалпы қуғындалуы (репрессиялар 1929 жылдың өзінде басталған болатын) |

| | |
|------------------------------------|---|
| 1930-1940 жж. | Қазақстанға ондаған репрессияланған халықтар көшіріп әкелінді (1929 жылы «Қоныстандыру басқармасы» қайта жұмысын бастайды) |
| 1941-1945 жж. | Ұлы Отан соғысы жылдары: 1,2 млн адам майданға жіберілді, 700 мың адам тыл жұмыстарында, 400 мың казак соғыста қаза тапты. |
| 1954 ж. | Тың игеру. 25 млн. га жер жыртылды; оның ішінде 1958 жылы 10 млн. га эрозияға ұшырады; Ресейден 1,5 млн. адам тың игеруге келді |
| 1965 ж. | КСРО-дағы экономикалық реформалар |
| Қазіргі замандағы Қазақстан | |
| 1985 ж. сәуір | КОКП ОК Пленумы. М.С. Горбачев «Қайта құру» саясатын жариялайды |
| 1986 ж. желтоқсан | Қазақ жастарының қоғамның демократиялық жанаруы үшін күресі мен орталықтың өктемдігіне қарсы шығуы |
| 1987-1989 жж. (басы) | Реакция жылдары. КОКП ОК «қазақ ұлтшылдығы» жөніндегі қаулысы |
| 1990 ж. 24 сәуір | Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның алғашқы Президенті болып сайланды |
| 1990 ж. 25 қазан | Мемлекеттік тәуелсіздік жөніндегі декларация |
| 1991 ж. 16 желтоқсан | Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жарияланды |
| 1991 ж. 21 желтоқсан | Алматы қаласында «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының» құрылуы (ТМД) |
| 1992 ж. 4 маусым | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Елтаңбасы бекітілді |
| 1992 ж. 11 желтоқсан | Қазақстанның Мемлекеттік Әнұраны бекітілді |

| | |
|--------------------------|--|
| 1992 ж. (қыркүйек-қазан) | Дүние жүзі қазақтарының алғашқы құрылтайы |
| 1993 ж., 11-28 қаңтар | Қазақстанның алғашқы Конституциясы қабылданды |
| 1993 ж., 12 қараша | ҚР Президентінің шешімі бойынша ұлттық валюта енгізілді |
| 1994 ж., 5 маусым | ҚР Жоғарғы Кеңесінің координациялық кеңесі мемлекеттің астанасын Ақмола қаласына көшіру туралы шешім қабылдайды |
| 1995 ж., 29 сәуір | ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың президенттік мерзімін 2000 жылдың 1 желтоқсанына дейін ұзарту жөніндегі Референдум |
| 1995 ж., 30 тамыз | ҚР екінші Конституциясы қабылданды |
| 1995 ж., 5-9 желтоқсан | Сенат (әр облыстан екі депутаттан) және Мәжіліс (67 депутат) Парламенті депутаттарының сайлауы өтті |
| 1997 ж., 10 қазан | ҚР Президентінің 2030 бағдарламасы жөніндегі баяндамасы |
| 1997 ж., 20 қазан | ҚР Президенті Республика астанасы Ақмола деп жариялайды. ҚР Парламентінің ҚР Президентінің «Ақмола қаласының ҚР астанасы болуы» жөніндегі Жарлығын қолдауы |
| 1997 ж., 10 желтоқсан | ҚР Президенті «1998 жылды халықтық бірлік пен ұлттық келісім» жөніндегі жарлығы. |
| 1998 ж., 6 мамыр | ҚР Президенті «ҚР астанасы Ақмола қаласының атауын Астана деп өзгерту» жөніндегі жарлығы |
| 1998 ж., 8-12 маусым | ҚР жаңа астанасы Астана қаласының дүние жүзі презентациясы |
| 1999 ж., 24-25 тамыз | «Шанхай бестігі» мемлекет басшыларының саммиті |
| 2000 ж. | Мәдениетті қолдау жылы |
| 2001 ж. | ҚР тәуелсіздігінің 10 жылдығы |
| 2002 ж. | Денсаулық жылы |

| | |
|---------------------------|---|
| 2002 ж., 23 қазан | Түркістандағы дүние жүзі қазақтарының екінші құрылтайы |
| 2003-2005 жж. | Ауыл жылы |
| 2003 ж., 24 сәуір | Екінші Еуразиялық медиафорум. |
| 2004 ж. | Қазақстандағы Ресей жылы. |
| 2005 ж., қаңтар | Ресей Федерациясының және Қазақстанның мемлекеттік шекараны делимитациялау жөніндегі Меморандумға қол қоюы |
| 2006 ж., 18 маусым | Қазақстандық алғашқы телекоммуникациялық жерсерігі «ҚазСат-1» ұшырылды. |
| 2006 ж., 26 желтоқсан | Мәдениет туралы заң |
| 2007 ж., 20 маусым | Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ұсынысымен ҚР Конституциясына Мәжіліс өзгертулер енгізілді |
| 2008 ж., 28 маусым | Қазақстан Республикасының Парламент Мәжілісі таратылды |
| 2008 ж., 26 қараша | «ҚазСат-1» жерсерігі жоғалды. Дәлірек айтсақ, ол істен шығып, жерден басқару командаларын қабылдамаған. |
| 2009 ж., 6 наурыз | Бәсекелестік туралы заң |
| 2009 ж., 2 маусым | Елбасының дағдарыстан шығуға арналған жолдауы |
| 2009 ж., 21 желтоқсан | ҚР-ның кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңы |
| 2010 ж., 16 желтоқсан | Ядролық қауіпсіздік туралы конвенцияны ратификациялау туралы |
| 2010 ж., желтоқсан | «Астана саммиті» ЕҚҰЫ төрағалығы аясында әлемнің 56 елдері мен халықаралық ұжымдарынан өкілдер қабылданды |
| 2010-2011 жж. қыс мерзімі | «Қысқы Азиада» ойындары |
| 2011 ж., 16 шілде | «ҚазСат-2» ұшырылды. |
| 2011-2012 жж. | Қазақстан Республикасы Ислам Конференциясы Ұйымына төрағалық етті. |

2011 ж., 3 сәуір

ҚР-да кезектен тыс президент сайлауы өткізілді. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев 95%-дан астам дауыс жинап, жеңіске жетті.

2012 ж., 27 шілде-12 тамыз

Лондон Олимпиадасы болып өтті. Қазақстан спортшылары 205 ұлттық командалардың ішінде 12-орынды иеленді.

қы стратегиялық шешімдерінің қатарында болды. Бүгінде Астана тәуелсіз Қазақстанның елордасы ретінде әлемнің саяси картасында берік орнықты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Асфендияров С.Д. История Казахстана с древнейших времен. М. – Алма-Ата, 1935.
2. Ж.О. Артықбаев. Қазақстан тарихы (90 сұрақ пен жауап). – Астана, 2010.
3. Ж.О. Артықбаев. Қазақстан тарихы: Оқулық-хрестоматия. – Астана, 2000. 2-басылым. – 2003.
4. Қазақстан тарихы. Очерк. – Алматы, 1993.
5. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Алматы, 1996-2010.
6. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. Алма-Ата, 1992.
7. Кузембайұлы А., Абиль Е. История Казахстана (учебник для вузов). – Санкт-Петербург, 2004.
8. Абдиров М.Ж. История казачества в Казахстане. – Алматы, 1994.
9. Абылхожин Ж.Б. Очерки социально-экономической истории Казахстана в XX веке. – Алматы, 1997.
10. Абусейтова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XV-XVII вв.: история, политика, дипломатия. – Алматы, 1998.
11. Авеста. Избранные гимны. Из Видевдата. – М., 1993.
12. Агаджанов С.Г. Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX-XIII вв. – Ашхабад, 1969.
13. Акишев К.А. К проблеме происхождения номадизма в аридной зоне древнего Казахстана // Поиски и раскопки в Казахстане. – Алма-Ата, 1972. – С. 31-46.
14. Акишев А.К. Искусство и мифология саков. – Алма-Ата, 1984.
15. Алдаспан. XV-XVIII ғасырлардағы казак ақын-жырауларының шығармалар жинағы, // Құраст. М. Мағауин. – Алматы, 1971.
16. Алпысбаев Х.А. Памятники нижнего палеолита Южного Казахстана /о древнейшем заселении Казахстана первобытным человеком/. – Алма-Ата, 1979.
17. Андрианов Б.В. Неоседлое население мира /историко-этнографическое исследование/. – М., 1985.

18. Алаш қозғалысы. «Алаш мұрасы» сериясынан: көптомдық. // Құраст. М.К. Қойгелдиев. – Алматы, 2008.
19. Алаш Орда: Сборник документов. // Сост. Н. Мартыненко. // – Алма-Ата, 1992.
20. Ахунжанов С.М. Кипчаки в истории средневекового Казахстана. – Алма-Ата, 1989.
21. Ахмедов Б.А. Государство кочевых узбеков. – М., 1965.
22. Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – СПб., 1897.
23. Х. Аргынбаев, М. Мұқанов, В. Востров. Қазақ шежіресі хақында. // Құраст.: Ә. Пірманов. – Алматы, 2000.
24. Ж.О. Артықбаев. Қазақстан тарихы: Оқулық-хрестоматия. – Астана, 2000.
25. Артықбаев Ж.О. Кочевники Евразии в калейдоскопе веков и тысячелетий. – СПб., 2005.
26. Ж.О. Артықбаев. Қазақ шежіресі: Ұлы дала тарихының қайнар көзі және тұжырымдамасы. – Астана, 2012.
27. Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы, 1992.
28. Қ. Әбуов. Қазақстан: тарих және тағылым. – Астана, 2006.
29. Балакаев Т.Б. Колхозное крестьянство Казахстана в годы Великой Отечественной войны. – Алма-Ата, 1971.
30. Бартольд В.В. История турецко-монгольских народов. // Соч. т.5. М., 1968.
31. Басин В.Я. Тяжелая промышленность Казахстана в Великой Отечественной войне. – Алматы, 1992.
32. Бекмаханов Е. Сочинения в семи томах. – Павлодар, 2005.
33. Бичурин Н.Я. (Иакинф) Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Т. 1-2. – М-Л., 1950, с. Т. 3. – М-Л., 1953.
34. Блок Марк. Апология истории или ремесло историка. Перевод Е.М. Лысенко, Примечания А.Я. Гуревича. – М., 1973.
35. Ә. Бөкейханов. Таңдамалы – Избранное. – Алматы, 1995.
36. Бернштам А.Н. Очерки истории гуннов. – Л., 1951.
37. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. В пяти томах. – Алма-Ата, 1984-1985.
38. Вайнштейн С.И. Мир кочевников центра Азии. – Москва, 1991.
39. Взаимодействие кочевых культур и древних цивилизаций. – Алма-Ата, 1989.
40. Вельяминов-Зернов В.В. Исследования о Касимовских царях и царевичах. Т. 4.1-11. – СПб., 1863-1864.

41. Востров В.В., Муканов М.С. Родоплеменной состав и расселение кочевников (конец XIX начало XX в.). – Алма-Ата, 1968.
42. Галузо П.Г. Аграрные отношения на юге Казахстана. – М., 1960.
43. Грач А.Д. Древние кочевники в центре Азии. – М., 1980.
44. Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Золотая Орда и её падение. – М-Л, 1950.
45. Гумилёв Л.Н. Хунну. – М., 1960.
46. Гуревич Е.П. Международные отношения в Центральной Азии в XVII первой половине XIX вв. – М., 1979.
47. Геродот. История в девяти книгах. Перевод с греческого Ф.Г. Мищенко. Изд. 2-е., – Л., 1972.
48. Дулати М.-Х. Тарих-и Рашиди. Рашид хан тарихы. /Парсы тілінен аударма, 1-басылымы, толықт. – Алматы, 1999.
49. Егоров В.Л. Историческая география Золотой Орды в XII-XIV вв. – М., 1985.
50. Желтоқсан – 86. // Құраст. Б. Әбдіғалиев, Б. Көрпембайұлы. Ред. І. Әбубәкір. 1-10 кітаптар. – Алматы, 2006.
51. Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. Избранные труды. – Л., 1974.
52. Заки В.Т. Воспоминания: Книга 1. Борьба народов Туркестана и других восточных мусульман-тюрков за национальное бытие и сохранение культуры. Уфа, 1994.
53. Зайберт В.Ф. Энеолит Урало-Иртышского междуречья. Петропавловск, 1993.
54. Златкин И.Я. История Джунгарского ханства. – М., 1983.
55. Иванов М.И. О военном искусстве при Чингизхане и Тамерлане. 2-е изд., – Алматы, 1998.
56. История Казахстана. Белые пятна. – Алма-Ата, 1992.
57. Иордан. О происхождении и деяниях гетов. – М., 1961.
58. Исмагулов О. Население Казахстана от эпохи бронзы до современности. – Алма-Ата, 1970.
59. Книга Марко Поло. Серия: путешествия, открытия, приключения. – Алма-Ата, 1990.
60. Козыбаев М.К. История и современность. – Алма-Ата, 1991.
61. Козин С.А. Сокровенное сказание. – М-Л., 1941.
62. М.К. Қойгелдиев. Алаш қозғалысы. – Алматы, 1995.

63. Ш. Құдайбердіұлы. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Астана, (2008. Факсимиле, аударма, түсініктемелер мен көрсеткіштерді жазған Ж.О. Артықбаев).

64. Кычанов Е.И. Кочевые государства от туинов до маньчжуров. – М., 1997.

65. Кумекон Б.Е. Государство кимаков IX-XI в.в по арабским источникам. – Алма-Ата, 1972.

66. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. ч.1-3. – СПб., 1832.

67. Лэн-пуль Стенли. Мусульманские династии. – СПб., 1899; – М., – Ташкент, Бишкек, 1996.

68. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. – М.-Л., 1951.

69. Маргулан А.Х. Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана. – Алма-Ата, 1979.

70. Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. – Алма-Ата, 1966.

71. Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII вв. (извлечение из персидских и тюркских сочинений). – Алма-Ата, 1969.

72. Международные отношения в Центральной Азии. XVII-XVIII вв. Документы и материалы. Кн.1-2. – М., 1989.

73. Маргулан А.Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. – Алма-Ата, 1950.

74. Н.А. Назарбаев. Тарих толкынында. – Алматы, 1999.

75. К.Н. Нурпейсов. Становление Советов в Казахстане. – Алма-Ата, 1987.

76. К. Нурпейсов. Алаш һәм Алаш Орда. – Алматы, 1995.

77. Национально-освободительная борьба казахского под предводительством Кенесары Касымова (Сборник документов). – Алматы, 1996.

78. Неру Джавахарлал. Взгляд на Всемирную историю. Т. 1-3. – М., 1981.

79. Т. Омарбеков Ашаршылык апаты // Ақиқат, 2004. – №7.

80. Омарбеков Т. Зобалан. – Алматы, 1994.

81. Первые лица государства. Политические портреты с точки зрения истории и современности. Под ред. Е.М. Арын. – Алматы, 2001.

82. Плетнева С.А. Кочевники средневековья. Поиск исторических закономерностей. – М., 1982.

83. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сб.1.(V-XVIII вв.) – М., 1935.

84. Путешествия в восточные страны Платона Карпини и Гильома Рубрука. – Алматы, 1993.

85. Потанин Г.Н. Избранные сочинения в трех томах. – Павлодар, 2005.

86. Рашид-ад-дин. Сборник летописей. Т. 1. кн. 1-2. – М.-Л., 1952.

87. Тойнби А.Дж. Постигание истории. – М., 1991.

88. Тынышпаев М. История казахского народа. (Сост. и авторы предисловия А.С. Такенов, Б. Байғалиев). – Алма-Ата, 1993.

89. Утемиш хаджи. Чингис наме. – Алматы, 1992.

90. Халид К. Тауарих хамса (бес тарих). – Алма-Ата, 1992.

91. Цинская империя и Казахские ханства. Вторая половина XVIII - первая треть XIX вв. ч.1-2. – Алматы, 1989.

92. Яспере К. Смысл и назначение истории. – М., 1991.